

ҚҰРБАНҒАЛИ ХАЛИД

ТЛАУАРИХ ХАМСА (бес тарих)

Тлауарих-и хамса-йи шарқи
(Шығыстың бес елінің тарихы)



ҚҰРБАНҒАЛИ ХАЛИД



ТАУАРИХ ХАМСА (бес тарих)

*Тауарих-и хамса-йи шарқи
(Шығыстың бес елінің тарихы)*



Астана, 2014 ж.

ӘОЖ 391/395

КБЖ 63.5

Қ 77

Редакторы М.Қазбеков

Аударғандар: Б.Төтенаев, А.Жолдасов

Пікір жазғандар: А. Егеубаев, филология ғылымдарының кандидаты
С. Дәуітов, тарих ғылымдарының кандидаты Б. Көмеков.

Қ77 Құрбанғали Халид.

Тауарих Хамса (бес тарих). Халид Құрбанғали. – Астана:
ТОО «Prosper print», 2014. – 286 б.

ISBN 78-601-06-3185-4

Тауарих хамса (бес тарих) шағатай тілінен қазақ тіліне бірінші рет аударылды. Бұл еңбек 1910 жылы Қазан қаласында «Өрнек» баспасынан шыққан. «Тауарих хамсаның» авторы Құрбанғали Халид (1843-1913) араб, парсы, түркі және қытай жазбаларына сүйене отырып ғылыми тұрғыда қазақ, татар, монғол және қытай халықтарының тарихын жазады. Әсіресе қазақ халқының әдет-ғұрпы, салт-санасы, «қазақ» этнонимінің шығуы, Қазақстан жерін мекендеген рулардың орналасу тарихы жөнінде келтірілген деректер назар аударарлық.

Көпшілік қауымға арналған.

ӘОЖ 391/395

КБЖ 63.5

ISBN 78-601-06-3185-4

© ТОО «Prosper print», 2014

АЛҒЫ СӨЗ

Құрбанғали Халидтың «Тауарих хамса» (бес тарих) атты кітабы негізінен шағатай тілінде жазылған. Аталған еңбек 1910 жылы Қазанда «Өрнек» баспаханасынан шыққан. Автор алдына қойған мақсаты туралы: «ОртаАзия мен Шығыс Түркістанда болған оқиғалар желісін бітірген соң қазақ ахуалы мен хандары туралы жазуға кірістім. Бұл халықтың тарихы жалпы ауызда бар. Алайда жекеленген жазба тарихтары мен естеліктері болмағандықтан, әр кім әр түрлі пікір айтып, біреулер жаман ниет, арам оймен, енді біреулері тек мұқатуды мақсат еткен. Кезіндегі бағзылар тарихты анығырақ түсіндіруге білімдері жете тұра, оған мән бермеген. Нәтижесінде мағынасы анық ел тарихы баяндалмады. Осындай себептермен, мен бар күш-қайратымды жұмсап, жиырма жылдан астам уақыт бұл тарихқа қатысты акпарлар мен жазба деректерді жинап, жалпы жиналған мәліметтердің қаймағын қалқып алып осы кітапты жаздым», - дейді.

Кітап 10 тараудан тұрады, барлығы 798 бет. Кітаптың 520-дан 700-ге дейінгі беттері толық қайталанып берілген, бұл баспадан кеткен кемшілік болса керек.

Кітапта автордың өзі туралы нақты дерек берілмеген. Дегенмен, кейбір мәліметтерге сүйене отырып автордың өзіне байланысты өмірбаян деректерін анықтауға болады. Қ. Халидтың айтуынша, Ташкентте біраз жыл тұрған, одан Қоқанда Шерәлі хандыққа ие болғанда қаланың әміршісімен келісе алмай әкесі Аягөз маңына қоныс аударады. Келерінің алдында бәйбішесі қайтыс болып, тоқалы Ташкентте қалады. Әкесі туған жеріне оралып бірер жылдан кейін қайтадан үйленіп Құрбанғали дүниеге келеді. Халид Аягөзде 30 жылдай тұрып Бахтыға (Қытай) келген, одан 1879 жылы қажыға барып қайтқан соң 1886жылы жүзден асып Бахты шаһарында дүние салады. Халид қайтыс болғанда Бахтының әмірі Заманбек Құрбанғалиға көңіл айтқан. Осыған қарағанда ол кісінің де әміршісіне сиы болғандығы байқалады. Халид Аягөзге 1841 жылы көшіп келеді. Демек, автордың әкесі келгеннен соң бірер жылдан кейін үйленгендігін ескерсек, онда Құрбанғали 1843 жылдары дүниеге келген болады.

1830-40 жылдары Мәдинәда оқып келген Абдулхак деген кісі Аягөзде медресе ашып, көп пәндерден сабақ береді. Әсіресе

география, астрономия, тарих сиякты пәндер оқытылған. Құрбанғали осы кісінің медресесінде сауат ашады. Кейін Шәуешекке көшіп барғанда Құрбанғалидың өзі де медресе ашып, балаларға білім берген. Оқу татар, араб тілдерінде жүргізілген. Құрбанғали араб, парсы, қытай, монғол, түрік, татар т.б. шығыс тілдерін жетік білген.

Автордың ескертуіне қарағанда «Тауарих хамсаны» жазғанда естіген, жүрген жерінде жинаған материалдармен ғана шектеліп қалмай өзінен бұрынғы ғалымдар жазған отызға жуық әр түрлі ғылыми еңбектерді де молынан пайдаланған. Оның ішінде: ат-Табари (IX ғ.), Жүсіп Баласағұн (XI ғ.), ибн-Халдун (XIV ғ.), Мирхонд (XV ғ.), Әбілғазы (XVII ғ.) сиякты орта ғасырлық озық ойлы ғалымдардың еңбектері бар. Сондай-ақ өздәуіріндегі Шығыстанушылардың (В.Радлов, А.Вамбери, Н.Қатанов т.б.) да еңбектерін сын көзбен қарап, ой елегінен өткізіп барып пайдаланғанын көреміз. Жалпы Қ. Халид көп оқыған, ізденген мына еңбегі оның білімді зиялы азамат болғандығына күмән тудырмайды.

Мысалы, Баласағұн қаласының тұрғыны Жүсіп Баласағұн жазған әлемге әйгілі «Құдадқу білік» туралы: «Бұл еңбектің авторы - кітабын Садық Бұғыра ханға сауғаға (сыйға) берген. Мұны қытайлар «Әдәп әл - мүлүк (патшалардың әдебі), үнді-қытай жағы «Әмин әл - мәмләк (мемлекеттің қорғаны), шығыс даналары «Зайн ул-Умара» (басшылардың зейнеті) ирандықтар «Шаһнәмә» (патшалар тарихы), болмаса «Пән-дәнәмә» (насихаттау,) тұрандықтар - «Құдадқу билик» деп атайды: Билик — ғылым мағынасында, «күд», құт-құтыб» араб тілінде орын тебу, яғни тұтас алғанда «ғылымды орнықтыру» деген ұғымды береді деп талдайды. Сонымен бірге автор бұл еңбектің 945 жылы таққа отырған Садық Бұғыра ханға арналғанын ескертеді де «Жүсіп Қыдырхан Бұғыра ханның уәзірі болған дейді.

Құрбанғали бұдан басқа көптеген авторлары көрсетілмеген «Тибян нафиғ», «Жаһоннамә», «Қағидайы өз бекия», «Ғияс әл-луғат», «Шажрай-түрік», «Тарихи табари», «Хайрулла афанди тарихы» және Назым Билялдің «Ғазауаты чин», Ибн Халдунның «Усулы тауарих» сиякты еңбектеріне сілтеме жасайды.

Құрбанғалидың кейде «Жаридамызға» бақсын, қарасын деп ескертетіні бар. Бұл Қ. Халидтың 1889 жылы шыққан көлемі 71 беттік алғашқы еңбегі.

Кітаптың 448-бетінде Қарқаралы тұрғыны Ж. Атажанов 1893 жылдың 10 қазанында Шәуешектегі Құрбанғалиға жазған

хатында осы кітап жөнінде айтады. Онда Ж.Атажанов «Жариданы» 1889 жылы алғанын, одан дүнген соғысы, Қашқарияның ахуалы жайындағы материалды оқып, кітапты шығарушыларға рахмет айтқан. Ал екінші хатында Баянауыл-Қарқаралы жайында мағлұматтар жіберетіндігін хабарлаған. Осы хатында Ж.Атажанов батыр «Бурбахадур туралы жазуыңызды» күтеміз деген өтініш білдіреді. Демек, Ж.Атажановтың жіберген материалдарын автор кітабының «Қарқаралы дуаны туралы» деген бөлімінде пайдаланғаны байқалады.

Бұл еңбектің тағы бір құндылығы, Қазақстан және Орта Азия жерін мекендеген тайпалар мен рулардың көне, бағзы тарихына үңілтеді. Соның ішінде Қараханид, Алтын орда, Көк орда, Ақ Орда, қазақ хандықтары, жоңғар шапқыншылығы, Қоқан хандығы және т.б. ел тарихына талдау жасалған, және бір көңіл аударарлық мәселе Батыс қытай, Шығыс Түркістан елінің калыптасу кезеңі жөнінде мәліметтер толығырақ берілген.

Қ.Халид бұл еңбегінде қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, этнографиясын жан-жақты талдайды. Әсіресе қазақтың өзімен бірге жасап келе жатқан ауыз әдебиеті мен мәдениетіне ерекше көңіл аударады. Қазақ руларының шежіресіне талдау жасап, үрім-бұтақтарын таратады. Сондай-ақ халықтың әдет-ғұрпын діни-нанымдар, салт-санасын жазған кезде аса ыждағаттылық танытады. Әсіресе халықтық әдет-ғұрыптың бізге дейін жетпей, ұмыт қалғаны қаншама. Айталық үйлену ғұрпы, жерлеу салты, ас беру, жыр, айтыс, жоқтау т.б.әдет-ғұрыптарды әдемі жеткізе білген. «Тауарих хамсаның» біз үшін тағы бір маңыздылығы бұл еңбекте географиялық атаулар, жер-су аттары жөнінде танымдық деректер беруінде. Мысалы, Арқа атауының этимологиясы, тау, өзен, көл атаулары. Айталық, Тарбағатай тауы атауының анықтамасы ғылыми деректер негізінде жазылған.

Қ. Халид қазақтардың жер, шаруашылық жағдайына, сондай-ақ календарьға байланысты көптеген мәліметтер берген. Айталық, түнде жұлдызға қарап бағдарлай білу, табиғат құбылысына байланысты ауа райын алдын ала болжау т.б. қызықты мәліметтер келтіреді.

Құрбанғали бұл еңбегінде шығыстың бес елінің тарихының ішінде қазақ халқының тарихын толық қамтуға тырысқан. Өз мүмкіндігіне қарай жан-жақты ғылыми талдау жасауға, қазақ жайындағы басқа тарихта баяндалған қате-кемшіліктерді түзетуге тырысады. Әсіресе «Қазақ» атауына дәйекті түсіндірме береді.

Автор бұл еңбегінде Қазақстан, Орта Азия халықтарының

тілдерінің қалыптасу кезеңіне тоқталады, қазақ тілінің басқа тілдермен байланысы, кірме сөздер жөнінде көкейге қонымды ой-пікір айтады. Кейде автор қазақ тіліндегі көптеген төл атауларды, сөздерді араб, парсы тілінен енген деп, оның төркінін шет жұрт тілінен іздеуге әуестенушілік білдіріп, жаңсақтықа ұрынады. Сондықтан да қазақ тілінің төл сөздерінің этимологиясын талдаған тұстарына, басқа да тарихи уақиғаларға сын көзбен қараған жөн. Мысалы, Қ. Халид қымызды араб-сөзі деп қате түсіндіреді.

Сонымен қатар автор әр халықтың шежіре тарихын баяндауда оқиға желісіне қарай тарихи кезеңдердің ретін сақтай бермейтіні және жалпы тарихи деректерді ауыстырып алғандығы байқалады.

Біздер аудару барысында автордың ойын мүмкіндігінше дәл жеткізуге тырыстық. Кітапта ұшырасатын жекелеген сөз, атаулардың мағынасын өзгертпей, түсініксіз ұғымдарға жақша ішіне түсініктеме беріп отырдық. Айталық бірінші, екінші қаулы атауын уәж, дерек деп алдық. Кітап алғаш рет шығып отырғандықтан кемшіліксіз де болмауы мүмкін, аударушылар ізгі ниетпен бүгінде сирек басылымға айналған бұл мұраны халқымыздың игілігіне айналдыру мақсатын көздеді.

Аудармашылар

*Автордың тарих ғылымына
берген түсіндірмесі.*

БӘЙІТ

Оқыған тарихты — байқайды дүниені.
Көреді адамзатты түр-түрімен.
Оқыған боп надандар бүлдіреді,
Түгестім деп ғылымды құр тілімен.



ФЕРҒАНА ХАНДАРЫ ТУРАЛЫ

Тарих ғылымы — әлемнің жаратылуы және адамзаттың түрлі ұрпақтарының тіршілік-тынысымен, әділ патшалар мен жәбірші әмірлердің істерімен қоса, қоғамның даму қағидаларына (заңдылығына) қанықтырады. Бұдан туындайтын ілім - түрліше тарихи оқиғалар, адамзат басынан өткен жақсылық пен жамандық, ой елегінен сүзіліп, бал шырынындай бәрімізге қымбат; теңдесі жоқ ақылшы, қайғы мен қуанышта қапысыз жолдас болатын білім тірегі - тарих демекпін.

Осындай қасиетті Тарих атты ғылымға шама-шарқымды байқап қалам тартуға мәжбүр болдым. Себебі мұндай ғылымға қалам тарту - ғалым болам деушілердің бәрінің де бірдей қолынан келетін іс емес. Тарих ғылымы әлемдік оқиғаларды зерттейді, ол бізге өткен қауымдардың тіршілігін жеткізумен қатар, қазіргі заман халықтарының өмір ағымын баяндайды. Ол үшін тарихтың әрбір кезеңін мазмұнына сап келтірмесе зерттеудің құны болмайды. Айталық, грамматика тіл ғылымының тұзы болса, ал тарих - жалпы ғылым атаулының азығы. Кімде кім тарих ғылымын қажетсіз деп білсе, ол жаны ашыған емшіден қашатынауру адам сынды.

Сонымен қаламгерлер санатында болып 1783-1883 жылы аралықтарында Шығыс Түркістанда болған оқиғаларды, оның ішінде Қашғарда (автор Қашқар деп жазады) Жахангир қожаның жеңісінен кейінгі қожалар соғысы, Жақып ханның ықпалы мен үкімінің күйреуі сияқты оқиғаларды жазуға бел будым. Бұл оқиғаларға негізінен Ферғана хандарының қатысы болғандықтан алдымен қысқаша соған шолу жасамасақ, біз баяндағалы отырған тарихи оқиғаның мағынасы ұғынықсыз болып қалуы мүмкін. Со-

дан кейін қазақ хандары, монғол мен қалмақ тарихын басқа да тайпалардың тіршілік-тынысын әңгімеге желі етеміз. Жалпы ислам елдері мен өзге халық оқымыстыларының арасында жалпы және жекелеген тарихи кітаптар бар. Ал біздің қазақ халқының (Шығыс Түркістан) өткені мен бүгінгі бары туралы анық баяндалған, болмаса арнайы жазылған зерттеу кітабын кездестіре алмадым.

«Дәреже озғандікі» дегендей, бұл салада болашақта жазылатын түрлі тарихи еңбектерде шығыс халықтары туралы айтылған кезде менің кітабыма сүйенетін болса ынсап иелері бұл еңбегімді бағалап, керекке жаратқаны.

Ферғана хандары 919 хижра¹ жылынан Алтын Бесіктен басталып, Алтын Бесік пен Шаһрух хан арасы екі жүзден артығырақ, яғни он ата өтеді². 1703 жылы Шаһрух хан таққа отыруынан бастап тарих жазылып келген. Әкімшілік орталығы Қоқан болды, бұл нәсілден 28 кісі таққа отырып, Шаһрух ханнан бұрынғысы «би» аталып, кейінгілері «хан» деп аталды. Ақыры Құдияр хан, ол екі ортада белгісіз тағы бір екі кісі хан аталып, 1876 жылы бұл уәлаяттан³ «хан» атаулы жойылады да патшалық дәуірлері 374 жылға жеткен.

Бір замандарда Ферғана халықтарының арасында алауыздық туып, оны тоқтату жолы: тек бір әділ адамның әміріне көніп, соңынан еру болды. Халық басқа шара таппай, атыраптағы тайпалардың ішінен біреуді хан көтеруді мақұлдасты. Алайда, кімнен хан сайлансын дегенде, әркім өзіне тартқандықтан бір тоқтамға келе алмай сырттан бір ханзаданы хан сайлауға ойысты. Ол Түркістан хандарынан болсын дегенге тағы келісімге келе алмады. Осы мезгілде Шайбани тұқымынан Абдулла Асам мен Самарқанд-Андижан ханы Мырза Мухаммед Бабыр ибн Умаршайх оқиғасы (соғысы) болып, Бабыр хан қашқанда Қоқан арқылы өткен.

¹ хижра - мұсылман дініндегі елдер заманының басы, яғни жыл санау жүйесінің дәуірі. Бұл күні біздің заманымыз бойынша 622 жылдың 16 июліне, жұма күніне сәйкес келеді, бұл григориан календарымен есептегенде хижра жылына 583 тұрақты саны қосылып отырады.

² Мұсылмандар бір буынды орта есеппен 20 жыл деп есептейді. Демек, 10 атаның 200 жыл болуы ақиқат.

⁴ Уәлаят-өлке, аймақ.

⁵ Тұрғауа — бір ортаға біріккен, әлі өз алдына хандық құрмаған тайпалар бірлестігі.

Содан Өзбек тұқымынан бір ақылды адам шығып (Тұрғауаға⁴ қарасты бір тайпаның көсемі орнында тұрған) жақындарымен кеңес құрып, хан сайлауға халықта бірлік болмай тұр, егер бір лайықсыз адам таққа отырса, жағдай онан да бетер ауырлайды, халықты бұл бәледен құтқару керек деді. Оның жолы: бәлен жерден Бабыр хан өтіпті деп, сол жерге бір жас баланы алып барып қойып, оны тауып алған болып, Бабыр баласы деп жариялап, оны тәрбиелеп, өскен соң хан көтереміз дейді, дау-жанжал сонда тиылады. Бұл сөзді өзгелері құп көріп, сол данышпанның немересінің бірін ерекше киіндіріп, алтын бесікке салып, Бабыр хан жолынан тауып келген болысты. Тауып алғанда киік емізіп жүр екен, төбесінен қонбай құс ұшып жүр екен деген ғажайыптарды қоса сөйлеп, көпшілікті нандырып, оған «Алтын бесік» деген ат қойып тәрбиелейді. Ақыл айтқан кісінің есімі де Бабыр болған, демек бабасының атымен Бабыр баласы десе де, Бабыр хан баласы десе де өтірік болмайды. Алайда оның шын сыры елге мәлім болып, басқа тұрғауа тайпалары жанжал шығарғанымен Алтын Бесік өскен соң билерге сөзі өтімді болды.

Алтын Бесіктің алты баласы өсіп, жетінші баласы Қоқан қаласын салған (кеңіткен, түзеткен болса керек, себебі ол тумай-ақ қала бар еді). Содан бұл бала өзінің хан сайлауын талап етіп тұрғауа тайпалар басшыларының Шахмаст биге келгенде бұл кісі дербестік талап етіп, өзі хан болу үшін қанша әрекет етсе де оған жете алмай, сонда да «би» атына қосымша дәреже қостырып алған. Соңыра бұның төртінші немересі Шаһрух хан, яғни Алтын Бесіктің он бірінші буыны әр түрлі билерге тыйым салып, түрліше саясатпен өз тұқымын Бабыр ханнан шыққандығын дәлелдеп, Қоқанды орталық етіп өзіне хан дәрежесін алған. Сонымен бұрын болған тайпалар арасындағы дау-жанжал Шаһрух кезінде тыйылған.

АЛТЫН БЕСІКТІҢ БАБАЛАРЫ

Алтын Бесік, ибн Мырза Бабырхан, ибн Мырза Омар шайх, ибн Мырза Сұлтан, ибн Әбу Сағидхан, ибн Мырза Мираншах, ибн Әмір Темір көреген, ибн Әмір Турғай, ибн Әмір Баркал, ибн Әмір Илнгир, ибн әмір Инжил, ибн Қаражар Ноян, ибн әмір Суғучин, ибн Барухи хан, ибн Ирумчи Залас хан, ибн Қажули Бахадур, ибн Буртан хан (Темір әулеті мен Шыңғыс тұқымы осы Бур-

тан ханда түйіседі). Осылай етіп Шыңғыс хан, ибн Язди Бахадур, ибн Буртан хан болып, ол ибн Қабыл хан мен ибн Тумне ханнан тарайды. «Раузат-ас-сафа» кітабында Темір әулеті мен Шыңғыс балалары Тумне ханнан бастап айырылады деген. Тумне хан, ибн Байсунқар - ибн Байду хан, ибн Дутемнен, ибн Юзнжир хан, ибн Анқу (яки «Алаңқу») Диюн қызы. Диюн Баян Сұлтан, ибн Чебне хан, ибн Мұңлы хан, ибн Айхан, ибн Кун хан, ибн Тимуртас хан, ибн Қиян хан, ибн Илхан, ибн Юлдуз хан, ибн Магул хан мен Татар хан, бұл екеуі Алынша ханның балалары. Алынша ханнан, ибн Ильяс хан мен Өгуз хан, бұл екеуі Қарахан балалары. Ильяс хан мен Өгуз хан нәсілі (ұрпағы), яғни балалары Рум султанымен Қараханда қосылады. Рум султандарының балалары Ғази Осман ханмен замандас болған Алтын Бесіктің бабалары Қаражар Ноян (Ғази Осман хан Алтын Бесікпен дәуірлес). Қаражар Ноян мен Қарахан арасы 25 ата, Осман ханнан Қараханға дейін 45 ата өткен. Алтын Бесіктен Адам Атаға дейін елу ата саналған. Ал Қарахан, ибн Түрік хан, ибн Яфас, ибн Нух пайғамбар, ибн Ламак, ибн Мтушлах, ибн Ыдрыс пайғамбар, ибн Бурд, ибн Михлаил, ибн Кинан, ибн Ануш, ибн Шис, ибн Адам Ата.

Алтын Бесік баласы Сұлтан Елік, оның ұлы Сұлтан Құдияр, ұлы Мұхаммад Әмин хан, ұлы Әбіл Қасым, ұлы Асылзада, ұлы Шахмаст би, ұлы Шаһруһ би, ұлы Рүстем би, ұлы Хажы би, ұлы Ашур би, ұлы Шаһруһ хан. Осы Шаһруһ хан атасына шек келтірген билердің келіскенін ертіп, қарсыласқандарын жоқ етіп, өзіне «хан» дәрежесін алған дегенбіз. Бұл кісі 1704 жылы таққа отырып, толық он екі жыл патшалық құрып қайтыс болған. Онан Абдрахим бек, Абдул-Карим бек, Шади бек деген үш ұлы қалып, үлкені әкесінің тағына ие болды. Бұл да он екі жыл хандық етіп 1729 жылы опат болған. Абдул-Карим бек таққа отырып, 18 жыл хандық құрып, 1729 жылы қайтыс болған соң, баласы Абдуррахман (Әбдірәхман) таққа отырды. Алайда тоғыз айдан соң орнынан алынып, таққа ағасының (Абдуррахманның) баласы Ердана хан отырды да Абдуррахманды хахим-билеуші етіп Марғұланға жіберді. Бір жылдан соң Ердана хан да тақтан түсіп, орнына туысқаны Абдуррахим ұлы Баба бек отырды. Бір жыл өтер-өтпесте Баба бек өлтіріліп, Ердана хан қайыра таққа отырды. Содан он екі жыл хан болып, 1759 жылы өлген. Содан соң өзбек, сарт қауымдары топталып Шаһруһтың екі баласының кезегі өтті, үшіншісі Шади бек әулетінің кезегі келді деп 1760 жылы Шади ұлы Сүлеймен бекті хан көтергенмен 6 айдан соң тақтан тайдырылып, кейін өлтірілді.

НАРБОТА ХАН

Нарбота хан — Абдуррахман хан баласы он төрт жасында таққа отырып, 36 жыл билік құрып, 1796 жылы қаза болған. Ферғана хандары арасында ең көп, ұзақхандық еткен осы кісі.

Шыққан жері Зәңгі аталық Ахмад шайх деген кісі 1788 жылы Шәуешекке келген, жасы 114-тен 115-ке қараған, жылы маймыл, тоғыз мүшелден астым дейді. 1700-1800 жылдар арасында болған хандарды түгел көріп, қолымнан өткіздім дейді. Әкесі Абдұл Азиз шайх 120 жасқа жетіп қайтыс болған, оның әкесі Абдул Халық шайх, оның әкесі Абдулла шайх бұлар да өте ұзақ жасаған кісілер екен. Шаһруһ хан Абдул Халық шайхқа қол берген, пір тұтқан. Ахмад шайх өзі айтады: Нарбота хан заманында біз бала едік, сонда да аталарымыздың сөзі құлағымызда. Нарботаны адамдар хан демейтін «бек», яки «улеми» деуші еді. Хан деген «хун» сөзінен алынған, «зұлым иесі» деген мағына береді, сонан хан деуге қызықпай «бек» атап, Нарботаның пакизаттығы да болғандықтан «улеми» деп атаушы еді. Ғалымдармен түрлі жұмыстар істегенде, ерекше бір кісілерге жаза қолданғанда өте сақтықпен карап, күдік тудыратын жайы жоқ па екен деп тексеріп барып шара қолданатын, орынсыз шектен аспайтын. Соның арқасында халық арасында «улеми» атағымен даңқы шыққан. Мауароаннахрда шарифаттан, халық силаған жолдан таймаған әміршілерді «улеми» атаудәстүрі болған. «Әл-Асас» кітабы «улеми» сөзін «уәлиумми» деген сөзден құралған, күрделі сөз дейді, «уәли-би, умми-сауатсыз» деген сөз. Қазақша «үлем».

Нарбота ханнан Әлім хан, Омар хан, бір әйелінен Рүстембек деген балалары мен Хажыбек деген туысықалған. Хажыбек Шерәлі ханның, атасы, Мәлле хан - Құдияр ханның бабасы болады. Нарбота хан ментуысқандарының араларында алауыздық болып, Нарбота өлген соң Хажыбек өзі бастап балаларының бірін хан қоюға күш салады. Алайда балаларының қайсысын қоюға керек дегенде халық бір тоқтамға келе алмайқыры Әлімханды таққа отырғызады.

Нарбота хан баласы - Әлім хан лақабы Зәлым ханеді, таққа отырып Хажыбекті өлтірмек болады, бірақол қолға түспей қырғыз еліне қашып барып, жан сауғалап неше жыл жасырынып жүріп, өз ажалынан өлген. Әлім хан өте залым, ашушаң, қызғаншақтығымен

белгілі болған, жақсы абырой-атаққа ие болу үшін кезінде өзіне қол ұшын берген піріне дүре соғып, сұмдықоқиға болған. Демек, бұл басқаны қойғанда өзінің пірін де дүреге жатқызған десіп, халықты оған мойын ұсындыру мақсаты болды.

Әлім хан бір қаланы аламын деп неше рет барып, мал мен адам шығындап, ала алмай кері оралады. Пір -ұстазына дұға беріңіз, мен сол қаланы алайындаген. Ол кісіден бата алып, аттанып қаланы алып келген соң ұстазына рақмет айтып, бір сұрақ береді: Міндетінен бас тартқан адамға не істеу керек? Ұстаз: Жетпіс қамшы деген. Сол қамшыға ұстазын жатқызған. Менен не айып таптың дегенде, керемет «әулиелік» етушілер әулиелігін жасыру керек, ал сен оны әшкере етіп, өз міндетінді өтемедің депті.

Қайда ишан, қайда әулие бар деп есітсе шақырыпалып дәм беріп, сыйлап, көптеген садақа аласыңдар, сонда сендерден пайда бар ма десе: біз ақырет күніарашашы боламыз деген болу керек, онда ақыреттен өтуге көмегің тисе, қазір мына әуізден арқан тартамынүстінен өтесің,- дейді, сонда шайх бейшара арқанға аяқ сала бере суға құлап, шығайын десе шыға алмай, ақыры оның өлігін алып шыққан екен. Міне осындай істерінен кейін оның дәуірінде әулие, ишан дегендер қалмаған. Әлім хан Бұхара, Ташкент халқынан жиналған қолмен көптеген қалаларды алып, Ахлаб Рустембек сияқты әскер басшыларынан бастап, көптеген жазықсыз адамдарды өлтірген. Ақыры мұндай істерден жапа болған халықтың талабымен 1801 жылы Әлім хан мен балалары, көптеген көмекшілерімен өлім жазасына кесілген.

Омархан Әлім хан өлтірілмей-ақ таққа отырып, Әлім хан өлген соң екінші рет тақты иеленеді. Ғалымдар Омарханды замандасының әділі, қатарының білімдісі, Шаһрух тұқымының бәрінен артық қадірлі, өткір, ақын, сөзге шешен, тіпті Бабыр тұқымында ғылым мен білімі жеке дара, мінезі келісті адам еді дейді. Оқу жүйесіне жанашыр болған, парсы мен түркі өлеңдерін, риторика ғылымдарын да енгізген. Оның өлең мен өнерді бағалағаны соншалық, өте алыс елдердегі танымал өнерпаздар мен ғалымдар келіп, қызметінде болған. Халық үшін еңбек етіп және аса бір тарихи іс - Қоқан қаласында мешіт-медреселер салдырғаны үшін ел аузында «Омархан» жаннат мақон» (Омархан мекені жәннет) деген ел аузында мәтел қалған. Бұқара ханы Әмір Хайдар бұл кісімен замандас болғандықтан өзіне бағындыру мақсатындағы жіберген елшісіне Омархан тойтара жауап берген:

Жаксы еді-ау Бұхара әмірі,
Аға тұтса ғұмырға,
Ере жүріп артынан,
Тақта отырған Омарға.

Яғни, Мухаммед пайғамбардан соң Омар Хайдардан (Әлінің лақап аты) бұрын Халифа болып еді, менің атым Омар, сенің атың Хайдар ғой деген.

Омархан бір күні жанында ақын-жыршыларымен бау аралап жүріп бір қызға кезігіп қалып, мынандайқалжың айтқан екен:

– Анау, гүл сипаты немене екен, етегіңмен жасырдың дегенде, қыз:—Саман гүлі, жапырағында ізі болар аһұйдің⁵ (яғни жұпардан тартылған сызық). Сонда ханға бұл сөз ұйқасы ұнап кетіп:

– Басқа теңеу айтшы жаным, айналайынтіліңнен,- дегенде, сұлу қыз:

– Сулы жердің қызыл гүлі, көз жармаған асылбіл,- деп жауап қатқан, яғни сіздің сұрағаныңыз әлі қауызы ашылмаған сулы жердің гүлі демек.

Бұл кісі 12 жыл патшалық етіп, 1820 жылы опат болғанда халық өте қатты қайғырған, оны баяндап жеткізу қиын. Заманында ұрма-тегіне әмірлерімен (Аструшан деп те айтылады) біраз келіспеушіліктері болған, басқа ешкімдермен орынсыз жағаласпаған.

Әкесі Омархан өлген соң, орнына 15-16 жастағы баласы Мұхаммад Әлиханды таққа отырғызады. Халықы оны мақтап «Маадил хан» (әділдік бұлағы) деп атаған, Қашғарда Жахангир қожаның жеңісі осы кісінің билік жүргізіп тұрған кезімен тұстас келеді, бұл да Қашғарға барып Гүлбағ қамалында қоршалған қытайлармен соғысып «ғазиді»- қазауатшы атағын да алған. Осы екі атақтан басқа қалдырғаны белгісіз, «ғазиді» атауы дін жолында соғысып мал-жанын сарп еткен әскер мен адамдарға айтылады, тіпті осы атты көреген Әмір Темір де ала алмаған, Ферғана хандарында бұл кісіден өзгесі «ғазиді» деп аталмайды, ал кейбіреулері жұмада «ғазиді» деп хутбада⁶ қосқанымен бәрібір тарихи шындық бола алмайды. Қашғардағы оқиға себебімен «ғазиді» атанғаны болмаса ол уақытының көбісін

⁵Аһуй ертедегі жәндік, негізінен, аһуй ізін қалдырған, мисканбар деп айтылатын киіктің кіндігінен алынатын атакты жұпарды айтып отыр.

⁶Хутбада - тілек.

сұлу кәнізактар мен жесір әйелдерге жұмсап, ойын-күлкімен өткізген. Халық Омархан салып кеткен ізбен өздері күн кешумен болды. Мұхаммед Әлиханның патшалықпен ісі болмай, тек анда-санда сапарда жүргенде айбатын көрсету үшін арғымақ мініп, тазы жүгіртіп, қыран құс салғаны болмаса, нөкерлерімен жүріп өмір кешкеннен басқа үлгі боларлықтай артында ісі қалмаған.

Қазақ ішінде жүрген ноғайлар, кірмелер Ресей қол астына кірген соң Мұхаммад Әлихан кезінде Ташкентке барып ел уәлисі⁷ болған, Бектер бегінен сұрап, Салар бойынан жер-су алып, бау-бақша егіп, үйлер тұрғызып, іштерінен Молла Ғобай дегенді ақсақал қойып, ел билеп сегіз жыл тұрған екен. Мұхаммад Әлиханның әлегінен әмір атынан қойылған Ташкент әкімі Мұхаммад Шариф аталық пен Шерәлі хан арасында жанжал туып, ноғайлар талауға түсіп: қазақ ішіне қайтып келген. Біздің атамыз да сонда болып бір әйелі өліп, бірімен айрылысып, Аягөзге көшіп келіп анамызға үйленіпті де, мен пақыр осы жерде дүниеге келіппін. Аягөз дуанына кіріп отыз жылдан тұрған соң Бахты шаһарына келген атамыз (әкем) 1879 жылы қажыға кетіп, Стамбулда Сұлтан Абдул Хамид ханның қабылдауында болған. Қажыдан келген соң және жеті жыл өмір сүріп, 1886 жылы рамазан айында жасы жүзден асып Шәуешекте қайтыс болды. Оның тағзиясында (көңіл айту) Бахты әкімі Заманбек әпендінің өзі маған ұшырап біраз жұбату-көңіл айтып еді.

Әкем марқұм көзі тірісінде Ташкентте Ишанхан, Төрехан атты атақты ұстаздардың қызметінде болып батасын алған екен. Сонда Салар бойында қалған үйін сатып Шарафи бай деген бір досы ақшасын жіберіп еді. Марқұмның қазақтардың ішіне келуі Абылай ханның қаза болған мезгіліне жақын, Әбул Файз хан дәуіріне тұстас екен.

Бұл кісілер Ташкентте тұрғанда Омарханнан Маадил хан билігінің соңына дейін Ташкентте Бектер бегі деп аталатын бір әкім болған. Ол көп елдерді бағындырып, қай жерде бұзықтар, яки дұшпандары болса тауып, көздерін жойып отырған, ешбір әскер басшылар оған төтеп бере алмаған. Осы кезде жалпы қырғыз, қыпшақ, көпшілігі қазақтар болып Ташкентке бағынып, бір шеті Ақмешіт, мына шеті Қапал уәлаяттарынан зекет алынып тұрған кезде 50-100 қос болмаса жүру қауіпті жерлерден енді

⁷Уәлисі - ел иесі, ханның жергілікті жерге халық билеуге қойған өкілі.

3-5 қоспен де керуендер жүре беретін болды. Ол кезде Ресейдің шекарасы Ертіс бойындағы Семей бекінісі болатын. Онан бергісі «Ислам дүниесі» деп аталатын да, осы жерлер арқылы өтетін сауда жолдарына кепілділікті Ташкент бегі көтеретін.

Маадил ханның бұл сияқты бектері (кеңесшісі) болғанымен, хандық етіп тұрған кезінде жөнді көмекшісі болмай, қайта оның ақымақшылдығынан бұл кісі де запы-мезі болатын, ақыры бұл да бектің өзі ханға бой ұсынбай кетті. Ханның берекесіздігінен бектердің бетімен кетуі Ресейдің Ақмешіт, Алматы жерлеріне кіруіне жағдай жасады. Көп істер атқарып, Ташкентте «Бектер бегі» медресесін, неше жерде мешіттер салып, су тоғандарын жасап, нижраның мыңыншы жылынан кейін Ташкент елі атында мұндай әділ бек болмаған дегенді тарихшылар жазады. Жолаушы-мүсәпірлерге ерекше көңіл бөліп, оның ішінде біздің ноғайларға жақсы қараған екен. Бектер бегінен бұрын Ташкентте әр үш, бес жылда әкімдері я алынып, я өлтіріліп отырғандықтан, тыныштық болмаған. Маадил хан кезінде халық бұл бәледен құтылып, тынышталған кезі еді.

Ташкентте бұлай әкімдердің жиі ауысуы «Ташкент қыры сан - Барақ ханның елі» деп аталған. Ферғанаға қарасты ел басқармен салыстырғанда ең байы және атақтысы, сол себепті кім мұнда әмірші болса, сол хандыққа бір табан жақындайды, кейде сол әміршілер дербес болғысы келеді, сондықтан хан оларды я өлтіріп, я бұзық ниетінің алдын алып, орнынан босатып отырған. Осындай көп себептермен бұрынғылар Ташкентке қатысты «шаһари мурургоһи салатын, қароргоһи шаятин» (сұлтанدارдың ауысып, сайтандардың орналасып тұратын жері) деген сөз қалдырған. Бектер бегі әділдігі мен көреген саясаты арқасында әмірі ханнан да өтімді болып, 30 жылдай әкім болды. Ақыры Маадил хан фитнасы - әлегімен шақырып алынып, соңынан Бұхарада опат болған. Кейбіреулер оны Қоканда өлтірілді десе де, менің әкем әмірмен бірге Бұхараға барып өз ажалынан қайтыс болып, сонда жерленді дейді.

Бектер бегінің шын аты жадымда болмай әкемнен сұрай алмағандықтан, соңынан көп адамнан сыр тартқанмен анықтай алмадым. Ташкентте игі жақсылар, соның ішінде Полат бай деген көпке қайыры мол кісі болыпты. Егер мен мың ділдә пайда көрсем халыққа жұмсар едім дейді екен бұл кісі, арманы орындалып, уәдесінде тұрған адам екен. Дүниеден өткенде 60 мыңнан астам алтын қайыр беріліпті, қалғаны мирасқорларға бөлінген.

Тіпті ол түйесіне жүк артқанда құлағына сыбырлап, осы жүктен қанша пайда түссе, соның біразын бәлен махқаладағы аш-жалаңаштарға жұмсаймын дейді екен. Оның қазасын естіген жанның барлығы өлгеніне қайғырған.

Жақсының арты қор болмас дегендей, оның балалары да дәулетті болған, 1863 жылы Полат байдың балаларының бірі жәрмеңкеге жүріп бара жатып Аягөзге соғып, біздің әкей марқұммен сұхбаттасып еді.

Маадил хан Самарқанд жағында Пешғар атты бекініске байланысты Бұхара әмірі Насрулла Бахадүр ханмен келісе алмай қалады, Насрулла Маадил ханды халыққа «әкесімен некеде болған әйелмен ойнап, кәпір болды» деп жамандап, халықты оған қарсы қойып, ақыры көп әскермен Қоканды келіп басып алып, одан да он есе қылмыс жасады. Ғалымдарды қорлап, кітаптарды құртты, бесіктегі ханзадаларды да аяған жоқ. Маадил хан қашып белгілі бір себептерден қайтадан Насрулла ханның қолына түскен. Мұны өлтірмек болғанда уәзірлерінен өз найыбы (орынбасар) Абдус Самад араға түсіп бұған кешірім етіп, орнына қайта қойылса, Ресей мұнда қол сұғып тұрғанда пайдасы тиер еді деген. Алайда, әмір Ресей мұнда қалай жете алады ден оның кеңесіне құлақ аспады. Абдус Самад найыб негізі Табриз қаласынан, Европаны саяхаттап көрген, ел таныған адам еді. Соңынан Бұхарадан Кабулге кетіп ағылшындардан дербес болуына себепші болған дейді. Ал біреулер Маадилді сол жерде әмірдің алдында өлтірілген деседі. Осы оқиғалардың екеуі де долбарлы: алдымен Кабулға барып соңынан саяхаттап, Бұхараға келгенде өлтірілген. Дұрысы осы, себебі Ферғанадағы апат жағдайлардан Кабул оқиғасы бұрын болған. Өлтірілгені өтірік емес, өйткені бұл жақтағы әмірлер іс басына ешқашан лайықты адам қоймай, қойса ұзатпай көзін жойып, елге пайдалы істерді орындатқызбай өмірбақи аяқтан тартып өткен, бұл олардың ең сүйікті әдісі еді.

Саясатпен Маадил ханның баласы - Мұхаммад Әмин, шешесі, тағы басқа да көп ел басшылары өлтіріледі де Ферғана әміршісі Қоканға Иброһим Хиалды әкім сайлап еліне қайтты. Қайтарында да бүкіл Ферғана елін билеген әміршіге көз тиеді деп молдалар мен қарияларына аят оқытып өзін үшкіртіп, зор іс жасағандай масаттана жолға аттанған, оның мұнысын жолшыбай көрген Ғиждуандықтар таң қалған.

Мұхаммад Әминді өлтіргенде жас бала - Омарханға өте ұқсас еді, халық онан үлкен үмітті болатын, Омарханның иісі келеді деуші еді. Оны тірі қалдыруға бүкіл халық сұрағанымен бермеді.

Мен, соңынан, шынында Маадилге тағылған айып рас па деп тексеріп көріп едім, көп адамдар негізінен рас, Бұхара әмірін бұл мәселеде айыптауға келмейді дегенді айтады. Ферғаналықтар Бұхара әмірінің сөзін жалған екенін көңіл қосқан әйел-Омархан әйелі болмаған, бәлкім оның кереметтей сұлу екенін Омархан естіп «алармын» деп қалған дейді. Алайда өз арманына жете алмай кетті. Осы жағдайды Бұхара әмірі пайдаланды деушілер бар. Өйткені әмір Насрулланың өзі де сол әйелге сырттай ынтығып жүрген, оны тек күшпен алу мүмкін еді. Ал Маадил хан ол әйелді алу, алмау туралы ғұламалардан шешім сұрағанда, бір жағы, ол әйел әлі Омарханмен өмір кешпеген, сол үшін дұрыс десе, екінші жағы жалған сөз болғандықтан кейін іске себеп болады, сондықтан сақтану керек деген. Бірақ әйелдің сұлулығынан есі кеткен Маадил хан дұрыс деген жағын мақұлдаған...

Осы туралы менің өз әкемнің айтқаны: Ташкенттен келе жатып бір опат болған ханзаданың әйеліне ұшырадым, ол еліне бара жатқан қырғыз екен. Сонан әйелдің жағдайын сұрап едім «оны несін айтайын, еркек сендер тұрмақ әйел мына біз көргенде айналып жанынан кете алмай, жіпсіз байланып қалатын едік» деп жауап берді. Аты Ханпатшайым, оны алам деп Омарханның өзі, онан кейін баласы өліп, Бұхараға алып кеткен соң онда да көп берекесіздіктер болған - деді.

Маадил хан өлген соң енді тыныштық орнар деген халыққа Бұхара әмірінің жәбір-жапасы, зұлымдық, қаталдығы әлденеше есе асып түсіп, халық өткеніне зар болды. Ақыры сарт, қыпшақ, қырғыздар бірлесіп ортасынан Шерәлі ханды (Хажыбек баласы) бас етіп, Қоқан ғұламалары халықты көтеру үшін «бір маңғытты өлтіру -70 кәпірді өлтірген сауапты алады» деп фатуа шешім шығарып, бұхаралықтарды қырды. Иброһим Хиял аз адаммен қашып құтылған. Үш айға жетпей Насрулла хан көп әскермен келіп соғыс ашып, онымен жеңіске жете алмай өзі масқара болды. Соғыспен іс шықпасын көрген Насрулла айлаға көшті. Құдайға менің әскерім жәбір жасапты, мен байқамаппын, егер Қоқан кайта бағынса оларға олай да былай кеңшілік етер едім деп жылаған болып, оны біреулер естігенмен халық оған нанбады. Әмір Насрулланы адамдар «бахадур» деп атаса да негізінен қорқақ адам еді, тұтқынға да қолы қатал болғандықтан Ферғана халқы «Батыр қасап» деп кеткен.

ШЕРӘЛІ ХАН, ИБН ХАЖЫ БЕК, ИБН АБДУРРАХМАН ХАН, ИБН АБДУЛ КАРИМ ХАН, ИБН ШАХРУҢ ХАН- НЫҢ ТАҚҚА ОТЫРУЫ

Шерәлі хан атасы Хажыбек қырғыз еліне барғанда туған. Әкесі өлгенде, шешесі қырғыз болғандықтан нағашылары мұны ұрлап алып, содан хандардан қорқып, жасырынып Талас деген жерде тұрған. Жоғарыдағы айтылған оқиғалар себебімен, әрі кек алу есебі бар Шерәлі 1841 жылы таққа отырды.

Әмір Насрулла Қоқанды басып, ғашығына қосылып, Бұхараға қайтар жолда әр елге әкімдер тағайындап, Ташкенттен Бектер бегі алынып, Мұхаммад Шариф Аталық әмірші болды. Осы кезде Шерәлі хан да таққа отырып Аталыққа елші жібереді, мазмұны: Ташкент негізі біздің аталарымыздың жері, жағдай түзеліп келеді, енді маған ерсеңөзіңе жақсы болады деген. Бірақ Аталық қатты-қатты сөз айтып, тіпті Түркістан әскерімен Шерәліні өлтіруге барамын дегенге барған. Сол арада өз үйімізде молда Ғобай ақсақал бастаған және 3-4 ноғайлар едік, елшінің келіп-кеткенін естідік. Сонда Ғобай бұлардың не бастығы, не халқы соғысты білмейді. Бұхара әмірі келді де кетті, көлеңкесінен қорқып бұл елшілерді мынадай етті. Көпшілік халық Қоқан жағында, бұл бейшара Аталық кімге сүйенбекші деген, оған мен де қосылғам (бұл әңгіме жазушының әкесінің аузынан алынған). Көп ұзамай Қоқан әскері келеді дегенді естідік. Аталық жарлық етіп ерлігімен танылған шанышқылы қазақтарын көрші ауылымен қоса қала атрабына қондырып, басшыларына шапан-шарқы жауып, жігіттеріне ат-құрал беріп қала халқын «кыл құйрық» етіп шығарды («кыл құйрық» атқа мінуге жарамды еркектердің бәрін жаппай майданға шығару). Оны әуелден Әлім хан шығарған, соңынан Омархан үш еркектің бірі әскер болуға тиіс деп жар салып «үштің бірі ханың» деген сөз осыдан қалған. Мұнан бұрынғылар әскерге өз еркімен жазылып қазынадан маяна (төлем) алатын болған.

Аталықтың бұйрығымен кімнің қалай қаруланғанында шаруа болмай жаппай соғысқа аттандық, екі әскер бір-біріне қарама-қарсы Шыршық өзені бойында кездесті. Ертеңінде үш-төрт адам шай ішуге отырған едік, қайдан екені белгісіз, зеңбірек атылып бір әскер басы қашып берді (атын ұмыттым), басқалары да қашуға айналды. Түн ішінде Қоқан басшыларымен біздің

әскер басы өзара келісіп жолға алған бұйымдар да адыра қалып, Аталықтың өзі бастап Ташкент қайдасың деп тартып отырды. Қокан әскері қақпаны бекітуге мұрша бермей қалаға коса кірді. Іс насырға айналған соң барлық ноғай жиналып кеңестік. Келген қорытындымыз бала-шағаны ықтияттап Салар бойында болайық дедік. Балалар мен қатын-қалашты бір мықты сарайға орналастырдық, дүниелерді жасырдық. Алайда қанша бекінгенімізбен біраз әскер көрінісімен-ақ біздің ноғайлар қашып тоз-тоз болды. Мал-жандарымыз қолға түсті, әйтсе де біз мейман едік, мүсәпірміз, елімізге қайтамыз деп жүріп тұтқындарымызды қайтарып алдық.

Ақыры Аталық Қоканға жеткізіліп, Шерәлі хан алдында өлтірілді. Шерәлі хан бұл жеңіске оңай жетседе, қырғыз-қыпшақ әлегінен 1844 жылы, үш жыл патшалық еткен соң шейіт болды. Шерәлі ханнан бес бала қалды: бір әйелінен Сарымсақбек, Сұлтанмұрат, Худиярхан; екіншісінен Молле хан, Софыбек. Екі әйелі де қырғыз еді.

Мурад хан әкесі Әлім хан өлгенде Омарханнан қашып Бұхара қаласына барған еді. Шерәлі ханның әлсіздігін естіп әмірдің кеңесімен Мурад хан жасырын келіп Қоканға кіреді. Уәзірлер мұнымен келісіп Шерәліні шейіт қылады. Мұсылманұұл ақсақ деген әскер басы қыпшақ-қырғыздың сардары еді, Шерәліні хандыққа жеткізген де сол. Мұсылманқұл бұл жағдайдыңхабарын есітіп Қоканға келіп, Мурад ханға ерген болыпжүріп айламен оны өлтіріп, Худияр ханды таққа отырғызды.

Шерәлі хан баласы Худияр төрт рет хан болған, бірінші рет 1844 жылы Мурад ханды аптаға жеткізбейөлтіріп хан болуы. Бұл кезде үлкен ағасы Сарымсақбек Ташкентте әкім еді. Мұсылманқұл оның хан боламын деген ниетін байқап қалып, айламен шақыры алады да көзін жояды. Орнына Әзиз Батча дегенді әкім етеді. Худияр хан Сарымсақ өлген соң да еркінөмір сүре алмады, «хандық» атақ оны қанағаттандырмады. Сарттар да мазасызданып жасырын ұйымдасып,қыпшақ-қырғызды қырып, қаладан қуып «Білқалама» деген жерде өте үлкен қақтығыс болып Мұсылманқұлтұтқынға түседі. Оны темір қапасқа салып бірнешекүн асып қойған. Мұсылманқұлдың жәбірі өткен кейадамдар: Ей шолақ, енді қандайсың?-десе: Әлхәмдулилләһ,әлі де мен сендерден жоғары отырмын,- дейді. Худияр хан таққа отыруының он екінші жылындаМұсылманқұл өлтірілді. Бұл Худиярдың екінші ретхан болуы.

Қари Хамид (МАРҒҰЛАНИ) былай дейді: «Бірденамазға дайындалып жатқанбыз, азаншының «қырыңдар, өлтіріңдер» деген айғайынан шошып жүгіре шықсақ, көшелердегі кісі қырғынынан жан түршігерлік... Шынында Шерәлі ханның 1856 жылға дейінгі 15 жылдық билігінде қырғыз бен қыпшақ үстемдік ететін әр қала әкімі: Нармұхаммед датқа, Жұмабай датқа, Мырзат датқа, Хал Мұхаммед датқа, Өтенбай фарманачи (әскер басы)- бұлар әр ірі қалада, кара чиғанға (қыстақтағы кара халық) билік еткендер еді. Нәтижесінде бұлардың барлығы жазаға тартылды. Бұл оқиға тарихта «қыпшақ заманасы» деген атпен қалды...

Шерәлі хан баласы Молле хан (дұрыс аталуы осы) Мұсылманкүл өлген соң екі жылдан кейін, Худияр ханмен (ол Худияр ханның әке жағынан туысы) бақ таласып, соғысады, ақыры Худияр хандығын тастап 1858 жылы Бұхараға кетеді де Молле хандыққа отырады. Осы сарай жанжалы кезінде Ресей Ақмешітті басып алып, Алматыға да жетті. Хан бұл хабарды есітіп Ақмешіт қаншалық жерде дегенде, уәзірлері екі айлық деген, сонда сонша ұзақ жер маған керек емес, алса алсын депті. Шеті кеткен елдің ортасы тыныш қалса жарар еді деп халық наразы болғанымен басқа шарасы таусылып достық ниетте болу үшін Сахиб Зада дегенді Ресейге елшілікке жөнелтті. Ол Петербордан көп нәрсе көріп, Ресейдің күш-қуатын танып келген соң, орыс елімен жауласу саясаты жақсылыққа апармайды, бәлкім апат келтіреді, сондықтан достықтан артық лайықты шара жоқ дейді. Ожар, қараңғы, надан бектер оны орысқа сатылған деп сөз қылды. Оған кейбір ғалымсымақтар қосылып Сахиб Заданы балқыған қорғасын құйып азаптап өлтіруге шешім шығарады, бірақ көпшілік араға түсіп аман алып қалады.

Орыстар бұл екі арада Алматыдан да бері өте бастаған соң Әндіжан әкімі Ғалим бек, Түркістан уәлиі Қанағат шах екеуін алты мың әскерге бас етіп екі бөліп, қарсы аттандырады. Бұлар Хаштақ пен Алматы арасында орыс әскерлерімен кездесіп қоршап алып, ұрысқа кіріскенде Ғалим бек жеңісті қызғанып, өз әскерімен жылыстап кетеді. Қанағат шах сонда да өз әскерімен қалып соғысып, қазақ әскері жанкештілік ерлік көрсеткенімен, аз топ зеңбірекке қарсы келе алмай жеңіліске ұшырайды. Мыңнан аса әскері қырылып, қаншасы жаралы болған. Ал орыстардың жалпы саны 300-ден аспайды, өлгені-жаралысы мәлім емес, себебі олар жасырынып жатып, бұлар аттың үстінде жүріп соғысқан. Мұнда орыс әскерімен кездесудің басы осы еді Ақмешітті де алуға он мың әскер аттанғанымен, тіпті оны соғыс

атына санауға болмайды, істері мардымсыз болды. Қанағат шах Алматыны қоршап соғысқанда орыс әскерлері қазақ кедейлеріне олар қалағакірсе біздер не істейміз, сендер араша түсіндер депөтініш еткен. Алайда олар (орыстар) Алматыға зиянкелтіре алмай кері шегінген. Қанағат шах ханға орысәскерінің өнерін, көргендерін бүкпей айтып берген соңСахиб Заданың сөзі анықталып өткен істерге өкінішетісті. Енді келісу керек пе, соғысу керек пе біріне де тоқтай алмай Ресейді көрген саудагерлерден сұрап көрмек болды. Алайда олар Сахиб Заданың басына төнген бәле бізге де келер деп әрі бұл сұраудың себебін білмей өтірік айтқан...

Мәлле хан заманында орыс әскерлері Жаңақорғанға дейін жетті. Юнус хан мен басқалары Мәлле менХудияр хандар арасындағы қатынасты былай баяндайды: Мұсылманкұлмен соғыста Мәлле хан адамдарыерлік жасап еді. «Білқалама» соғысы кезінде алдымен қырғыз-қыпшақтар жеңіп, қара чиған (қара халықтар) қашып, Худияр қалаға алдымен кіріп бекініп алмақболған. Мәлле хан соңында қалып әскерді жинап: Худияр жастықпен ақылға тоқтамай істің соңын күтпейқашты, ал қырғыз-қыпшақтар жай жеңіп емес, жеңсе қалаға кірмей тынбайды, қаланы алса бәрібір өлеміз.Одан да майданда өлу ерлік емес пе, деп қайыра соғыс ашты. Шынында қырғыздар қалаға енуді де мақсат етті. Мұндай жағдай болар деп күтпеген қырғыздарсасқалақтап, сонда да қырғын майдан ашқанымен бұл жолы қара чиғандар үстем болып, Мұсылманкұл қолға түсті. Осы жерде халық алдында Мәлле хан мерейіүстем болып, Худияр хан алдынан шығып хандығын ұсынып еді, қабылдамады.

Мәлле хан кейде бір елге бек, кейде Қоқанда ханға ақылшы бас уәзір есебінде жүріп, ханға ақыл-кеңесбергенімен ол тыңдамай, Мәлле хан көңілі қалып, оған қоса әркім сыбыс-сыпсың сөз таратып ханмен арасысуыды. Хандыққа жасырын талас жүріп, бір-бірін өлтірмекші екен дегенге дейін барған соң, бір күні Мәллехан «елатияға», яғни қырғыз даласына кетіп, аз күнішінде 7-8 мың қол қырғыз-қыпшақпен Марғұланға басып кірді. Марғұлан ұрыссыз берілді, олардан дабірнеше мың адам алып Қоқанға бет алды... Бірақ... Худияр хан Қоқанға тұрақтай алмай түнде-летіп Бұхараға кетті. Мәлле хан таққа отырғанымен әкімшілік қырғыз-қыпшақтың қолында еді... Қыпшақ бектерінен біріне сөгіс айтамын дегенде сардарлар ханға дүрсе қоя берген. Егер бұлай бола берсе бұл да қара чиғандармен ауыз жаласып, Мұсылманкұлдың керін келтірер деп ақыры қырғыз-қыпшақ басшылары ханға халықтың арызын тыңдамады деп айып тағып, мұнан құтылғаны-

мыз жөн болар деп кеңесіп, таққа отырғанының үшінші жылында уәзірі молда Әлімқұл, Әлімбек қырғыз және басқалар алдында 1861 жылы Мәлле хан өлтірілді.

Мәлле хан өлген соң молда Әлімқұл бастаған үлкендер бірлесіп Шахмұрад Сарымсақ баласын 15 жасында таққа отырғызды, Қанағат шах пен Ташкент әскері ол кезде Түркістанда еді. Мәлле хан оқиғасын есітіп, әскерге молда Әлімқұлдың бұл ісі жұртты алдау, жас баланы бас қойып негізі өзі тізгінді қолына алмақ деген. Біз мұнда Ресеймен әуре болып жүрсек, олар онда білгенін істейді, сонда біз не істейміз дегенде, жалпы сардарлар сіз не айтсаңыз бізге сол заң деп келісім берді. Қанағат олай болса Бұхарадан Худиярды шақырып хан көтереміз, әйтпегенде жас баланың әмірі өтпейді деп кесіп айтты. Бәрі осыны ақыл көріп Худияр ханға кісі жіберді. Худияр да Мәлле хан қазасын есітіп, әмірдің кеңесімен Жизақ бекінісіне келген екен, сонан Ташкентке жетеді, халық оған еруге келісім берді. Хан Қанағат шахқа «аталық» мансабын берді. «Аталық» (уәзір ағзам)-бас уәзір мәніне келеді. Нәсілі өзбек, жасы ханнан үлкен болып, қызметпен уәзір дәрежесіне жетсе «аталық» деген ат берілетін ғұрып болатын. Ал жарлыққа оның мөрі хан мөрімен бірдей жүреді. «Аталық» атағын алмаған уәзірде ондай дәреже болмайды. Қанағат мөрінің нақышы мынадай еді:

Амал фармоначи номым Қаноат
бихукми подишоһи бо адолат —
Ісім приказчик атым Қанағат
патшаның әділ әмірі, біл жамағат.

соңынан былайша жаздырып алды:

Әз лутфи шоһи одил зилли холик
Қаноат шох ғози шуд аталық —
Жаратушы саяси, әділ шахтық мейірі
Қанағат шах ғазы еді, аталық болды кейіні.

Ал «аталық» сөзі «ата, бектен» алынған, үлкен дәреже, мансапты білдіреді.

«Тибян Нафиғ» кітабы «атабекті» жас балаларды тәрбиелеп, баулу үшін бекітілген кісі деп түсіндіреді. Шираз сұлтанында атабектің басталуын былай айтады: Шайх Сағди (атақты шығыс ақыны) марқұмның мақтаулы кісісі Сағди ибн Занги сұлтан Санжарға атабек болған. Соңынан сұлтан Санжар парсы елі-

не хан көтерілген, кейін осы сұлтан өлгенде парсы елінде мақтаныш ретінде осы атты лауазым ретінде қолданған. Атабек түрікте, яғни олардың қолдануында «падар бузурғ» — үлкен ата, бек үлкен деген ұғымды береді.

Худияр хан мен Аталық Ташкенттен қосынмен шығып Ходжентке жеткенде, әмір Музаффар сонда екен. Әмір Худияр ханға Қоқанға баруға рұқсат етіп Шахмурат пен молда Әлімқұл қарсылық еткен жағдайда көмектесемін деп келісті. Молда Әлімқұл бұл жағдайдан сескеніп қырғыз-қыпшақты елатияға алып кетті, сарт әскерімен Шахмурат қалада қалды. Худияр хан қалаға басып кіргенде Шахмурат қарсылық көрсете алмай, бір қақпадан шығып қашып кетті. 1862 жылы Худияр осылайша үшінші рет хан болды. Шахмуратты ұстап алып келіп еді, оны әрі туыс әрі жас болған соң аяп өлтірмеді, оның хандығы екі-ақ айға жетті. Әмір Музаффар мына жеңісті естіген соң Бұхараға кері қайтты, соңынан Худияр хан көмегіне ризашылық етіп тарту-таралғымен елшілікке Аталықты жұмсады, онда барған соң Қанағат шах өлтірілді. Оны осылай етуге ханнан ишара болған деген де хабар бар. Бұл уақытта Әлімқұл мұнымен тыңшымай, Худиярханға бағынбай Белбақшы хан дегенді хан көтертіп өз алдына жүрді, Алайда аз күннен соң оны да құртып, Шахрух дегенді хан көтеріп оны да жоқ қылды. Осылайша Ферғанада тыныштық болмады. Осы себеппен әмір Музаффар Қоқанға келіп көп әскермен тауға барған жерінде, Әлімқұл жөнін тауып оны (Музаффар) қоршауға алады. Әмір Музаффар қолға түскенін біліп қорқып тұрғанда Әлімқұлдың елшісі келіп сәлемін жеткізді: «Тақсыр, бір адам үшін осынша әуреге түсіп ненің құны кетіп еді? Сіздің дәрежеңізді сыйлаймыз. Мұнша әскерге қарсылық етер бізде күш жоқ. Онан да осындай күшті неге Ресейге қарсы қоюға болмайды. Соғыс керек болса шайқасып көрейін, болмаса тақсырым сау-саламат еліне қайтсын, Худияр бірге кетсін», - деген. Бұл сөз әмірге ұнап, осы талапты орындап кері қайтты. Шахмурат Әлімқұлдың әуелде өзі қойған ханы болғандықтан сол үшін Әлімқұлдың алдынан шығарыпеді. Солай бола тұрса да Әлімқұл Шахмуратты өлтіруге мәжбүр болды. Ал Әмір Музаффар Әлімқұлды өлтірту үшін айламен Шахмуратты хан қойған екен. Әлімқұл енді Қоқанға кірмей Марғұланға кетіп, онда сұлтан Сәйд Аграж дегенді хан көтертті.

Бұл дәуір халыққа өте ауыр тиді. Хандық баланың ойыны сияқты еш қадірі болмай, әр ханның келуімен қан да коса төгіліп [...] халық енді қайтер екенбізбен күн кешті. Бұхара әмірі де мұнда ештеңе жасай алмады.

Сұлтан Сәйд ибн Мәлле хан жайындағы Миан Солих хазіреттің әңгімесі: Жоғарыдағы оқиғалар өткен соң қала ақсақалдарымен Музаффар әмірді Бұхараға шығарып салдық. Шахмурат Әлімқұлдың алдынан шығуға кеткен еді. Келген соң оның (Шахмураттың) өлтірілгенін естідік те, енді Әлімқұлдың өзіне барудан басқа амал қалмады. Содан іздеп барғанымызда Әлімқұлдың өзі қарсы шығып күтіп алды. Келгендерің үлкен қуаныш болды деп, бізге арнайы үй тіктіріп, қызметімізге кісі дайындап, бізді қалаға қайтармай, сол жолы бәріміз Марғұланға бардық. Ондағы ақсақалдар алдымыздан шығып күтіп алып, тамақтанған соң Әлімқұл сөз бастады. Арамызда тағайындалған басшының жоқтығынан біраз әурешілікке ұшырадық, кімді ұсынасыздар дегенде, Қазі Зияуддин: бұл іске өзіңізден лайық адам жоқ деді. Ол менің ісім хандық емес, ханға қызмет ету,— деп, ақыры Әлімқұл ханзадалардан Сұлтан Сәйд бар емес пе дегенде шешім соған тоқталды. Бәрі жасөспірімді ақ киізге салып хан көтерді. Ескі салт бойынша ақсақалдар мен сардарларға шапан жабу керек, оны мына кісілер қонақ, сол үшін алдымен осы кісілерге жабайық деп қоқандық ақсақал, игі жақсыларға алдымен тартып, сонан соң марғұландық үлкендерге тарту берілді. Үш-төрт сағат уақыт аралығында 15-20 мың шамалы кісіге сый тартылды. Мұнша нәрсе мынадай аумалы-төкпелі заманда қайдан пайда болды деп таң қалдық,—деп сөзін аяқтап еді. Сұлтан Сәйд 1863 жылы таққа отырып, бұрын «сар асқар» (әскер басы) болып келген молда Әлімқұлға осы жолы жаңадан «әмір ләшкәр», яғни қолбасшы деген жоғары атақты арнайы бекітіп беріпті. Осыдан Сұлтан Сәйд тек хан атына ие болып, салтанат істері толық әмір ләшкәрға өтті.

Хандық жұмысын бір ретке келтіргеннен кейін кешікпей Қоқанға келіп, үйдегі шаруасын ыңғайлай алмайорыстардың Түркістанға келгенін есітіп, Сұлтан Сәйд Ташкентке барады да Шадман хожаны өлтіріп орнына Нар Мұхаммед датқаны Ташкентке басшы етіп, одан Дәулет Тәжік деген диуаналау кісіні Түркістанға әкім етіп жібереді де өзі Қоқанға қайтады. Ал Дәулет Тәжік Түркістанға бара айналасындағы елдерді шауып, оған қазақтар наразы болып, мұны пайдаланған орыс әскері көп ұзамай-ақ Түркістанға басып кіреді. Осы себепке мына өлеңді келтіру лайық:

Куфр уа ислама баробар адл-инсофдр наки
Бәндәя зәммән кафидр фағлида зулм — шақи
Бос буныңчун уммәтинә диди ул насих расул
Куфр илә баки улур мулк, зулм илә улмаз баки —

мағынасы:

Кәпір мен мұсылманға әділ-ынсап бірдей жақын
Зұлымдық әр пендеге жеткілікті жаманатың
Сол үшін үммәтіне Пайғамбарым кеңес берген
Күпрмен тұрса да хан, зұлымдықтан жоғалатын.

Орыстар 1864 жылы Түркістан мен Әулиеатаны жаулап алып, одан ары Шымкентке де жылжи бастады деген хабар келген соң, Сұлтан Сәйд бар әскерімен Шымкентке келіп, онда бір атақты қазақты өлтірген. Бұған жергілікті халық наразы болады. Сол сапардан қайтарда Сұлтан Сәйд жолшыбай 2 мың әскерімен сахарада жүз шамалы орыс әскеріне кездесіп, 40-50 адамын өлтіріп, қалғанын тұтқынға алды.

Осы жылдың күзінде Шымкенте үлкен соғыс болып, орыс әскерлері қаланы алады. Оққа ұшып өлгеннен басқа, 6-7 мыңдай адам набыт⁸ болған деседі. Орыс әскері Шымкентте қыстап, жазда Ташкентке барып соғысады, ұрыста Әлімқұл әмір ләшкәр опат болады. Ферғана мен Түркістанның ханбектерінің арасында бұл сияқты ықпалды [...] көп іс тындырған кісі болмаған. Әмір ләшкәр шейіт болған соң, орыстар Ташкентті қоршауға алады. Сұлтан Сәйд хан мұнда қалып, Ходжент қаласында жүрген Әмір Мұзаффарға хабар жібергенімен, не кеңесі, не көмегі тимей тек Сәйд сұлтанды өз қасына алдырып, Худиярды Қоқанға апарып хан қояды. Бұл Худиярдың төртінші рет хан болуы. Осылайша Әмір Музаффар Худияр ханмен соғыс жағдайында көмек етуге уағдаласқанымен Қоқан халқына сенбей, керек деген қаруларды өзімен бірге алып, Ташкентті орысқа, Қоқанды Худиярға тастап өзі Бұхараға қайтты. Ишан хожаның айтуынша, Ташкент 62 күн, кейбіреулердің сөзімен 82 күн қорғаныстан соң 1865 жылы май айында ресей қолында қалады.

⁸Набыт — соғыстағы шығын.

Ташкентте және айналасында тұратын қазақ пен қырғыздардан құрылған 2 мыңдай әскер де болған. Мұсылманнан көп адам набыт болады, орыс әскерлерінің шығыны жүзге жетпеді. Осы жолы орыс әскерін қуып Алматыға және Ранбур (Орынбор) қалаларына дейін барар деп ойлаған бұхаралықтар әмірінің ісіне наразылық білдірген. Халықтың толқуынан қорыққан әмір де, лажсыз әскер алып (жалпы саны 60 мыңдай болған) майда Юлғун деген жерге келіп тоқтаған. Әскерінің көптігіне мастанып, соғысқа дайындалуымен ісі болмай, қыз құшып жатады. Оның бұл алаңсыздығын пайдаланған орыс әскері түнделетіп Сейхунды (Сыр өзені) кесіп өтіп, бір жарым мың қолмен, зеңбіректермен шабуыл жасағанда Әмір Музаффардың бар қазынасы мен қарулары орыс әскеріне олжа болады. Орыс әскері Ходжент, Жизак, Урма-Тепені де алады. Сонан соң... бейбіт келісім жасалынады. Бұл келісім орыстарға Бұхараға жорық жасауға мүмкіндік береді. 1865 жылы Самарқандты алып, Қаттақорғанға дейін барады. Сонан, орыстармен келіссөз жүргізігі, көңілі жай тапқан Худияр хан уақытты сауық-сайран, ойын-күлкімен өткізеді, арыз-шағымдармен ісі болмайды. Осы кезде Мұсылманқұлдың баласы Абдрахман афтабашымен (атағы жоқ әскер басы) араларында қастандық ниет туып, тек ғана әскер Абдрахман жағында болғандықтан ештеңе істей алмай, Ташкентте орыстардан көмек сұрауға кіріседі. Содан қайтып келсе іс орнына келместей болып өзгерген.

...Барлығы 25 жыл салтанат құрған Худияр хан 1874 жылы дәулетінен айырылады.

Худиярдың хандық дәуірінің соңында тегі Оштан шыққан Мағмур деген қырғыз хандыққа таласады. Оған Худияр Абдрахман афтабашыны әскерімен карсы жіберіп, бұл хабарды Әндіжанның әкімі Худиярдың баласы Насреддинге жеткізеді. Афтабашы әкесінің кегін ойлап Мағмурға бармай Ошта қалады да Марғұланда Худияр ханның туысы сұлтан Мұрадбекті аздырып хан қоюға келіседі. Насриддин бұл келісімді сезіп қалып әкесі Худиярға хабарлаудың орнына афтабашыға елу мыңалтын беделіне⁹ аталған келісімін бұздырып, Мұрадбектің орнына әкесін өлтіріп, өзін хан қоюды өтінеді. Осы мезгілде Ресейден Худияр ханға біраз нұсқаулар келеді. Бұл мәселені афтабашыға ақылдасып адам салып еді. Ол барған орыс елшілерін қабылдамауға, өлтіруге кеңес берді. Худияр бұл іс болмас деп, афтабашыға қайта адам

⁹ Беделіне — арабша айырбас орнына

жіберіп еді «хан діннен безіпті, Ресейдің сөзін тағзым етіп алған» деп, ішкі пікірмен бұл жағдайды ушықтырып Қоқанға жорыққа шығады. Содан Худияр хан бұл істің алдын алу мақсатымен Ташкентке келгенде тұтқынға алынады.

Афтабашы хансыз қалаға еркін кіріп Насриддинді таққа отырғызады. Ол бар әскерімен Ходжентті қоршауға алғанымен ештеңе жасай алмай Марғұланға кері қайтады. Бұларда орыстар Наманғанды алып Қоқанға келеді. Насриддин хан орыстардың алдарынан шығып күтіп алған соң бейбіт келісіммен оны орнына қалдырып, қайыра Марғұланға келеді. Афтабашы бар әскерімен Елатияға ¹⁰ кетеді. Халық орыстардың алдынан шығып тыныш қарсы алғанымен, афтабашыны ұстап бермедің деп оларға неше мың алтын салық салып, 20 мың алтынды нақты алып, генерал Скобелов Өндіжанға кетеді. Қалған алтындарды жинауды Батыр басына ¹¹ жүктеді. Осы кезде Наманған халқы бас көтеріп көп адам шейіт болды. Өндіжанға кеткен орыс әскері біраз адамынан айрылып бастығы генерал Голованов жараланып сонда қайтыс болады. Бұл іс Марғұлан халқына салынған алтын салыққа қарсы бас көтеруге қозғау салып, Батыр басын өлтіріп, Уәлихан төре дегенді сардар көтеріп, орыстарға қарсы жүреді. Бұлар Балықшыға жеткенде, Наманғаннан орыс әскері қарсы шықты. Оның хабарын Сырдариядан түнделетіп өтіп бір мұсылман жеткізіп еді, оны орыстың жансызы деп ұрып-соғып бағанаға байлап тастады. Өздері түн жарымына дейін кекілік ойнатып, ойын-күлкімен отырып, ертең Наманғанды алып содан соң Ташкентке жүреміз деп ұйықтайды. Бұлардың қапысын тауып өзеннен өткен орыс әскері таң сәріден зеңбірек атып ұйқы-тұйқысын шығарады, Балықшы бекінісіне от қояды... бағанада байлаулы бейшара жанып кетеді. Жай халыққа тимейдідеп шал-шауқан, бала-шаға, қатын-қалаш, ақсақ-тоқсақтар қаламен қоса өртеніп күл болды, орыс әскерінің әділдігіне сүйенемін дегендерге мынадай сұмдық төтенше уақиға болды. Мұсылмандар арасында болған түрліше келіспеушілік жағдайлар мына сұмдыққа ешқандай қатынасы жоқ еді. Себебі орыстарға қарсы шыққан әскер қала сыртында қалып қойғандықтан олар қашып кеткен, қырғынға ұшыраған жазықсыз халық еді. Осы оқиғаның куәсі болғандар олардың тұтқындарға істеген, яғни жазықсыз халықты айуандықпен жәбірлегенін айтқанда көздерінен жас парлап отырып сөйледі.

¹⁰ Елатия — «ел» сөзінің көпше түрі.

¹¹ Батыр басы — әскердің барлық шаруашылық қажеттерін басқаратын әскри шен (рота старшинасы)

Сонымен өзеннің бір шеті орысқа, бір шеті Насриддин ханға қарап қалды. Алайда Полат ханның қозғалысы Насриддинді бар туысымен Ташкентке қашуға мәжбүр етті.

Полат хан ибн Мурат хан. Әкесі Мұрат хан бір апта хандық құрған соң Мұсылманкүл алдында өлтіріліп еді. Полат ханның уақиғасын Қари Исхақ (Наманғаннан) былай айтады: «Қауын пісіп жатқан мезгіл еді, бір іспен Ханабад қыстағына барып Полат Бекабад қыстағында Гүлшер атты бір кісінің үйінде паналап жүреді екен, оны адамдар хан көтеруге қыздырып айнала қыстақ халқы жасырын түрде оның хандығын қолдайтын болады. Біз онан хабарсыз едік. Ақыры бір күні «Полат хан заманы» деп дауыстап жария ете бастады. Базар халқы бәрі жапырыла келіп ханды мойындағандықтарын білдіріп «мұбарак» болсын айтып, бәріміз сол жоралғысын жасадық. Есікте бір-екі қырғыз тұрып алып арыздарың болса ханға айтыңдар деп жатыр. Бір-екі хатшы хан жанында отырып іс жүргізуге, хан мөр басуға кірісті. Бұл әр жердегі бектерге жаңадан хан көтеріп халық соңынан ергенін, енді оларға да халыққа қосылу керек екенін жариялаған. Дін үшін ғазуатқа үндеген. Сол кеште 40-50 адам қырғыз-қыпшақтармен ханды іздеп келген екен, хан жоқ боп шықты. Оларды хандық құрғысы келген мынау кім деп орыстар әдейі жұмсаған. Бұлар ханды таба алмай келген ізімен Қарасу қыстағына барып сұраған. Содан олар осы қыстақта қонып жатқанда ханзадалар келіп қырып салған. Бұл жағдай Полат ханның абыройын өсіріп әуелгі қозғалыс орталығы Хаабадқа бес мыңнан аса адам келді. Төрт тараптан қырғыз-қыпшақ және өңгелері топ-тобымен анттасып жатты. Екі-үш ай Осакада болды (Әндіжан түбіндегі бір бекініс), онан 20 мыңнан аса адаммен Марғұланға келді. Мұндағы халықсұлтан Мұрадбекті түгел тұқымымен қырып, ханзадалардан тазартты. Осыдан қорқып Насриддин хан Қоқаннан қашып Ташкентке келді.

Хан кеткен соң Марғұлан әкімшілік орталық саналып, Полат хан әр қалаға әкім-бектер тағайындап, өз атына ақша соқтырды. Орыстармен араға ешқандай адам, яки хабар салыспай, тіпті соғыс-жаңжал бола қалса оған данындықта жасамай текке жатады. Жаз шыға Ташкенттен әскер шықты деген хабар жетісімен қырғыз-қыпшақ әскері афтабашына еріп өз жолына жөнелді. Полат хан да не боларына көзі жетпей тауға кетеді. Бұлар осылай жүргенде орыс әскері Ферғана аңғарында қанша ірі қаласы бар, бәрін басып алады. Полат хан қаша жүріп Осакада бір Шахмырза деген сардарды өлтіреді. Генерал өлген адамның баласын Полат

ханды ұстауға жұмсайды, ол да әкесінің кегі үшін соңынан түсіп Алай тауынан ұстап әкеп, генералға табыс етеді. Содан Полат хан Марғұланды дарға асылады.

Генерал афтабашыны әкім қоямын, мансап берем деп алдап шақыртып алып, оны да Худияр хан соңынан Рунбур (Орынбор) қаласына жер аударды. Худияр кезінде көтеріліс жасаған қырғыз Мағмұр мырза да ұсталып Лепсіге жер аударылды. Сонымен 1876 жылы хандық жойылды.

Ферғана хандарының таққа отыруы орынсыз жанжал, на-хақ қан төгіспен қатар жүріп, халыққа ешуақытта тыныштық әкелмеді. Ешбір хан халық пайдасына деп бір іс істеп, болмаса жөнді нәрсе қалдырған жоқ. Олар тек өз басының амандығы, ойын-күлкі сияқты хандықпен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын істермен өмір кешті, уақыт оздырды. Марғұландық Қари Хамид айтады: Худияр хан Марғұлан базарына келіп бір дүкен алдына тоқтады, халық ханды тамашалап тұрған. Жасауылдар «ұста, - мына қызыңды бәлен етейінді, ұрыңдар» деп бір бейшараға жүз дүре соғып өлтіріп сонан соң атпен басып өтті. Сол бейшараның ханға қаншалықты жазығы бар еді. Байқасақ, ханға тіке қарағанға өлім жазасы кесіледі екен. Онда қай муфти, молда, ғалым ханның бетіне келіп кемшілігін айта алсын! Олардан не үміт, не хайыр күтуге болады.

Тарихқа бақсақ, бұл уәлаяттар (Ферғана хандықтары) исламнан әуел персиын мәжусилері (язычник) мен ескі түріктерге, кейде ана, кейде мына бастыққа ерін, кейде орталық бір өкіметке бағынып, исламның енуімен бәрі мұсылман болып, 1500 жыл мөлшерінде дәуір сүрген. Жетінші ғасырдың орталарында Шыңғыс тұқымының шеңберіне түсіп бірер жыл қалса да мұсылмандық дәуіріне көшіп, алты ғасыр шамасы өмір сүріп Ресейдің қалыңдығында қалады.

Құтайба ибн Муслимнің шығыстағы он жыл бойы бағындырған жерлерін, орыстар Алматыдан шығып он айда алды. Түркістан, Ферғананы алған орыс әскерінің саны он мыңнан аспайды. Соғыстағы шығынын қанша өсіріп айтқанмен барлығы мыңнан аспайды, асырмай айтушылар, тіпті 500-ден де аспайды деседі. Мұсылманнан тек Шымкенттің іші-тысында он мыңға жақын адам шығын болған. Басқа жерлердегі шығынды қоса есептегенде жалпы елу, алпыс мыңнан аса адам от пен оқтан қаза тапқан.

Ресейдің бұл тараптарға назары татар хандығы құлаған соң, яғни Сарай хандығының бітуімен басталды. Бірақ ол кездегі халықтың бірлігі мен хандардың [...] саясаты арқасында Ре-

сей өкіметі өз ойын бірден іске асыруға бата алмаған, істі өте сақтықпен баяу жүргізген. Маадил ханның уақиғасымен бұл жақ аласапыранға ұшырағаннан бастап, орыстар мақсатына ашық кірісе бастады, дегенмен Севастополь (түрік) соғысы біраз уақыт оларға қол байлау болды.

Аз жылда азғана әскермен көп жерді алу орыс әскерінің қуаты, болмаса оның үстемдігіне қатысты ғана емес, сірә жергілікті халықтың ішінде іріткінің тууы, алауыздық пен басшыларының бақталастықтары орыс әскеріне қолайлы жағдай жасады. «Тағдыр келгенде көз көрмейді» деген араби нақыл осының куәсі болса керек.



2. АЛТЫ ШАҒАР АХУАЛЫ

Умайия тұқымынан шыққан бірінші халифа Мағауия заманында Қашғар шаһары («қақпан») ¹⁰ аталып, 628 жылы, яғни Умайия тұқымының алтыншы халифасы Уолид ибн Абдул Малик заманында Құтайба ибн Муслим Қашмирге жақын Қануч шаһарын алып, содан Валхтан (Жайхун-қазіргі Амудария) өтіп, Қашғарға келгені тарихта жазулы. Тарихшылардың «Шын» ¹¹ деп жазуы, осы Қашғар болуға керек. Кутайба Шынға 10-12 кісіден түзілген елші салған. «Тарихи табари» кітабы - «хабар кушодан Қашғар уа рафтан Кутайба беға- зойи чин» - Қашғардан хабар алып, Шынға ғазауатқа кетті, деп жазады. Ал негізінен тарихта Кутайба Шынға ғазауат жасап, халқын дінге бейімдемеген, демек мұндағыайтылып отырған жерлер Қашғардың өзі мен айналасы болуы керек. Егер ол шынымен Шынға жүрсе арадан ірі қалалар мен бекіністерді басып өтсе, онда атап айтқан болар еді. Егер өзара қарым-қатынас жасаса Қашғар мен Шын арасы неше айлық жол болар еді.

Ислам әскері келгеннен бастап мұнда билер, әкімдер халифа атынан тағайындалып, Аббасилердің Мустааин Билләһ ибн

¹⁰ Қашғар шаһары бұдан бұрын «Қақпан» аталған. Бұл парсыша - шаш, болмаса чоч деген ұғымды береді.

¹¹ Шын - арабша «сын», орысша «сын», «ұлым» деген сөздің ұғымы.

әл — Мұғтасим заманында мұндай билік жүйесі тоқтатылады. Онан соң 883 жылдан бері Шын құрамында Самани, Ғазнауи, Салжуқи, Сафари т.б. сияқты патшалықтар болғанымен, Қашғар хандығы Шын құрамында болмай, дербес болғанын баяндайды тарих. Кейбіреулер Қашғарды Мауароаннахрға қосып, өздігінен дербес хан болмаған дегісі келеді, алайда тарихта Самани патшаларының жетіншісі Әмір Нух пен Түркістан шахы Буғра хан мен Елік хан арасындағы бір уақиғаларды жазады. Жанындағы Түркістанға ықпалы жүрмей жатқанда алыстағы Қашғардың оған қарауынанымды болмайды.

Кезіндегі замана ақыны Назым Билал «Ғазауаты Чин (Шын соғыстары)» кітабында: Құтайба келгенде Қашғар орталығы болған. Исламнан бұрын Қашғар Құмбал шаһарына дейін бір хандыққа қарап онан әрі арқасы Қытай, күншығысы Шын мемлекеті дейді. Ал ескі тарихта Қытай, Шын, Қашғар үшеуін бір мемлекет деп көрсететіндер де бар. Ибн Сағид «Жахоннома» кітабында Түркістанда екі дарул-мулк (мемлекет орталығы) болған бірі- Қашғар, бірі - Бірсажан. Оның халқы Фазыл ибн Яхья әл-Бармақи заманында түркі жамағасы, мәжүстері еді, соңынан мұсылман болып салжуқилерге қарады дейді. Бармақи Һарун Рашидтің уәзірі - ең жақын адамы. Ал оқиғаны Бармақи атына баждауы оның тікелей араласуының себебінен және халифаның патшалық жұмысты оған толық тапсыруынан болды. Мударрис Аалам ахун айтады: Түркістан жаппай СыдықБуғрахан алдында исламға енді, өйткені «инна әууәлә мән әсләмә минәт - турк әс-Содук» -түріктен әуелі исламға енген Сыдық деп осы Буғрахан туралы айтылған деді. Түркілердің мұсылман болуы Буғраханнан бұрын болса да Буғрахан заманында ислам дамып гүлденген. Сол себепті бұғаті «әуелті» аты берілген. Қашғар мен Бірсажанның бұлай аталу себебін кейін айтамыз.

Сұлтан Сыдық Буғра хан туралы және одан соңғылары.

Сыдық Буғра хан өз аты Дарун, әкесінен жас қалып, шешесінің ағасы Ғарун Буғра хан алып, соның тәрбиесінде өскен. Буғра хан жеті жасынан бастап «я, хак, діннің ақиқатын неден аңдаймын» деп жүрген. Он бес жасында қатар-құрбыларымен ойнап жүріп бір керуенгекез болған. Бірі таһарат алып, азан шақырғанда, бәрідүниесін тастай-тастай намазға тұрып кеткенін көріп

Дарун таңқалған. Құлшылығымен салыстырғанда осынша мүлкі-дүние ештеңе болмайтын нендей қауым, мынау не дін деп сұрағанда біреулері қандай дін екенін түсіндірген. Содан олардан есітіп, біле жүріп, түсініксіз жерлерін сұрап, ақыры мұсылман

болғанда Дарунныңатын дін басшылары «Сыдық» қойған. Керуен кетеріндеолардан дін үйрететін екі кісіні жасырын алып қалады.

Өзі де жасырын айлап жүріп дін үйреніп, бір күні анасын ислам дініне кіруге шақырғанда, анасы оны ерінеайтып қойған. Ері Сыдықты өлтірем деп, бірақ уәзірлерібұл істің анығын білу керек деп тоқтатты да, оған (Дарунға) пұтхана салуға әмір етті. Осылайша Дарун ұстаздарымен келісіп түбінде мешіт болуға лайықтап пұтхана салуға кіріскен. Ғарунды (өгей әкесі) жолын тауып дінге тартып көріп еді, Сыдықтың өзіне қастандықжасамақ болды. Бірақ ол аяқ астынан қазаға ұшырады.

Ал пұтхана қазір үлкен мешіт, ескіде Баласағун аталған жерде - Ғарун өлген соң, Сыдық таққа отырып, 950-1000 жылдары айналасының бәрін ислам дініне кіргізді. Бұл кісінің уәзірі Жүсіп Қадырхан - лақабы Имам Падишах - Сыдықтың үндеуімен мұсылман болып, «Қутадғу білік» кітабын жазып, Сыдық Буғра ханға сауға ет- кен. Қыдырхан хан болмаған, атына «хан» сөзі тіркелгені өз аты солай болу керек. Себебі Сыдық Буғра ханнан ұл болмай Нұрғалия хан атты жалғыз қызы қалып, бұдан Алып Арыстан хан туады.

Сыдық Буғра хан өлген соң, Нұрғалия ханнан туғанжиені Алып Арыстан таққа отырады, мұның батырлықпен аты шыққан, сол үшін оған - Сұлтан Сәйид Алып Арыстан Сағид Бахадур хан - деген лақап берілген. Бұл адамның өмір сүрген дәуірі 850-900 жылдар аралығы. Бұл кісі дүниеден өткеннен кейінгі уақытта мұндағы хандарда береке болмай, әурешілікпен екі-үш ғасыр уақытөтіп кеткен.

Он төртінші ғасырда Тұғлық Темір хан таққа отырғанда бұл жақтың уәлаяттары оның қол астында болған. Тіпті бір шеті Самарқанд, Бұхара уәлаяттарына дейін барған. Баласы Илияс қожаны Самарқандқа әкім етіп Ақсақ Темірді оған наиб (орынбасар) етіп, Тұғлық Темір хан еліне келген соң қайтыс болған. Одан соң Илияс қожа мен Ақсақ Темір арасы суып, екеуі соғысқанда Ақсақ Темір басым келіп, Илияс Қашқарға, одан Іле шаһарына қашқанымен Ақсақ Темір соңынан қуа барып оны өлтіріп, Тұғлық Темір ханның қызы, өзі өлтірген Илияс қожаның қарындасын алып, «көраған» болып, көк тасты көшіріп (тақ - осы көк тас еді) Самарқандқа қайтады. Қалмақты «көрған», яки «көраған»—(қызын алған соң) күйеу - дегенге айтылады, негізі Ақсақ Темірдің мүмкін қазақша «көреген» аталуы осыдан болар, тіпті оның бала-

лары Мырза Мираншах «көреген», Мырза Әбул Қасым көреген, Сұлтан Сааид көреген деп айтылуы Тұғлық Темірдің қызынан туғаны үшін айтылған. Оның басқа әйелінен болған балаларына «көреген» деген атақ айтылмайды. Содан, мұнда тағы да осы Темірмен замандас бір Темір бар. Ол Құбылай хан ұрпағынан Бажинде (Пекин) Тутемір хан Тугун Темір хан болған. Олардың Ақсақ Темірге қатысы жоқ.

Тұғлық Темір хан әмірі оңтүстік Тамғаш (Тибет) пен Бұхара, шығыс пен солтүстігінен Алтуай (Алтай болар) тауы мен Ертіс, Обь өзендері, батысы Орал тауы мен Орал теңізі (Каспий) айналасында жүрген үлкен хан еді. Тіпті Бажин патшасы бұл кісіні танып, қарым-қатынаста болғандығы және отырған тағы көк тастың Бажин ханынан тарту етілгендігі жайында жазылған тарихи деректер бар.

Тұғлық Темір хан қалмақ болғандықтан Әбу Насрибн Ар-шуддин, ибн Жалалиддин Бағдади алдында мұсылман болады. Онда бір тарихи уақиға болады. Қотан шаһары және Лообатты өзен аралығында бір құм сахарара бар. Тез жүрсе он бес күндік жер. Алты шаһар халқы сахараны «дака-дака» деседі. Бірақ айтуларға қарағанда сол сахараның орнында бір кезде үлкен қалалар болған, оның үлкені «Кетік» қаласы. Жалалиддин Бағдади Бағдадтан Кетікке келген данышпан кісі болып, оған қаншама адамдар мурид болып қол берген. Ол кісі бір құмды дауыл соғып, апат боларын айтқан, муридтері нанса да жалпы халыққа жеткізу оңай іс болмай, ақыры сол апатта қала құм астында көміліп кеткен, муридтер тірі қалған. Апатты есітіп Тұғлық Темір хан анығын білуге сол араға жақын Ақсу шаһарына келген. Сол жерде кім тірі қалды дегенде әлгі данышпан Жалалиддин Бағдадиді алып муридтерімен алдынан шыққан. Содан олардың дінінен хабардар болған Тұғлық Темір көңілі ұнатып «менің еліме келіңдер, қадірлі қонағым боласыздар, Жам (жым деп те аталған) өзенінің бойындамыз» деген. Жам қазіргі Іле өзені. Дегенмен данышпанның өмірі оған жетпей баласы Аршуддинге (кей деректерде Әбу-Наср) өсиет айтқан. Баласы Тұғлық Темірге барып, ол мұсылман болып, өзгелерін де жасырын исламға үндеп, қатары молайған соң исламға енгенін көпке жариялайды. Қалмақ тайпалары бұларды бабаның дінінен безді деп қайыра соғыс ашып, ақыры дінге шақырған адам бізге керемет көрсетсін тоқталайық десті. Сонда қалмақтардың қойған талабы: атақты балуаны бар, сонымен күреске шықсын десті. Хан піріне қараса денесі

өте арық, шағын ғана кісі; балуан бойы биік, денелі, алыптың өзі, не істерін білмей ұялады. Бірақ пірі «шығамын» деп, күреске түсіп, қалмақты жеңеді. Қалмақтар мына ғажайыпқа өте таң болады, мұсылман болуға кіріседі. Бірінші мәжүстік (язычник) белгісі -қалпақтарын Жам өзеніне атты. Неше мыңдаған адамның қалпақтары Жамның суын бөгеп қалып, одан су көтеріліп, айналасын алып кететін болғандықтан, қалпақтарды қайыра шығару керек болды. Соған бәріне дауыс беріп: қалпақты судан алып таста, іліп таста деп, ал іле, іл деген айғаймен Жамның аты «Ілеге» айналған. Ескерілетін жай, Жым деп аталуы да мүмкін, мұнымен қоса «Жем» деген өзен бар, ол Оралға жақын деп көрсеткен.

Лууб көлі жанында кешіп жүрген мұсылман тайпалары бір кезде қалмақ болғандықтан өзге қалмақтар бұларды өз дініне қайтармақ болып, өзара соғыс жүргізген, мұсылмандар аздық етіп, шөлге шегініп аман қалып, осы көлді паналаған.

Туғлық Темір хан Құлжадан төрт көш жерде Қорғас суы бойында жерленген деп ишап Артық Қари хабар береді. Он төртінші ғасырдың ортасында хандық етіп, ақырына қарай марқұм болған. Туғлық Темір хан ибн Исан Бұғра хан, ибн Дей Шешен хан, ибн Барақ хан, ибн Исунту, ибн Муткен, ибн Шағатай хан, ибн Шыңғыс. Бұл кісіден кейін Ақсақ Темір уақиғасы халық басына көп ауыртпалық әкеліп, ол өлген соң да тақ тартысы, ішкі жанжал жалғасып тағы өз ара қырқысып, Қашғар, уәлаяты әр қала өз бетінше хандық құрып ең ақыры тарап кетті. Афақ хан дәуіріне дейін бұл хандардан ешкім Ақсудан асып Турфанға қадам баса қоймаған. Турфан Алты шаһардан қашық, хандық тартыстардан алыс болғанымен, айналасындағы қалмақ кикілжіңінің керіс-тартысынан, өзара бейбіт өмір сүре алмаған.

Самарқандқа жақын Даһбид қыстағында атақты қожалар болып Афақ солардан сайланған. Афақтың нешінші бабалары Махтум Ағзам деп танылған кісі, яғни ғылымда терең, тақуалықта шексіз кісі деген мағынада «махтум» делінеді. Афақтың арғы атасы Саид Ахмад Қасани. Қасан Қоқан мен Ходжент аралығында бір үлкен қыстақ, қалашық. Саид Ахмад Даһбидке келіп, он тал шыбық отырғызып, ол көктеп сонан «он тал»— Даһбид аталған. Атасы Жалалиддин, оның атасы Саид Мухаммад Қасанда жерленген. Бұлардың атасы Саид Қамалиддин Мадина қаласыныкі. Махтум Ағзамның ұлы уаң Мухаммад Әмин, оның ұлы Ысхақ Уәли. Ысхақ Уәли Абдулла хан заманында Бұхарада Қасым шайх дегенмен сөз талқысына түсіп, Қасымның шағымы себепті Бұ-

харадан кетіп, Жаркентке барып дәруіш сипатында өмір сүрген. Абдулла хан өлген соң Ысхақ уәли Бұхараға қайыра барғанда, үлкен сый-құрметке ие болған оны Жаркент халқы кім екенін біліп, кісі салып қайта алдырған. Мұнда Ысхақ уәли ең әуелі шайх (ұстаз), соңынан патша да болды. Ұрпақтары да кейде шайх, кейде әкім, кейде батагөй¹⁴ болып тұрған. Афақтың ұлы атасы Ысхақ Сани - екінші Ысхақ бұл да Ысхақ Уәли боп танылған. Ол Даһбидден шығып Қоқанға келген. Ысхақ Сани келген соң Хусайын шах билікті соған тапсырған. Бұл Ысхақ сол кездегі атақты кісі Хажы Мир Қабыл ағалықтың қызына үйленіп, онан үш ұл көрген: Хидаятулла қожа (Афақ осы кісі), Қажы Инаятулла қожа, Қажы Қанағатулла қожа. Ысхақ Сани опат болған соң, иелік Афаққа қалып, үлкен ұлы Хасан қожа әкесінің тапсыруымен Жаркентке, кіші ұлы Қажы Ахмад Қоқанға билік етіп, өзі Қашғарға келген, кезінде өте сыйлы кісі болған. Осы кезде Қашғарда Мырза Усман бек, ибн Мырза Захид бек әкім еді. Бұлардан (мырзалардан) билік мирлерге өткенде Мир¹⁵ Әділ шах, ибн Мир Мансур қалмақтармен қатты шайқасып бірін-бірі шауып алып, алма-кезек жеңісіп, ақыр бір соғыста қалмақ қашып ХанТәңірі тауына дейін (Музарт асуына) қуып, Музарттанасып Ілеге өтер кезде Әділ шах ішкі тартыстан шейіт болған, одан әскері Қашғарға қайта келген. Таққа Афақтан артық кісі таппай бұл адамды хан көтерді. Жалпы Алты шаһарға 29 жыл билік етіп, ықпалы Қамал (Қумул болуы да мүмкін) шаһарына дейін жеткен. 1680 жылы шамасында жасы 80-нен асқанда қайтыс болған.

Бұл кісі шаш-сақалы аппақ болған соң «Аппақ қожа», одан Афақ аталып кеткен. Денелі, орта бойлы, көркем кісі болған. Тегі жағынан пайғамбармен 27 атадан қосылады. Ұстаздар былай дейді: Шериф Хасани, СаидХусайни, Қоджа Ханафи, яғни анасы Фатима болғанХасан тұқымына «шариф», Хұсайын тұқымына «саид», шешесі басқа Мухаммад Ханафия тұқымдарына «қожа» аты беріледі. Саид пен қожа тұқымы араласуынан аты«миан» (орта) болып өзгереді.

Хасан мен Ахмад қожалар әкесі Афақ орнына таласып тағы да халық тынышы кетті. Бірінде ақ, біріндеқара ту болып, халық екі дай болғанымен соғысқа жолбермеген. Мұндағы (Қашғар)

¹⁴ Батагөй - ауылдың ақсакалы, тілек айтушысы.

¹⁵ Мир - билеушілер тұқымдары.

алауыздықты қалмақтарпайдаланып, Турфан шаһарына орасан көп зиян шектірді. Осы уақытта Бажиннен Әмин Уаңның қозғалуыменқытай әскері келіп, Іле айналасын алып Құлжаны басып, Турфанды да біржақты етіп, Қашғарға елші жіберді. Қашғар қожасымен бізге қосылсын, екі қожаға да үлкенмансаптар беріледі деген. Бірақ Хасан мен Ахмад қожалар оны қабылдамады. Қытай әскері Қашғарға жорық жасап, жолында Кеча шаһарына жақын кеп қонады. Шаһар әкімі Абдул Карим бек олармен жаннан кешесоғысып қаншасын қырғанмен, қытайлар көптігімен қаланы бәрі бір алып, Қашғарға барады. Қытай әскері қалаға кіргенде екі қожаның бірі - Қоқанға, бірі - Бадахшанға кетеді. Бадахшан халқы Хасан қожаны жібермей, бізде бір тәбәрік заттың (әулие кісінің) мазары болу ке рек деп ақыры оны шейіт еткен. Сонымен қытайлар Қашғар уәлаятын 1680 жылдар шамасында басып алады.

Екі қожаның әулетін (бала-шағасын, әйелдерін) қытай әскері ақ үйлі етіп Бажинге алып кетеді. Онда барған соң олар жетіліп, мемлекеттік істерге араласар дәрежеге дейін көтеріледі, ара-тұра Қашғар уәлаятында да болып тұрған. Осындай тынышсыздық кезінде Афактың бір сопысы Ахмад қожаның Сарымсақ атты бір баласын ұрлап кетіп, Бұхараға апарған. Бала онда оқып, жеттіліп, үйленіп, одан үш бала: Жүсіп қожа, Бахауддин қожа, Жахангир қожа дүниеге келген. Жахангир қожа Омархан заманында Қоқанға келеді, ниеті Қашғарды билеу болған. Халық бұлардың бірі қашан келіп, қы- тайды қуар екен деген үмітте жүргенде Афактың тәрбиесінде болған Зияуддин деген бір қожа көтеріліс жасап, қытайларды қырып, Гулбағ шаһарын қоршауға алады, аңдаусызда қытайлар Зияуддинді өлтіріп, әскерін бытшыт етіп талқандайды.

1810 жылдан кейін қырғыз Тіллә деген көтеріліп, көп әскермен келгенде қытайлар Гулбағ бекінісіне жасырынып алдырмайды. Басқа қалаларды да алу қолынан келмей, ақыры Тіллә тұтқынға түсіп өлген. Осыдан кейін қытайлар қорқып, бір белгісіз адамға еріп, халық осынша толқыса Жахангир қожа сияқты өздері жолына қарап жүрген кісісі келсе не болмақ, онда жаппай бірігіп кетіп, ауыр жағдайға соқтырар деп оның алдын алу үшін Қоқанға елші жібереді. Келісім шартқа отырады, бұлар Қашғарға баратын әлгіндей қожаларды жібермейді, шартты өте жасырын ұстап, халыққа білдірмейді. Оның есесіне қытайлар жергілікті әкімдерге едәуір мөлшерде жылдық жамбы (салық) төлеп отырады. Бұл шартқа Маадил хан таққа отырғанда келісілген, біреулер Омархан кезінде болды деседі.

Жахангир қожа, ибн Сарымсақ, ибн Ахмад қожа, ибн Афақ.

Қоқанның Исабек деген үлкен сардары бар еді, хан кейін бір себеппен оны орнынан алған. Себебі Қытай мен Қоқан арасындағы жасырын шартты білетін, Қашқар халқының Жахангир қолына қарайтындығын білетін осы Исабек болатын. Ақыры Исабек қасына 6 кісі атшы - жолдас алып, Жахангирден жасырын ертіп, Артыш бекінісіне келеді. Қытай әскері де одан хабардар болып, оларға қарсы шыққанда «Кәлтә Яйлақ» қыстағынан бір мыңдай адам түнделетіп Файзабадқа жақын Қазан көлі деген жерден өткізіп жібереді. Ол арадан жан-жаққа жаршылар (хабаршылар) кетіп, Маралбасы деген жердегі Сағадат бекке де жарлық (хабар) тиеді. Сағадат өз жеріндегі қытайларды толық құртып, Ақсу жолын кесіп содан он үш Ұртаң (елді бекет) бес аймаққа иелік жасады. Жахангир көп әскермен Қашғарға келіп, қытайларды ығыстырғанда олар Гулбағ бекінісіне тасаланады. Халық Қашғардағы қытайлар тағайындаған Мухаммад Саид уанды (жергілікті әкім) өлтіреді. Бұл уақиғаларды мударрис¹⁶ Ағлам ахун есептеп шығарып, шамамен 1822 жылы болған деді. Өйткені өзі Жахангир билік алған жылы туған екен.

Құралсыз, дәнеңесіз салт жүрген, таяқты қожа Иса бек осынша іс тындырып отырғанда бұл әскермен барып Гулбағ бекінісі берілмей тұрғанда шабуыл жасап, басып алғандағы ойы дәрежеге ие болмақ еді. Бірақ Гулбағ қытайдың нағыз сенген бекінісі болды. Олар 70-80 жылдай бекініске құрал-жарақ, азық-түлікті жеткізіп көп уақыт қоршауда қалу қаупіне ыңғайлап, керек жағдайда жауларының арасына іріткі салу үшін алтын-күміс қазыналарын да дайындап отырған. Бұларға Маадил ханның қызығуы осыдан болатын. Осылай Қоқан әскері Гулбағ шаһарын қоршауға алып, атысып көп адам құрбан болады. Бірақ қаланы ала алмай, нақ осы кезде хан мен Жахангир арасында салқындық туып, хан әскерімен кері қайтпақ болады. Мұны естіген халық: «біз жалаң қолмен осынша іс жасағанда, хан мұнша әскермен түк бітірмей кері қайтатын болса, біздің бірінші жұмысымыз ханмен болсын!»—деп шулайды. Қожамен келген Исабек датқаны шақырып, Марғұланның әкімшілігін саған берейін, бізді аман-сау мына саудадан құтқар деп хан жасырын өтініш айтады. Исабек датқа Жахангирге барып мына өкімет қолымызда тұрса жақсы, тұрмаса барар жеріміз Қоқан, пана тұтарымыз осы хан

¹⁶ Мударрис - дәріс, сабақ беруші ұстаз.

деп, оны Жахангир де мақұл көріп, халықты тоқтатты, ханды қадірлеп шығарып салды. Осы бір түкке тұрғысыз ісі үшін (қытайды қоршады деп) ханға «ғазиз» атағы берілді.

Маадил хан кеткен соң, көп уақыт өтпей-ақ қанды қырғынмен Гулбағ алынды, қытайлар қылыштан өтті, біразы мұсылман болып, біразы құлдыққа түсті. Исабек әуелті уәдемен Марғұланға әкім болып кетеді.

Мына жеңістен кейін, көтерілісшілер келешек жағдайға дайындалу орнына, бастығы қожасы болып алаңсыз кейіпке түсті. Мұны әлі беріле қоймаған Ақсудағы қытайлар сезіп, Маралбасы, онан Қашғарға бір күндік жер Яңибад қыстағына тоқтап, бұл хабар Қашғарға жетіп, олар да әскермен қарсы шыққанымен төтеп бере алмай жеңіліске ұшырады. Қожа тауда қашып жүргенімен ақыры қолға түсіп, қытайлар оны сый-құрметімен Бажинға жібереді, ол сонда өледі. Оны ұстап берген Ысхақ деген кісіге уандық атақ беріліп, Қашғарға әкім болып тағайындалады. Жахангир жеңісі Қашғарда атақты оқиға болып, халық оны жыл санауға пайдаланады, мысалы: қожаның жеңісінен пәлен жыл бұрын болды, яки сол жеңістен пәлен жыл кейін өткен уақиға деседі.

Бұл уақиғадан кейін қытайлар қожасын жібермеу былай тұрсын, өзі келіп бізбен соғысты деп Маадил ханмен шартын бұзады. Хан бұған кектеніп, қашғарлық Хасан ахуан баққалды (жеміс, көкөніс сатушы) жіберіп, Бұхарадан Жахангирдің туысы Жүсіп қожаны жасырын алдырады. Қоқаннан 20 мыңнан аса әскер дайындалып, оған басшылыққа Исабек датқаны, Мухаммад Шариф құсбегін, Батыр датқаны, Бектер бегі - Хақ Құли бек мыңбасы әмір ләшкәр (бас сардар) тағайындалып Қашғарға жөнеледі. Қытайлар мұны есітіп Мыңжол деген жерде қарсы келіп, соғысқанымен жеңіліп кері қашады. Қалаға бекінген қытайлар іштен дайындалып, бұлар сырттан орап, іштегі мұсылмандардың көмегін күткенімен, іштегілер бұрынғы опасыздықтардан ығыр болғандығынан қозғалмады. Енді сырттағылар дал болып, егер бұлар қалаға тікелей шабуыл бастаса, іштегі мұсылмандар қытайларға жақтасып нәтижеде мұсылмандар өз-өзін қыра ма деп басы қатты. Хақ Құли бек Қоқанға қайтып кету пікіріне ойысты, дегенмен өзгелері мұнша әскер түк бітірмей кері қайтуын ар көріп, Мухаммад ахун мен Хаки бек екеуі отыз адамды алып түнде қалаға кіреді. Таңертеңмен нағара (сырнай) тартып «Жүсіп қожа заманы» деп айғай салған соң, халық қозғалып, қытайлар Гулбағына қашып енді мұсылмандар осында бекінеді. Ысхақ уан,

Жахангирді ұстатқан ол да қытайлармен бірге Гулбағыда қоршауда қалады, оның баласы Ақсуда «Тажыбек» лауазымында еді, өз аты Ахмадбек. Ол Маралбасыға, Қашғарға хат жазып ондажергілікті мұсылмандарға қарсы бізге (Ақсуға) Бажиннен көмек келді, егер ана келгендердің бастықтарын өлтіріп, сөйтіп қытайға адалдықтарыңды білдірмесендер тегіс құрисыздар деген еді. Ол хат тура Хақ Құли мыңбасының өзіне тиіп, хатты әкелген адамды өлтіріп, бір күн ішінде бар әскермен тайып тұрады. Ал хат жалған еді. Бұл Жахангир жеңісінен үш жыл кейін болған уақиға.

Жахангир жеңісінен он жыл шамасы кейін Ағла хан төре, ибн Жүсіп қожа, оған Қатта төре, Ишанхан төре, Қішіхан төре, Уәлихан төре, Бузурғ хан төре, Тәуекел төре және бірер жас қожалары мен Хасан ахун, Яғкүб ахун, молда Махмуд ахундар бар, біраз адам Қашғарға келіп кіргенде «қожа келдіні» ести сала қытайлардан ес кетіп, бәрі қашып Гулбағына тығылды. Қожалар Қашғардан әскер алып Жәркентке барып атысып, соңдарынан барған әскерді қайта қашуға мәжбүр етеді. Содан 70 күн олардың заманы туып, кезінде «жеті қожа жеңісі» деген уақиға тарихта қалады.

Жеті қожадан бірнеше жыл кейін Уәлихан төре тағы да 14 адаммен келіп, қалаға еніп әр қақпа алдына отын жиып, түнде от қойып «заманның заманы Уәлихан төренікі» деп шу көтеріп, қытайлар қақпалардағы отты, әскердің оты деп ойлап қашады. Содан ішінде қалғанын (халық) қырып жеңіске жетеді. Бірақ бұлар да Гулбағыны ала алмай, бар болғаны үш айдан аса иелік еткен соң, Ақсудан келе жатқан қытай әскерінің хабарын естіген Уәлихан Қоқанға қарай кетіп, Қашғарда қытай билігі қайта орнайды.

ҚАШҒАРДАҒЫ АҚСАҚАЛДАР БИЛІГІ

Қытайлар Қоқан ханымен келісе алмай, өкпемен іс бітпесіне көздерін жеткізді. Жаңадан елші алысып, келісім бойынша бұрынғыдай қожаларды Қашғарға жібермей, Қоқан басшылары тарапынан Қашғарға елші есебінде бір ақсақал дайындалып, екі аралыққа сауда қатынастарын жасау мақсатымен одан, тиісті мөлшерде табыстан Қоқан елінің қазынасына алым түсіріп тұру шартына 1833 жылы

Маадил ханның билігінің дәрежесінде бірінші рет қол жетеді. Алғашқы ақсақал болып Абдул Ғафур деген сайланады. Насриддин датқа ақсақал болған мезгілде Ресей тарапынан Шоқан төре саудагер ретінде барып ақсақалдың рұқсатымен қалаға кіреді. Содан, ибн Матаби деген, соңынан көп жыл Шәуешекте ақсақалдық еткен кісі, осы Шоқан уақиғасын баяндайды. Екінші Мухаммад Раззақ, ибн Пирназар деген марғұландық айтады: біз Уәлихан төре уақиғасының соңына таман Қашғарға барған едік, сұмдыққа тап болдық, көшеде адам бастары домалап жатты. Сауда істерімізді бітіріп кері қайтқанбыз, сонда ішімізде Шоқан бірге қайтқан. Бұл 1859-60 жылы күз айы мен келер жылдың көктемі еді дейді.

Бұлар Қашғардан шығып Ыстық көлге кеткен, содан Алматыға ябарған. Ал осы мезгілде ақсақалға хат келіп, хан әмір берген «сенің саудагерің тыңшы, оны өлтір»- деп Ақсақал бұлардың соңынан жете алмай қалғандықтан, түрлі қатерге балап бұларды қарсы алуға Алматыдан әскер шығарып, кездесуде қақтығысып қалған еді. Хан ашуланып ақсақалды өлтіріп, оның орнына Мухаммад датқаны жібереді. Бірер жылдан соң Қашғарда дүнген уақиғасымен ақсақалдыққа тоқтам беріледі.

Ақсақалдар мезгілінде күшті саяси мансапқа ие еді. Егер ақсақал бір қытайға ашуланса, «қожа келтіремін, бұл күніне зар боласың» десе, олар қатты шошитын. Қоқан қазынасына жылына 500 жамбы кіріс кіретін болған. Қожамен қорқытса кешірім сұрап, әр ақсақалға кемі бес, болмаса онан да көп жамбы түсіретін болған. Жамбы төрт жарым қадақ күміс деп бағаланады екен. Жалпысы ақсақалдық билік отыз жылдан аса уақытқа созылған.

Алты шаһар халқы Афақ заманында қалмақпен ептеген шекіскендері болмаса, негізінен әркім өз ісімен, алаңсыз өмір сүріп, кейінгі керітартпаларға билік етуінің халыққа кесірі тиеді. Соңынан болған қытай иелігі кезінде біраз уақыт тыныштық болды. Зияуддин қожамен басталған қожалар мезгілі әр үш жыл, бес жыл сайын соғыс өртін тұтандырып елдің тынышын кетіреді. Өз кезегінде олар да алған қаласын баянды етіп ұстап тұра алмай, тастай қашып, орнына екіншісі келіп, ығыр болған ел мұндай ақсақалдық билікті іштей жек көреді. Афақ қожаны сыйлаған халық «жақсы әке жаман балаға қырық жыл азық» қағидасымен оларға еріп кетеді, болмаса кейінгі қожалар билігінен халық ешқашан жақсылық көрген жоқ. Қожалардың есіргені сондай, шамасы Уәлихан төре болу керек, бір ұстаға маған қылыш соғып әкел, бір шапқанда нені болса да, кесіп өтер болсын деген. Ұста қылышты

дайындап бір жас баласын ерітіп қожаның «тәбәрік» дұғасын алайын деп барғанда қылышпен баланы екі бөліп «барәкалла», өткір, егер өтпесе өзінді екі бөлуші едім» деген. Ұста бишара баланың өлігін көтеріп, өзі тірі қалғаны олжа болып үйіне келген. Олардың мұндай сұмдықтары тіпті есепсіз [...]

Бузурғ хан әкесі Қашғарға кеткенде шешесінің ішінде қалған. Жахангирден 35-40 жылдан соң дунген қозғалысы басталып, бірақ қытайдан жеңілген соң, Сыдық бек деген бір кісі қырғыз-қыпшақтан әскер жинап Қашғарға кіріп иелік еткенімен, билігі тыныш болмай, халықты қожасыз басқаруға болмас екен деген тарту таралғымен Қоқанға елші салады. Бұл кезде Қоқанда Сұлтан Сайд хан мен молда Әлімқұл билік құрған заман еді. Молда бұл елшілікке Бузурғ хан мен Яғқуб бекті қосып береді. Бұлар енді Қашғарға келгенде, әлі Гулбағ алынбай тұрған. Бірнеше айдан кейін олардан елші келіп «зимми»¹⁷ болып тұруға рұқсат сұрады. Алайда бұлар тек мұсылман болуға көнетін болған соң олар қамалға нық бекініп жатып алады, қамалды ашу тағы бір жылға созылады. Бұл арада Яғқуб бектің ішкі ойы хандық мансапқа өзі ие болу еді, сонан Сыдық бек пен Бузурғ хан арасына суық сөз тарап, бұл жағдайда Бузурғтың немере туысы Хасан қожа Бадахшаннан 300 муридті алып келеді, әрі тағы неше мың көмекші әскер келеді екен деген лақап таратылды. Сыдық бек қорқып шегінуге мәжбүр болады, бірақ мұның бәрі де Яғқуб саясаты еді. Мұны кейбіреулер сезіп, қожаны сақтандырғанымен оған құлақ аспады. Ақырында Сыдықты аластаған соң қамалды көн шығынмен алады, біразы (тірі, қалғандары) мұсылман болады.

Содан Яркент, Қотан шаһарын алып Нияз Хакім бекпен келісім жасап, Яғқуб Қашғарға қайтқан қожаны абақтыға жабады. Алты шаһарды толық өзіне қаратқан соң қожаны түрмеден шығарып салады (көп алтын-күміспен қажыға барыңыз деген болып) Сыдық бекті де алдап шақыртып алып өлтіреді.

Яғқуб (Жақып деп те аталған) хан ибн Аюб - бұрын тек Яғқуб қана еді, соңынан бек, одан аталық, одан соң хан, осылайша бар дәрежені алады. Оның әкесі Ташкент түбіндегі Піскент деген жерде қазі еді, бабалары Балхтан шыққан. Өзі Әулиеа-

¹⁷ «Зимми» - мұсылман елінде исламды қабылдамай өз дінінде болып, белгілі мөлшерде алым төлеп тұратын шет елдің адамы.

¹⁸ Шағауыл — халықпен ханның арасындағы қатынас қағазды жүргізуші. Мысалы, хан жарлығын халыққа, халықтың арыз шағымдарын әміршіге жеткізуші.

таға әкім, онан Ақмешіткеуәли, одан Қараушы деген жерге бек, Ходжентке уәли, Мәлле ханға келіп шағауыл¹⁸ болып, ең ақыры Қашғарға қожаға ілесіп келіп істегені мынау. Негізгі басшылардың аузын алып, 1865 жылы Яғқуб хан таққа отырады. Бұл хабар Кеча шаһарына жетіп, Рашиддин қожа қытайларды жеңіп Ақсу, Тұрфанға дейін әмірі жүріп тұрған кезде, Бузурғ кожаны қамаудан босатамын деп шықты. Алайда Қашғар әскері оларды жеңіп Кечаны алып, онан Тұрфанға барады. Ондағы дүнгендер біраз қарсылық көрсетіп соғысқанымен жеңіліп тынады. Румжі (үрім-қытай жағы) шет болған соң өздеріне қалдырады. Румжі мен Дуаншы қалашықтарына аздаған әскер қалдырып өздері Қашғарға қайта келген.

Бірақ бұл жақтарға Румжі жағынан қайыра қытай әскері келіп мұндағы бір қатар қалашықтарды қайтарып алады. Қушанқыза қалашығында 150 адаммен хан әскері қалады да әскер басы Малыуай ибн Әзімқұл фансад¹⁹, яғни бес жүз қолға басшы болып қытайлармен соғысып бірнеше жүз қолынан айрылады, біреуі де тұтқынға түспей қырылады.

Қытайлар Румжіні алған соң, онда бір жылдан асааялдайды. Себебі Румжі ол кезде дүнгендердің әкімшілік орталығы болатын. Сондықтан бұл орталықтың алынуы қытайларға көңіл орнықты іс еді, екіншіден Румжі сияқты қаланы оңай алу мүмкін емес, оған қару-жарақ адам дайындығы керек болды.

Яғқуб хан соғыста жеңіске жетуге ешбір шара жасамай, бекерге өлгенімен, билік еткен кезінде шеберлердіжинап, зеңбірек құйдырып, әскерді тәртіпке салып, мешіт-медреселер көтеріп, қалалар арасына белгілі уақтылы қарым-қатынас (пошта) жүргізіп, халқына біраз қызмет еткен.

Қашғар уәлаятын Ферғана хандарымен көп жағынан салыстырғанда: жасақ шығара білу, оны қамтамасыз ету жағынан Қашғар уәлаяты жер көлемінен де, халқының саны жағынан да басым келетін еді. Қазына негізінен халықтан түсетін: қозадан (мақта егісінен) хумус²⁰ - бестен бірі, жүзім-бауы мен қауындықтан әр танаптан²¹ он теңге шаһар (ақша), жоңышқа мен ағаш отырғызудан әр танаптан бес теңге шаһар алынатын. Бір теңге шаһар бір мысқал күміс болып Шәуешекке 20 тиын көлемінде саналады. Танабымыз - бір десятина жер болатын, азғана айырмасы бар.

¹⁹ Фансад — әскери атақ.

Әскер семья құрса онда қала ішінде болуы керек, себебі уағында шақырылып алынатын, бойдақ болса қала шетіне, яки кейбір қорғандарға жіберілетін. Жаз, күз айларында жылына екі рет киім беріліп күндік азығы, айлық тірлігі «ғұшырдан» берілетін. (Ғұшыр- салық арабша оннан бірі, ол тек егістіктен-алынады. Мысалы: он килодан бір кило, он қаптан бір қап, он шелектен бір шелек, т.т.). Ферғана хандарында жасақтарды (әскерді) ойнату, үйрету болмаған. Ал Яғқуб ханда 5-6 мың үйретілген жаяу әскер болған. Атты әскерді де үйрете бастаған, зеңбірек те Ферғананыкінен артық едідейді көргендер.

Қоқанда 100 мың чорақ (өлшем атауы), әр чорақ 5-6 пұт, бәрі 500 мыңнан аса пұт бидай қазынаға түсетін, Ресей кезінде ол жерден 800 мың сом ақша өндірілген. Ақша халыққа ауыр келгенмен американдық мақта бұл халды ептеп жеңілдететін. Баста бидай арзан болып, 500 мың пұтына 300 мың теңгеге жетер-жетпес ақы төленетін, қазір ондай мөлшердегі бидайдың бағасы 800 мыңға тең.

Атақ, шен атаулары Ферғана хандарындай болып, діни жағынан Бұхарамен айырмасы шамалы еді: қазі, муфти, қазі калон, оламиени ағлам, мударрис, раис т.т. Ал әскер атауы кейде бірдей, кейде өзгеше: ханнан кейін уәзір, арабша «уәзір» - жүк, ауыртпалықкөтеруші», ал Қашғарда - аталық, Бұхарада - құшбегі деп аталады. Екінші шен мыңбасы - орталықта отырады, хан қасында барлық әскердің бақылаушысы, Қашғарда - мың башы, бұхарша—«тоқсаба». Үшінші шен - фансад 500, онан да көп қолға басшылық етеді. Төртінші шен - жүзбасы, бесінші - батыр басы фансадқа ұқсас шен, шаруаларға бас болып, олардан ғұшыр мен зекет жинайды, жасақтың азығына, оларды тамақтандыруға жауапты. Шағауыл деп хан алдына жұрттың арызын жеткізіп, оқып, естіртіп, мөр басып, сиясын дайындап жүретін кісіні айтады. Енді жасауыл осы шағауылға кереғар, яғни сарайдың сыртындағы қызметке қойылған да шағауыл іштің шаруасына жауапты «һұдайшы» деп хан атқа отырса алдында жүріп, сәлем берушілерді ханға ұшыратып, хан біреуге салық (штраф) айып тартқызса, яки жарылқаса соны жариялап жүруші адамды айтады. Миршаб түннің әмірі, яғни жалпы күзет басы, бұл атақта бірдей «мир»- арабша-«әмір» сөзінің парсыдағы баламасы, мағынасы «қожа», яки «ие», «шаб»- парсыша «түн» деген ұғымды білдіреді.

²⁰ Хумус - егіс салығының өлшемі яғни барлық түсімнің бестен бір бөлігі.

²¹ Танап-жер көлемінің өлшемі (1 танап—1 десятина)

Афтабашы, додхон (датқа) дегендер әрбірі бір қалаға әкім болып, олар «уәли», болмаса «бек» деп аталады. Олар басқарған еліне, жеріне қатынасты дербес іс қарай алатын кісілер. Астанадан кейінгі үлкен шаһардың басшысын «фарманашы» деп атайды. Бұның дәрежесі өзгелерден жоғарылау болады.

Қожа тұқымынан біреу хан, яки ханзадаларға ұстаз болса, оған «маулауи» деп ат қояды, оны кей кітапта «маулана» деп жазады, ол да дұрыс (маулауи - иелік ететін кісі, маулана - иеміз, қожамыз деген сөз, кейінгі уақыттарда ұстаз орнына да қолданылған). Алайда қазіргі күнде оны «шайх» атауымен ауыстырып, бұл да «ұстазға айтылып жүр.

Қази, мүфти, қатиб (сот, заңшы, хатшы) бұлардың еңбегі жазу, көшіру, мөр (документация жұмыстары) бойынша алған ақшаларымен күнелтіп, имам, мударрис (оқытушы) тағы басқа ғұламаларға уақафтан²², яғни қазынадан қаржы беріледі.

Әкім, бектер өз билігіндегі диқандардан алынатын ғұшыр, хумыс қанша болса, сонан өзіне жетерлігін алып, өзгесін ханға жөнелтіп, хан қазынаны өз мүлкіндей жұмсайтын, оны- көптің мүлкі деп ойламайды²³.

Яғкуб бектің бір әзілін Қари Шаһмарданнан (марғұландық) естідік. Бір мәжілісте отырғанымда «қари, бір әңгіме айт» деген соң Бақытнұсұрдың (Бухтунассар болу керек) хикаясы аузыма түсіп кеткенін айттым. Ол да көпір астынан ат үркітетіндерден екен дегенім, яғни таз деген сөз. Ал ханның басында тазы болмағаныменекі-үш шешек нышаны болатын. Ас жеп бата берген соң маған үстіме шапан, аяғыма кебіс-мәсі, басыма үлкен сәлде салыпқоя берді. Көшеге шыққанда мені көрген жұрт тырағайлап қашып, таныстар сөйлесу, амандасу тұрмақ, менен теріс қарап қашады, аң-таң болдым [...] Ал Шайхана, асханаға мені отырғызбады, көшеде жатып, биттеп-құрттап, сақалдарым өсіп бір айдан соң ғана мені жасауыл Қотан шаһарына апарды. Онда мені тәртіпке келтіріп, қаланың бегі күліп, ханның әзіліне ұшырапсыз дейді. Сөйтсем, халыққа жариялап: кімШаһмарданмен сөйлессе, жауаптасса, оған я қызмет істеген адамдарға бөлен жаза беріледі деп хабарлатып қойған екен. Құрысын ондай әзілі дейді екен сырын білетіндер.

²² Уақаф- уақф сөзінің көпше түрі, арап тілінен «тоқтау» боп дарылады. Мемлекет, қазына малын уақф деп атайды.

²³ Әрбір әскерге де шеніне қарай берілетін анық мөлшер бар болу керек, бірақ мен соны



ҚАЗАҚТЫҢ ХАЛ-АХУАЛДАРЫ ЖӘНЕ ХАНДАРЫ

Орта Азия мен Шығыс Түркістанда болған оқиғалар желісін бітірген соң, қазақ ахуалы мен хандары туралы жазуға кірістім. Бұл халықтың тарихы жалпы ауызда бар. Алайда жекеленген жазба тарихтары мен естеліктері болмағандықтан, әркім әр түрлі пікір айтып, біреулер жаман ниет-арам оймен, енді біреулері тек мұқатуды мақсат еткен. Кезіндегі бағзылар тарихты анығырақ түсініктеме беруге білімдері жете тұра, оған мән бермеген. Нәтижесінде мағынасы анық ел тарихы баяндалмады. Осындай себептермен, мен бар күш-қайратымды жұмсап, жиырма жылдан астам уақыт бұл тарихқа қатысты ақпарлар мен жазба деректерді жинап, жалпы жиналған мәліметтердің қаймағын қалқып алып осы кітапты жаздым.

Хазақияның негізі-үш жүз. Олардың бұл жаққа жер тебуі (Шығыс Түркістан) тек орта жүзден тарағандықтан, бұл жүздің хандары мен тайпаларының ахуалдары тілге көбірек алынды. Себебі кіші жүздің өз ордалары болған. Сарай, Сарайшық пен хан ордасы қалаларының айналасына орналасқандықтан хан, ханзадалар билігі үзілмей жалғасып отырды. Олардың тарихтан хабары бар. Зиялы адамдары көп болғандықтан, ахуалдары да жан-жаққа мәлім болған. Ұлы жүз қазақтарының басым көпшілігі Түркістан мен Ташкент сияқты үлкен шаһарлардың қолтығында жүргендіктен, іштерінен тарихшылар, білімдар оқымыстылар бар деп әркім ойлар еді. Ал бұл жақтарда мекендеген орта жүз, бір кездерде қытаймен араласқан найман аталатын рулары шексіз-шетсіз жатқан ең даланы жайлап, тыныштықпен алаңсыз өмір сүргендігі соншалықты, басқа ешкіммен араласпай, бірер ғасырға дейін жекеленіп, тіпті мұсылман атынан басқа діннен де хабардар болғаны шамалы. Сондықтан тарихшылар бұл шығыстағы қазақтардың ахуалын жазған еңбектеріне кіргізбеген. Тіпті өкімет атынан наймандарға арнайы салынған Аягөз, Көктерек сияқты атақты мекендерді де назарға алмаған. Тарихшылардың бұлай көзге іл-

анықтай алмадым дейді автор.

меулері, мен үшін бұл бір жақсы сылтау болып, оларға қалыс қызметімді атқара жүріп, найман руының тарихын анықтап толық жазуыма себепкер болды. Себебі Аягөз - туған жеріміз, найман - жүрген еліміз. Бір жүздің ахуалын тәптіштеп жазумен бірге, қалған екі жүздің де тарихы қоса жазылады. Себебі бұлардың бәрі бір ел тарихы болғандықтан бөлектеудің қисыны болмайды.

Бұл найман руларының көнеден келе жатқан жазылған тарихы болмағанымен, ата-бабаларымен, түрлі ұрпақтарының ақпарлары ауыздан-ауызға аңыз болып ұласып келе жатқанын ешкім жоққа шығармайды. Дегенмен, уақыт оза келе бұл шежірелер өз негізінен артық кемі болып, ілгері-кейінді айтылып, шатастырарлықтай жағдай болса да, өзге тарихи мәліметтермен салыстыра отырып, реттестіру нәтижесінде белгілі бір шындыққа жақын, тоқтамды пікірлер айтуға болады.

Бұл хабарлар негізсіз дәлелденбесе де себепсіз жалғанға да шығарылмайды. Негізінде, шындығы басым тарихи оқиғалары анық. Себебі бұл тайпалар өздерінің тарихты тереңдетіп оқымағанының салдарынан нақтылы анық айтып, білімге таласатындары болмағанымен, бабаларының сөздерін зейінімен тыңдап ұғып, олардан естіген шежірелерін еске алып әр мәжілісте, әр жиын-отырыстарда үнемі қайталап, шын ниетімен ойларында ұстап, ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып, нассабшыларына шежіреші деп ат қойған. Ұлы дүбір мерекелерінде шежірешінің маңайын толтырып, өткендерін сұрастырып, үйлерінде болса ол кісінің алдында дәріс оқығандай үйреніп жақсысын жаттап, қиынын қаттап жататын болған. Сол шежірешіден мен өзім де бірнеше рет сабақ алып едім.

Бұл елдің мұндай істері тек осы ғасырымызда ғана емес, көнеден келе жатқан дәстүрлі әдеттері. Содан әр тіршілік істеріне шежіре қағидаларын пайдаланып, мақал-мәтелдерін қолданғанда да бабаларына ұқсауға тырысар еді. Бұл ел мақалдарды өздерінше үлкен тірек, медет етеді. Шынында, сол сүйенген тірегі негізсіз, мағынасыз емес. Қайта түп төркіні бір кітапқа байланысты, шығу тегі бір заңдылыққа бағынған сияқты, көне кезде бұлар бір әділ патшаның иелігінде ме, жоқ бір кәміл данышпанның тәлімін алды ма деген ойға келесің. Бұлар біріншіден, үлкендерінің аузына қарап, естігендеріне сүйеніп оқымай қалған да болар. Екіншіден, сөзқуарлық, шешендіктің негізгі мақсаты өз ойын көркем тілмен жеткізе білуді толық меңгеріп алған соң, жазу, оқу бұған қажет болмас. Себебі, оқуға сенген - ұмытшақ, жазуға сенген - жаңылшақ деген қағиданы ұран орнына көтергендігінен болса керек. Бірақ осы

соңғы жылдары бұлар да оқып, жазып тарихтардан хабардар болу нәтижесінде ауызша сөзге аса құлақ қоймай барады. Бұдан 25-30 жылдар бұрын ұзақ сарынды жырлар айтатын, әңгіме сөзімізді білетін адамдар азайып барады. Қадым сөздің қадірін білетін қарттар таусылып, жастар әр кім өз кәсібі-тіршілігімен айналысып, өткен ақпарлардан не пайда, келді-кетті, заман әркімнің өзінікі емес пе деп өздерін уатар заман туды. Осынша халықтың тарихы ұмытыла ма, іздеп, керек еткен адам бір жерден тауып алады деп түсіндірген. Міне осындай ойлардың кесірінен өскен-өнген, мәдениеті дамыған қаншама халық тарих қойнына сіңіп мәңгіге жоғалып барады. Ұрпақтары тарих ғылымынан нәсібесіз қалуға айналды. Бабаларын жазғырып, шежіренің пайдасын білмей, шежірешінің қадірін ұмытып, пайғамбардың «нәсібіңізді таңыңыз», яғни туысыңызды анықтап біліңіз, дегенінің мәнін ұқпай отыр бұл халық. Жазудан басқаға нанбайтын жастардың есінде болсын. Егер, шынында көнеден аңыз болып келе жатқан шежірені айтушылар болмаса осы күнге дейін, мен пәленшемің деп айтарлық кісі қалмаса, онда мұсылманшылықтан да ешқандай белгі қалмас еді. Үлкендерден естіп, тыңдап отырсақ және қазақ билері бұрынғы күнде өз үлгілерімен бітіретін істерін, шығаратын үкімдерін сұрап екшегенде білгеніміз, халықтың шежіреге сенімділігі әкімнің мөрмен бекіткен шешіміндей. Құдайдан қорқу себебі тәркі дүние тақау тұрғандай болушы еді. Осыдан 30 жыл бұрын жасы 70-кетаяп қалған Молдағожаатты ақсақал айтатын:

-Жас кезімде ұры едім... Байыс, Байсұйық деген екі ру елміз. Біз - Байыс, Байсұйықтан басым едік. Байсұйық малы қорамызға кірсе атадан қалған мирастай малданатынбыз, біліп қойса мал басын күшпен төлеп, білмесе жеп кете беретінбіз. Жайлауда екі жақ көрші қонатынбыз. Бір күні Байсұйық пәлен жерге қонды деген хабар алып, жасырын бір түйесін ұрладым да тау ішінде бір тоғайлыққа байлап тастап, үйге қайттым.Ертеніне, иесі түйенің ізіне түсіп тауып келді де, малымның ізі осында келді, ұрым сендерсің – деді. – Мен байыстығыма салып, мен алғаным жоқ, бара бер, - деп едім, иесі ожар адам екен. Тоқтамады, түйемді не сенен алам, болмаса қолыңда өлем дегені. Болмаған соң, айғағың болса мойныма сал, болмаса антыңды ал дедім. Жарайды деп келісті. Кімге барасың, кімге жүгінесің, десем ағаң, Тоғайраққа барамын деді, іштей қуансам да «жок», ол менің ағам, бұл болмайды дедім. Сенің пайдаңа шешсе мақұл көрерсің, болмаса, бәрің бір кісісіңдер, саған жан басып тұр дерсің, өзге бір кісіні бек қояйық дедім. Тоқам не десе де ризамын деп, әңгімеміз ұзарып, кеш болып кеткендіктен

үйге қондырып, ертесіне Тоғайраққа бармақ болдық. Мейман етіп қондырудағы мақсатым, түнде барып Тоғайрақ биге сөйлесіп алмақ едім. Ел жатып, мейман ұйықтаған соң атыма мініп, қолыма найзамды алып жөнелдім. Ауылы әжептәуір қашық еді. Біраз жол жүріп жеттім, үйіне кірдім. Тоқаң төсегінде жатыр екен, әйелі ірімшік қайнатып отыр.

– Кештетіп не істеп жүрсің,- деді жеңгеміз.- Тоқаңда бір ауыз сөзім бар еді,- дедім.

Оятты, жасы сексеннен асқан қарт адам.

– Не қызмет керек,- деп түсінік сұрады. Бір Байсұйық келіп түйесін даулап, соған ертең келмекші едік. Мені атақты ұры еді деп, оның алдына жығып бересің бе, жоқ әлде, менің түйесін алмағанымды мойындатқызып бересің бе. Себебі мен ол түйені алмағанымды айтайын деп келдім.- Сонда би тұрып;

– Өзің қара болмасаң - қараңғыда келмес едің, бір пәлең бар ғой,- деді.

– Жоқ, жоқ, деп, ұрлығымды тіпті білдірмедім.

– Жарайды, қатарласқанда көрерміз, сұраушының ойы қалай,- деді, болмай бара жатқасын айттым:

– Ұрлыққа ант ішкізсең өзге адамды қоспай менен ал, болмаса тай-құнанмен бітіріп жібер,-дедім.- Жақын-туыстығымды ескертіп, өлердегі сөзімді айтқаныммен үндемеді. Біраздан кейін жауап берер деген үмітпен жүрейін деп қозғалдым, сонда да дыбыс жоқ. Жең- геміз:

– Бірнәрсе етіп бітіріп жіберер, қайта бер, деді. Осы сөзбен үйге қайттым. Ертесіне айран-шалабымызды ішіп екеуміз жолдас-жораларымызбен Тоғайрақ биге жөнелдік. Кірген бетте көптен көрмеген адамдай аман-есендікті сұрап жатырмын. Даугеріміз бір шешен жігіт екен, ахыретін алға тартып:

– «Ей Тоқа, Байыс, Байсұйықтың баласымыз, бәріміз ахыретке барасымыз. Құдай сіздерді артық жаратты. Біздерді аузыңызға қаратты: Көптің барар жері бір - қара көр. Аздың барар жері де ахыры сол, әділ болған адамға алланың кеңшілігі мол. Алдымызда алты қадам көр бар. Алты қарыс бөз бар, Мүңкәр-Нәнкір сұрау бар. Жауап таппай жылау бар,- деп тақпақтап соғып бергенде, даугерім сөзін бітірмей-ақ, Тоқам «аһ, үһ» деп жылауға көшті. Тоқаң маған қарап,«сен кеше кешке маған нені айтып едің, бұл адам сен айтқандай тайқұнанға болатын көрінбейді, түйесін беріп қайтара ғой» деп менің өтірігімді мойындатқызды. Тоғайрақ би Абылайды көрген адам екен. Бұрынғы билердің мұндай қасиеттері өте көп.

Қазақтың әуелгі билері мұндай болғанымен, соңғы билері-бұл күнде қайсар, бір даудан өлтірі айырып жесе, ой пәленше пәлекет, кәпір десе оған мақтанады, соны өнер деп біледі. Бұрын алып, ер, баһадүр сияқты есімдері дәріптеліп, әділдігімен істің ақиқатына бас ұратын еді, қазіргі заманымыздың билеріне сұм, қу, жепкетер, алаяқ есімдері мақтанышпен айтылатын болды [...] әуелгі әділетті жойды, бұқараны қорғау мен жан ашуды қойды, мың мәрте мақтағаныңмен бұрынғы қазақ табылмайды деседі. Бұрынғы қазақты кәпір десең шаштары тікірейіп, ислам деген атына жандарын пида етер еді. Қазір тіл, киім, әдет-ғұрыппен көпшілік тіршілігінде, бәлкім барлық істерде жаңару бар. Міне осыған қарай қарттарымыз «қазақ ағарды» дегенге сене қоймайды, себебі бүгінгі тіршілігіне риза емес. Енді негізгі мәселеміз, біз жазайық деп отырған, дүниежүзіне таралған, сан жетпейтін Алаштар, Өзбек, Қазақ, Үш жүз аттарымен танымал болған. Үш жүздің арғы шежіресі талас тудыратын болғандықтан, бір ауыздан кейінгі анықталған өз тарихымызды оқиық деген қағидаға тоқталдық.

АЛАШ АТАУЫНА БІРІНШІ УӘЖ (ҚАУЛЫ)

Бағзылар уәжі бойынша Алаш пен Алынша ханды атаған. Алынша хан жалпы хандардың бабасы, монғол мен татардың ата-сы.

Алаш, Алаш болғанда,
Алынша хан болғанда.
Қазақ, қалмақ ноғайлар,
Бәрі сонда бір болған.
Ынтымағы жарасып,
Жайқұн келдей бай болған,
Еділ, Жайық, Оралға,
Ортан көлдей жайылған.
Өзбек хан. Жәнібек өлген соң.
Тоқтамыс, Темір болған соң.
Ел ішіне жік түсіп,
Үш бөлек болып айрылған,
Қазақ, Ноғай қыбла да.
Мұсылманға жан тартып,

Дін үшін қатты қайғырған,
Қалмақ, Манғұл бөлініп,
Кәпірлігі білініп,
Күн шығысқа қайрылған,
Ішін буды сонда кеп,
Алтайды мекен жай қылған,—

деген сияқты көне сөздерінен аңғарылатын мағынаға қарағанда Алынша хан заманында Ноғай, Қазақ, Қалмақ осы атаулармен айрылмай бәрі бір атпен бір тақтың билігінде болған. Тоқтамыс хан мен Ақсақ Темір дәуіріне дейін бір хандық болып өмір сүріп, енді ыдырауы басталады. «Қазақ, қалмақ бір кісі, ноғай, қазақ бір кісі» деген нақыл осыдан қалған болса керек. Осыған қарап сарт, ноғай, яки қазақ пен сарт кетіссе «Алаш, алаш» дегенде қазақ, ноғай бір болып, сарт сыртта қалады. Тегі, қайдан екенін білмеген надандар мұндай сөзге барысса, бір-бірінің намысына тиеді. Өзбек өз ағам, сарт садағам дейді. Бұл сөзге Қожа Ахмед Ясауидің: өзбекте бар иманым, тәжікте бар күмәнім сөзін салыстыру керек. Сарт-сырт дегендері де бар, яғни олар бізден бөлек, тысқары дегені. Қожа Ахмедтің түркі тілдерінде ғибрат сөздері өте көп. Халыққа жақсы, әр кез ізгі ниетте болуға, уақыттың бағасын білуге шақырып айтқан. «Өркімді» көрсен қыдыр біл, ор кешені (дуана) қадір біл» дегені, нәпсіні, яғни өзін-өзі басып, тоқтата білуге «Барша жақсы - біз жаман, бәрі бидай - біз сабан» деген үндеу сөздері өте көп. Ал Алынша ханның ахуалы ол да манғұл, татар бөлімінде айтылады.

ЕКІНШІ УӘЖ (ҚАУЛЫ)

Бағзылар хазреті Анас әулетінен болғандықтан, Анастан Алаш болды деседі: Бабаларын санап келгенде бұл дәлелсіз дағуалары (уәж²⁴) жарым жолда қалады, Анасқа қосылмайды. Кейбіреулер өзбекті де араластырады, ол дұрыс емес, бұған қоса өзбектің арабтардан шықпағандығына ешкім шек келтірмейді.

ҮШІНШІ УӘЖ

Бір ханның ұлы алапес (денеге түсетін ақтандақ) болғаны үшін қасына жүз кісі қосып қаладан шығарып жіберген. Олар сахара мен тауларда мекендеп өмір сүрді, одан керуендерді тонап тыным бермеген. Оларды тыймақ болған хан тағы жүз жасақты жібереді. Алайда бұлар барып көрсе, өз еріктері өзіне тиген олар байып алған, тамақ тоқ, жақсы киім ат-әбзелдері сай алаңсыз күн кешуде екен. Келгендер де соларға қосылады. Хантағы жүз кісі жібереді, бұлар да қосылып осыдан келіп үш жүз жасақ құралады. Соңынан жіберген талай әскерлер осылай қала беріп, көбейіп елге кірмей қашып жүргендіктен «қашақ» — осыдан кейін келе «ш» дыбысының орнына «з» қолданып, қазақ болған. Ала ханға ергендіктен «алаш» — жалпы саны үш жүз болғандықтан «ала үш жүз» болған деседі. Десе де бұл нақыл аса тарихи анықтамаға келмейді. Өйткені бір адамды ұнатып соңынан ергендер, оның кемшіндік (кемістік) атын атамас, жақсылық жағын, болмаса өз атын ескерген болар еді. Екіншіден, оларды елдік, достықпен шақырса оларға бірдей жүз адам жібермес еді. Соншалық жасақ жіберу қажет болмас еді. Мүмкін елшілікке бес-он кісі жіберсе де жеткілікті болар еді. Ал еріксіз келтіруді мақсат етсе, ханға неше жүз болса да әскер шығаруықиынға соқпас еді. Осымен үш қаулының ішінде әуелгісі шындықты, тарихты мақұлдатады. Алынша ханға ыңғайлап «алаш ұранды ағайынбыз» деген ақылға қонымдырақ. Себебі Алынша хан заманында халық мұншалық өспей, аз кезде татар, манғұл айрылмай бәрі «Алынша ханның елі, Алынша ханның жұрты» атанып, бұл сөз осы кезге дейін ұмытылмай «алты сан алаш» деп айтылады. Сонда «сан» манғұл, татар тілінде он мың басшысына тән қойылған атақ. Осыған қарағанда Алынша ханның 60 мың жасағы, мүмкін 60 мың түтін болып, осынша сан бір әміршіге бас игені, ол заманда мемлекетке есеп берілетінді. Ал «алты сан алаш» сөзі көптігіне ишара болса керек. Кезінде бұл сөз өте анық мағынаға ие болғандығынан қазір де асыра сілтегенде айтылады. Алынша Нұх пайғамбардың баласы - Яфастың төртінші немересі. Ал Алыншаның 39-ші немересі Шыңғыс хан. Алынша ханның ұрпақтарының ахуалы өз Кезегінде келеді.

²² Уәж — дағуа, анықтама, дәлел.

ӨЗБЕК БАЯНЫ²⁵

Өзбекке қатысты бірнеше деректер бар. Менің сүйенетінім, өзбек түркі тектес бір адам болған. Оның 92 ұлы болған. Сондықтан осылардан таралған ұрпақ - әулеттері «тоқсан екі баулы Өзбек» деп атанған. Бұл тарих былайша баяндалады. Өзбек ата барлық ұлдары- мен жорыққа шыққан екен. Мұхаммед пайғамбардың кәпірлермен соғысына кез болып, тау басынан көз салса бір жағы басым болып жатқандай екен. Мұның қайсысы мұсылман екеніне көзі жетпей, алайда ерлік әлсізге көмек болар деп жақындап келіп, көмекке кірісіп кеткен. Содан кәпірлер жеңілген. Пайғамбардың батасымен тұқымдары көбейіп, жан-жаққа таралып кеткен деседі.

Бірақ ол кезеңде ажам²⁶ мен түркі елдері түгелдей мұсылман болып пайғамбарға қызмет етті деген ақпарлар ешбір ислам тарихында кездеспейді. Демек, бұл бір жай әңгіме, қисса болар. Егер соңғы сардарларынан²⁷, біріне осындай қызмет етіп дұғасын алды десе жобалы болар еді. Бұл әңгіме Рим патшасы Сұлтан Алауддин Кейкабат ибн-Хисрау шахқа бір соғыста Османдықтардың арғы бабалары Ер Тұғрұл-ибн-Сүлеймен Бектің істеген қызметіне айтылған қағида.

Тоқсан екiнiң аттары мынандай: 1.Мың, 2.Жүз, 3.Қырық, 4.Үгажат, 5. Жалайыр, 6. Прай, 7. Қоңырат, 8. Алшын, 9.Найман, 10.Арғын, 11.Қыншақ, 12.Қалмақ, 13.Фрат, 14.Қырықтық, 15.Торғауыт, 16. Бурлан, 17. Шымыршық, 18. Фатаған, 19. Кәжі, 20.Кенекас, 21.Бұйрат, 22. Ойрат, 23. Қиат, 24. Бағлан, 25.Қынай, 26.Қаңлы, 27. Өзбек (өзінше білуші), 28.Қойшы, 29.Бұланшы, 30.Шабұт, 31.Жоют, 32.Шілшауыт, 33.Баяуыт, 34. Отаршы, 35. Арлат, 36.Керейт, 37.Үнғұт, 38. Манғыт. 39.Тангүт, 40. Оймауыт, 41. Қашат, 42. Меркіт, 43. Бұрқат, 44. Қият, 45. Қоралас, 46. Төралас, 47.Қырараб, 48. Илашы, 49. Шұбырған, 50. Қышлак, 51. Оғлан, 52. Түркмен, 53. Дүрмен, 54. Табут, 55. Тама, 56. Мачад. 57. Кердері, 58.Рамдан, 59. Керей, 60. Надай, 61. Қафсана,

²⁵ Баяны —тарихты баяндау.

²⁶ Ажам — арабтардың өзінен басқа шығыс халықтарын атауы.

²⁷ Сардар —әскери басы.

62. Қырғыз, 63. Ұяршы, 64. Жойрат, 65. Үйсін, 66. Жорға. 67. Баташ, 68. Қойсын, 69. Молдыз, 70. Төбел, 71. Татыр, 72. Тілеу, 73. Басхал, 74. Ниан, 75. Қазған, 76. Шірін, 77. Ұнтан, 78. Курлат, 79. Шілкас, 80. Үйқорған, 81. Тарғын, 82. Жабу, 83. Суран, 84. Тұрғақ, 85. Мутиян, 86. Қасқа, 87. Мажар, 88. Тушлық, 89. Шоран, 90. Шүршіт, 91. Баһршы, 92. Үйғұрат.

Бір қарт адамның қолындағы көне нұсқадан былай көрдім, бір қарағанда екі-үш ғасырлық жазба деп ойлауға болады. Түрлі оқиғалармен араб, парсы тілдерінде безендіріп біраз нәрсе жазған екен. Алайда сенуге де болмас еді, соның бірінде Мұхаммед пайғамбардан өзбек туралы сұрағанда Ибраһим пайғамбармен зайыбы Сарадан туған дегенді де қосып қойыпты. Дегенмен, жоғарыдағы жазылған адам аттарына ұқсас тайпалардың бәрі де бары даусыз.

Қарттар аузындағы өзбек нәсілін Ибраһим пайғамбармен тұтастыруы белгілі дәйектемеге тірелмейді. Көпшілігі мына сияқты кітап, жазбаларынан алынған негізсіз бір сөздер ғана.

Егер Бәни Қантұра тайпаларына қатыстырып содан өзбек бөлініп шығады десе, кейбір тарихи деректерге жанасар еді. Ал Бәни Қантұра Ибраһим пайғамбардан бастау алады. Арабтар болса Шын мен шығыс халықтарының Ибраһим пайғамбардан екенін қолдайды. Өзбек те шығыстан емес пе? Бірақ бұл талас татар-монғол тарихына дәл келмейді. Түрік, монғол, татар баяны тәртібімен алынып, соңынан қосымша беріледі.

Бұл ақпарлардың Өзбек туралы түбірі болмаса да түркілер туралы Мұхаммед пайғамбардың, сендерге түркілер тимесе, сендер түркілерге тимеңдер деген сөзіне қарағанда сол кезде-ақ түркілер ауызға ілініп қалғандығын, олармен санасу керек екенін айқын көрсетеді.

ЕКІНШІ УӘЖ

Өзбек хан заманында жалпы куымы «Өзбек елі» атанғанымен Өзбек хан өлген соң өзге тұқымнан болған тайпалар бұл атаудан сырт қалған. Асылы татар-монғолдан исламға енгендері осы атауда мәңгі қалған болар. Аталарын санағанда осы 1883 жылы Өзбек ханға дейін 29-30 буын десек, әр буынды 20-25

жылдан есептегенде сегізінші ғасырда келген Өзбек хан заманына тура келеді, бұған қарағанда бұлардың «Өзбек» атауына таласқанда басқа мағына болмай «Өзбек елі» болып аталып кеткен. «Мұстафадал-ахбардың» авторы да осылай көрсеткен. Қандай да болмасын ыдыраған мемлекеттер тарихта алғашқы аталуымен қалады да, халқы да мемлекет атымен аталып қалуы сияқты құбылыстар тарихта, көп кездеседі, Армения жайлы осыны айтуға болар еді. «Атамыз Өзбек, Өзбек балаларымыз» деген ұрандары, патша ата орнында, халық бала орнында екенін айғақтап тұр.

ҮШІНШІ УӘЖ

Өзбек - өзі бек дегені, бұл тайпаның уәли²⁸ мен әкімдері сайланып, мәжіліс алқаларының шешімімен емес, өз бетінше іштерінен бір сөзшен шығып, өзгелермен дауласып өз руластарының сөзін қорған алса, өзара даулы мәселелерін әділетпен шешіп бере біле оған еріксіз «би» болмаса, әкім және бек атақтары беріліп әмірші болған. Сонан «Өзібектің» «і»-сі түсіп қалып «Өзбек» аталып, кейіннен халық, «бұрынғы би, жақсыны құдай қылған, ендігіні орыс пен қытай қылған» деп, осы атаулардың мағыналарының бәрін мойындаған. Олай болса бұл мағына жалғыз қазаққа ғана тиісті деуге болмайды, ханы болмаған, хан орнына әміршісі болмаған түрлі тайпа елге айтуға болар еді. Ескіде қырғыз-қыншақ аты да осы тәрізді өзін-өзі басқарушылар. Тарихшылар бірінші кезекте бүгінгі қалыптасқан «Өзбекстан» хандықтары халқын «Өзбек» дегені осы пікірді анықтайды. Өзбек туралы жазылған үш қаулының тарихи шындыққа жақыны осы. Өзбекстан ішінде Шыңғыс әулетінен төре, уан, қырғыз елінде манап, сияқты ақсүйектері үзілмей келгендіктен бұларға «Өзі бек» атауы лайық емес демейміз, себебі бұлардың да төре, манаптары бірлесе отырып сайланбайды. Мүмкін, әркім өз қабілетімен билікті қолына алып еліне иелік ете береді. Бұл біздің дәлелдемемізді анықтай түседі.

ДЕРЕКТЕМЕ (ИСТИДРАК²⁹)

Кейінгі бағзылар жоғарғы 92 санды қыпшаққа тиіс деп дәлелдеп «92» баулы қыпшақ, «62 баулы өзбек» дегенді айтады. Түріне қарағанда «бау» сөзі көне түркі тілде «немере», буын деген ұғымды береді. Ал біздің ноғай тайпасын бағзылар «Өзбек» дегеніне олар көне қоймайды. Ақтайлақ би атақты нассабшы (шежіре - рулар мен тайпалар буынын анық айыра білуші) алпыс екінші ішінде танымал мәшһүр³¹ жетеу: ноғай, қазақ башқұрт, қыпшақ, түркімен, черкес, тибтар деп, бұл жетеудің ішіндегі көбі және байы ноғай халқы дейтін еді. Оған біреулер сіз ноғайды мақтап асыра дәріптейсіз, орысқа бірінші өткен солар емес пе дегенде, ол кісі - бұл халықтың кемшілігінен емес, қызайлардың³² асқандығынан, олардың ерлігіне сеніп [...] өзара іштеріне алауыздық кіріп, соның жазасын тартты. Солай бола тұрса да, олар қырық жыл атысып барып жеңілген. Біз сияқты жем жеп алданбаған деп жауап берді.

Қысқартып айтқанда, біздің ноғай халқы алғашқысы мен соңғы екі деректерге қарағанда «өзбек» атауына қатынасы болмай кейбір деректерге қарағанда өзбекке жатады, себебі Өзбек хан жалпы Ноғайстан мен Қазақстанға ие болып, Дәшті Қыпшақтың патшасы еді көптеген хандардан басым тұрған атақты хан болатын.

ҚАЗАҚ АТАУЫНЫҢ ДЕРЕКТЕРІ (ШЫҒУ ТАРИХЫ)

«Қазақ» атауына байланысты халық арасында көптеген пікір таластары бар, бағзыларының айтуынша, «қазақ», «қашақтан» алынған сөз. Шыңғыс хан әулетінен ханзадалардың бірі атасының орнын алғанда оған қарсы таққа таласқан туысқанда-

²⁸ Уәли - уәлаяттың басқарушысы

²⁹ Истидрак — арабша деректеме.

³⁰ мәшһүр — атақты.

³¹ Қызай — қытай жеріндегі найман руы. Ертеде қыз бастап кеткен, сондықтан «Қызай» атанды деген аңыз бар.

рының бірі өз адамдарымен қашып, тау-тас, сай-салаларда жайылып жүріп өткен-кеткендерді тонап-талап күн кешкен. Мақсатсыз, бассыз жүрген топты білетіндер «қашақ» деген. Келе-келе «ш» дыбысы «з» дыбысына ауысып, қазаққа айналған деседі. «Ғияс-эль-Луғатта» қазақтың «з» әрпі екі айтылады, түріктердің айтуынша «роһзан», яғни түркі тілінен алынған анықтама дейді. «Роһзан», екі сөзден тұратын парсы сөзі. «Роһ» — жол, «зан» — ұр деген сөз. Онда мағынасы жолдар ұрып қашу боп шығады, бірақ «қазақ» сөзі бұл мағынада болуы дұрыс емес. Түріктерде «қазақ» сөзі күллі халық, болмаса ертедегі тайпаның аталуы. Сондықтан ешбір түркі тектес халық роһ — жол кесу, заң — ұр деген мағынаны түсінбейді.

«Ғияс» кітабының иесі тәжік, түркі атауларын өзі түсінбегендіктен басқалармен таласуы ағаттық, өзі келтірген атауларды қайдан алғаны да белгісіз. Өзгелер біздің қазақ тілін өз ордасынан да артық білем деп таласуы дұрыс болмайды, мұндай сөзге сенуге болмайды. Парсылар түркіні бізден сұрасын. Мұндай істе біздерге шәкірт болсын.

Демек «қашақтан» «қазақ» болуын даулайтындар «Ғиясқа» сүйенгендер, ал бұл кітап авторы түркіден хабары болмай естігенін малданып отыр. Біреулср «Ғиястың» негізін алып «қарақ» еді, оған жаңсақ «р» әрпінің үстіне нүкте түсіп «з» болып қалған деген де пікір бар. Бірақ бұл тарихи шындық емес. Себебі қандай да болмасын сөз жазу кезінде өзгермей келе-келе айту барысында өзгереді. Бірақ «Ғиястың» иесі қазақты «з» әрпінің бөлімінде көрсеткені анық. Ал ноғай тілінде қазақ сөзі бойдақ, салт орнында қолданылады. Мәселен, бір адам Қазаға ұшырап мал-мүлкінен айрылып жеке қалса «қазақ» қана басы қалған, жалғыз басты болса «қазақ қана басы жүр» деседі. Бұл атау — бүкіл бір халыққа, үлкен бір тайпаға айтылған атау емес. Мысалы адам өлімін қазаға ұшырады дейді.

ЕКІНШІ ДЕРЕК

«Қазақ» атауы қайсақтан өзгерген, қайсақ монғол-қалмақ тілінде мемлекет шетін күзетуші мағынасында айтылған. Бірнеше тайпа ел мәдениетті халықтардың орталарында өмір сүріп жүріп, қайсақ, одан өзгеріп қазққ болған дейді. Бұл сөзді сот Сәйд Ғалин Ресей тарихынан көрдім деп еді. Тарихи нақыл және тұрмысына лайық болса да бұл хадықтың, елдің аты бола алмайды. Себебі шаһарлар мен мәдениеті өскен тайпалар атрабында жүрген жалғыз бұлар емес, ажам мен түркілерден басқа да көптеген тайпалар бар. Бұлардың бәрі де «қайсақ» аталуы керек еді. Ия, қытайлар қазақ халқын қазіргі тілінде де қайсақ, хаса, хайсау, хасақ деп атайды. Бірақ айтуларында бүгінде де қазақ атауы тұр. Қытайлар хайсақ дегені тілі келмегендіктен, сондай-ақ олардың ішінде «кизақ» деп те атайтындар ұшырасады.

ҮШІНШІ ДЕРЕК

Қазақ хазлахтан шыққан. Ескендір Зұлқарнайын тосқауыл жасап, Әжүж, Мәжүж (тайпа аттары) іште қалып, түркілер сыртта қалып, өз халқынан бөлініп қалғаны үшін «тәрік» аталып, одан «түрік» болған. Тәрк — тастау, қалдыру деген мағына беретін араб сөзі. Содан бұлар уақыт өткен сайын көбейіп, бір тармағы хазлах атанады. Кейін келе «х» әрпінің орнына «к» пайдаланылып, «л» әрпі түсіп, соңғы нәтижесі «қазақ» болып, қалыптасқан, яғни керісінше әуелде «қазақ» болып, оны араб тарихшылары «хазлах» етіп жазып жіберген. Зарих-ибн-Халдун төртінпіі құрылықтың (Азия) тоғызыншы бөлігінің батысында Ферғана, Шаш мемлекеттерінен кейін Түркістан, яғни хазлахия тайпалары жер тепкен және олар кимакия тайпаларымен аралас орналасқан дегені ойша топшылап, қазіргі қазақ, қалмақ деген қауымдарды атаған. Қалмақ қадым замандарда кимақ деп аталып, кейін келе дәл осы сөздің өзінен қалмақ аты шыққаны анық. «Жугрофияий кабирде» кимақ-қалмақ деп жазғаны осы анықтамамызға дәлел бола алады.

ТӨРТІНШІ ДЕРЕК

Қазақ — хузағадан шыққан болар. Бұл екі тайпа арабтың Хим-яр-ибн Сия тайпаларының үлкені және көбірегі болып Яманның Сойл-эль-Арим дейтін тарихтағы атақты селі - Сәйл Паруил уәлаятын қиратып кеткен. Бұлар осы уәлаятта мекендеп жүргенде осы Арим селіне ұшырап бет-бетімен ыдырап көшуге мәжбүр болған. Жоғарғы тайпа Туһама Хижаз тауларына бет алып, қалғандары басқа бағытқа босқан. Осы босқан бір тармақтары түркілермен ұшырасып, олармен араласып, солардан қазақ шыққан болар дейді. Бұл айтушылардың сөзі, тарихи атауы шындыққа жақын. Мысалы: қуанышта құттықтау, қайғыда көңіл білдіру, өлікке жоқтау айту үлкендерінің атын атағанда оны аздап өзгертіп, ұлылап айту, лақап қолдану, бір біріне мал мен балаға өзара артықшылығымен мақтану, дауда жақтасу-көмектесу сияқты істері екі халыққа да өте етене жақын достүрлі құбылыстар.

БЕСІНШІ ДЕРЕК

Қазақ — қыз бен ақ сөздерінің қосындысынан пайда болған деген қағида тағы бар. Мұны айтушылар, бір патшаның қызы түсінде ермен қосылып, содан жүкті болып, әкесінен қорыққаннан бұл сырын даяшысы мен қызметкер қызға білдірген. Олар сенің пәк екеніңе біздің дауымыз жоқ болса да басқаларды нандыру қиын, ендігі шарасы сені бір жаққа алып кетуіміз керек. Сенің кеткенің бізге де жақсы болмайды деп көтергендерінше алтын, күміс, азық, көшіп-қону әбзелдерін алып, бір тауға кеткен. Тауда бір жерде бір аңшы киіктің үш лағын ұстап алса, анасы лақтарын адамзатқа қимай аңшыны айналып жүріп алған. Келе жатқан қыздар аңшыға тап болады. Бұлар бір-бірлерімен танысып, түсініскен соң аңшы қызға үйленеді. Мәһргә (қызға үйленгенде берілетін ақы, қалың мал бұған жатпайды) осы киіктің үш лағын қыз қалап алады да, оларды енесімен қосып жібереді. Осыдан кейін киікбұларды үш ретайналып, секіріп-секіріп, лақтарын ертіп жөніне кетеді. Аңшы қызды үйінеәкелгенде көргендердің есі кетіп «бәрекелді, қыз-ақ

екен!» десіп, бұл сөз келе-келе қыздың балаларына лақап болып кеткен. Қазақта анасының лақабымен аталып кеткен рулар әр жүзде баршылық.

«Қыз» атауының мағынасы жалпыға мәлім. «Қыз» жазылуында «з» араби «жібек» сөзімен бірдей, жібек құртын дудаль-қаз дейді. Жібек құрты ұрық төгерде көбелекке айналып, қасы айға ұқсас, сілекей: жібек денесі жұмсақ, кара көз болғандықтан қызға — Жібек, жібек құртының атын берген, өйткені қыз да осы сипатармен көмкеріліп тұрған соң, құрт сөзі түсіп қалып, жібек сөзі қызға айтылған. Егерде, шынында осылай болса деп «и» қосып жазу дұрыс болмайды, кейбір кітаптарда осылай жазғандары да кездеседі.

Хан қызынан туған үш ұлдың үлкені Ұлы жүз, содан Орта жүз, ең соңғысы Кіші жүз атанып, жалпы қазақтың түбі осы. Аңшы — түрк, қыз - Балхтан болған. Қазақтың ана жұрты Жиделі Байсын дегені осыдан алынған. Бұл жер Балхқа жақын өзен, суы мол, жері қалың нулы еді. Аңшының екі інісі болып даяшы мен қызметкер қызды соларға қосқан. Даяшыдан қарақалпақ туып, қызметкер қыпшақ қызы екен, одан қырғыз туған. Сонда қырғыз-қыпшақпен, қарақалпақ-қазақпен туысады. Хикаяда осылай болса да, шынында қыпшақ үш бөліктен тұрады.

ҚЫПШАҚ БАЯНЫ

Қыпшақтың бір бөлігі - қырғыз-қыпшақтар деп Қашқария маңындағыларын атайды. Екіншісі - қытай-қыпшақтар, Қокан, Марғұлан, Ош жағында жүргендері. Бұлар тарихта көршілеріне байланысты аталған, көне қыпшақтар деп аталады. «Тибян Нафиғда» қыпшақ, бір зор сахараның аты, сонда тіршілік еткен қауымдар сахара атымен аталып кеткен деген қағида бар. Кейбір жазбаларда «қыпшақ» сафтаза деген сөз, басқа қауымдармен араласпаған дейді, ал «Шажара и түркте» «қыпшақ» — іші қуыс ағаштың аты, соның ішінде туғаны үшін есімін қыпшақ деп атаған деген анықтама бар. Мағынасын байқағанға қыпшақ - адам баласы дегенге саяды, Оғуз хан бектерінің ұрпағы.

Дұрысы орта жүздегі қыпшақ талассыз қазаққа жатады, тек есімі көне қыпшақпен аттас, ал қытай-қыпшақ, қырғыз-қыпшақтар басқа жерлерге таралып кеткен қыпшақтар бәрі ерте қадым заманнан келе жатқандары. Көне қыпшақ дегендеріміз хазар, бұлғар мемлекеттерін құрған, Сібір мен Туран аралығын бөліп тұрған - Дәшті Кәбірді (зор сахара, дала) жайлаған өте көп, ірі тайпалар. Соңғы кезде өзге халықтар бұларды қуғынға ұшыратып, монғол-татар шапқыншылығының есесін қайтарып, тентіреп кетуге мәжбүр етті. Ақыры бұл қыпшақтар ежелгі атақ, бақ-дәулетінен айрылды.

Ферғанада Мұсылманқұл, Молда Әлімқұл сияқты адамдар болғаны жоғарыда жазылды. Бұлар да қыпшақ еді, әуелгісі қытан-қыпшақ, соңғысы қырғыз-қыпшақ.

АЛТЫНШЫ ДЕРЕК

«Қазақ»—«қази-ақтан» шыққан. Айтушылар, бұларды татар-манғұлдан, хандары Шыңғыс тұқымынан болған деседі. Алғаш мұсылман болған Береке хан, екіншісі XVIII ғасырда Ғазан хан да иман келтіріп, дінге кірген. Содан осы екеуінен әр уәлаяттарда мұсылман хандары болған. Осы әулеттерден атақтысы Өзбек хан еді. Мұның кезінде монғолдардан да көп адам дінге кірген, Өзбек өлген соң ұлы Жәнібек хан исламға енген көшпенділерді үшке бөліп - Ұлы жүзге Үйсінді датқа қойып, Жалайыр атты кісіні оған наиб — орынбасар етті. Орта жүзге Арғынды бек етіп, Найманды оған көмекші етті. Кіші жүзге Алшынды би қойып, Жаппасты оған көмекшілікке тағайындады. Билікті өздеріне тапсыры тек жылына екі рет хан алдында есеп беріп отыруға шақырған. Олар әмірді қабыл алып, Еділ, Жайық, Есіл, Нұра, Жем, Арал орталарында көшіп-қона жүріп хан жарлығына сәйкес бітірген істерін, ахуалдарын айтып есебін тапсырып тұрды. Хан жанындағы ғұлама, қазиларына осы істегендері қалай, дұрыс па деп сауалдағанда олар шешімдерін дұрыс деп тапқан. Хан ғажаптанып бұлар кітап оқымаса, мәселе қарап оқымаса, тек ақылға жүгініп, осынша іс тындырып жатыр ма дегенде ғұламалар да мақұлдап, істегендері ғажап екен деген. Бұларға ешқандай муфтидың керегі жоқ, өздері

қази-ақ екен деп, сонан қазақ келіп шыққан дейді. «Ақ» сөзін қосу - қазақ әдетінде бар. Мысалы, біреуді мақтаса кісі-ақ, жақсы-ақ, адам-ақ т.б. деседі. Бұл хабарға қарағанда қазақ үшжүзге шамамен 1300-1400 жылдары бөлінгендігі байқалады. Ал «Мустафа-дул-Ахбарда» бұлай бөлінуі 1680 жылдары деп автор тексермей, анығына жетпей жазып жіберген. Қазақ нассабшылары жүз, екі жүз жылғы істерге таласып отырмайды. Уақиғамың жылдан бері болса да ішінде жүргендей біле береді. Үшжүздің бөлінуі мыңнан ары, тіпті қазақ атауынан да көне екеніне ишарат етсе керек. Егер хан сөзімен айтып, аты қойылған болса қазақтың «з» әрпі зат әріп таңбасымен жазылуы керек болады. Осы алтыншы дерек ең тарихи шындыққа келетін дерек деп есептеледі. Бірсыйлы адамның бір ауыз сөзімен бір тайпа елдің аталып кетуі тарихи үрдіс (дәстүр). Тіпті жай халықтың атауымен де солай болып кете барады. Мысалы, арабтар барбарларға «маһазинил — барабира, бұл не деген көне сөз» деп, содан түгел халық барбар аталып кеткен. Халық сыйлап «әз Жәнібек» деп, дәріптеген ханның аузынан шыққан сөз әрине басқаларға өтімдірек болады да, беделін де арттырады.

ЖҮЗ МӘНІСІ

Үш жүздің жоғарыдағы жазылған хикаялардан байқағанда үш ұлдың аты екендігі, болмаса оларды үшке бөлгенде әкімдеріне берілген мансаптың аталуы екендігі тарихи шындық. Ресейде аға сұлтан, қытайда уаң, күң сияқты, арабша жүз дегені — бөлшек, топ

мағынасында айтылуы ақылға сияды. Осы себепті де кейде

جزء

кейде

جوز

боп жазылады. Осы жазу ноғайда да бар, бірде

نوعى

деп кейде

نوعان

деп жазады.

ҚАЗАҚТЫҢ ҚЫРҒЫЗ АТАЛУ СЕБЕБІ

Ресейде қазақты қырғыз атау себебі, басында орыс саяхатшылары қырғыз халқына келіп, танысып сұрағанда қырғызбыз деген екен. Қырғыз елі де әжептеуір тайпалар болып, таулар мен сахараларды жайлап жүргендіктен саяхатшылар қайда барса қырғыз елін көріп, көшпенділердің бәрін қырғыз деген. Олардың ақпарларында үнемі көшпенділерді қырғыз деп көрсеткен. Бұл сөзді консул Балкашиннен тартып сөздері датқа жүретін бірнеше игі жақсылардан ұғып едім.

Бұдан басқа ешқандай анық дерек таба алмадым. «Қазах» деп, орыс тілінде ер, баһадүр адамға айтылатын болғандықтан сахарада өмір сүрген мұсылмандарға бұл сөзді қимай қырғыз деп атаған. Тарихи анықтама осы. Орыс ұлықтарының «мен қазақпын дегендерге түсін суытып, какой ты казак, ты киргиз» деп айтқандарының талай рет куәсі болғамыз. «Я казак» деп мақтанып, өздерін көтермелеп, «киргиз» деп қазақтың өз атын өзіне қимай кемітіп тұрғаны осыдан. «Мират-эль-Кайнат» кітабында «қазақ» деп әскердің жау жүрек басшысын айтады деген.

ҚЫРҒЫЗ БАЯНЫ

Қырғыз - Мансұр Халлаж әулеті деген елде аңыз бар. Хусайын-ибн-Мансур Халлаж лақабымен аты шыққан әулие адам уақиғалары жайында тарихи кітаптар да бар. Оны алдымен дарға асып, содан денесін күйдіріп, күлін желге ұшырған. Жел күлді өзенге түсіріп, көбігі ағып, су бетіндегі бір бауға сіңген. Бұл бау бір ханшаның бауы болып, қырық кәнизак және қызметші қыздармен сонда тұратын. Бұлардың бірі су бетіндегі көбікті көріп жалап көрген, дәмі татымды болып көрінеді. Содан басқалары да татып көріп, барлығының аяғы ауыр болып қалған. Хан бұл жағдайды біліп сұрастырса бәрінің сөзі осы, не айтарын білмей ақырында шаһардан шығартып жіберген. Бұлар тауларға кетіп, өз беттерінше

күн көріп, өсіп-өніп көбейеді, содан қырғыз атанған.

Біреулер қырық қызына нанып, көбігіне нанбайды. Хан бұл жағдайды білген соң тексеріп, араларында бір қызыл ит бар екен, содан келген пәле болар деген. Осыдан «қырғыз қызыл иттен пайда болды» дейтін жалған қағидалар бар. Мұның негізгі себебі Ферғанада хандықтың жиі ауысуынан болған. Билік қырғыздарға өткенде екіжүзділер олардың сеніміне кіру үшін өз ата-аналарын бір әулиеге не болмаса пайғамбарлардың біріне тірейді. Ондағы мақсаттары билерге, хандарға жақын болуды ойлайды. Кейін келе бұл жалған ақпарлар кітаптарға да жазылады.

Билік өзгеге өтсе көбікті «көпке» ауыстыра қояды. Сондай етіп тіпті неше түрлі болар-болмас риуаят - хикаялар жазып әуре болады. Қалай дегенмен бұл айтылғанның бәрі де жалған, жала сияқты екені өзі де көрініп тұр.

Қырғыздың тегі түркі халықтардың әуелгі көне тарауларынан шығып тарихтарға тіркелген. «Мират-эль-қайнат»-қырғыз

ды Яфас әулетінен түркілердің атақты бөлігі деп قری عن - қырғыз етіп жазған. «Шажрайы түркте» Оғуз ханның қырғыз атты бір немересі бар еді, соның нәсілінен тараған дейтіндер де бар. «Укя-нуста» қырғыз түркі халықтарының бір тармағы - адамның аты, ол Ғазна шаһарында бір үй салған дейді. Демек, қырғыз Мансур Халлаждан бұрын-ақ бар екені және танымалы қауым екеніне талас жоқ. Бұлардың ең тарихи шындыққа келетіні «Шажарайы түрктегі» Оғуз ханның немересі деген анықтама Оғуз хан татар-монғол тарихында да келтірілген.

ДЕРЕКТЕМЕ (ИСТИДРАК) (автордың өз түсініктемесі)

Бәфүй (өздерінен басқа) халықтарының әрқайсысына қазақ билері өз білгендерінше өз ережелеріне сай ерекше үкім шығарса да шарифаттан асып алыс кетпейді, сондықтан оны ешкім де айыпқа санамайды. Бірақ бұл күнде, ол билердің көпшілігі бұрынғы өзі тұтқан жолдарынан айырылып, өздерінің ептеген білгендерін де ұстамай екі жолдың ортасында қалды. Бұл тарихтан бір-екі дәуір ілгерірек, яғни 60-70 жылдар бұрын Түркістанда болған

билердің, әкімдердің тұтынған жолдарын ойға алып таразыласақ, бұл тайпаның билері ғажап әділетке бейім болғандығын байқауға болар еді.

Бүгінге дейін билер әр іске бар қабілет ынтасымен қарап, тіпті бұрынғыдан да асып түсіп жатушы еді. Бірақ басшылары лайықсыз болғандықтан үкім шығаруға тәуекел ете алмайды. Оларды орағытып кетуге жүрексінеді.

Қазақ билері бұл күнде шарифат жолын тұтпай, өздерінің бұрынғы білгендерінен де айырылып жүргендерінің себебі, бұлардың далада жүріп білімнен кенже қалғандығы. Екіншіден, Ресейге әскерге барудан тартынып, Қазақстан арқылы Ташкент, Бұхарға дейін қашыпжүрген және ауылдардағы жасырынып өтірік молда болып жүрген ноғайлардың кесірі. Себебі олар өз білгенінше аңғалдығынан мұнау шарифат деп жұртқа түсіндіргендіктен қараңғы халық бір сөзін теріс демей нана берді. Осыдан «шала молда дін бұзар, надан сопы ел бұзар» деген қағида пайда болған. Әр жерде әртүрлі кереғар дәлелдемелер шыға берген соң 1858 жылы Орынбор муфтиі үкіметтің үлкен жиындарына қатынасып, ел ішін реттеу үшін указной молда сайлатып, патша өкіметінің бұйрығы шығарылды. Ол молдалардың істерін тексеріптұру үшін округ ахуны, облыс ахуны және мухтасибтар (есепші) тағайындалды. Бірақ бұл тағайындалған кісілердің көпшілігі указной молдадан білімі артық емес. Сондықтан бұл реформаның (ислахат) пайдасы шамалы болды. Сонда да болса қазақ ауылдарына әр болысқа бір-бірден ноғайдан молда тағайындатып алу үшін ақша жинап беріп Уфаға қатынасқа шықты.

Молдалар күймелермен желдіртіп, указдарын алып, мойындарына шынжыр баулы сағат салып тойлап қайтқандай болып келіп, кетіп жатты. Низам (ереже) бойынша туу туралы куәлік дәптер, туған, өлген, неке, талақ, сияқты істі тіркеп отыру үшін арнайы қағаздарымен рұқсат алып келді. Бұл сөз біреуді мақтау, біреуді даттау емес, хақ сөз құлақ салуға керек.

Қағаз алған молдалар сондай бір істер істеді: онымен не дінді, не дүниені ұстай алмайсың. Бір адам өлсе указной молда болмаса, яки оның атынан біреу бармаса жаназа оқымай кейбір жағдайларда өлікті сасытып, обалына қалмайық деп біреулер жаназа оқып, қойса, ол адам қуғынға ұшырайтын болды. Оны - указной молда қайда жүрсе де тапсырып алып жазалатып, штраф (бодау) төлетіп, (айып төлетіп), әуіре ететін болған соң, тіпті жаназаға ешкім жоламай, указной молданы қай көрге кіріп кетсе де іздеп табу ақы иесінің мойындарында үлкен бір борыш болды. Указной молда

келген соң, мәйіт иесіне ерік бермей молдаға зәкет етесің, підияға мынаны бересің, құранға мынаны ұсынасың, жаназаға мұны төлейсің деп ойына келгенін істейді. Тіпті, қашан болса да бір өлім деп хал үстінде жатқан адамдардың підияларын тірілей алуға айналды. Бұған бір мысал келтірейік.

Бір адамның атасы ауырып қиын жағдайда жатқанда пәленшенін өлігі сияқты шіріп, сасып, бейнамаз (жаназасыз) қойылмасын деп, ат жетектеп указной молдаға келеді, указной оған бір шәкіртін қосып береді. Шәкірт басында жалпақ үкілі қалпақ, белінде күміс белдік, қалтасында шақша, өлеңдетіп жырлап ауылдан шығады. Жолшыбай жолдасына былай дейді:

- Сен пәленше, мен барған соң атаң өлсе жақсы, егер өлмесе, бұл ыстықта келгенімнің жазасын саған тарттырамын.

- Бұл сөзді естіп, әлгі бейшара атасының өлім қайғысы есінен шығып «құдай-ай атам өлсе-өлсін, мынаның дертіне душар қыла көрме» депті.

Қазақ әуелде көп еңбектеніп молдаларын алса да, соңынан өкініш етіп, әбден арланғандықтан ақындары өлеңге, әйелдері жоқтауға қосып, указной молдаларды ел ішінен қууға айналды.

Ел ішінде жесір деп, әйелдерді ескі заманнан мирас алу әдеті бар. Бұл қазақ ішіндегі үлкен бір маңызды мәселе болған еді. Молдалар бұған шектен тыс қатты араласқан еді. Ерлі әйел бір есептен өкпелеп, мен ерімді сүймеймін, бастан-ақ риза емес едім, арманым пәленше еді десе, лезде өз ерінен айырып, екінші біреуге жетектетіп жіберуші еді. Ерге шықпаған қыз, мен атам берген кісіге бармаймын, жасымда бермекші еді, енді бой жеттім, есім кірді десе болғаны, басқа ерге беріп жіберіп, олардан пара олжалады. Бұлар осылайша көпке тиетін зиянның зардабынан гөрі бас пайдасын артық көрді. Бұл указной молдалар ешқандай шарифатпен санаспай, ақыл парасатымен таразыламай, ешбір низамға салыстырмай тамағынан өткендеріне алданды, адалдықтан бүтіндей бас тартып, ардан жұрдай болып, ақшаның келер жолына көз тігумен күндері өтті. Осылайша Қазақстанды ат шабатын алаңдай тоздырды. Жергілікті жерлерде аздаған көзі ашық оқығандары болғанымен, келген указной молдалардың тозаңы бұларды басып кетті. Халықтың указной молдаларының үстінен берген шағымдарына ахун, мұхтасибтер құлақ аспады. Сөздерін ілтипатына алмады. Орынбор мүфтиі де өз дәрежесінде көріне алмады. Себебі указной молдалардың ісін ахундарға тапсырғанда, тексеру барысында адалдық айтылмады. Себебі олардың указной молдалармен жемтігі бір еді. Сол үшін муфтиге указной молдаларды ақтап мәлімет түсіреді. Өкімет

болса, халықтың муфтиден, молдалардан әбден безер болғанын көріп отырып, рухани іске үкімет мекемесі араласпайды. Низамда бұл жоқ деп, указной молдаларына дұрыстығын айту былай тұрсын астынан от қойып, үстінен үрлеп, олардың істеген кәсібке өздері мәз болып, рахаттанып отырушы еді.

Жергілікті ел молдалары белдерін берік буып, намыс жалауын көтеріп неше жерден арыз жазып, ақшалар шығындап, ақырында муфтидің қабылдауына жетіп, осылайша он жылға жетер жетпес өлгендерге билік жүргізген указной молдаларға тиым салынды. Осының нәтижесінде алдыңғы өздері ұстаған қағидаларынан айрылып, мына бүгінгі шариғаттан да ештеңе білмей қалыпекі ортада қалып қойды. Бұл екі ортада ел арасында дінсіздік туды деп, указной молдалар уағыздауға шықты, ал халық, әсіресе қазақ халқы муфтиден бас тартты. Молда керек емес деді. Осылайша діннен безді деп айыптау басталды. Бірақ мен бұл сөздерге қосылмайтын себебім указной молдалардың істеген істері, адам шыдап тұра алмас шектен шыққан, халықтың намысына тиетін, қорлайтын, көрмегендер нанбайтын бір ылаң қылмыс болды.

Қазақты айыптап жүргендердің қаншасын көріп жүрміз, сәл іске дауласып шариғат үкіміне риза болмаса үкіметке жүгіреді. Жер мен өлім дауы барлық ұлттарға бірдей бола тұрса да бұлардың қасында қазақ үшін бәрінен зоры әйел дауы. Сол үшін көп көңіл бөлуді талап етеді. Әр нәрсенің уақыты, орны бар. Бұрынғылардан қалған «жылы-жылы сөйлесең жылан іннен шығады, қатты-қатты сөйлесең кәпір діннен шығады» деген нақыл бар. Егер молдалар халықты аз-аздап көндіріп адамгершілікке бастаса, халық мұншалықты ашынбас еді. Өздері де азық тауып, бала-шаға, ұрпақтары да дәурен сүріп жүрген болар еді.


Талақ тастау хабары айтылғаннан кейін, әйелге үш кезең ғиддада (сенімде) отыруы міндетті. Яғни әйелдің етек кірінің үш рет қайталануына дейін үйінде отырады. Құранның аятында көрсетілген мұндағы мақсат, ғидда мезгілінде кейбір семьялар қайта табысып кетеді және осы кезеңде әйелдің аяғы ауыр екендігі анықталады. Құранның осындай тиым салуына қарамай, указной молдалар ғиддада отырған әйелді өзгелерге жетектетіп жіберу сияқты сорақылықтары да болған. Кейіннен ру, ел болып бұл қазаққа әдейі жасаған қастандық деп дәлелденіп, указной молдалардың кетуіне себеп болды.


ҰРАН БАЯНЫ

Қазақ халқының «ұран» дейтін сөздері бар. Бұл «орнат» деген сөзден алынған. Қыздыру, жиналу, қайрат беру мағынасында айтылады. Бұл тайпалар көмек шақыру орнына, я аллаһ, әуелде болған пәленше бабамыз сияқты біздің бағымызды үстем ет деп жалбарынып өздерінің атақты батыр, ел бастаған зиялы адамдарының атын атап, айқайлап шақырады. Әр рудың өзіне тән ұраны болады. Егер өзге тайпалармен ұрыс-қақтығыс бола қалса, «Алаш, алаш!» деп шақырады. «Алаш» қазақ, ноғайға тән тіпті жалпы өзбек ұраны деседі. «Алаш» дегенде мағынасы «ей, Алынша хан әулеті, тайпа-тайпа боп бөлінсек те негізінде бәріміз, бір Алынша хан қауымымыз» дегені. Дегенмен, кейде «алашпысың, ағайынбысың» деп алашты бөлек, жат мағынасында да қолданады. «Алаш» сөзі ағайынның қайсында айтылса «жат» мағынасын береді. Ал ноғайдың жеке ұраны «ұр махаббат!» дейді. Қазандықтар «Улуғ Мухаммед» ұранын да қолданған. Себебі ноғай аты осы кісімен байланысты пайда болғандықтан ұранымыз да Улуғ Мухаммед ханынан шыққан болар. Біздің ноғай халқы өз ұранын ұмытса да қазақ мұны мойнымызға (ноғайларға) қояды. Олармен талассан неше түрлі хикаямен дәлелдер келтіріп ауыз аштырмайды. Дәлелсіз бір ойды теріске шығарғаннан, дәлелді бір нәрсені мойындаған артық дейді.



Төре ұраны «арқар», бұл «уақор» сөзінен алынып, мағынасы араб тілінде намысын, арын қорғау деген түсінікті береді. Демек төрелер әр істе сабырлы да төзімділікті таныта біледі. Сондықтан есіне түсіріп тұру үшін осы ұранды таңдаған. «Түйе аяғы маймақ, төре аяғы таймақ» дегендері де осыдан, яғни шыдамдылық көрсетуде төрені түйеге ұқсатқан. Бірақ соңғы кезде бұл ұрандар ұмыт қалып, әр қазақ рулары өз алдында бір ұран, әр төре бөлек ұран қолдана бастайды. Мысалы, Шұбар тулы төренің ұраны жеке болғанымен кейінде жалпы қазақ, ноғайға бірдей «алаш» ұранын айтса, «арқар» ұранымен жалпы төре бірдей көтеріледі.


Бөлек, жекелеген ұран болғаны сияқты әр рудың жеке-жеке таңбасы да бар, оқи, жаза білмесе де таңбадан жаза баспайды. Мысалы найман таңбасы шөміш «О» осы сияқты, керей таңбасы «Х» ашамай, арғын таңбасы көз «о о», бура таңбасы босаға «П»,

кіші жүзден жаппас таңбасы мынау»«І», жалпы төрелер таңбасы мынау «Ш», басында «шах» сөзінің белгісі болу керек, анығырақ болу үшін «ш» әрпінің орталарын созған  - ш. «Шах» -

 мұндағы соңғы әріп «х» емес «h» екені ескеріледі. Таңбалар осылай жалғаса береді.

Сарт ұраны—«көк мазар». Машһад (Мешхед) қаласында «Машһур» деген көк күмбез бар. Күмбез ирандықтарға ғана тиісті болғанымен қазақтар оны иран, туран, үндістан, түркістандықтардың бәріне қатынасы бар екендігін айтады. «Сарт» атауының негізгі түбірі «сард»- арабша сөзді ұластыра тізіп, жұмсақтап, жылы сөйлеу мағынасында. Шынында бұлар өте кішіпейіл, қарапайым, мәдениетті, тілдері таза, ашық сөйлесетіндіктен сарт деп аталса да бұл мағынаны басқаша түсініп кеткен. Егер

«сард»  осылай, «» соңы жазылса «халыс», таза,

өтірік-жалғаны жоқ» мәнінде (айтылады,  деп жазылатын болса қылмыс, «масқара» мағынасында болады. Қазақ халқы араб, рум, дүнгенді ажыратып, айырып, жекелеп атайды да, өзге оңтүстік халықтарын жалпы «сарт» дегені сияқты, солтүстіктен келген татарлардың бәрін: башқұрт, төмен, тибтардың бәрін жалпылама «ноғай» деп атап кеткен.

НОҒАЙ ҚАЗАҚ БІР БОЛЫП АЙРЫЛҒАНЫ ЖӘНЕ АТАЛУ СЕБЕПТЕРІ

Жоғарыда айтылған қазақтың «ноғай, қазақ бір кісі, қазақ, қалмақ бір кісі» деген нақылы негізсіз емес. Екінші бір себеп Сарайдағы татар хандарынан Қазанның негізін қалаған, қаланы салдырған Улуғ Мухаммед хан інісі Кіші Мухаммед ханмен әке орнына таққа таласып уәзірлер інісін жақтап кеткенін біліп, ұлуғ мындаған татар-монғол әскерімен бұлғарларға кетіп, жергілікті халыққа хан болып Қазанды салды. Бұлар жергілікті халықпен қаны араласып, екі жақтан пайда болған әулет ана тарапынан бұлғар,

ата жағы татар «науғайн»³² аталатын болды. Кейіннен ноғайға айналған. Олай болса ноғай ханы бұлғарда бір қоспа, қазандықтарда екі қоспа, шала қазақта үш қоспа шығады. Себебі бұлғарлар негізі түрктің сақалибаға (славян тұқымдарына) араласуынан пайда болған «бұлғар» сөзі «қоспа» деген мағына береді, кейіннен татармен араласуынан «ноғай» шықты. Ноғайдың қазақпен араласуынан «шала қазақ» тумалары пайда болды. «Уәл-ғажамукуфу, бағзиһим-ли-әннәһум зойяғу әнсәбәһум» дейтін тарихта сөз бар. «Ғажам» — адамзат даму барысында нәсілдердің өзара араласуы көптеген алғашқы тайпалардың жойылып кетуіне соқтырды» деген мағынада. Ғажам-ажам бір сөз, арабтан басқа шығыс халықтарына, әсіресе түркілер мен парсыларға да айтылады. Екіншіден, кезінде өзара араласып жүрген тайпалар өздерінше ерекше дараланып ат қою әдеттері болған. Мысалы, парсылар - «әкдаш», «Түркіменді» - «қалған» мағынасында аталғаны жайында «Жуғрофия-и кабирде» көрсеткен. Жеті ықлым елдерінің алтыншысы - түркімендерді «шалғура» деп атайды. Арабтардың арасында «мустағраба» деп аталатын тайпалары да түркіден, болмаса басқа тайпалармен араласуынан шыққандары жөнінде айтылады. Қай елденсің, руың кім десе пәлен жерденмін деп, руын емес жерін айтатын болғандықтан, негізінен шын таза бәдеуи арабтарында қазақ пен қырғыз сияқты әлі де ру аттары сақталған. «Мират-эль-Кайнат» кітабында Кимари-ибн-яфастың Бұлғар, Танус атты екі ұлы болып, қазір ол жерлер (Бұлғарстан) халқы, соның нәсілі дегені де бұлғарлардың сақалибалармен аралас екенін теріске шығармайды.

Улуғ Мухамед ханмен бұлғарға барған татарлар Қырым мен Сарайда қалған татарлар бәрі Шыңғыс ханның қауымы, қазақтармен монғол, татар етене араласқандықтан ноғай-қазақ бір кісі, қазақ-қалмақ бір кісі дегенін ешкім теріске шығармайды. Улуғ Мухамед ханның Қазанда билік еткен жылдарының есебі түзілген. Сол санақ бойынша Қазанға Улуғ Мухамедпен бірге жүз мыңнан аса әскери қол еріп келді. Сондықтан Қазан татарларының науғайын екені рас, тарихи шындық.

Аз жылда осынша елмен тікелей араласқандықтан мұнда халық саны өте тез өседі. Осындай елге бас болып отырған ханмын деп улуғ Мухамед ханның масаттанып той жасағаны тарихтан белгілі. Бірақ хан өлген соң қауымы арасында алауыздық басталып,

³² Науғайн — арабша екі нәсілдің араласқан тумасы.

өзара соғысып, екі жақтан көбі адам құрбан болды. Сондықтан «Ұр махаббат» хан өлгенде, он сан ноғай болғанда» деген сөз халық аузында әлі де бар, сол тарихтың куәгері. Қадым тарихтарда «ноғай» атауы ешқандай кездеспейді, тек он екінші ғасырда соңғы жазбаларда ара-тұра «науай-татарлары, науғай, ноғай» деген жазбалар осы сөздің растығын дәлелдей түседі. «Ноғай-қазақ айрылған күн» деп аталатын қазақ домбырашыларында бір күй бар. Екі ханзаданың айырылған заманында шыққан болу керек. Өте зарлы. Күйдің шығу тарихы былай болған.

Кіші Мухамед Улуғ Мухамед ханнан Сарайды тартып алып өз жеңісін тойлап, атақтыларға қонағасы беріп жатқанда бір зарлы күй тартылады. Мұндай зарлы үнді хан естімеген екен. Бұл қандай күй дегенде-«екі ханзаданың айрылғаны» деген күй деп жауап берген. Сонда хан ағасымен арасында өткен араздыққа өкініш білдіріп, бес күндік жалғанда ағамды да өлтірмекші болдым ба деген ойда қалады. Улуғ Мухамед ханды ұстап келуге жұмсаған әскерлерін қайтарып, тіпті болмаса қашығырақ қуып жіберуге әскер жібермек болып отырған екен. Осылайша Кіші Мухамед ойынан қайтып, бұл хабар ағасына да жетіп, ол да кешегі інісіне деген өкпесін ұмытып, осылайша Қазанды салған. Тарихта тумалар осылайша бір-бірімен елшілік арқылы өзара көмектесіп тұрған. Шынында сол күй өте ғажап, естіген адамның көзінен еріксіз жас шығады. Ноғай, қазақ, татарлар домбыра тартады. Тақпағы сол заманнан қалды деп, күй соңында оны да айтады. Бұл сөз де ноғай-қазақ бір екеніне дәлел. Сарай халқының сахаралықтары - Жәнібек хан заманында қазақ атын алған деседі.

Қысқартып айтқанда, ноғай-қазақ екеуі де Шыңғыстың қауымы татар-монғол болғанымен тегі бір, тек екі ханзада себебімен Қазанға барғаны «ноғай», Сарап маңындағы көшпенді татар-монғолдар «қазақ» атын алған. Түрлері кейде ақ, кейде сары болуы көрші орыстармен [...] араласуының әсері. Ал Улуғ Мухамед ханның билігі он шақты жыл шамасы ғана болғандықтан, бұл уақыт аралығында оның жаңа қауымы болған ноғайдан тұрақты әскери қол ұстауға жарайтын адамдар шыға қоюы мүмкін емес еді. Олай болса «он сан ноғай болғанда» деп аталатын соғыс бұлармен емес, Улуғ Мухамед ханмен бірге барған әскерімен болған уақиға. Бұл сұраққа жауапберуді өзге ізденуші шәкірттерге тапсырамыз. Сұраққа жауап қиын емес, ал бізге негізгі өз әңгімемізден ауытқымауымыз керек.

НОҒАЙ АТАУЫНА ҚАТЫНАСТЫ ЕКІНШІ ДЕРЕК

Нур-эль-ғайын сөзінен ноғай сөзі шыққан деседі. Бұған дәлел, Мұхаммед пайғамбар заманында екі-үш сахаба рұқсатпен бұлғар еліне келіп тәуіпшілікпен айналысып, көп адамға шипалық жасаған. Ресей патшасының да қызы ауырып оған ем қонбай жүрген екен, бұлардың атағын естіген патша емшілерді шақыртады. Келген соң емшілер патшаға шарт қойған, егер қыз шипа тапса исламды қабыл етесіз депті. Патша келісім береді. Қызды моншаға кіргізіп қайың жапырағымен сабалаттырып көрсеңіз жазылады деген екен. Күн қыс мезгілі. Қайыңның көк жапырағы жоқ, табылатын емес. Сонда сахабаның бірінің қолындағы асасы қайың екен «бисмиләһи» деп жерге шаншығанда қайың өсіп, соның жапырағымен емделген қыз ауыруынан айығады. Қураған ағаш беймезгіл уақытта жапырақ жарып шығуын, емдеуден қызының айыққанын көрген патша бұл тегін тәуіп емес деп, түгел елімен исламды қабылдаған. Кейін, бұлар Мәдинеге қайтқанда пайғамбар бұл хабарды есітіп, риза болғаннан Нуру Ғайни деген атақ берген. Бұл «көзімнің нұры» деген сөз. Бұл сөз кейіннен «Ноғай» атауына өзгерген. Соның үшін Хаммамды-монша деп атау, қайың жапырағымен сабалану біздің ноғай халқына әдет болып кеткен. Монша сөзі «муғжизадан» алынған (муғжиза-керемет). Кейбір кітаптарда Хаммамды отқа табынатын «жәмшид» заманында пайда болған десе де аты монша болмай келе-келе өзгерген.

Пайғамбар заманында тікелей біздің уәлаяттарға арнайы мақсатпен кісі келгені туралы хабар болмағанымен, әр түрлі себептепмен ол жақтан жалпы қатынас болғандығын тарих мойындайды.

Жерімізге арабтардың алғаш қадам басып исламды өзге түркі тектес халықтардан ерте қабылдағандығы, осы риуаятты қуаттай түседі. Олай болса, «Нуру Ғайни» атауы кейінгі Халифаларының біреуінің аузынан шыққан болу керек. Себебі араб әскері төрт Жардың (төрт Халифасы - Әбу Бахир, Омар, Оспан, Али) заманында-ақ Дербент қаласынан шығысқа өткені жайында тарихы «Тобариде» т.б. тарихи деректемелерде жазылған.

Ислам хандары атында көне теңгелер табылғаны да осы ойымызды дәлелдейді. Мәдинәлік Мұстафа әфәнді айтып еді. Қазанға алғаш келгенімде бір орыс мені кемеде көріп, мұнау кім деп сұра-

ды. Адамдар, бұл араб деп жауап берді, ол орыс кісісінен бір динар шығарып маған көрсетті. Сол динарда - «Бұл динар Булғар елінде 760 жылы соғылған, келесі бетінде алланың Халифасы Амир-эль-мумжин - сүлеймен заманында» деген текст жазылған екен. Жұрт осы динарды көрген соң құндылығын біліп, бәрі жабыла маған сат деп, 50, 100 теңге ұсынғанымен ешкімге бермеді. Бұл динарды Булғар шаһарының қирандысынан бір әскер тауып алып оған екі данасын 30 теңгеге сатыпты. Бірін Петерборға жіберіп, біреуін өзі алып қалыпты, мөлшері Осианилар (сол кездегі халық арасында айналымда жүрген алтын ақша) алтынынан біржарым есе үлкен екен. Бұл динар Булғарлардың сегізінші ғасырында, тіпті, әуелі мұсылман болғандығына дәлел болып бағзы тарихшылардың Булғарларды Халифа Мамун заманында, яки Муктадир Бимәһ мұсылман болды дегенін теріске шығарар еді. Мұстафа Әфәндінің бізге жазып көрсеткен тексінде «Алланың Халифасы деген сөзі бар. Ол Улемая Әмірлерінен, яғни Әмір Сулеймен болу керек. Мүмкін соның заманында Булғарлар мұсылман болып, Сулеймен атына динар соқтырған болар. Әмір Сулейменнің заманы жетінші ғасырдың соңы болғанымен, динардағы көрсетілген уақыт одан 70 жыл кейін. Осыған қарағанда басқа әміршінің аты болуға тиіс, демек ол Булғарлардың өз әміршісінің аты болар.

Бұл айтып отырған Сулейменіңіз, «Мұстафа дул Аһбар» кітабында көрсетілген. Алмаз ханның атасы Селки хан емес пе екен деп ойлаймыз. Селки ханның мұсылман болғандығы мағлұм емес. Сонда да мына динар оның мұсылман болғандығын айғақтайды. Бірақ динардың жылы онан да ілгерірек. Себебі «Мұстафа дүл Аһбардың» нақылына қарағанда, Алмас хан Муктадир Билләһ заманында болған. Муктадир төртінші ғасырда, Селки хан Алмаз ханның атасы болғандығы, яғни оның үшінші ғасырда өмір сүргендігі анық. Ал динар екінші ғасырды көрсетеді. Олай болса, бұл динар екі әмірдің біріне де тиісті болмай, менің ұстазым Ахун қазірет, Булғарларды сегізінші ғасырда мұсылман болған деп есептейді. Бірақ бұл анықтаманы динардың берілгені теріске шығарады. Халқымыздың біздің жерге сахаба келді деген **ауызша** деректердің шындық екенін **дәлелдейді**. Біздің Ахун қазіретіміз өзгелер сияқты, әр естігеніне сеніп, әр білген хабарын жазып отыратын әдеті жоқ. Әр сөзді тексеріп, әр ойды екшеп, тарихтарда **сенімді** кітаптардан көрмесе инабатқа алмайтын кез келген һикаяға құлақ аспайтын кісі еді. Егер жаңағыдан динар, біздің Ахун қазіретінің алдына түссе, одан бір мағына шығарып, үлкен бір хабар алған болар еді. Бұл біздерге сүйеніш болушы еді.

Жоғарыдағы сахабалар заманында, мұсылман болған Булғар ханы, сол хандардың алғашқысы болмай, Әмір Сулейменнен бұрын да мұсылман болған хандар өткен болу керек.

Мамун Халифаның туған кезі 763 жылы робиг әуел айында, 801 жылы дүние салған. Муқтадир Бимәһ 865 жылы туып 904 жылы қайтыс болған.

Ноғай атауына қатысты [...] бұдан басқа да тарихи деректер бар. Мысалы, Хайролла Әфәндінің тарихында ноғай атымен бір бектің соңында ерген қауым осылай аталып кеткен дейді. Басқа тарихи деректемелер өздерінше анықтаған. Бірақ олардың барлығының негізгі шындыққа жақыны біздің айтып отырған деректеміз. Яғни «Нуруғайни мен науғайын» деген нақыл көшірмелер шындыққа жақынырақ.

МЕШЕРЛЕР (НОҒАЙ РУЛАРЫНЫҢ БІРІ)

Улуғ Мухамед хан таққа отырған соң, Ресейге бір бекпен мыңдаған әскер жөнелтті. Бұлар келген бетте Ресейдің шекарасына, қалың орманға орналасып, бір берік қамал салып «Мишазар» деп атаған. Бұл парсыша атау «орманды, тоғайлы» деген мағынада. Соңынан «Мишжар», одан келе-келе «Мишар-мешер» деп өзгеріп кеткен. Улуғ Мухамед хан өлгенше бұл бекініс бектің қарауында және «бектің» аталып тұрған. «Мишжарға» қашып, билікті өз қолына алған соң «карман» деп атын өзгертті. «Карман» сөзін қанша адамнан сұрап ешқандай дерек ала алмадым, тек Молда Мир Ғазиз деген ақ- сақал былай деп еді: Қасым хан Мишжарға барған соң Махмуд хан оған жылы лебізбен елші жіберіп бірлігіміз бөлінбесін, маған қарасты хан болып ел шетіне иелік ете бер. Егер бас-басымызға тәуелсіз ел боламыз десек, бірліктен айрылып, елімізді жау алады деп ақыл айтқанды. Бірақ оған Қасым құлақ қоймады. Жок, мен өзімшебөлек ханмын, сенің керегің шамалы деп, хат жазғанда «кирам» сөзін (парсыша) қолданған. Оны түсінбеген халық «елшіге хан не айтты» деп мұнда мешерлер, онда қазандықтар, сұраса «кирам» деді деп, оған өздері де түсіне алмай содан уақыт өте келе «Карман» пайда болған.

Мир Ғазиз Бұхарада оқып, қазақ ішінде өскен. Көзі ашық мешер болатын. Тілі еткір, сөзі дәлелді болғандықтан аса көп адамдармен сөзі жараса бермейтін, сол себепті сөзге сараң, басқа-

лармен онша қосыла қоймай өз бетінше жүретін. Бұл кісі 1893 жылы дүние салды, ұрпақтары Жойсаң (Зайсан көлі) бойында тұрады.

Қасым хан осылай шаһар атын Қарман қойып Мишжар билігінің иелігінен де асып, басқа да біраз жерлерге иелік етіп, Ресейге арқа сүйеп, Қазанға қарсы тұра бастады. Қазан хандығы өз ханы Улуғ Мухамедтің күш-қайратымен әжептәуір ел болып қалғанда оларды бөліп әкетті. Қасым Махмудтан қорқып Ресейдің қолтығына кірсе, Ресей де оған ауадан уәде, тозаңнан тілхат беріп аяланың алды есебінде шаһарды ханның өз атымен «Касимовский» деп жазып жатты. Келе бере Карман-Касим шаһар аталды. Мешер халықтың лақабы болып кетті. Қасым хан сол күннен-ақ алалықты бастады. Ресеймен келісіп Қазанды да алуға ұмтылды. Ресей болса үнемі Қасымды осы мақсатына итермелеп, көмекке уәде беріп, арандатумен уақыт өтіп жатты. Қасым өлгеннен кейін де оның осы арам ойын ұрпағы жалғастыра берді.

Нәтижесінде Қазан мен Мешер арасына дұшпандық пайда болғандығы соншалықты, тіпті бір-бірін жек көретін болды. Осылайша аз уақыт ішінде мешерлер киім, тіл жағынан орысқа тартып, қазандықтар оларға қарағанда қазаққа бейімделіп, қарапайымдырақ болған соң адамдар бұлардың жынысы бір деп ойламайды. Бұған қарағанда мешерлер орыстармен ертерек араласқан деген ойға, нақтылы қорытындыға келесің. Бірақ мешерлердің қазандықтармен түбі бір екеніне дау жоқ. Бір тарихшылар мешерді өзге жақтан кірген десе, тағы бірі арабтан шыққан еді деп те дауласады. Оған арабтарда «Бонул-Мишжар» руы бар екенін «Уқи-янушта» жазылған деп көрсетпек болады. Бірақ арабтан бір рулы ел келіп түркі болды деген ешқандай дерек жоқ. Бұрыннан келе жатқан анықтама болмаған соң бүгінгі әулет қанша ойбай салғанымен пайдасыз, бірақ сонда да осыншалықты болғанына шүкір ету керек. Аздаған білетін адамдарын кім де болса сыйлағаны жақсы.

Хабар берушінің айтуымен «Мишазар» болып жазылды, болмаса парсыдан гөрі араб тілін қолдануды ноғай жағы артығырақ көреді. «Мишжардан» мешер болды дегені ұтымды шығады [...] Бірақ «Жаһоннамада» Карман Яфас уәлетінен тараған тұқымдар бар, осы ру атындағы шаһар маңында жер тепкен. Бұлар әр жыныстан тұратын фин тайпасымен араласқан. Бұл тайпаны құрама халық деп атаған.

ҚАРА НОҒАЙЛАР

Улуғ Мухамед хан өлген соң үшінші ұлы Жақып өзіне ерген біраз ноғайларымен шығып, Сарай қаласына жақындайды. Содан Жақып өліп, қауымы Сарайға қарап, Астраханның атрауын жайлап, соңынан сонда қоныс теуіп, бұларды «қара ноғай» деп атады. Бұлай аталуына үш түрлі себеп болды. Біріншіден, өз ханы Махмудтан безіп, өкпелеп, қара көңіл болды деген, екіншіден, Қазаннан кетумен «сахрауи — сахаралық, қарауи — қаралық, яғни ауылдық» аталып, өзбек тілінде қалалық тұрғындарды «ақ», далалық көшпенділерге «қара» деп ат қою әдеті болған. Мысалы, ауыл халын «қара халық», жалпы қазақияға «қара казак» дегендері де осыдан еді. Үшіншіден, қазандықтарға қарағанда шынында олардың өңдері қоңыр еді. Енді «ноғай» десе болды қазандық екенін түсініп, «қара ноғай» десе Астрахан халқы деп ескерткендері. Ал ақ, сары деген ешқандай қосымша атаулар болған жоқ. Қастары қаламдай қиылып тұрғандықтан қара қас ноғай деп те айтады. Меніңше олар Сарайға қайта келіп өз аталастарына қосылғанымен Қазанда ноғай атанып қалған соң, өздерін таныту мақсатымен сарайлықтар бұларды даралап атаған болу керек. Ал Қазандағы халық ешқайда бармай өз жерінде отырған соң «қазандықпыз» деп қана қанағат етеді де ноғай дегенді айтпайды. Бұл мәселе жөнінде хабарсыз адамдар астрахан халқы ноғай, ал қазандықтар ноғай емес деп таласады.

Сөздің қорытындысында адамдар кім қандай пікірде болғанымен, бұл үш тайпаның (астрахандық, қазандық, мешерлер) түп төркіні Ұлығ Мухамед ханнан басталады. Бәрі бір тектес халық. Жоғарыдағы деректерді молда Мир Ғазизден басқа Абдрахман Ғабайдуллин (лақабы Сары молда) деген аксақалдан сұрап жазып алып едім. Бұл кісі үш рет қажыға барған, 1891 жылы төртінші рет қажыға барып Арафатта 84 жасында қайтыс болды. Бұл кісінің кім екеніне ешкімнің анық көзі жетпейтін, себебі бұл орысша да арабша да өте таза сөйлеген. Бірде Шәуешекте Шишемуров Ресей консулының алдына алып кіргенде ол мені тілмәш етті. Шыққан соң өзіңіз неге сөйлеспедіңіз, тілді енді қай жерде пайдаланасыз дегенімде, орысша сөйлеуден қашып, енді қазақ болдым дейді. Қажыға кетер сапарында Бахтада бірге жатып, жоғарыдағы жазған деректерді қайта сұрап анықтап алдым. Осынша дүниені қайдан

білдіңіз дегенде, Ресей тарихынан оқығанмын деді. Бұл кісі біз тумастан бұрын Аягөз елінде болып, атамыздың қолында тұрып қазақ болып жазылып, семіз найман арасында өмір кешкен. Қаншама қазақ-ноғай балалары бұл кісіден тағылым алғандар кезінде дәрежелі адамдар болды. Ол кісі біздің үйге жылына бір-екі рет қонақ болып кететін. Бірде ретін тауып сұрақ бердім:

-Қажы баба, бізді алақаныңызға салып, қанатыңыздың астында өсірдіңіз, бір сұрағым бар, шыныңызды айтасыз ба?-дегенде,- ол сұрағыңды біліп тұрмын деді.

- Білсеңіз, баян етіңіз,- дедім.

- Менің негізім кім екенін сұрамақшысың,- деді.

- Ия, дәл үстінен түстіңіз,- дедім.

-Менің кім екенімді қайтесің, атыма дұға ет, мен қажыға кетіп барам, сүйегім сонда қалсын,- деді.- Онан әрі қазбалауға дәтім бармады. Тілегені қабыл болып сүйегі сонда қалды. Әкем марқұм ол кісіні Саратовтан келген мешер деген еді. Бұл анықтаманы онымен бірге Қажыға барған Ғарыпжан қажы да қостайды. Бұл кісінің білімділігіне орыс та, мұсылман да таң қалатын, сырттай жұмсақ, іштей қатал кісі еді. Мешер уақығасын консул Балкашиннен сұрағанымда жоғарыдағы айтылған қағидаларды анықтап берді, оған қоса Қасым хан әулетінен екі бала Москвада оқып христиан болып кеткендігін және өзінің сол нәсілден екендігін айтты. Кейінірек консул Балкашинге³³ Шәуешек туралы айтқанда қайта ораламыз.

ҚЫРЫМ НОҒАЙЫ

Қырым - жер аты. Тарих былай дейді. Қадым замандарда Ақ теңіз бен Қара теңіз арасында бұл күнгідей бұғаз емес, құрлық болған. Сол құрлықта бір үлкен шаһар бар, қорғандары берік. Ешбір шапқыншы оны басып ала алмаған. Бір патша (біреулер оны Ескендір дейді) бұл шаһарды жаулап алмақшы болғанымен шамасы келмеген соң, бір сыры бар шығар, соны білу керек деп, кейпін өзгертіп қалаға кірген. Шаһар патшасы әйел екен. Оның қолында бар патшалардың суреті жинақталғандықтан, сырттан келген мына

³³ Балкашин—Қытайдағы Ресейдің елшісі, арасына үзіліс салып үш рет елші болады.

адамды танып тұтқындаған. Соңынан оны бұл шаһарға келмейтіндей шартпен босатады. Бұл патша уәдесінде тұрып әскерін кері алып қайтты. Бірақ екі теңіз аралығындағы мойнақтың жерін қазып, арасын қосып осы жердегі тұрған әйел патшаның шаһарын суға алдырған. Стамбул бұғазының басы осы жер, Мрамор теңізінің пайда болған жері осы шаһардың орны.

Қара теңіз Ақ теңізге (Мрамор теңізі) қосылғаннан кейін, Қырым жарты аралы ашылып қанша уақыт тақырға айналып Қырым атанған. Қырым тақыр деген мағына береді. Содан тұрғылықты халықтар жер жағдайына байланысты саптиян етік, яғни тақыр теріден тігілгендіктен Қырым деп аталып, содан қазақ бұл құрым етік деп атап кеткен. Сонда бүгінгі күні жері құнарлы тіршілік жағдайына бейім болғанымен, аты бұрынғы жер бедеріне байланысты сақталып қалған.

Ескендір заманынан бері осылай қалған жерге Шыңғыс әулетінен Тоғай Темір хан татар-монғол әскерімен келіп жаулап алды. Бұлар да жергілікті халықтармен араласуынан бүгінгі халық - Қырым татарлары пайда болды. Бұларды ноғайлар демейді, ертедегі қалыптасқан Қырым татарлары деген атау толық сақталып қалды. Әуелгі жазылған үш тайпа ноғайдан ноғайлығы бөлек болса да татарлығы бір. Түрік тайпаларымен араласуынан Қырым татарлары мұсылман болды. Автор бұл қырым татарларының қалған тарихын өзге қалам иелеріне аманатқа қалдырды.

Төмен мен Тары татарлары да негізінен Түркістан, Бұхара жағынан келген ұлт өкілдерімен араласқан, ескіден қалған ғұрып бойынша ноғай атауына қосылмайды. Бұл халықтардан да оқыған, көзі ашық адамдар болған. Мысалы, Хажы Ниғматулла Әфәнді байлығымен де, білімімен де аты шыққан, тарихқа ерекше ден қойған адам. Бұл кісінің арқасында көп тарихи деректер жарық көрді. Өз қаржысына мешіттер салдырып, көптеген кітаптардың неше мың томдығын уақф³⁴ ретінде діни мекемелерге (мешіт, медресе т.б. сақталатын тарихи дүние ретінде) тапсырды.

³⁴ Уақф—арабша (тоқтау). Көпшілік пайдаланатын, мирасқа берілмейтін және сатылмайтын мүліктер.

БАШҚҰРТ

Башқұрт тайпасы Өзбектің бір бөлігі ретінде аттары тарихта ертеден бар. Өз алдына теңге соқтырып, хандық құрғандығы жайында дерек жоқ. Қырғыз-Қазақтың манап төресі сияқты кантон деп аталатын әміршілері бар. Бірақ олар өз алдына тәуелсіз емес, көрші мемлекеттерге тәуелді болып отырған. Башқұрт атауына байланысты әр түрлі қағидалар бар. Парсыша қасқырды «гөріг» деп атайды. Түркілер қасқырды өз тілінде - құрт деп атаған. Бұлар жаужүректігінен қасқырға теңеп, құрт деп атап оның ерлігін дәріптеу үшін алдына «бас» атауын қосып, біріктіріп «басқұрт» деген. Кейіннен, айтыла келе татар тіліндегі «баш» атауы қолданады. Негізгі атауы «Басқасқыр» Башқұрт - парсыша гөрік, түркіше - башқұрт, қазақша - басқасқыр.

Қазір бұл тайпаның адамдары көзге ірі, толық болып көрінеді. Араб тарихтарында «к» әрпінің орнына «ж» әрпін қолданып, яғни өз тілдеріне бейімдеп бұл атауды «Башжұрт» деп атайды. Молда Заһреддин Қажы деген саяхатшының айтуына қарағанда «Башқұрт» аталуға себеп болған тарихи уақиға, үш адам қыстыгүні сапарға шығып жолдан адасады. Содан бір қасқырдың ізіне түсіп жүре беріп ел тапқан. Алдынан шығып қайдан жүрген жансындар деп сұрағандарға басшымыз қасқыр болды деп жауап береді. Осыдан барып басшысы қасқыр, түрікше құрт болғандықтан «башқұрт» атауы шыққан. Демек, жанағы адасқан үш жолаушы башқұрттың атасы болып шығады. Сіздің ноғай-қазақ ішінде «құрт» деп уақ жәндіктер- ді айтады. Көне парсы тілінде кішкене деген мағынада болған «хурд» сөзінен алынған. Бұл «башқұрт» атауына лайық емес. Ал қазақтарда қатықтан жасалған «құрт» дейтін тағам да бар. Бұл үлкен тайпа Ресейге бағынғандықтан атты қазақ әскеріне алынды. 1870 жылдан бастап Ресей бұл тайпадан солдат ала бастады. Хижраның 1000 жылдығынан бастап (1580 григориан календары бойынша) башқұрт халықтары Ресей ықпалына кірген. Ауыз екі хабарларда және Мұстафад-Әль-Ахбар кітабында да тарихи анықтамасы осы. Башқұртты кейбір халықтар «естек» деп атауы ноғайды - татар, орысты - қацаптар, қазақты - қырғыз деп атаған си якты ортақ лақап атау.

Тибтар тайпасы айтуларға қарағанда ноғайға жақын башқұртпен қатар қосылып айтылатын зейіндері аса қабілетті бір нәсіл. Тибтар атауының қайдан шыққанын ешкім анықтап айтып бере алмады.

Тек қана жоғарыдағы аталған молда Заһреддин олардың орысша аты «пропущенный», яғни қазақша «кірме» деген ұғымды береді. Бірақ бұл орысша атаудың мағынасы жағынан да, аталуы жағынан да тибтарға қатысы жоқ. Тек аталарының атымен ғана «тибтар» аталуы мүмкін. Бұлардың өзбектен тарағандығына талас бар, ал түркіден тарағанына негіз бар.

Сібірдің Обь өзенінің бойында Ноғай халқынан тараған Бараба деген бір тайпа ел мекендейді. Бұларды біреулер құрама дейді, енді біреулер өз алдына бір тайпа деген талас пікір бар. 1580 жылы мұсылман болған. Бұл хабарды Бараба Ғалым деген бір саудагер Аягөзге келіп, біздің әкеміз бен Юсуар абзига осылай деп ақбар берген. Бараба халқы сауатсыз болғанымен өте діндәр келеді. Бараба Обь өзенінің бір саласы.

НОҒАЙ - ҚАЗАҚ

Қазақ халқына қатысты - алаш, өзбек, татар, қазай, үш жүз аты қолданылғаны сияқты, ноғайларға - бұлғар, татар, ноғай, қазандық, астрахандық т.б. деп айтумен бірге түрік, сахалиба деп атау да қолданылған.

Сақлаб-ибн-Яфас-ибн-Нух пайғамбардың әулеті Еділ өзені бойында мекендегені жайында тарихтан белгілі. Тарихта бұлардың арасында Хазар атауы да бар. Хазар атауы олардың өз сипаттарына қарай арабтардың қысық көз деген сөзінен алынған. Бірақ бұл тайпаның аталуына қатысы жоқ. Себебі біздің әрқайсысымызға көзімізге қараса осы атау лайық болар еді. Болмаса біздің халқымыз татар десе неге ашуланады. Бұған екі дәлел бар: біріншіден, өз нәсілінің татар екенін білмей, онын мағынасына да түсінбей, татар деген «Мәжүс» (путқа табынушылық), дінсіз халық деп, соған ашуланады. Екіншіден, татардың ислам дінінен бұрын болғанын бәрі біледі. Сол бұрынғы жағдайымен салыстырғанда тағы ұнамайды.

Шыңғыс ханның қауымын татар деудің себебі мұнау: Сүйініш деген татар ханы монғолдармен соғысып, олардың хандығын қиратқан. Кезінде 5-6 ғасыр бойына монғол аты аталмаған, ол ауызда да, қаламда да татардың аты жүрген. Соңынан монғолдар жеңіп татарды өздеріне бағындырғанымен татар атын жоя алмаған.

Сондықтан ноғай-қазаққа бірдей татарды айтпай-ақ, тек монғол дегені дұрыс. Монғол мен татардың екеуінен де мұсылман болғандар бар. Бірақ ислам дініне бірінші болып кірген монғол хандары болғандықтан, дінге кірушілердің ішінде татарларға қарағанда монғолдар басым болған. Бірақ татарға қарағанда монғол деп айтқаны құлаққа ауырырақ естіледі. Себебі татардың аты бұрын шығып, құлағымыз үйреніп қалған. Ал монғол аты мәжүстерде қалып, әдетте ұсқынсыз және әдепсіз адамға мұқату үшін айтылғандықтан білетін құлақ естігенде қиналады.

Қазақтар өзара әңгімесінде барлығымыз бір мұсылман баласымыз дейді. Бұл жалпы мұсылмандарға ишарат жасағаны. Екіншіден, туыстық жағынан баршамыз алаш ұранды ағайынбыз, баршамыз өзбек ханның ұлымыз деп, ноғайлармен өздерінің туысқандығын білдіреді. Үшіншіден, баршамыз бір қазақтың баласымыз, баршамыз үш жүздің ұрпағымыз деседі. Бұл сөзбен ноғайдан бөлініп шығады. Төртіншіден ұлы, орта және кіші жүз деп тағы да өзге тұқымдастарынан дараланады.

Өткен тарихи деректердің қорытындысы, қазақ тайпалары, әуелі Алынша ханның екі ұлы - Манғсұл, татардың, одан қала берді Шыңғыс ханға ерген қауымы.

Бұлардан алғаш мұсылман болған Береке және Ғазан хандар, бұларға еріп қаншама монғолдар мұсылман болды. Қазақты үш жүзге бөлген Жәнібек хан.

САЛАУАТ, ЕРЕЖЕ, БИ ҰҒЫМДАРЫНА ТҮСІНІКТЕМЕ

Қазақта қайдан екені белгісіз «салауат» деген бір сөз бар. Пәлен жылғы дау-жанжал, шешуі қиын мәселеге тірелгенде, оны енді қозғамау мақсатымен «өткен іске салауат» деп тоқтау салады. Бұл өз алдына ереже саналып, оған қарсы тұрған адам айыпты болып есептеледі.

Өз жиындарында сатылатын малдардың да бағасы келісіледі, сонымен бірге төбелескен, өзара тілі тиген, сөккен адамдарға да үкім айтылады, жаза тағайындалады. Осының бәрі Қазидың алдына бармас бұрын келісіліп, дәптерге тіркеледі. Бұрынғы кезде мұндай мәжілісті топ жиыны деп атап, шарт

келісімдерін тек ауызша айтып қана тарасатын. Бұл жиналысқа мүмкіндік болғанша барлығы қатысуға тырысады. Қол қойылған келісім өте маңызды мәселе болса бір малды құрбандыққа шалып, қолдарын қанға малушы еді де тілек- дұғаларын айтатын. Мұндай тілек-батаны құдайдың мөрі деп түсініп, уағдаларының орындалуын өте қатты қадағалайтын. Мәжіліс соңы бір ала жіпті кесумен аяқталатын болған. Егер ала жіпті екі жақ шорт кесіп тарасса, онда осы жиында қаралған мәселе шешілді деп есептеліп, кейбір жауапсыз қалған іс екінші жиында айтылмайды, мәселе толық шешілді деп есептеледі. Жіп кесілмей тарасса мұндағы қаралған мәселе бітпей, кейінгі жиынға қалдырылады, бұл даулы мәселенің шешілуіне екі жақ та риза еместігін білдіреді. Ала жіпті кесудің де өзіндік мәні болған. Жіпті міндетті түрде қара-ала киінген қаршық (кемпір) кесетін болған. Онда даулы мәселе толық шешілді деп есептелген. Егер қаршық кеспей басқа кесетін болса, даулы мәселе жалғаса береді деп түсіндірген. Сондықтан, қазақтар ала жіпті құрмет тұтып оны аттамайды, аяқ асты етпейді. Біреуді ақтаса да біреудің ала жібін аттамаған деп «сөздің соңғы түйіні» қойылған. Осындай айтылған антына қазақтың берік болғандығы соншалықты, даудағы келісім шарты ешқашан бұзылмаған. Ел, ауыл арасындағы даулы мәселе осылай шешілген. Ал кезінде ел арасындағы үлкен жиынды «сияз» деп атаған. Оның қарарларын қағазға түсіріп, мөр басып шешім қабылдағаны болмаса іс бітпей-ақ тарқамай жатып дауласып, кетісіп жатады.

Төбе би сайлау әдеті болған. Төбе би екі жақтың билерінің үстінен қарайтын бақылаушы, екі жақ келісе алмаса Төбе биге жүгінеді. Бәрінің үстінен қарайтын үкімет адамы ояз болады. Қытаймен өткізілген «сияз» жиынында Ғалдай деген бір мансап иесі қатысады. Ол жиынға қатысушыларды дәптерге тіркеп отырады, соңынан оған мөр басылып, қол қойылады.

«Ереже» (арабша - ражжа) сөзінен шыққан болу керек, мағынасы «қозғалыстың тынышталуы». Демек, жиналған қауымның да осылай айтыс толқуларын тыныштандырып, соңында ын тымақ-бірлікке тиянақтау.

Арабта екі адам дауласқанда біреуі «солла-ғалан-нәби» десе нәбидің, яғни пайғамбардың құрметіне таласты тоқтатып «салауат» етіп дауды аяқтайды. Басқаша айтқанда, «даудың орнына пайғамбарға салауат айт» деген сөзге қарсыласы жауап бермесе, мұсылмандарда бұл ауыр күнәлі деп есептелген. «Салауат-

тың» екінші мағынасы бар, «пәленше салауатты кісі екен» деп оны үлгі ретінде пір тұтады, айбынды етіп көрсетеді, «пәленшенің салауаты басты», яғни айбары, сұсы басты деген сөз болады.

Түркілердің мансап иелерін «би, бек» атаған. «Бибектен, бек-бүюктен» қысқарған атаулар. «Бүюк-үлкен, зор» мағынасында айтылған.

ҚАЗАҚ АРАСЫНДАҒЫ СӨЗДЕР

Қазақ арасында араб, парсы тілдерінде қолданатын, атаулар көп кездеседі. Ондай атаулардың ішінде біреуі бірнеше мағына беретіндері де көптеп қолданылады. Мысалы, етін жейтін әр бір жануардың төліне жеке ат қояды: бұзау, құлын, лақ, қозы, бота дегендей. Етін жеуге болмайтын хайуан төлін бәрін бір-ақ сөзбен «күшік» деп атайды, бірақ қоян төліне «көжек» дегенде не сыр бар, жоғарыдағының біріне қоса салса болмас па еді деп осыны тексергенде анықталған мәселе мынау болды. Пайғамбар қоянды жемеймін де, тиым да салмаймын деген екен. «Күшік» десе арамға шығып кетеді. Қозы, лақ сияқты атаса біржолата адалға шығып кететін болды. Сондықтан «көжек» деген сөз ғана осы қиындықтан шығарған. Кірпіні қазақ «кірпі би, кірпі шешен» деп атайды, парсыша «хар пушт». «Би мен шешеннің не қатысы бар деп анықтағанда түйгенім мынау. Сүлеймен пайғамбар осы патшалық, иелігімде мәңгі қалсам деген ойға келген екен. Сонда құдай тағала Жәбрейіл періштеге бір кесе су беріп Сүлейменге апар, осыны ішсе мәңгі жасайды, бірақ түгел қалыққа жариялап кеңесіне салып, содан кейін ішсін деп әмір еткен. Айтқандай, көпке судың сырын айтып ішсем бе, жоқ ішпесем бе деп тұрғанда түгел махлуқаттар ішіңіз дегенде, кірпі тұрып:

- Ей, патша, рұқсат етсеңіз менде бір сұрақ бар,- дейді. Рұқсат алғасын «бұл суды сіз жеке ішесіз бе, жоқ жаныңыздағы түгел дос-жаран, бала-шағаңызбен ішесіз бе» дегенде,- мен жеке ішуім керек болып отыр»,- дейді. Сүлеймен пайғамбар. «Олай болса мен ішпеуге кеңес берер едім, себебі дос-жараны, қатар-құрбысы жоқ жерде сізге дүние қызық болмайды, олардың әрбірісі өлген сайын күйігін тартасыз» дегенде осы кеңесті мақұл көріп, түбінде өлімді

өзім іздесем, ол маған бұйырмаса шынында ішудің қажеті жоқ деп тоқтаған екен. Содан бері кірпі жоғарғы лақаптарды қосып алған екен. Бұл әңгіме аңыз да болса, күнделікті тіршілікте кездесетін шындықтың сарыны бар.

Шөже торғай деген кішкене ғана бір құс бар, өзі бармақтай-ақ, заты сөзшең торғай, шешен торғай. Бұлай аталуының себебі, бір аңшы бөдене, шіл аулауға тұзақ құрады екен. Бірде осы торғай тұзағына ілігіп қалыпты, не істерін білмей «жарайды, несібем осы болса қайтейін» деп үйіне алып бара жатса торғай:

- Сен мені жеп қарның тоймас, онан да мен бір ақыл айтамын егер босатсаң, дейді. Бір емес, екі ақыл тағы айтамын,- дейді. Аңшы шынында мұны жеп береке таппаспын, онан да сөзін естийін деп келіседі. Сонда торғай:

- Бір сөзді естісең рас деп нанба, жалған деп таласпа, ақыл таразысына салып лайық көрсең бір жағына шығарарсың,- дейді. Уәде бойынша торғайды босатады. Ол бұтаға қонып отырып:

- Ей бишара, менің ішімде бір қымбат бағалы дүр жатыр еді, оны алсаң мың алтын болушы еді, текке 20 мысқал дүрден айрылдың,- дегенде, аңшы «аһ» деп ішін басып, есі ауып кете жаздайды. Содан, аңшы есін жиып, үшінші кеңесінді айт дегенде, торғай:

- Ей ақымақ, саған ол кеңестің қанша керегі бар.

Алдыңғы кеңесімнің пайдасы болса менің он мысқал дене-ме 20 мысқал дүр қалай сияды деп ойлар едің, оның орнына «аһ» деп күйіктен өртеніп кете жаздадың,- деп ұшып кете барыпты. Сол үшін ол сөзшең торғай, онан шөже торғай атанған деседі.

Көне сөздерді қазақ мақал дейді, мәтел де осы мағынаны береді. Тағымды-тәжім, қағиданы-кеде, мәкәнді-мекен, лафз-лебіз, санад-санат, жәдәл-жан-жон, бұндық-мылтық, жарақат-жара, әжәл-ажал, парсыша жаллад-желдет, әзәл-ежел. Ежелгі дос жау болмас - шірініште хаты бар, ежелгі дұшпан ел болмас - көңілінде даты бар. Шірініш-сыр - Науиш-сырлы жазу (Науиш - парсыша жазу).

Ежелгі дос жау болмас, айтысқан оның сыры бар.

Ежелгі дұшпан ел болмас, көңілінің кірі бар.

Қазақтың Ресейге жаңа бағынған кезінде арғын елінен Жанақ есімді ақын найман еліне келеді. Астында бір жақсы шұбар аты бар. Бірнеше дуан ел жиылып үлкен мәжіліс болған. Сонда Жанақ атымен келіп ұлық-ардың алдына түседі. Бір дәулетті жігіт топ ішінде отыр екен. Жанақтың аты есінеп аузын ашқанда, тілінің түбіндегі қара қалына көзі түседі. Енді осы қалды себеп етіп дауламақшы болады. Жігіт аттың алды-артына бір шығып пәлен жылғы

жоғалған менің атым деп дауласа кетеді. Иесі айтады, жаңылысып тұрсың, бұл пәленше байдың өз биесінен туған құлын дейді. Жігіт менің бір белгім бар. Тай күнінде ұры тіс шығып соны суырғанымда, көзім түскен, тілінің астында қара қалы бар, егер сол қалы болмаса сенікі болсын дейді. Сол сөзге байлау жасап тексеріп қараса жігіттікі дұрыс екен. Жанақ ештеңе айта алмай, бұл пәленше байдың өз биесі мен айғырынан туған. Бірақ маған да дәлел болсын, осы шұбар, менің жоғалған атым деп алланың атымен ант іште алып кете бер дейді. Ол ант ішіп, шұбарды жетектеп кеткен. Жанақ, ат әбзелін алып, отыра қалып:

Жанын берген Жанақтың, Шұбарын жер,
Мына адам бұл Шұбарды менікі дер.
Жаксы атыңды жалғанға сатқан жанды.
Бір қудай өзің біліп жазасын бер,-

деп бетін сипайды.

Ол күндерде адамдар күлдәрі белбеу, яки бүтін ақ, көк матадан белбеу байлап жүреді екен. Жігіт белбеуін шешіп, бір ұшы белінде, бір ұшын аттың мойнына байлап жетелеп алып кетті. Барар жолында бір кішкене бұлақ бар екен. Жігіт бұлақтан аттап өткенде ат тар- тынып қалып, жігіт шалқасынан құлап түседі. Ат үркіп, сүйреп-алып тастан тасқа соғып тірі қалмақ түгіл сау сүйек қалдырмады. Сонда халық бұл адам жалған ант ішіп осындай пәленге жолықты десіп иман айтты. Енді, атыңды ал дегенде жалғаншының жазасын берген аттың үстіне менің ер салғаным жарамайды деп, Жанақ сол жігіттің асына сойғызып жіберді.

Қазақта жесір «әсир» деген сөз арабша «тұтқын» деген сөзден алынған. Ері жоқ әйел басы бос болғанымен қазақта өз ықтиярымен ерге бара алмай, ерінің жақындарының бірімен некеде тұруы керек. Бұл үлкен заң, халық дәстүрі. Қайын, қайынаға, әмеңгер түркі-парсы сөздері, ол сақтаушы, өз ықпалында басқалардан қорғаушы деген мағынаны береді.

Белгілі бір, ауылдың ұзақ сапардан қайтқан адамын «самалық» деп, оның әкелген сәлем-сауқатын «самалдық» деген. Дәстүр бойынша самалдықты ең бірінші қарсы алған адамға береді. Әдетте, мұндай «қонақты» қарсы алушылар негізінен балалар болған. Сонымен қоса құрғақшылық жылдары әредікте шыққан бұлтқа да жаңбыр жаусын деген ниетпен «самалық» айтқан деседі.

Қазақ халқы кітап көрмей, оқып, жазбай-ақ, тек ауыздан ауызға айтылып келген [...] естіген сөздерін ұмытпай келе жатқан-

дарына дәлелдер көп. Сол үшін бұлардың көне хабарларына қашан да құлақ асу керек. Тарихын, нәсілін білмек болғандар олардың хикаяларына, аңыз-әңгімелеріне сүйенуі керек. Қарт, қариялары бар жастарға біздерден өсиет. Уақыт өтпей тұрғанда олардың сөзін ұғып қалсын. Осыдан «Естуің болмаса да ескің болсын» деген екен. Олардың сөздерін өздерінше аударып-төңкермей сол күйі тыңдап алу керек. Тыңдап отырғаныңызда анда-санда «Е» деп қоймасаңыз мақсатыңа жете алмайсыз. Олай етпесең менің сөзімді көңіл қойып тыңдап отырған жоқ деп, біразын алып қалады.»

А яғозде ұстазымыз молда Мухамед Садық Хазіреттен есітіп едім қазақ халқы осынша қараңғы болғанымен сопылығы бар деп. Бірде жұртын аузына қаратқан бидің қалі нашарлап жатыр деген хабар тарайды. Содан елдің игі-жақсылары мен жақын-туыстары бізге не ақыл айтасыз деп биге кеңес салыпты. Сонда би:

- Мен 70 жылдан артық сіздердің жұмыстарыңызды істедім, жақсы-жаманын ажыраттым. Енді мен Өзірейілдің алдына кіріп барам, сендер көп болып, топ болып қалып барасыздар. Бірің білмесең біріңе кеңес саларсың. Ал мен жалғыз басым жүрмеген жерге, көрмеген елге кетіп барамын. Қайта білгендерің болса маған үйретпейсіңдер ме,- деп, сөзін аяқтапты.

Қазақта қонақасы деген жақсы әдет бар. Қонақ қыс, жаз болсын, күн, я түн болсын, кез келген уақытта құдайы қонақпын деп тура келген үйіне түседі. Оларда ешқандай реніш жоқ, төсегін салып құрметін көрсетеді. Егер бір кісіні қондырмаса ертесіне биге шақыртып жазаға тартады. Сондықтан қазақтар жолаушы жүргенде бір түйір азық салмай, қанша ұзақ жолдарға алаңсыз кете береді. Аты арып, киімі ескіргендей болса, бір лайықты адаммен достасып, бұның қажеті сол орында өтеліп кете береді. Ондай қажетін өтеген кісіге қазақ тамыр деп ат қояды. Келесі кезекте тамыр да бұдан өз керегін алып кете береді. Бұл дәстүрді «қолқа салу» дейді. Негізінде бұл дәстүр «қол-алқа» деген ұғымнан туған, қолдасу, көмектесу мағынасында айтылады. «Тамыр» сөзі «Уқиянус» кітабында «адамгершілік-хайыр-ихсан» мағынасында деп көрсеткен.

Ноғайлар қазақтың шаһарда отын-су тасып, ұсақ-түйек істермен әуре болып жүргенін көрсе, ол қазақ ноғайдың қашқан-пысқан, аузынан сөзі түскендерін көрсе бірін-бірі кемсітіп, келе-междей жөнеледі. Жақсылық жағына ой жүгіртіп әуре болмайды, өзара қадірін білмейді. Екі жақтың адамдары бірімен-бірі араласып, тұрмысын көзімен көрсе өз ойларының жаңсақтығына көздері

жеткен болар еді. Көзімен көрсе сырына қанық болып ондай теріс пікірге бармас еді. Сол үшін орынсыз бір-біріне мін тағудан аулақ болар еді.

Бір әзіл-әңгіме бар: заманымызға аты мәлім екі би намаз оқиды. Екеуі де денелі, толық кісілер екен, бірі кенет намазда жел шығарып қойған, бірақ өзі байқамай қалған. Намаз біткен соң екінші би қасақана жуан үнмен, пәленше, сен қараң суалғыр намазда тұрып жел шығарып қойдың, осы не қылғаның дегенде алғашқысы, ей пәленше, ақылың жоқ екен ғой. Құдай сенімен мені шұқыма-сын, шұқыса екеуімізден не шықпайды дейсің, онанда зоры шығады деп жауап беріпті. Мұндай астарлы әңгімелер қазақ халқының арасында өте көп. Бұл халықтың құдіреті, осындай астарлы сөз бастан асқанда, кімде болмасын қарсыласын мойындайды, сөзге жығылады.



4. ҚАЗАҚ БАБАСЫ (БАЯНЫ)

Өзбек атадан төменгі қазақ нассабшыларының (ата-атаға бөліп рулап тарата білетін кісілер) ескіде осылай аталған, арабша да «нассаб»-тұқым, ұрық деген сөздің мағынасы өз аузынан алынған.

Өзбек баласы Жалаңаш баба, оның баласы Қырғыз Шұбар, оның баласы Бұртай (Бөртай да болар), оның баласы Солай, оның баласы Қайың, оның баласы Байғотан үш жүздің атасы осы. Үш жүзге Қара Келімбет, Сары Келімбет, Ақ Келімбет деп әрқайсысының аты Келімбет, ал мансабы жүзбен бөлінеді. Қара Келімбет Ұлы жүз, Сары Келімбет Орта жүз, Ақ Келімбет Кіші жүз дейді. Ұлы жүзден Үйсін, Кіші жүзден Алшын туады. Үйсін ұлдары ішінде аршындысы Жалайыр, Алшын балаларынан ақылдысы Жаппас болған соң, атағанда аталарымен қатарластыра «Үйсін - Жалайыр», «Алшын - Жаппас», деп қосарланып айтылады. Қазақта «құрбы, тұрғы», деген екі сөз бар, «құрбы»- жасы қатар, «тұрғы»- қарама-қарсы, тұтас, деңгейлес адамдар. Мысалы, Үйсін мен Алшын тұрғыда бірдей, ал Жалайыр Алшынмен бір жылда туып, туысқан болса, құрбы деп айтылады, тұрғылас демейді (анығырақ түсіндіру үшін мысалы: Үйсін мен Алшын бір жылда тумаса да тұрғылас, яғни үлкендік атақ дәрежесі бірдеп, тіпті екеуінің арасы бірер жүз

жылға айырма болса да тұрғылас. Үйсінге Жаппас тұрғылас бола алмайды, тіпті онан бұрын, я кейін туса да тұрғылас емес, демек әрбір тұрғылас құрбы болуы, яки керісінше әрбір құрбы тұрғылас болуы шарт емес, шарт үлкендік деңгейінде.

Орта жүзден 6 ұл тарайды. Оны Алты Арыс дейді: Арғын, Найман, Қоңырат, Қыпшақ, Уақ, Керей³⁴, соңғы екеуі кіші қатыннан. Бағзылар Қыпшақ орнына Ұйғұрат дегенді айтып бір істе туыстарына өкпелеп, түркмен ішіне сіңіп кеткен десе, біреулер Жеті өзенге барып сондақалды дейді. Жеті өзенді қытайішінде қысыз, көбінесе жаз болып тұратын жер деп, қолдарын шығысқа сілтеп Асан Қайғыдан өзге адам бармапты дейді. Асан Қайғы Шыңғыс хан замандасы Майқы бидің алтыншы немересі деседі. Ұлы жүзде де бір Майқы би бар, бұл ол емес дейді. Асан Атаның мақал-мәтелдері қазақ арасында мәшһур. Ол кісі халық қамқоршысы, елі үшін жер-жаһанды кезіп, саяхатшылығымен де танымал болған. Заманындағы хандардың ісі де көңілін тыншытпай, уайымына уайым қосқан [...] Хан бір күні құс салып келіп мақтанып:

-Ата, құладыңды³⁵ қайырып аққу алғыздым,- дегенде,- Асан Ата:

- Құладың құстың құлы еді, аққу құстың асылы, қара билеп халқыңды, қор болар ханның нәсілі,- деп реніш білдіріпті. Және бір күні Асан Атаны шақырып:

- Ата, мен пәленді түген жерге бек қойсам қайтеді!-дегенде ол кісінің басшылыққа лайық емес екенін білдіріп:

- Тырнадан жасауыл қойсаң басыңнан қиқу кетпес, тексізден төре қойсаң, жұртың мұратқа жетпес,- деп ойын айтқанда, ханға ұнамай қалып, мәжілісінен қуып жіберіпті.

Осылайша Асан Атаны сарай ханы кеңестен қуған соң, ол Қазандағы Ұлуғ Мухамед ханның қасына барғаны кешірілген (нақыл етілген). Олай болса әдепкіде кіші Мухамед хан алдында Сарайда болып, соңынан Ұлуғ Мухамед ханға барған болып шығады. Қалай болған күнде де Асан Ата ұзақ өмір сүріп, көп хандармен болғанын, ол кісінің қай уақытта өмір сүргенін анықтаудағы таластың себебі де осы болса керек. Өйткені хандар оған үнемі «ата» деп сөйлейді. Ол кісінің өз аты Хасан, оны халық Асан Ата деп кеткен.

³⁴ Найманның, керейін орта жүздің Керейінен ажырату үшін қара керей деп атайды.

³⁵ Құладың - жыртқыш құс.

Орта жүз Алты Арыс, арабша «аарас»- бұтақ, бір адамның кіндігінен алты тайпа ел болып алдыңғы екеуі жүзден де басым болған, яғни арыс-бұтақ болып өркен жайған. Бұған дәлел ретінде «жапанда жалғыз бұтақты терек еткен құдайым, тамшыдан аққан бұлақты теңіз еткен құдайым» деп ұрпағының осыншалық көбеюіне ишаратпен мақтаныш еткен. Орта жүзден Қара қожа тақуалығымен Ақ Сопы, мырзалығымен Атымтай, әділеттілігімен Қазы деп аталған. Орта жүздің өзінен, яки баласынан Найман туған. Найманның баласы Өкіреш, бағзылар Өкіреш лақабы дейді, оған мынадай мәтел де айтады:

Өкіреш атты Найман-ды,
Картайғанда қыз кушып,
Өкіреш атын алғанды.

Найманның Шұбартай атты жалғыз ұлы болып жасында опат болған. Есті келін деп аталатын оның әйелі ерге шықпай қайын атасы Найманның қолында отырған. Бір күні атасы дәретке шыққанда зәрдің орны көпіріп қалған екен, оны көріп келіні атамның әлі бір балалық қуаты бар көрінеді деп, атасына әйел алдырған. Ол кезде қарттың жасы 90-нан асып кеткен, сонда әйеліне қосылып болған да қырылдап жатып жан берген. Соңында әйелі бір ер бала тауып атын Өкіреш қойған. Өкіреш өскен соң әлгі жеңгесіне үйленіп, онан Соқурше туған. Сол кезде Арғынның алты ұлы Шұбартай өлген соң жесірімізді аламыз деп, кезінде көп таластар, дау-дамай етіп, тіпті дау күшті болғаннан уәзірлер де екі дай болып, ханның өзі араласып, келісімге келтірген. Мұнан қазақта жесір дауы үлкен нәрсе және ескі заманнан келе жатқан жол, яғни дәстүр деп ұғу керек болады [...]

Найман дәуірі Орысхан уақытымен замандас болса керек. Әбул-Файз хан мен Байғара би тұрғылас деп есепке алсақ, әрі екеуі 14 атадан барып Найман мен Орысханға қосылады. Найманның келіні туралы қазақ арасында ұзақ тарихи жырлар да бар, оны бізге жеткізген ақын-жырау, ата-бабалар. Содан келе-келе, баласының аты - Өкіреш, әкесі Найманның лақап атына айналады.

Соқуршенің баласы Төлеғытай, онан Қытай, мұнан төрт ұл: Қара Керей, Төртуыл, Садыр, Матай. Қара Керейден Ерторы, Байторы. Ерторыдан Қызылум, Жиранум, бұдан Байсұйық, бұдан Семіз Найман, Семіз Найманнан бес ұл: бәйбішеден Мыңлыбай, Түбіт, ортаншы әйелден екеу - Жанғұлы, Жаңбыршы, кішісінен Қара Молда. Байторыдан: Тайлак, Жайнақ, Айрам, Майрам.

Айрамнан: Қожамбет, Манрамнан Байыс, Мақтапай (бұл қыз). Байыстан бесеу: Мұрын, Сыбан, Ақмәмбет, Мәмбет, мұның лақабы Қыржы (Қыршы, әлде Қарашы), қазір бір рудың аты боп танылған, екінші әйелінен Аллаберді, Алмамбе, Алмамбеттен **Шорантай туып**, одан Мұңайтпас, Төме. Мұңайтпастан Тоқмақ. Қазір Төме, Тоқмақ екеуі екі болыс ел, Аллабердіден бала жоқ.

Мақтапайдың ері Тоқтарқожа деген түркістандық, одан: Байжігіт, Жанжігіт туады. Тоқтарқожа өмірінің соңында Жанжігітті ертіп еліне кетіп, олардан кім бар-жоғын біле алмадық. Байжігіт анасымен қалып, қазір әулеті сегіз болыс ел болып отыр, Темір, Судур (Содыр), Бөнжун, Шәуешек, Бахта атырабында. Мақтапайды біреулер Байыс қызы дейді. Байыстың ұлы Ерсары мұның әулеті қазір Мұрын руы аталады. Мұрын Ерсарының бәйбішесінің лақабы, мұрны өте үлкен болғандықтан солай атап кеткен, өзі аты Ақбике. Мұрындар қазір сегіз болыс ел.³⁷

ХАНДАР НЕГІЗІ - ШЫҢҒЫС ХАН

Шыңғыс ханның шын аты Темучин, соғыс ғылым тәсіліне қарап-ақ «Жың аңкиз», яғни парсыша Жаһангир (әлемді алушы) лақабы қойылып, ол өзгеріп «Жыңғыз - Шыңғыс» болып кеткен. Біреулер оның анасы жас қыз еді, бұл содан туып «шын қыз екен» деп, қыздың ұлы деп атаған дейді. Шыңғыстан төрт ұл: Жошы хан, Шағатай хан, Укудай хан, Төле хан. Бағдадта Мұстаасим Билләх халифаны шейіт қылып, Аббасилер өкіметін құлатқан Төле ханның немересі халаку (Қулағу) хан. Ламалардың алдында өткен «Шыңғыснама»-ның анықтамасы деп кейіннен ислам тарихтарына лайықтап, балаларының аттарын өзгертіп (Сағадай, Ұнғудай, Кирсанжу, Кирдурма), жалпы монғол халқын (хандығы) кезінде-

³⁷ Мен осы кітапты жазып жүргенде жан-жақтан көп жақсылар мағаншежіре туралы естігендерін жазып, көшірісіп көмек етті. Бірақ мұнда оның бәрін сидырудың мүмкіншілігі болмады.

Тіпті Орта жүз туралы жинағанымды жазсам үлкен бір кітап болар еді. Мен осы еңбекке көмек көрсеткен достар мен туыскандарға, ұстаздар мен ғуламаларға көп қарыздармын. Мені бір жола танымайтын адамдар қайдан естігендерін білмедім, менің осы тақырыпта жазуға келісіп, іске кіріскенімді мақұлдап, құптап хат жолдапты.

гі Кирдің ұрпағы дейді Хабдук. Бұл Суркуту, Билкуту деген екі інісі барын жазыпты. Шыңғыста аяушылық жоқ, залым, пұтқа табынушы бола тұра Мәскеудің төрттен бірін тітіренткен. Оның қолданған заңтәртіптері өте қатал, тіпті кейінгі мұсылман болған тұқымдары да ескі ережелерін саясатына пайдаланған. Шыңғыс өлім төсегінде жатып, жақын туыскандарын шақырып бір байлам садақ оғын беріп, сындыр дегенде ешкім сындыра алмады. Шешіп бір-бірлеп бергенен бәрі сындырған. Бұл не жұмбақ дегенде, егер бірліктерің болса әркім сендерге азық, керісінше болса сендер әркімнің жемі боласындар деген. Оның ислам дүниесіне зияны орасан көп тиді, мұсылмандар мұндай азғын, залымды көрмеген еді. Нәсілінен Берке хан, Ғазан хан, Туған Тимур сияқтылар мұсылман болып, бабасының қиратқан елін-жерін гүлдендіріп, көркейтті. Кезіндегі Жошы тұқымы Сарай, Қазан, Қырым, Аштархан, Бұхара, Самарканд, Ферғана, Түркістан, т. б. хандықтарды басқарған барлық қазақ хандары осының әулетінен тарайды. Шыңғыс хан Азияның көп жерін, Еуропаның бір бөлігін басып, талай қаланы жаппай қырып, қаншама даланы өлікке толтырса да ешқайсысының діні араласпай өткен. Әмір Темір ғайры (өзге дін қауымы) дін дегендермен тіпті де ісі болмай несториан (насоро) дініндегілердің діні былай тұрсын, дүниесіне де зияны тимеген. Ал еуропалықтар дүниені ағартамыз, мәдениетке тартамыз деген сылтаулармен миссионерлер шығарып әр қадамда барған жерінің дініне қол сұғып, керек жерінде зорлықпен де өз діндеріне тартып, айла-әдістермен мал-мүлкін тасып әкету сияқты тірліктермен айналысқан. Осынша қылмысты істерін көре тұра олардың тарихшылары ұялмай әділет туралы сөйлеген болады. Шыңғыс пен Әмір Темірдікі қараңғылықтан болса, мына оқығандардың қылығын қалай деп ұқтырамыз?

Шыңғыс тұқымына Ілкі мұсылман болған Берке хан, себебі бір Күні Сарайдағы бөлмесінде жеке отырғанда бір мысық келіп үйдің төрінде тұрған Бұрхан, яғни пұт құдайының алдына қойған асты ішіп қойғанда, әйелі кіріп Бұрханның асы таусылғанын көреді. Бұрханның асы таусылғаны оларша үлкен жақсылық ырым боп есептеледі. Әйелі Бурхан асты ішіп қойыпты деген. Бурханға ас қою мұсылманша ас алдынан «бисмилләһ» айту сияқты, астың алдын Бурханға қойып, қалғанымен өздері тамақтанады. Хан сырттан қуаныш білдірсе де іштей ғажаптанып өздері жасаған бір жансыз нәрсеге ас қойып оны мысық ішіп кетсе де Бурхан ішті деп сенеді. Мен ғой көзім көріп тұр, көрмегендер жалғанға нанып

алданып жүре береді екен, бұл ақылды адамның ісі емес деп ойлап діндердің айырмасын тексерген. Оның ішінде ислам дінінің қағидаларымен таныса келе тарихтағы болған уақиғаны мойындап, мұсылман болған. Ол халқына осы жағдайды түсіндіргенде оған еріп неше мың адам монғол-татар мұсылман болды.

Разан ханның немере туысы Бидухан (әлде Байдухан) заманында, Табриз, яки хират (Герат) шаһарына уәли болған. Уәзірі Наурыз бектің айтуымен мұсылман болған, Наурыз дұрыс пікірлі, нақтылы ақыл жүйесімен таразылап, мұсылмандықты қабылдаған адам. Ол исламға енгенде 400, яки 600 мың монғол-татар «айын» дінін тастап мұсылман болды. Бұлардың шындап, табанды мұсылмандыққа бас июіне Өзбек ханның ықпалы болды. Сол үшін дін Өзбек ханнан қалған деген сөз бар. Өзбек, ибн Тұғрул, ибн Манку Темур хан, ибн Тоқан, ибн Жошы, ибн Шыңғыс. Өзбек хан 1296 жылдан 1324 жылға дейін Сарай ханы болады. Оның теңгесінің бірінде мынадай сөз бар: лә илһә-иллалләһ кәлимасы, екінші беті: ас-Сұлтан ол-Аазам (мәртебелі сұлтан) Өзбек хан. 1313 жылы.

ШЫҢҒЫС ӘУЛЕТІНІҢ БИЛІК ЕТУ КЕЗЕҢДЕРІ

Шыңғыстың үлкен ұлы Жошы хан. Ақсақ құлан - Жошы хан, жоқтау айттым осыған деген тақпақ қазақта мәшһүр. Жошы аңға шығып, бір жабайы құланды атып аяғынан ақсатып, оны ұстаймын деп қуып, достарынан озып ғайып болып кетеді. Жошының бес ұлы бар: Үрде ижн, Бату хан, Берке хан, Тоғай Темур, Шайбан хан. Бұлардан үшеуі хан болып, өзгесі хандыққа жетпеген, әйтсе де Тоғай Темур тұқымынынан көп кісі билікке жеткен.

Бірінші кезеңі Сарайды³⁸ салған Бату хан 1207 жылы таққа отырып, тұқымынан 17 адам Сарайда хандық етіп, соңы 1345 жылында Келдібек ханға жетіп, 138 жыл билік құрған.

³⁸ Сарай — хан ордасы.

³⁹ Мауароаннаһр — арабша, өзеннің арғы жағындағы жерлер. Кезінде араб тарихшылары Жайхун мен Сайхунның арасын осылайша атаған.

⁴⁰ Нушаруан — орыс тарихында Анушерван, парсы патшасы кезіндегі Маздак бастаған құлдар көтерілісін басып тастағанына қарамай «Әділ патша» лақабын алған.

Екінші кезең 1233 жылы Шайбан Жошы ұлынан басталып, бұның әулетінен 16 кісі хандық еткен. Соңы 1356 жылы Хайдар ханмен аяқталады. Бұл әулеттің билігі 123 жылға жетіп, көпшілігі далалықтарға билік жүргізді де бағзылары Мауароаннаһрдың³⁹ кейбір қалаларында хандық құрды.

Үшінші кезең Төле хан әулетінен Иранда 1249 жылдан соң Абақан ханмен басталып, сегіз кісі дербес, он кісі бірігіп қос өкімет құрып, барлығы 18 адам билік еткен. Ақыры 1342 жылы Нушаруан⁴⁰ ханмен аяқталып, бір ғасырдай билік құрған. Абақан хан Төле ханның немересі халақу баласы.

Төртінші кезеңде 1345 жылы Бату хан әулетінің үкіметі аяқталып, Шайбан хан әулетінен Хызыр хан Сарайда таққа отырады. Бұл әулеттен 16 кісі бар, барлығы хандық құрды. Соңында 1362-1663 жылдары Базаршы хан таққа отырып, билік кезеңі 20 жылға жуық созылған. Хызыр ханнан басқасы Сарай басында болмай, әрқайсысы әр жақта бір дәуірде хан болып, соңынан Сарай ханына қайта бой ұсынған. Хызыр хан, ибн Ибрәһим хан, ибн Полат хан, ибн Мангу Темур, ибн Бадақұл, ибн Жошы Бұқа, ибн Баһадур хан, ибн Шойбан, ибн Жошы, ибн Шыңғыс хан.

Бесінші кезеңі Хызыр ханнан кейінгі 117 жылға созылған билік- 1362 жылы Орысхан әулетінен басталып, 15 адам Сарайда хандық құрады. Бұл әулеттің соңғысы Шайх Ахметханмен 1491 жылы аяқталады. Бұлардың арасында Сарайда Орысхан әулетіне кірмейтін Токтамыс хан біраз хандық еткен. Орысхан, ибн Бадақұл, ибн Токқұлқожа, ибн Көнчік, ибн Сарыша, ибн Уз Темур, ибн Тоғай Темур, ибн Жошы, ибн Шыңғыс хан. Токтамыс хан, ибн Тойқожа, ибн Токқұлқожа болып Орысханға бұл әулет Токқұлда келіп қосылады.

Алтыншы кезеңде Аштархан хандығы, басы 1382-1383 жылы Құйыршық ханмен басталып, 1574 жылы Дәулетберді хан кезінде Аштархан хандығы Ресейге қарады. Бұл кезеңдегі 20 ханның билігі 190 жылға жетті. Соңғы билік Орысхан баласы Құйыршық ханмен аяқталады.

Орталығы Тобыл бекінісіне жақын жердегі сібір хандығының билігі жетінші кезеңге жатады. 1380 жылы Мұхаммед ханмен басталып, соңы 1600 жылы Ишм (Есім) ханмен аяқталады. Осы кезеңде 11 хан 200 жылдан аса билік еткен. Мұхаммед хан, ибн Али, ибн Бекқонды Оғлан, ибн Мангу Темур, ибн Бадақұл, ибн Жошы Бұқа, ибн Шайбан хан, ибн Жошы хан, ибн Шыңғыс.

Сегізінші кезең - Қазан хандығының билігі. Бұлғар патшалығы жойылған соң мемлекет біраз уақыт Сарай хандығы ықпалында болады. Соңы Кіші Мұхаммед хан мен Ұлұғ Мухаммед хан екеуі керісіп қалып, Ұлұғ Мұхаммед хан 1420 жылы шамасы Бұлғар мемлекетіне барып Қазан шаһарын орталық етіп, бұл нәсілден 14 адам салтанат құрады. Ақыры 1544 жылы Ядғар хан кезінде билік орыстарға қарады. Олар 121 жыл билік етті. Ұлұғ Мұхаммед хан, ибн Темур хан, ибн Құтлұғ Темур хан, ибн Орыс хан.

Тоғызыншы кезең Қырым хандығының өмір сүруі. 1440 жылдан хажы Гирей ханнан басталып, соңы 1798 жылы Бахты Гирей ханмен аяқталады. Жалпы 51 адам, барлығы 351 жылдай хандық құрған. Хажы Гирей хан, ибн Ғиясиддин, ибн Таштемір, ибн Мухаммед хан, ибн Хасан, ибн Хина, ибн Тулік, ибн Көнчік, ибн Уз Темур, ибн Тоғай Темур, ибн Жошы хан, ибн Шыңғыс хан.

Оныншы билік кезеңі. Қарман хандығы. Ұлұғ Мұхаммед ханның ұлы Қасым хан 1455 жылы Қарман хандығын жариялады, оларда 14 хан билік жүргізген. Ақыры 1677 жылы хандық Фатима ханымның тұсында аяқталады. Бұлар әуелі Ресейдің қорғауында тұрып, 222 жылдан кейін біржола қарамағына кіреді. Орыстар кармандардың ел басшыларын хан демей «княз» деп атаған.

Он бірінші билік кезеңінде Шайбани тұқымынан Мауароаннаһрда хандық құрды. Басы 1480 жылдан кейін Мұхаммед ханнан басталып, ақыры 1600 жылы Уәлиханның өлтірілуімен аяқталады. Барлығы 24 хан таққа отырып, жүз жылдан аса билік құрады. Мұхаммед хан, ибн Шах Будағ, ибн Әбілхайыр хан, ибн Даулат Шайх хан, ибн Ибрәһим хан, ибн Полат хан, ибн Мангу Темур, ибн Бадақұл, ибн Жошы Бұқа, ибн Баһадур хан, ибн Шайбан хан, ибн Жошы хан, ибн Шыңғыс хан.

Хорезмде Шайбани хан тұқымынан Араб хан әулетінің билігі 1498 жылы Жолбарыс ханмен басталып, 1820 жылы Шерғазидан аяқталады. Бұл хандық құрудың он екінші кезеңіне жатады. Барлығы 124 хан, 324 жыл билік етті. Содан соң билікті қоңыраттар алған. Жолбарыс хан, ибн Берке хан, ибн Ядғар (Жәдігер), ибн Темір Шайх хан, ибн Арабхан, ибн Полат хан, ибн Мангу Темур, ибн Бадақұл, ибн Жошы Бұқа, ибн Баһадур хан, ибн Шайбан хан, ибн Жошы хан, ибн Шыңғыс хан.

Мауароаннаһрда Аштархан хандығынан Шмамқұли хан [...] Уәли ханды өлтіріп, 1600 жылы хандықты алады. Бұл әулеттен Бұхара мен, Самарқандта жеті кісі билікке болып, соңы 1740 жылы Әбіл Файз хан шейіт болуымен аяқталады. 140 жыл билік құр-



ды. Бұл хандық құрудың он үшінші кезеңіне жатады. Енді билікті манғыттар иеленді. Имамқұли, ибн Дин Мухаммед, ибн Жансултан, ибн Мухаммед, ибн Мынғышлақ, ибн Чуак, ибн Мухаммедхан, ибн Темур Сұлтан, ибн Темур Қутлұғ, ибн Али Темур, ибн Қутлұғ Темур, ибн Тумған, ибн Абай, ибн Уз Темур, ибн Тоғай Темур, ибн Жошы хан.

Шыңғыс тұқымын түбегейлі тексеремін дегендер «Шажарайы түрк» (турк шежіресі) және «Мустафад әл-Ахбар» (пайдаланылатын ақпарлар) кітаптарына қарасын. Қазақ хандарымен есептегенде он төрт билік кезеңі өтеді. Бұлардың бәрі тек Жошы хан әулеті, сондықтан, Шыңғыс тұқымынан бұдан басқа да әулеттер хандық құрған. Мысалы: Шағатайдан қанша хандар болды.

Укудай ханның тұқымынан Күйік ханның елі Құмақ, Манрақ, Емел деген жерлерде болған деп «Шажарайы түркте» жазылған. Қазір Емелде Бунжун кирандысы Күйік хан ордасы болмады ма екен деп ойлана ойлана Жаздым. Бұрын қара қытайдан бір тайпа ел келіп, Емел бойында бір шаһар салған деп «Шажарайы түрк» тағы бір хабар айтады. Төртінші ұл боп есептелетін Төле хан әулетінен тоғыз адам Бажинде (Пекин) хандық құрған.

Шыңғыс хан әулетінің иеліктерін үш бөлікке бөліп: Ұлы орда, Ақ орда, Көк орда атаған. Ұлы орда Сарай хандығы «Алтын орда» деп те аталады, орыстар «Золотая орда», «Большая орда» деседі. Бұл орданың орны Еділ бойында, қазір Сариф дейтін бір бекініс. Ақ орда мен Көк орданы жалпылама орыс халқы «Малая орда» деп атаған, бұл ордалар туралы көптеген тарих кітаптарын қарап, қайда екенін тексергенде түйгенім: бұл екі ат Шағатай мен Угедей әулетінің хандықтарына берілген. Монғол-қалмақ тілінде «шаған» деп ақты айтады, Шағатайдың негізгі аты Шағантай, түрк халықтары «ақ орда» деп сонан қойған болу керек. Көк орда Угедей ордасына айтылса керек, монғолша Укудай, Ук орда мен Көк ордаға жақын, әрі Ақ ордаға **қарама-қарсы** атауға да жақсы. «Жаһоннамада» Көк орданы ұлы жұрттың сол жағындағы тайпалар хандығы дейді. Ақ орда Алатау шетіндегі ұлыс үкіметі дейді, демек Шағатай әулетінен Алатау мен Алутай (Алтай) жерлеріне, яғни Монғолстанға кім хан болған. Одан бұл өңір кеңейе келе Ақ орда, Ұлы орда болып, одан сырт қалып Дәшті Қыпшақта айналып жүрген тайпаларға Укудай хан әулетінен кім хан болса оған Көк орда деген атақ тағылған. Кейіннен бұл ордалардың хандары бір-бірімен араласып қайсысы ақ, қайсысы көк екені мәлімсіз болып кетіп, содан ұмыт қалған.

ОРДА МАҒЫНАСЫ

Орданың өзі өзбекшеде «патша отауы» деген сөз болып, ол қалада ма, далада ма хан отау көтерсе «орда» аталған.

Ұлы жұрт, яғни ұлы орда дегенге келеді, одан Сарай шаһары болу керек, алайда «Жаһоннамада» жазылғандай 1085 жылы опат болып ұлы Шыңғыс орнына болды. Патшалық орталығы Дарул (мүлік) Қаракорым, оны Ұлы жұрт деуші еді деп, ол қай жер, я мекенін жазбаған, ал естуімізше Шыңғыстың астанасы Ыстық көл орны еді, соңынан су басқан деседі.

«Ғияс әл-луғат» кітабы Қаракорымды түркі сөзі, ол Түркістан уәлаятындағы шаһар аты, бірақ қазір Түркістанда ондай шаһар аты естілмейді. Ыстық көлдің бір атауы Қаракөл еді. Қаракорым — Қаракөл атауларына жақын, бұлай болса ұлы жұрт дегені Ыстық көл орны болмақ деп жазған. Көлден шөлмек, қазан, пышақ, диірмен тас сияқты нәрселер табылуы оның орны ескіде қала болғанынан ишара етсе керек. Адамдардың аузында бір жоғалған шаһар бар, оны «Даһмайи шоһон» (патшалар қабірі) деп атайды, бұл да Қаракорым Ұлы жұрт атауларына кереғар емес. Егер бұл атау дұрыс болса Ыстық көлдің орнында әкімшілік орталық болғаны анық. Сарай қаласын Ұлы орда деп атауы өздерін ұлы жұрттың өкіліміз деп көрсетулерінен болған. Жошы хан Шыңғыстың үлкен ұлы, ал Сарайды Бату салдырды және басқа ордалар Сарайға теңесе алмаған. «Шажара-и түрк» Ыстық көлдегі шаһарды Яфастың баласы (Яфас оғлан) яғни Турк хан салдырған дейді, бұл сөз шындыққа жақынырақ, себебі Шыңғыс қай жерге барса сонда [...] біраз тұрып кете берген, ол қала салған емес. Ыстық көлде қай заманда қала орнап, қашан қирағаны ешкімге мағлұм емес, сонан-ақ ескілігі білінеді. Түрк хан салдырды деген шындыққа келеді. Себебі Шыңғыс дәуірінде болған қала болса тарихтарда аты аталып, ауызда айтылған болар еді, қаланың аты Шыңғыстың атынан кем соқпау керек. Шыңғыстың да заманы аса қашық емес. «Шажарайи түрк» (Түрк шежіресінде) Түрк ханның баласы Қарахан жайлауы «Кәр-тағы» деген таулар болып, қыстауы Қаракорым мен Сырдария еді дейді. Кей тарихшылар Қарақұм, Қаракорым шаһар аты емес, Қарамұран көлі атрабындағы тау мен құмдарға айтылған дейді. Қарамұран Лоб көлі жанында бір көл, Алтын тау атты таудан аққан бір өзеннің құяр жері, кезіндегі карталар оны осылай бейнелейді.

Қорытайық: «Жаһоннаманың» айтуымен Ұлы жұрт дегені Ыстық көл орнының шаһары, яки Қарамұран атрабы болып «соғ жанибі» дегені қыбла жағымен солтүстік өңірінде болған, Укудай елі болып Көк орда, ал батысында Шағатай әулеті иелігі - Ақ орда болады. Ұлы жұрт осы екеуінен басқа емес.

Қазақ хандарында «төре» атауы бар. «Төре» түркі, парсыша «дәррә» яғни «дуре» деген ұғым. Хан өзі тіріде әулеті билікке аласа алмайды, билігі ұрудан артыққа бара алмайды, содан дүре соғудан оған төре деген атақ тағылған. «Тибян нафида» үнді тілінде «төре» кем, төмен мағынаны білдіріп, үкімі ханнан бір табан төмен кісіні аңғартады деген.

«Хан» түркі тілінде бір көңіл бөлінетін ұлық, шен, арабша -«әмір» ажам -«падишаһ»-«падишаһ» деген сөз осымен сарындас. «Усулы тауарих» кітабы даңқ пен атаққа бөлінбей төрт атадан хан, яки бек болса жетеді дейді, ал «Қағидайы өзбеки» кітабында хан атына лайық болу үшін тоғыз ата тұтас би, бек болуы керек, ежелгі заң осылай. Осынау шарты толмаған соң Ақсақ Темір де хан атына ие болмаған дейді. Ресейдің ескі ережесінде бұл өңірде төреден хан сайланса сөзсіз қабыл алып, қарадан тағайындалса тоғыз жыл қызмет көрсету керек деп ашық көрсетілген.

Ханнан да жоғары дәрежеге «хақан», яғни хандар ханы, кейбір батыс елдеріндегі «император» дегені осыған сай келеді.

Хан, хақан түркі халықтарында шоһ, подшоһ, ал ажам халықтарында; пайғамбар заманынан бірер мың жыл бұрын басталып, ол кезде арабтар өз патшасын «мәлик» деген. Пайғамбардан кейін Әбу Бәкрді «халифа» (орынбасар) деп, Омарды «әмир әлмуминин» (иман келтіргендердің әміршісі) деп, Умайя мен Аббасия дәуірінде бұл екі лақапты бірдей қолданды. Уасиқ Билләһ халифа заманында түркі уәзіріне «сұлтан» аты қойылып, кейінгілерге сұлтан атағы берілетін болды. Хан, әмір лақабы Бұхара, Ауған хандарына айтылып, - шаһ, бек есімдері Қаратегин, Қанжут сияқты уақ билеушілерге айтылған.

Европалықтар патшаны императорға лайық деп біледі, ал императорлатын тілінде «қолбасы» мағынасында болып, соңынан оны жеңімпаздарға қолдануға көшкен. Егер бұлай ескерсек оның мағынасына да дәрежесіне де «сұлтан» жақынырақ, себебі «сұлтан» мағынасы жеңімпазға көп лайық.

Қазақ жеріндегі хан атына жеткендердің соңы Абылай мен Әбіл Файз хандар, бұлардан кейінгілер қытайға, сонан соң Ресейге қарағандықтан хандық жойылған.

Төрелердің атасы туралы көп сөз болып, соның лайықтырағын келтірдім: негізіміз Шыңғыстан Орысханға тоқтайды, одан арғысын анық білмеймін деген еді айтушы адам. Орысхан ұлы Жыңхан, ұлы Бадақұл хан, Барақ хан, ұлы Жынтекей хан, ұлы Жәдік хан, ұлы Сығай хан, ұлы Ишм хан - бір әйелден. Ишм (Есім) хан ұзын бойлы, денелі кісі болған соң «Еңсегей бойлы ер Есім» деп дәріптеледі екен. Орыс ханның қызыл туы осының қолында қалған.

Сығай ханның екінші әйелінен екі ұлы бар: Сейітқұл және Оннан хан. Бұл Оннан батыр болып, қызыл ту астынан шығып, өзінше дербес ақ ту көтерген. Ақ тулы төрелер қайда жүрсе де Оннан тұқымы болып есептеледі. Ишм хан ұлы Жәңгірхан, ұлы Тәуке хан бір әйелден жеке. Мұның ұлы Полат хан, ұлы Әбілмәмбет хан, ұлы Әбіл Файз хан қызыл тулы төрелердің бабасы. Жәңгір ханның екінші әйелінен Аула, Бақи деген екі ұл болып, Ауладан Абылай хан туған. Жас кезінде жау қолына^{6*} түсіп, тағы бір шапқыншылықта қазақ қолына түсіп, үйсін Төлебидің түйешісі болып жүрген. Содан соң туысы Полат хан өз қолына алған да, соңынан Полат баласы Әбілмәмбетке қызыл ту беріп, өз орнына қойып, Абылайға жасыл ту беріп, кейбір тайпаларға уәли (басшы) қойған. Соңынан Абылай хан өз қабілетімен орта жүздің бәріне, ұлы жүздің көбіне, кіші жүздің біразына ие болып, жалпы төре атаулыдан басым келген себепті, үш жүздің ханы деп аталған. Жасыл тулы төрелердің бабасы болады. Білетіндер осы үш тудың бәрі Орысханнан, дейді, бірақ мағынаға қарай орданы есепке ала отырып Сарай хандары қызыл ту, Шағатай әулеті ақ ту, Укудай әулеті көк тумен дараланып, кейіннен бұл жағдай да ұмытылып, жақын аталары Оннан мен Абылай ханға жеткізіп (ту тарихын) айтады, яғни бұлай да Орысхан нәсілінен есептеледі.

Екінші бір нақыл: Орысхан нәсілінен Ташкент, Мауароаннаһр жерлерін билігіне алған Барақ хан әулеті. Барақтан соң, сахарада жүрген қазіргі төрелер бәрі Барақтан, ал Барақ Орысханның ұлы ма, яки немересі ме дегенді анық білмеймін дейді айтушы. Ал Барақ ханнан бергісін қолмен

Ескерту: Биске баһадурді кей тарихшылар Иесуки, Иесуи бағзылар Язди деп жазады. Шынында кітаптардағы жазылған өткен тарихқа бақсақ Шыңғыс Бисукеге немере, яки шөбере болуы керек.

Ал Сараи шаһарын «Алтын орда» деу себебі айнала қорғанын қазғанда ат басындай алтын шыққан деседі.

тудырғандай айтамын: Барақ хан, ұлы Бадакұл, ұлы Жәдік хан, ұлы Сығай, ұлы Ишм, ұлы Жәңгір, ұлы Әзиз (әз) Тәуке, ұлы Полат, ұлы Әбілмәмбәт, ұлы Әбіл Файз хан (Әбілпейіс деп жүргендері осы болар) ден, кісі санында айырмашылық жоқ. Басқа да айтушылар бар, бірақ бәрі де Орысханға тірейді. Бұл анықтама тарихи шындық.

Қазақтың соңғы және атақты ханы Абылайдың ақырғы дәуірі Ресейдің Екатерина билікке отырғандағы әуелгі уақытына шамалас. Бұл хан әуелде Ресеймен жағдайға қарай, соңыра қытаймен барыс-келіс болып қатынас орнатқан. Қазақ жерін өзіне қаратып Орта Азияға жол ашу Ресейдің ескі ойы болғанымен Екатеринаның ойын Қырым топырағы бөлген. Тек Қазан, Орынбор шаһарларына муфти, қази тағайындап, ел басшыларына сауғалар жасап, оның ішінде Абылайға хандықты беріп, өздеріне «бауыр» тартып, реті келгенде қокан-лоқы жасап, күш көрсету саясаты еді. Демек Абылайдың хандығы Ресей сынды патшалық атынан мойындалған. Абылай хан қалмақтармен соғысып Қызылжар, Қарқаралы маңайынан Аягөз суынан өткенше қуып, қазақ жерін кеңіткен. Қазақ пен қалмақ ежелден атыс-шабыстан күндері бір тынбаған. Жалпы қалмақтың би- лігі басым болған. Шығыстан қытай әскері келіп Жоңғар хандығын жойып, жерін басып алды, көпшілігі қытайдың қол астында қалып қойды да қалмақ халқы азапқа түсті. Қалған қалмақтар қазаққа қарсылық етер шамасы болмай келісім жасаумен болды. Бір жағы Абылайға үш жүзден жасақ құрап, қазақтың басы қосылып күш алып тұрды, екіншіден орыс өкіметінің оған мағыналы (ақылшысы болуы) да қолайлы кезең тудырып тұрған. Абылайдан дес ала алмайтынын білген торғауыттар, Ертіс бойының жоғары сағасына кетіп, Қалба тауының батысына келе алмай, қалмақ елі Тарбағатайдың оңтүстігіне кетіп, Ұржар өзенінің батысына көшігі, одан өте алмай калады. Десе де қазақтар да қалмақтың өткендегі саясатын жақсы білгендіктен бұлар да оларға жақын қона алмай, бір-бірінен сескеніп, екі арада 5- 6 жүз шақырымдық кеңістік бос жататын.

Абылай заманында батыр, сардар болғандар. Қаракерей Қабанбай, Алтыбай батыр, Ақтанберді батыр, Есмамбет батыр, Матай - Шөңкей батыр, керей Жәнібек батыр, бөрі Ақпантай батыр, қанжығалы Бөгенбай батыр, бәсентиін Малайсары батыр, бұлардың бәрі де қолбасшы жауынгер атанса да қайраттысы Қабанбай болған. Ол кезде қоршауда қалса дереу бекініс жасап, қолына не түссе сонымен жауды жасқап, бекінетін қорғанды

«қамал» деп атаған. Қазақ мұндай қамалдың талайын шаңын аспанға шығарып жүрсе де, бір қабат Шыңғыс тауындағы қалмақ қамалын қазақ сырттан қоршап ала алмай, ақыры Абылай хан кім қамалды алса хандығымды беремін деп жар салады. Сонда да қорғаннан өтіп ешкім кіре алмай тұрғанда осы Қабанбай мен Есмәмбет батыр екеуі аз әскермен барып садақ, зеңбірек оқтары өз алдына, жаңбырдай жауған тастарға да қарамай, қамалға еніп кетіп, қалмақты қырып шыққан. Сонда хан Қабанбайға тәжін кигізіп, Есмәмбетке бір қымбат бағалы кестелі жарғақ тон жапқан, осы себепті Қабанбайды кейде «хан» деп те атаған. Оның «дара боз» деген атағы тағы бар, оған арабша «мубариз» атауы ұқсас келеді, мүмкін осыдан алынған болуы, себебі жеке соғыс, жекпе-жекке шыққан жауынгер «мубариз» деп аталады. Ал Қабанбайдың өз аты Азбасар болғанымен, қабан сияқты бет алған жағынан қайтпай- тын қыңырлығынан осы атқа ие болыпты.

Абылай ханның қалмақпен ақырғы соғыстарында қазақтар көп әскермен Қалба тауына келгенде, елдің қайта етекке түскенін естіген торғауыттар солтүстік Ласты, Шорға бойында, қалмақтар осы таудың оңтүстік жағы Ұржар өзені мен Емел бойында екен. Қай шеттен, қалай шабу керек деп үлкендерімен кеңескенде қолбасылары Бөгенбай мен Қабанбай батырлар екі дай болады. Бөгенбай қалмақты Ұржар-Емел бойына Тарбағатай арқылы асып шаппаса, торғауыт ат-айылын тартып дайындалып отырады, бізге көрші, жақын, мүмкін олар таудан ерте түсіп кеткеніне қарағанда бізден хабар да алған шығар, ондай жағдайда көп адам шығынымен алуымыз мүмкін деген. Ал алыстағы ел алаңсыз отырады, қапысыз басамыз деп ойын айтқан Қабанбай, алыс жолдан аты арып, қолы әлсірейді. Мүмкін біздің онда кеткенімізді ат ізінен білсе хабарлап қоюы, сонымен олар алдан дайын тұрса, арттан бұлар келіп ортаға алу қаупі жоқ емес деді. Абылай бұлардың қайсысын тыңдарын білмей, дағдарып Бұхар жырауға ишара етіп сен сөйлеші дегенде ол:

Сен Абылай, Абылай,
Түркістаннан келген құл едің.
Онан бері келген соң,
Ұлы жүзде Төленің,
Түйесін жайған құл едің.
Дәулет қонды басыңа.
Қыдыр келді қасыңа.

Бақ үйіне түнедің,
Алтын тұғырға кеп қонып,
Ақ сұңқардай түледің,
Алыстан тоят тіледің.
Сен қанжығалы Бөгенбай,
Тоқымы кеппес ұры едің,
Түн қатып жана жүр едің.
Қабанбайдан бұрын найзанды Қашан сен жауға тіредің.

деп мәселе шешілген. Болмаса осыдан көп нәрсе ушығатынын білген еді. Бұлар Ласты - Шорғадағы торғауытты шауып, біраз адам шығын болғанымен көп олжалы болып оралған.

Қазақта суырып салма айтыс ақындары бөлған. Оларды халық сыйлап, мал-мүлік беріп, еркелетіп ел арасында бірге көшіп жүре беретін. Кейінгі уақытта ақындарға қамқорлық төмендеп, өлеңші-жыршылар шықты. Айырмасы өлеңшілер ақындардай өз жандарынан шығарып айта алмайды, жаттанды дүниеліктерді пайдаланады. Суырып салма ақындардың өзара айтысуының да мәні кете бастады, кешегі акын бүгін өлеңші-жыршыға айналды. Ал жыршылар ақындармен бірдей шамада, бірақ өлеңінде өзіндік шырайы болады, ақындардың сөзін өлең деп атайды, оның әр шумағы төрт жолдан тұрады, оны рубай (төрт жолдық қара өлең ұйқасы) деп атайды. «Жыр» сөзі араби «шиир» (өлең сөзінен алынған, өзбекше «шер», әр шумағы үш жолдан ғана тұрады. Мысалы Бұхар жыраудың жаңағы сөздері жыр. Тағы бір айырма жырда көбінесе нақыл, өсиет сөздер басым [...] Үшіншіден, өлеңде алдыңғы екі жол ешбір мақсатқа жанастырмай тек ұйқас үшін айта салынады, ал жырда, әрбір жол бір мағынаға байланысты болады, мақсатты білдіреді. Өлең атында жыр да, өлең де жүре береді, тақпақ пен жоқтауды да өлең дейді. Ал тақпақ негізінен шешендердің аузынан көп шығады, мысалы:

Жаяу адам соқпақшыл, жаман адам тақпақшыл.
Жол білмеген тоқтағыш, жөн білмеген боқтағыш.

Қазақтар шабуылға шығатын екінші жазда торғауыттардан неше мың адам аттанып, өткен жорықтың есесін қайтару мақсатымен Шыңғыс тауына (бір адамдар Көгілдір тауы дейді) келген. Бұл кезде қазақтар да аттанып Қоңыр шәулі тауына келгенде батысқа өткен қалмақтардың ізін байқады. Бұлардың елін шапқанмен мыналар тыныш жатпас десіп, бұларды біржақты етуге кеңесіп, олардың қайда екенін анықтау үшін Матай-Шөң-

кей батыр Далаку (атына қарағанда қалмақтан түскен олжа ат болса керек) дегеннің жүйрігіне мініп жан-жақты шарлап осы тауда болар деп шамалап [...] жүргенде қалмақтар көріп, бей-сауат адам деп жабыла қуған. Шөңкей батыр да қашып, өз әскері жатқан жерге тура бастап алып келген. Мұнда тосқауылда тұрған жасақ әр жерден тиіп ұбап-шұбап келе жатқан қалмақ әскерін бас-аяғын жидырмай қырып салған. Жалпы саны 3000-нан астам (бағзылар бес мыңдай дейді) қалмақ қырылып, қазақтар бес жүз қол болып, бір төресі мен тоғыз адамы ғана шығын болған. Жасаққа Абылай ханның баласы басшы еді. Қазаққа әскеріміз кетті деп, алаңсыз жатқан қалмаққа Ұржар бойынан бастап шауып, Қатын суды кешіп, Емелге дейін осы жасақ барып қайтқанын жылнамашылар жазған. Осы жорықта қалмақ ханы Қандыжапты өлтіріп, қызыл Шаған ханша жесір қалады, оны ақ тулы Барақ төре алған. Барақ өлген соң қызыл тулы Әбіл Файз хан некеленген. Қалмақ-қазақ шайқасы тарихында ешқашан мұндай дәрежеде жеңіліс, мұндай масқара болып қалмақтар абыройдан айрылып көрмегенін айтады. Осы екі шабуыл: бірі Ласты-Шорға бойындағы, екіншісі Ұржар-Емел бойындағы 1740-1750 жылы аралығында болып, мұнан бір ғасыр шамасы кейін дүнген уақиғасында Қиқан-Шаған деген екі жерде қазақты шабады. Шәуешек уақиғасында осы ахуалды айтамыз.

Абылай хан қалмақпен шайқасып жатқанда қытайлар Жоңғар хандығын жойып, Құлжа шаһарына ауыз салады. Жоңғарларды толық бағындырған еді де, шабылған қалмақ, торғауыт елі қытай қорғанын қабылдамай қашып еді, алайда қашқандары бойларына құт болмай, мына бәлеге душар болды: ақыры қуылып, одан барып қытайды паналауға мәжбүр болды. Ижн хан атынан Қара Дурчун деген Құлжадан көп әскермен шығып, жапа көрген қалмақтан 2000-дай адам алып, екі жақтың ортасына, Аягөз суының етек жағы - Су батпақ жеріне (оны Батпақ су деп атаған) түсіп, Абылай ханға елші салады. Абылай да мыңнан аса қолмен келіп, лай су бойында бітім жасасты. Көк қасқа айғыр мен қара бас қошқар сойылды, қолдарын қанға батырды. Шарт бойынша өткен іс кешірім болып, құн, мал дауы болмайды, қазақ пен қалмақ бір-біріне зияны тимейтін болады деді. Содан былай суды халық «Мамыр су», Абылайға «ижн» аты берілді. «Ижн» монғол тілінде «хан» атағы, демек Абылайдың билігін - хандығын қалмақ пен қытай да мойындаған болып шығады. Ал қазір Қысабай, яки Қасабай бейіті деген жер сол көк қасқа сойылған төбе деседі. Бұлардың ғұрпы бойынша келісім қағаз, мөр-

мен емес, қолдарын қанға малумен, яғни осы шартқа кім қарсы болса денесі қанға батсын, жанын құдай атсын, мәңгі тамұқта жатсын деген қарғыс келісім жасалған.

Мамыр арапша маомур - көлсөбір, өмірлі деген мағынада, яғни жайлауы мол, халқы тоқ мағынасында, ал қазақтар «мамыр» сөзін көңілден қайғы мен қауіп кетіп, шаттық жайлаған жер мен уақытқа қатысты қолданады. Сәуір айының Мамыр аталуы да осыдан.

Мамыр суы Аягөз дуанының төмен жағынан шамамен бір шақырым жерден Аягөзге келіп құяды. Батпақ су мұнан төмен бір бекет жерде.

Бұл бітімге халық «Қанды жап бітімі» деп ат берген, өйткені қалмақтардың бастапқы ойы өлген ханының құнын сұрау екен, кейін оны біржола кешіріп, өлген ханның канын жабулы қалсынға келіседі. Ханның өз аты да Қанды жап еді. Осы хабарларды бізге жеткізушілер оннан аса адам болды, бәрін санау орынсыз болар. Бірі 60-тан асқан Айбақ Сокран баласы атасынан естігенін маған 1305 hijра жылы 2-ші жұмадил - ахир айы, яғни 1888 жылы 2 февраль күні айтып берді:

– Атамыз Сокранның жылы ит, 92 жасында жылан жылында дүние салды. Осы үстіміздегі доңыз жылында оның қаза болғанына 43 жыл толады. Атамыз Мамыр су бітімін жасаған жылы төрт жасар екен. Келесі жазында Даған дили (тілі болуы мүмкін) деген жерде оны сүндетке отырғызған. Оның келер жазында, қоян жылы Аягөз бойына келіп, осы күнгі қыстауымызда бабамыз Қонысбай иеленген. Бізден бір жыл бұрын Қаржы (Қарашы) қыстаған, бітім болатын жылдан бұрын Қызай елі қыстапты. Қазақта Қызайдан бұрын Аягөз маңына қонған ел жоқ деп айтушы еді дейді.

Екінші адам Қажы Құрбан баласы Кенже, бұл кісі Теке төреден накыл етіп айтады.

Бітім сиыр жылында болған, қазір оған 118 жыл толды.

Мен Теке төреден доңыз жылы естіп едім, осы үстіміздегі барыс жылы 27 жылға толады. Бұл хабарды естіген соң екі жылдан кейін Шәуешек бұзылды, бұл да сиыр жылында болып еді дейді.

Барыс жылы маған айтқан уақыты 1307 hijра жылында 28 зұлхижжа еді, бұл 1890 милади жылының 28 июлі. Сонда 118-ге 27-ні қоссақ, біз сөйлескен жылмен есептегенде 145 жыл болып, 1743 жылына дәл келеді. Ал Айбақтың хабарындағы әкесінің 92 жасынан 4 жасты алып тастасақ 88 болады. Өлгеннен соңғы

43 жылды қоссақ 130 жыл. Мен естіген 1888 жылдан 130-ды алсақ, бітім 1756—57 жылына тура келеді. Басқа да хабарларға салыстырып Қажы Құрбан есебін дұрыс көрдім. Осында Бияр бекінісі де бар, ол да бітім жылы салынған.

Бітімге дейін қазақ елі Шыңғыс тауына келмеген екен, бітім болған соң жайлап жылжып Аягөз өзенінен өтіп Алакөлге, бір шеті Жайсанға, Тарбағатай тауына қарай асты. Абылай хан басында Қызылжар, Көкшетау айналасында болып, бітімнен кейін Шыңғыс, Арқат тауларына дейін келгені, Орда тауын мекен, қыстау етіп, бұл тауға Абылай орналасқан соң ақ «Орда» аты берілгенін айтады.

Біреулер онан бұрын да Орда атымен мәлім еді дейді. Бұған қоса Шыңғыстың Арқат пен Шыңғыс таулары арасында орнығуынан да тау «Орта-Орда» аталған болар. Біреулер Шыңғыс тауын Шыңғыс өзі жайлап, Ордада қыстауы болғандықтан да осылай аталған дейді. Бірақ бұл ақылға қонбайды, өйткені Шыңғыс Шыңғыс сияқты кішкене тауға сығылып, өзі Ордадай бір төбешікке отыра қоятын хан емес. Кезінде ол тіпті Азияға сыймаған адам.

Абылай хан бір мерекеде ат үстінде тұрып, бір қарт, әрі данышпан шежіреші биінен:

- Асан Атаның «қилы-килы заман болар, Қарағай басын шортан шалар» дегенін естіп едім, мәніне бара алмадым, бұл қандай сөз,— деген екен. Сонда би қырын қарап, көзіне жас алып, қамшысын ер басына іліп:

- Ай, хан-ай, бұл сөзді сен сұрамасаң керек еді, мен айтпасам керек еді.

Ханға жауап айтпасам.

Ханның көңілі кайтады.

Қандыра жауап сөйлесем.

Халқым не деп айтады.

Хан Абылай, Абылай,

Қайғылы мұндай хабарды,

Сұрамасаң нетеді.

Сұраған соң айтпасам,

Кісілігім кетеді.

Енді айтайын тындасаң,

Маған қаһар қылмасаң,

Қарағай судан қашып,

Шөлге біткен бір дарак (ағаш),

Шортан суға шыдамсыз,



Балықтан шыққан бір қарақ.
Ойлама шортан ұшпас деп,
Қарағайға шықпас деп,
Күн батыстан бір дұшпан,
Ақырда шығар со тұстан.
Өзі сары, көзі көк,
Бастығының аты боп.
Күн шығысқа қарайды,
Шашын алмай тарайды.
Кұдайды білмес-діні жоқ,
Жамандықта міні жоқ,
Осы сыиды бір кәпір,
Аузы-басы жүн кәпір,
Жаяулап келер журтыңа,
Жағалы шекпен кигізіп,
Балды май жағар мұртыңа.
Жемірлерге жем беріп,
Ел қамын айтқан жақсыны.
Сөйлетпей ұрар ұртына.
Бауыздамай ішер қаныңды,
Өлтірмей алар жаныңды.
Қағазға жазар малыңды,
Есепке салар барыңды,
Еліңді алар қолыңнан.
Әскер қылар ұлыңнан,
Тексізді төрге шығарып,
Басына ол күн туғанда,
Теңдік тимес құлыңнан.
Бұл айтқан сөз Абылай.
Болмай қалмас артыңнан,
Есітсең мына қартыңнан.

деп сөзін аяқтап, Абылай хан да бекер сұраған екенмін деп аһ ұрып қалған. Бұл сөздер қазақ үлкендері білетін, жиындарында айта жүретін сөздер.

1871 жылы 17 зулкагда Құдабай ақынмен кезігіп қалып (ол кезден зағип кісі еді):

- Асан Қайғы кім, оның сөздерінен есіңізде қалғаны бар ма?—деп едім, мынадай өлеңдермен жауап берді:

Асанның асыл түбі ноғай деймін,
Үлкендердің айтуы солай деймін.

Бұл сөзге анық-қанық емес едім,
Естігенім тақсыр-ау былай деймін.
Тегінде ноғай-қазақ түбіміз бір,
Алтай, Ертіс, Оралды еткен дүбір.
Ор Мамбетхан ордадан шыққан күнде
Асан Ата қайғырып айтыпты жыр,—
деп еді.

Құдабай Қойшан деген бір дана, білімді кісіден Асан Қайғының мынадай сөзін де естігенін айтады:

Мұнан соң қилы-қилы заман болар,
Заман азып, заң түзіп жаман болар.
Қарағайдың басына шортан шығып.
Балалардың дәурені тамам болар.
О күнде қарындастан қайыр кетер,
Ханнан күш, қарағайдан шайыр кетер.
Ұлың, қызың орысқа бодан болып,
Қайран ел, есіл жұртым сонда не етер.

Асан Атаның сөздерінде өзгеше бір мағыналар көп. Монғол-татар мен Сарай хандарының, орыс княздарының аяқ алыстарын пікірге алып, өз хандарының орынсыз, лайықсыз кісі бола тұра ел басқарып, елдің берекесін алып, ақыры мұның соңы Ресей сияқты бір алыптың азуында кетуге ыңғай жасарын байқап, соған ишара жасаған.

Абылай ұзақ мерзім үш жүзге хандық етігі тұрғанымен соңғы уақыттары хандығына біраз кірбің араласты. Мамыр су бітімінен кейін ханның ойы қытай тарапта болып, яғни қытаймен молырақ тыныштықты қалап, уақытша Ресей назарынан сырт қалған кезде, ханның бір баласы бес-алты нөкерімен жолаушы жүріп, жолда бір ауылға тура келіп қалады. Ауыл шетінде қос шатыр көрінгендіктен саудагер ме деп солай барады. Ол қайнына келген күйеу шатыры екен. Бұлар сөйлесе, жауаптасу орнына ойын-күлкімен дуылдап отырған жастар калжыңға айналдырып жөнді жауап бермеген. Нө- кердің бірі аттан түсіп оларды ұра бастаған соң, төбелес шығып хан баласына да қамшы тиеді. Хан баласы екенін білген соң ақсақалдар келіп, шатырдағыларды айыптап, хан баласына ат-шапан айып төлеп, достарына да киім-кешек беріп жөнелткен. Соңынан біреулер ар- қылы хан да бұл жағдайды естіген. Хан баласына кейін басыңа қамшымен ұрғанда ат-шапанмен бітіпсің, өлтірсе де құның мәлім болып қа-

лыпты. Бұл дақ біздің сүйегімізге аз таңба емес. Я қандыра жазалау керек еді, яки біржола кешірім жасау керек еді,- деп, осы уақиғаға байланысты арызбен келген сол елдің Анай (болмаса Қанай) деген белгілі адамын байлатып тастатады. Ел жақсылары тарту-таралғымен келіп ғапу өтінгенімен оны босатпады. Анай бірнеше ай, яки күндерге дейін осылай байлауда қалған. Ел жиналып Қазбек биге келіп бұл кісі ұлы Бекболатты жіберіп ханнан [...] Анай- ды босаттыра алмады. Ақыры Бекболат бір баласы мен Анай елінен бір баланы кепілге қойып, Анайды айырып алған соң жалпы арғын жиналып кепілсіз-шартсыз балаларын босатуын, бермесе ұрысар-тұрысар жерін айтсын деп сәлем жіберді. Хан елшіге Бекболаттың баласын беріп, екіншісін баламның қамшы қаны болсын деп өлтір- тіп жіберді. Бекболаттың баласын босатқанға арғынның көбі разы болып онымен кетер, Анай кісісі өлгенін естісе сескенер деген ойда болып еді, бірақ жағдай хан ойлағандай болмады, қайта қазақтың бұл намысына тиіп, олар ханға қарсы бірігуге айналды. Хан биліктің нашарлағанын көріп, бес жүз үйлі төлеңгітімен көшіп Түркістанға жақын Қаратауға барып, онда бір-екі жыл қыстап, малдары қырылып, жұтап бұрынғы орнына қайта келді. Келгенмен құрметі баяғыдай болмай өлгеннің құнын төлеп, әбігершілікте жүргенде опат болды.

Абылай ханды тіршілігінде кішкене ренжітіп бірер жылға қарсыласқанмен өлген соң үш жүз бас косып, ұлы дүбір ат шаптырып мерекемен асын берді, балаларын да әр тайпа ел өздеріне төре қылып алды.

Абылай хан соңғы күндерінде науқастанып жатқанда атақты жыршы Бұхар жырау келіп былай деген екен:

Кайғысыз ұйқы ұйықтатқан ханым-ай,
Қайырусыз жылқы бақтырған ханым-ай.
Қалыңсыз қатын құшқызған ханым-ай,
Үш жүзден үш кісіні құрбан етсем,
Сонда қалар ма екен қайран жаның-ай,

деп және сөйлемек болғанда хан оны тоқтатып, мен жұртыма осы айтқан үш қызметтен басқа пайда келтіргем жоқ, егер енді сөйлесең менің көкірегім өсер, сен жалғаншы боласың депті. Оның заманында шынында кішкене ел тыныш болып, сырт жаудан қауіп сейілінкі- реген, халық байыған, алаңсыз тірлік

кешіп, кейбір әйел ала алмай жүретіндерге олжаға түскен, қалыңсыз әйел тиді. Сондықтан өз мезгілінде бұл халыққа істелген аз қызмет емес еді.

Осынша айтылған накыл, жыр, өлеңдер араб, яки парсы ақындарынікі болса, я түрк жақсыларынан естілсе ғой бірнеше кітап жазылар [...] еді. Өкінішке орай қазақ тілінде сөйлегендіктен өлең жыр деп атынан-ақ қашып, назарларына алмаған, мән-мағынасына бармаған.

Абылай хан өткен бітімнен кейін қалмақты қойып, қырғыздармен ұстасып еді, өзінен соң әулеті арғындарда қалып, бірнешеулері ұлы жүзге барып, олар да қырғыздармен қатты алысқан еді. Бірақбұл олардың өздеріне де жақсы болмай немерелерінің біразы сонда қазаға ұшырады.

Абылай өлген соң найман еліне үлкендік айтар кісі қалмай бірін-бірі шауып, талап әбігерге ұшырап, ақыры үлкендер жиналып, біреуге билікті бермесек болмайды екен десіп, негізгі орталықтан бір ханзада әкелмесе болмас деп сыбан Ботақара би, мұрын Боранбай би, Қожамбеттен Сырымбет би, қыржыдан (я қаржы) Қыстаубай би, байсұйықтан Толыбайлар болып кіші жүзден Әбіл Мәмбет хан шақырылды. Ол кісі мен сындарлы жасқа келіп қалдым, ата қонысты тастап кету маған лайық болмас, ұлым Әбіл Файзды апарын хан көтеріңіз деп, бала әлі балиғатқа жетпеген жас екен, ғұрып бо- нынша бесік керті (атастырылған қалыңдығы) Бөкей ханның қарындасы, Нұрғали ұлы Әбілхайырдың қызын бірге ұзатып әкеткен. Әбіл Файз сыбан еліндегі Байқара би ауылына келіп қоныстанды. Шыңғыс тауы етегін мекен-жайлау етіп, қос өзен бойында салған мешітінің негізі (фундаменті) 1860 жылға дейін бар болған, Имамы Аюб қожа ишан болып оның әулеті бүгіндері мұрын елі ішінде. «Ханым патша мешіті» дейтін Қызыл ішілік деген жерде орны бар. Әбіл файз келуімен наймандар жаппай бұған ергенде, аз уақыт өтпей төрелер де (ақтулылары) қосылып, заманында ел Құлжа, Шәуешек қолтығына дейін, Жайсаң көлінің жоғарғысы Маңырақ, Сауыры яғни Сайхан тауларына дейін, Ертістен өтіп Алтай етегіне дейін барды. Әулеті қытайға еріп уаң, күн мансаптарын алды, кейіннен Ресей ықпалына өтіп, біраз ел қытай панасында қалды.

Әбіл Файз хан орыс, не қытаймен татулығы білінбей жұмыртқа басқан тауық сияқты бала-шағаны көбейтіп, тайпа-тайпаларға төре қоюмен шұғылданды, мұнан басқа көзге түсерлік ісі болмаған.

Әбіл Файз бен Абылай хандардың денелері Түркістандағы Ходжа Ахмад Яссауи зиратында жерленген. Бұл әдет 1780 жылынан соң тоқтатылған. Атақты кісілерден өз елінде жерленгендері сыбан Ботақара би, Байқара би, Байжігіт, төреден Шанияз күмбезі Аягөздің жоғары жағында әлі бар. Сонан бастап әр атақты адам қыстау-жайлауында қойылып, биік күмбез жасауғұрып болды. Абылай хан мен Әбіл Файз ханның Түркістанда құлпытасы бар, жылдары жазулы дейді, бірақ көп кісіден сұрап соны жаздырып ала алмадым. Дегенмен олардың опат болған шамасын 1780 жылдан бұрын Абылай, 1780 жылының соңынан-ақ Әбіл Файз дүние салғанын тексеріп байқадым, қорытқаным осы. Молда Жолдасбай әпенді 1781 миладн жылы Абылай қаза болған деп Қарқаралы дуаны іс қағазында жазылған дейді.

Мамыр бітімінен соң қазақтар қытайға ауытқыған, Ижн хан да осыны ілтипатқа алып Абылайдан кейінгі арғын төресі Алтынсарыға хан, ал найман төресі Ханқожаға уаң, керей төресі Көкетайға күң атағын беріп, Қызылжардан шығысқа қарай қазақ елін өз панасына алған, десе де ұзамай көбі Ресейге еріп кеткен.



5. ҚАЛМАҚ БАЯНЫ

Халықтарымыз өздері қалмақ пен монғолды шатыстырғаны болмаса қалмақ монғолдың бір түрі, тармағы ғана, оған еш күмән жоқ. Кейбір кітаптарда қалмақты «кимак» деп жазған. Қалмақ монғолдың ең азы, әлсізі болған, сол үшін олар мықтылардың ортасына кіре алмай, батыс жақ шетте қалып, әрі бұл жақтардағы халықтармен көршілес болды. Осы себепті мұсылман халықтары олармен соғыста бірінші болып бетпе-бет кездессе де солармен араласып, бұлардан басқа қалмақ, яғни монғол тайпалары бар деп ойламаған, сонан бұлар монғол атын жөнді білмей, қалмақ атын ғана анық айыратын болған.

Қалмақтардың өз тарихында бізді ешкім білмес, елемес те еді, тарихшылар бізден хабарсыз да еді деп көрсетеді. Олардың көзін Шыңғыс ашты дегенді айтады. Оған қоса бұлардың ішінен сыр алуға басқа жерден еш тыңшылар кіре алмайтын, кірсе бейнесі, әдеті, жүріс-тұрысы, яки тағы басқа жағдайлары[...] шет жерлік екені білініп қалады да қолға түседі. Осынша себеп-

жағдайлардың кесірінен өзге әлем халықтары бұлар туралы ешнәрсе біле алмаушы еді. Тіпті атақты тарихшы есептелетін Зариф ибн Халдун көптеген ғылым пәндеріне ешкім қарсы келе алмайтын, ерекше тарих, шежіре- де сөз айтуға болмайтын теңдесі жоқ ғалым бұлар туралы үндемей, тек «Усулы тауарих» кітабында «әл-хабар ләйсә кәл-муааянаһ» (хабар көзбенен көргендей емес) деп түйген. Ол кез былай тұрсын, қазірдің өзінде олардың ішінде тұрып, олардың халін толық біле алмай, тек соңғы кездегі сауда қарым-қатынасының күшеюінен, көрген адамдардың айтуларынан жинақтап мен біраз нәрсе жазатындай халге жеттім. Жоңғар, хошаут, ойрат, торғауыт, оймауыт, ұраңқай, манғут, танғут, дурбут, улкут (яки хуйт) хойт, блаут, көк мончақ, зақчин, қалқа, қалмақ және басқа неше аттарға бөлініп, бәрінің түбі монғол, ал бізше бәрі де қалмақ. Татар тайпасы солтүстік шығыста тұрған, монғолмен діндері бір болған. Бұхара, Хиуа, Ферғана атрабындағы татар қауымдары Шыңғыс заманында бөлініп, тарлып әр жерде қалған, исламды қабылдаған қауымдар.

Монғол орталығы ескіде Тамғач шаһары болып, қалмақша «Зу», бұл күнде «Тибет» деседі. Олардың айтуында Тибет бір тәбәрік жер болып, діни орталығы болғандықтан, оны «мани» деседі. Мани сенімі адам өлгенде, яғни бұл дүниеден бос кетпей, әр ісіне жаза-есе алады, кім отқа дос боп табынса, бас ұрса ақыретте от оған достық етеді, жандырмайды дейді. Бұлар осылай отпарас (отқа табынатын діндар) боп кеткен. Қазіргі қалмақты мойындата алмасаңыз «өтірік десең отқа сии» дегеннен ақ-қара болсын отқа жақындамайды. Оларша отқа сиу өте ауыр қылмыс, қылмыстан бұрын оттың құрметін аяқ асты еткені үшін дауласқан адамның малы талауға түсіп, өзі жазалы болады. Олардың өзара анттары отқа, бутқа бас ию. Дүние таусылып, қиямет болуына нанады [...]

«Бұрһан қотиа» кітабының тәржімесі «Тибян нафиада» Маниді бір атақты оюшының аты еді, пайғамбарлық дағуасын жасап, өнерін керемет - муажиза есебінде пайдаланды, халықты дінінен аздырды. Самани патшалығынан Баһрам ибн һурмуз оларға айла жолымен сыйлаған болып, бір күні ғалымдарын жинап алып басшыларының айнасын мойнына алдырып, әшкерелеп тәубәға шақырған. Тәубәға келмегендердің терісін сындырды [...] муридтерін құртты, оның жолынан ешнәрсе белгі қалмады дейді, дегенмен қытайда оның ізбасарлары бар.

Мани деп әлгі адастырушыны айтады, сондай-ақ оның ізбасарларын да осылай атайды. Избасарларын бұлай атауға тағы бір себеп «мондан» сөзінен «мон» десе «қалмақ» сөзі оның аудармасы болады.

Шыңғыс алты шаһардан бастап Бағдад, Шам, Халаб, онан солтүстікте Урал, Дәшті Қыпшақ, Мауароаннаһр) Монғолстанның солтүстік аймақтарын және Амур уәлаятында тұрған татарларды өзіне қаратты. Соңынан мұның көбі мұсылман болғанда татар руының біразы өз дінінде қалып, шығысқа қарай ығысқан. Осы себепті оларға «қалмақ» аты қойылған деушілер де бар. Өйткені әдепкіде қалмақтарды ешкім дінге зорламай еркіне қойып, олар кеңесіп көрейік деген соң уақыт белгілеген. Бірер ай өткен соң жиналып қалай болды дегенде: біз өз дінімізде қалмақ болдық деген. Қазақ та, қалмақ та бұл оқиғаны жақсы біледі.

Тибет қалмақтарының тіршілігінде семья өміріне қайшы келетін қылықтар көп: бірнешеуі бірігіп бір әйел алу, әйелге бірі барғанда сыртқа галошын тастап кетеді, соған қарай онда кісі барын біліп, екіншісі үстіне кірмейді, тұрмысқа шығатын әйелге неке ырымын жасаса бір түнге лама жанында қалуы керек, демек, некесі осылайша қиылады. Үйіне қонақ келсе әйелін, болмаса қызын қонаққа қосады. Сондықтан да қалмақтар жалпы қонақжай халық деседі. Бірақ мұндай тірліктері Алтай өңірінің қалмақтарында байқалмайды.

Асылы бұл былықтар Маздақ малғұнның жолы. Ол пайғамбарлық дағуасымен (жолымен) шыққан адам. Оның ойынша: әр нәрсе ортақ, тіпті біреудің бірнеше әйелі болса оған әйелі жоқ адам келіп, біреуін талап етсе оған қарсылық етпеу керек, байлар кедейлермен малын ортақ бөлуі керек дейді деп «Тибян нафиада» жазады. Тибет қалмағында бай-кедей жоқ дегеніне қарағанда Маздақ жолының (мазһаб) әсері болар. Кейбір тарихта Маздақ бұдда мазһабының кісісі еді дейді. Будда діні милади жылынан (Иса пайғамбардың туған күнінен) мың жыл бұрын Үндістанда пайда болған. Бихар өлкесі Азиялық тараптың шығыс жағында болған «шаһ-хуни», яғни «шамкуни» (кітапта осы екі сөзге де лайық түрде көрінсе де, бізше алдыңғысы дұрысырақ болуы ықтимал, өйткені сөзде ескі дарий тіліне үндес сарын байқалады) мазһабынан⁴¹ бір тарауы Будда⁴² тарихы. Осы «шаһкуни» діні Тибет татарлығында жалпы таралған кітап («татарлығында» деп анық жазған) деп «Хай-рулла афанді» тарихында басылған, бірақ олардың діни түсінік-сенімін, қарым-қатынастарын жазбаған. «Миләлі нихал» кітабы жалпы діни көзқарастар, жол-жоралғысын жинақтаған, оны да кейін айтамыз.

⁴¹ Кітапта – будадағы «д» әрпін екң оқуға ишара етпеген.

⁴² Мазһаб – араб сөзі, әр имамның ұстанған діни бағыты.

Тибет хабарын айтқан Қажы Молда марғұландық еді. Бұл заттың Тибетке баруына себеп, 1890 жылы, Биар, яғни Шәуешекке бір ауғандық саудагер келіп Бахта бекінісіне барғанда жолшыбай Үндістанда өсетін бір өсімдікті көреді, оның шайыры «үнді бадбуйі» (үнді сасығы) деп аталады, қымбат шипалы екен. Жолай деген қазақ ақсақалымен сөйлесіп, оны жігіттерге жинаттырмақ болады. Алайда Жолай оның анығын білмей беталды жинап, елді әбігер етіп, әрі саудагерді шығындатқысы келмей алдымен анықтатуға кеңес берген. Ақыры Қажы Молда да шайыр жинауға қатысып, оны Қашғарға жібергенде Яркентте жатып үнділік саудагерлерге жолығады. Олар шайыр, «үнді бадбуйі» емес деген. Бұл кісі біраз ақша шығындан жинаған дүниені тастай алмай, біразын Тибетке апарады. Ондағылар шайырдың иісі жақсы, бізге сасығы керек деген. Нәтижесінде Ти- бет туралы біраз хабарды мен сол кісіден алдым. Айтқаны жалпы қалмақ дінімен бірдей, бірақ тіршіліктегі әдет-ғұрыптары әр түрлі. Үндістаннан жылына бірақ рет керуен қатынай алады. Тибет қандары әдет бойынша қаладан сыртқа ешкімге көрінбей қызмет атқарады. Тибет үкімінде (заңында) ағылшындарға, ал іс жүзінде өз төрелеріне бағынады екен, халқы сондай жуас, жері таулы, сулары өте суық болады, һәм тыныш ел еді дейді.

Тибет қалмақтары әйелге бұлай қарағанымен, діндері бірдей шамада болғанымен, қытайлар әйелдеріне қаталдау келеді. Өлгендерін қалмақтар сахараға тастайды, кейбірі көмеді, көпшілігі өртейді. Қалмақтардың жалпы дін басшысын «кикан чаған» деп, оның шәкірттерін «лама» дейді. Киімдері ұзын, сүйретілген, бәрі де дамбалсыз, шұбалаңдатып кигендіктен не болса соған тиіп кір-лас болғандығына да көңіл аудармай, адам көргісіз сұрықтарымен жүре береді, себебі оның кірін кетіру, тазарту үлкен қылмыс болып есептеледі.

Иззатулла афанді Қобдадан жазып әкелген хабарында жалпы монғол төрт тарап: дондазу манжу (шығыс), шудазу монғол (батыс), зондазу тангут (оңтүстік), зондазу солаң (солтүстік), бұлардың жалпысында 42 кикан (адамдар бар) 21 еркек, 21 әйел. Еркек кикандар үйленбей, әйел кикандар ерге шықпайды. Ер кикандардың лақаптары бар: буғду кикан, жақу кикан, баленар кикан, дайлу кикан, чирн тин кикан, ламимион кикан, зоюн кикан, нарун хуту қаду қикан, арин кикан, жамбу кикан, чоң сужун дунумун хан кикан, бикур нумуң хан кикан, чарин кайан чу кикан, кун хуту қаду кикан, душукун хуту қаду кикан, дайн дирку кикан, арун чул хо булуған кикан, ярдук куш кикан, маду

чир кикан, жанжа кикан, яндук са кикан болып бәрі 21 кикан, қыз кикандар өзге ерлерге араласуға болмайтындықтан оларға ұшырасып жазып алу мүмкін болмаған, ал ерлерді жоғарыда келтірілгендей етіп жазып әкеп берді.

Чаған киканнан төмені бес дәреже: лама, киску, унзот, кишл, манжи деп есепке алынып «манжи» бастауыш мағынасында болады. Осы бесеуден өңгесі қараңғы - жай халықтан деп саналады. Ал чаған киканнан жоғарысы «мани» болып, ол дін негізін салушы саналады.

Құлшылықтары күн шыққаннан сәскеге дейін, екіншіден күн батқанша тізерлеп отырып қол көтеріп дұға еткендей, содан соң оқып-оқып әр заманда басын жерге қойып пұтқа сажда қылады. Халық бұқарасы құлшылықпен аса жұмысы болмай лама мен кишлдерінің құлдығымен бәрі өтелген есепті болады, сол үшін ламаларының тәрбиесі жұртқа міндет. Бір үйде үш еркек болса бірі лама етіп тағайындалады да ол болған істен, шаруашылықтан, сауда-саттық т.б. бәрінен босатылады. Бұқараның садақа, нәзірлері (бұтқа аталған) толығымен ламалардың мүлкі. Оқуларының басы:-уам ма- ни батбах, уам мани батбах, уам мани шрах, уам мани шрах никун хойур ғурбун да уам мани шрах - деп, мұның басын екі-үш реттен қайталап қатты тіл, ащы дауыспен айғайласып оқығаннан дауыстары әлденеге ұқсап кетеді. Мал бауыздаса «Я бурхан бақчи» дейді.

Қалмақтың оңтүстік пен солтүстік иеліктерінің арасын Алты-шаһар мен қытайдың кейбір жерлері бөліп тұрады, орталығы Тибет болған себепті көбі сонда. Солтүстікте болғандары Іле атрабы, Текес тауы мен суы, Қарашаһар үсті, Жылан қабырға, Чунжі айналасы, Байтұқ, Тайтүк, Сағры, Сайқан (Саян), Алтай таулары, Қобда, Ласты шаһарларының шығысы Бажинге дейін, бір тарапы Ұрға шаһары, Амур өзені, онан Қияхта мен Қамчатқаға дейін жайылады. Бұл жақтардағы дін орталығы Ұрға шаһары, қалмақтар бұған «да кура» (улуғ бурхан-үлкен бурхан) деседі. «Қура» сөзі «бурхан» ма- ғынасында болып ұлық кикандары, яғни үлкен кикандары мен үлкен дәрежелі кісілері «уаң» дар да Қурада тұрады. Кіші дәрежелі шендері де көп, діни өкілдерін «кура» деп атасады. Егер бір жерге пұтхана салып, айналасында жүз-екі жүз үй тігіп лама мен кишл- дері құлшылық үшін онда тұрса «курул» деп те атайды, будхананың ішінде тұрғандарын «бурхан» дейді [...] Ерекше жоңғар аталуы қара қалмақ пен торғауыт тайпаларының ру аты сақталды, ал басқа тайпалардың бірігіп жоңғар аталуынан жеке ру аттары сақталмай қалды [...]

Бұл тайпалар пұтханасын тек табынатын пұттары сиярлық етіп жасап, өздері сыртынан сажда етеді, кірсе бір-бірлеп қана кіреді [...] Ондай күмбездерді өлік үстіне тұрғызған деулері қате, өйткені бұлар өліктерін сахараға тастайды, кейбіреулері көмеді, ал күмбездеу жоқ. Көбінесе - өліктерін пұтхана жанына қояды. Егер атақты адамдары өліп, оған белгі қою керек болса, суретін тасқа ояды, яғни аттарын жазады. Күмбездің ішін қуыстап қою оларда болмаған әдет, бәлкім бұл оларша күнә есептеледі. Қозы Көрпеш - Айқыз күмбезі туралы қалмақтардан сұрадым. Сулман атты бір қалмақ «іші қуыс болса өлікке жасалмаған, Көрпеш атында бір адамға қойылған бурхан болады» деді, өзгелері де осылай дейді.

Орал тауына дейін біздің жерлеріміз төбелерге (қорым) тола, үндістанда да сондай деседі. Көпшілік адамдар бұл төбелер Шыңғыс пен жоңғардан қалған белгі десе де, біз көрген қалмақтар мен торғауыттарда өліктің үстіне белгі орнату әдеті байқалмайды. Меніңше бұл төбелер аңыздарда айтылатын «муғтрса» қауымының белгілері болар, қазақтар оны «Мұқтың үйі» деседі. «Мұқ», яғни асылы Нух дегені болады.

Қарқаралыдан сөзі сенімді Уәли Бекматов айтады: біз жақта орыс пен қазақтар Мұқ төбесін көп қазды, ашты. Біреулері үш, кейбірі төрт қабат болып, бірінші қабатта тек сүйек пен шөлмек сықылды ыдыстар шықты, екіншісіне еңбек құралдары, үшіншісінен қымбат бағалы нәрселер, алтын-күміс аспаптар табылады. Бір мәйіт (өлік) төртінші қабатта екен, күміспен кебіндептіенді бір мәйіт тас кереует үстінде қойылған екен, қолында білезік, мойнында алтын алқа, шашы басының екі жағына төгілген екен деді.

Қазіргі саларадағы төбелерге үй ме, көр ме деп таласады, бірақ анықтап байқағанға олар көр, өйткені оны қазса сандық сияқты жасалған, төрт бұрышты тастар шығып, ниың ішінен сүйек шығады. Үй болса ондай болмас еді және суға жақын болар еді, судан қашықтығының өзі көр екеніне дәлел болуы мүмкін. Қайтсе де осы төбелер топан судан бұрынғы тайпалардың өнері боп шығады. Топан су басқаннан кейін болса монғол-қалмақтан басқа бір өнерлі тайпаның ісі болып танылуы керек. Себебі жер астына қойылған тастар тақтайдан жонылып, үстіндегінің дейәкті ұрғаны мұндайды жонуға аспап, һәм ұстаз керек екені, оған қоса біз көріп жүрген қалмақ пен монғолда мұндай тас жону әдеті байқалмайды, тіпті ондаймен ісі де жоқтығын есепке алсақ та түсінікті болар. Қытайлар жасады деуге де жобасы келмейді,

қытай мен монғол тайпаларында бұлайша тас жону, жер астынан қабір казу әдеті болмаған және төбелерден табылған сүйектер өте ірі. Бұлар туралы ешбір тарихтарда баяндалмаған, бұл туралы негізсіз жорамал айтқанмен ғылым мен ой иелері не айтады? Қабірді бұлайша қабат-қабат ету, бұлайша мәйіт қою ешбір халық пен тайпаларда болмаған, байқал- маған ғұрып, сондықтан Нұх яки онан да бұрынғы халықтардың ісі ме деуге аузым барады. Өте көне, ежелден келе жатқан мәдени мұраларға «һарам» деп айтылады, «һарамның өзі» «қартаю» деген сөз. Осындай жұмысты атқару: үлкен тастарды ағаштай жонып, қию- ластыру, бір-біріне ұстату, өте үлкен тастарды таудан қопарып әкелу сынды күрделі жұмыстарды жасай білген халықты кейбір ақымақтар маймылға да ұқсатқысы келеді. Ал анадай төбелерді Шыңғыс заманынан қалды деу ешқандай нанымсыз, өйткені оның заманы аса қашық емес, қазіргі ұрпақтары ескі мәдениетінен біржола арылып, болмаса оны ұмытып қалардай болған жоқ. Тарихтан аса хабары жоқтарға салса оның дәуірін де соншалық ұзақ болды деп көп нәрсені соларға жапсыруын көріп жүрміз. Ескі Муғ қауымы мен жаңа монғолдың арасын айыра білмейтіндерден ақыл сұрауға болмайды. Қорытындымыз: біз айтып отырған мәдениет иелері жер бетінен жоғалып, мәңгіге аты өшкен қауымдар болса ғажап емес.

Ал Қозы Көрпеш күмбезі аса көнеге жатпайды, өйткені біз қариялардан естігеніміз: халық Аягөз бойына қоныстанғанда үстінің сылағы толық түсіп болмаған, іші қызыл-көк бояумен боялған еді дейді. Мүмкін сылау, бояу жаңғыртылып тұрған болар, ал өзі күйреуге жақын [...]

Айқыз, Айкөз, Айтаңсық бәрі қалмақ хандарының қызы, бұлардың әрбірінің атына пұтхана салынып, соңыра денелері де сонда қойылған, әрбірі бір өзенге ат болған. Алайда Айғуздан (Айқыз дегені) өзгесінің өзі қайда, қабірлері қайда мағлұмсыз, тек аттары қалған.

[...] Біздің мұсылман тарихшылары оннан бірі жалған болса, тоғызын да керек етпейді, ал басқа халық қалам иелері жүзден бірі рас болса жазып алады. Осы себепті мұсылман кітаптары өзге халық жазбаларынан дүниеге бағалырақ есептеледі.

Туғұлық Темір ханнан соң монғолдар бәрі шығысқа ойысып, біразы қалмақ, торғауыт болып бөлініп, араларында башқұрт, қазақ халқы бөлек тұратындай жағдай болып, Жайық жағасында қалып еді. Сарай хандығы біткен соң Аштарханға, одан біраз уақыт Урганж (Қарақалпақ) хандары ықпалында, соңынан

біржолата Ресейге карап, қазір сонда қалды. Торғауыттың бір бөлігі 1580-1680 жылдар аралығында Жайықтан көшіп шығысқа келді, Алтайдағы тумаластарына қосылумен, Далай ламаның арандатуымен солтүстік моңғолдармен біріге бас көтеріп, Ертіс бойындағы ауылдарды басты, Тумен Тарыға дейін жетті. Ғалдан Алты шаһарды өзіне қаратты, Афак Ғалданға бас иді. Тянь-Шань уәлаятын айналасымен басып алды, қытаймен кикілжіндесіп тұрғанда Афак өлді, Ғалданның орынбасары Қонтайжы (Қонтайшы) да дүние салып, қожалар мен қалмақ арасы суынды. Әмин уаңның айтуымен қытайдан әскер келіп, осы кездегі қалмақ ханы Амур сана мен оның баласы қытаймен соғысып жеңіліс тапты. Жоңғар мемлекеті біржола жойылды. Қытайлар Құлжа мен Биар шаһарларын ондап, бұл жақтарды өзіне қаратты.

Осы толқын арасында қара қалмақ тайпасы қытай үкіметінен сырт қалып Қарқаралы, Қарөткел жағында жүрді, жалпысы 30 мың үй шамасы еді. Бұлар да өзара билікке таласып нашарлап, бір бөлігі қашып Балқашқа тығылды. Сыртынан Қоршауда қалған халық тұзды судан іше алмай көпшілігі шөлден қырылады. Олар өзара қырылысып, әлсіреген кезде қалғандарын Абылай хан қуып Тарбағатайға ысырғанын айтқамыз. Қаншама жерлер екі арада ну орман болып бос қалып, бір-бірінен сақтанамыз деп ешқайсысы ол жерлерді қоныстана алмағаны да осы кезең еді (жоғарыда айтыл- ды).

Қалмақтар Абылай ханнан қашып қытайға қараған соң, қытай оларды бөлектеп бір тайпасын Құлжаға, бір тобын Булжаға қоныстандырып, Шәуешек айналасын жерсінуге әмір берді. Ұрқашар, Маңрақ, Майлы, Сауыр, Тарбағатай тауларын жайлау, Емел, Қолыстай өлкесін қыстауға беріп, бірнеше үйлі чақарды бұларға қарауылға қойды. Чақар бұларға қазақтың төресіндей әкім болып, шақылдап тұрған соң қалмақтар өздерінше де, қазақша да «чақар» (шақар) деп атаған. Тарихшылар аздап өзгерістер жасап «жоңғар», яки «дузнғар» деп жазады. Қалмақ хандары әуелден осы нәсілден тарағаны үшін мемлекетін де солардың атымен «жоңғар» деп кеткен. Мамыр бітімінен кейін дүнген қозғалысына дейін жүз жылдан аса қазақ, қалмақ тыныштықта өмір сүрді. Дүнген соғысында қалмақтар қазақтан қайыра соққы жеп Алтайдағы тумаластарына барып қосылды. Жеті-сегіз жылдан соң Шәуешекке қытай келіп, бұлар да әдепкі орындарына жайласты. Қазір Шәуешек, Дурбулжун атрабы осыларға карап қалды. Бұларды «он сом қара қалмақ» дейді, сегіз сомы саф (таза) қалмақ, бір сомы чақар, бір сомы үлче

мұнал. Үлче мұнал, яғни тұтқын, олжа (олжа-үлче). Үлчеде тағы бір «шала» мағынасы болып ол да дұрыс айтылған, яғни шала монғол, шынында іштерінде жасырын мұсылманы да бар деседі.

«Сұм», яғни «сом» деп 300-500 үй бірігіп бір басшының ықпалымен жүрген топты айтады, оны «сумун» деп те атайды. Жалпы айтса «барлық улуты» деп, бөлек-бөлек баяндаса «Емел сумуны, Жайур сумуны» деп, мысалы Ресейде әр уәлаятта жер бөлініп (земство) берілгендей.

«Улус» сөзі монғолша - «тайпа, жамағат, есе үлес» мағынасын береді, мұны қазақтар бірлік, жиналу, кейде: заң, ереже орнына пайдаланады. Мысалы «елдің ұлтынан шығайын ба?» дейді, мұнда бірлік, жиналу мәні көрініп тұр, яғни жұрттың бірлігінен шығайын ба, көптен айрылайын ба, болмаса «елдің ұлты солай» деседі, бұл «елдің өткені» солай болып келген деген мағынада, мұнда ереже, әдет болып аударылып тұр. «Ғияс әл-луғатта» «ұлыс» — қауым мәнінде деген, ұлт, ұлыс, үлес — бір-бірінің синонимдері.

Дүнген соғысына дейін чақарлар қалмаққа сөзі өтімді, ықпалы зор еді, бұл күнде оған тоқтау салынды. Он сом қара қалмақтан өзге монғолдар уаң билігінде болды. «Уаң» өздерінше «хан» дегені, «қаң» деушілері де бар, олар ескіде бабалары Күйік хан, ибн Укудайға дейін тұтасып хан нәсіліміз деп, оны ерекше «қаң» деп білдіртсе керек. Уаң мәні «хан» болғанымен шынында іс жүзінде төре орнында жүреді.

Монғолды төрт бөлек деп едік, оның оңтүстік жағы Тибет уәлаяты қалмақтары ең көбі дегенбіз, бірақ қанша екені мәлімсіз. Ал Алты шаһар жағындағы солтүстік және шығысындағы болған монғолдар 46 уаңға бөлініп, бұның 42-сі Қобда-Ласты мен Урға бекінісінің солтүстігінен Киях, «Мимачин» (неге екенін білмедік, осы сөзді тырнақшаға алған — ауд), Шығысы мұхитқа дейін (Тынық мұхит) жайылған. Жалпы 15—16 миллион болар деп Қобданың саудагер орыстары осылай дейді. Бағзылар 18 сың болған қытай мемлекетінің сегіз сыңы (орысша «сын» сөзінің баламасы) монғолдар, ал он сыңы түрлі жыныстар. Бұл есепке солтүстік, оңтүстік-батыс, шығыс монғолдар толық еніп, бұл тәрізді қытай мемлекетінің жартысына жуығы монғол болып шығады. Төрт уақ батыс монғолдар Қарашаһар, Құлжа, Илан-қауырға (Жыланқабырға) Кубук, Сағры айналасын мекендейді.

Монғолдардың аттарының мағлұм болғандары жазылды, алайда өз тектері бір болғанымен аттары мен тілдері түрліше. Өзгелерден араласқан қауымдар да баршылық. Қазір Ласты

атрабында «бұхарис», «ташкандис» деп аталатын екі тайпа ел бар, тілдері түркі тіліне жақын, бәлкім жайлап сөйлесе барлық сөзі түркі тіліне келеді, түп төркіндері сол екі қаладан деседі. Бұдан басқа да Қотаннан, тағы басқа жерлерден барып монғолға енгендер, олар да таза монғол емесі түрліше (тілі, әдет-ғұрпы) жағынан байқалады. Жалпы хабарлар мен зерттеулерге қарағанда, монғолдарға араласқан өзге халықтардың 200 жылдан аса уақытта да өз тілі, әдет-ғұрып, салт-санасы айтарлықтай өзгеріске ұшырамаған, біржола монғолға сіңіп кете алмайды, ал қазақ арасына сіңген қай халық болса да тіпті елу жылға да жетпей қазақшылық жеңіп, бір-екі буын өткен соң тіл, сөз, сәлем де, тіпті де айырмашылықтары байқалмай [...] араласып кетіп жатады. Бұл жағдай басқа халықтарда да бар, бірақ бәрі де бірер жүз жыл өтсе де өзге халық нәсілін біржола өзгертіп жібере алмайды.

Осымен алдыңғы бес бөлімнен тұратын шығыс халықтары: Ферғана хандықтары, Алты Шаһар ахуалы, Қазақ баяны, Қазақ бабалары және Қалмақ-монғол жайында сөз болғандықтан бұл еңбегіміздің атын «Бес тарих» деп, ішкі мәніне қарай «шығыс атында» деп атадық. Енді осы тарихқа кейбір толықтырулар «Татим- ма»⁴³ да беріледі (290-бетте).



РЕСЕЙДІҢ ШЫҒЫС ТҮРКІСТАНҒА АЯҚ БАСУЫ

Чаң Луң хан заманында шығыстан қытай әскері келіп Жоңғар хандығын қиратып, 1753 жылы Құлжа мен осы кезге тұспа-тұс болған Абылай кезіндегі «Мамыр су» бітімінен соң

⁴³ Татимма — зерттеу еңбектерінде пайдаланылатын өткен жазбаларға берілетін анықтама, қосымшалар, баяндаулар. Кейбір қалған, яғни түсініксіз қағидаларға түсініктемелер беру үшін кітапқа қосымша жазылады. Бірақ оны қорытындымен шатастыруға болмайды. «Татимма» сөзі араб тілінен «тамамдау», «аяқтау» болып аударылады. «Гатимма» мен «тамам» сөзінің түбірі бір.

Биар бекінісі салынады. Бұл екі шаһар жоңғарларға арналып көтерілгендіктен торғауыт пен қалмаққа негіз (орталық) болды. Бұл екі қаланың көтерілуімен қатар батыстан орыстар да сырғи келіп Қызылжар, соңынан Семейді салды.

Құлжа шаһары ескіде «Жам», яки «Жым» атанған Іле өзенінің бойында, бұл су Хан Тәңрі тауынан (Мұзарттан) және айналасынан басталады. Қытайлар Құлжаны көтерумен түрлі халық, оның ішінде 800 манжұр көшіріп әкелінді және хан осылардан сайланатын болды. Манжурлер монғолдың бір тайпасы саналады. Қытайда өз тарихтарына қарағанда хандық бес мың жылға жақын болып, осы мезгіл ішінде әр түрлі 25 рудан 254 кісі хан болды дейді. Біздің қазіргі дәуірімізден екі мың жылдай бұрын бірнеше үкіметке бөлініп, әр қайсысы дербес ел болған. Кейіннен бір-бірімен араласып шығысы Шын, батысы Қытай атымен екі зор мемлекет болып шектелген. Соңынан Шын Қытай мемлекетін жойған. 1640 жылы хандық манжурлерге өткенімен, осы он үшінші ғасырдың ортасында «тайғунан»⁴⁴ яғни азаттық атымен қытайлар бас көтеріп, араларында болған қанды қырғындардан соң уәзірлікті қытайларға беріп, хандық шыңдарда қалып, қайыра туыстық бітім-келісімі жасалды.

Қазіргі бадарға⁴⁵ Кунсүй Чуң хан Манжур хандарының тоғызыншысы, ол 1873 жылы таққа отырған.

Көшіріп әкелінген манжурлар қызметіне Алты шаһардан 800 үйлі адамды жеткізіп, олардың ас-суын, барлық тіршілік міндетін осыларға дайындады. Манжурлар бұларды ескі кездегі Мысыр қытайлары (фараон рулары осылай аталады, орысша копт) еврейлерді қалай пайдаланса, әйтеуір солай құлдық халге түсірді. Бұл бейшаралар олардың жылдық асын жеткізіп бере алмай қалса мал-мүлік тұрмақ балаларына дейін сатып, талай сұмдықтарға төзуге мәжбүр болды. Бұл бәледен [...] дүнген соғысы кезінде көтеріліп азат болды. Қазірде «тыраншы» атымен сол 800 үйдің әулеті неше мың жан болды. Алты шаһар тілімен «тыраншы»—диқан, яғни егінші. Бұл ұғым дүнген және қытай тілдерінде «хуржа» делінеді.

⁴⁴ Тайғұннан – азаттық ұраны.

⁴⁵ Бадарға – билеуші, басшы.

Құлжа бір кезде үлкен шаһар болып оны «кіші Бажин» деп те атаған. Бұлай аталу себебі әуелде жоңғар орталығы болып, екіншіден бір ғасыр ішінде осынша елге қоныс болып өсуі. Ұзамай оны Бажинмен таластыруға ишара ететін. Оның айналасымен қоса 350 мыңға жуық халқы болды, олардың 300 мыңдайы қытай-ман- журлар, қалғаны тыраншы, дүнгендер еді.

Сичан Чаңа шаһарында көтеріліс болып халық оның соңы немен бітер екен деп тұрғанда, бір қадірлі дүнгеннің баласы — айрықша жігіттің әйелі «жезөкшелік» жасап, жігіт әйелді де оған келіп жүрген адамды да жолдастарымен қоса өлтіреді, Жаңжуң бұл жігітті зын- данға тастады (Жаңшуң уәли-паша, яғни губернатор қатарлы мансап). Дүнгендер әлгі жігітті қанша сұрағанымен бермей, бір жылдан соң оны алаңда шауып өлтіреді. Осындай себептермен халықтың арасы бұзылуға айналған соң, Жаңжуң мешітке келіп он өгіз, отыз қой, қанша күріш, шай беріп марқұм жігіттің рухына құран шығартып, өзі біраз насихаттаумен аздап халықты ты- ныштандырған болады. Қыс өтіп, жаз шыға дүнгендер қайта қозғалып Санду хуза бекінісінде қытайларды қырып салады. Таржи мен Чанза, Хұза қыстақтарын талап, онан Сахараға шығып кетеді. Жалпы саны 1500 шамалы түтін еді. Одан соң көп ұзамай Құлжадан әскер келіп, дүнгендердің көбін өлтіріп, қатын-баласын, шал- кемпірін, бес жүздей адамды тұтқынға алады. Олардың іске жарамдысын әр күні 10-15-тен шауып өлтіріп, 200 шамалысын ғана тірі қалдырады. Осы уақытта Бажиннен хат келіп, бір мезгілді тағайындап, сол уақытта дүнген халқын біржола жер бетінен жоқ етуге нұсқау берілген еді. Жаңжуң мешітке келіп, саясатпен сөз сөй- леп:

- «Маған хат келді, егер ертерек келсе, өлгендердің бәрі тірі қалатын еді, жаман болса тұтқындарды толығымен жояр едім, алайда олай етпедім. Мың жылдан аса, біз қытай, сіздер «хуй, хуй» деп жат болғамыз жоқ, барлығымыз бір ханға қарап отырмыз. Сіздер де аран- дамай, біз де тыныштыққа келісейік,— деп қайтып кетті.

Дегенмен дүнгендер істің анығын білетін еді, бұлар да сыр бермей тарқағаны болмаса, дайын отыруға келісіп, қапы қалмауды қарастырды. Осы кезде консул Петерборға кетіп, орнына бірнеше қазақ-орыс пен секретарь қалды. Қытайлардың ауыз бірлігі мен дүнгендердің де уәделі күні жақындағанын білетін секретарь да бір күні ғайып болды. Бір қазақ-орыс шіркеу төбесінде ұйықтап, яки уақиғаны байқау үшін әдейі қалдырылды. Секретары кеткенін есітіп, қытайлар оның неге бұлай жасағанын сұрап ешкімнен

біле алмай, соңынан адам жібергенмен ол жете алмай кері қайтты. Саудагерлерді факториядан (сырты қоршалған орталық) шығарып, қазақ-орыстың жанына бірнеше қытай қосылып, факторияны күзетке алды. Бір апта өтпей-ақ соғыс басталды.

Қытайлардың бір сұмдыққа дайындалып жатқанын білген дүнгендер қалай да бір айла жасауға, яғни қайтсе де оңай жан бермеске, белгілі уақытта жиналып тұруға келіскенімен алдыңғы көтерілістен мән шықпаған соң жаманат ойлаған кейбіреулері тек отырғанда тимес деген, пікірде болып, онан да тұтқындық күнге алдынан келіскен райға көшті. Қытайға қылыш тартпасак әрі болса тыраншының күйіне түсірер деушілер көтеріліске кесірін тигізді. Тек қана 300 шамалы адам 1280 һижра жылы, 1863 милади жылында октябрьдің басында жұма күні түнде көтеріліске шықты, бұл күні қытайларға да хабар тиіп, біз тимесек өлтірмес деп отырған бірнеше қыстақ дүнгендерін қырып салды. Жаужүрек 300 адам қорғап сыртындғы чанпан аталатын қытайларды 3-4 күн ішінде толығымен жоқ етті. Чанпан қытайлары жер аударылған бұзық адамдар еді, бұларды қаладан шығарудың екі себебі болды: бірі дүнгендерге қарсы қалқан, екіншісі бұлардан өздерін сақтау, өйткені бұлардан дүнген тұрмақ қытайлардың өздері қорқатын еді. Соғыс басында 300-ге үш күнде (жұма, сенбі, жексенбі) ешқандай ол қосылған жоқ, әр ауыл өз басымен әуре болды. Қытайларды өлтіріп алаңсыз болған кей жердің дүнгендері дүйсенбіден бастап бұларға келе бастады. Оқиғаның ішінде болған саудагерлердің айтуларынша секретарь қашып кеткен соң Ресей мен Ферғана саудагерлері бір сайға жиналып, бірнеше қос керуен бірер күнге аялдап қалған, себебі тұтас кетуге жүктері сыймай, бөлініп кетуге бір-бірін қимай тұрғанда соғыс басталды. Дүнгендер үш тәулік бойы ас-су көрмей, тынымсыз шабуыл барысында екі жақ боп атысқан жаудың аралығында керуен қалып кеткен жағдайлар да болған. Бірде бір топ дүнгендер керуен жанынан «мына жақта біраз дұшпан жүр, соған барамыз» дегенде, керуеннен біраз адам тамашалауға ере барғанын бір саудагер айтады. Соғыс басталғаннан саудагерлер кері қашқан. Дүнгендер соғыс аяқталған соң керуендерге кейін сендердің қашқандарың қытайды қайраттандырып жіберді, енді бізге қосылушы болмаңдар деп, қашқандарға әжептәуір сөз айтып, мінеп, тек саудагерлер болған соң ғана жазаламаған. Соңында Құлжа жан- басын 60 мыңнан аса дүнгенмен чанпаннан түк те қалмай, біразын ғана қытайлар қорғанға кіргізіп сақтап қалады.

Кейіннен дүнгендер көбейе түсті. Кезектесіп дем алып, кезектесіп ас ішті, көңілдері орнына түсе бастады. Алайда әлі неше жерде қорған-қамалдар бар, әр бірінде бес-он мыңнан бекінген, жалпы санында есеп жоқ еді. Алтыншы күні қорғаннан 5000 қытай шығып, алдымен саудагерлерге келіп, жар басынан қолбасы «дарун» бұлардың аман-саулығын сұрап,—«сіздер ижн-ханның еліне мейман саудагерсіздер, мына жағдаймен сіздерден хабар ала алмадық, онымыз дүнгеннен қорқып емес, мына бейбастақ чанпаннан қорықтық, себебі олар дос пен қасты айырмайды. Дүнген бір сығым ғана халық, міне мені жаңжун осынша әскермен жіберіп отыр, олар-дың күлін көкке ұшырамыз, сіздерге қауіп жоқ»,— деп жүріп кеткен. Содан бұуар салтанатпен алтын-күміс ертұрман, сауыт-сайманмен бара жатқанда алдарынан дүнгендер қарсы шығып, жарты сағат атысқан соң «Алла» деп дүнгендер бірден ат қойғанда қытайлар бет келе алмай қашып жарға қамалған. Қанша адамы атматымен жардан ұшып, қаншалары дүнгендер қолынан жер қапты. Біраз қытай жол тауып қалаға қашқанымен соңынан отыз дүнген қуып барғанда, тосқауылда тұрған қытайлар оларды қырып салды. Бірақ қайдан шыға келгенін кім білсін, елу дүнген арыстандай атылып әлгі қытайларды жусатып салды. Бес мың қытай әскерінен бір топ та адам құтыла алмады. Дүнгендер де онан-мынан құралып, бірер мың бола қалған екен. Азғана қолмен осынша қытай әскерін қырып салғанымен саудагерлердің қалғаны жергілікті қытай үкіметі, ептеп көмек етсе, жүріп кетерміз деген үміті босқа болды. Бір ай бойы қала іші қытайларда, сырты дүнгендерде болды, әйтседе әлі де қытайдың көптігі қауіпті еді. Оның үстіне тараншылардың біраз уақытқа дейін дүнген қозғалысына қосылмауы күдікті еді. Қытайлар оларды дүнгендерге қарсы пайдаланбақ болды, дүнгендер мұны бі-ліп тараншыларға жалынып, олар екі жаққа да қосылмай, істің ақырын күтуде еді. Дүнгендердің өтінішімен ғалымдардан фатуа-шешім сұрап еді. Жалпы қытайлардыкі әуелі бастан істегендері зұлымдық, қиянат. Сол үшін қытайға оқ ату теріс емес деп ақыл береді. Билік тараншыдан болсын деген ант шартымен олардан да неше мың еркек аттанып соғысқа шығады. Осыдан соңғы уақиғаларды молда Назым Билал «Ғазауаты чин» (Шын ғазауаты) атты тарихында толығымен баян еткен, оны қайыра сөйлеуіміз шарт болмас.

Дүнгендер мен тараншылар ынтымақтасуының нәтижесінде 1280 хижра жылында, 1863 милади жылы ноябрьдің басынан Іле атыраптары тараншыларға қосылып өз алдына дербес ел болып

сегіз жыл өмір сүреді, дүнгендер де сөзінде тұрады. 1871 жылы генерал Колпаковский Алматыдан біраз әскермен шығып, бұл аймақтарды қарамағына қаратып он жылдай Ресей ықпалында тұрады. 1882 жылы Құлжа қытайға қайтарылған соң, дүнген мен тараншылар Яркент (бүгінгі Жәркент) қаласына көшеді.

Тараншылардың қытай езгісінен халықтық қасиеті жойылып кетерліктей болса да, олардың үкімі жүрген азғана жыл ішінде әжептәуір игі жақсылар мен ғалымдар, өнерпаздар шыға бастады.

Қытай ішінде мұсылмандарды екі түрлі атап, бірін «хпту» деп Алты шаһар халқының мұсылмандарын айтса, екіншісі «хуй-хуй». «Хпту» түрлі мағыналы, ал осы орында «ақ бас», тағы бірі «дүнган». «Дүнган» қытай, яки дүнгендердің ана тілі емес, түркі тілден алынған, біз сұрасақ «дүнганбыз» дейді, өз іштерінде «дүнган» демейді. Дүнгендерді қытайлар екі түрлі атайды, бірі «шажу» (кіші тайпа, кіші нәсіл дегені). Бұлар Самарқандтан барғандардың әулеті, шеше жағынан қытай, яғни оларға жиен болғандықтан осы атау жалпы дүнген халқының атына айтылады. Алайда олар өздерін «да- жу» (үлкен нәсіл) деп атайды. Ал «хуй-хуй» аты «тез- тез» деген сөз, бір жағдайдан екіншісіне өтуі дәлірек айтқанда тез-тез бұзылып тұруы. Мысалы тез мұсылман болулары, тыныштықтан лезде айнулары, т.т. мінездерінің өзгеріп тұруы. Демек «хуй-хуйдың» сөзбе-сөз мағынасы - «дунған», яғни «кімсің» десе «дүнганмын» дегені «хуй-хуйға» қарағанда мағынасына қарай орынды болады.

«Хтай» деген сөз негізінде «Худ айин» кітап мәнінен алынып бірер діни кітап, яки пайғамбарға нанбай өздерінше дін туғызып «худ»—өзі, айин—әдет-ғұрып болып, яғни өз әдетімен жүрген халық боп аталады. Ол сондықтан «худ ай», онан «хтайға» айналып, одан келе парсылардың атауымен қытай шығады. Бұларға түркі діні де әсер етті. Дүнгендердің негізгі тілі қытай, араб, парсы тілдерінің әсерінен құлаққа басқаша естіледі. Ал салар халқын дүнген атау «тағлиби» (азды көпке қосып есептеп жіберу қағидасы), демек, олардың тілі түркі-парсы тілімен араласқандықтан, өз алдына таза дүнген тілі емес. Саларларды жүз тайпалары деп атап, барлығы 18 жүз, әр жүзі бір дуан ел шамалы болады деседі. Салардың өзі бір үлкен өзеннің де аты, оның бойында тұрғандардың бәрін «салар» халқы дейді, осы аттас бір үлкен шаһар да бар дейтін. Қытайдың «самарқандилер» аталатындары осылар болса керек. Сжин чана шаһарында шыққан соғыс салардың балаларынан, Шанчин уәлаятына

барып оқыған шәкірттерден басталған, соңынан дүнгендер оларды қорғап қытайдың соңына ерген. Бұл соғыста салардағы дүнгендер толқымаған. Саларлардың бек, әкімдері өздерінен болғанымен қытайлардың тегеуріні қатты еді. Бұлардың тілі түркі және парси дегені «самарқанди» дегенін дәлелдей түседі. Себебі самарқандықтардың бәрі парсы емес, бәлкім айналасында өзбектер де көп. Келгендердің біразы өзбек, біразы парсы болып бірге қонып, қытаймен араласқан болса тілдері араласуы табиғи. Дүнгендерден «салар» деп нені айтатынын сұрағанымда «сардлар» деген сөздің өзгеріп «салар» болды дейді. Бұлар қалай онда барып қалғаны «Жаридамызда» жазылған.

Көптің аузында жүрген: дүнгендер Ақсақ Темір әскерінен қалды деген бос сөз[...] Бағзы тарихтарда 188 һижра жылы Шын императоры «Сун Цунг» хан Аббасилер халифатының екіншісі Әбу Жаафар Мансурдан көмек сұрап, бұлар он мың әскер жіберген. Шын патшалығы осылардың көмегімен ішінде болған көтерілісті басқан. Нәтижесінде еңбегін бағалап оларға жергілікті қытай қыздарынан семья құруға рұқсат берген, олар бөлінген жерлерде өсіп-өніп әулеті көбейген. Осыдан олардың бабасы араб дегендер бар, алайда халифа сонау араб елінен он мың әскерді шаршатып қытайға жеткізгеннен көрі билігі жүріп тұрған Мауароаннаһрдан көмек жіберу арқылы қытайдың өтінішін қанағаттандыруға мәжбүр болған. Сонда қалай айтса да «самарқандық, бұхаралық» деп айтылатын қытайлардың бабалары осы екі қаланың кісілері деуге негіз бар, оны олардың тіл- дері де дәлелдейді (жалпы Самарқан біздің дәуірімізден бұрын болған қала екендігі тарихта белгілі - ауд.).

Қалай дегенмен де дүнгендердің мұсылманшылығы кейіннен болды деуге келмейді, біздің жорамалдауымыздан көп бұрын болған. Бұл туралы талай тарихты оқып, талайдан сұрап та көрдік. «Даб», яки «Дуб» ахунның хабарынан басқа дұрыс анықтама болмады, ол біздің баспамыздан шыққан. Қытай тарихында да осылай жазылған.

Саларлардан басқа дүнгендердің жалпы жазуы қытайша, ерекше хаттары арабша болады. Араби құран, яки өзгелерін оқып өздерінше аударады, мысалы:

Лә Илэхә Илла Ллоһу Мухаммаду Просумуму тиан жушу ину худа шнрун мухд худайи Луллоһ — жнсой, яғни «алладан басқа құдай жоқ, Мұхаммед оның елшісі», «тиан — тәңірі».

Мамыр су бітімінен кейін қайтып қытайлар қазіргі Ұржар қамалы маңынан «Тамды» дейтін жерге үй, қорған салып атын

«Биар» қойды. Негізгі «бида йар», «бид» — қытайша — ақ, «йар» — түрікше — «жар», демек «ақжар», ол «биарға» айналған. Ол кезде үлкен, биік жарлар сол орында көп болып, онда түрліше «жар» аталатын ауыл, жер көп еді. Ақжар, пұшық жар, кіші жар, ұры жар, қысық жар, яки ирек жар сияқты т.б. жер атаулары болды. Алайда ол жерлерде қар қалың, суық бола берген соң қытайлар малы қырылып, ат-көліксіз қалып көп азап шеккен соң Биарды тастап кетеді. Ол кезде Тарбағатай тауын торғауыттар жайлайды екен, олар қазақтан адам ертіп атрапты таңдап, қаланы көшіретін жаңа орын іздегенде осы күнгі Шәуешекке тоқтайды. Бұлар қала орнын сондағы бұлақ шығатын жерден бастауды ақыл көріп, онда әлде кімдерден қалған саптыаяқ тауып алады. Саптыаяқты торғауыт тілінде «чауачак» дейді. Қала орны қай жерден басталды дегенге «чауачак» шыққан су жанынан десіп жауаптасып, соңыра бұл атау қалаға берілген. Қытайлар документтері бойынша «Биар» деп атағанымен халық «Шәуешек» атап кетіп, ол атау өзгелерге де танымал боп кеткен. Оның тағы бір аты «чин чан». Тарбағатай тауы торғауыттар тілімен «Сурлы тау». «Сур» (қазақша — суыр) — аңның аты, түсі сарыға жақын, қызыл, өзі мысықтан үлкенірек бұл жерде оның көптігі осы тауды атауға да себеп болған. «Тарбұға» — сур, ал «та» мен «и»-ді араб тілінде анықтауыш орнына пайдаланып, ілік табысына түседі, сонымен «сурлы» — «тарбұғалы» тау. Алтай тауы да осылай, негізі Алутай. «Алу» монғолша «аю» яғни «аюлы тау». Біреулер алтыннан, біреулер оның ол шетінен бұ шетін алты айлық жол деп соған байланыстырғысы келсе де Алтайдың аюының қандай екенін білмеген надандық пікір.

Шәуешектің шығысының 70-80 шақырымдай жердегі Уркашар тауы Сағры тауының сілемі, ол Бұта мойнақта бітеді. Оның оңтүстігі - Жайур, Майлы, ал батысы - Бардықтау-Шәуешектің оңтүстігінен 40 шақырымдай жерден ағатын Ақан, Емел суы осы таулардан шығады. Олар батысқа 200, яғни одан көп шақырым жер ағып Алакөлге құяды, бұл өлкені Қулустай дейді, бізше «қамысты». Осындағы «та» анықтауыш қызметін атқарса «и» қосымшасын қосып айту түркі халықтарының әдеті. Шәуешектің батыс жағында он бес шақырымдай жерде жатқан Бақт тауы Тарбағатайдың оңтүстігінен басталатын аласа тау. Тау болғанымен суы, не ағашы жоқ, бірақ үлкен екі мемлекеттің арасын бөліп жатқан шекара. Бахт қамалы да осы атаудан шыққан, жалпы саудагерлерге өтетін жол болуымен мәлім болғандықтан жазуға себеп болды.

Бахти, Бақты деп аталып бұл қандай атау екеніне анық білімім жетпей, кейбіреулердің айтуынша... суан елінің ері өлген Бақтыбала деген әйел осы тауды күзеу, қыстау етіп, малды болып аты шығып, сонан тау да «Бақты» атанды деген аңыз болғанымен, бұрын торға- уыттар кезінде оның аты «Бахти» атанған деп естиміз. Бағзылар ескі қалмақ заманында Бақты деген лама бұл таудың [...] ішіне пұтхана салдырып, оның қирандысы әлі бар болғанына қарай, осы дұрыс па дейміз. Пұтхананың жанындағы бұлақ басында жазулы тастар бар. 1896 жылы көктем уақыты еді, Қажығали Бажай, Лепсул Муртаза әпенді және бірнеше адаммен бірге барып көрдік, жазу қытай, өзге жазуларға да ұқсамай, біз көрген жазуларға келмеді[...] нақыш сияқты жазу тау үңгірлерінде көзге түседі, бірақ ешкім оқып білмеді. Ал Бақтыда тек сайға кіре берісте қытайша жазылған бір тас бар. Тастың сенімге аларлық сөзі жоқ. Мұндай жазбалардың Сағры мен Алутай тауларынан басқа жердегілері пайдаланылды.

Шәуешек [...] салынған соң батыстан қазақтар да келіп ұлы жүз Іле жағалауына қоныстанды [...] ал орта жүз Тарбағатайға келді [...] Бірнеше төрелер «уач», «күң» мансаптарын алды. Қытайдың қазаққа ықпалы күшейе түсті. Уаң Ресейдің ескі тәртібінде «аға сұлтан» дәрежесімен тең, ал «күң» заседатель орнына жүріп, қазақтар «хан», «қазы» деп сөйлейді. Қазақтар қытаймен араласты деген аты ғана, болмаса анау айтқандай алым-берімі болған жоқ.

Қазақтар Шығыс Түркістан шаһарларына жақындаған сайын ендігі Түркістан мен Ферғана саудагерлері саудаға мал өнімдерін де шығаруға кірісті. Сауда жасаған жерінде қытай да қай нәрсенің өтімділігін бақылап соны алатын. Кейбір адамдар шаһарға кіретін болса тек саудагерлермен бірге ғана кіре алатын, бейсауат өз кісілерінен өзгені шаһарға кіргізбейтін заман болатын. Қашғарда Жаһангир қожаның жеңісінен кейін қытайлар әр қалада қорған салуға әмір берді. Алты Шаһардан мыңнан аса адам келіп 1830 жылы Шәуешекке қорған салу басталды. Осылайша енді қытайлар өзде- ріне берік қорған салып ішінде әскер, сардар т.б. болып, қара халық сыртта қалды. Сауда өскенімен саудагерлерге арнайы орын салынбай, ақыры амбудан⁴⁶ көптеген тартумен барып сауда орнын салуға рұқсат алды. 1833 жылы қорғанның солтүстік-шығысынан саудагерлер қорған соғып ішінен үйлер

⁴⁶ Амбу – қытай тарапынан сайланған қала басшысы.

салдырды, оны «сарт қорғаны» дейді. Жұма және айт намаздары дүнген мешітінде оқылатын. Бұл уақытта орыстар Ертістен жоғары өрлеуге кіріскен еді. Шәуешекке де орыс саудагерлері келе бастады, алайда оларға қалаға кіруге қытайлар жол бермей, тек сақал-шашын алып ноғай қияпатымен кіретін. Сарт қорғаны жанында бажхана ашылып келген саудагер әкелген мал-мүлкінің есебін сонда өткізіп тұрды. Шәуешектің саудасы өсіп бара жатқан соң қытайдан жиырма машһур «жанкуде» (бай, купец) келіп мұнда шай сататын дүкен ашып, мұның арқасында шай іздеп Түркістан, Ферғанадан өзге Қазан, Қызылжар, Тройцк, Семей, Омск сияқты алыс жерлерден келе бастады. Тіпті осы сауда жүргізуге байланысты 1853 жылы орыс үкіметі Құлжа мен Шәуешекке консул қойды. Құлжаға Захаров, Шәуешекке Татарников тағайындалды. Сарт қорғанының шығыс жағынан жүз қадам шамасындай жерде қорған соғылып, фактория ашылды. Ресейдің қарамағындағылар консул қорғанына, ал Түркістан, Туран, тағы басқа шет елдік адамдар «сарт қорғанына» түсуші еді. 1857-58 жылы қытай бұзақылары орыс консулының қорғанына от қойып өртеп, өзін қуып жіберді. Саудагерлердің бар малы өртеніп кетті. Бұл шуға себеп Алакөлдің өтер жағы Сайқан тауы жанында Ақтас деген жер қытай мен орыстар арасында даулы еді. Онда қытайлар жылда барып алтын қазатын, күндердің күнінде оларды орыс отрядтары қуып, араларында болған қақтығыстың салдарынан қытай мен дүнгендерден екі-үш адам шығын болады. Амбудан солардың құнын орыс консулынан төлетіп бер деп халық талап етті. Оған консул қисынды жауабымен амбуды сөйлетпей тастаған. Бірақ көпшілік халық бұл жауапты қанағат тұтпай амбуға да, консулға да ашуланып шу шығарады. Кейіннен келісім жасалып өлгендердің құнын қытай өзі шаймен бірер жылда төлейтін болды. Консул екінші рет өз орнына келіп қоныстанды, қарым-қатынасты жүйеге келтіреді.

Патша үкіметі дүкен салып, бір шіркеу де тұрғызды. Мен 1859 жылы, онан кейін 1860 жылы «сарт қорғанына», орыс консулының қонысына түсіп едім. Жастығым болар, шаһар халқы өте тығыз көрінді, осыны үлкендерге айтып сұрағанымда ол айтқаныңнан да тығыз еді дейді. Ол кездері Бахта, Темір су қамалдары атымен жоқ. Аягөз, Көктерек шаһарлары жаңадан салынып жатқандықтан төңірегіндегі халықтың қажетін өтей алмайтын. Солтүстігі Семей, оңтүстігі Құлжа, ортада «Елатия» болғандықтан бәрінің базары Шәуешек еді. Осынша тығыз, абад, көркейген шаһарды бір мыңға жетер-жетпес дүнген ойрандап жіберді.

Сжин чана шаһарында басталған қозғалыстан бес-алты жыл өткен соң Құлжа дүнгендері қозғалып, бұлардың хабарымен өзге де қалалардағы дүнгендер бас көтерді. Шәуешек дүнгендері ғана амбумен келісім жасасып тыныш қалды. Құлжадан амбу қашып келіп, қытайларды арандатып айт намазы күні мұсылмандарды қыр-маққа сөз байласты. Дүнгендер осыны сезіп қалып 1280 хиджа жылы, 1864 милади жылы оразада қытайша шаған айының басында көтеріліс дабылы басталды. Бұл уақыт қытайлардың жыл басы болып үлкен мереке есебінде көшеге шықпай отыратын. Бұл Ахмад ағаның, басқа да кісілердің айтуы. Ал Жолай ақсақал Шәуешектің осы қозғалысы желтоқсан айында болған еді дейді. Жолай ақсақал Құлжадан аман шығып Семейге барып, онан үкімет атынан Шәуешекті біліп келуге жұмсап қайта келген. Жолда Мақаншыда консулға жолығып, бар жағдайды сонан білген, біліп ол желтоқсан айы еді дейді ақсақал. Ахмад аға көтерілістің басталуы 1864 жыл-дың басы еді десе, Жолай 1863 жылдың ақыры еді дейді, қайтсе де шамалас уақыт, қыстың өте суық, әрі рамазан айы болып, шаған айының басына тура келеді. Соғыстың басталуы шаған айында яғни январьда болғаны анық [...]

Мұсылмандар сол түні тарауих намазын (рамазан айында күн батып қасқарайған соң оқитын намаз, ол кемі бір сағат, кей жерлерде «хатым» өткіземіз десе одан да көп уақыт алады. Жазушының заманымен салыстыра қарасақ ең кемі үш сағаттай уақыт алар еді-ауд.) сылтауратып ескі әдеттерімен мешітке жиналады. Келісім бойынша таң ата дұшпанға қылыш тартамыз деп үш топқа бөлінеді. Бір топ бала-шағаны қорғауға, бір топ қала сыртындағы жауға, бір тобы қорғанды алуға бөлінеді. Дүнгендер жан басына салғанда мыңнан асқанымен 70-ке дейін құрал алуға жарамды кісілері жеті жүзге жетпеді. Солай болса да тәуекел етіп қаруланды, тіпті еш болмаса жығылған жауды шаншысын деп қатын-балаға дейін пышақ алсын делінді. Ала көлеңкеде намаз оқып, қорған есігі ашылуға сай тұрды. Мешіт пен сыртқы қақпаның арасы жүз қадам жер. Қытайлар әдетінше қақпаны ашқан кезде тиісті дүнгендер кіріп қытайларды бас салды, бірнеше жерден өрт шықты, қытайлар қайда қашарын білмеді. Тыстағылар да істерін жайғастырып, амбуды тұтқындап, қорғандағылар да мешітке шықты. Аламанның көзіне қытай көрінбеген соң оларды біттіге санап, дүниелерін олжалауға кіріскенде амбу қашып, қорғанға кіріп қақпаны бекіттіріп, іштегі 20-25 шамалы дүнгенді шейіт қылды. Мына жағдайдан соң консул да Ұржарға барып

тұрады. Факторияда ешкім қалған жоқ. Саудагерлер кеткені кетіп, кетпегені сарт қорғанына тығылды. Сарттар ешкімге қосылмаймыз, қалыс тұрамыз дегенімен, соңынан олар да олжа жинауға дүнгендерге қосылып кетті. Халық мұндағы амбуды өлтіргенімен Құлжадан келіп қытайды арандатқан амбу қорғанға бекініп алды. Басқа қытайлар иманға⁴⁷ келгені келіп, келмегені өлтірілді. Имамды әкім сайлады, консулға Факторияға қайыра келіп тұруға хабар айтқанымен, ол келмеді. Саудагерлер тегіс қашып, шала қазақ деп айтылатын құрама халық Ұржар бекінісі жанына жақын қонды. Жанқұдай байлары Ресей ішімен Қияхтадан айналып өз елдеріне кетті. Азғана дүнген қаланы иеленгенімен қорғандағы қытай мен сырттағы қалмақтан күдік сейілмеді. Осы себепті бұлар қазақтардан көмек сұрады, ондай көмек келді де, алайда олардың анық соғысқа мақсаттары жоқ, көзге қара боп көрінуі ғана еді, дегенмен де оларға сүйеніш болды.

Бұр Баһадұр Құлжада, енді бір анықтамада Манаста туылған, жас кезінде Шәуешекке келіп әркімнің есігінде қызметте жүрген деген. Жасы 25-26 кезі, мына көтеріліске араласып абыройы асты. Бұр Баһадұрдың батырлығын көзбен көргендерге қарағанда ол тіпті зеңбірек оғынан тайсалмай жауға шауып, бұл қатысқан соғыста жақсылары жеңілу дегенді ойламайды да екен. Бір ғажабы 50, болмаса жүзден аса адамдармен-ақ неше мың қытайды жеңіп қайтады екен. Егер бұл қалада қалса неше мың дүнген мен қазақ әскері де қосыла барып жеңіліп қашқанымен, мұндай хабарды Бұр Баһадұр есітіп, шабуылға шыққанда оның қарасын көрген қытайлар қаша жөнеледі екен.

Осы уақиғаның басынан аяғына дейін қатысқан бір адамның айтуы:

Тышқан жылының аяғы, қытайша шаған айының іші, бізше оразаның бірінші күні еді, сәресі ішіп болғамыз, азан айтып таң намазын оқитын уақытта Шәуешек жақтан зеңбірек пен мылтық даусы естілгенге жұрт не болды десіп, көпшілік ұйғарып Шұбарағаш ауылының адамдары мені хабаршыға жіберді. Мені дүнгендер ұс- тап алып имамға апарды, имам менің келгенімді анықтап қағаз берді. Қалада билікті мұсылмандар алды, сіздер де қытайды қырыңыздар депті, әйтсе де менен бұрын олар хабарланып хатта көрсеткендей іс болып жатыр екен. Оларды жайғап бірер жүз адам хуфтан намазының уақытында шаһарға

⁴⁷ Иманға келу – сену, дінге кіру.

кірдік. Дүнгендердің қайсысы айдаһардай болып отырғанымен имам қорғанға бекініп қалып, біраз адам шейіт болып, халық кейіп отыр екен. Ол ептеп насихат-үгіт айтып, сол түні кезектесіп ұйықтап, намаз оқыған соң имам адамдарды екіге бөлді. Жартысын мешітке қойып, өзгесін шабуылға шығарды. Мешітке олжаланған мал-мүлік, алтын-күміс әкелініп жатты. Әркім не істегендерін айтып имам оларға «жаса» деп малдан сауға-тарту беріп отырды. Бұр Баһадүр өз алдына сөзбен де, дүниемен де ісі болмай жүрді, оны ешкім елей де қойған жоқ. Осылай 15-20 күн өткен соң мылтықты, садақты 4-5 мың әскер келе жатқан хабар келіп, ертең-ақ қалаға кіреді десті. Бұл уақытта қазақ әскері бартұғын. Барлығы бір жүз дүнген, мың екі жүз шамалы қазақ әскері қарсы шықты. Екі әскер бір-біріне оқ атып жақындаса бастады. Қабанбай әулетінен Әділбек мырза мен Бұр Баһадүрлер мұсылмандарды қаншама ат қойып қыздырып шабуылға бастағанымен ешкім ермеді. Тіпті дұшпан ілгері басқан сайын бұлардың қашу ыңғайына дайын тұрған сыңайын байқап Бұр Әділбекке:

-Ей ердің ұлы, астыңдағы атың мен үстіңдегі сауытты, басыңдағы дулыға мен қолыңдағы Қабанбайдың жалауын бер. Мен жалғыз шауып көрейін, бұл оңбағандардың көзі арқасында емес шығар,- деп бәрін сұрап алып жалғыз шапты. Егер бірер мезет мына ту жығылмаса барлығын жаппай ат қойыңдар, ту жығылса өздерің білесің деп қоштаса кетті. Екі жақ та оқ ата алмай Бұр қалмақ пен қытай арасына еніп кетіп, соңынан қазақтар да ат қойып, қытайдың тозаңын шығарды. Қар калың жауып қаша алмай осынша әскерден жүзден аса адам құтылған жоқ. Мұсылманнан бір-ақ адам шейіт болды. Баһадүр төбеге барып отырды, атының басы, мойны, арқасы, сауыры, садақ оғына тола, өзінің үстіне, неше жерден садақ оқтары сауытына шаншылып, екеуінің де үсті қызыл ала қан. Бірер сағатқа дейін оқтарын алдырмады. Олжа ат-азық сияқтыларды жинап, қалған әскер қалаға қайтып Бұрдың «Баһадүр» ат алуы осыдан басталған еді. Бұрын «баһадүр» аты әркімге айтылатын, мына жағдайдан кейін «Баһадүр» аты тек Бұрға қоспай айтылып, өзгелерге атына қосып «пәленше баһадүр» дейтін болды. Осы соғыстан кейін Бұр сауыт ки- ген жоқ, қысқа ғана найзасын тастамай соғыста осылай жүрді. Садақ пен мылтық ұстамайтын еді. Бұрдың біріншіден сауыт киюі бұрын мұндай жағдайды бастан кешпеген қорқыныш болса, екіншіден әскердің көбі қазақ болғандықтан Қабанбайдың туын тастап кете алмас еді. Бұлар

келген соң жамбұлдағыларды алуға тырысып еді, бірақ нәтиже шықпады. Шәуешектің шығысындағы Қызыл там, Курти, Ситар қамалдары бірер күндік жер еді. Соларды алуға дүнгеннен 350, қазақтан 800 шамалы қосын жөнелді. Осыны пайдаланып жаңа мұсылман болған сырттағы қытайлар іштегілермен жер астынан тесіп кіріп хабарласып, әскері жоғында қатын-баласын қырмақ боп [-.] мешітті қоршауға алды. Алайда Бұр осында еді, қытайларды қырып, қалғанын қуып, әйел, бала-шағаны сақтап қалды. Содан сырттағы жалған мұсылман қытайлардың бәрін жоқ қылды, тіпті жаралы боп қорғанға тығылғанынан басқа 600 қытайдың өлігі саналды. Мұсылманнан сегіз адам шейіт болды. Емел тарабына Курти мен Ситарды алуға кеткен әскердің Куртиде жеңілгендігі жөнінде хабары келіп, сол түні Бұр сонда жалғыз кетті. Бұр келісімен бұлар ат қойып Куртиді алды да ертесіне Ситарды басты. Жан-жақтан көмекке келген қытайлар Курти алынғанын білмей, бұ- лардың алдын тосып, қорғаннан әскер шығып ортаға аламыз деп ойлады. Дегенмен бәрібір тағат ете алмай жеңіліп қашты. Сонымен айналадағы қытай ауылдары да бет-бетімен тозып кетті. Күн жауын болып, өзендер тасып жатқан кезде соғыстан да суға кетіп өлгендер мол болды. Сондай босқын 200-300 адам ішінде балалар, әйелдер де бар, олар су жағасында отырған екен. Оларды сақтаймыз деп біраз дүнген мен қазақ қолы шығын болған. Осы мезгілде Бұр келіп қалып, олар «Бұр келеді, Бұр!» деп айғайласып суға секіріп ағып кетті.

Ситар қорғаны түбінде кезіккен әскер қытайдың көмекке жіберген әскері еді. Олар Куртиде жиналып уәделі күні Шәуешекке келсе ішкі қорғандағыларымен қоса олардың әскері он екі мыңнан асып кетіп, дүнгендер бұрын көтерілмесе тегіс қырылуына еш шүбә жоқ еді. Айналаның бәрін тыныштандырғанмен жамбул алдырмай тұрғаны күдікті еді. Бұр да бір қабат қорғанға дейін шығып, оларды қуса да кері қайтып түсті. Қорғанды астынан тесіп енуге мүмкін болмай біраз адам шейіт болды. Енді жамбулды не істесек деп тұрғанда, Ұрқашар тауына бекінген қалмақтан: Шәуешектен 5-6 шақырым жерде Қара үңгір сайына есепсіз қалмақ қолы түсті деген хабар келді. Бұр 150 дүнген мен он жасауылалып қалмаққа қарсы шықты. Қазақ әскері қоса еріп еді, алайда қаладан шыға Тоқыр батыр өзіне ерген 300 адамын алып бөлініп, әскер сетінеуге айналды. Шаңдатып қалмақтар Қарасуға жетті. Дүнгендер сол күні мұсылман зиратына барып жауға оқ ата бастады, алайда қалмақтар оқпен ісі де болмады. Баһадур бұларды шабуылға бастағанмен ешкім ермеді. Ақыры

ол жауға жалғыз кіріп, соңынан бұлар да ат қойды. Бір шеттен «қабанбайлап» қазақ кірді, сүт пісірім уақыт өтпей-ақ жау қаша бастады. Тоқыр батыр Тақыр Мучке суы бойында тығылып тұрып, ол да бүйірден тиді. Қалмақтар Қара үнгірге тығылды, ол жерден тағы 5-6 жүздей тосқауыл әскер шабуылға шығып, бұларды (қазақтарды) кері қуғанымен Бұрдың араласуымен екіндіге дейін шайқасып жау қашып, қазақтар олардың көбін қырып салды. Ол жер қазір «кәпір қашқан, көпір қырылған» деп аталады. Тұтқындардың айтуы бойынша олар 3 мың шамасы қол Шәуешекке аттанған, қарсы-ластардан 400-ден аса адам қырылып, бұлардан 50 адамдай шамасы шейіт болды.

Ғажабы Бұр сонша қырғын ішінде жүріп еш жерінен жараланбай, соншама найза-қылыш ішінде оның есенсау шыққанын көзбен көрмесе, айтқанға ешкім нанбас.

Бұл жаз осылай өтіп, күзде ақырап айында қалмақтың қикан чаған деген дін басылары Алутай мен осындағы қалмақтан әскер жинап «Қатын су - Мақаншы» бойында отырған қазақ елін шапты, Жайтөбеден өтіп, Ұржарға дейін жетті. Оларды қуа келген бірер жүз топ Мақаншыда оларға жете алмай кері қайтты. Бұл шабуылдан негізі төртуыл ел көбірек зиян шекті. Қалмақтар мына жеңістен рухтанып, киканның шарапаты тиді, енді біз жеңілмейміз деп Ұрқашарда жүрген он сұм қара қалмақ жаппай елдерімен көшіп Шәуешектен төмендеу Ирқайту Емел бойына келіп қыстады. Қыста екі жақ та қозғалмай тыныш жатып, түнделетіп қалмақтар жасырын қорғандағы қытайлармен хабарласып тұрды. Қар кете бұларды дүнгендер шауып көп олжалы болды.

Осылайша екі қыс өтіп, екі жаз келді. Азғана дүнгендер ұрыс-соғыстан қалжырап біртіндеп қазақ арасына қаша бастады. Бұларды алып қайтуға барған адамдар бірер қабат бос қайтты. Ақыры Баһадур өзі барып «Қатын су» бойында қазақ арасында жүрген дүнгендерді жинап, сөз тыңдап қайтпақ болды. Алайда бірі қыңырлық етіп бармаймын дегенде Баһадур жағынан тартып қалды. Ол жалма-жан пышағын суырып алып Бұрдың ішін жарып, ішегін ақтарып тастады. Оны қазақтар байлап алып, Бұрдың жарасын таңып Шәуешекке әкелді. Дүнгендер әлгі адамды өлтірмек болып еді, Бұр келіспеді. Ол залым Бұрдың бұрын қожайыны болып, бұл оның есігінде жүретін. Енді заман теріс айналып тұрғанына оның құйтырқысы ұстап Бұрды көре алмай жүрген. Осы кезде қалмақтар бұны өлді деп естіп, Шәуешекке басып кіруге айналды. Мұсылмандар

қаншама соғысқанмен көптің бетін қайтара алмай қорғандағы қытайлар да шығып бұлар мешітке тығылды. Әйелдер мен бала-шағаның зарына шыдай алмай жарасына да қарамай Бұр атылып қақпадан бір-ақ шықты. Қалмақ- тар мынадай жағдай болар деп күтпеген, қашарға жер таппай өз-өздерін таптап кетті. Тіпті бұл соғыста имам да қайраттанып кеткен дейді. Дүнгендер қалмақты 5-6 шақырымға дейін қуып тастады. Осыдан кейін Бұрдың жарасы сөгіліп, тіккенімен пайдасы болмай, екі күннен соң қаза болды. Осы соғыста мұсылманнан 40-тан аса адам өліп, біразы жараланды, қытай-қалмақтан мыңнан аса адамның өлексесі көшеде қалған. Қорғаннан шыққан қытайлар «Өрнек» көпірінен жығылып, қаншалары қақпада бірін-бірі сығып-жаншып өлтірді. Қатын-балаға дейін шыққан екен, солардың көбі қашқанда аяқ астында қалды.

Бір жарым жыл ер атана жүріп толарсақтан қан кешіп, осынша уақыт оқ-найзаның ішінде жүріп, бір жарақат та көрмей ақыры ажалы өз адамынан болғанына Бұр қатты өкініш етті деседі, майданда өлмедім деп армандаған.

Бұрмен бірдей қазақтан да неше ерлер шығып, ноғайлардан да бір-екі азамат осылай ер атанды. Кейінірек Бала батыр атымен белгілі болған Манаста бұл жерде көп қызмет ете алмай шейіт болды.

Қалмақ сол қашумен біржола Алутай тауына барып өз тумаластарына қосылды. Осы арада Бахта тауының батысына орыстар кеп түсті, дүнгендер бұған разы болмай бірер жүз әскермен қарсыласып, ештеңе бітіре алмай 2-3 адам шығындап кері қайтты.

Бұр өлген соң дүнгендер үлкен қайғыға батты. Бұр қайғысы, қорғанның қаупі, орыс отрядының жақындауы, азық-аухат мәселесі, т.б. толып жатқан себептермен олар ақылдасып бұл жер бізге қоныс болмайды екен деп ат-арбамен Құлжаға көшпек болды. Алайда қор-ғандағы қытайлар шығып соғыс ашып бұларды ешқайда жібермеді. Қорғандағы амбу Бұрдың өлгенін чаған киканға хабарлап адам жібергенмен, талай рет алданып көптеген адамы шығын болып ығыр болған олар, нанып келе қоймады. Амбудың мақтанып, ханнан шен алуға ойы бар еді, орындалмады. Енді дүнгендер бізге тие алмас деп қорғандағы қытайлар алаңсыз болуға айналған еді. Бірде күзетшілер ұйықтап қалып, дүнгендер оларды өлтіріп тақтайларды тақылдатып, түнімен күзетшілер сияқты белгі беріп жүріп таңертеңмен қақпаны ашып ішке кіріп, қытайларды қырып салды; Құлжадан

қашып келген опасыз амбу мұнан да отыз адаммен өзі жасаған жасырын жолмен қашып кеткенімен Қара Емел бойында қазақтар қырып тастады.

Қорған алынғанмен аз елге қауіп-қатер де аяқ астынан еді. Қалайда бұл жер мекен болмас десіп, олар әркім әр жаққа көшу жағын кеңесіп тұрғанда Манастан 500 дүнген келіп бәрін Манасқа алып кетті.

Қытай амбудың хатшысы болған біреуден сұрағанымда: осы амбу қол астында 160мыңнан аса жан болып оның үштен-екісі қытай, қалғаны қазақ-қалмақ болған деді. Сонда да осынша қытайдың кемі 60не 70мы- ныосында жер қапты, тіпті жүз мыңнан астамы қырылыпкеткен де өте аз бөлегі аман қалған. Қаншама мал-мүлік таланғанымен иелеріне опасы болмады.

Қазақтан байжігіт тайпасы ескіден қытайға қарайтын, соңыра дүнгендермен бірлесіп қытай-қалмақты жаулады. Дүнгендер Манасқа кеткенде байжігіттің көбі мәмбет руына қосылып, солармен бірге кетті. Қожақұл мен тағы біраз аталары қазаққа қарай кетті. Алайда бір-екі қыстаған соң Манасқа кеткен қазақ рулары да дүнгендердің қысымына шыдамай қайта көшіп келіп, қазаққа қосылды. Қазақтар Манасқа барғанда оларға жалпы Отыншы құл баласы дегенді хан қойып, қолына ту да берген екен.

Дүнгендер кетумен Шәуешек бос қалған, айналаны ептеп көше қонып қазақтар қыстап жүреді.

Дүнген көтерілісінен хабардар болған қытайлар Бажиннен әскер шығарған еді. Олар Кушанзаға келген соң екі бөлініп, бір тобы Шәуешекке 1289 һижра жылы (1871 жылдың октябрі) келіп қаңыраған қалаға ие болды. Құлжа көтерілісінен қашқан шибесолан тайпасы (манжудың бір тармағы) Бахтада орыс карамағында екі-үш жыл тұрып, қытай келгенін есітіп, жаз шыға Шәуешекке көшті. 1873 жылдың басында Шәуешек әскерінің сардары Фу Я жанжун Ресейден Ілені сұрап Аягөзге барды. Бұған Петербордан арнайы кісі келіп сөйлесті. Бірақ іс аяқталмады. Себебі Іледей үлкен өлкені алу-беруге тиісті дәрежеде рұқсаты бар үкімет кісісі болу шарт екен. Петербор генералындай қытайдың жауапты адамында ондай құқық жоқ екен. Сонда да генерал «біз Іле халқынан сұрап, соған қарай іс көрейік» деп жанжун Шәуешекке, генерал Ілеге кетті. Генерал болған уақиғаны баяндағанда Іле халқы толық орыстарға қарағанды артық көрді, дегенмен бұл мәселе Петерборда талқыланып [...] бірнеше шарттар арқылы Іле Қытайға берілді. Осы келіссөзге араласқан генерал Аустриев (Остриев болуы да мүмкін) еді.

Қытай келген алғашқы жылдары астық өте қымбат болған, ұнның пұты үш сом күміске дейін сатылса да келесі маусымда бидайдың пұты өте арзандап кетті. Қытайдың келуімен орыс саудагерлері де Шәуешекке орналасып алды. Таужан деген бір шала қазақ ақсақалдық етті, соңынан Ташқожа, марғұландық Әшімбай де- гендер ақсақал болды. Саудагерлермен саяси мәселеге байланысты жұмыс болса қытай әміршілерімен келісе отырып ақсақалдар шешіп отыратын. 1891 жылы саудагерлер базардың қытайға жақындау болуын көздеп амбудың рұқсатымен «жоғарғы базар» дегенді салып, ескісі «төменгі базар» аталып қалды. «Төменгі базар» мешітінде Мир Али молда имам, лақабы «Шымшық молда» еді, бір себептермен орнынан алынып, мені имамдыққа шақырды. Шақыртушы аягөздік Қажы Хусниддин еді, 1891 жылы шағбан айы (сентябрь жұлдызында) Шәуешекке келдім. 1893 жылы қытай басшылары Шәуешектегі орыс саудагерлерінің малдарынан баж алу мәселесін көтерді. Алматы мен Семей генералдарынан Головкин, Власов дегендер келіп, қытай басшыларын соғып, Құлжа тараншыларынан қытай қызметіне енген 5-6-сын ұстатып Ілеге жіберді де баж жайына қалды.

Осы жылдары қытай әскері үсті-үстіне келіп жатты, алайда сауда сонда да тоқталмады. Шихуға дейін саудамен жүріп жатты. Бірақта дүнген мен қытайдың тынышсыздығы тоқталмады. 1894 жылы да қытаймен арада бір алауыздық туып, сол үшін біраз кісі қамауға алынды. Осы кезде генерал Колпаковский Бахтаға келген болатын, оған үлкендер жағдайды мәлімдеп оның шебер саясатымен біз азат болдық. Әйтпегенде дүнгендер үшін бізге де ауыр хал болмақ еді. Осыдан кейін қытайлар өз әскерлерінің бетімен кеткендерін тексере келе қаладан шығарып Ақтамға жіберіп, Шәуешек әскерден босады. Ақтам шаһардан бір көш жер. Осы жы- лы Қашғар алынып, Шәуешектегі Алты шаһар халқы қытай қарамағына алынды, өздерінен «шания» (ақсақал) сайлады.

1878 жылы амбу орнынан алынып Чи амбу келді. Шәуешектің шығыс жағында 65 шақырым жерде Емел суының жоғарысынан Дур Бұнжун қамалын салдырып өзіне контор жасады. Қытайлар бұл қамалды «Имилху» деп атады, Дур Бұнжун қалмақшасы «төрт бұрышты» деген сөз. Бұл жерде бір ескі қорған болып, мың жылдан аса тұрған деп есептелетін, кім салған, нендей қорған екені мәлімсіз еді. Оны сол консул Балқашин амбудан сұрап, тарихтағы өзге жазбаларды тексеруден еш нәтиже

шықпады. Шәуешекке алғаш қытай келгенде де оны ешкім білмеген, ол кезде де осындай ескі еді деген жауап алды. Қорғанның бұрыштарында пұтханалары бар. Орыс консулына мұндай хабарлар айтудан қытайлар сақтанушы еді, мүмкін ол дұрысын айтқысы да келмеген шығар.

Алайда «Шажарайы турк» кітабында бір топ қара қытайлар Емел бойына келіп шаһар салды деген, осы қала сол шаһар болса онда 1083 жылдары шамасы болады, дегенмен қорғаны қырық мың түтін деп жазатын кітап сөзіне сай емес, мүмкін біразы қала сыртында жасап, қауіп төнгенде қалаға бекінген болар, өйткені қорған атрабындағы қирандылар бірер шақырымға дейін созылып жатыр. Жаңағы тарихтың тағы бір жерінде Үкұдай баласы Күйік ханның жұрты Құмақ, Емел, Маңрақ деген жерлерде еді деуі де осыған жақын. Онда әуелде қара қытай билігі орнап, кейін Күйік хан иеленген болады. Емелді Маңрақпен қосақтап жазуы осыны аңғартады. Маңрақ - тау аты, Емел - осындағы өзен, Құмақ қамал жанындағы құмды сахара болу керек. Осы тарихта «Баласағұн» шаһары бар, оны «Ғубалық» деп атайды, монғолша «гу»—жақсы, «балық»—шаһар. «Жаһоннамада» Баласағұн Сайхун жағасында, Қашғарға жақын делінген. Олай болса саяхатшы Катановтың айтуынша «Ғубалық» Румжі шаһарының алғашқы аты болып «гу»—бес, «балық»—шаһар дегені, сонда бес шаһар болып шығады, Ғубалық Баласағұн емес, Баласағұн Қашғардың аты деген. Осылай деп қытайшадан орысша аударып жазған. Катанов Петерборда оқыған мемлекеттік география қоғамының мүшесі, профессор, 1891 жылы Шәуешекке келген, бір жыл тұрған соң Бура, Қумақ, Турфан шаһарларына барып, 1893 жылы Құлжамен айналып еліне қайтқанда маған бір хат жазып еді. Түрік тілінде еркін сөйлейтін, адам араб-парсыдан да хабардар, өзі әлі отызға жетпеген еді. Ерекше тарих ғылымы, география, най-ат (астрономия) саласында терең білімді еді [...]

Хасан дамад пен бірнеше жақсылар Румжі суының атын «Хубалы» деп айтады, мұнан Катановтың сөзі қуатталса да, әлі де толық дәлелді емес. Сондықтан татар-монғол бөлімінде айтармыз.

Чи Амбу келгенде әлі Құлжа мен Ресей ісі бітпей, екі елдің арасы салқын еді. Амбу өзі мінезі тез адам болатын, орыстың күш-қуатын бұл да сезетін, сол үшін өзінің себебімен арада бір бәле тумасын деп Дұр Бұнжунды салдырды, Шәуешектен жырақ тұруды ақыл көргені. Ал қалаға Луғалдай деген өкіл қойып орыстармен нендей сөзі болса, сол арқылы бітіріп отырды.

Ғалдай да бірде күліп, бірде жылап бұл хабар Амбуға жетпесін деп, айламен іс жүргізді. Бұл жылдары Ресейден қытайға тірі мал, астық өткізуге тыйым салынды. Амбу қалада болмаған соң халық оны айыптамай, бәлкім оған мыналар білдірмей отыр, білсе бұлай болмаса еді деумен жіберілген орыстарды қаласына кіргізбеді, сырларын жасырды. Ол жылына бір-екі рет Шәуешекке келіп, айыптыларды ұрып-соғып, кейбіреулерді атып, асып, айбат көрсетіп кететін.

Чи Амбу 1879 жылы Жайсаң елінен бір тайпаны шауып, көп мал мен тұтқын алды. Қазақтар Чи Амбудың үстінен арыз беріп тұтқындарын қайырып алғанымен, малдары сұраусыз кетті. Амбу осы жылдары өз қол астындағы наймандарды Ресейге көшіп қашқаны үшін шауып, адамдарын тұтқындап, малдарын қазынаға салдырды, біразы Жайсанға қашып паналады.

Чи Амбу әскер үйрету мен соғыс ойынына көп қызығатынды. Ол мылтық, зеңбірек алдырып, әскери ойындар өткізді, бірақ бұл қытай заңдарында көрсетілмеген болатын. Әйтсе де бірер мың әскерді дайындап үлгерді. Бірақ ханнан келер қаражат таусылып, Амбу өзінше «тизе» (қағаз ақша) шығарды. Оған алғаш «Жан фу- зулдан» (банк) тизе орнына күміс ақша келіп тұрды, кейін қазынада күміс таусылып тенге, тизе — сомдық, бір мысқалға, яғни 20 тиынға төмендеді. Тизе себебімен саудагерлердің неше мың жамбысы қазынада үш жылдай алынбай тұрып қалды.

1880 жылы ескі жамбулдың шығыс жағынан Луғалдай қорғаны салынып, консулдың ескі қорғаны жаңғыртылып, оған қытай әскері түсті. 1881 жылы Ресеймен - Петерборда келісім жасалып, Құлжа шаһары қытайға берілетін болды. 1882 жылы 5 майда күн толық тұтылды, осы жылы 1882 жыл 14 сентябрьде консул Балкашин келіп түсті. Балкашин өзінің кісілерін тізімге алып, еңбек ақы «уергу» бекітіп, қызметі жоғарыға бір сом, орташаға 50 тиын, төменге 15 тиын айлық тағайындады. Төрт би, бір ақсақал сайлатып, ақсақалға жылына 600 сом еңбек ақы бергізді, кейіннен биді екеуге қысқартты. Дур Бунжунға да бір би, бір ақсақал қойды.

1300 ниджа жылы, яғни 1883 милади жылы бұл істерді аяқтап болған соң біраз даулы жұмыстарын маған, өзге істерін тағы үш адамға тапсырып, Балкашин Петерборға аттанды. Осы жылы Алматыдан генерал Фаридов пен Қытайдан Жынсай атты кісілер Шәуешекте кездесіп, орыс пен қытай шекарасын белгілеп, жазулы ағаш қойылды.

1885 жылы консул Петербордан қайтып «тизе» туралы күмісті бекітуді Амбумен ақылдасты. Амбу жалпы не үшін, нендей артықша шығындар болғанын хабарлап ханға хат жолдап, оған консул да көмектесті. Солай етіп саудагерлердің де, өзге халықтың да күмісі қолына толық тиді. Кейін қазақ туралы сөйлесіп Мәмбет, Жмұқ, Төртуыл елінде екі мыңдай үй қытайға кірді. Ресейде қалған қазақ үшін барлық тауды он жылға жайылым етуге уәделесті. Осы кезде Заманбек әпенді Бахта қамалына әкім болып келді. Аманатқа берілген жердің шетіне Бахтадан отряд шығып (16 кісі) шекараға барлаушы шыққанын консул мен амбуға білдіру шарты бар екен. Бір себептермен осы хабар оларға жетпей, амбу оларды ұстап келуге 200 әскер шығарып арада бұлардан төртеу, орыстан бір кісі шығын болды. Бұл жанжалды шешуде амбу мен консул келісе алмай, елшілікте талқылауға қалдырылады.

1303 һижра жылы 20 сапар айы, яғни 1885 жылы 15 ноябрьде, жұма күні кешкі сағат сегіздер шамасы аспаннан жұлдыз жауып, сағат 9-10-дарда өте қаттыбұршақ төгіп түн жарымына дейін осылай болды.

Чи амбу бағзы тәртіпсіз істерімен орнынан түсетін болғанда консулдың көмегі мен ақтауы арқасында мәртебесі артып Ілеге жанжун болды, орнын өзге амбу басты. Осындай істер атқарып, консул үйін көркейткен Балкашин Петерборға кетіп, орнына Федоров келді. Бұл консулдың қытайға қаталдық көрсеткенінің арқасында саудагерлердің қытайда мәртебесі Жоғары болды, Тумче шаһарына ақсақал да қойылды.

1887 жылдың жазында Дур Бунжун черісі (қырғызша чоро, яғни қол, әскер) жауапкершілік туралы жанжал шығарып амбу қашады, саудагерлер де Шәуешекке қашып келді, малдары ысырап болды. Ақыры Шихуден және жергілікті жерлерден де әскер шығып шу басылды. Осы мезгілде Петербордан тағы да Балкашин келіп, бір кеңеспен Румжі, онан Турфанға барды. Өз әдеттері бойынша «Асхабы Қаһф» (үңгірдегілерді) зират етіп, қайтарда Шиху мен Манас арасында жолда қаза болды. 1888 жылы Шишемиров консул болып келді. Федоров бұрынғы келген орны Урға шаһарына кетті. Осы жылы алғашқы мешіт орнына қазіргі мұнаралы мешіт салына бастады. Ол 1306 һижра жылы,

1888 милади жылы 11 ноябрьде таң намазында ашылды.

1889 жылы қытайлар амбуға жаңа қорған соғып, оның құрылысында қытай, қалмақ, қазақ болып үш мыңнан аса адам қызмет етті, биіктігі 18 кез, қалыңдығы 9 кез, айналасы үш шақырымдай болды.

1891 жылы Диған күн Читай деген бір үлкен әскермен (черісімен) келіп ескі қорғанға түсіп, оңтүстікке бір жынған (кіші жамбул), батыста Бахта жолына бір жынған салдырды, бұл бір рота (250 адам) әскерге орын бола алады. 1892 жылы консул Шишемиров қаза болды да орнына Баринман келді. Осы 1891 жылы октябрь (ақырап) батыстан бір өте жарық жұлдыз туды, ноябрьде оның жоғарысынан онан сәл кішірек тағы бір жұлдыз туды, қызғылт түсті болатын. 1892 жылы 25 январь күні бұл екі жұлдыз бір нүктеге жиналып, бір жұлдыз болды да ертесіне бірі озып шықты. Осы жылы қытайлар тағы да екі қорғанды сыртынан екі құлаш етіп қорған салғанда, топырақ орнынан көптеп адам сүйектері шықты. Қытайлар ақ сүйектерді бөлек, сары сүйектерді тағы да бөлек етіп көмді. Себебін сұрағанда ақ сүйек біздікі, сары сендердікі. Себебі мұсылмандар көше, базар сияқты орындарда дәретке отырмағандық- тын салдарынан сүйек сарғайады, ал қытайларға ондайдың айырмасы жоқ деп жауап берді. Мұның шындығына тексерушілер жетер.

1893 жылы жол сапарда екі жақтан кісілер шығып, тас-ағаштардан орнатылған шекара белгілерін тексеріп қайтты. Осы жылы Бадрин консул боп келіп, Баринман Петерборға кетті. 1311 һижра жылы мухаррамның бірі күні, яғни 1893 милади жылы үшінші июльде Бадрин атылып өлді, неден болғанын ешкім біле алмады, содан Баринман қайыра келді. Осы жылы Барлық таудың он жылдық мерзімі бітіп, ондағы 709 үйлі қазағымен қоса қытайға берілді. Ал 1893 жылы 23 декабрьде консулға Николай Всяславович деген секретарь келді, бұрын консулда секретарь болмайтын.

1895 жылы қытайдан телеграф тартылып ескі қорғанға кірді. Осы жылы қытай мен жапон соғысып, 1896 жылы бітім жасалды. Шәуешекке пошта келді. Бахтамен араға телеграф тартылды. Осы жылы дүнгендер қозғалып (хужу суждегілер) Құмбалдан арғы телеграф үзіліп, қытайлар Бажинмен Ресей арқылы хабарласып тұрды.

Жанжал діни мәселеден шығып дүнгендерге Жанжун ақыл айтып таратпақ болған. Болмаса дүнгендер өзара шатақтасуға айналған. Осынша шу көтерген себепкерлерді жазаламай босату жарамас деп ойлаған Жанжун, осы ойын айтқанда сен біздің дінімізге араласар не ақың бар деп дүнгендер Жанжунды пышақтап өлтірген. Дайын тұрған әскер соғыс ашып Хужу мен Сужудың - дүнгендері және айналадағы елдер қозғалып, үлкен тарихи уақиғаға айналған.

Осы жылы бұрын ақсақалмен қанағаттанып келген Румжіге консул жіберілді, алғаш Балқашиннің орынбасары болған Федоров барды. Қалада медресе салынды да молда Мухаммед Шах мұғалім болды.

1314 хижра жылы, 1896 милади жылы маймен ескі жыл бітіп жаңа жыл, мұхаррамның әуелі июньнің біріне тура келді.

Шәуешекке алғаш тілмаш болып келген Ибрәһим деген қазақ баласы Балкашинмен бірге жүрген, кейіннен Қарабай елінен Әріп деген тілмаш болды. Ал Федоров консул кезінде Семейдегі бура елінен Айтмухаммет Болатов тілмаштық етіп, Шишөміров уақтында Алматыдан Шабалин деген орыс тілмаш келді. Соңынан Қапалдан Тұрдыбек Сырттанов тілмаш рөлін атқарып, онан соң Баринман кезінде Айтмухаммет Болатов қайта келді.

Консул келмей тұрып әр іс шариғат бойынша шешілсе де көбінесе саудагерлердің келісіміне қарайтын. Балкашин консул болып келген соң бар жұмыс шариғат бойынша шешіліп, тіпті орыс, қытайлар да бізге жүгінетін болды. Қай жерде қай халық көп болса соларға жүгіну үлкен саясат еді, бұл жағынан хабары жоқ біреулер Балкашин мұсылман болар деп жүрді. Балкашин патшалыққа еңбегі адал, саясаттан, тарих және өзге ғылымдардан хабардар, дипломат адам еді. Ол кейде тіпті бізбен діни мәселелер туралы да терең талқылаулар жасайтын.

Балкашин Петербордан соңғы келерінде маған бір күміс нәрсеге орап тарту әкелді, ол сонда апарылған (Самарқандағы) құранның парағы еді.⁴⁸

Балкашин Чи амбумен саясатта тең түсетін кісі еді. Ол өзі де бірде «мен мұнда келетін емес едім, Чи амбуның саяси даңқы мені осында келуге мәжбүр етті» деп еді. Чи амбу көп ретте қатал жазалаулар қолданып, заңнан асып та кетіп жататын, оған тек Балкашин ғана тыйым беріп отырушы еді. Кей даулы мәселелер кон- сул, яки амбудың орнынан кетуімен тынып отырушы еді, алайда Балкашин өте сергек, терең ойлап жұмыс етумен амбудың өз пікіріне көндіріп, әрі кейбір оның кемшіліктерін жасырып, орнынан түсіртпеуші еді.

⁴⁸ Тарихымыз халифа Османның алдында болатын киік терісіне жазылған құран Самарқанда қожа Ахрор Уәли мешітінде болып, оны орыс генералдары Эрмитажға алып кеткен. Соңынан бір парағын маған әкелді деп отыр. Демек ол құран кейбір еңбегі сіңген адамдарға тәбәрік ретінде де қызмет еткен болды. Мына кітап иесі Балкашинның конторында көп жұмыстарына көмегі тиген. Оны өзі әр жерде айтады.

Балкашин кезінде Жайсан маңы Сайболат елінен біраз кісі Лепсіге Мәмбет еліне жылқы ұрлауға барып, бұны Бахта үлкендері отрядтың атын алды деп корпус генералына білдіріп, Сайболаттан қолға түскен 40 адамды атуға шешім шығарды. Алайда консулдың араласуымен оларды босаттырды. Бұл жалпы қазақ, тіпті мұсыл- мандар ризалығын алды, оның бұл саясаты сияқты сынды істері өте көп.

Шәуешекте сонымен үш мешіт, үш үлкен қорған, 400-дей дүкен, мұның 140-тан астамы орыстардікі, қалғаны Қашғари, дүнген, қытайлардың дүкені. Оннан аса пұтхана, 36 су диірмені, іште бірнеше ат диірмені бар. Тағы екі диірмен бар, үстіңгі тасы қозғалмайды да, асты айналады, мұның ұнын екі қайтара тартады да алғашқысын «шауфан» екіншісін «жауфан» деп атайды. Диірменнің елегі қасында болғандықтан ұн кебексіз шығады. Бұл ұнның қасиеті: қамыры созылады, онан қытай мен дүнгендер басқалардан ерекше ұзын кеспе жасайды. Мұндай кеспеге әдеттегі диірмен ұндары жарамайды. «Жахоннамада» бұл диірменді Шынның ғажайыптары- ның бірі деп жазған. Екі көпшілік моншасы мен бір қытайша димас бар, димаста суды әуізде ысытып соған түседі.

Арасан суы Шәуешек жағында Дамын Барлықта бар, әр тараптан ауырулар келіп, түсіп сауығып қайтып жатады. Аяқ- қол сыздау, желғұз, құяң ауруларына пайдалы болып, жүрекке пайдасыз, бәлкім зиянды. Өзбекше де өз табиғатында ысып ағатын суға «арашан», болмаса «арасан» дейді, түрік тілінде «күдірет хаммами» дейді, яки «қаплуча».

«Арасан» қай тайпаның тілі екені мағлұм болмады, қазақ, ноғай, қалмақ бәрі «арасан» деседі. Орыс пен қытай да осылай атайды. Білетін адамдардан сұрап, сөздік кітаптарды тексеріп, ешбір дерек таппадым. Амалсыз өзімше бір пікір жазуға ниеттендім. «Арашан» арабша «харршаннан» алынған болар, «харр-ыстық», «шан» табиғи демек. Осы сөз өзбекте де бар, бірақ төл тілі емес. «Ұқянус» кітабында «Хима» қайнап шығатын ыссы суға айтылады, ауырулар осымен емделеді, туркиде «илче», Буруса шаһарында «қаплуча», рум елінде «бане» дейді («баня» мен салыстырғанда латын тілі) ал «Тибян Нафигда» «Қармабан, карма» деп атайды деп жазған.

Шәуешекте орыс саудагерлерінің жылдық саудасы шамамен 2 мың теңгеге жетіп, ескідегі шай орнына бұл күнде күміс шығады (осыған қарағанда шайды ақша орнына қолданғанға ұқсайды). Мұсылман қасаптарында күніне 50

шамалы қой сойылып, жылына 25 мындай қой мен тағы осынша ешкі етханадан өтіп тұрған. Жалпы шамасы шаһарда он мыңнан аса жан болған, дүкендер көбейіп, бір жүк конторы да салынған.

Қажы Юнус баба кезінде «тайғұнан» яғни азаттық қозғалысынан бұрын Шәуешекте тұрып, қытай мен орыс ұлықтарына сөзі өтімді, саудагерлерге қадірі бар кісі болып, айтуынша көпшілік мал бұл кісінің алдында сатылып тұрған. Жылына он мың сандық шай (қара шай) шекараға жөнелтіліп (өзге шайды қоспағанда) әр жаз екі лек (екі жүз мың) қой алынып, неше мың ат, өгіз сатылар еді. Бір жылы менің алдымнан 14 мың бауза фу шай өтті. Әр бауза-он төрт, ал әр фу шай — жеті қадақ. Елтірі, тері, арқан, қап, шекпен, киіз қытайға жүк-жүк жөнелтіліп жататын дейді. 1314 һижра жылы, 1896 милади жылы қытайша қуансой ханның патшалық етуінің 22-ші жылы, 8 айдың 8-ші күні Дур Бунжуннан амбу әскерімен келіп Луғалдай қорғанына орналасты.

Дүнгендер мауліт жасап, оған Шәуешекке үлкендерін шақырды. Олардың жасаған тәртіптері өзгеше еді. Тек қана жемістен өзге пісіріп әкелген тағамдарының өзі 18 түрлі болды. Олардың қашан мұсылман болғаны «Тарихи-и жаридә-йи жадида» атты ғылыми жинағымызда басылған, қалағаны соны қарасын. Одан өзгесі қытай тарихының Тан уан хан бөлімінде жазылар.

Мәулит пайғамбардың туған күнін атап өту жиыны.

Ақсақал арабта «шайх» лебізінің мағынасы болып, жасы асқан қарт кісіге айтылатын. Соңынан тайпа басшыларына жас-кәрісіне қарамай, сый ретінде айтылды. Ақсақал дейтін дәреже бұрын жоқ еді. Ресей, Ферғана хандықтарында ешкім тіпті білмеген. Қашқарда қожалардың жеңістері себеп болып, Ферғана хандары тарапынан ақсақал атымен бір өкіл қойылып, Ресейде, кейіннен өзіне қарасты елдерге өз ішінен ақсақал қоюға кірісіп, бірінші Семейде Кұрбанбай Момынбай ұлына ақсақалдық жарлық берілген. Жарлық хан атынан беріліп, Ресей оны мойындаған. Алматыда Сейіт Ахмет бай ақсақал болды. Шәуешекте орыс пен қытай араласқан соң сауда жұмысын реттеп, мәселелерді шешіп тұруға ақсақалсыз болмайтын болған соң, көптен бірі таңдалып Ресей тарапынан тағайындалып, қытай жағының келісімімен бекітілді. Осылай етіп бірінші сайланған ақ- сақал Әшімбай Мусабайұлы еді. Балкашин консул болған кезде ақсақал консул барда қызметкері, ол жоғында орынбасары есебінде бекітіліп, 600 сом жалақымен тұрды.

Семейде Құдияр ханның әуелгі таққа отырған кезінен бастап, Ташкент Ресейге қараған соң ақсақалдыққа тыйым салынды. Барлығы алты ақсақал жиырма жылдай ел билігінде болды.

Ресейдің Шығыс Түркістанға қадам қойуымен кейбір қалалар салынды. Ресейдің Оралдан асып шығысқа қадам басуы туралы тарихтарда жазылғандықтан, оны қайыра айтудың қажеті болмады, алайда орта жүз қазақтарының Ресейге қосылуымен біраз қалалар салынды, оны айтпай болмайды.

Һижраның мыңыншы жылы толғанда орыс бұзықтарынан Ярмәк (Ермәк) деген Сібірдегі Көшім хандығын алып, бірақ оны қолында сақтап тұра алмайтын болған соң Ресейге сатып, «Табұл» қамалы, соңынан «Иркутск» салынды. Ярмәкты жазушы «басы бұзық» деп атайды, ал менің көріп жүрген қарттарым да солай атайды. Оны Сәтбек батыр өлтірген деседі. Ол бәрі тоғыз адам боп келіп, Сәтбек кіші әйелін малымен көшіріп кеткенде қыстауын басқан. Қыстаудағы Сәтбектің бәйбішесін өлтіріп, қызы (әлде қарындасы) Қаншайымды әкетпек болып тұрғанда Сәтбек барған жерінде жата алмай, қайыра келіп есіктен шыққандарын біртіндеп өлтіріп, Ермәкты итінің көмегімен алған, өлтірген. (Ауыздағы аңыздар, кітаптағы қағидамен дәл келеді). Камчаткаға дейін көп бекіністер салынған. Һижраның 12 ғасырының бірінші жартысында Омбы салынып, осы ғасырдың ортасында кіші жүз әміршісі Әбілхайыр хан өз елінде тыныштық орнату ойымен Ресейге қарады. Орта жүз қазақтарын панасына алу мақсатымен Ресей 1763 жылы Семейді, соңынан Өскеменді салды. Бірақ ел ішінің тыныштығы үшін Ертістен өтпей, бір нәрсе алса еселеп қайтарып, аз-аздап әскер шығарып сенім артысып жүрді. Қазақтар қалмақты қуып [...] жерін кеңітумен болды. Ұлы жүз Ферғана, орта жүздің көбі қытай ықпалында еді. Ортада ешкімге қарамай еркін жүргендер де болып олар кіші жүзге маза бермеді. Ресей өз ықпалындағыларды қорғау мақсатымен Орск бекінісін салды. Қазақтар оны «Жаман қала» деп атайды. Мұнымен де шабуыл аса тоқтай қоймағандықтан орыстарға тағы да бірнеше қала, бекініс салу керек болды. Александр І кезінде Ново Александровск бекінісі салынды.

Осылайша орыс бекіністерінің салынуымен қазақтар да олармен араласуға кірісті, кейбіреулер өз әкімдерінің үстінен шағым айтып келе бастады [...] Өскемен тұсында орыс әскері ел ішіне өтіп, жиын жасап тұрды. Үшінші рет өткізілген осындай жиында жәбір көргендердің ақысын әперді, кенбеген біраз елге

күш көрсетті. Мұнан қазақтар қытайға шағымға барды. Олар бұл хабарды ұсақ-түйек деп қарады. Осыдан қазақтар орысқа қарауға бет алды. 1823 жылы аса қызыл тулы төреден Сарт төре шығып, өзінің Жошы баласымен келісіп, оны Петерборға жібереді. Ондағы талап найманға орталық етіп бір қала салсын деді. Бұл Ресейдің мақсатымен өте сай келді де Семейден 1832 жылы отряд шығып, Аягөз суы бойына келді. Ол жер «ескі диуан» (ескі дуан) орны еді. Келер жаз Шәуешектен амбу үш жүз жасағымен келіп, орыстармен сөйлесті. Майор Нуколов, яки Нукелов қамал салу себебі саудагерлердің амандығы үшін, болмаса біз кетейік, сіздер жол қауіпсіздік мінде- тін алыңыз деген соң амбу ештеңе айта алмады. Алайда қамал салуға, Аягөз суынан өтуге тыйым салды. Бірақ қайтар жолында амбу қазақ ауылдарына көп ыңғайсыздықтар тудырып, енді қазақтар шындап орыстарға бет бұрды. Амбу ерік бермесе де орыстар Ұржар мен Алакөлге дейін ықпалын өткізе бастады. Біраз ел Алатауда жүрген Бек Сұлтан төреге көшіп барғанымен, сұлтан оларға қуанбай, орыс елі құдіретті, оған мен ештеңе жасай алмаймын деген. Өзі қытайға қарайтын, кейіннен орыс әскері барып, оны да өзіне қаратты, өйткені ести тұра оған көмекке қытай келмеді. Сонымен шығысы Зайсан, батысы Балқаш, оңтүстігі Алатауға дейін ұзыны мен ені 6-7 жүз шақырымға созылған ел Ресейге қосылғандығын мойындаған, орталығы Аягөз дуаны болды. Ел ішінде жүрген ноғайлар осы уақыттан бастап қазақ қатарында «шала қазақ» аталып сіңісе бастады.

Ресей мұнымен қанағат етпей бір жағы қытай, бір жағы Түркістан болған ен далаға ықпалын жүргізе түскісі келді. Қазақтың өз ықтиярын өзіне беру, саясатымен өзін басқару үшін Аягөзде көп халық жинап, хан сайлатпақ болғанда көп тартыспен кейін патшаны көріп келген деп Сарт төре өзінің Жошы баласын хан сайлады. Хан орысша старший сұлтан деп аталып, қазақша аға сұлтан болды. Ел ішіндегі түрліше уақиғалардың шешімін соларға тапсырып, тек өлім жазасын алып қалды. Көп даулы іс малмен бітіп, ұрып-соғу аз болатын. Бір адамды ханға көмекші етіп, оны «кандидат» атап, тағы екі заседатель қойылып, қазақтар «қази» деп атады. Көпшілік басшылар найманның өзінен қойылды. Екі жылдан соң хан өліп, орнына ақ тулы төреден Жабай төре ибн Шанхайды хан қойды. Мұның тұсында бұйрық шығып, орталық жаңа орынға көшіріліп, Сергиополь бекінісі салынды. Жабай екі сайлаудан соң түсіріліп, орнына қызыл тулы төреден Бек сұлтан төре ибн Ағадай хан болды. Осылай

ауысып-ауысып қара қазақтан Бекқожа ибн Үйсінбай болды. Соңынан қызыл тулы Барақ батыр ибн Солтабай төре хан болды. Бұл дуаннан үй-жай сатып алып, сонда тұрды. Бұрынғылар ел ішінде қонақта жүретін.

Барақ үйсін елінің басшысы Рустеммен шабысып, үйсін елін шауып алумен батыр атанған. Осыдан бастап Іле бойындағы үйсіндерге шабуыл жасап тұруды бұлар әдетке айналдырып еді.

Барақ сайланған соң Мамыр су бойында ат шаптырып той өткізді, Қытайға қараған қызай еліне келіп, Қарағашта сияз (съезд) өткізіп, көп кісілердің сұраусыз кеткен малдарын әперді. Мұның ерліктен басқа да өнерлері көп. Мылтықпен көздеп адамның төбесіне қойған теңгені ұшырып түсіретін, қылыштасуда теңсіз, ағаш жону, етік тігу, киім пішу, темір соғуда ешбір шеберден кем түспейтін. Өрік пен жаңғақты сығып, жілік сүйекті бұрап сындыратын. Ақын, жұмбақшы, шежіреші еді. Он басы, жүз басы, мың басы дайындап оған міндетін белгілеп, әскери заң да түздірген. Аға сұлтан болған соң өзгелер мұнымен қатар сайлануға сескенуші еді. Құнанбай мырза мен Ақтайлақ би ұрпағы хан орнында қадірленгенмен бұған теңесе алмайтын. 1859-60 жылы Семей мен Аягөз даласында үш-төрт орыс әскерін қазақ барымташылары өлтіріп кетіп, оның ішінде бірі хорунжи еді. Бұған орыс әкімдері ашуланып, Аягөзге Омбы генерал-губернаторы келіп, қылмыстыларды табуға елді қысқанда дос-дұшпаны болып, бәрі Барақтың қолынан келеді десті. Бұл генералдың көмегімен елу әскер мен 200-дей адам алып, қытайға қараған елінен ұрыларды тауып келіп, хандыққа да ие болады. Әйтсе де өмірі опа бермей 1868 жылы қаза болады. Оның ерлігін атақты Жанақ ақынның мына өлеңі дәлелдейді:

Шұбарым, арғымағым, кермаралым,
Өз заңымша білгендей жандаралым,
Бала күннен бас болған мың сан қолға
Баласы Солтекемнің ер Барағым.
Жасың бар жиырмада жылың сиыр,
Жайлайды Бек сұлтанның о бір қиыр.
Жас күніңнен талпынып, талап қылып,
Тайлағыңда атанмен болдың үйір.

Ол кезде әр хан, сұлтан жанында сол кездегі уақиғаларды тізе айтатын шежіреші ақындары болған. Барақтың ондай кісісін ел Дулат дейтін, мен де талай онымен бірге болғам. Ба-

рақтан соң Әділхан ибн Жамантай, соңынан туысы Сейілхан ибн Солтабай, одан қарадан шыққан уақ Қалдыбай хан болды. Бірақ жаңа заң шығып хандық тоқтатылды. Аягөз дуанында 1833 жылдан 1868 жылға дейін хандық барлығы 34 жылдай болды. Жаңа заң бойынша уезной мекеме ашылып бұйрық мекемесінің басшысына бірден қазақ ұлықтарынан алмай тек көмекші (помощник) есебінде бір адам бекітіліп, оязға көмекшілікке сайланды. Бұл да он жылға толмай тоқтатылды. Аягөзде ондай көмекші Оразбай бек Қожа баласы, соңынан Құнанбай Өскенбай баласы, ақыры 1873 жылы аса Сулеймен төре Бексұлтан баласымен аяқталды. Хан, қазі үш жылда бір сайланып отырды. Төреден хан сайланса, сөзсіз қабыл болып, қарадан хан сайланса ата-тегінен бері қарай тоғыз жыл халық билігінде қызмет істеуі талап етілген. Осынша жыл патшаға еңбек етпесе қабыл болмайтын. Мұның негізі өзбекте тоғыз атадан билік етпеген адамға хан аты берілмес деген жол-жобаны мұнда жылға айналдырып алған. Хандық кезінде «болыстық» ең төмен дәреже еді, қазір ең зоры болыс. Он басы, елу басы ол кезде болмай, болысқа көмекші, тек старшина болатын, мал есебімен алым алынатын, ал бұрынғыдай түтін санынан емес. Қаланы дуан, мекемені приказ деп ондағы әкімді «майор» деуші еді. Үлкені «дуан басы майор», кішісіне «ел майоры» деп аты кім болғанына қарамай қазақтар: сұлу майор, семіз майор, кісен бас майор, сақалды майор десе, ел майорларына: тарғақ майор, айғыр майор, қара жақ майор деген. Бір жаңа майор келсе ел басынан бірі кіріп шығып халық кім, атын сұрадыңыз ба дегенде сұрап қайтем, аты өз қолымызда емес пе деген.

Бұрын Аягөз дуаны десе, 1860 жылдың алдында Сергиополь, соңынан приказбен окружной мекеме аталып, одан уезной мекемеге айналды. Бұлардың түрлі жарлықтарын орындаушылар поштабай аталып, халық олардың соншалық хайуандық ісінен:

Құдайым елді сақта пошта алғаннан,
Теңселіп екі жеңін бос салғаннан.
Қазақтың ат-айғырын ұстап мініп,
Көрінген қыз келінге көз салғаннан.

деуі осыдан. Мұндай бейбастақтыққа тек Барақтың кезінде тиым салынған еді. Тағы бір заманда Қарқаралыда Құнанбай мырза аға сұлтандық еткен уақытында пошта мен ұрыдан ептеп тыныштық болып еді деседі.

Аягөз дуанына әр жылы бір рет генерал келіп, Алматыға барып қайтатын көліктері мен соғымдарын билер мен халықтан алатын. Ел басшыларына шен-шекпен, сый-сияпат, тафризнама (мақтау жарлық) беріп кететін.

Ноғай, сарт я басқасы қазаққа сіңіп, содан тараған тұқымды «шала қазақ» деп атайды. Шах Әзім ибн Саяқұб деген 99-ға келген бір қарт 1885 жылы қайтыс болды. Осы кісіге бірінші шала қазақ аты берілген екен, демек сарттың шала қазағы 1788 жылдан басталған болады, ал ноғай шала қазағы кейінірек, ноғайдан қазақ ішіне қадам басу 1800 милади жылынан кейін, бірінші келушілер Масғид аға ибн Абдул-Мумин Утари, Уәлишах аға Қашқари, Исмағил және Хамид аға мандуши, Шамсиддин аға, Бекчантай аға, Хасан аға Урнаш басы, Хабибулла сап басы және менің әкем т.т. Қазақ ішінде жүріп байып, семья құрып Түркістан, Ташкентке саудамен жүріп тұрған. Осылайша қазақ қыздарына үйленіп, өсіп-өнгендерді «шала қазақ» деп атады. Ақыры Масғид аға Жетісудан бір төремен Петерборға барып, негізі Қазаннан келген шала қазақ ұрпақтары ендігі қазақ жерінде бәрі де қазақ болып жазылсын деп өтінді. Сол өтініш қабыл болып, әуелі Аягөзде жарияланып, соңынан айнала уәлаятқа білдірілді. Шала қазақ атымен бір ғана мекемеден тіркелген адамдар он мыңнан асқан. Ноғайлардың қазақ жеріне асып келуі солдаттан қашқандары еді. Петерборға барған Сүйік төренің қолындағы қағазын көргендер қазақтан солдат алынбайды деп жазған дейді.

Шала қазақтыққа берілетін менің алдымда бір куәлік жатыр. 1834 жылы ұлты «шала қазақ» деп жазыпты. 2691 нөмерлі. Алты шаһар халқы «чалғурд» деп атайды «шала ұрық» деген сөз.

Ескі дуаннан бұйрық шығып, имам болатын кісілер бұйрықпен бекітілу міндеттелген. Мухаммед Садық ибн Исмағил осы хабарды естіп 1840 жылы муфтиге барып бұйрық алғанда приказ бастығы майор Николов еді. Осы жылдары дуанда медресе ашылып, көптеп шәкірттер оқытылған, тіпті араб тілінің жоғары дәрежелі ма- мандары қатарына ілікпей, оқу мүмкін болмайтын риторика (илм балаға, баян, мағани) мантиқ (философияның түрі), т.б. ғылымдар оқытылған. Бірақ 1883 жылдан әрі қарай медресе құлдырап кеткен, дәрежесі өте төмендеген.

Ескі дуанда орыстар Сергиополь деп атап жазғанымен, халық Аягөзден танбады. Аягөз суы жай уақытта аз болғанымен, көктемде пороход жүре алатындай болып таситын. Екі жаққа

қатынасуға салынған көпірді екі жылдан асырмай жұлып кетіп жататын. 1843 жылдан асқанша Аягөзге астық Семейден әкелінетін, кейінгі уақыттарда жергілікті қазақ-орыстар, соңынан ноғай-қазақтар егін салуға кірісті. 1314 хижра жылы, яғни 1896 милади жылы Аягөзде айналасымен қоса екі мыңдай халық жасап, үш жүздей түтін еді. Мұның - і қазақ, орыс, қалғаны ноғай-қазақ еді. Мұжық, крестьян дегендер жоқ еді.

Аягөз дуанының салынуы 10, болмаса 20 болысқа орталық болуы көзделген, алайда оған қараған орта жүздер көптік етіп, тағы бір дуан ашу керек болды. 1833 жылы шығыстан 200 верст жерде Көк терек дуаны салынып, мұрын елі толығымен соған қарады. Орысша Көкпекті деген адресстерде былай жазылады: Ертіс жо- ғарысынан Жайсаң көліне дейін қытайға қараған қазақтан бірнеше тайпа елді қаратып, дербес бір дуан болды.

Ендігі мақсат Түркістан жағын да қаратуға күш салып, әуелі «елатия» (қазақ даласы) жерін өзіне қаратып қатынас тыныштығын орнату болды. 1848 жылы Қапал бекінісін осылайша салды, оған Садыр мен Матай, тағы басқалар құрамына кірді. 1872 жылы осы қамалда болып, мұнда қажы молда Мухаммад Зәкір, ибн қажы Дамла Тайыб имаммен ұшырасып, өткен тарихи хабарлар туралы сөйлесіп едік. Ол кісі маған сені Шәуешек пен Аягөзден басқа жерде болмаған деуші еді. Содан мен осынша хабарларды қайдан білесің дегенде, мына бір жәйітті айтып еді, тәберік етіп жазып алдым:

Игтибары уатан истигдад зата таасир етмаз
Туфроқда ятмағла тілладан жила кетмаз
Нахаһл билад улмақ иланадан сохибы камол улур
Уа на биобонларда кезмаклә доно қобили жаһл улур

аудармасы:

Талапты ердің қабілеті елмен мұқалмас,
Топырақта жатып алтынның өңі жұқармас,
Ел кезіп кейде наданның аты зораймақ,
Далада қаңғыған данадан білім қараймақ.

Қапалдан сәл кейінірек, бәлкім, бір жылда дерлік Алматы бекінісі салынып, ұлы жүздер, мен қырғыздардың бір белегі бұған қарады. Орыстар келуден бұрын мұнда Ферғана хандарының зекет жинаушылары мен алдыңғы жасақтары тұратын.

Алматыны кейбіреулер «алмалы тау» дейді. «Та» қалмақша «лы», лік, лық» жұрнақтары екенін айтқанбыз. Кейбіреулер «Ғалым ата» деген бір әзіздің атынан алынған, ол ту ұстамаған жай атақты кісі болып арнайы күмбез салынбай, топырағы мағлұмсыз деседі.

Қала Сібір мен Түркістанға, шығыс пен батысқа орталық есебінде шапшаң өскен, дегенмен 1887 жылы рамазанда жер сілкінуден қирап қалып еді, бірақ халық қаланы қайыра көтеріп, әдепкі шырайына келтірді. Қазір мұсылмандар «Алматы» деп, документтерде «Верный» деп жазады.

Жер сілкінген жылдары бұл жердің ескіде үлкен қала орны болған белгілер байқалып, кей жерлерде 30-40 адамның өлігі бір жерден табылғаннан ол шаһар да жер сілкінуінен қирап, адамдар астында қалған деп және осынша адам бір жерлерден табылуы, мұнда әскери бекініс болған деп ойлауға мәжбүр етеді. Кей қазбалардан «Омар» атындағы теңге табылып, бірі алдымызда тұр. Мұны халифа Омардың теңгесі деуге келмейді, өйткені исламда теңгені тек 658 жылдан бастап Абдул Мәлік, ибн Маруан (Умауи)⁴⁹ соқтырған. Дегенмен Омар, ибн Абдул Азиз дирхамы десе жарайды, мұнда «Омар» сияқты ат пен «әділ» дегендей сөздер бар, бұл Омардың да әділ екеніне тарих куә деген еді. «Хан» атына ұқсайтын да бір сөз бар, бұл ешкімге де келмейді, өйткені ол кезде «хан» атын олар қолданбаған.

Орыс әкімшілігі Алматыны «Туркестанский край, Сибирский край» деседі екен.

Алматыдан кейін, тәжірибелі адамдардың айтуынша, Лепсі шаһарының орналасқан жері үлкен теңіздің шеті, яки биік таудың аңғары. Жер орнын «Ой жайлау», тауы «Шұбар ағаш», суы Лепсі, қазақтар бірінші атауды — сарт пен ноғай, екіншісін, орыстар соңғы атауын шаһар атына қолданып келген. Алатаудан батысқа ағатын су- лар (өзен) бәрі де Балқашқа құяды. Оған құятын жеті өзен: Іле көл (кітапта осылай жазылған), Қаратал, Басқан, Ақсу, Сарқан, Лепсі және Аягөз болып бұларға «жеті өзен» аты берілген. Алакөлге құятын жеті арықты да «жеті су» дейді: Чынжылы, Үш (Ош), Тентек пен Алатауданағатын үш су. Алатаудың шығысында аққан жеті өзен бар Лоб көліне барады, оған да «жеті өзен» деп қазақтар ат қойған. «Өзен» үлкендеріне, «су» кішкенелеріне айтылады.

⁴⁹ Тарихтарда Смейд деп жазылатын халифалық, дұрысында Умауи аталары Умайя.

1854 жылы орыс отрядтары орналасқан соң бір жылдан аса алпыс үйлі крестьян казак-орыстар қызметке көшіріліп келтірілді. Алғашында жер үйде, соңынан ағаш үйлерге орналастырылды. Қарағайлар өте қалың болғандықтан жолсыз жермен кісі жүре алмайтын еді.

1894 жылға дейін Сергиополь оязы осы жылдан бастап Лепсі оязы болып іс қағаз жүргізілді. Шамамен бір мыңдай үй болып, 5 000 шамалы жан бар деп есептелетін, төрттен бірі мұсылман халықтары болатын.

Лепсімен бір жылда Ұры жар бекеті салынды. Қытайлар оған қанша қарсыласқанымен орыстар құлақ аспады. Осы күні бекіністе майор Баранов деген басшылық етеді. Кейбір тарихтар «майор»—«мыңбасы» деген сөз деп жазады. Негізінен бұл орыс тілі емес, шет тілден енген атау.

1868 жылы Қапал мен Лепсі аралығына Сарқан бекінісі салынды. Құлжа көтерілісінен қашқан қытайлар осында орналасып, бірқатары христиандықты қабылдап еді, алайда Шәуешек пен Құлжаға қытай келген соң бұлардың көбі елдеріне кетіп, өз діндеріне қайтты.

Шәуешек көтерілісінің екінші жазында. Бахта тауы етегіне орыс отряды келіп, оларға қытай мен дүнгендер қарсы шыққанымен айтарлықтай жеңіске жете алмады. Бұлар Көктеме суы бойында орналасты, Бахта осында. Қазақтар «Көктеме» деп, қытайлар «үй танза» деседі. Өйткені ескі заманда осында қараулы «бекет» болып, оны «үй танза» атаған екен.

Әдепкіде 5-6 болыс елатқа орталық болып, басшылық учаскелік начальник Михунин болды. 1891 жылы телеграф тартылды. Консул Балкашинмен шығыса алмай көптеген начальниктер ауысып тұрды.

Темірсу, Жеменей атты екі су болып мұсылмандар Жайсаңды осы екі су атымен атаушы еді. Орыстар Зайсан дейтін, бұл атақ монғолша «би», «бек» деген сөз. Ескі заманда көлге осы ат берілген. Ертіс суы Жайсаң аймағының ортасынан ағып өтеді. Көлде көп түрлі балықтар, оның негізгілері қымбат бағалы қызыл балық, мекіре т.б. бар.

Жаркент, Шелек, Қарақол, Нарын.

1299 нижра жылы, 1881 милади жылы Құлжа қытайға қайтып беріліп, 1882 жылы үш болыс қызай елдері қытайға көшіп кетті. Құлжада тұрған тараншылар мен дүнгендер орыс жеріне көшіп, Жаркент айналасына қоныстанды. Жаркентке негіз салынуы жақында болғанымен, халқы өте тығыз еді, білетін ағзамдар қырықтан да аса мешіт бар еді дейді.

Бұдан бұрын Шелек, Қарақол, Нарын бекіністері пайда бола бастады. Қарақол «Ыстық көл» деп те аталушы еді, кейіннен Пржевальск деп өзгертілген.

Осы бекіністердің кейбіреуінде, ерекше Аягөз бен Лепсіде адам сүйектері шығып, зират көрінісінің білінбегенімен қазғанда мәжус, мушрик (язычество) қауымдарының мәйітіне ұқсас, бас-аяғында құм салған көзе, шөлмек, кейбірінен сақина, сырға, білезік табылған. Лепсіге жақын бір қалашық орны бар. Қазған кезде онан ертедегі өмір сүрген рулардың музыкалық аспаптары шығады дейді. Бір қазақ онан көптеген күміс теңгелер қазып алыпты. Осыны уезной начальник естіген соң әлгі қазақтан теңгелерді сатып алған да қазынаға қойған. Содан кейін ол зиратты қазуға тыйым салған. Сол теңгенің бірін бір саудагер алған екен, мен көріп қана берейін деп едім бермеді. Көргенде онан қалайда бір мән шығар еді, бірақ болмады. Ақымақ саудагердің тарихта аты қалар еді, бірақ оны түсінбеді.

Сонымен найман мен ұлы жүз арасындағы өзара араласып қоныстанған қалалардың қысқаша тарихы жазылды. Ал арғындар орыспен ерте араласқандықтан, бірақ олардың мекендері Баян ауылы және Көкшетау, одан ары солтүстікке Қызылжар, Омбы, Орынборға қарай жер тебеді.

Қараөткел дуандарының тарихы бізге мағлұм болмады. Мұнда тек Қарқаралы дуанының өткені досымыз Жолдаспай әпенді Жауһари⁵⁰ ибн Атажан Бухаридің хабарларынан мәлім болды.

Қалашық тек шығыс жағы ашық, өңге жақтары тас, ағаштармен қоршалған (жалпы географиялық ендігі мен бойлығы, айналасы, табиғаты сипатталады). Мұнда қазақ, қырғызбен қатар 40-50 үй татар, мешер, башқұрт және тибтар тұрған. 15-20 үйлі сарт бар. Орыстар негізінен әкімшілік кісілері мен әскер, жай халық 200 үй- дей, ал әскері 100 шамалы. Жалпы қалада 600-ден астам түтін тұрады. Карқаралығажалпы 19 ру елқарайды. Халық негізінен мал шаруашылығымен күн көреді, егіншілікке жарамсыз болған соң 1880 жылға дейін тіпті орыс үкіметінің бұйрығы болса даегін салмай келген. Осы 1880 жылдан былай ептеп егіншілік кәсіп басталды. Кейбір кездерде қазақ еңбекшілерінің екен жеріне малды байлап, таптап кету жағдайлары да болып тұрады. Дуанға қараған әр елдің бір мыңнан екі мыңға дейін үйлері бары

⁵⁰ Жауһари – Жолдаспайдың туған жерінің аты.

есептеледі. Әр жылы бір управительде бестен он беске дейін старшиналар болды. Жылына бір рет (бір ай бойы 25 майдан 25 июньге дейін) базар болып, ол Қарқаралыдан 48 верст солтүстік-шығыста, Талды өзені жағасында Ботов деген бір орыс саудагері атына ұйымдастырылды. Осы аймақ халқын орыстарға әуелі бастап ерткен Абылай хан (1770 жылы) еді. Абылай өлген соң ондағы рулар екі хандыққа бөлініп - бірінің орталығы Көкшетау, бірі Қарқаралы дуанын иемденді.

Қарқаралыда Барақ тұқымы Бөкей хан болып өзінше бір өкімет түзген еді, бірақ орыс өкіметінен сенім қағаз алмай, оның хан екенін ешкім ресми мойындамады. Сол үшін ол Тобыл губернаторы атынан императордың хандыққа бекітуін өтінді. Содан, 1816 жыл 12 ян- варьда Александр I атынан арнайы грамота келеді. Осы грамота бойынша Бөкейхан орта жүздің атақты 13 руларына билік жүргізу үшін хандыққа бекітіледі. Абылайхан өлімі мен грамота келуінің арасы 30 жыл.

ГРАМОТАНЫҢ КӨШІРМЕСІ

Алла тағаланың мархабатымен біз Александр 1 Ресей мемлекеті мен көптеген жерлер императоры. Біз император хазретінің бойұсынған халқымыз. Орта жүздің қырғыз-қазақ сұлтандарына, билеріне, старшиналарына, және ол жүздің жалпысына біз императордың мархабатымен осы грамота арқылы баяндаймыз. Әркім әр жылы білсін, есіне сақтасын. Қырғыз-қазақ орта жүздің 13 елі: алтай, төртуыл, шаншар, байбөрі, күшік, жалын, бала шарын, кірін, қырғыз, тобықты, тарақты, қоңырат, қарпық елдері Бөкей, Барақ хан ұлының қол астында тұрып, үкіміне разы болып, өмір сүрген. Енді бұл мансапқа біздің рұқсатымызбен ескі-көне заң бойынша оны «хан» деп атаған еді. Біз жоғары мәртебелі император, оның бізге дұрыс ықыласы барынан және бізден өтінішінен хабарымыз бар. Біз оның өтінішін қабыл көріп, Сібір жерлерінің генерал-лейтенанты Глазинов арқылы ел билерінің таңбалары басылған куәлік қағазына қарап, біз Уәлиханды өз орнына бұрынғыша, оған ерген тоғыз елді билеуге қалдырып ал мұнан басқа он үш елде Бөкей сұлтан - Барақ хан ұлы хандыққа бекітілсін.

Біз рахымды патшаға мағлұм ол кісінің мінез-құлқы, тілегі, оны хандыққа бекітуге жарлықпен қоса бір белгі сыйлауды мақұл көрдік. Императордың мөрі басылған қылыш, бетінде сыйға тартылған жазуы бар кіші тон, қара күрең түлкі тымақ тартуды дұрыс деп білдік. Мұны барша қырғыз-қазақ орта жүз елдерінің сұлтандары, билері, старшиналары әм жалпы халайыққа мағлұм етілсін. Біз Бөкей - Барақ хан ұлын хандыққа бекітіп, жарлық еткеніміз мәлім етілсін, сол тағайынды хан арқылы біздің әмірімізге құлақ ассын, бұл қырғыз-қазақ халықтарының өз пайдасына лайық болады. Біз император ізгі мейірбаншылығымызбен тұрамыз. Жарлық берілді. Санкт-Петербург шаһары январь айының он екінші күні, 1816 жылы, патшалық сүрудің он алтыншы жылы еді.

Нұсқа сөзбе-сөз көшірілген. (Осы грамотаның тағы бір нұсқасын көшірген екен, онда да мына грамота сияқты тек Ресейге қарайтын уәлаяттарды грамота басында толығынан тізген, ал сонымен 1816 жыл 30 декабрь дспті). Оны былай ұғуға болады. Сол 1815 жылдың 30 декабрінен 12 күннен кейін грамотаның көшірмесі жасалып, жіберілген болады. Грамотада ел, жер аттарын дұрыс білмегеннен қателер көп кеткен, бірақ сол қателер түзетілмей көшірілген. Грамотаның екеуінде де екі басты бүркіт гербі мөрі басылған. Бүркіт айналасында император аты жазылған, мөрін грамотаға баспай, төрт ұшты дөңгелек бір бөлек қағазға басып, оны грамотаның ортасынан тесіп соған ақ лентамен бекіткен. Ол қа-ғаздың суреті мынау.

Грамоталарды арнайы сақтықпен орап, көшірмесін бөлек қалың папка сияқты сақтап жеткізілетін, ал мынада грамота көшірмесі, аудармасымен бірге басқа бір қорапта болады, бұл Бөкейдің, яки соңғы хандықтың дәрежесі төмендеп қалғанын көрсете ме деймін. Бөкей өлген соң грамота бір тұысында сақталып қалған. Гра-мотаның нұсқасы «Шуродан» алынды.

Екатерина Великая кезінде 1778 жылы 22 ақырапта Абылай ханға да бір грамота берілген екен, демек оның хандығын Ресейбекіткен. Бірақ ол кезде орта жүз қазақтарыорысқа аса берік сенімді емес, сондықтан ханды өзіне қарату арқылы қазақтарды бағындыруға қолданылған саясаты ғана еді.

Абылай хан кезінде қазақтың әлі де бірқатар жері қалмақ-монғол қолында,әрі олармен әр уақыт соғыс жағдайында болып, орыстың ептеп жоғары Есіл, яки Ертіс бойымен сырғуына көңіл бөлмеді, Арқасына қарамады. Жонғарлар соғыс ашқанда оларды Іледен асыра қуды. Қара қырғыздармен Абылайдың ептеген жанжа-лы болып, ақыры оларды Алатауға орналастырды.

Абылай ханға орыс үкіметінен басқа қытайдың да берген грамотасы⁵¹ бар. Грамотамен қоса Балқаш пен Іле айналасын Абылайға жайлау-қыстау етіп берген. Жоңғарлармен алғашқы -тайталасы осыдан басталады, болмаса ол кезде жоңғарлардың бір бөлігі Абылайға қараған. Олар жалпы не айтса да орындап жүрген соң елден (Арқаны жайлағандарын) қуу дұрыс болмас еді. Абылай өте айлалы, сергек, өмірінің бір талайы (тағдыры) келіскен хан болып 70 жасында 1781 жылы Көкшетауда дүние салды, бірақ сүйегін Түркістанға апарып, Қожа Ахмет Яссауи зиратына жерлейді, бұл да саясат, яғни Түркістан да біздің жеріміз дегенге ишара.

Абылай өлген соң балалары (барлығы 30 ұлы болған) екіге бөлініп, көбі Бөкей ханға ерген, бір бөлегі Убайдулла ханға қараған. Алайда Убайдулланың хандығын қытай императоры ғана растаған. Осыдан орыстар Убайдулла ханнан әдейі (мақсаттары да сол) Көкшетау даласынан әскерге қамал салуға жер сұрады, ол сыл- тауратып кешіктіре берді, егер орыстар күш қолданса, қарсы тұрмақ та ойы болған. Мұны байқаған орыс әкімшілігі оны қонаққа шақырып, келген соң жауып тастайды, бәлкім оны солай еттіруге шекара әкімшілігі мен Абылайдың өзге балалары сөз байласқан.

Соңынан Уалиханды орнына тағайындап, Бөкей ханға грамота жібергенде, хандықты оған да бекітті. Кейін Уалихан Көкшетауды орыстарға босатып берді де Көкшетау бекінісі салынды, бірақ анық қай жылы салынғаны мағлұмсыз. Уалихан Көкшетауды бір жола орыс әскеріне босатып берген соң, Ұлытау мен Кіші тауға қоныс тепті, жайлаулары Жыланшық пен Торғай суларының бойы болды. Көкшетау Қарқаралыдан бұрын салынған болу керек, өйткені қазақтар тау аралығында орталық болмаса беталды бой ұсынбайды [...]

Бөкей ханнан бұрын Қарқаралыда орыс әкімшілігі атынан бекітілген хан болмаған, заңды хан Бөкейден бұрын екеу болмай бар қазақ бір ханға қараған. Бөкей заманында Уәли де хан болғанын айтты. Ал Бөкей екі жыл бір ай хан болып, 1819 жыл январь, яки февральда қайтыс болды, ал заңсыз хандығы қанша екені жа- зылмаған. Ол қайтыс болған соң немересі Тұрсын, Шыңғыс баласы Жамантай атымен танылған, қазақтардан бірнеше

⁵¹ Грамотаны үшінші рет автор «маишур» деп жазады.

игі жақсыларды жинап алып, депутациямен⁵² императордың қабылдауында болды. Бірақ өз мақсатымызда болмаған соң олардың істерін толық жазбадық. Бөкей мен Уалихандар өлген соң орта жүз арасында хандық бір жола тоқталды. Хандық тоқтағанымен төрелерді айлалап ұстау үшін «аға сұлтан» мансабы жарияланып, ол үш жылға сайланатын болды. Әр дуанда бір кісі аға сұлтан болып, оған төрелер де үйренді. Бөкейден кейін Уәлидің Шыңғыс деген баласы әке орнына төрт-бес жылдай өзінше хан болғанымен ешқандай орыс әкімдерін көрген жоқ. Аға сұлтандарды сайлау төрелер мен ел жақсылары арасында үш жылда бір өтіп, ел сайлап, губернатор бекітіп, тағайындалатын. Тек бұл мансапқа төре де, қара да сайлана беретін, халық тілесе болды. Оған мысал: Қарқаралыға Құнанбай мырза Өскенбайұлы, Ақмолда Ибрәһим қыпшақ, Баянауылда қаржас Мұса Шормановтар бірнеше рет сайланғандар. Тіпті Мұса мен Ибрәһим 20 жылға дейін аға сұлтан болды. Қарқаралы бекінісі салынуы Бөкей хан немересі Тұрсын, Шыңғыс ұлы мен Жамантай хан атымен мағлұм. Ол кезде Уалихан Ертіс пен Сыр аралығы халқына маза бермей, ақыры оның қолына бір күн менде түсермін деген қауіппен Омскіден Иван Семенович деген офицердің бастауымен шыққан орыс-қазақ әскерін губернатордан өтініп, Қарқаралыға бастап келтіріп, олардың ішінде қала салу үшін шыққан жүзге тарта үйлі қазақ-орыстар⁵³ мен тілмаштар 1824 жылы көктемнен бастап құрылысқа кірісті. Аз уақыт ішінде жүзге тарта үй салынып әскерге баспана, айнала топырақ қорғанмен қамалды бекітіп бір рота жаяу, бір бөлек атты әскер, бір батарея (топ) зеңбірекшілер орналастырылды. Қала салынған соң тұруға еш шығынсыз-ақ өзгелерге де рұқсат болған соң, басқа тайпалар да келе бастады, мысалы Қазан, Урал, Бұхара, Ташкент саудагерлері ара- ласа бастады. Жамантай - Тұрсын бұл саясатының кең таралуымен Абылай әулетімен ала-көздігі де артты. Абылай әулетінің өрісі тарылуымен оған кінә тағып, халық аузында сөз тарап, Бөкей әулетін Қарқаралыдан

⁵² Кезінде Россиямен қарым-қатынаста тұрған елдерден барған елшілікті депутация деп, қарым-қатынаста болмаған елден келген елшілікті посол деп атаған.

⁵³ Назарға алынатын нәрсе әскерді «орыс-қазақ» деген де келесіде «қазақ-орыс» деп құрылысқа әкелінгендерді айтқан да «қазақты» алдынан жазып отыр. Екі жерде де «қазақты» «к» әрпімен жазған, айырмасы алғашқыда алдынан, екіншіде соңынан жазған. Демек, осыған қарағанда қазақ екеуінде де араласқан.

жоғалады деген ұзын құлақтан кейін, Бөкей әулеті Қарқаралыдан ұзай алмай қалды. Қарқаралы салынған соң Тұрсын көп атынан аға сұлтан сайланып 20 жылдай билікте болған соң, 1844 жылы орнынан алынды. Осымен аға сұлтандық Бөкейдің кіші әйелінен туған Құсбек Төке баласына тиді. Ол алты жыл халықты қан жылатып, соңынан ол да алынды. Құсбек алынған соң орнына тобықты Құнанбай мырза Өскенбай ұлы 1849, яки 50 жылы аға сұлтандыққа сайланды. Мұнан бұрын аға сұлтандар болар-кетер болып өткен болса, бұл сайланысымен, сол жылы-ақ мешіт салдырып, құрбандық шалып ресми ашты. Оның тәуір-ақ әділеттілігі мен жомарттығы да бар еді, алайда кешікпей жақындарымен бір дау- шарға килігіп қақтығыс болып, 1855 жылдары орнынан түсті. Осы мешітке бірінші имам Хасан Сайфулла ұлы Сарытаулық тағайындалған еді. Ол 1869 жылы жаңа заңнизм (Сібірде шықты) жария етіліп, орнынан алынды. Ноғай мен сарттан қазақ ішіне имам қойылмасын деген низам-еді. Алайда қазақ ішінде деп түркістандық қожалардан бірнеше имамдар қойылғанымен, олар тұрақсыз болып, ауыса берді, берекесі болмады.

Құнанбай орнынан алынған соң, тобықтының көбі Семейге қарап кетті, мұнан соң Бөкейдің Жамантайдан туған немересі Түлік төре алты жыл сұлтан болғанымен, ісі шымшық ойынындай ғана болып ол да түсірілді. Құсбек залым орнына айыра келеді, дегенмен бұл жолы жамандық еткен жок, бірақ өмірі опа бермеді. Ақыры Абылай әулетінен Шалғынбай төре 1861 жылы сайланып, 1869 жылы низам бойынша аға сұлтандық та жойылды, 40 жылға созылған мансап осымен бітті.

Содан жаңа заманды орнатып, төрелер мен бекзадаларға бір мыңнан екі мыңға дейін түтінге бір управитель «Аян»⁵⁴ қоюға әмір болды.

1896жылы Қарқаралының ең абыройлы, қадірлі саудагерлерінен Уәлиәлла Бекматов Шәуешекке келді. Онымен сөйлескенімде: мұндай тері тон жамылған далалық кісінің осынша тарихи деректерді білуіне таңырқап, Жолдасбайдың⁵⁵ жазғандары бойынша сөйлесіп едім, қайта бір-бірін толықтырмаса айырмашылық

⁵⁴ «Аян» деп емес, асылы «ағяан» болып жазылу керек, бірақ біздің тілімізге «аян» жақындау. «Аян» арабша «айн»-нан алынып, оның осы орындағы мәні «ел басшысы, ауыл — ел ағасы». Өз мағынасы бірнешеу: көз, бұлақ, бай, жансыз-тыншы, тағы басқалар.

болмады. Грамота туралы да сұрағанымда келіскен қорытындымыз мынау: оны аударғандар түріктерден аса хабары болмаған кісілер, түрікше жөндеп жаза да білмейді. Шынында бір грамотада екі кісіні атау емес, мақсат алдымен хан болуға берілген бұйрық, екіншісі сол адамды жұртқа жариялау, екі грамотаның күндеріндегі айырма 13 күндей, бұл Петр І кезінде реформа жасалған календарьлық айырма. Хатты ескі адам болса мүмкін календарын ескі стильмен жазып та жіберуі мүмкін.

Жолдасбай тағы бір хатында⁵⁶ мен Қарқаралыда туып басқа жерге барған да, тұрған да емеспін дейді. Алайда қолдан келгенше Баянауыл мен Қарқаралының ескі хабарларын кітапқа ілуге жарайтын ахуалдарын жазып бітіріп «бурж саниашарда» (жылдың он екінші айы) соңына таман жіберермін деген. Хат 1893 жыл 14 ноябрьде жазылған.

ТӨРЕЛЕР...

Төрелердің бабасын тексерсең түбін Шыңғысқа тіреуден кейбіреулер қашады оны мұсылман емес деп ұнатпайды сонда өзін жаратқан ата-бабасынан безбек пе? Кімнің бабасы кім болмады? Әке үшін баласы жауапты емес бала үшін әке жауапты болмақ.

Қазақ арасында найманға Әбіл Файз хан болғанын айтқамыз. Хан сайлауда ресми қолына билік берді, ант ішумен мойындатқызған. Болмаса Бұхара, Ферғана хандары сияқты ақ киізге көтерін, бұрынғы әдетпен мөр басып, тағы басқадай белгімен

⁵⁵ 448-бетте Жолдасбай Атажановтың ғалым Құрбанғалиға хат жолдапты. тағы бір хатын келтірген. Оны аударарлық бағалы сөздер жоқ, алайда Шамсиддин әпендінің күш салуымен 1889 жылы «Жаридайы жәдида» (жинақ) бастырыпты. Альманахтан Яғқуб хан ахуалымен дүнген соғыстарын оқып, көп қуанышқа бөлендім, енді Шәуешек пен Бур Баһадур туралы жазуларыңызды күтеміз деп жазушыға ризалық білдіріпті. Хат 1893 жылы 10 октябрьде Қарқаралыдан жазылыпты. Кітапқа материалды Атажанов берген.

⁵⁶ 449-452-беттерде Жолдасбайдың тағы бір хатын келтірген. Хатты жафдағы мақсаты ол кісінің ғылымы қандай екенін езгелер түсінсін деген. Кезегінде автор одан материалдар алып отырғандығы белгілі.

анықтау, яки өзге патшамен келісу дәстүрлерін жойып, енді халықтың өзара келісумен хан атын беруді - «алдияр» деп атаған. «Алдияр»-«Алла жар болсын!» сөзінен шыққан.

Әбіл Файз қатын алып, төре ұрпағы осылардан тарайды: Ханым патша Бөкей ханның емшектесі, екінші қалмақ ханының қызы Чаған ханым, үшінші Өзбике ханым қара қалпақ қызы, соңы Тұмар ханым қырғыз манабының қызы.

Үлкен әйелден Боби төре туып, одан он ұлы болған. Үлкен ұлы Жанайды 14 жасында Тума, яки Төме елі төре қып әкетті. Жанай өлген соң оның ұлы Осман төре жас қалып, халық тәрбиелеп, өсіріп болыс қойды. Бірақ Османның халыққа жәбірі қатты өтіпті. Құм деген жерде тұрған екен, одан талас болып әкімшілік жерді қа- зақтар пайдасына шешті. Қыс мезгіл болғандықтан, жазға шығайық дегенге ешкім көнбей, сол кезде атасы Боби жүзге таяп қалғанда дүние салады[...] Боби төре сөзшең адам болған, алайда әр сөзіне бір мысал, әр үкімге бір мақал айтамын деп уақыт оздырумен жұмыс шеше алмай ақындар ол туралы мына мысқылды айтыпты:

Бөбекеннен төрелік іс кетпеген,
Жегеніне Байыстай ел жетпеген.
Қара сөзге қыбладан ескен желдей,
Алдынан тоқтылы қой дау бітпеген.

Бұл кісі өлгенде үлкен мереке болып, ат бәйгісіне жазушының әкесі Халид қажы қатынасып, бас бәйгені жеңіп алған екен. Тоғыз тайтабақ мұны «тоғыз жамбы» деп атаушы еді. 1.тоғыз түйе, 2.тоғыз құлынды бие, 3.тоғыз кілем, 4.тоғыз мауыты кілем, 5.тоғыз торғын киім, 6.тоғыз мақпал киім. 7.тоғыз тон, 8.тоғыз шапан, 9.торпақ тоғызы да тоғыз бұйыммен және бір жетім⁵⁷ жиыны «жу-жу» (тоғыз-тоғыз) еді. Мереке 1847 жылы өтіпті.

Осман дауын ешкімге өткізе алмаған соң өкпесі Төме еліне болса да қасында Төленгіт отырған тоқпақтан бір адамды шапты. Төме, Тоқпақ ағайынды болған соң, бәрі оған

⁵⁷ Алайда қажы Халид «...тек жетімі бір бишара кемпір еді...» деген сөзімен аяқтаған. Жалшылыққа, яғни қызметке бір адам қосып берген. Яғни берілген сыйлықты алуға көмектеседі де сол адаммен еріп кетеді. Жетімі кемпір, қыз, жас жігіт келіншек, т. б. сол ру елде сұраусыз қалған адам осы сыймен бірге кетеді екен.

қарсы болып, оны болыстықтан босатып, оған Осман өкпелеп, Жанай әулетін жаппай қытайға көшіріп әкетті. Соңынан шақыра барғандарға келмеді. Кейін бар байлықтан жүрдай болып, қайта келгенде қадірі болмай өзі өліп, тұқымы Ұржар айналасында тентіреп кетті.

Боби төренің екінші әйелінен Жамантай төре қытай заманында Бажинге барып, Ижн ханның жүзін көріп «жанқұраз тажы» деген дәреже алып, Құлжада сарт-ноғай саудагерлеріне көп пайдасы тиген. Халық орысқа қарағанда да, қай саудагер қалаға кірсе мұның атынан (бұл қаладан кеткеннен кейін де) жан-жұнға ат-шапан тарту етуші еді. Аягөз дуанында сыбан еліне болыс боп та көп Жыл тұрған. Өзі айтады екен: Қытай ханының қабылдауында болғанымда алғаш ел-жұрт амандығын сұрап, одан елде қай мал көп деген екен. Иелігіңізде төрт түлік мал жетеді дегенде-қой, сиырдың көбеюіне куанамыз, елің тоқ болады. Бірақ жылқы жимандар себебі қазақтың жаугершілігі, ашу-араздығы содан болады деп ақыл айтыпты. Олай дейтіні қытайлар қазақтың жаугершілігі тек ат үстінде деп ұқтырған. Халықтың ат үсті желік болады деуі тегін айтылмаған.

Қытай ханы жаңа жылда шаған айында халыққа бір рет көрінеді екен. Оған құттықтаумен алдияр айту үшін талай жерлерден үлкендері келеді екен. Сонда үлкендері мен уәзірлері екі қатарлы сапқа тұрып, хан тағының үстіне алтын басты бір айдаһар қойылып, ол аузынан от шашып тұрғандай болып көрінсе хан оның ішінде, яғни сыртында екені байқалмай да қалады. Ханның жанындағы көмекшісі ел аман ба деп, ол да шеткісінен бастап сұрай келе неше мың адамнан өтіп, тұрған көпшілік етіп барлығы аманбыз деп бастарын жерге қойып, жауап береді. Ол да бір-біріне айтумен неше адамнан өтіп, ханға аман боп жету керек. Екінші сұрау да солай болады да бас-аяғы 5-6 ауыз сөзге қаншама уақыттар өтеді екен. Қытай ханының насихаты қазаққа «жылқыны көбейтпемен» бітеді екен.

Жамантай нәсілі - насабта тендесі жоқ білімді адам болған. Тіпті мен балалық шағымда Семейден бір орыс ұлығы келіп Аягөзде насабшыларды жинап сұрағанымда бұл кісінің сөзі бәрінен асып еді. Алайда біз балалық жасап, оның сөздерін жазып алмай, енді арман болып отыр. Әйтсе де 1888 жылы баласы Әділхан Шәуешекке келіп, бірнеше күн қонақ болып, көп нәрсені сұрап алдым. Әділхан 1894 жылы жетпістен асып дүние салды. Көп адамдарды аттарымен айтып анықтап берді, орны келгенде жазармын.

Әбіл Файздың екінші әйелінен Жошы төре туды. Жошыны мұрындарға төрелікке сайлағанда төрт әйелі бар екен. Қоқи ханум қалмақ ханының қызы, бұдан Сарт төре туған. Екіншісі Абылайдың немересі Ишм мен Шахмұрат төрелердің анасы.

Әбіл Файыздың қара қалпақ әйелінен семіз найман еліне төре болатын Ағадай туды. Мұның баласы Бексұлтан қытайдан «кун» мансабын алған, Ресей кезінде Аягөз дуанында үшінші хан болған, содан Ағадайдың үш әйелінен жалпы жеті ұлы болып, олардың әулеті Жетісу мен Лепсі бойында.

Әбіл Файыздың соңғы әйелі төрғауыт қызы Тұмар ханум, біреулер қырғыз деседі. Одан Көкетай, Саман, Жабағы төрелер. Бұлардың тұқымы қытай панасындағы керей елінде болып, Шәуешек пен Қобда айналасында жер тепкен. Көкетай баласы Ажы төре «кун» мансабын (аға сұлтан), Мамырбек деген шөбересі амбу мансабын алды. Осыған дейін бәрі қызыл тулы төрелер.

Енді Ақ тулы төрелер жайында бірер сөз. Сығай хан тұқымы болған Барақ пен Кешектер ақ тулылар. Бұлардың әулеті Шәуешек көтерілісіне шейін қытайға қарайтын, Темір су яғни Жайсаң қамалы салынумен елатиясымен орысқа қарады. Темір су салынғанда Мыржық төре Бөкей ұлы, болыс Жабай, Бұлан дегендер Аягөзде аға сұлтан, Айбақ төре Семейде нұсқаушы (советник), Осман төре баласы Закария қазір қытай жеріндегі керейлерде амбу, әкесі де сонда амбу болған, осылапша түрлі мансап пен дәрежелі кісілер шықты.⁵⁸

Көшектің баласы Барақ. Барақтың бір әйелінен: Ханбаба, Маман, Тоһир, Бөкей болды. Хапбабадан Досан, одан Қылыш, қалған тұқымдары Өскеменде. Маман, Тоһир, Бөкейлердің тұқымы Қарқаралыда. Жоғарыдағы аталған грамоталы Бөкей осы.

Барақтың екінші әйелінен Ханқожа, әкесі өлген соң шешесін Әбіл Файыз алып, соның қолында өскен. Соңынан бұл қытайдан «уаң» мансабын алады. «Уаң» — хан мағынасында, бірақ «куннен» бір басқыш жоғары, ханнан төмен. Бұл өлген соң орнына баласы Жанбөбек отырып, оған Ижн хан сары қағазда маншур берген екен, ол біздің алдымызда тұр. Қытай ханынан маншур (грамота) мақтауы бар:

⁵⁸ Мұндағы төрелерді көп қысқартып жай ғана көзге түскендерін алдық, әйтпесе оларда атадан балаға дейін тізбегі қалдырмай жазылған екен (автордың сөзі).

«Мақтаулы сипат бақтық, 1887 жылы 23 ноябрь құдай әмірі мен уақытты жаңғыртқан хан жарлығы, амбон (аудан) жерінен жанжун сенің атаң Қайқожаны ауырып өлді деп хабарлапты. Мен түсініп мейір көрсетіп отырмын, әкең уаң мансабына жетіп еді. Жанжунға тапсырып көмек ет деп жарлық жіберіп отырмын. Төменгі қазақтарыңды қоадағалап ұста. Күштері бірдей, қағазда жазылған жарлық апарылады. Өз жақындарыңмен епті болып, шеттен келген қазақтарға аса нанбаңдар. Ісің болса шын көңілмен Тарбағатай жанжуны Хиба амбонына аңдатып маған мәлімдерсің. Кейбіреулерді жақын тұтып, жасырамын деу болмасын. Менің кісілерімді төбелеріне көтеріп жүрсендер мен де сендерді ескеруім мүмкіндігін ұмытпаңдар».

Қағаз бүктеліп, талай жазулары өшіп, жыртылып та кеткендіктен сөздері ұғынықсыздау, алайда көкірегінде көзі барларға аса жасырын емес. Бір шеті қытайша, бір шеті түркіше аударма, қызыл таңбамен ханның төрт бұрышты мөрі басылған. Бұл маншурдың орыстар келген соң күші жоғалып, екінші баласынан туған немересі Рустемде сақтаулы екен. Осыны көруге қанша күш сарып етіп, тарту-таралғылар жасалып, алуға зордан қол жетті, онда да Әбілхан төре баласымен Жамантай екеулеп араға түсіп 1889 жылы әперді. Менің ойым қазақтың қытайға қараған тарих шамасын анықтау еді, айтушылар маншурды ескіге жоритын. Маншур Абылай мен Әбіл Файз хандарға берілгеннен кейін беріліпті. Ешбір қазақ төресіне Ханкожадан бұрын қытай грамотасы берілмеген. Абылай мен Әбіл Файз хандарға қытай маншуры болған деп айтылса да шындығы мәлімсіз. Арғында Алтынсары төреге хандық, найманда Ханқожаға уаңдық, керейде Көкетай төреге күндік маншур берілген. Алайда бұлар бір дәуірде жасаған кісілер, ал мансап рулық бөлінуге қарай берілген. Ескі бір маншурды көргендер айтуына қарағанда мың жылдық тарихы болар, өйткені талай жері тігіліп, жапсырылып, кей нүктелері жоқ болып, орнын тауып оқу өте қиын. Қытайша бір нүктенің болуы көп нәрсені шешетінін білеміз. Қай жыл һижра, қай жыл милади жылы екені ештеңе жазылмаған, ханның да атағы жоқ, ал қытай тарихы ханның таққа отыруымен есепке алынады. Аты жоқ ханды қайдан табамыз, ханның атын жазуға да тыйым салынған. Тіпті жанжуң мен амбулардың атын ашық жазу үлкен күнә деп есептеледі.

Мен көрген маншур Рустемнің үшінші атасының маншурі, жүз жылдай болған. Дзаяжик ханның патшалығының төртінші жылында берілген. Ол 1790 жылы таққа отырған. Өмір жетсе

олардың тарихтарын аударып, кейбір жылдарын да анықтармыз. Ал Барақ ұлы Ханқожаға «уаң» атын, «Жан Лун» хан заманында берген, ол 1733 жылы таққа отырып ұзақ жылдар билік еткен. Мұны керек еткендер «Қан Жан», яғни қытай тарихтарынан көрсін.

Ханқожа уанның бір ұлы Сыбанқұл наймандарды орысқа қарату мақсатымен Семей губернаторымен хабарласып, біраз әскер шақырды. Әскер келгенімен, ел көнбей, мұрындардың Қожакелді деген бір атақты адамын атып өлтірді. Кісі өліміне себеп болдың деп олар Сыбанқұлдан құн талап еткенде ол Арқат тауына қашып құтылды. Онда ақымбет сыбан ішінен төленгіттер жинап, мұрынды шаппақ болады. Алғашқыда жеңіске жеткенімен, мұрындардан қорқып, 3-4 жылдан соң Тарбағатайдан асып Шәуешекке келеді. Мұнда байжігіт елін билегенде, өзге төрелер де қарсы бола алмайтын еді, себебі атасынан қалған маншур мұның қолында еді. Қытай үкіметіне арқа сүйеп (маншур үшін қорғар деп) қызайларды да шаппақ ойы болды. Бірақ олар түн ішінде Алтынемел бойында бұларды жасағын қуып, өзі әрең құтылады. Жылқыларын қуып алуға жасақ жібергенімен, кісілері қолға түседі. Енді оларды қойып Сыбанқұл Тарбағатайды иемендеп алады. Содан қазақтан басқа саудагерлерді де тонауға айналғанда халық жаппай қарсылық білдіреді. Көптің шағымымен амбу оны алдап та, қорқытып та шақырып, еш нәтиже шығара алмады. Осы кезде Аягөз бен Көктерек дуандары салынып, орыстардың келуімен халық орыс әкімшілігіне шағым берді. Орыстар адам жіберіп шақыртады, оған да жоламады. Бірақ орыстар қытай сияқты бұл іске жеңіл қарамай отряд шығарады. Отряд Шәуешектің батысжағындағы 2-3 көш жердегі оның өзі елімен қоса шауып, ойран етіп, қазір ол жер «ойран» аталады. Оған ергендер көбі қаржылар еді. Сыбанқұл Шәуешекке қа- шып келіп, жүрған ғалдайға (полиция конторы) білдіреді, ол амбуға хабар береді. Сыбанқұл сонда: Атам сіздерге қызмет еткен, мен де ізгі ниетте едім; мені орыстар шапты, қанша малым шығын болды, сіздің өз бұқараңыз едік, орыстар осылай жапа көрсетті,— деп шағым айтты. Алайда, амбу оны талай шақырып алдына келтіре алмаған, содан қарауылдан тыс жердегі уақиғаға қытайдың араласуға дәстүр бойынша хақысы жоқ еді. Сол үшін амбу ол ұры, жаман адам, залым төре, егер атасының құрметі мен басында атасының тәжі болмаса өлтіруші едім. Енді мен бір ұры үшін орыспен өкпелесе алмаймын, қайда кетсе онда кетсін. Іздегенде табылмай жан қысылғанда

керек болып қалдым ба, деп жауап береді. Ғалдай Сыбанқұлды зурғанға (мекеме) шақырып амбудың сәлемін айтқанымен сен дұрыс жеткізбегенсің, өзім айтуым керек деп шу көтергенімен ешкім құлақ аспай ол жерден қуып жіберді.

Содан Сыбанқұл Тарбағатайда әркімге жасырын қонып қашып жүреді. Оны орыс әкімшілігі естіп, бір сарт досын өзіне қарсы салады, Сыбанқұлды ұстап берсең мынадай-мынадай дәрежеге жеткіземіз деп келісіп, бұл Сыбанқұлды алдап үйіне шақырып, қонақта отырған жерінде қазақ-орыс әскері ұстап әкетіп, Том шаһарына жер аударылып, сонда өлді. Мал-мүлкі қазынаға алы- нады. Қытай ханы берген «ли» яғни қытай низамы бойынша ерекше көмек көрсетілуге тиіс адам - оның ешқандай көмегі (сүйеніші) болмады. Сыбанқұл қанша жаман болғанымен жай кісінің орыс, я қытайға ұстатып өлтіру мен жер аудару қазақ арасында ауыр іс есепті еді. Халық әлгі өзбекке мін қойып, онан кек алатын болғанда оған орыс әскерінен күзет бөлінді, алайда сонда да қорқыныш басып еліне кетті, желден ақша, ауадан әскер жаудырған орыс әкімшілерінің сөзіне алданып, саудасынан айрылады. Бұл уақиғалар 1723-1738 жылдары арасында өткен.

Көк, яғни жасыл тулылар әулетіне тоқталайық. Сығай хан ұлы Ишм (Есім), оның ұлы Жәңгір ханның екінші әйелінен Аула Бақи туған. Ауланың бір әйелінен Абылай мен Жолбарыс, бір әйелінен Сұлтанбет туады.

Абылайдың Тоқыдан туған немересі Бірәлі, мұнан Шалғынбай туып Қарқаралы дуанында аға сұлтан болған, 1883 жылы қаза болған. Абылайдың атадан балаға келе жатқан атақты шатыры осыған келіп тоқтаған. Қазір кімде қалғаны белгісіз, мүмкін арғын ішінде Шалғынбай әулетінде. Абылайдың тағы бір ұлы Қасым төреден Кенесары, бұл орыстармен шығыспай көп жүреді, қырғызбен де ұстасып, ақыры туыстарымен сонда өліп тынды. Кенесарының ұлы Сыдық та орыстармен көп уақыт сыйыспай, Ташкент орыстарға өткен соң Ургенж, Бұхара, онан Қашқарға барып (Жақыпбек Ягкуб заманында) сонда тұрады. Бір жағы қытай, мы- на жағы Ресейге өтіп барар жер қалмай, лажсыз өз аяғымен орысқа келеді, қазір Шымкент үстінде жүр. Абылайдың Әділінен Нұралы төре туған. Осы Нұралы қызыл тулыдағы Жамантай төремен Бажинге ханға барған. Нұралыдан Тезрақ төре (егер кітап қате басқан болса Тезек төре болар — ауд.) 1873 жылына дейін тірі еді, әулеті Алматы атрабында ұлы жүз ішінде.

Абылайдың кенже (төпшік) ұлы Сұқ (Сүйік төре, қате кітаптан кеткен) Төре әкесінен бір жаста қалып, Алматы алғаш салынғанда аға сұлтан болған деседі. Сүйіктің немересі Ешмұхамбет қазір Омск генерал-губернаторының тілмашы, зейінді адам екенін көрдім, одан басқа да жұмыс атқарады екен. 1819 жылы 18 январьда Сүйік төре, баласы Ханқожа мен Масғид Момынұлы және тағы бірнеше қазақ жақсылары Петерборға барып, патшадан 8 класты⁵⁹ алтын медальмен көк шілтерлі капитан шапанын бөркімен алып, атаққа ие болып, үгіт жұмысын жүргізіп, 59462 жанды Ресейдің қарамағына кіргізгені жайында бізге тарихтан мәлім.

Абылайдың туысы Жолбарыс төре Аула баласы. Жолбарыстан Қарамойын туып, оның әулеті қазір үйсін елінің ішінде.

Абылайдың өзге туысы Ауладан Сұлтанбек, одан Ханқожа, одан Арғынғазы туып Семейде аға сұлтан, соңынан кеңесші (советник) болып, 1883 жылдан бұрынырақ өлген. Абылай көк ту көтеріп шыққанда Сұлтанбек пен Жолбарыс әулеті бұған қосылып, бәрі көк тулы болады. Кейбірде тудың түсін дұрыс айтпай, ұқсасты жасыл десе де осы көк туды айтады.

Абылайдың ұлдары 30 болған, бәрін біле алмадық, біразы мәлім емес. Енді көк ту Сығай ханның ақ туымен қосылып, бұл екеуі Орыс ханда қызыл тумен түйіседі.

Шұбар тулылар азғана, бұлар ұлы жүз ішінде. Бұл нәсілден Рустемнен өзгесінің аты шықпаған. Біреулер бұларды Оннан хан туысы Сейтқұл төреден десе, біреулер Аула төренің туысы Бақи Жәңгір баласының нәсілі дейді. Олай болса негізі қызыл тулы. Оннан ханға туыстығынан ақ тулы, Абылайға жақындығынан көк тулы болуы керек болған соң, әр біріне бірдей болғаннан қызыл, көк, ақ түсті қосып ту көтерген.

Бұл шұбар туды көтеруші Рустем төре, бірақ атасын дәл анықтай алмадым. Барақ батырмен бұның уақиғасы қоса айтылды. Рустемді қан ішер деуші еді, Кенесарымен бір дәуірде, онан кейін Ресейдің Түркістанды басып алуына дейінгі жолдарда өткендерге қауіп тудырып, саудагерлерге жаппай зияны тиген. 1863 жылға де- йін бар еді, балалары мен немерелері ұлы жүз ішінде әлді тұрады дейді.

⁵⁹ Алтынның құны класына байланысты.

Кіші жүз төрелерін жазуға жер шалғай, әрі олардың өз ішінде қабілеттісі, оқыған, көзі ашық азаматтары бар деп естимін, сол үшін оларды қаламнан тыс Қалдырғанымызды оқырман қауым кешірер деймін.

Қытай ханының көрейге «куң», найманға «уаң», арғынға «хан» атауын беруіндегі саясат керейдің қытай ішіне кіріп араласып тұруы, найман шекарада, ал арғынның алыс жатуы. Жақындағысына төменгі, ұзақтаған сайын жоғарылатып атақ беруі өзіне тарту саясатынан туған. Алайда арғындар басшыларының өздері ел билігін орнына келтіре алмай, қырғи қабақ болып жатқанда ұзақтағы қытайдың күр дақпыртынан не шықсын.

Қазақ сөзінде төрені «сарт» дейді, бұрыннан бар сөз. Абылай заманында батырлар бас қосып қалжыңдасып отырған екен. Сонда сөз таласы туған кезде кім «дара боз» болса сол батыр деп қалған Қабанбай. Ол өзі бір кезде қайратымен қалмақты жалғыз қуған екен. Ел танитын батыр атағын содан алыпты. Сол кезде Абылай: «менің ерлігім сенімен салыстырғанда қандай?» деген. Қабанбай тұрып, жұлып алғандай: «А, опырық сарт, сен де менімен бірдей жүріп алғансың» деп жауап қайтарыпты. «Опырық» деп үстіңгі күрек тістері түсіп қалған адамға айтылатын кемсіту. Абылай сондай екен, астыңғы тістерінен кемістік болса, оны «кетік» дейді.

Төрелерден кейбіреуіері Мауароаннаһр қалаларына ие болғанда, сол жердің әйелдеріне үйленгендері де бар. Айрықша Сығай хан Ташкентте тұрып Туроб деген сарттың қызын алған, өзі қаладан қуылған да балалары Оннан хан, тағы бірі нағашыларының қолында өскен. Олар кейін қазақ ішіне келіп, Ишм (Есім) хан тұқымына басымдық еткен [...]

Төрелердің асыл задасы қызыл тулы деп есептеліп, оған ешкімнің дауы жоқ, өзгелері қызыл тулыдан қыз алса «кабин» беру керек, яғни қалың малдан басқа басы бір жетім, яки бір жамбы мен бір тоғыз беру керек. Ал бұлардан (ақ, көктерден) қызыл тулыдан қыз алса құнының төмендеу болуы ескі салт, бірақ оны қазір қолданбайды.

Кім болса да төреге ерген «төленгіт» аталады. Бірақ «төленгіт» не деген сөз екенін дәл біле алмадым. Төрөнi күту мен қорғауында жүрумен бұларды өз атымен атау жоқ, тіпті осылай 3-4 ата өткен соң, өздері қай жерден келген, кім екенін ұмытып, төре бұларды біржола иеленіп алып құлға айналады. 1863 жылдан асқанда орыс шаруалары мен құлдар азат етілсін

деп жаңа заң шығаруымен «төленгіт» деп атауға тиым салынды, ал бұрын «төленгіттен» басқа атау мүмкін емес еді. Бірақ бұл заңмен іс жүзінде ештеңе өзгерген жоқ.

Қарқаралы дуанында «төленгіт» атымен бір болыс ел бар, бірақ олардың аталары солай аталғандықтан рулары төленгіт деп аталады.

Өскеменді қазақтар «дом» қала дейді, Өскеменнің орысша мағынасы «усть»—кую, судың кұяр жері, «камен»-тас, «тасты кұйған» болады. Асылы түркіден аударылған, Өскемен суы ескіде «тасты өзен», «тас кұйған» аталған екен. Судың орысша атауы «Ульба». Өскемен атына «гор»-ды да қосып жүр ол «тау» дегені. Бірақ қазақтар «дом» атауы мұнда орыс келмей, қала салынбай, тұрған күнде бұрын дом атты кісінің қыстауы болған. Орыстар да алғаш «доммен» атағанымен соңынан өзгертті, ауызда да аты аталып келеді. Бұл қамал Семей облысының уезной қалаларының бірі, Оннан аса болыстың орталығы болады. Мұны маған айтқан Ахмет аға 1897 жылы жасы сексеннен асып кеткен. Оның атасы (әкесінің әкесі) Баймурат бай Өскемен ә деп салынғанда келген екен, сонда тұрған, балалары да осында туған.

Арық, өзен, су, бұлақ, дария, көл, теңіз мағыналары. Арқаның жерлері, Қолыстай жеті өзен, жеті су деген атаулар бар, жаппай ағын су, жай су бәрі де «су» деп аталады. Бірақ ағындарды түрліше атайды: өте үлкен өзенге «дария», Ертіс, Еділ сияқты орташа өзендерге «өзен, Аягөз бен Емел сияқты кішірегіне «су» дейді. Ай, Нарын сияқты кішкелелеріне «чашма», «бұлақ» дейді. Осында «чашма,», «бұлақ» екеуі де бір сөз, дегенмен, мұнда екеуін айырып жазып, екеуін де тырнақшаға алған және тақырыпта да судан кейін екеуін қатар жазып арасына үтір қойғаны ойлантады. Монғолша үлкен өзенге «гул», кішісін «нарун» дейді. Демек «нарун» дегені қазақ пен монғолға бірдей. Алатаудан ағып Балқашқа құятын жеті өзенді: Іле, Көксу, Қаратал, Ақсу, Басқан, Сарқан, Лепсі — қазақтар «жеті өзен» деп, орыстар «семь речье» дейді.

Шынжылы, Үштентек, Жамантау, Сенгіртау, Арғайту өзендері Алакөлге құяды. Біреулер Аягөзді «жеті өзенге» қоспақ болады, ол дұрыс емес, Аягөз Арқаның суы.

«Арқа» деп жануардың мүшесінің үстіңгі бөлігін айтады, сондай ақ жердің жоғары жерін де «арқа» дейді. Жолдасбай Арқадан аққан сулармен шамалай отырып жер жағдайын маған хабарлағанының бәрі дұрыс, ол астраномия мен жоғрафияға ұста

еді [...] Талай көзі ашық кісілерден неге бұлай атаған десем жауап бере алмайды, демек бұрынғылар оқымай білгенін қазіргілер оқып та ұға алмай жүр.

Арқа ұзыннан Алтайдан басталып, батыста Орал тауына дейін, енінен Қара Ертіс басынан Алтай етегімен солтүстікке тура Обь өзені басына дейін созылып, онан батысқа тартылып, «Кушкөл» яғни Чани көл мен Төгерек көлін басып «Обь» өзені құйылысынан өтіп, Чилба бекінісі (Челябі) алдында Оралға жетеді. Арқаның шығысы мен солтүстігі бір тура сызықпен белгіленген. Мұның солтүстігі Көшім ханға қаратылып, Арқа қалмақтары осы сызықтан кесіп өз иеліктерін бөліскені туралы бітім жасасқаны айтылады.

Арқаның батысы Чилбадан Орал етегіне Обь суының құйылысына дейін, онан шығысқа қайтып Аягөздің құйылысы мен Алакөлге келіп Емелмен өрлеп Ботамойнақ, яғни Ұрқашар тауынан асып Сауыр, Сайқан тауларын басып Ертіске ұласады. Шамамен Арқа ұзынынан 2500 шақырымнан асады. «Оң Арқа», «Сол Арқа» деп ішінара белгілі жер өлшеулері, атаулары бар. Тау елі мен ой елі деп те ажыратылады. «Жеті су, жеті өзен» деген онда жоқ. «Жеті өзен» атымен мәлім тағы да бір жер бар Алтайдың шығысында, одан әрі шығысқа ағып Лобнур көліне құяды. Бұлар: Қара шаһар, Қажә, Ақсу, Мұзат, Қашғар, Яркәнт, Киян. Киян өзенінің Зарафшан деген аты да бар. Асан Қайғы айтып кетті дейтін жеті өзен осылар. 1893 жылы керейдің бір тайпасы Ертіс өңірінен сонда барып қоныстанбақ болғанда қытай үкіметі онда жібермеді. Ол жерлерде қазір торғауыттар қоныстанған.

Арқада үлкен-кіші теңіздер жоқ, көлдердің үлкені солтүстіктегі Кушкөл мен шығыстағы Жайсаң көлі. Ай көлі, Шаған күз көлі сияқты көлшіктер де көп. Балқаш арқа көліне саналмайды, Алакөл де солай.

Арқаның ең үлкен өзені - Ертіс. Обь пен Ертіс өзені аралығын «Сол Арқа» деп, Ертістің оңтүстік және батыс жағын «Оң Арқа» деп атайды. Сол Арқаның ең атақты суы қалмақша «Биги» орысша «Бииск». Үлбі өзендері болып бұлар Алтай мен оған көрші таулардан ағады. Сол Арқаның ең шығыс өзені Қаба, Буыршын, Қыран (Қалжыр) атты өзендер Алтайдан ағып, үлкен Ертістің басын құрайды. Содан Жайсаң көліне құятын бөлігі Қара Ертіс деп аталады.

Оң Арқа сулары Сауыр, Сайқан тауларынан аққан бірнеше ұсақ өзен жылғалары: Кендірлі, Теректі, Темірсу, Жеманай, Үйдене сулары мен Тарбағатайдың солтүстігінен ағатын Теріс-

Айрық, Қарбуға Базар, Боғас, Ласты-Шорға, Аягөз өзендері сияқтылар. Көктерек, Нарын да осы тау етегінен ағады. Бұқлан суы Қалба та- уынан шығады. Тағы бір Нарын, Шәкірті сулары Шубар айғыр тауынан шығып; Қалғұрты, Мамыр су, Байтақ су, Қурайлы шешек, Айғыз, Көксола, Бақанас бұлар Ақшатау мен Арсалан тауларынан ағады. Таңсық суы Біл-Теректен, Ай суы Қоңыр-Шәулітауынан. Жаман-Айқұн Ақшәулі тауынан бастау алады. Қызыл су, Шар, басқа сулар Қалбадан, Қап суы, Ащысу, Арбалы, Сарытау, Алжан тауларынан ағады. Еспе суы Арқаттан, Құндызды құс; Терісаққан сулары Шыңғыстан ағады. Қаракұл, Иген су, Ұржар, Қатынсу, Қарабұтан Қайшы, Ақшоқы, Қарақтат, Ластай, Қараүңгір, Абдыра, Сыбаты өзендері Тарбағатай оңтүстігінен ағып, Емел өзені Қожыр тауынан, Ұрқашардан жиналады.

Батыста Есіл, Нұра, Есім (Ишм), Дағанділі, Токрауын, Жамшы өзендері Арқаның батыс жағынан ағады. Арқаның ең батыс өзені Ор. Мұның құйылған жерінен төмені Арқаға есептелмейді. Сондай-ақ Ертістің Обь өзені құйған жерден төмені Арқаға есептелмейді. Обь- тың да Күшкөл тұсынан солтүстік жағы Арқаға есептелмейді. Жазда өзендер құрғамайды [...]

Арқа таулары: Көкшетау, Қарқаралы, Шыңғыс, Семей тауы, Орда тауы, Алжан, Арқат, Абралы, Сарытау, Ділбегетай, Қалба, Ақшатау, Ақадыр, Айғыржал, Шұбар айғыр, Олжамұрат, Түлкілі, Бөрлі, Өкпекі, Салқын бел, Қызыл белдеу, Тікше, Бахта тауы, Төрткөл, Тарбағатай, Қожыртауы, Шаған оба, Кірген тас, Ұрқашар, Сауыр, Сайқан таулары болып Арқаның ең шығысы осы Сайқан тауын, Алтаймен тек Қара Ертіс бөліп тұрады [...]

Менің өте таң-тамаша болатыным қазақ оқымаған халық деген лақап айтылады. Ал жағрафия, астрономия сияқты арнаулы пән оқымай білуге қиын соғатын жердің белгілерін айырып соған дәлме-дәл ат қойып сөйлейді, мысалы: Құйрық сауыры әуесін, Арқа жанды, сурун жайлау, сары бел - деп айтылады. «Сурун» парсыша «сары». Арқа шөбі сары түсті болған соң айтқаны. «Жон» үлкен белге айтылады, кішілеу болса «белең» дейді. Атығай сор кезең - деп жондары төмен, аласа болса «кезең» деседі.

Оң Арқада: Омск, Томск, Қызылжар, Көкшетау, Қарқаралы, Баян аула, Ақмола, Қараөткел, Көктерек, Танамешіт, Жайсаң, Бунжун, Шәуешек, Бахта, Мақаншы, Ұржар, Аягөз сияқты елді жерлер де бар. Арқаның шығыстағы оңтүстік шеті Емел өзеніне тіреледі [...]



7. ҚАРҚАРАЛЫ ДУАНЫ

Қарқара арабша - тұз, түркі тілдес халықтарда тегіс жер деген ұғымды береді. Бірақ түркі тектес халықтарда қазақтан басқасында бұл атау кездеспейді. Қазақтардың айтуында «қарқара» таулар ішінде өзгелерінен айрықша тұрған биік шоқыларға мезгеп айтылады. Лепсі маңында, Алатаудың өзге жерлерінде «қарқара» атымен аталған таулар бар. Сонымен биік, үлкен нәрсеге «қарқара» делінеді, мысалы біреу ұзын, денелі болса оны «пәленше тон ішінде қарқарадай көрінеді» деу осыған дәлел. Қырғауылдың құйрығы мен тырнаның мойын жүнін қосып **көшкенде** алдыңғы түйе жүгінің тіне қояды, сонда оған «қарқаралы көш» деп өзгөден айрықша ат қойылады. Қажыға барған қазақтар еуропалық әйелдердің сауысқан мен қораз қауырсындарын бастарына тағып жүргенін көріп «бұлар да қақара шаншар екен-ау» деп таңқалысқан. Келіншектер сәукелесіне «қарқара» деу де бар.

Айрықша көрінген тасты тауға «сенгір» деседі, парсыдан алынған «сән гир», «сәнгин»—тасты мәніндегі атау, монғолша «шәуіл» қарқара мағынасында болып «ақшәулі», «қоңыршәулі» таулы-тасты мағанасына айтылады. Сәукеле қазақ келіндері басына киетін, арнайы дайындалатын өте қымбат киімі, өзге халықтарда мұндай бағалы киім болмайды. Ұзатылатын қыздардың ең қымбат дүниелігі болады. Бірақ соңғы 15-20 жылдан бері мұның дайындалуы қолдан еместігін машинасы пайдаланылғандықтан, баяғы қадір-қасиетінен айырылып құны жеңілдеп қалды. Сәукеле асылы «сүйікті» дегені, жақсылық ырымға жорып, оның әр тігіс жолында семья өмірінің заңы жазылған деген қағида айтылады.

Бір кезде киізді ұзын етіп тігіп, үстіне торғын, яки бір қымбат нәрсені қаптап, оған алтын, күміс, меруерт, маржанмен шоқтай етіп, алқалар салдырып қыз ұзататын байлар арнайы зергер кесте-тігіншілерді шақырып, бүтін бір жаз бойы осы сәукелені дайындатқызған. Біздің бала кезімізде бір Аягөз дуанына бір орыс төресі келіп, сыбан елінде бір төренің келінінің сәукелесін музейге алама, не істемек білмедім үш мың сомға бағалағанын естігеміз. Көргендер сәукеленің екі жағында түйе

құмалағындай 4 маржан бар екен, 2 мың теңге болды, қалғанын мыңға бағалады десті. Қалыңдыққа келген күйеулер де арнайы киім киетін. Қызыл шұға яғни қызыл мауыт-шұғадан жең-жағасын кестелеп, жеңдері кең, ұзыны бойымен бірдей, аяғында биік өкше етік, басында биік төбелі тұмақ оған үкі тағып кию әдет болған. Осындай болып күйеу келмесе айыпталушы еді, сол себепті жоқ болса да өзгеден ар-ұятқа сұратып алып киетін. Осынша нәрсені жазудағы мақсатымыз сол заманның әдет-ғұрыптарымен кейінгі буынды таныстыру, хабардар ету. Олар тұрмақ кешегі болғанның бүгін ұмыт қалып тұрғанын біз де көріп отырмыз.

«Хан» - негізінде монғолша, кейін парсы мен түркі тектес халықтар бәрі бірдей пайдаланып кеткен дербес патшаға қолданған атау. Қазақта «қан» дейді, өйткені Шыңғыс туғанда қан уыстап түскен де оған «қан» лақабы қойылған, кейін балалары мұны мақтанышқа пайдаланды. Енді бұл нәсілден болмағандарға да «хан» деу әдетке айналды. Шынында хан болғандар қан төкпей тұрмайды деген түсінік бар, кісіні өлтіруге әмірі жүрмейтін әкімді «хан» демейді. Алайда «қан» есімі Шыңғыспен басталғанына нануға болмайды, бұл атау монғолда бұрын да болғандығы жайында тарихтарда жазылған.

«Ханым» түркі мен парсының араласынан «хан-ним», яғни «жарты хан» тек қана бұл ат хандар мен төрелердің әйелдеріне айтылады. Жалпы жұрт бірінші әйелін «бәйбіше» дейді, яғни кіші бай, байдан соңғы би дегені. «Тоқал» мүйізі жоқ малға да айтылады, мұнда кіші әйел қайтсе де бәйбішеден сескенеді деген нақыл [...]

«Ханша» хан қызына айтылып «ханша» екі сөзден түзелген «кіші хан» дегені (түркі тілінде қазір «бибі» атауы бар, оны бір қадірлі ел ағасы ақсақалдың әйеліне айтады). Салыстырайық «бәйбі-бибі»—ше. Өзбекте өте қарт әжелерге немерелері «буә» дейді, асылы «бубә» болар.

ҚАЗАҚТА МӘЙІТ ШЫҒАРУ

Қазақта өлгенге ас беріп, ат шаптыру өздерінше үлкен мақтаныш, абырой болып көптен бері осылай мереке сияқты өткізіледі. Бұл әдеттің қашаннан бері қалыптасқандығына

жауап айтатын кісі болмады. Бірақ Абылай ханға, онан бұрын арғын Қазыбек биге, найманда Нарынбай, Құттыбай билерге ат шаптырып, ас берілгеніне қарағанда ең аз дегенде 200 жылдан да асық шығар деп шамаланған. Ас беруден өлгенге пайда болмағанымен оның мираскорларына абырой, яғни атын шығару. Бұған халықтың «өлім-бардың малын шашады, жоқтың - етегін ашады» дегені дәлел.

Бірақ ас беру ойсыз-пікірсіз өтпейді, мысалы: алыс жерлердің айтылмай жүрген сөздері, шағым-даулары осында жиын алдында шешіледі, екіншіден, көп жарлы-жақыбайылар асқа сауап деп келіп, дұға оқып аш-арықтар тойынып қалады.

Кісі қайтса (бай мен төрелерден) ақ үй тігіліп жақын-сыйластарға хабарланады. Төре болса «хан ием», болмаса «бауырым» деп дауыс салып көріседі. Мәйіт кебінделумен підия шығарылады тоғыз-тоғыздан. Жаназасына айрықша бір мал байлайды. Молдаларға хатым құран бұйырылады (құранды тамам етіп оқып шығу) да оларға кісісіне қарай ат-түйе беріп, өлікті қойып болған соң туыскандары «қара» тұрғызады. «Қара» дегені найза ұшына белгі байлау, мәйіт жас болса - қызыл, ересекке - ақ, орта жасар болса бір жағы қара, бір жағы қызыл, яғни ақ матадан құрап тігеді. Бұл қара қазақтың белгісі. Төрелер тірісінде қай туды ұстаған болса өлігіне сол ту байланады, төрелерде жас пен кәрісі бірдей. Өлікке тігілген белгі қай турлі болсын «қара» деп аталады, «қаралы күн» тудының белгісі.

Туды (қараны) байлап берген соң әйелдер шылауышын (қаралы әйелдің басындағы орамалды айтады) шорт байлап, қыздары дауыстап «жоқтау» айтады. «Қараның» қызметіне мәйіттің жақындары барын салады, мұның екі себебі бар: «қара» көтергені ас береміз деген хабар. Себебі осы қызу қарбаласта «қара» байламаса соңынан ас беру ниеті барына ешкім анық сене алмай- ды. Екінші себеп: «қара» байланғанын көрген әркім қаралы орын екенін біліп, батаға келеді. Ас-су ішіп дұға егеді, шаршаған тыныс алуға, шөлдегендер сусындауға, аштар тойынуға сонда барады, осыдан «қарны ашқан қаралы үйге барсын» деген мәтел қалған.

Қайтыс болған кісінің мініп жүрген жақсы аттарынан бір-екеуінің құйрығын кесіп тұлдайды *ат* құйрығын кесуді «тулдау» дейді, яғни иесіз тұл қалды, демек, ері жоқ еркімен кеткен әйелге «тұл қатын» деу де осыдан. Ат құйрығын кесу мәйітке қатысты болғаны үшін, бөтен кісі өзгенің атының құйрығын себепсіз кессе, соңынан бір жылға жетпей ат иесі

өле қалса жарты шығынын беру керек. «Ат айып тарттының» мәні. Өлгі құйрығы кесілген атты ер-тұрманымен ерттеп, үстіне өлгеннің жақсы киімін жауып, ер басына тымағын кигізеді, бұл атты мінуге болмайды, көште атты жетекке алып жүреді. «Қара» тігілген ақ үйге «сеп» жияды. «Сеп»—жиһаз, мәйіттің өзі себеп боп жинаған мүлкі: сырмақ, кілем не нәрсе жиса жарыққа шығып, жақын-туғанының бағалы мүлкі тағы жиналу керек. Тіршілікте не өкпесі болса өлген кісі үшін ол шетте тұрып мына қарбаласта ауыз бірлікте тұрады. Келген-кеткендер күтіп алынып, шығарып салу ауыл болып атқарылады, себебі бірге көшіп, бірге қонып жүрген жұрты.

Әр күні әйелдер сол «қара» түріне кеп өлікке жоқтауайтып, оның ерлік-батырлық, шешен, яки байлық өнерлері бар ма соны қосып, не атақты кісілермен жүрген, соларын айтып еске алады. Көшкен кезде қызы тымағын теріс киіп, «қараны» қолына алып, тұлданған атты жетекке алып, жалпы ауыл-қыз-қырқыны сонымен бірге көш алдынан жүру керек. Мұнан соң әйелдер түйесін жетекке алып тиісті бейнемен жүреді. Жолшыбай ауыл көрсе, яки қонаққа келген жерге келсе дауыс салып, кезіккен ауыл әйелдері кеп бұларға сусын беріп, көңіл айтып жұбатады. Кей уақытта марқұмның орнына жырақ-жуықтан саба артып келіп, құран оқып, бата жасау, аза салу кезігеді. Үлкенге көңіл айтса «көшкен керуеннен қалған кент, өткенге алла алдынан жарылқасын, қалғанға артынан жарылқасын», - дейді. Жас балаға көңіл айтса «теректен бұтақ ұшып, теңізден көбік шашырапты, екі босаға аман болсын және орны толар, қалғанына өмір берсін», — деген жұбатулар айтылады. Екі босаға - ата-ана. Өзгелеріне өзгеше, түрліше құлаққа жағымды да өте жарастықты сөздері бар. Ал қазір кітапшалаймыз деп, алғашқы көркем сөздерінен айрылып қалып «қазақайырлы болсын» деп жүр.

Өлгеннің ұрпағы құрметті, абыройлы кісілер болса оған үлкен мансап иелері ел жақсылары ұзақтан саба арта келіп бата оқыры бар, олай болмаса жақын-жуығынан аспайды.

Осылайша, бір жылға дейін өлгеннің рухын құрметтеп мәйітке күмбез жасап, бұған бір кішкене ас беріп, ат шаптыру бар. Мұны бел басы деп атаған. Содан ел жақсысын, ақсақал-қарасақалдарын жинап, ас беру кеңесіне салып, қанша ел шақыру, қанша мал сою, неше үй тігу керек, ошақ қай жерге (ас өткізу орны) орнау керек екенін сөйлесіп, уақытын белгілеп сауын айтады. Сауын айту пәлен ай, күні пәлен, пәлен су, өзен жағасы, пәленге хабар ету керек, ат шабыс бар, бәйгесі мынау

деп, бір екі ай ілгері хабар береді. Осы уақытта жүйрігі барлар икемге келіп, ас өткізілетін орынға ешкім қоныстанбай тек марқұмның ауылы, қызметін көтерушілер ғана қонады. Бұлар биелерін байлап, қымыз әзірлеп, керек үйлерін тігіп, кішірек аста 40-50 үй, үлкен аста 100-200, бәлкім 300 үйге дейін тігіліп қонақтарын күтіп алады. Асқа келушілер өз басшысымен «қара» тігілген үйге кіріп, құран оқып бата қылады. Ол үй жиһазбен жабдықталып, әйел-қыздарымен жасанып, кемпірлер бастарына «күндік» салып, бір қатар келіншектер сәукеле киіп, қыз-қырқын өз формасымен бір топ болып отырып «жоқтау» айтылып, кейбір марқұмның қатарлары көз жастарына шыланып, соңынан құран оқып шығады. Тігілген үйлеріне кірген соң қымыз бен шай беріледі. Шай шамасы 1833 жылынан бері асқа еніпті, бұрын тек қымыз ғана болатын, тіпті шайдың не екенін естімеген.

Мал союға бір күн жетпей «ошақ асын» жасап, оған құнан бәйге шаптырып, екінші күні мал сойып бір үйге етті жинақтап, келген қонақтарға бір шеттен беріп, екінші жақтан қосымша мал союға кіріседі. Үйлерге бір шеттен бастап табақ тартуға келсек, бір кісі, алғаш олар қанша, неше табақ керек есебін алып, есікке бір жігіт қойып, оған ешкім өзге жақтан кірмей, әрі іінтегі шықпай тұрады. Табақ есеппен кіріп, санап алынады. Үлкенге жамбас, жілік, аса құрметтілері болса қос табақ тартады, екі-үш адамға бір табақ артық болмайды. Ошақ пен үйлер арасы әжептәуір жер болып, табақты атпен жүріп тартады. Табақшылар асқа таза киініп, күміс ер-тұрманын сайлап, бұларға табақ таратуға бір кісі басшы болады, соңынан бір кісі ере жүреді, оны «айдаушы» — атайды, табақтың өзге жаққа кетіп қалмауына жауапты. Осылай бір күн, екі күн, ұлы мерекелер үш күн қатар болып, ас беріліп ең ақыры тұл ат сойылады. Астың ең ақыры осы ат сойылуы, мұнан кейін мал шалмайды. Тұл атты соярда үлкен құбылыс - жоқтау басталады. Жоқтауға қатысқандар тұл атты союға бермейді. Содан әрең айырып алған соң олардың салған дауысы ерекше бір көрініс болады. Тұл аттың етін «субе» ерлерге, ең атақты мәшһүр кісілерге тартады.

Ертеңінде ала-көлеңке уақыттан бір кісі ұзын ағаш басына құрым киізден белгі байлап, қатты айқаймен ұран шақырып ат шабатын жаққа кетеді. Алыстан қарағанда қарайып көрінетін болғандықтан оны «қарақшы» атаған. Хабарлаушының (қарақшы) дауысы шығумен асқа келгендер жаппай атқа қонысып әр тайпа ру болып өз ұранын шақырып, қарақшының соңынан кетеді. Ол көз ұшына барып, тоқтаған жеріне қолындағы басында

қарақшысы бар ағашты жерге қадайды. Бұл қарақшы жұрттың бәріне көрінеді. Осы ат жарыстары басталатын жер — «көмбе» деп аталады.

«Бәйге» парсы тілінде де «пойго», яғни «сөре» — «пой» — аяқ, «го» — осындағы мәні-жер, орын, яғни аяқталар орын. Яғни ат аяғы жетер жер деген ұғымды береді.

«Көмбеге» келген соң бәйге аттары саналып, неше атқа яғни бас атқа, аяқ атқа қанша бәйге берілетіні жарияланады. Ат шауып келіп, көмбеге жете алмағанға бәйге жоқ, көмбеден асып кеткен есепке жатпайды бұған ерекше адам тағайындалғанда «кіреші» деп атаған. «Кіреші» негізі көруші, болмаса төрешінің ролін атқарған. Тек шындық айтылатын болған. Осындай жарыстарда, яғни кімнің бұрын, кімнің кейін келгеніне дұрыс анықтама берілмегендіктен жанжалдар болып тұрған. Көбінше мерекелік аттар «көтермелі», яғни көмекшісі бар аттар, бәйге атымен қосылып көп кісімен бірге келіп, бәйге бойына бірінен соң бірі атты жетекке алып қиқулап «көмбеге» жеткенше демеп барады, мұны «көтермелі» атаған. Қиқулап ұран салса әркім өз бабасын, бір құрметті аруағын шақыру керек, ал ұран шықса сол ұранның қауымы жаппай қозғалу танымалы ғұрып. Кейбір кісілер өз аталар ұранына еруші аз болған соң мереке иесінің ұранын көтеріп, яғни көбінесе мереке иесінің қауымы мол болып бірлі-жарым аз ата көпке қосылып кетеді. Бәйгеге көбінесе тоғыз тігіледі. Өзбектің көне рәсімі бойынша тоғыз жұлдыздың есебімен алынған да әр тоғыздың өзіндік дәстүрі ғұрпы болған. Бәйге басы жамбы, яғни түйе тіксе оған сегіз мал не бұйым қосып тоғыз ету керек. Атты көтермелеушілер ұтып алған бәйгесін бөліске салады. Сол айнала тұрған адамдардан барлығына мүшеленіп бөліп береді. Сол үшін тіпті жарым кез болса да орамал, мата бөлісіп «орамал тон болмайды, жол болады» деу осыдан қалған. Бөлінген аз болғанымен «аз да болса ырым» деп алады. Себебі кімді де болса құр қалдыру үлкен қылмыс деп есептелген. Осынша қаражатты марқұмның өзгелерге бергені бар, туыс, ұрпағы бар, осылардың бас қосуымен жоқшылық білінбей қалады. Бұдан басқа қыз қуу, тұмақ ұру, күрес, жорға бәйгесі сияқты жарыстар да болады.

Өткен бір жылдары қыз-келіншектер сақтап жүрген «қараны» (аталған малы) астан жұрт тарқаған соң бар ел жақсысына, сыйлы ақсақалына сындыртады. Бұған тағы әйел жағы жоқтау айтып у-шу болады. Үй жиһазы жиналған «септі» тағы біреуге бұздырып, бұларға лайығына қарай ат-шапан

сыйлайды. Осындай дәстүрлі жұмыс-ар істелгеннен кейін барлық ру адамдары, мәйіт тумалары да енді мұндай шаруадан босайды. Бұл қазақ халқында мәйітті соңғы рет еске алуы. Осыдан кейін зират басына да ешкім бармайды, ескіріп кетті дейді. Осы көне дәстүр 1783 жылынан ілгері һәм кейін күшейіп 1863-1883 жылға дейін даму сатысында болды. Тіпті бір ат бәйгесіне 100 жылқы, оған жүздеп ақша мен жамбы күміс қосып, бір-бірінен асып, байлықты көрсетуге ұмтылатын. Егер төре, бек сияқты атақты кісісі дүниеден қайтса, ұрпағы ас бермегенімен, елі жиылып ас бермесе атаусыз қалған есепті, ұят санайтын. Бірақ соңғы уақытта, яғни 1883 жылы шамасы, арғын мен алшын рулары бұл ғұрыпты тоқтатып, содан кейін найман рулары да асты азайтты. Ас азаюына басты себеп болыстық таласы, осы үшін сл арасы алауызданып, ел бірлігі ке- те бастады, болмаса мал кеміп, заман айныған жоқ.

Ас кемуіне молдалар да себепкер болды. Сонша мал, ақшаны текке сарп еткенімен өлікке пайдасы жоқ, онан құран-хатым шығартқан абзал деп азғырып өз ризықтарын ойлап әуре. Себебі өлгенге ас беру 15-20 жыл ішінде жоғалып бара жатыр. Ендеше бірер ғасырда-ақ бұл дәстүр уақыты келген күні өзінен-өзі жоғалады.

Ас беру әр халықта бар: сарт ас берсе палау, ноғай ас берсе түрлі тағам, қазақ ас берсе ет пен қымыз, қосымша ерекшелігі ат шаптыру ғана.

«Підия» арабша құрбан шалу, сатып алу, яғни қазақ тіліндегі пидә қылды — сөзінің түп-төркіні, яғни бір кісінің мойнынан Алла тағаланың ақысы мал есебімен шығару, қарыздан құтылу.

Підия екі түрлі: уажиб, яғни төленуі шартты және қол-қайыр. Бұның марқұмның өсиеті бойынша айырмасы уажибін — қарызын мирасқорлары беруге міндетті, қол-хайырға мирасқорлар, ру адамдары бірігіп қанша шығарса да еркі өздерінде, себебі мәйіттің артында қалдырған қарызы және айтқан өсиеті жоқ. Тағы бір айырмасы уажиб тек нашарларға, аштарға беріліп, оған бас- қалар қол созбайды. Қазақта ертеректе өз тұрмысы жақсы кісі уажиб-підияға алса өлсе жаназасына кірмейтін болған екен, қазір өзгеріп кеткен. Ал қол-хайырды кім алса да өзі берген соң кімге берсе де міндетті түрде алуы керек.

1783 жылдан ілгері ас беру болғаны, Абылай хан мен тағы басқалардың ас беруі де айтылды. Бұлардан да бұрын Есім хан (Ишм) Сарып құла аты бірінші бәйгені ешкімге

бермегенін көп естиміз. Салыстыра келгенімде ас беру 1800 жылдан 300 жыл бұрын басталған деседі, яки онан да әріден деуге келеді. Тарихта ас беру монғол тайпаларында ежелден бар деп жазуына қарағанда солардан қабылданған деуге болады, демек мұсылмандыққа қатынасы жоқ. Тек қатым түсіру ғана кіргізілген.

Есім хан 1583 жылдан кейін өткен кісі, оның Сарып құла аты қазақ-қалмаққа бірдей атақты болып, талай қазақ пен қалмақ оның қасиетін айтып қызығатын. Сарып аяқ ауыруы, яғни жай уақытта ақсап бәйгеге қосса сауығып кетеді екен.

Қымыз қазақ тайпаларының ең көне тағамы - сусыны. 1200 жылдан ілгері Мысыр патшасы (дәлірегі сұлтаны) Бибарс уланған, яғни қымыз ішіп уланып өлген (бұл мәмлук сұлтаны атақты қыпшақ Бибарс). Мұнан бұрын Құния патшасы Иззуддин Кейқаус кезінде қымыз бар деп кітаптар жазады. Олай болса Ақсақ Темір қымызды шығартты деу жансақ сөз, себебі Иззуддиннің өмір сүргені алтыншы ғасыр басы, Бибарс осы ғасыр орталарында болған. Темір Иззуддиннен 200 жыл, Бибарстан 150 жыл соң өткен.

«Қымыз» арабша «хамуз»-дан алынған, мәні «ашқылтым қышқыл», қытайша «маниза» — жылқы сүті, монғол — қалмақ «чигин» деп атап, осыған қарай ноғай, қазақ, түркі, курд халықтары «чигин яки «шеген» атаған, соңыра исламмен бірге арабтар келіп «хамуз» атап, бұл азғана өзгеріспен «қымызға» айналған. Қазір орыстар мен бүкіл европалықтар қымыз деп атайды.

Қымыз - қай заманда, кімнен, қай халықтан шыққанын ешкім білмей, тек Яфас әулеті-сахаралық болып жалпы өнімі: ет, сүт, май, қатық, құрт, жүні мен терісін пайдаланған, қымыз мүмкін солардан тарады ма деген де қағида бар.

Қымызды дайындау басқа сүттерге қарағанда өзіндік талғауды керек етеді. Саба семіз жылқы терісінен дайындалып, күнге кептіріледі, содан құрымға салып, онан кейін түтінге ысталады. Сабаға, торсыққа ыс үру үшін түтіндетіп от жағуды «қан» деп атайды. Демек саба, торсықтарды ыстай білу керек. Ыс — ырыс, бақыттың себепшісі деп ұғады халық, ыс — бақыт, ықпал мағыналы сөз. Ең сапалы қымыз ысталған ыдыстан пісіліп, жете шайқалып, ашысы қайтқан, ептеп ашқылтым дәмі болғанда бабына келгені. Екінші, сүтті сабаға салқындатып құю керек, уақты-уақтымен пісу керек, сонда сабаның түбіне тұнба тұрмайды. Егер қараусыз қалып тұнбаға жол берілсе, үстінде

сұйығы қалып, соңынан қанша пісіп-шайқағанмен қайтадан өз дәміне келмейді. Тек адамды аурулы етеді. Үшіншіден, бие сүтіне басқа сүт араласпауы керек, араласса дәмі кетіп, ләззаты төмендейді.

Шөбі қысқа бетегелі жердің қымызы қуатты. Арқа қымызы мақтаулы, оның ең сапалысы Арқа тауыныкі. Қымыздың өз табиғатынан да артық қуатын тілеген кісі он шелек сүтке бір шелек суды ысытып, қол күйер-күймес етігі сабаға құйып, үш сағат тоқтаусыз піседі. Ертеңінде тағы сонда пісіп, содан кейін ішсе табанда масайтады. Ал жалпы бие сүті пісілмейінше қымыз болмайды.

Бие сүті үш түрлі: сүт, саумал, қымыз. Сүт пен саумал ішті жүргізеді. Саумал қымызды ашытуды жалғасырады. Қымыз — аштарға азық, сусағанға — сусын, ауруға айрықша ем. Қымыз ішкенде ет жеп сорпа ішкен дұрыс, басқа тамақ ішті ауыртады. Жеміс-жидек пен күріш жеп қымыз ішуге болмайды. Адамның толысуына, ас ішетін қабілетін арттыруға қымыздың табиғаты бө- лек. Бұл туралы діни кітаптарда да ишарасы бар, сол үшін:

Баян етті сипатын оның құдай

Нәсіпсіз бұл нығметтен болды жұрдай,—
деу өте орынды.

Қазақ халқының тіршілігінде құдаласу мен қалың малдың алатын өзіндік орны бар. Екі жақ мал жағын сөйлесіп келіскен соң, қыз алатын жақтан бірнеше кісі қыз ауылына келеді. Мұнда мал сойылып, ең алғаш құйрық, бауыр пісіріп, қатықпен араластырып құдаларға асатады. Қатықты беттеріне жағып, мұрындарына кіргізіп, әзіл-ойын етеді. Астан соң қыз тарапы құдаларға киіт қояды. Киітке өлшем жоқ, әркім өз шамасына қарай атайды. Құдаларды суға салу, неше түрлі мазақ ету ғұрпы бар. Шарты қайтсе де шыдау керек, егер ашу шығарып, түсін суытса, одан зорғысын көреді. Жаз күндері терең суға салып жүздіру, құдыққа сүңгіту, тіпті қыста мұзды екі жерінен тесіп бірінен салып екіншісінен шығару, яки қарды ойып, ойығынан жалаңаш сүйреу сияқты салт болғанын естігеніміз бар. Сол үшін «құйрық-бауыр» жесіп, құда-құда десіп, суға-бозға (мұз) кіріп, әр пәлені көріп» деп айтылатын ойындар болады. Бұл кез неке, той, жоқ, өйткені балалар әлі жетілмеген, тіпті бесікте болуы мүмкін. Олар өскен соң, неке тойлары оншалық қиын емес, Қыз беретін тараптан да құда болып барып қайтады.

Бұларға да киіт тартылып, тек азырақ қойылады. Оның орнын қалың мал толтыру керек, қалың малға жақын-жуықтар көмек етіп, әр жыл аз-көптен беріп балалар өскенше құтылады. Қыз жағы жиһаз жинайды. Жиһаз туралы: «алтыда жисаң асады, жетіде жисаң жетеді» десіп «оннан кейін жисаң, кемдік етеді» деген сияқты сөздері бар.

«Қалың мал» — көп мал болып, қыз «қалыңдық» болып оның құрметі ауырға түскен сияқты түсінік. Қалың мал 50 байталға тоқтаса, екі түйе үшін екі ат беріледі, ол он байталға есеп, 60 байталға тоқтаса, үш түйе үшін ат беріліп, он бес байталға саналады, қалған 40, 45 байталды толық беру шарт. Қалың мал үшін бір түйе бес байтал, әр байтал орыс ақшасымен бес сом.

Кейде қалың мал демей «қара мал» деп сөйлеседі. Мысалы: қара мал үш түйе деп тоқтаса, қалың мал сөз жоқ 45 байтал болып, үш түйе қара малмен қоса, бәрі 60 байтал, егер қалыңмал 60 байталдан артық, мысалы 70-80 байтал, яки 90,100 байтал десе бұл түрі қара мал аты қалып «бас жақсы», «орта жақсы», «аяқ жақсы» деп айтылады. Бас жақсы - бес түйе, орта жақсы - үш түйе, аяқ жақсы - бір түйе. Бас жақсы үшін бір жақсы ат - 25 байталға есеп, орта жақсы - бір ат 15 байтал, аяқ жақсы үшін құнан - дөнендей бір кіші мал, я бір мылтық, я бір тазы ит сияқты әдеттегі нәрсе бес байталға есептеліп, қалған малды түгел алады. Қорытындысы 50-60 байталдан кемге «қара мал» деп айтылмай, мысалы, 27 байтал, 37, 47 деп сөйлесе, бұл түрде «орта жақсы» қалып, «бас жақсы, аяқ жақсы» деп жеңіл бір нәрсе тағайындалады. Ол да айтылған - 37 байтал 47 байтал есебіне енеді, яғни жақсылары айтылмай малдың тура өзін айтады, бұны «төгерек мал» дейді.

Ірі байлар атап сөйлеспей, егер сөйлесе қалса артық кеміне қарамай мал-ақша болсын сұрағанын алады. 100 байтал, 200, 300 бәлкім, 500 байтал одан артық та ала береді, соған орай жиһазы болады. Кейінгі уақытта 37, 47, пәлен жетілер, сөйлесуден қалып туралап мал басын санаудан бастады, сол үшін «47 қыздан қалды, 57 ұлдан қалды» дейтін мәтелдер айтылатын болды.

Қалың мал айтса-айтпаса да бай болсын, кедей болсын, - киіт, ілу және сүт ақы, - осы үш нәрсе ешқашан тоқталмайды, «ата күші, ана сүті» деп шарт етілген нәрсе. Ілу қыз берген жақтың киітіне қарсы болады, мысалы: киітте жамбы болса, күйеу жақтан ілу де жамбы беріледі, қыз жақтан ат, түйе берілсе, күйеу жақтан

ілу де соған қарай беріледі. Ал сүт ақы ілуден бір дәреже төмен, ілу жамбы болса, сүт ақы - түйе, ілу түйе болса, сүт ақы - ат болады.

«Өлі-тірі» аталатын бір ғұрпы бар, оған бір мал, яки нәрсе беру керек. «Өлі-тірі» берген соң, өлі күйеу жатар ма, ережесімен күйеу жасырын барса да айып болмайды.

Қалың мал бәрі, яки көбі беріліп, азы қалса күйеу «есік көруге», «қол ұстасуға» арнайы жыртыс алып барады, оны «ұрын келді» деп атайды. «Ұрын»—«бұрын» сөзінің мағыналас түрі, ептеп айырмасы бар. Тек осы орынға «бірінші, алғаш келген» мәнінде түсініп, үлкен той осы мезгілге өткізілуі керек.

«Қыз қашар» деген де бір жора бар. Оны біреу бастап үлкен жиынмен екі жігіт, екі қыз, яки екі келіншек бір-бірімен айтысқа түседі, қыз жеңілсе жігіт басына үкі, яки маржанды шоқ тағып, бұлар бір-біріне «әріптес» аталады. Бұл бір-бірімен сөз сайысына түсіп, беттескенге қойылатын ат. Қыз бен күйеу осы кеште жүздеседі. Осыдан соң күйеу еркін келіп жүрсе де айыпты емес, осы уақытта «оң жақта жүрген күйеу» аталады. Неке тек ұзатылатын уақытта қиылады.

Той күні әйелдердің жеңгетай, «ит ырылдатар», «бақан ұстар», «кемпір өлді» сияқты ырым-жорамы көп. Алайда бұлар күйеуді күту, сыйлау былай тұрсын, күйеу сәл ғана айыпты болып қалса жеңгелері ахиреттеп, сөгіп, «атаң күйеу болмаған ба, көргенсіздің баласы» деп жәбірлеп жібереді. Сол үшін Барақ батыр: «қалың жаудың ортасында қалып та қорыққан жоқ едім, күйеулеп барғанымда қатындардың жиылып келуін көріп көңілім сескенді, өйткені дұшпанмен қарсыласу мүмкін, ал қатындарға өз ресімі бойынша мойынды иіп тұрудан өзге шара болмай, егер бір сылтау тауып, ұрса не етесің» деген екен.

Бірақ күйеу көрген жазаларды балдыздар жуып жібереді. Күйеу ұрын барғанға киетін киім қазіргі ғұрыпта жоқ, ондай ұзын, кең емес, енді тар киімге кезек тиді.

Бай — байша, жарлы — жарлыша жөнелтсе де, алған малға лайық жиһаз жасау үлкен шарт. Жиһаз алған малына лайық болмаса өкпе, тіпті дау туады. 27 яки 37 байтал қалың мал мен келген келіншек отаусыз, яғни үйсіз бір түйе, бір ат және киім-кешегімен ғана келеді. 47 байталға түскен келін отауымен келеді. Ұзату тойы күні ауजार дейтін өлеңдері бар. Келін болып түскен үйінде «беташар» орындалып, бір кісі келінге ата-анасын, жалпы қайын-жұрттарын таныстырып, кезек-кезек атын айтып: «пәленшеге бір сәлем» деп бас игізіп сәлем бергізеді. Олар

да: «көп жаса» деп батаалғыстарын айтады, көрімдік беріседі. Осылай тиісті кісілеріне өмірбақи сәлемін үзбеу керек. Олардың үйлеріне кіргенде тізе бүгіп, ізет көрсетеді. Отқа май құятын болатын, оған сажда ету бар еді, қазір ол қалды.

Жиһазда байлар мен төрелер алты қанат үй тігіп, тоғыз-тоғыздан түйе, кілем, тон, осылайша әр нәрсені тоғыздан санап беріп, енді одан бөлек екі-үш ат мінгізеді, әрине, жорға жақсыларына сыйланады. Кей байлар 20 түйе, 40 тон, 40 кілем және басқа да үй аспаптарына қоса бір үлкен ақ үй, бір отауша мен шатыр беріп ұзатқан. Мал айдап барушылар да бар. Ғұрып бойынша үйдің киізі күйеуден де ағашы мен өзге керегінің бәрі қыз жағынан беріледі.

Қалың малға қарасқан туыстары келін келген соң лайығымен тон, я басқа нәрселерінен алады, енші бергенде олар тағы келінге карасады.

Үйленген ұл ата қонысынан бір-екі жыл шықпай отырып, өзіне тиісті енші алады. Әкесімен тек кенже ұл қалып, өлітірісінен ата орнына ие болатын шаңырақ иесі болып есептеледі. Қазақ оны «қара шаңырақ» деп атаған. Енші алып шыққан ұл, әкесі өлген соң қалған малына ештеңе талап етпей, бәлкім оның мал-жанын сақтауға қайрат қылып «үлкен үйден қор кетпесе бәріміз ге жетер» деген қағиданы ұстаған.

Қыз бала да төркіндеп келіп, бірнеше жылдан соң енші алады, мұны алса, соңынан мирас талап етпейді. Ер бала, қыз балаға да болсын мирас деп, мал талап етуді айыпқа есептейді. «Ата мұрасы» дейтіні бар, бірақ «мұра» аталғанымен мирас емес, әдет-ғұрып, адамгершілік өсиет мағынасында қолданады.

Қазақ халқының тіршілігінде әдет-ғұрыпқа байланысты көптеген мерекелер өткізіледі. Мысалы, айт намазын 1800 жылға дейін оқымаған, бәлкім, шарты келмей айт оқуға болмайды, керек еткен адамдар шаһарға келсін деп оған дін басшылары рұқсат етпеген. Кейінгі уақытта әр болыс ел, ауыл болып жиналып айт намазын оқитын болды.

Мереке күндерінде ат жарыстары, көкпар, қыз қуу, күрес сияқты ойындар өткізіліп, үлкен той болған. Қыз қуу ойынына атастырылған жігіт пен қалыңдығын шығарады, жігіт жетіп алса қызды құшақтап бетінен сүйеді, жете алмаса қыз оны қамшылап көпке қуып тығады. Ал, аяп ұрмаса «байжанды қыз, ұятсыз» деп сөгеді. Кейде атастырылмай-ақ ойынға қатысқысы келген жастардың да барлығы атқа мінеді. Бір саудагер жігіт бір байдың қызына қолы жетпей жүргенде, осындай мереке тойға тап болып,

қыз қууда сәті түсіп, осы қызды қууға мені жібер деп, ақыры рұқсат алып қуған екен. Тура шалбарына дейін шешіп, әзірленіп барғанымен жете алмай мысы құриды, қыз да оның жетсе тайынбасын сезіп, сым ораулы қамшы алып шыққан екен. Жете алмаған соң, қайтқан бетте қыз жігітті ұра-ұра, үсті-басын қызыл ала қан етіп, есінен тандырған.

Той бітіп, ұл-қыз ер жетіп, қалың малы таусылып келін күйеуіне жыртыспен келеді, бұл соңғы жыртыс, алғашқыда төмен, неке тойы болады. Той соңынан жар-жарды екі жігіт ат үстінен отау үйдің үзігін түріп, екі қыз ішінде бүркеніп отырып, жігіт оларға жұбату айтады. Қыз, ел-жұрт, ата-анасынан айрылуына қайғырады. Жар-жар оның мұңы болғандықтан «аужар» деп те атайды.

ЖІГІТ ТАРАПЫНАН:

Бисмилла деи бастаймын,
Жолың болсын енді бар.
Қыз беруді суннәт деп,
Айтқан екен пайғамбар.
Атам-анам қалды деп,
Я шырағым қылма зар.
Жақсы болсаң ата-ана,
Онда да бар жар-жар.
Тағдыр жазды осылай.
Сізді жатқа бұйырып
Амалсыз берді ата-анаң
Балам-ай деп күйініп.
Насихат айтам қарағым,
Көңілге кірсін құйылып.
Үлкеннің өтпе алдынан,
Әдеп қыл көрсең иіліп.
Жақсы болсаң қарындасым,
Жұртың мақтар сүйініп.
Қызметіңе дайын бол,
Етек жеңін түрініп.
Жалғыз емес жар жолдас,
Жаныңда бар жар-жар.
Көп зарланып жыламай,
Қайтіп адам болам деп,
Шүкірлік қыл аллаға,

Артық сөзді қоям деп.
Жақсы көрсет қайын атаң,
Құрмет қылар балам деп.
Өз баласы алған соң,
Неге ойласын жаман деп.
Әдепті бол шырағым,
Көптен алғыс табам деп.
Өз бағыңды кемітпе,
Өсек-аяң, бағам деп,
Некеленген жарыңа.
Кішілік қыл жағам деп.
Қайнағаң мен қайныңыз.
Ойласын жақсы адам деп.
Түзу болсаң бір ана,
Онда да бар жар-жар.

Сонда мұңлы қыздың созып, сызылып айтары:

Ақ отауым тіккен жер,
Майдан болсын жар-жар.
Өткен күнге көңілім,
Қайран болсын жар-жар.
Дүниеге келуге,
Себеп болған жар-жар.
Бөлек ата-әкемдей,
Қайдан болсын жар-жар.
Он ай сақтап ішіне,
Толғақ жеген жар-жар.
Ақ сүт берген анама,
Қайдан жетсін жар-жар.
Оң жақтағы бұл дәурен,
Енді келмес жар-жар.
Қайран жұртым, қайран ел,
Аман болсын жар-жар.
Өз ордамдай алшандар,
Заман қайда жар-жар.
Ақ шүберек салған соң,
Бөлек жайда жар-жар.
Тар құрсақтан бір шығып
Сүт еміскен жар-жар.

Өз ағамдай, інімдей.
Бауыр қайда жар-жар.
Жылағанға жұбатып,
Айтасыңдар жар-жар.
Оңайлықпен жат-жұртқа
Жұғу қайда жар-жар.
Қайран атам-анам мен,
Елім, жұртым жар-жар.
Жүрегіме запыран,
Қылды пайда жар-жар.

Жігіт жағының жұбатуы:

Әйел болып туған соң,
Осылайша айтады.
Тұз таусылса бұл елден,
Сапар күнің жетеді.
Бауыр бассаң жат елге,
Жұртың ойдан кетеді.
Айрылмасаң еліңнен,
Ұл боп тусаң нетеді.
Перзент берсе құдайым,
Ана болып бір жұртқа,
Бұл арманың өтеді.
Жаксы болмақ өзіңнен,
Осы елдей-ақ күтеді.
Ардақтайтын асыл жұрт.
Онда да бар жар-жар.
Атан тұт та аузына,
Пайғамбардың лебізін,
Бата қылған уағыдан.
Өтеп болды қарызын.
Түсіргелі өзінен,
Мойындағы парызын.
Жарылқасын алдыңнан,
Айтылды жұртқа арызың.
Құтты болсын ақ ордаң
Аман бол енді жар-жар

Сөз ақыры осы болып жігіттерге қыз тарапынан шапан-көйлек беру жолы жасалады. Жар-жар біткен соң «отау мүшеленеді». Отау мүшелеу - ұзатылатын үйді жалаңаштап киіздерін сүйрейді. Отау осымен жығылып, ертесіне қыз аттанады. Барған соң бет ашар жасалады.

Бет ашайын бисмиллә,
Ахуалыңды айт келін,
Бұйрықпен келдің бұл жерге,
Үйдегі қамнан қант келін.
Тұнық судай таза боп,
Жақсы жолды тап келін.
Бойыңды кірсіз таза қыл,
Жұмыртқадай ақ келін.
Жаман жолдан жырақ бол.
Сауысқандай сақ келін.
Шын пейліңмен қызмет қып,
Ата-енене жақ келін.
Келін келді көріңіз,
Көрімдігін беріңіз.
Берем деп бос жұтбатпай,
Атын атап қойыңыз.
Атасына бір сәлем!
Орынсызға сөз қатып,
Күнәға батпа келіншек,
Байыңнан бұрын төсекке,
Өзің жатпа келіншек.
Үй басына қыдырып,
Өсек айтпа келіншек.
Рас сөзді өзгертіп,
Жалғанға сатпа келіншек.
Ата-енең жұмсаса,
Бола көрме еріншек.
Байлап сауған малыңды,
Басқа соқпа келіншек.
Мал қадірін көп ойла,
Үмітің жоқ па келіншек.
Шын насихат айтамын,
Бүгін келген келімсек.
Келін келді көріңіз,

Көрімдігін беріңіз,
Беретұғын малыңның,
Түсін айтып қойыңыз,
Енесіне бір сәлем!
Ғайыптан бұлбұл кез болды,
Гүл бақшаға қонғалы.
Алла нәсіп қылған соң,
Бір жұртқа ана болғалы.
Құтты болсын орныңыз,
Мақтау сөзге толғалы,
Қайнаға, қайын баршалар,
Разы, хош уақ болғалы.
Қайнағаларға бір сәлем!
Ризықта алла бұйырды,
Өз жұртыңнан жат елге.
Өмір берсін құдайым,
Некеленген жас ерге.
Енді сөзді тамамдап,
Тоқтау қылдык бұл жерге.
Бүркеншігін ашайын,
Асыл жүзін көріңіз.
Төрде отырған аталар,
Әмин деп бата беріңіз!
Барша көпке бір сәлем!

Айтушысы арғын елінің Әсет ақын ибн Найманбай, ибн Тауасар, ибн Анбай, ибн Шөрен, қаракесек. Бұрынғы беташарлар мұнан да ұзағырақ, оларда мынандай лебіздер келеді:

Даладағы сиырға ау-хаулама келіншек,
Даусыңды жуан шығарып,
Қау-қаулама келіншек.
Қаптың аузы бос тұр деп,
Құрт ұрлама келіншек.
Өзің жатып байыңды,
тұр-тұрлама келіншек
Енем үйде жоқ қой деп,
Төрге шықпа келіншек.
Жараусыз қиқым шүперек
Боқшаңа тықпа келіншек

деген сияқты қосымшалар көп-ақ. Әр сәлем салғанда көпшілік және аты аталған кісілер келінге «көп жаса» деп ризашылық етеді.

Қазақта келін үлкен үйдің төріне рұқсат еткенше, яғни енесі өлгенше шықпай, тек жартысына дейін бара алады. Тіпті екінші үй, еншісі бөлек келін, үлкен үй төріне өле-өлгенше шықпай кетуі мүмкін, бұл олардың үлкен үйге көрсеткен құрметі. Қазақта әйелдер үлкен-кіші еркектің алдын кеспейтін ғұрпы бар. Жасы кішісі үлкеніне «сен» демек түгіл, аттарын атамайды. Ата-анасын, ел үлкендерін атымен атамай, құрметтеп мағынасы сол, бірақ басқа атаумен атайды. Тіпті ауыл шетінде жүрген келіншектен келе жатқан бір жолаушы бұл қай ауыл десе Ноғайбай ауылы екен, оны «Абзи бай» деп, «Сартбай» болса «Талқаяқ бай» ауылы деп, ұқпай қалып жолаушы жалынғанмен де атын атамаған. Мұншалық ат қоюға шеберлік жөнінде бір хикая бар. Бірінің ұлдары мен жақын тумалары. Қамысбай, Қашқынбай, Қуанбай, Тезекбай, Бұлақбай, Қасқырбай, Қойлыбай, Қайрақбай, Пышақбай, Қылышбай сияқты есімдері бар ағайындыларға келін түскен екен. Келін бұлардың әрқайсысына мағынасын өзгертпей ат қойған. Содан бір күні, асығыста қалай айтар екен сынамақ үшін отын-су қамымен ауыл сыртында жүрсе атасы асығыс келіп: Келін, келін, ауылға дауыста. Бұлақтың аржақ шетінде, қамыстың бер жақ бетінде бір қойды қасқыр жеп жатыр. Тездетіп пышақ пен қайрақты әкеліп, жаны шықпай тұрғанда бауыздап алсын, мен қасқырды қуайын,— депті. Келін ауылға дауыстап:

—«Ау, Шапқы! Сарқыраманың ар жағында, сылдыраманың бер жағында маңыраманы ұлыма жеп жатыр. Жылдам былаут (білеуіт) пен жаныма әкеліп адал орақтап алсын. Шапқыбай жылдам, әтекем ұлыманы айдап кетті» деген. Мұнда —«білеуіт» қайрақ, «жаныма»— пышақ.

Жалпы қазақ халқының жыл санауы мұсылманмен бірге келді. Жылдар есебі исламнан мың жыл бұрын үнді ұқамаларынан шығып, әр хайуанның суретіне ұқсас бірнеше жұлдыздың ғибратымен аталып, 12 жыл бір мүшелге алынған. Бұл есеп кейіннен Мауароаннаһр мен Түркістан, монғол мен татар, Шыңға дейін тарап, оны «сол түркістани»— түркістанша жыл, яғни жыл санау деп атап, содан әлі келе жатыр. Хайуанша жыл санау қажеті болған «Мағрифагноманы» (кітап) қарасын депті.

Қазақша осы 12 жыл аттары: Тышқан - сиыр - барыс - қоян - ұлу - жылан - жылқы - қой-мешін - тауық - ит - доңыз.

Парсы тілінде: Мұш -бақар- палаң - харгуш - наһаң - мор - асб гуфсанд - һамдуна - муғ - сағ- хук.

Жылы ит болғандар «опадар», жылы доңыз болғандар «қара киік»—деп сыпайылау да бар (опадар — деп таныстыру түркімен мен қарақалпақта да бар).

Қалмақша-торғауытша: Қолғуна-оғур- бар- толай-улу-мұға - мұрун - хоюн - гармушн - таке - науха - қаха. Қайтаруын «мучан»—дейді, мүшелі осы. Жылды төрт бөлімге бөліп, бірінші айдан бастап «көкек», «мамыр» осы үш айға «яй» бөлімі дейді. Өз- дерінше: «ғарбун, ғурбун, сыр» деп ат қойған. Жаздың үш айына «тамрун, ғурбун, сыр» күздің үш айына «зона, ғурбун, сыр», қыстың үш айына «облун, ғурбун, сыр» —дейді. «Ғурбун»—үш, сыр — бірнеше мағына береді. Бұл жерде—«ай». Күн аты бұларда жоқ, айдың бірінші күні, екінші күні деп аталады. Қалмақша сан: Никун —1, хоюр —2, ғурбун —3, дурбун 4, тобуын 5, зурғун —6, долон —7, намун —8, исун—9, арбун—10, арбун никун—11, арбун хоюр—12, арбун ғурбун—13, арбун дурбун —14, арбун тобун —15, арбун зурғун—16, арбун долан—17, арбун намун—18, арбун исун—19, хурун—20, ғучун—30, душун—40, та- буын —50, Чрун —60, далун —70, наюн —80, ирун —90, зун —100, мыңгин—1000.

Қытайша жылдар: Луче, ну, луху, тур, лун, чаңчуң, ма, ян, ху, жр, ку, жуу. Мәндері түркілерге дәлме-дәл. Бір-бірінен жыл сұрасса «шуса» дейді, жылың не, қай жылда туғансың мәнінде. Тышқанды кейде «чур», жы- ланды «чн» дейді.

Қытайша сан: Иға — 1, лнке—2, сға—3, оға—4, луға —5, чға- 6, баға —7, жуға — 8, шға—9, бізше біреу, екеу, үшеу, т.т. Ал қысқаша бір, екі үш десе: и ар, сн, си, ау, лу, чи, ба, жу, ши, ши и—11, ши ар—12, ши сн-13, ши си-14, ши ау-15, ши лу-16, ши чи -17, ши ба – 18, ши жу -19, ар ши яғни екі он (жиырма), оннан әрі бір он, екі он, үш он сияқты кетеді. 100 иби, 1000 и чаң, бір сан июан яғни он мың.

Қазақша ай аттары (худ-февраль), кекек (камал-март), мамыр (сәуір-апрель), маусым (зауза-май), шілде (саратан-июнь), тамыз (әсет-июль), мизам (сүмбіле-август), қазан (мизам-сентябрь), қараша (ақрап-октябрь), желтоқсан (қауыс-ноябрь), қаңтар (жаудай-декабрь), үштің дан айы (дәлу-январь). Бірдің айы деп бұл бірінші ай болып мұның 20-нан соң наурызды мерекелейді. Наурыз кейде январь ақырына, кейде февраль басына тура келеді. Наурызды жыл басы деп бір-бірімен көріседі. Ғұрыптарынша күніне бір сәлем, жылына бір көрісу керек, мұнан артығын айып көреді.

Қазақта қошқар күйегі үркер батуымен байланып, желтоқсан айында алынады. Осы айдың 13-де үркер туған айдың 17, 20 және 25-терінде күйек шешіледі. Жұлдызша октябрь ақыры мен ноябрьдің басы. Аз қойлы кісі октябрьдің 25-де, көп қойлы кісі ноябрь басында алып, ең ақырғысы 5 ноябрьден қалмайды. Қошқардың қосылуымен қойдың тоқтауын бес ай бес күн деп есептеп, жұлдызша толық бес айда қозылайды, яғни ноябрь басында алынған күйек апрель айында қоздайды. Үркер шыға Түркістанда «илек» жұлдызы, арабша - «сурае», парсыша «паруин» деп атайды. Үркердің айдың 15-нен жоғары тууы есепке алынбай, қарашадан бастап байқалады. Қарашаның 15-де туып желтоқсанның 13-де, қаңтардың 11-де, үштің айы тоғызында, бірдің айы жетісінде, көкек - бесінде, мамыр - үшінде, маусым - бірінде тоғайып үркер батады, жұлдызша апрельдің 20-сында батып, ай есебімен бірер апта айырмасы болады. Яғни бірде маусымның 9-10-дарына, кейде 15 пен 20 аралығында ғайып болады. Осы айырмашылықтан қазақ есепшілері айдың бір бөлігін бір жаққа, екінші бөлігін екінші жаққа аударып, өзара келісе алмайды, күйекті осылай есептегенде дәл шығады [...] «Үркер туды» деу ай мен үркердің ұшырасуы. «Бір күн тоғам, екінші күн ауыл үй қонды, үшінші күн озып шықты» деседі, осы үш күн «тоғамға» есептеледі.

Қазақта сақтық күндері болған. Қазақ халқының аумалы-төкпелі ауа райының құбылысынан да сақтандыратын күндері болған. Айдың өларасы үркер тоғамы деп қыс болса қар жаумақ, жаз болса жауын жауып, жел болу шамасы байқалады. Мұны «Отамалы» деп те атайды. «Отамалының» белгілі күндері болған. Көкектің он біріне кіріп он жетісінде шығады. «Отамалының» желсіз, борансыз өтуі сирек болатын уақиға. Қыстың шығар мезгілі, суықтың әлсіреген уақытына тура келіп, оныарабтар «аямы ажуз», «барды ажуз»—әлсіреген күндер, әлсіз суық деп атайды. Ертеде бір байдың Отамалы деген қойшысы болып, ол тәжірибе арқылы он күн суық боларын біліп, байдан жылырақ киім сұраған екен. Сонда бай оның өзін тілдеп шығарады. Лажсыз қойшы қойға кеткен, айтқанындай күн суытып, боран соғып қойды қасқыр қырып, суықтан қойшы да өлген. Содан бері осы боранды күндерді қазақтар «Отамалы» деп атап кеткен. Біреулер «отамалы» марттың 11-не келеді дейді, бұл дұрыс емес «Отамалы» жұлдызбен емес, аймен есептеледі. «Отамалы» көкектен қалмай жұлдызшаның ілгері, я кейін келуі

ай ауысуынан, февраль ішіне тура келеді, басқа айға өтпейді. «Отамалы» шынында «худ амалы» демек, құлдың атына ұқсас түскен.

Апрельдің сегізінен де сақтанады, бұл сәуір жұлдызының басы «сәуір бұлты» деседі, бір апта жел, суық болуы мүмкін. Сол үшін «сәуір болмай, тәуір болмас» дейтін, яғни сәуір салқыны өтпей жаз жылуына сенім жоқ. «Қазанның қара дауылы» деген болып, ол қазанда туады, «киік матауы» дейді, қаңтар аязы болады, «ақпан амалы» деген үштің айының тоғызында тоғаммен бірге кіріп 17-не шығады, бұларға жалпы «амал» дейді. Қазанда «бокқау»⁶⁰ дейді октябрьдің біріне туады. Мауароннаһрда «қиғрақ» қазақта «қырғи ек» (қыркүйек) дейді август, яғни сүмбіледе келеді. Бұл сүмбіленің 17,19,21 күндерінде болып қырғидың балапаны толысып, жетіліп аңға шығады, торғай алатын күндері.

Арабша ай аттары: мухаррам, сафар, рабиғул-әууәл, рабиғус-сани, жумадил-әууәл, жұмадис-сани, ражаб, шағбан, рамазан, зул - қағда, зул - хижжа. Жыл басы мухаррамнан есептеліп, ай есебімен әр жылы он күн артығымсн, әр үш жылда бір ай ауысып отырады.

Сурияша айлардың аттары: Тишрин әууәл (октябрь), тишрин сани (ноябрь), канун әууәл (декабрь), канун сани (январь) шубат (февраль), азар (март), нисан (апрель), айяр (май), хазиран (июнь), таммуз (июль), әб (август), әйлул (сентябрь). Бұлар бірінші айды октябрьдің 24-нен есептейді. Мұса, Иса (Ғайса). Қауымдардың есебі бойынша жылды октябрьден бастайтын. Тарих миладиға өзгерген соң Ресей жыл басын январьдан алды, яһудилардың жыл басы бұрынғыша қалды.

Жұлдыз үш түрлі болады. Март 9 камалдың басы. 15 хамалда азар кіреді. Әр жұлдыздың сегіз-тоғызы бір жұлдызға, өзгесі басқа жұлдызға кіреді. Наурыз да үш түрлі: Мауароаннаһр халқы марттың бірінен наурыз алады, «ноуруз баадаз нуһ руз баробар аст шаб уа руз», яғни наурыздан тоғыз күннен кейін күн мен түн теңеледі, онда наурыз марттың басы болу керек.

Сурияша 15 сәуір 23 апрельде нисан кіріп, мұсауилардың наурызы бірінші нисан. Қазандықтар наурызы нисан айына тура келіп, оның белгісі сабан тойы. Ресейде майдың басын

⁶⁰ Орысша покровка – қар басу.

наурызға есептейді. «Наурызда» ауаның орташа температурасы тұрақтылыққа келгеніне ишара етіп, «жаңа күн» туды деп есептелген.

Қазақ халқы бала көтеру мен оны тәрбиелеуге ерекше мән берген. Укамалар жеті жер (семь планет), әр біріне қырық күннен ана құрсағында баланы тәрбиелеп 7Х40, яғни 9 ай 10 күн болады дейді. Бірақ ақиқаты сегіз ай толық көтеріп, тоғызыншы айда босанады, қыз бала аздап кешігеді. Сегіз айда туған бала тіршілік етпейді дегені, сегіз ай толмаса дегені. Қой 5 ай 5 күн; сиыр 9 ай, жылқы он бір ай, түйе 12 ай толық кетереді.

Қазақта өз білуінше айға ат қою бар, мысалы көктемнің басын «көкек» атауы көкек құсының сайрауға кірер уақты мамыр айында қой қоздап, сиыр бұзаулап, көк шығып сүтке, аққа тойым болып, малдары да керіліп-созылып рахатқа батуын «мамырмен» белгілеген. «Маусым» арабша көрінісі жағынан мамырға ұқсас, «белгілі, айрықша мезгіл» деген мағына береді, мамыр да араб сөзі.

Шілде парсыша 40 күн, жаз шілдесі июнь, онан 20 июльге дейін. Қазақта жаз шілде 40 күнге есептеліп (тұтас айға он күнін қоса), жылына болатын он күн айырмашылық өзгермеуі осыдан. Қыс шілдесі жұдай жұлдызының басы, яғни 9 декабрьден бастап 10 январьмен аяқталады. Бұл қытайдың «жу» дегені осыдан алынған-81 күндік қыстың бір бөлімі болып есептеледі.

«Тамыз» парсыша өте қатты, ыстық деген, сурянилармен лебізі де мағынасы да бірдей, кейде «саратан»деп те айтылады.

Күн мен түннің теңескенін «мизам, мизан» деп атайды. Араб тілінде «қазан, хазан» жапырақтар сарғайып, әрбір өсімдіктің уақытша тіршілігін тоқтатуға дайындық жасап «хизин, хузн» арабша - қайғылы күйге түскенін айтады. Парсыша «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» яғни өшейін, бітейін деген ұғым береді.

«Қараша»-«қара» мен «ша» деген қосымшадан түзілген Жер қарасына аз қалды, ұзамай бұл да өзгерер дегені. «Ша»-кіші, аз мағынасында. «Желтоқсан»- желді тоқсан, өзге айларға қарағанда өздері мал бағып, күн көретін халық, қыстың осы айына амалсыз көңіл бөледі. «Қаңтар»— қаңтаруға бұйрық, бұл айда киік текелері, ешкілерін иіріп, қайырып байлағандай тоқтатып шағылысатын болғандықтан осылай аталған. Бізше қыс шілдесі қаңтар, қытайша «жу» мұның жалпысы бір айға тура келіп османша «қасым» күні (руз қасым), тишрин сани 26-

на тура келеді. Күз айы мен қыс айын айырып тұрғаны үшін руз қасым (руз —күн, қасым (қосим) — айырушы) парсыша, арабша да бір ұғымды береді.

«Үштің айы» тоқсан кіргеннен үшінші ай дегені, осы ай бітуімен қыс та аяқталады, жұлдызша қыс тоқсаны 15 ноябрь мен 13 февраль аралығында болады.

Бірдің айы — бірінші ай болып, бұл ай соңынан ақырғы он күндігінде наурыз мерекесін өткізсе де, жыл басын көкек айынан есепке алады. Көкек февральда келеді. Қытайларда ай аты болмай шаған айын жыл басы етіп - бірінші ай дейді, қалғанын екінші ай, үшінші ай деп санап кете береді. Үш жылда бір рет жылды 13 ай- мен есептейді. Осымен шаған айы мәңгі 8 январь мен 7 февраль арасында айналым жасап, жыл санауларын ханның таққа отыруымен бастап алады.

«Мүшел» қалмақша «мучан», бұлар бір-бірінен алынған, алғаш 13 жыл бір мүшел, келесі ор 12жылбір мүшел. Жалпы 10 мүшел - үш қырық болып табиғи өмір есебіне кіреді. Исламша жұлдыз ессбі: 30,31,32,29 келеді. Басқаларда 30,31,28 күнге келеді. Төрт жылда бір рет февральдің 29-на келеді. Мұны «қабиса» (кібісе) жыл деп атаған, яғни арабша «толтырылған» деген сөз.

Қай ай 31, қайсысы 30 күн екеіін білу үшін үш саусақты тік қойып сұқ саусақ пен аты жоқ саусақты бүгеді. Бармақты март деп алып, бір қолдың бес саусағын екі қайтарса санап өтетін болсақ, тік тұрғанға тура келген ай 31, бүгілгендер 30 күннен болып февраль бүккенге тура келеді.

Намаз«Фажр»⁶¹ парсыша—«бамдад», түрікше—«ерте» деген ұғымды береді. «Зуһр» парсыша «пешін» түрікше «үйле», негізі арабшадан «ууло» яғни «әуелгі»,алғашқы міндеттелген намаз демек. Осы атауды азғана өзгеріспен қабылдаған. «Аср»- парсыша, арабша - бірдей, түрікше «екінді»-екінші намаз дегені. Ұйғыр тілінің белгісі болып ұйғырлар «екінші-екінді» деп атайды.

«Мағриб»-парсы мен түркі тілінде «шам» (арабтарда «мағриб - күн батқан мезгіл. «Ғиша»- парсыша «намаз хуфтан», хуфтанның мағынасы арабша, қараңғылықпен оқылатын болғандықтан «хуфия» (жасырын), осының түбірінен «хуфтан» алынған. Түрки «хуфтан» деп айтқанымен «ясту, ятсу, яшиғ»

⁶¹ Фажр – арабша таң.

деп те атайды. «Ясту» жастыққа жатар уақыттағы намаз, «ясиғ, яшиғ»- уақыт кеңі, сыйымды дегені болып, төркіні араб сөзі. Қазақтар ерекше (оңтүстікте) «бесін әлеті» дегенді айтады, мұнда араб-парсы тілінің әсері көп, төркіні солар «пешін-пешин-пеш-ин-бесін»—«пеш» алды, «ин»- бұлардың (намаздардың) алдыңғысы, маңдайы. «Пешене — пешона»— маңдай. «Әлет - халат - холат - қалет» хал, жағдай деген ұғымды береді.

Сапар айы 1885 жыл 15 ноябрь - жұма күні түнде жұлдыз жауып білімсіз кісілер мұнан қатты корқып, ғажайыптар болды делінген. Бұл бұрын да болған жағдай, мысалы; 893 жылы ұзындығы екі зирағ (білек - шынтақтан қол ұшына дейін) шамамен 0,60 м. бір жұлдыз, 896 жылы тағы бір үлкен жұлдыз қатты гүрілмен жерге түскенде бүкіл дүниені жарқыратқан. 900 жылы бір үлкен жұлдыз құлағанда жарығы көп жерге тараған. 903 жылы зул-қағда айы Рози Биллә халифалығы кезінде құлаған жұлдыз сол уақытқа дейін ешбір теңдесі жоқ болған, осы жылы 20 ражаб айында үш жұлдыз түскен. 1030 жылы сапар айы, мөлшері айдың үлкендігіндей бір жұлдыз бір сағатқа жуық жайлап түскен. Тарих кітаптары міне осыны хабарлайды. 1181 жылы бір жұлдыз қатты гүрсілдеп, құлағанда үйлер шайқалып, қиямет айналды ма деп адамдар шулап азан-қазан болған,-деп «Мират әл-Кайинот» (әлемнің айнасы) кітабы жазған.

Қажыдан қайтқандағы жазылған қағидалар. Мен қажыға кетпей тұрып «Тарих-и жаридә-йи жадида» атты бір кітапша жазып, төмендік (Тюмень) қажы Ниғматулла дегенге аманат етіп кеттім. Оны қазандық Шамсиддин баспадан шығарыпты. Мұның соңында Ферғана хандарынан бастап 1897 жылға дейінгі уақиғаларды кіргізіп «Хамсайи шарқи уа татимма» атты бір тарихша жазып, қажыға кету себебімнен Жапония мен Қытай тарихын қоса жазбақ едім, оны бірақ кейінге қалдырдым. Сонан қажыдан келген соң қайта жазуға отырдым. Көрген білгенімді, көңілге түйгенімді жинасам, ендігі жазатыныма материал дайын «Саяхатнама» кіріспесінде көрсетілген.

25 рамазан, сенбі 1897 жылы 15 февраль, қытайша бадарға Туркуансуй ханның 23 жылы 2 айдың 25-сы күні қажы Рамазан, қажы Илһам Ташканди үшеуіміз қажыға сапарға шығып, 20 февраль - бейсенбі күні рамазан айтын Семейде оқып, онан 22 февральда сенбі күні жүріп кеттік, 28 февральда жұманы Омскіде өткіздік. Алты тәулік жол жүріп поезбен Мәскеуге келдік. Державай деген қонақ үйге түсіп, күніне 1 сом 25 тиыннан төлеп жаттық. 13 мартта кештете вокзалдан шығып, ертесіне Смо-

ленскіге бір тоқтап 15 мартта Каркауский предместьеге тоқтап, «Саксонский» қонақ үйінде болдық. Шетелдік паспортты осында алып жүрер кезде ташкендік жолдасым ауырып, Варшавада бір ай аялдадық.

Варшава ескіде бір үлкен, көне мемлекет болып халқын «полония», кейіннен «поляк» деп атап кеткен.

1800 жылы шамасында Ресей, Пруссия, Австрия мемлекеттері Польша үшін таласып көп жері орыстарға қарап кетіпті. Бірақ шынымен орыс әміріне еріп жүргені шамалы, талай рет көтеріліс жасап, қанды шайқастар өткізген. 1864 жылы бар қуатын сарқа соғыс ашқанымен, орыстар күшпен басып тастаған. Қала ескі аты «Варсудия», тағы бір атпен «Масудия» аталған. «Вистол»- өзенін поляктар «Висла» дейді, қаланы жарып өтіп, Балтық теңізіне құяды. Түрліше себептермен келетін мұсылмандар да кейде 200-ге тарта болып жұма, айт намаздарын оқып тұрады екен.

Варшаваны ең ақырғы басқарған граф Пашкайч деген генерал пан - арнайы қойылған мүсіні бар екен. Үлкен көше бойында, шойыннан құйып, биікке отырғызып қойған. Көше басында Николай Кифрик, ислам жоғрафиясы Николай Коперник жазған, осыған ескерткіш орнатыпты, алдына жер шарын орнатқан екен. Ол жердің айналуын дәлелдепті. 1572 жылы өлген екен. Оны өлтіреміз деп қорқытқаннан дін басшыларымен шіркеуге кіріп тәуба қылған, сонда да көңілі сенген, шындығы алдында тыныш жата алмай соңғы кітабын жазып кетіпті. Жер айналуын еуропалықтар біз таптық деуі қате.

Мұсылман ғалымдары да алғаш жер жұмыр екеніне келіскен, бірақ айналады демеген. Ал имам Фахр Рози «Тәфсир кәбир» кітабында жердің қозғалуын айтқан, ал бұл кітап Коперниктен 400 жыл бұрын жазылған.

Варшаваның үлкен бір көшесінің басында поляктің ең ақырғы князы Августофанскийге шойыннан мүсін орнатыпты, алдына қылыш тартқан. Бұл орыстармен өте қатты шайқасып көргенімен, ақыры жеңілетінін білген, сонымен Варшава княздігі құлаған. Қала әкімін біз барғанда әлі де «князь» деп атайды екен, князь Емртинский екен. Висланың көпірі ұзындығы 672 қадам, ені 25 қадам, ортадан арба, екі шеттен жаяулар өтеді. Көпірдің екі жағында шойыннан құйылған су ағар (тоған) бар, төменде тағы бір екі қабат көпір бар, үстінен вагон, астынан арба жүреді. Көпір тарлығынан кезектесіп өтеді. Әскери казарма мен крепость осы көпірге жақын.

Поляк патшаларының жаздық сарайына бардық. Сарай қаланың су жағында екен. Сарай іші поляк патшаларының суреттерімен толтырылған, бір бөлмесіне Жақып (Яков) пайғамбардың суретін, балалары Юсуф пайғамбарға «Иосиф» қиянат жасап келіп естіртіп, ол кісі қайғырып отырғанын суреттеген. Сулеймен пайғамбарды да (Соломон) сызған. Бұл сарайды алғаш салдырған князь Казимиров Великий, содан Степан Батури, үшінші Янсуитский, төртінші Сегизмунд, бесінші ең соңғы князь Августофанский - бәрі осы сарайда билік еткен. Содан парламент сарайына бардық, шетелдік қонақтар осында қабылданады екен. Саф күмістен жасалған бір стол ертеде түрік сұлтандарынан тартуға келген екен, бағасын 66 мың сом деп еді, оған біз сенбей 6 мың деп едік, айтушы мен білмей айтып тұрғамын жоқ деді.

Сарай қарсысында гүл көмкерген су әуіздері, су жағалап, ақ, қара қулар жүр, осыған дейін аққуды көрсек те қарасын көрмеп едік.

Қаланың кереметтерінің бірі - Галгова (жазылуы осылай) ғажайыбы, мұның қатарға қосылуы биыл ғана екен. Сегіз бұрышты екі қабатты үй. Әр кісіге 45 тиыннан кіру бағасы бар. Жоғары шығып, жан-жаққа көз салғанда 200 шақырымға дейінге жырақта бір тау көрінеді. Әлі сайлары қарлы, қырлары ғана қарая бастаған кез еді. Жан-жақта ағаш көгеріп, тіршілік біліне бастаған. Жол үсті қора-қора қой айдаған, жүк артқан түйелі, есекті жүргіншілер. Бір жақта бір биік қорған. Бұрыштарында балкон - серуенхана. Онан төмен бір қоршау іші түрлі жемістер мен азық-тамақ сатушылар. Кейбіреулерінің жүгі ауып, есегі лайға батқан, жан-жақта әбігершілік. Бір шетте айбалталы-найзалы әскерлер, оларға қарсы екі үлкен бағанаға екі кісі байланған, жалаңаш шынжырлы, бірінің үсті-басы қан, аспанға қарап мұнажат етіп тұрғандай. Өзіміз тұрған жерімізге қарамай таулар арасы сияқты ауа өте жағымды, халық тыныш бір-бірімен сыбырлап қана сөйлеседі. Көбінің қолында кітапша, оны оқи отырып айналаға көз салады. Сұрағанымызда әскер мен байлаулы адам Иса (Ғайса) Пайғамбар мен яһудилар (еврейлер) деп ұқтырды, дарға аспақ болып тұр екен. Иса пайғамбарды асу-өлтіру қамымен олардың сол замандағы жүрісі мен көрінісі мұнда бейнеленген деді. Мұндағылар сыбырласып сөйлесулері осы Иса пайғамбарға көрсеткен құрметтерінен екен. Кейін Қуддысқа (Иерусалим) барғанымызда мұның бәрі: тау, жер, сай, қорған бәрі осының өзі екен. Галгованың бейнелеуінше ол заман бос

болған жерлер бұл күнде ел қонысына айналған. Галговада бізге түсінік берген орыс адамы ма поляк па яһудилар патшасын Хиродос деп еді, ал оны өлімге шешім етіп отырған Пилагос, діни арнайы фатуамен Киафа рұқсат еткен. Ертесіне сол үйдің астындағы бөлмесінде электр тоғын беретін машинасын тамашаладық, жарығының бір минутта айналуы 1200 айналымға жетеді екен. Бағзы темірлерінен от шашып тұр, өте қорқынышты, егер жазатайым киім немесе бір нәрсеге оралып қалса, жібермей кісіні набыт етуіне шек жоқ еді. Тыстағы тұрған машинаның қуатымен айналады екен. Берлиннен жаңа келген баспа машинасы бар екен, сағатына 6 мың дана газет басып шығара алады десті.

Қаланың бау-бақша, базар, магазиндерінің есебі жоқ, ерекше аталатын Саксонский сад жанындағы базарда ел көп. Кей дүкендер түн жарымына дейін ашық, көшелерде лампа, (панус) шамдарымен жарықталынады. Ұсақ дүкендері де бар екен. Қырым хандары заманынан қалған күйдірілген қыштан салынған бір мұнара бар. Төбесіне ай орнатыпты, жоғары жағы ағаш. Ішінен айналып шығатын басқыштары бар, барлығы сексен баспалдақ, әр баспалдақ 5 вершоктан тұрады. Саңылау терезелері бар.

Шіркеулері суретпен тола, кіре берісте шөлмекте су бар, оған қолдарын батырып содан кейін ғана суретке бас қояды. Құлшылдық етуге белгілі уақыт жоқ, бағытта жоқ, сурет болса соған сажда ете береді. Кейбір шіркеулерде музыкалық аспаптармен жарысып оқиды екен. Поляктар католиктер екен, арасында мұсылман поляктар да бар. Бізге жолбасшы болып жүрген жергілікті ишан Сонаевтің әйелі Вилни қаласынан, мұсылман поляқтың қызы. Осы Вилни жанында «Сорок татар» атты бір мұсылман ауылы да бар дейді. Бір татар төрт әйел алып, әрбірінен оннан бала көріп, содан қырық татар аталған екен.

Яһуди ғибадатханасына бардық. Үйі биік, көркем етіп салынған. Құлшылықтары екі уақыт: күн шығар мен батарда екен. Мереке күндері үш уақыт. Таурат (Библия) бойынша олар құлшылық етуге кісілерін сырнаймен шақырту керек болатын, бірақ оны неге қолданбайсыздар деп сұрамадық. Құлшылық еткендері - бәрінің алдарында стол үстінде кітапша, соған қарап сыбыр-сыбыр оқиды. Рухбан дары (имам) оқалы киім киген, ол да Таураттың көрсетуінше емес.

Хайуанат паркіне бардық. Төрт құрлықтың түрліше аңдары жиналған. Поляк ғибадатханасын кастьоль, немістікін «калбинский», бағзысын «лютеранский» деп атайды екен.

Князь, төре деу орнына бұлар «пан», әйелдеріне «панна» дейді, қазақта өзін-өзі көтеріп менменсіген адамды «паң» атау бар, осыдан алынған дейді. Енді қай шаһарларды көру керегін бір кісіден жазып алып Венаға кеттік.

Варшавада жалпы қағаз бойынша 756536 жан тұрады екен, мұнан-262821 кісі еврейлер, 10 мың шамалы христиан, өзгесі католиктер. Орыстарға жалпы 5 млн. полякқарайды екен.

14 апрель - дүйсенбі күні жолға шығып кешке Австриямен шекарасына келіп түсіп, бір тәулік аялдадық.

Венада келіп ⁶² «Люсинанға» тоқтадық. Ислам тарихтарында «Иж» деп жазылатын қала осы. Халқы неміс тілінде сөйлесіп «ламса» деп те атайды екен. Қалада соңғы есеп бойынша, 1,5 млн. халық тұрады. Полякқа қарағанда бұлардың түсі қоңырлау. Базардан тілмаш алдырып, парламент үйіне барып, консулға қа- ғазымызға мөр бастырып алдық, өзін көрмедік. Қайтар жолда бакта сайрандап жүрген қатын-қыз, бала-шағалар көріп біздің соңымыздан жүгіріп, мазақтап, топырақ шашыпбілген дүниесін істеді. Байқауымша, біздің киімдеріміз оларға жат көрінген. Мемлекет орталығынан мұны көргенімізге таң болдық, сонда өзге жағдайлары не боп жатыр екен. Мұндайды біз жақта көрсе ғой бұлар «түк көрмеген, ақымақ, надан» деп газеттерге жазсын. Номерімізге қайтқан соң тілмаштың ақысын бердік, сағатына бір «кулдр», «гүлден» деп те атайды екен. Бізше 75-80 тиын шамасында. Трамвайға мініп бірер көшесін араладық. Әр жерде еңбегі танылған батырлар мен қызметі сіңген кісілерге ескерткіш орнатқан. Одан әрі көп жүруге мұршамыз жетпей, мұнда 15 сағат тоқтап, Будапешт пен Белградқа жөнелдік.

Мажар (мадьяр) королінің орталығы Будапештке 17 апрельде келдік. Өзені Дунайға құяды екен, үлкен көпірі бар. Осы қалада басқа вагонға отырдық. Мұнда завод, фабрикалар көп дейді. Австрияға қарағанымен князь өздерінен екен. Вокзалға бір сағат аялдағанымызда байқағанымыз бидай, күздік егін бас тартқан, жо- нышқа орылып, жүзім салған шаруашылық. Дунай көпірінен өтіп бір тау астынан тескен жолдан үш минут жүрдік. Оралдан соңғы бізге кезіккен осы Балқан тауы еді.

Сава өзенінің Дунайға құйылысына жайласқан бұл үлкен қала сұлтан Сулеймен, ибн сұлтан Салим хан заманында 1877

⁶² Хотел – қонақ үйі.

жылы Ресейдің көмегімен дербес корольдік болып шыққан. «Сербия» деп тарихтар жазатын «афлақ бағдан» халқы осылар. Паспортымыз орыс үкіметіне қарайтынын көріп, бізге өте жақсы қарап, не керегімізді сұрап тұрды. Мұнда кеш келіп түнімен жүріп, қаладан кетіп қалдық. 18 апрель сағат сегізде «Прут» қаласына келгенде Болгария басталды, осы жерде паспорт ауыстырдық. Сергород қаласына келіп комрук алдына кірдік, паспортымызды қарап жүгімізді тексерген жоқ. Одан кейін бірнеше кескен, тескен таулардан өттік, жолшыбай қойлар өте көп кезікті. Осы тау жолын «Диргаманский переход» деп атайды екен. Таулары өте биік болмаса да ірі екен. Бізге өзгеше байқалғаны сиырларының бірлі-жарымы басының сары-қасқасы болмаса жаппай ақ еді.

18 апрель түс уағында София қаласына келдік. София болгар корольдігінің астанасы. Қалада бір мешіт мұнарасы көзге шалынды. Қалаға жақыны «Бишута» атты мұз тау. Онан «Аскар» суы ағып қаладан бір талай алыс жерден өтеді. Қала оның бір тармағының бо-йында екен. Поездан түспей жүргенде бір сағаттық жерде «Ахтаман» қаласында бір мешіт бар екен. Ол мешітке баратындарды «арнауд» мұсылмандары деді. «Саранби» қалашығына келіп, басқа бағытқа жүретін болғандықтан поезімізді ауыстырдық. Мұнда күріш еккен- дер көрінді. Жарым сағаттық жерде «Татар базаршық» қалашығына келдік. Мұнда үш мешіт бар екен, жол бойы көргеніміз көгеріп тұрған жүзім. «Сумареса» өзені суы әжептәуір - Дунайға құяды. Мұнан соң бір қала шықты «Бозли» деп хабарлағанымен вокзалдағы аты «Папасли» деп жазыпты. Жолшыбай бір қатар елді мекендерден өтіп, «Мустафа паша» қалашығында комрукта жүгіміз тексерілді. 19 апрель сенбі күні таңертең Константинияға жеттік.

Бұл қала шетте - Константинополь, Стамбул, Исламбул, Константин, Зарград, Сергорд аттарымен әйгілі. Қала ішінен батысы Стамбул, шығысы «Гольта», оңтүстігі «Искидар» мен «Қази куй» т.б. атаулардан тұрады. Мұның жаңа - көне аттары «Жәридә» тарихшамызда жарияланған, оны қайыра жазбаймыз.

Москвадан Стамбулға дейін жалпы 10 сағаттық жол, орыс жерінен Варшаваға дейінгі аралықты жайлап, онан бергісін тез жүріп өттік. Бірақ мұнда келген соң ионан (грек болу керек) соғысы болып, жол қауіпті екен, әрі қарай жүру мүмкін болмай бір жылға аялдадық. Енді асығатын ештеңе жоқ, сондықтан

әулие-әмбиелер зираттарына барып жүрдік. Бір «Қара құлақ» суының жалғасы бойында өте ірі шынарлар бар екен. Қайсар⁶³ заманынан қалған нұсқау бойынша кесуге тыйым салынған.

«Қара құлақ» суы бүкіл Түрік пен Европаға танымал шипалы су. Әр жерде оның сауығын арнайы қақпақпен жауып «Қара құлақ» зәмзәм суы деп сатылады.

Төртінші зул - Хижжа қорғаннан сыртқа шығып ғалым Иброхим Халаби мен Қасым қажы Жаманбала ұлының қабіріне барып зират еттік, бұл кісі Аягөзден еді.

30 апрельден айтқа дайындалып, кешке төрт жерден 84 зеңбіректен оқ атылды. Көшелер панус, кандилдермен күндізгідей жарық болды. «Долме бағча» мешітінде аят оқыдық.

Айнала алты жерде «қану» (бұрышы болуға тиіс) - қала қорғаны ролінде елді мекендер бар: Жеті қала, Чалбуй, Қапалу, Маулана, Адрна, Топ. Әр қайсысының ара қашықтығы бір шақырымнан аса. Қорған сыртынан терең ор — «қандек» — арабша «хандық» қазылған. Бірақ олай етіп ор қазып соғысу арабта болмаған, дегенмен парсылықтардың үйреткені ислам тарихында бар, соған орай бұл атау парсы яки өзге тілдің атауы болуы да ғажап емес. Қазылған қорғандардың көп жерлері қираған. Бір рет оның үстіне шығып та көрдік, қорған тастан салынған, айнала сумен қоршалып, кұрлық қорғанмен бекітілген, мұншалық берік қамалды қалай алған деп таң болдық. Қала осы қорған ішіне үш бұрышты етіп салынған. Көшелері тығыз және тар, негізгі орталық бағытқа қарай кең көшелер салыныпты. Ресми тар көшелер-«зұқақтан» «сұқақ» аталып, кең көшелерді «жада» деп атайды, бізше оны орам дейміз (Зұқақ — арабша көше аты).

Шығанақтың шығысында - Гольта шаһарындағы патша сарайы—«Жұлдыз сарайы» деп аталады. «Тарсонайн тамира», яғни өнеркәсіп, қару-жарақ жасайтын орны (зеңбіректер жасайтын) осында. «Қыз қала» деген бір күмбезге барғанымызбен кіргізбеді. Онда оқ-дәрісақталады екен. Қайсар заманында салынып, Сәйд Баттал Ғазиден⁶⁴ қорқып қызын осы сарайға жасырған көрінеді. Содан бері «Қыз қала» аталған.

⁶³ Ислам дүниесі «ионан патшаларын» «Қайсар» атаған. Мұның мәні тілде қолдану жағынан «императорға» жақын.

⁶⁴ Сәйд Баттал Ғазі — Хазреті Ғалидің «палуан қыз» аталған Дариға атты әйелінен туған Мухаммед — Ханафияның тұқымы. Бұл ат жаугершілікте аса дарынды адамға ғана беріледі, өз аты басқа.

«Қази куй» қалашығына келдік, асылы «Ғази күй» екен, Сәйид Баттал Ғази кезінде салынған. Осылай сайранмен жүріп 1897 жылы 21 май сәрсенбі күні, 13 мухаррамда жер асты вагонына отырдық.

Қайтсе де бұл бір атақты шаһар болған соң аса көп жазудың қажеті шамалы. Тіпті бізден бұрын барып келген кісілер де бар, ерекше «Хирқайы сағадат» сарайында болған ілелік Қари Ғазиз әпенді түрікше сөйлегенде түріктердің өзін жаңылдыратын, өте зерек кісі болған.

Түр нәсілдері әдиб (әдебиетті) Ажмар Мадхат денсаулық сақтау бөлімі бастығының орынбасары тілі мен қаламы бүкіл мұсылман дүниесіне атағын танымал еткен, бұл кісімен сөйлесіп өте көп нәрсені шештік. Жанымызда болған Ахмад Жаудат әпенді «Икдам» сахибы («икдам» журнал, не кітап екенін анық айтпаған, мына кісі не болса да «икдамды» шығарған кісі болуы керек) бір дана өз баспаханасында басылған «МаузуҒат ғұлум» кітабын тарту етті, бізден «Тарих-и жаридә-йи жадида» тарихымыздан бір дана алды. Өзге де ғылыми кісілер, мысалы «Мағлұмат» журналының мұхарриры (редакторы) Жалал Унси Зада (тегі Кавказдан) тағы басқа да көптеген кісілермен ұшырасуға Стамбулда тұрған жүз күннен аса уақыт жетерлік болды.

Стамбул ашылғанша өткен сұлтандар Бурса шаһарында болған. Ислам дүниесінде діни шеберлік негізінде дәріптелетін төрт қалаға «шәриф»⁶⁵ деген атауды тіркеп айтқан. Бурса шаһары ресми болмаса да бесінші шәриф аталған. Стамбул сияқты мұнда да мешіт, мед-реселер көп, оның ең атақтысы «Әмир сұлтан» мешіті. Мешіт көтерткен Әмир Шамсиддин Мухаммад Бухари 1416 жылы дүние салған. Бұл кісі Бұхарадағы атақты Бахауддин Нахшбандидің ұстаз-пірі болған Мир Калал Бабаның ұрпағы болатын. Шаһарда барлығы 24 000 түтін болып, 17 махалла (орам) яхудиер (еврейлер), 30 махалла насоро (несториан), өзгелері мұсылман болып, 300-ден аса мешіттері болған. Бурсада «каплучалар»⁶⁶ жалпы қырықтан аса түрі болған. Каплучалар құрамында әр түрлі күкірт, ащудас т. б. заттар болғандықтан дәрігер емделушілерге қанша уақыт аралығында түсу-ге болатындығын

⁶⁵ Шәриф — мұсылман дүниесінде аса дәріптелетін төрт қалаға Шәриф атауы қосылып аталады. Мысалы, Құдыс Шәриф (Иерусалим). Шам-Шәриф, Бағдат-Шәриф, Бухара-Шәриф.

⁶⁶ «Каплуча» бізше «Арасан» яғни табиғи көздерден шығатын шипалы суларды халық түрліше сырқаттарды емдеуге қолданған.

анықтап беріп отырады. Шаһарға жақын «Қаплучаға» баратын жолда бір жылға бар екен, ондағы суға сабын пайдаланбай-ақ адамдар кірлерін соған жуады. Қала тау етегіне орналасқан, бір жағы егістік тегіс дала, ауасы өте жағымды. Неше түрлі жабайы және екпе мәуелі ағаштар, зәйтүн сияқты ыстық жаққа тән ағаштар да бар, тұт ағашы көптігінен жібек өсіруге мүмкіншілік мол болғандықтан жібек фабрикалары да көп екен. Бұл жердің халқы шеттен келгендерге қарайласып тұратын қамқорлықтары ерекше екен. Сонымен бір ай бұл шаһарда болып, Стамбулға папурмен (желкенді парусник сияқты кеме) қайта келдік. 13 сентябрь күні Бейрутқа қарай папурға отырдық. Жолшыбай арал, таулар, қалашықтар қалып бір тәулікте жолға керек-жарақ алуға Измирге түстік. Измир үлкен шаһар болып, түнде электр қуатымен жарықталып, сәулесі бірершақырымға кетіп жатады. Порттар арнайы кемелермен күзетіледі екен. Мұнан жолшыбай Родос аралы- на тоқтадық. Аралдағы 44 үлкен қамалдың төртеуі мұсылман, өзгесі христиандікі екен. Қазіргі арал әкімі Абидин паша екен. Родостан кейінгі сапарымызда теңіз бен аспанның көгінен басқа ештеңе байқалмаған соң қорқынышты болды. Папур сағатына 12 миль алады (ол 27 шақырым болады). 20 сентябрьде Тораблс шаһарына бір тоқтап онан Бейрутқа келдік.

Бейрутта төрт күн аялдама жасап, бірнеше тәберік жерлерін көріп, қаланы араладық. Бұл қаланы кейін жазармыз, енді бұл жерден Шамға келдік.

Шам-шәрифте Умар аға дегеннің үйіне бір айға үш кісіге 90 ғұрұш, яғни 7 сом 50 тиынға келісіп, сонда түстік. Жұма намазын «Жамиғ Умайяда» (жамиг-жұма мешіті) өтедік. Исламда ең алғашқы атақты мешіт осы болып Уәлид ибн Абдул-Мәлік тарапынан 88 хижра жылы толық зинат, шексіз шығындармен салынған. Тарих оның көркемдігін айрықша баян еткенмен, мұнан бірер жүз жыл бұрын өрттің кесірінен зардап шеккен. Онан соң осыдан 3-4 жыл бұрын тағы өртеніп ең көркем михраб (альтар) пен хайуандарына дейін жанып кетіпті. Оны қайыра түзетуге жарлық беріліп, неше жүздеп адам құрылысқа тартылыпты. Қайта қалпына келтіру жұмысында бізге суреттен керсеткен Жалғыз «манарайы байзо» (ақ мұнара) құрылысының үштен біріне жуықтаған. Жамиғ шығыстан батысқа ұзынынан 190 қадам, ені 75 қадам. Тірек бағаналары 120, бәрі де тастан. Күмбез астында екі тірек бар, тастарын Яманнан, Құддыстан әкелінген, жол шығыны 1500 алтынмен келген. Өрттен бояуы кеткен нақыштары тұр. Жамиғда төрт мазхабтың өзіне төрт михраб бар, ара-

лары 50 кадамнан. Ханафилар михрабы алдында Яхья пайғамбардың басы жерленген, денесі Наблуста болып, не үшін бұлай бөлшектеп әкеткенін сұрап едім, ол кісі заманындағы патша бір ғашығының сөзімен оның басын кесіп, осында қойған, денесі Наблуста қойылыпты. Бір заманда құрғақшылыққа ұшырап яхудилер дұға-тілек еткенмен жауын болмай, ғалымдары жиналып бас қосып, ендігі жалғыз бір күнәсыз пендені араға салып, тілек ету керек деген. Онда кісі Яхья (Жақья) еді десіп қабірін ашып бір қолын алып, дұға етіп халық құрғақшылықтан құтылған. Бұл осылай көп заман өтіп осы мешітті салушы Уәлнд ибн Абдул-Мәлік дәуірінде құрғақшылық болған, мұсылмандар қаншалық жағдай Жасағанымен ешбір септігі болмай Халифа Насоро-ларға (не-сториан) да жаңбыр жаудыру талабын қойып одан да іс болмады. Ең соңы яхуди-лар намазға шығумен жақсы болған. Бұл бірнеше рет қайталанған соң мұнда бір сыр бар деп кісіні яхуди дінін қабылдатып, ішіне жіберген. Олар арнайы сандықта Яхья пайғамбардың қолын сақтап ешкімге сездірмейді екен. Мұны білгесін Халифа оны алдырып, пайғамбар сүйегін бұлай етуге обал деп, Бейрутқа жерлеген. Оның Бейрутта болу себебін сұрап едім, осы уақиға Бейрут яхудиларында болған шығар, сол үшін қолды тасу лайық көрілмей сонда қойылған болар десті.

«Шам»—уәлаят аты, шаһарға қойылмаған. «Хамса шамат»—Шам бесеу: Құддыс шам, Димшақ шам, Торабулс шам, Химмас шам, Турсус шам, Дамаск — бізше «Шам». Нұхтың баласы — Сам әулетінен Димшақ деген бір ұлы өз ұрпақтарымен келіп мұнда орналасып, қала қорғанын өзі бастап көтерген. Көне қорған талай рет қиратылып, қайта түзетілген. Бұл қорған ішінде және бір қорған қирандылары байқалады. Ол Шаддад салған Иран бағы белгілері дейді. Өте берік етіп жасалын қазірдің өзінде, оқ-дәрі қоймасы мен әскери күштің жатағы екен.

«Жамиғи Умайя» Худ найғамбардың үйінің орнына салынған шіркеу, сол замандардан күні бүгінге дейін ғибадатхана болып келген. Худ пайғамбардан кейін нондар, онан кейінгі бутқа табынушылар, соңынан яхуди-лер, онан кейін насоро және соңынан келген мұсылман дінінің алғашқы кезеңінде бұл «юхана кәнисасы» (шіркеу) деп аталған. Содан мұнда исламның келісімен олар күшке басып, бұл шіркеудің жартысын мешітке айналдырады, яғни, мәселені осылай етіп бітім шарты жасалады. Енді, осы бітімнен 70 жылдан кейін 671 жылы Димшақ халқы путқа табынушылармен қатар тұрып мұсылманшылық

етуге болмайды деп наразылық білдіріп, Халифаға шағым түсірген. Оларға өздерінің қалаған жерінен шіркеу салдырып беруге, мешіттің қалған бөлегін мұсылмандарға қалдыруға талап еткен. Бұған насоролар көнбей, бітім шарты бойынша оларға қарсы күш қолдана алмады. Халифаның бұл шағымды қанағаттандыра алмайтынын білген мұсылмандар шаһар сыртындағы Византия императоры (Қайсар) заманынан қалған қасиетті «Құмай шіркеуі» бітімге кірмей қалғандығын пайдаланып қоршауға алады. Егерде мұны мешітке пайдалануға бермесе өртейміз деп қорқытты. Ақыры бұл оқиға насоролардың шегінуіне себеп болып, шіркеуді босатып берді. Мешіттің үш мұнарасы бар: «мизана-эл-Арус» мұнарасы, мұнарайы-ғарбия, мұнарайы-байзо. Әр мұнарасында бес-бестен—15 муазиннен (азаншы) 75 муазині бар. «Мұнарайы байзо»— ақ мұнараға 30 сентябрь күні шығып көрдік, үш жерде тыныстайтын орны барекен, төртіншісі азан айтатын жер (мизана). Алғаш осы мизаналардан қайттық, екіншіде төбесіне шықтық. Бәрі 220 басқышы бар, айналып шығады. Тыныстау орындарын муазин жатағы дейді екен. Бесінші қабаттан төменгінің өзі 15 кез болар.

Жамиғ мешіттің шығысында Хусайнның басына зират етіледі, бұл тірі пенделер үшін ешқандай тәрбиелі өлшеммен өлшенбейтін жүйесі еді. Жамиғның төрт қақпасы бар, түрліше аталады. Қақпа алдында «Қарбыз қалдырған» деген бір су бар, көзінен шыққан су найза бойына атқылап тұрады. Алма мен жұмыртқа көтерген бұлақ көзін Бурсада көріп едік, ал-бұл су қарбыз көтереді екен. Ескіде Мұғауия сарайы осында болған екен. Мұнан басқа атақты мешіттер көп: Санания жамиғы, Даруиш паша жамиғы, қала шетінде «көк алаң» жанында Сулейманның жамиғы. Сулеймания жамиғының есебінен әр күні аштарға нан үлестіріп, аптасына бір рет ас беріледі екен. Ұсақ мешіт, кітапхана, медреселер есебі жоқ, екі жүзге жуық монша бар екен. Шаһар ішінен жеті тармақ («ирмақ»— яки иіріліп ағатын суы бар кішігірім өзен) өзен ағады. Ең азы біздің Шәуешектегі амбу қара суымен шамалас. Айналада 400-ге тарта жылға мен бұлақ бар екен. Бау-бақша, мәуе мен жемістің неше түрлісі, алуан түрлі гүлдер молшылығынан балдың есебі жоқ. Осыған қарағанда «Шам-жәннат мақан» (Шам-жаннаттың иісі келетін жер) деген нақыл да бар. Муса (Моисей) қауымына айтылатын бал мен сүт ағылған жер осы.

Жамиғ құрылысына қатысушыларға әркімге еңбегіне қарай, тек мәрмәр тастарын нақыштаушыларға күндік төлемі бір алтын екен. Құрылысқа сұлтан Абдул Хамид өз жанынан бір нан тағайындатыпты. Қазір мешітті «арус» деп атайды екен, бізше «келіншек» [...]

Мұхаммед пайғамбардың жолдастары (сахаба) мен ізінен ерген (табиғилер) құрметті адамдардың зираттарын санап шығу мүмкін емес.

«Қасию» тауы түбегінде бірнеше жамиғ мешіттері мен медреселері, махаллалары бар, моншалары да өзінде болған үлкен қалашық «Қособа» (арабша бірнеше мағыналы болғандықтан мұндағы мәні «басты қала»). Мұндағы ең атақты зират шайх Мухиддин Арабидікі. Бұл кісі 1143 жылы туылып, 1221 жылы мерт болған. Бұл кісінің талай кереметтері болып, бір күні шаштаразға барған. Ол мұның киіміне қарап, өзге киімі түзу кісілермен айналыса берген. Бұған азаланған шайх: «Роббуннаси тахта ақдами» (адамдардың құдайы аяғымның астында) деп жерді бір теуіп жүре берген. Күпірлік айтты деп бұл хабар сұлтанға жетіп, ол шалды шақыртып «айтқаныңның өзге мәні бар ма?» дегенде «иза дахала син фиш-шын, зохара қоулу Мухиддин» «с» әрпі «ш»-ға түссе Мухиддиннің сөзі анықталады — деп жауап бергенде, мына терең сөзге бастары жетпей түрмеге жауып Мухиддин сонда дүние салған. Бұл сөздер ел арасына кең таралғандықтан Сұлтан Сәлим Шамды басып алған соң Құртал Баба дегеннен сұрап, сол марқұм нені айтқан дегенде «айтылған жерде қазына бар болу керек» деген. Оның өлгеніне де неше жүз жыл өткен, оны кім білсін деп сұраған соң Құртал Баба өзі барып байқап көріп, қазар орнын шамаластырған. Қазған уақытта бірнеше шөлмек алтын шығып, ол қаражатқа мешіт-медреселер салынған. Демек шайхтың «Роббу» — сөзі өз мәнінде болмай астыртын мағынада болып «табынған құдайларың дүние болса, менің аяғымның астында» дегені дәл шықты. Ал «с» әрпі «ш»-ға түссе дегені Сәлим сұлтан Шамға кірген уақытта менің сөзім анықталады дегені екен. Мухиддин Араби мен Құртал Баба арасы үш жүз жыл шамасы заман өткен.

Қасиют тауларының ең үстінде «Маком арбағин» — қырықтар мекені атты үңгір бар. Биікке шыққанға шаһар алақандағыдай көрінеді. Бұл тау арқасы Лубнан (Ливан) таулары қысы-жазы қарлы-мұзды болып төрт тарапқа аққан сулардың бастауы осы тау. Көп пайғамбарлар тұрған жері, құлшылық орындары бар, үңгір арқасында қырық михраб екен. Мұнда келушілерден

ешқашан арылмайды екен де ерекше кейбір мерекелі уақытта көшеге кісі сыймайды.

Шаһардан екі миль, яғни 4-5 шақырым «Қособайы қадам шәриф» деген жер бар, осындағы мешітте бір қара тас бар, қалыңынан жарты кез, бойы бір кез, бір тарапты кез үшбұрыш сияқты. Тас үстінде аяқ ізі бар, осыны Мухаммед пайғамбардың ізі деседі, айтулар бойынша Муса пайғамбардың да қабірі осында.

Осылайша толық екі ай жарым болып, Бейрутқа қайтакеттік. Келгесін трамваймен Бейрутты аралап, Лиманбойын тамашалап көрдік, оның іш жағынан әр тасының ұзыны 27 қадам, теңіз тарап тасы 14 қадам. Бұл тастар қалайша теңіз түбінен көтерілген, қандай қуатпен шығарылған?

Бейрут сұлу жерден орнап, ірілігі Димшаққа жақын. Таулары мен сарайлары елден бос емес, көбі насоролар мен христиан, тілі араби. Түрлі жеміс ағаштарымен тола, құрманы осында көрдік. Папурмен жүріп, жолшыбай бірнеше қалашықтар мен қос обаларға тоқтап, Хайфаға бір жарым тәулік аялдадық. Жүк түсірген жерде ғана 50 мың тақта мен 600-700 жолаушы неше мың пұт жүгімен түсіп қалды. Алты сағаттық жол артымызда қалды, тағы алты сағатта Яфаға тоқтадық. Айнала апельсин, лимон, мандарин сияқты жемістері, бүкіл Европа мен басқа да елдерге апельсин осы жерден жіберіледі екен. Одан Яфадан «шамандофрмен» Құддысқа келдік.

Яфадан Құддысқа (Иерусалим) «шамандофр» төрт сағатта жеттік, арасы 200 шақырым екен. Келген соң жауын-қар болғаннан ешқайда бармай, тек Аюб пайғамбар моншасына түстік, бұлағы ішінде. Осында «һрам» деп айтылатын жерлерге кіріп, Масжиді Ақсоға бардық. «һрам»—ұзынынан 200 құлаш, ені 180 құлаш, осы қоршау іші толық «һрамға» енеді. Оны масжиді Ақсо деп атайды. Бұл мешіт михрабынан есігіне дейін 124 қадам, михраб тарап ені тағы сонша. «Сохротулла»— Алланың құдірет тасы тұрған күмбез сегіз бұрышты, сыртынан әр бұрыш арасы 27 қадам, жалпы айналасы 216 қадам. Осы күмбез ішінде және бір күмбез бар, айналасы 105 қадам. Қалқыма тас (Сохротулла) осының ортасында, оның ортасы тесік, айналасы алқаланған, 68 қадам келеді. Осының астына түсіп намаз оқылады.

Осы қалқыма тастарды ескі қауымдар бірінен соң бірі ерекше қастерлеп, яхудилер тіпті қыбла тұтынып, оны бірде рум (ионан) бірде насоро иеленіп, бірі түзсе, бірі бұзып көп заман

өткен. Оны кейіннен Бухтунассар қиратып, Мусаның асасын өртеп, жазулы тастарын жан-жаққа шаштырған. Мұның соңы ионон қайсарларына (императорларына) тұтасып, мұсылмандардың — Омардыңтікелей басшылығымен оны әжептәуір қалпына келтірген. Кейіннен Уәлид ибн Абдул Малик Омарды бұрынғысынан аздаған айырмашылықпен тағы да кеңітті. Крест жорықтары кезінде Аюбидтардан Сұлтан Солахиддин француздарды қуып, олардың мешіт жанына салған шіркеуін қиратты. Сол кезде қалқыма (қозғалмалы) тас үстіне жаңадан салынған құрылыс қазіргі көріністе.

9 шағбан - 21 декабрь, жексенбі күні «Қособайы Халил» (Ибраһим пайғамбардың лақап аты «Халил», дос мағынасында болып «Рахманмен» қосылғанда алланың досы болып шығады). Қыстақ, яки қалашыққа барып зират (кұран оқу) еттік. Мұнда Ибраһим, Исхақ, Яғқуб, Юсуф, Сара ана т.б. жеті адамның топырағы бар.

Халилдің денесі жер астында, үсті күмбез. Бәйтлахлида бір шіркеуге Исаның (Ғайса) туған үйіне кірдік. Есіктерінде зират қабыл болсын (бұл жерде құран қабыл болсын деген ұғымды береді) деп поптар тұрады екен. Халил қособасы мен Бәйт-лахм арасы бір тас, яғни 7-8 шақырым жер екен.

Мұнда яхуди, насоро бәрі араб тілінде сөйлейді (әс- сәләмуғалайкум десіп сәлем беріседі). Иброхим Халилдің жолы деп мұсылманша киініп оның құрметі үшін десе де өзге жақта өздерінше киіну әдеттері бар.

Сонымен Құддыстан Яфаға қайта келіп папурмен Порт-Сайд, онан Дмят жанынан өтіп Искандария лиманына (порт) кеп тоқтадық. Бонапарт орнатқан зеңбірек қорғанын тамашалап, ислам әскерімен намаз оқыдық. Үлкен «жада» — көшеде Мұхаммед Али пашаға шойыннан ескерткіш орнатыпты, атқа отырғызып бейнелеген.

Электр трамваймен қала шетіндегі мал сойылатын жерге дейін бардық. Ендігі жеткен жеріміз Мысыр Дарун-Наср (жеңіс отаны, үйі) Мысырға «шамандофрмен жолдағы ештеңеге қарамай Хусайн мешітінің жанына келіп түстік. Мұнда Хусаинның басы жерленген. Басы Шамда да бар емес пе дегенге анық жауап болмады. Тарихтағы жазу бойынша Хусаинның басы Шамда болғанымен Мысырда Абадиялар дпнастиясы кезінде өздерін пайғамбар тұтқамыз деп, «фатимилерміз» (фатимадан) туғандар деп, бабамыз Хусаинның басы бізде болу керек деген оймен әкелінген болуы мүмкін. Өйткені олардың билігі бір кезде Мы-

сыр, Шам, Халаб бәріне жүрген. Азхар медресесі мен Али паша жамиғына бардық. Юсуфты салған зынданға бармадық. Жамиғ Мукаттаб тауы етегінде өте сұлу орналастырған. Тау басынан жаңа Мысыр мен ертедегі, Ихрамдар алақандағыдай байқалады. Мұнан әрі тамашалауға суанстан (Суец) — папур қатынасатын орын екен. Ол бір кетсе 15 күн аялдап қаласыңдар деп «Шаман-дофрмен» жүріп кеттік. Суанстанда жолға әзірленіп консулда паспортымызға мөр бастырып жолға шықтық.

1898 жылы бірінші январь Янбуғ шаһарына түсіп, түйемен «Биър Сағид»-Сағид құдығына келіп, онан бірер күнде «Аб-бас құдығы» басынан бізге бәдәуилер шабуыл жасап, жүргізбей төрт күн аялдауға можбүр болдық. Ақыры ортадан 400 риал жиып беріп, одан ары жылжыдық.

10 январь 1898 жылы жетіп кеш тарауих намазына қатысып, ертесіне ораза басталды. Янбұғтың Мәдинәмен арасы төрт көш жер, уақыты 70 сағаттық болды. Түйе сағатына кейде төрт, көбіне үш шақырым алып отырады. Сонда шамамен 200 верст. Әр жерден құран хатым өткізіліп, оған қатысқан карияларға сауғалар беріледі екен. Мені де хатымға қатыстырып, рамазанның 27-сі күні «Ұстуны мағфират» (кешірім ұстыны)⁶⁷ түбінде отырып аяқтап шықтым. Шахар іші мен айналасында толған зираттар. Тарихта жазылғандай «Хандық»—қандәк (атты әскерге қарсы қазылатын ор, окоп) орнын таба алмадық ешкім білмейді екен. Шаһар айналасындағы қорған 951 жылы салынған екен, оны қиратқан соң 1141 жылы Нуриддин Шохид қорғанды қайта көтерген. Қорған сыртында «нахлауи» мазһабынан өсіп көбейген 2000-ға жуық адамдар тұрады екен. Язид малғұнның әскері Мәдинәні басып алғанда қатындарда олардан ұрық қалып, халық олардың туған балаларын мына қасиетті шаһарға жолатуға болмайды деп, қорған сыртына қуған. Олармен құдаласпайды,

⁶⁷ Ұстыны мағфират — ұстуанаты, тауба, яғни тәубе бағанасы. хижраның бесінші жылында Мәдинә мұсылмандары «кандәк» — ор қазып Крайштың он мың әскерінен, әсіресе атты әскерінен қорғанып, үш мың қолмен таршылық көріп жатқанда, бұрынғы келісім шарты мен Мәдинәда тұрған еврейлерді Бани Құрайза рулары 2500 қолмен мұсылмандарға қарсы көтеріліске шыққан. Сол қиянаттары үшін Әбу Лубаба атты сахаба оларға (еврейлерге) өлім жазасын берген. Бірақ жаза орындалмай тұрып Әбу Лубаба өзін күнәһар болдым деп мешітке барып өзін-өзі «тәубе бағанасына» байлап қойған. Соңынан оның айыпсыз екендігі анықталып, Әбу Лубабаның өзі таңып қойған мешіттің ұстыны — «тәубә бағанасы» деп аталып кеткен. Сол бағананы жұрт теберік көріп, соған қарсы қарап намаз оқиды. Соған қарап намаз оқығанда құдай алдында күнәні жуып- шаю деген ұғымнан туған.

шаһарға кіргізбейді. Оларға Шамнан тағы басқа жерден келгендер түседі, мазхаби «рофизи», яғни оларша уақытша олармен некеле- суге рұқсат. Нәтижесінде тұқымдары бұзылған, оларды басқа халықтар жек көріп, маңайларына жолатпайды. «Мират-әл-Харамайн» кітабында осылай жазылған.

Мұнда пайғамбар мешітімен қатар шаһар айналасынан бірнеше мешіттер мен шәхидттердің зираттары қайта өңделді. 45 күндей тұрғасын Янбұғ шаһарына қайттық. Осында топ басшысы қажы Рамазан ауырып, тоқтап қалып едік, ташкендік жолдасымыз бізден бөлініп кетті. Ол қатты науқастанып, салдарынан біз бір ай Варшавада тоқтап, бір жылға қажыдан кеш қалып келдік. Рамазан қажы ауырғанда қаншама қызметіміз сіңіп еді, Стамбулда бізге қолының сұғанағын да көрсеткен, соған да ештеңе айтпаған едік.

Ақыры ағылшын папурымен Жәддаға (Джидда) жөнелдік, жолшыбай суға түсіп ихрам байландық. Шаһарға келгенмен оба бар деген соң, басқа жерге түстік. Дегенмен бұл европалықтардың зиянкестік ниетінен екен, шынында оба жоқ болып шықты. Мақсат, түрік сұлтандарының қадірін кетіріп, беделін түсіру екен. Бұл саясатқа түрік сұлтаны өзге саясат қолданып европалықтарды жер қаптырды. Олар (түріктер) қолға алмаса, сонша жерден арып-ашып келгенімен біздер түкте жасай алмаушы едік. Өзі үшін барғандар көрсетілген тәртібімен жүріп, ал біреудің атынан барғандар тәртіппен ісі де болмай өзбеттерінше лаққандар да көп, тіпті бұрыс пен дұрыстың айырмасын да білмейді. Қажыға байланысты нәрселер көптеген кітаптарда жазылуы толық болғандықтан мұнда қайталау қажет болмас. Қажыдан көрі Жәддаға қайттық. Турисинаға (Синай жарты аралында) келгенде бізді карантинге түсірді, жүктерімізді паралап, өзімізге кендір байлап, кенеп дамбал кигізді. Стамбул арқылы Феодосияға келгенде, мұнда тағы карантинге түсірді, бұл орыстар қолданған алғашқы карантин екен. Бұрын мұндай уақиға болмаған екен.

Соғыс папуры сағатына 20 мильден аса жүре алады екен. Сауда папуры ең тез болса 18 мильден аса алмайды, ең баяу жүрісі 4 мильден кем болмайды екен. Миль - үштен бір фарсах, екі жарым шақырымнан аз артық. Османдықтар әдетінше, бір сағат бір фарсах болып 8 шақырымға тең.

Сонымен Стамбулдан Капаға «шамандофрмен» (кеме) жеттік, жеті тәулікте Омскіге, онан Семейге соғып, дос-жаранның құрметін көрдік. Туған жер Аягөзге келіп, ақыры 27 сентябрь 23 жумадил ұлә жексенбіде Шәуешекке жеттік.

Ақша атаулары: «маталік»—екі тиын, «әурош»—8 тиын, мәжиди—1 сом 60 тиын, «Рупия»—80 тиын, «флори»—95 тиын.

Австрия ақшасы: «грайтца»—бір тиыннан кемірек. 100 грайтца бір доллар екен, бұл да 80 тиынға тура келеді. «Бурум» деген және бір күміс теңге бар, асылы бір руб, демекші бір сом болады.

1314 хижра 25 рамазан—1897 жылы 15 февраль күні Шәуешектен шығып 1316 хижра 23 жумадил-үлә-1898 жылы 27 сентябрьде Шәуешекке қайта келіп, толық 20 ай сапарда болдық.

Біз барғанда имам (шайх-әл-харам) Ғази Мухаммед Адил патша түрік екен. Орыстармен Қырым соғысына қатысқан, әскерде әскери сот (әскер қазыы) болып, ақыры Мадинаға пайғамбар Харамына — мешітіне қызметке келген. Ол өлген соң орнына Осман паша имам болғанын естідік. Оның ұлты черкес болатын.

Отандасымыз Мухаммад Зариф ибн Ясин пайғамбар мешітінде неше жылдар бойында сабақ беріп бала оқытқан, өте ғалым кісі еді, 1904 жылы опат болғанын білдік.

Қазанның Спас оязынан Яңы чаллы ауылында тұрған Абду Саттар қажы әкесі Молла Жабыр Жахангір хан, Бекейхан баласының имамы және қазыы болған екен. Өкеден қалған 20-30 мың сомдық жер мен мүлкін мирас алған, соларынан безіп Мәдинәға кеткен екен. «Қазандық» атты бір медресені салуға кірісіп, әуелі өз қалтасынан, соңынан өзгелер көмегінен 10 мың сом қаржымен салдырған екен. 41 бөлме, бір мешіт, бір сабақ бөлмесі жасалып, оған мударрис (сабақ беруші) имам, назир (бақылаушы) қойып ісі қалыптасқан. Оған ендігі қаражат әр жерден жиналып, кейбіреулер қажыға барып оларға ақша тастап, көмек көрсетумен бөлді. Кейбіреулер қажыға жылына екі рет барып, одан медресенің елшілері келіп, біз жақтан да ақша жинап қайтады. 1907 жылы бір үйде көп халықтан 1700 сом ақша жиналып еді. Осы жерге жеткенше 8000 сомдай ақша жиналған еді, почтамен жөнелттік деиді. Оқушыларына бір мәжидидиядан аилық ақы береді екен, оны екі мәжидияға көтереміз деді. Алайда Ахмад Сыдық пен Абдурахман екеуі медресе елшісі есебінде келгенімен, орыс әкімшілігінеі көп қысым көретін. Жол қиындығынан көптеген мал мен жанды қатар сарп етуге мәжбүр болатын, ауыр азап шегетін.


Мәдинәда тағлым алған дамла Абдулхақ ибн Ғимадиддин қазір Семейдің атақты, танымал имамы. Абдулхақ «Шуро» журналының беттерінде ірі ғылыми тартыстарға да қатысып тұрады.

Мәдинә мектебінің түлегі молда Абдурашит Иброхимов келгесін 1794-95 жылы Уфада қазилық еткен. Кейін Стамбулға кетіп орыстардың мұсылманға істеп жатқан жәбірін жазып, бастырып шығарғанын көрдік. «Рисалайы миръат» деген кітап жарық көрді.

Бұл одан алғаш Қазан мен Бұхарада тағлым алып, ғылым толықтырған соң, Мәккәда тіршілік етіп, сабақ берумен айналысқан, түрліше ғылым саласынан қабілетті, парсы тілінен араб тіліне «Китаби рашахат» пен «Мактубат шарифті» аударған Мухаммад Мурат әпендімен сұхбатта болдық. Мұнда «Мактубатты» аударуға араб пен парсыны қатар меңгерумен бірге бір қатар өзіндік талап-шарттары да бар болатын,

Марғұланнан Ахунжан дамла Мауароаннахарда «хатым кутуб» етіп (түрлі пән кітаптарын тауысып) Мәккәға келіп, онан әрі ғылымын көтеріп, ақыры бірнеше рисалалар (брошюро) жазғанының куәсі болдық. Біз ойлаушы едік Мәдинә халқы бәрі «ансор» (пайғам- бар жасаған һижра уақытында, яғни эмиграция жасағанда көмекші болған Мәдинә мұсылмандары «ансори» аталған) қауымы, Мәккәдағылар бәрі құрайш тайпалар деп, алайда біз барғанда Мәдинәда бары екі-ақ үй — «ансорн». Маккада екі махалла (квартал) жетер-жетпес құрайш қалып, өзгелері бүкіл елге тарқалып кетіпті. Омар ибн Хаттоб Халифа кезінен «қазилар» «ансорилардан» қойылып, имамдар мен ел басқарушылар құрайштан болатын ереже жүйесі енгізілген.

Бұрын біз алғаш Шәуешекке келгенде Алты шаһар халқының жолы Алматы арқылы болғандықтан Ресейге қарайтын. Қашғарияның да Қытайға қарауына байланысты Шәуешекте бұрынғыша Қытайға қарап, өз іштерінен «Шанкия» — ақсақал дәрежесіне тең мәнсап белгіленді. Алғашқы шанкия Ахмад ахун болып, кейін халық көбеюімен шанкиялар да көбейді. Қалаға, далаға, диқандарға дейін шанкиялар тағайындалды. 1909 жылы осы шанкиялар ішінен Турдыхун «шуңзуң» — яғни шанкиялар үстінен бақылаушы болып бекітілді.



МОНГОЛ-ТАТАР ТАРИХЫ

Адамзаттың бабасы Адам Ата ұлы Шис, ұлы Ануш, ұлы Қинан, ұлы Миллаил, ұлы Бурд, ұлы Ухнух, (бұның лақабы Идрис пайғамбар), ұлы Матушлах, ұлы Ламак, ұлы Нух пайғамбар. Нух топаннан кейін үш ұлымен Бабілде (Вавилон) тұрған. Кейін көбейген Хан ұрпағы Африка (Ифрихия) құрылығына орналасып қара араб, зәңгі, барбар т. б. халықтар осы нәсілден тараған. Сам әулеті Арабстан Ғажам (Ирактан бері қарайғы Үндімен аралық) Үндістан өлкелері аралығындағы тайпалар. Яфас әулеті ислам тарихында он бір, монғол тарихында он төрт, атаулары кейде бірдей, кейде басқаша. Ең алғаш Шын мен Тұрақ егіз туған. Кейін тәртібімен Сақ- лаб, Масақ, Құмар, Қалаш, Арыс, Сасан, Бараш, Боқай, Тоқай Сайюн (Сайын), Қажар, Ораз. Шығыс пен солтүстікке қарай неше тайпалар осылардан таралған. Яфастан соң Турақ бұларға әкім болып Ыстық көл орнынан бір шаһар көтеріп, өзінің әкімшілік орталығы болады. Қол астына енген жалпы тайпалар осы айналаның тау мен сахарасында жайылып жүрген. Яфастан орнына Шын мен Турақ таласып үлкендерге жүгінгенде, олар Турақты артық көрген. Тұрақ хан өлген соң, ұлы Қайың мен Түнік екіге бөлінген, көшпелі екі хандық болады. Бұлардан айрылып Шын хан өзіне ерген елімен шығысқа кетіп «Шанчин» шаһарын салып, әкімшілік орталық етті. Шын өлген соң, баласы Машин әкесінің орнына отырып басқара алмағандықтан бір шаһарлық өкімет екіге бөлініп, көшпелі мемлекет пайда болды.

Осы үш хандық Ғажам патшаларынан Кеямурспен замандас еді. Қалың хан қауымы тұрақ, бізге «түрк» аталып, Шын хан әулеті династиясымен «шын» аталып, қазірге дейін осылай аталып келеді. Бізге керегі Түрік хан болған соң, осыған тоқталайық.

Түрік ханнан соң баласы Елші (Илчі) хан әке орнына келіп, бұл біраз уақыт хан болып кейін Дибба Қохан атты ұлы, одан ұлы Киік хан, ұлы Алынша хан болып, осы кезде халқы 60 мың үйге жетіп, «алты сан алаш» деу осыдан қалған. Ол кез мұншалық түтін бірлесіп бір ханға еру үлкен мемлекет қатарына есептелінетін. Алынша хан өлген соң халықта отқа, пұтқа табынушылық тарап кетті. Алыншадан Монғол, Татар екі ұл туып, өлерінің алдында жерін, мүлкін екеуіне тең бөлген. Бірақ Монғол өліп кетіп, Татар

күшпен бәрін өзіне қаратты. Билік Татар ханда болса да монғол бектеріне «хан» деп сөйлеуге тыйым сала алмаған. Монғол елі Лоб көлі, Муран өзені, Тибет тауларына дейін жайылып, татар халқы Алатау, Алтай, Ертіс бойларына дейін тараған. Осыған шейін Ыстық көл орталықтары болды. Бірақ Ыстық көлдің кейінгі халы мағлұм емес. Қытай тарихында да осылай деген.

Татар хан заманы 100 жылға созылып, халқы өте көбейген. Жазулар бойынша Яфастан Алынша хан арасындағыдан бір ғана Татар хан заманындағы халықтың өсуі керемет болған. Іленің батысы, Алатау, Сыр бойы, Хазар теңізіне дейін жайылған. Солтүстікте Орал, одан бері Ертіс, Алтай, Байкал көлі, Амурға дейін, Шығыста Шынның орталығы Шанчин шаһарына, оңтүстікте Тибет тауларынан асып Үнді шекарасына дейін жеткен. Татар хан өлгесін, ұлы Бұқа хан, ұлы Елші хан, ұлы Арсалы хан (Ақсары хан). Одан ұлы Ардақ хан, ұлы Байдуһ хан биліктері болған. Осыған шейін монғол мен татар арасына ала ауыздық болмаған. Осы Байдуһ хан монғолдарды шауып, бұған олар бас көтеріп қарсылық білдіріп, осыдан туысқандық емес, жауласу басталады. Байдуһ өлген соң баласы Сүйініш монғолдармен бірнеше рет соғысып, оларды қайтадан бас идірді. Бұның әулеті 300 жылдай әуелгі биліктерімен қоса, 700 жылдан аса татар хандығының монғолдарға ықпалы жүрген. Сүйініш хан Иран шахы Мәнүшахармен, кейінірек Тұран ханы Афрасияб және Ысфандиярмен дәуірлес болады. Татар ханнан Сүйініш ханға дейін сегіз хан еткен. Ал монғол тарихында Татар мен Сүйініштер арасында бірнеше ата және қилы-қилы кезеңдер өткеннен кенін монғолдардың неге көтерілгенін де баян еткен. Қосқан аталары Байдуһ ханға Жошы, ұлы Жәдік, ұлы Санду, ұлы Қамұх, ұлы Қасур хан, ұлы Абул хан, ұлы Минду хан, ұлы Елік хан, ұлы Айбақ хан, ұлы Киік хан, ұлы Сиунчек хан. Біздің тарих мұны Сүйініш хан деп жазған. Осы Сүйініш ханға дейін 20 хан өткенімен монғолдарда қарсылық білінбеген. Бірақ татарлар бұлардың бектерінен «хан» атауын өшіру үшін «яғбу» атымен аталсын деп бұйрық шығарған. Бұл тек бастық, «бек» болып, «хан» тауынан көп төмен еді. Осы үшін қан төгіс соғыс болып, монғол жағы жеңіліп қайта бой ұсынған. Бірақ бұл жай айтар тілге, болмаса негізінде бас имеген, реті келсе қайта қозғалуға дайын тұрған болатынды. Сүйініш ханның орталығы «Сыртақ» шаһары болған, қазіргі Сайрам көлінің орны екен, бұл ара Тара мен Әулжа орталығы болады.

«Сыртақ» — зинәт берілген тақ, сырлы тақ, мансапқа көтерілген кісіге көшеде «тағыңыз құтты болсын, тағыңызда ағарыңыз» дейтін. Сүйініштің, Тайынғұн хан, Душун хан, Кешул хан — үш ұлы әке орнына таласты. Монғолдар бейтарап қалып, татарлар өзара соғыстан әбден әлсіреп, мезгілі келгенде монғол тайпалары бөлініп өз ханзадаларынан Қызыл Бұға хан баласы Қараханды хан көтереді.

МОНҒОЛ ХАНДЫҒЫ

Осылайша Монғолға татардан бірнеше тайпалар еріп Қараханға қарады. Қарахан Монғол ханның 18-ші тұқымы. Бұл өлген соң ұлы Оғұз хан таққа отырып татар ханы Душун мен Мешулмен кеңесіп Тайынғұн ханмен соғысып, оны өлтірген. Бұл арада өз ажалынан Душун хан өліп, бар қауымы Оғұз ханға қарады. Кешул қорқып, өзі тақтан безіп, татар хандығы жойылып, Оғұз хан татар-монғолға бірдей хан болды. Оғұз хан - айналасындағы көп тайпаларды өзіне қаратып, Иран, Тұран патшасы Каштасыбты жеңіп, әскері Ирак, Ғажам, араб жерлеріне дейін жетті. Осыған дейін татар-монғол тайпалары көшпелі болып, тек бір жерді орталық тұтынатын. Оғұз хан кезінде шаһарларға көңіл бөлініп Хами, Турфан, Яркент, Хотан, Сағун, Қашғар шаһарлары салынып монғолша «әубалық» - алты шаһар⁶⁸ атаған. Ислам басталған соң «Бухарай сағир» (кіші Бухара) аталған. Балһты да Оғұз хан салып монғолша «Балық» дейді, бірақ ғылыми хаттарда соңғы әрпін «х» етіп жазады.

Алынша хан кезінде «мен пәленнің нәсілімін» деп айтуға тыйым салынып, кім хан болса, оның қауымы «мен пәленше ханның әулетімін» деуге бұйрық шығарылған, себебі бір ханға ерген халық «мен пәлен нәсілденмін» деп бөлектеніп, араларынан түрліше келіспеушілік туады деген. Бұл оларға біраз заман өтіп бабаларын, нәсілін ұмыттырып, тек хан аты есте қалатын. «Алынша хан әулетіміз», «Татар хан әулетіміз» деп Оғұз ханға дейін аталып келіп, енді өзгертіліп сахаралық халықты «монғол», шаһар халқын «ұйғыр» деп атауға келісілген, басқаша атауға

⁶⁸ Қаланың саны алтау болғанымен «Хамиге» шек келтіріп отырмын дейді автор, себебі басқа еш жерде тілге алынбай бірінші рет аталып отыр. Алтыншы қала Шәуешек болу керек.

тыйым салынған. Ұйғыр атты қалай шықса шықсын, бір белгілі руға айтылмай, бір жерде жиналып, ұйымдасып тұрғандарға «ұйғыр» атауын берген. Оғұз хан дәулетімен 116 жыл патшалықтан соң қаза болған. Тарихта Оғұз хан атының ерекше аталуының өзі осыдан болса керек. Орнына баласы Күн хан отырып, мұнан соң туысы Ай хан, оның туысы Жұлдыз хан, соңынан Меңлі хан, ибн Ау хан, одан Теңіз хан, ибн Жұлдыз хан, одан Жел (Ил), ибн Күн хан кезектесіп, мираспен хан болысты. Бұл алтауының билігі осал болып, халықтың өмірі толқумен өтіп, ақыры Жел хан кезінде монғол мен татар бөлінді. Татар тайпасы монғолдан бөлініп өз атын алды. Оғұз ханның халқы тек монғол мен ұйғыр аталып бөлініп, қалғандары үшінші «татармен» аталуға келіскен. Араларында көптеген тарихи уақиғалар өтіп, ақыры Жел хан тек монғолға ғана иелік етіп хан болып қалған.

Бұған қарасақ, Алынша ханнан соң елі екіге бөлінген де содан татар билігі жүрген. Монғол билігінен айрылған. Кейін татарлар бетімен кетіп, хандық монғолда қалған. Осындай себептерден Жел ханнан кейінгі хандары тарихшылар «шынғызия», «темурин» деумен бірге «илхания» деп жазған болатын.

ИЛХАНИЯ (ЖЕЛ ХАН) ДИНАСТИЯСЫ

117 жылдар шамасы бұрын Жел хан өліп, ұлы Тау (Тағ) хан билікке келіп осы бетте будда дінінің орталығы таратылады. Содан Тибетте бір отхана салып, орталық етіп брахмандар осында тұрады. Тау хан айналасына әскер салып Шын шетіне дейін барды. Бұл уақытта Шын көп патшалыққа бөлініп, «уаңдық» аталатын жекеленген тайпалары монғолдарға жем болды. Бір рет татарлар мен Шын халқы бірлесе Тау ханға қарсы жорық жасап көріп еді, одан нәтиже шықпады. Өздері қырғын жеңіліске ұшырады. Осыдан Шын халқы атақты қорған соқты. Татарлар да монғолдан қорқып Ертісті тастап, Алтайдың бір ұшына - солтүстік шығыстың түбіне дейін жеткен. Монғол мен татар көбінесе шығыс халықтарымен айналысып жатқанда Қайың хан әулеті «түрк» деген атпен Алтай тауларын жайлайтын, бұлар батысқа, яғни Ферғана, Бұхара, Хорасан уәлаяттарына шабуылдай бастайды.

Таухан Алты шаһарды толығымен алып, інісі Қиянды сахаралық монғолдарға «яғбу»-басшы қойып, өзі «Кура балық» (кітапта «кура балық», «куа балық» деп **екі**түрлі басылыпты) шаһарында тұрды. Қазіргі Қашғар. Осылайша Тау ханның иелігі оңтүстігі Тибеттен өтіп Үндістанға дейін, батысы Сырдарияның солтүстігі мен Арал теңізі, одан ары Орал тауына дейін, шығысы Шынныңшегі болған қорғандарға жеткенше созылған. Осыуақытта бір бөлек қара қытайлар Шыннан бөлініп Тауханға келіп қосылады. Ертіс басының тармақтары Қыран, Қаба, Буршын суларына шаһар салып орналасып, кейін көбейе келе Емел, Буратр, Ұржар, Лепсіге дейін жайылған. Қазіргі осы аралықтан табылған қирандылар қара қытайлардан қалған.

Осының себебімен қара қытайларға «шүршіт-чур-чит»⁶⁹ атауы таңылған, көне тілде «шеттеп жүрген» деген мағынаны (олар өздерін шет қытаймыз деп атайды) аңғартады. Тау хан Илхания мемлекетін барынша кемеліне келтірген. Бұл өлген соң баласы Күлхан хан болады. Бұл да әкесіндей 60 жыл шамасы билік етіп, өлген соң ұлы Мұқан хан билікті алған. Кей тарихшылар мұны түрк ханы деп жазады, дұрыс та шығар. Өйткені Тау ханнан осыған шейін түркілер монғолға қарасты деп есептелетін. Мұқан хан өлген соң, ұлы Тобық хан таққа отырып, екеуінің салтанаты жүз жылға созылған. Одан кейін ұлы Құтлық хан әке орнын иеленеді. Тау ханға дейін 150 жылдан артығырақ уақыт аралығы ел тынышталып, бұларға ешкім тиіспей әркім өз беттерінше мамыражай өмір сүрген. Татар да осы уақытта алғашқы жерлері - Ертіс пен Алтай бойларында орын тепкен.

Құтлық хан бола сала Алатаудан асып Алтай түріктерімен соғысып, одан Мауароаннаһрға өтті. Самарқанд, Бұхараны алып, Амудариядан аса көшті, Иранға дейін барды. Көп олжамен оралып, енді татарларға ауыз салды. Бұл жолында қара қытайдан әскер алып (яғни шүршіттерден) Алтайдың екі жағындағы татарларды шапты. Келер жылы татар бектері кек алу үшін бірлесіп монғолға аттанып, жолындағы шүршіттерді қанға бояды. Одан Турфанға келіп, ел, ауыл бар жерді талап, өртеп, айналасындағы монғолдарды шапты. Құтлық хан бұған ашуланып күз мезгілінде әскер жинап, бұларға қарсы жорыққа шықты.

⁶⁹ Шүршіт — қытай тілінде «ж» дыбысы болмағандықтан «жүр»-дің шүрге айналып, «шет» сөзіндегі «е» дыбысы «і»-ге түсіп «жүршет» атауы «шүршіт» болған. Сонда «шет жүргендерміз» деуі анық.

Бірақ бара олжаға көмілеміз деген жалған үмітке алданып жеңіл киім, аз ғана азықпен шыққан әскер боранға ұшырап, жартысы қырылып, тірі қалғандары шүршіттердің өзін паналап жан сауғалап елдеріне әзер жетті.

Осыдан Құтлық хан жеңіліп еліне зорға келгенде, мезгілі таянып Қашғарды Мауароаннаһрға келген әскер шапты. Түркістаннан бір хан шығып Алатау, Ыстық көл, Іле атрабындағы монғолды шапты. Үнділер Тибетті алып қойды, монғолдар өз ішінен де бүлінді. Осылайша, Құтлық хан өліп, ұлы Іле хан таққа отырды. Кей тарихшылар мұны Илке хан деп жазады. Оның өмір сүрген уақытын да, бірі нижадан көп ілгері десе, бірі біраз кейін деп көрсетеді. Мүмкін аттары ұқсас екі хан болар. Іле хан бола сала айнала жауларымен ептеп келісім жасады. Тибетті үнділерден аман алып қалған. Түркістан, Мауароаннаһр хандарымен араға шекара белгіледі. Бұл тарихта бірінші рет болған - жерге шекара белгісін орнату. Елші салып көршісі Шынмен де мәмлеге келеді. Әке кегі үшін әскер жинап татарларға аттанғанда, татарлар екіге бөлініп, бірі Шынға кіріп бас сауғаласа, екіншісі Орал тауын асып, Еділ бойына шейін жетті. Хазар теңізінің солтүстік және батысына жайылып Дон суына шейін жеткен. Арабтар — «хазар», түріктер — «қыпшақ» дегені осылар - татарлар еді. Татарлар қыпшақтан өзге болғанымен жерлері жақын, түрсияпаттары ұқсас болғаннан қыпшақты татар, татарды қыпшақ деп шатасып, кейіннен екеуі де «хазар» аталған. Тайпалардың жекеленуінің түп-төркіні туысқандық бірлігіне кедергі бола алмайды. Себебі барлығы қырғыз, қыпшақ, татар, ноғай-монғол жынысына қатысты. Тек бұл төрт тайпаны батыста ислам біріктіріп, шығыста монғол-татарды мәжүстік (язычество) бірлестірген. Ал теңізді көне заманда Журжан, Дайлам, Табарстан, Қилан аттарымен атап «Футухат нслами» кітабында арабтар бұл теңіз айналасындағы татар, қыпшаққа қарағанда көздері кішілеу, қысық болғанын сипаттап, татар атын хазарға ауыстырып, кейінгі тарихшылар да бұл сөздердің байыбына бара алмай солай атапты. Кейін ғана қыпшақты хазардан ажырататын болды. Олар теңіз атрабында өмір сүргендіктен теңізді де олардың атымен атады. Осыдан кейін теңіздің өз аты ұмтылып «хазар» қауымы: «хазар теңізі» деп жазатын болды. Бірақ орыстар татарларды баяғы өз атымен атап, монғолды айырмай «татар» деп жазатын болған. Себебі ол уақытта орыстар татар мен монғолды қазақ пен қырғызды айыра білмей ноғайларды — татар, қазақты — қырғыз деп кеткен. Орыстар бұл екі атауға жаңылуы екі се-

бептен туған: біріншіден, алғашқы уақыты 6—7 жүз жыл билік татар қолында болып, сахара халықтарын монғол деп атау сол кезде қойылған. Сол үшін «татар хандығы, татар үкіметі» деп саяхатшылар айтатын. Ал соңыра орыстардың араласуымен таныған татарлар Иле ханнан үркіп, ығысып барғандары болатын. Кейіннен татарлардың Монғолдан келгені де, Оралдан әрі ауып кеткені де Шыңғысқа ерген. Осы себепті орыстар ескі атына қарай монғолын да, татарын да татар деп кеткен.

Кейінгі тарихшылары «всем одна» деп бәріне бір ат беріп, істің анығын біле алмаған. Түп төркінінен сөйлесе ноғай-қазақты-монғол деп, мұсылман екені айтылған. Орыс айтса біліп айтады деп бәрін мойындай беруге болмайды. Орыстың талай аты шыққан білімділерімен сөйлескенімізде өз тарихшылары мен аламгерлерінің айып, кемшіліктерін мойындап жазып алатын. Талайлары орыс тарихын бізбен талқыласып, нақтылы жерлерін «точно так», деп жөндеп алды. Консул Балкашин да тарихты көп оқыған, менімен де Қазан ғұламаларымен де сөйлесіп, талай тарих кітаптарының қателерін тауып еді.

Европа тарихшылары Хазар теңізін Каспий деп атап оған орыстар да еріп кеткен. Бірақ европалықтардың Каспийді бойлап жүрген мұсылман халқын татар деп атауы, олардың шығу тегін білгендіктен емес, орыстардан естігендері.

Иле хан татарлар қашқанын есітіп соңынан кумай еліне қайтты. Татарлар кетуімен Алтай, Обь, Ертіс бойларына хуң, яки хундар орналасты.

Бұлар бір көшпелі халық болатын. Ертіс, Емел, Лепсі, Ұржар бойын жайлаған шүршіттенген қара қытайларды талап, тынышсыз болған соң бұл бишаралар егін, жер-суларын, шаһарларын тастап шығысқа көшіп, өз жыныстарына қосылды. Алтай мен Алты шаһардың аралығы біраз ғана жер ел мекендемей бос қалды. Өйткені хундардың шығыста атағы бар болатын. Шын халқы бұлармен талай рет соғысып жеңе алмаған, сол үшін монғол мен ұйғырлар да сескенетін. Алайда монғолдардың жауынгерлігінен хундар да сақтанатын, нәтижесінде араларында бір айлық жерлер бос жататын болды.

ХУН

Хун тайпасын «Усул» тарихта «хуз» деп жазған, арабтар «ғұз», түркілер — «оғұз» дейді. Қазіргі Маньчжуриядағы «хун-хуза» — дегендер осылар болу керек. Біз, тарихшылар «хун» бағзысы «хуң» тағы бірі «орхун» деп жазған. «Хуң хуз» қытайша қызыл сақал деген, қытай тарихшылары бастығының сарғыш қызыл сақалды болып, қауымы соның атымен аталып кеткен деп жазған.

Ал ауызша айтушылар бұларды Шынның бір халқы болып, алтыншы сатыдағы хандардың біріне тәуелді болған. Фуң Луң дегеннің басшылығымен әр жыныстан адамдар қосылып көбейіп, өздерінен басқаны жау көріп, тауларды мекендеп жүріп басқаларды үнемі талау, тонау кәсібімен өмір сүрген. Осы себепті «хуң», «хуз» аталған. Тарихтағы қызыл сақал атымен істеген ісіне сай келіп, қылмыскерге берілген атақ сипатында да болған. Біз залым кісіні «қызыл азу, қанды ұрт» дегенге парсы тілінде де ұқсас «хунрез» деген сөз бар «қанішер» мағынасында. Ұзақ уақыт бұлар Амур өлкесінің тау мен сахарасынан шықпай көбінесе шыңдармен соғысып, кейде татарларға тиісіп мазасыз өмір кешкен. Ақыры шамамен хижрадан 200 жылдай бұрын бұл тайпалар күшейіп, енді шыңдармен соғысқанды қойып, Атылған хан бастаған 50-60 сан, яғни 5-6 жүз мың қолмен батысқа жорық жасап жолындағы башқұрт, татар, бұлғар, орыс т.б. үлкен-кіші тайпаларды басып Қара теңізге дейін, онан ілгері жылжып мажар (венгр) лахстан (ляхта-поляк болса керек) шегіне барған. Шабуылға шыққаннан кейін үшінші жылы Атылған хан Дунай бойында қаза болды. Бұл өлген соң әскері бірліктен айрылып, соғыстарда жеңіліске ұшырап еліне қайтуға мәжбүр болды.

Атылғанның⁷⁰ Матан атты ұлын хан сайлап, көп қол жинап, Шынға аттанып, қорғаннан да өтіп, Хуннан шаһарына жетті. Барған бетінде өте қатты шабуыл жасады. Шығыс пен батыста хун тайпаларының өзара жасаған жорықтары шырақтың сөнер уақытындағы жалыны болатын. Бұлардың басталуы бұдан 1000 жыл-

⁷⁰ Айтылған хан жайында монғол тарихында толық жазылған депавтор ескерту жасайды.

⁷¹ Бұғұ — қара болуы да мүмкін.

дар бұрын болып, елдің көркейген уақыттары біздің дәуіріміздің алғашқы ғасыры еді. Оның ішінде ерекшесі Атылған мен Матан заманы туып бұлар шамасы III ғасырда өткен кісілер. Матаннан соң мемлекеттері баянсыз болып, ақыры біржола ыдыраған.

Біз айта келген Иле хан 80 жылдай хан болып өлген соң, ұлы Асуалхан болып, ұлы Дудман, ұлы Құжуман, ұлы Қожақ хан болған. Бұлардың уақытында халық өмірі толкумен өтіп, Қожақ хан уағында Алынша хан заң-жобалары біржолата тоқтатылып, әр тайпа өз атымен бөлініп: қырғыз, қыпшақ, ұйғыр, оймауыт, қалаш, қаңлы, торғауыт, қалмақ, қарлұқ, найман т.б. неше тайпалар болып атала бастады. Қалмақ өз алдына Тибет тарапта бөлек бір хандық болды, өзгелері де бас-басына би боп құралды. Осы уақытта Тау ханның Алу атты екінші ұлының нәсілінен «Бұғұкра хан»⁷¹ деген шығып, Сағұн шаһарына хан болды. Алты шаһарды бағындырып күшейе түсті. Амур, Алтай жақтағы татарлар хундардан көп жәбір-жапа Шегіп, ақыры Бұғұкра ханды паналайды. Ертіс басына Сауыр, Сайқан, Тарбағатай, Аягөз, Емел, Илан, Қабырға, Боғда тауы, Жеті өзен, Іле өзеніне дейін келген. Оңтүстік монғолдар көбі осы ханға қарады. Монғол-татар арасы алғашқы жаушылықты ұмытып, өзара құдаласа бастады. Татарлар да буддаға сыйына бастап, ұйғыр мен монғол жолын ұстады. Бұл аралықта Обь, Енисей (Янисей) Ертісті бойлап, шет жүрген татарларды хундар шауып, көп қырғынға ұшыратты. Шабылған татарлар Алынша ханның әруағына сыйынып, бүкіл монғол-татарлар ұйғырларды Қозғап, бұл ұранға Еділ, Дон, Хазар айналасының татарлары да үн қосып, бұған Алтай түркілері Тұрақ (яки Кұрак) хан бастап қосылып, бәрі 200 мың қол болып, Сағұн ханы Бұғұкра хан бәріне бас боп хундарға қарсы шықты. Батыстан татар хан Чамунат жүз мыңнан аса қолмен келіп, бәрі Жайсаң көліне жиналған. «Жайсаң» монғолша ұлы адамдарға яки орасан мол топқа айтылатын мақтаныш лақаб, мына жиын себебімен көл Жайсаң аталған. Қазақ «қасқа мен жайсаң» жиылған жер» деп осындай дүбірлі тарихи уақиғасы бар орынды айтады.

Қасқа - кең маңдай деген сөз, маңдай кеңдігі басының үлкендігіне, бас үлкені ми толықтығына, бұл ақыл-парасаттың тереңдігіне айтылады. Жеке жақсыларын жинаған орынға қолданылады. Жайсанның бұрын не деп аталғаны әзірше белгісіз.

Алтайдың шығысына, жартысы бет алып, жалпы 350 мың әскер аттанып, Алтайдың іші-сыртын толық қамтып жауын таудың екінші жағына асырып, шығыстағыларын қытай қорғанына дейін жеткізіп, қан төгіс майдан болды. Қара хан (Бұғұкра

ханның екінші аты болу керек) екі жаз бойы үздіксіз хундардың ізіне түсіп, қытай қорғанына тірелгенде қарсы алдарынан шын әскері шығып, көптен бергі ашу-ызасын бірақ қайтарды. Хундарды ортаға алып аяусыз шауып, қайта бастарын көтерместей етті. Осымен хунның мемлекеті бітіп, тірі қалғаны қытай қорғанынан ішке өтіп, Шын қарауында қалды.

Монғол, татар, ұйғыр, түркі тайпаларының осы жиында хан, байғұр, т.б. мансаптағы басшыларының бастары қосылып, енді бұдан былай, Алынша хан атын ұлылап, ұран шақырғаннан көмекке дайын болуға, жауды жау, досты дос деп білуге шақырып келісім жасады. Келісім қолдарын қанға малып, арнайы ырыммен белгілейді. Түрік ханы осы бітімге енді. Сағұн ханы болған Қара ханға «Бұғра» лақабы берілген. Түрік ханына «хуа қар» аты тағылды. Осыдан бастап кім Сағұн және Қашғар елдеріне хан болса, оларға «Бұғрахан» лақабы, татар-монғол хандарына «хақан», түрік хандарына «хұңқар» деп атауға келісті. Бұрынғы атақтардың ең жоғарғысы «қара» лақабы болып, ең зор ханға «қара хан» деген атақ берілген.

Сағұн, Қашғар елдеріне болған ханды «бұғра» дегені, хайуанның ең үлкені - түйе, яғни бура деп ханға лақап атақ беруді қолдаған. Монғол-қалмақ ғұрпында осы күні де үлкен мансап иелеріне үлкен жануардың атын тағушылық бар. Мысалы, укурда - үлкен, зор бұқаға айтылады.

Түрік ханын қайратты да тырнақты деп арыстанға тенеп «хуа-арыстан», «қара-қахарлы», «ашулы арыстан, қайратты жолбарыс деген ұғымды береді.

Монғол-татар ханына көнеден айтылып келетін «қан» атына тағы бір сөз қосып «қанқан» деген, соңынан ол «қақан», «қаған» тіпті кейінірек «хақан» дейтін болған. Бұл уақиғалар ислам басталуынан бірер жүз жыл ілгері болып, ислам шығар уақытына дейін созылған [...]

Бұғра хан лақабын алраи Бұғұкра хан - Тау ханның тоғызыншы немересі. Тау ханнан хандық Кул хан нәсіліне ауысады. Тау хан мен Бұғра хан арасындағы аталары тарихтарда жазылмай нассабдарлар (шежірешілер) да оны дол айта алмай, тек тұрғысымен салыстырып, тоғыз баба болғанын есептеп риуаят етеді (кешіреді, айтады). Не болса да Бұғұкра хан өз ықпалымен хан болып «бұғра» атын алған Сағұн шаһарын өзіне орталық етіп, соңыра «болат Сағұн» (болат - араб тілінде дворец-патша сарайы мағынасын береді) «Баласағұн» аталып қазіргі «Астун Артуш» дейтін шаһар осы Қашғарға төрт тас кашықтықта. Бұғра хан осы

шаһарды бірінші рет орталық етіп, кейінгі, «бұғра» лақап әулеті де осы шаһарда хан боп өтті. Бірақ тарихшылар Қашғар ханы деп жазған. Бұл Қашғардың соңғы атағынан, яки білмей жазғаннан болар. Сағұн, Құбалық (кітап «к» әрпімен бастаған) Қашғар шаһарларының тарихы соңғы бөлімге қосылады. Бұл уақыт алғашқы Бұғраның әулетінің ақырғы кезі Мұхаммед пайғамбардың туғанына тұстас келеді. Құтайба ибн Муслимнің Қашғарға келуі осы ханның немерелері заманына тура келеді.

Яфастан Бұғра ханға дейінгі ата тізбегі былай: Яфас ұлы Тұрақ, бізше Түрік хан, мұнан бірнеше ұл бар. Бірінші Қайың хан болып, Түрік хандарының бабасы, ал басқарған елі «түрік әулеті» атымен атағы шыққан Стамбул сұлтандары осыған тіреледі. Түрік ханның екінші ұлы Түнік хан, ұлы Баку хан, ұлы Киік хан, ұлы Алынша ханнан Монғол және Татар аталатын екі ұл тарайды. Монғол хан ұлы Тақой хан, ұлы Сүйініш хан, ұлы Құрақ хан, ұлы Оғұз хан, ұлы Кимаш хан, ұлы Құтлық хан, ұлы Тұғыр хан, ұлы Бодық хан, ұлы Құр хан, ұлы Тұмаш хан, ұлы Гарбұға хан, ұлы Қызыл буға хан, ұлы Қара хан. Осы Қара хан алғаш татар үкіметінен айрылып шыққан. Қара хан ұлы Оғұз хан, ұлы Күн хан мен Ұл хан - Жел хан, Илхания аталатын патшалық тізбегінің атасы.

Монғолдардың Жел ханнан жоғарғы хандары Татар хан мен Сүйініш хан аралығында өткен хандар хан атымен өтсе де негізінен татар хандарына бағынышты еді. Монғолдардың дербестеніп хан болуы Жел ханнан басталған. Жел хан Тау хан баласы. Осы Тау хан нәсілінен Сағұн еліне хан болған, әуелгі Қара хан мен екеуінің арасында болған тоғыз бабаларының аты бізге мәлім емес. Тау ханнан жоғарысы мәлім, бұл жоғарыда жазылды. Тау хан заманы Мұхаммед пайғамбардан 300 жыл бұрын болып, мұның тоғызыншы немересі Бұғра хан бірінші рет «Бұғра аталған». Бұл Бұғра хан мен Сыдық бұғра хан арасы 400 жылдай болған.

Тау хан мен Бұғра хан арасындағы бабалары хан болмағаннан аттары атаусыз қалсын, бірақ Бұғра хан мен Сыдық бұғра хан әулетінің арасында хандық үзілмеген, сөйтсе де хан атауымен әдеттерінен, тарихынан ештеңе мағлұмат сақталмаған, ғажап осы. Ауызша айтылатыны тарихты анықтауға келмейді.

Кейбір тарихта исламға енген Бұғұқра хан еді деп бастап, бұның Сыдық бұғра ханмен арасында Муса бұғра хан, Харун бұғра хан, Елік бұғра хан, Тоғақ бұғра хан, Арыстан бұғра хан, Қодар бұғра хан, содан Сыдық бұғра хан жазылғанымен тарихы

мен жыл санасы (жылдары дәл емес, бірі бұрын, бірі кейін жазылғандар) шындыққа келмейді. Тек әуелгі Бұғра хан мен Харун бұғра хан, яғни «Хамсада» жазылған Харун бұғра хан екеуі Сыдық бұғра ханнан бұрын да, басқалары одан кейін өткен.⁷²

Осыған орай шығыс тарихшылары кейде түркілермен өткен уақиғаларын татар-монғол деп жазып, батыс тарихшылары кейбір татар-монғолмен өткен уақиғаларын түрік деп жазып жіберген. Бұл білмегендіктен, я айыра алмағандықтан, яки көпшілікке азшылықты қосып жіберу (тағлиб) қағидасын туғызған.

ТҮРІК ХАНДАРЫНЫҢ ШЕЖІРЕСІ

Түрік хан, ұлы Хайың хан, ұлы Қара хан, ұлы Оғұз хан, ұлы Көк Алып, ұлы Тұрмыш, ұлы Байтемур, ұлы Будулхан, ұлы Құркұлу, ұлы Сейілхан, ұлы Қара Оғлан, ұлы Қумас, ұлы Балжак, ұлы Құрхан, ұлы Чарбұға, ұлы Сүйініш, ұлы Байсүйін, ұлы Жамақ, ұлы Қызыл Бұға, ұлы Тұрух, ұлы Құртар, ұлы Құмар, ұлы Ұртық, ұлы Күшбек, ұлы Тұғмаш, ұлы Тұғран, ұлы Байбек, ұлы Құтлық, ұлы Чамандр, ұлы Жасақ, ұлы Токтемір, ұлы Санқұра, ұлы Бұлғақ, ұлы Саманқұр, ұлы Қайту, ұлы Тұғран, ұлы Құтлық, ұлы Байтемір, ұлы Қызыл бұға, ұлы Қиан Алып, ұлы Сүлеймен шах, ұлы Ер Тұғрыл (қазақ эпосындағы Ер Тарғын осы), мұның ұлы Осман ғазы (бұны «Османшық» деседі. - Бала Осман мәнінде), асылы Осман чұжық демекші болады. Бала уағынан билікте болғаны үшін Османшық аталған. Румда (Рум-Византия - оны арабтар мен жалпы мұсылман елдері Рум атаған - аудармашы.) бірінші рет сұлтан болған. Осыны қазіргі сұлтандардың бабасы дейді.

⁷² Кезінде татар мен монғол хандарының өз арасында айтыс болып, көп тарихта олардың әулеттерінің ғасырлары мен жылдарын шатыстыруға себеп болған. Мысалы, татар хандары ішінде Сүйініш Оғұз, Жошы атты хандар бар. Бұл атаулар монғолда да бар, түрік хандарында Оғұз, Сүйініш, Қара хан, Құтлық хан сияқты аттастар кез болады. Осыны айыра білмеген татар уақиғасын түрікке, түріктікін, монғолға ауыстырған. Монғол-татар шығыс қауымдарымен айналысып жатқан мезгілде, түрік хандары батыста парсылар мен т.б. ажам халықтарымен тоқайласып жатқан.

Осман Ғази, ұлы Сұлтан Ор хан, ұлы Сұлтан Мурад, ұлы Елдірім Баязид хан, ұлы Чалии сұлтан Мұхаммед, ұлы Мурад хан сани,⁷³ ұлы сұлтан Мұхаммед хан сани «Фатих» лақабын алған, ұлы Баязит хан сани, ұлы Яуз Салим хан, ұлы Сүлеймен хан, ұлы Салим хан сани, ұлы Мурад хан салис,⁷⁴ ұлы Мұхаммедхан салис, ұлы Ахмед хан, ұлы Ибрагим хан, ұлы Мұхаммед хан робиғ,⁷⁵ ұлы Мұстафа хан сани, ұлы Махмұд хан, ұлы Абдул Хамид хан, ұлы Махмұд хан сани, бұл кісі қазіргі тақ иесі. Осман ханға ата жағынан 22 кісімен тұтасады, ал таққа отырғандарды қосып есептесе 34 болады, өйткені бір сұлтанның 2-3 ұлы таққа отырғандары да бар.

ТАТАР ХАНДЫҒЫ ҚҰЛАҒАННАН КЕЙІНГІ МОНҒОЛ ХАНДАРЫНЫҢ БАЯНЫ (тарихы)

Татар хан ұлы Бұқа ханнан бастап Сүйініш ханмен оның үш ұлы Тайынғұн, Душун және Кижул хандарға дейін 20 хан жоғарыда жазылды. Татар хандығы осы үш ұлдан үзіліп, осыдан кейін татарлар бас-басына кетіп, қазақ төрелері сияқты әр тайпаға бір бек, әр руға бір «яғбу» болып кеткен соң әкімдерінің тәртібі мағлұм болмады. Ендігі билік монғол династиясынан Қара ханға өтті. Монғол ханнан Қара ханға дейін 18 ата аттары жазылды. Тау ханнан айрылған бір тармақ Қашғар хандары еді, ол да жазылды. Одан Тау ханнан Шыңғыс ханға дейін жазылды. Тау хан ұлы Күл хан, ұлы Мұқан хан, ұлы Тұсұқ хан, ұлы Құтлұғу хан, ұлы Илан хан, ұлы Абдул хан, ұлы Дмуан хан, ұлы Құжуман хан, ұлы Қожақ хан. Содан Қият хан, ұлы Маңлы хан, ұлы Дуюн Баян хан, ұлы Баяндай хан, ұлы Таштемір хан, ұлы Қабул хан, ұлы Түмне хан, ұлы Дауыл хан, ұлы Дуюн-Баян сани, одан мұның қатыны Алаңқұ ханум.

⁷³ Сани – араб тілінде екінші.

⁷⁴ Салис – араб тілінде үшінші

⁷⁵ Робиғ – араб тілінде төртінші

Алаңқұны Шыңғыстың анасы дейді, ол кате. Бағзылар Алаңқұны Бөденетай, Белгутай, Тұрымтай атты үш ұл тауып Бөденетайдан Байсұңқар, мұнан Жасыбай, осыдан Темучин-Шыңғыс хан туған деседі.

Жасубайды бағзы тарихшылар «ясуи», бағзысы, «язуи» кейбірі «Бисукат» деп жазады. Әмір Темірдің бабалары да Алаңқұ қатынға тіреліп Әмір Темір топырағына солай жазылған. Шыңғыс тұқымы 14 саламен жазылып өтті. Енді Шыңғыстан қазіргі қазақ төрелеріне дейін бір сала жазайық.

Шыңғыс хан, ұлы Жошы хан, ұлы Тоқай-Темур, ұлы Сарыша, ұлы Күнжак, ұлы Туф құл, ұлы Бадақұл, ұлы Орысхан, ұлы Жәнібек хан, ұлы Бадақұл хан, ұлы Бараң хан, ұлы Жәнтекей хан, ұлы Жәдік хан, ұлы Сығай хан, ұлы Ишм (Есім) хан мен Оннан хан. Қызыл және ақ тулы төрелер Сығайдың осы екі ұлынан тарайды.

Есім хан, ұлы Жәңгір хан, ұлы Тәуке хан, ұлы Полат хан, ұлы Әбіл Мәмбет хан, ұлы Әбу Файз хан, ұлы Бөби төре (Бопы), ұлы Солтабай төре, ұлы Барақ хан. Бұл кісі Аягөз дуаны мекемесінде хандығының екінші жылында 1862 жылы опат болған. Шыңғыс әулетінен мұсылман болған хандардың алғашқылары: Шыңғыс, ұлы Бату хан, ұлы Берке хан. Шыңғыс нәсілінен Сарай хандарының ең алғаш исламға енгені. 1233 жылы мұсылман болған. 1283 жылы Шыңғыстың бесінші немересі Қазан хан мұсылман болды. Осы екі ханмен неше жүз мың монғол-татар исламға енген. Берке хан қауымы монғол жынысынан [...] Берке хан заманында қазақ, ноғай деп айтылмайтын, қазақта үш жүз және өзбек атаулары жоқ болатын. Мұсылман болған және болмаған татар-монғолдар әкімшілік жолымен арнайы бөлінбеген. 996 жылы Өзбек хан ибн Тұғрул Менгу Темур хандыққа отыруымен арнайы үгітшілер арқылы көптеген адамдар дінге енді. Отқа, пұтқа табынып өткен аталарының атын айтуға арланады. Түбіміз татар-монғол деуге ауыздары бармайды. Бізді Өзбек хан мұсылман еткен, біздің ата-бабамыз өзбек, біз Өзбек әулетіміз дейді. Содан осылай аталып кеткен...

Өзбектен соң ұлы Жәнібек хан халқын екіге бөледі. Исламды қабыл етпегендерін өз «айын» діндеріне қалдырып, мұсылман болғандарына ислам шарифатын оқытудан бастады. Көшпелі мұсылмандарды үшке бөліп Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз деп ат берген.

Байқотан би Жәнібектің бірінші уәзірі болып, мұның тоғыз ұлы бартын. Бәйбішеден жалғыз Үйсін, екінші әйелінен Арғын, Найман, Қоңырат, Қыпшақ, Уақ, Керей. Үшінші әйелінен Алшын, Жаппас болатын. Байқотан би Шыңғыс ханға уәзір-ағзам⁷⁶ болған Майқы бидің бесінші немересі. Майқы би Шыңғыс ханның атасы Жасубай- мен бір тума, яғни Жасубай мен Майқы би Байсұңқардан туған. Майқы би өте шешен, үлгілі кісі болыпты. «Түгел сөздің түбірі бір түп атасы Майқы би» деген сөз осы кісіге арналған болып қазақта кеңінен тараған. Жәнібек хан Байқотанның үш ұлын үш жүзге әкім етіп, әр-қайсысына тайпаларды бөлген. Үлкен ұл Үйсінге «ұлы жүз» атауын беріп, баласы Жалайырды оған найб (орынбасар) етті. Арғын екінші ұл, оған «орта жүз» атауын беріп, інісі Найманды оған көмекші етті. Үшінші ұл Алшынға «кіші жүз» дәрежесін беріп екі інісін жәрдемшілікке бекітті. Жүзге бөлінген тайпалар өз аттарын сөйлемей жүзін ғана айтсын «ұлы жүз ұлымыз, еліміз» десін, ұсақ аталарға бөлінбесін деп әмір берілді. Егер ұсақ аталарға бөлінсе бірліктері кетеді, тыныштық болмайды деген. Осы әдет Тоқтамыс хан мен Әмір Темір уақиғаларына дейін келіп жетті. Тоқтамыс ханнан соң Сарай үкіметінің қуаты кетіп Жәнібек хан жарлығы ұмыт болды. Содан әркім өзінше кетті.

Жәнібек хан осылай елді бөліп, үш әміршіге тапсырып бітірген істері мен даулы мәселелері болса жазда бір, күзде бір рет келіп дуанға көрінесіз, жақсылығың болса алғысын, кемшілік болса жазасын аласыз деп тағайындаған. Билер сол белгіленген уақыттарында келіп, орындаған істерін баяндап тұрған. Хан оң-солында уәзірлері, ғұламалар мен игі жақсыларға, қазимуфтилерге қарап, мына айтқан сөз, орындаған істері қалмай, тура болса қабылдау, теріс болса үйрету керек дегенде олар айтқандары кітапқа теріс емес, тура келеді деп жауап қатқан. Хан таң қалып: Бұлар кітап көрмесе, мәселелер талқыламаса, өз ойларымен шешкен істері шарифатқа тура болса, бұларға қазим керек емес екен. Онда өздері қазим екен,- деп артықша мақтаумен «қазим-ақ» деген. Ханның осы сөзімен «қазақ» аталған.

Жәнібек хан өте әділ, шарғи мәселелерге жетік кісі болумен «Әз Жәнібек хан» лақабын алған. Әзіз Жәнібек деген сөз, бұл халыққа аса әділдігімен беделді болып көріне білген. Әзіз-арабша «ғазиз» — қымбат, қадірлі деген сөз.

⁷⁶ Уәзір ағзам — бас уәзір, (араб тілінен).

Қорытынды мынау: қазақ халқын өзбек десе көне заманда Өзбек хан қауымы болғанынан, бұл атауға ноғай, башқұрттар да енген. Ал қазақтың үш жүз аталуы Жәнібек ханнан басталатындығын, Нассабдар балаларын (насапшылар) санап-санап үш жүзден арғысын білмейді. Атамыз үш жүз дегені бір ата емес, бәлкім сол үш бөлінген жамағат, қауым аталған болу керек. Қазақта «қазақ» деген ата жоқ, бар деушілер болса ол ойша айтылған сөз, негізі дәлелсіз. Бәрі Байқотаннан тараған деуге жарамайды, тіпті одан болғанда да 600 жылға жетер-жетпес уақытта мұнша халық бір кісіден тарамайды. Қазіргі қазақ үш миллионнан асады. Ал орысқа қараған қазақтар қазір 29-30 ояз және үш миллионнан аса ел боп отыр.

Әр оязда ең азы 12 болыс, не 15-20 болыс, онан да артығы болады. Мұның айналасы әр оязда 15 болыстан есепке алсақ, әр болыста мың үй, онан кем болмайды, бәлкім артық болады, сонда 30 оязда бәрі 450 болыс ел, артығымен 500 болыс болып есептеледі. Әр Үйде бес жаннан барлығы 2,5 млн жан болады. Шынға қарасты қазақтармен қоса есептегенде 3 млн⁷⁷ болар.

Қазақ насабшыларының нақылына қарасақ, осы 1883 жылы үш жүзге 20 атадан қосылады. 20 буында мұнда халықты бір кісіден есептеп шығару шындыққа жанаспайды. Олай болса Жәнібек хан бір неше тайпа елді біріктіріп, бір кісідей өмір сүріп, олардан тұтас бір халық өсіп отыр. Бағзылар қазақты 5-6 млн деп шамалайды, бұл қырғыз, қыпшақ, қара қалпақ елдерін қоса есептегенде. Қазақ халқының тізбегін Ақтайлақ биден нақыл етіп, Бөкен Арал баласының айтуымен Аягөз дуанының (имамы болар, «ахун» деп атапты, «ахунның» парсыша мәні оқыған дегенге келеді) ахуны Шайхул-ислам ибн Мұхаммед Садық жазып беріп еді.

Өзбек баласы Жалаңаш баба, баласы Қырғыз Шұбар, баласы Бутай, баласы Солай, баласы Той, баласы Булантайбатыр, баласы Алаш, баласы Қапи, баласы Байқотан би. Үш жүзге ата осылар. Байқотан баласы Орта жүз, баласы Ақ Сопы, баласы Найман, баласы Өкіреш, баласы Сокурше, баласы Төлегетай, баласы Қытайдан төрт ұл бар. Олар: Қара Керей, Төртуыл, Садыр, Матай. Қара Керейден Байторы, онан Мейрам, мұнан Байыс, баласы Сыбан, баласы Жанкөбек, баласы Нарынбай, баласы Қа-

⁷⁷ Сонда қазақтың ұзын-ырғақ саны 6 млн. астам. Бұл XIX ғасырдың, бірінші жартысына қатысты.

тубай, баласы Байқара, баласы Ақтайлақ би, баласы Кеңесбай, баласы Жарқынбай. Мұның тұқымдары қазір тірі, Аягөз, Семей араларында.

Қапал имамы қарт молда Зокір, молда Тайыб ұлы жазып жіберген нұсқасынан таңдап орта жүз тарауын Сартбай молданың шежіресінен Исмаил Шірікбай ұлы көшірген екен.

Хазірет Анастан Ақ Шолпан, Қорай екі ұл туып, Шолпаннан Қытай, Қырғыз. Қорайдан Аламан, онан Алаш, одан Сейілхан, Жайылхан. Сейілханнан Түрікмен, Жайылханнан Майқы би, Өзбек, Шайбан. Шайбаннаң Қазақ пен Созақ, Созақтан Қарақалпақ.

Қазақтан Ақ Арыс, Жан Арыс, Бек Арыс. Бұл үшеуінен тараған ұлдардан үш жүздің елі қалыптасты. Жан Арыстың Орта жүзге таралған жүз ұлының бірінен Қара қожа туған. Қара Қожа, ұлы кара Көбен сопы, ұлы Мухсин сопы, ұлы Уқаша сопы, ұлы Арқұл қожа, ұлы Дайыр қожа, ұлы Арғын.

Және Бөкей қожа ұлы Палуан, ұлы Өкіреш (яғни Найман шал), ұлы Құрманай, ұлы Ернияз, ұлы Төлегетай, мұнан төртеу: Төртуыл, Қара Керей, Садыр, Матай. Матай ұлы Қалдар, ұлы Тәуке, ұлы Асан, ұлы Жалаң, ұлы Хасан, ұлы Жақсылық, ұлы Сары, ұлы Бөрібай, ұлы Қоралы, ұлы Байкісі, ұлы Досат, ұлы Тенеке, Қолқабай, Бартай. Тенеке ұлы Есімбек, Қалқыбай ұлы Маман, ұлы Асылбек. Сартбай шежіресінің ақыры осы.

Маман ибн Қалқабай, ұлы Сайд Баттал екеуі менімен қажыға бірге барып, қазақ ахуалынан көп хабарлар айтып еді. Міне осы екі тізбекте үш жүзден төменгі бабаларының саны бірі -26; бірі -28 баба, ал үш жүзден жоғарысында айырма өте үлкен. Өйткені бірі Байқотаннан үш ұлының аты - ұлы, орта, кіші жүз десе, екіншісі 300 адамнан таралған әулет дейді.

Бұл екеуінен таралған басқа да көптеген кісілерден сұралды. Үш жүзден төменгісіне аты мен кей жері түрліше болғанмен ата саны бір-екіден артық айырмасы байқалмайды. Үш жүзден жоғарысын бағзылар 16 атамен Иброхим пайғамбарға, бағзылар 20 бабамен Исхарқ пен Исмағұлға жеткізсе де санымен аты және тәр- тібі жағынан нақтылы сенім артуға болмады.

Қай заманнан қазақ ас беріп, ат шаптырғаны мағлұм болмаса да Абылайға ас берілгені жұртқа белгілі. Арғын елінің Хұсайын мырза ибн Боштай, ибн Тұрсынбай 85 жасында дүние салған. Мен ол кезде 13-темін. Бабам 17 жасында Абылай хан асында атқа шауыпты. Үш жүз баласы бас қосып 40 атқа бәйге тігілген. Ас Қызылжарға жақын Қараой деген жерде берілген.

Абылай ханнан кейінгі астарда бұрын-соңды болмаған уақиға, ешбірі 40 атқа бәйге тігіп көрмеген. Тек Сүлеймен ұлы Әділбек Мырза асында қырық атқа дейін бәйге болды, мұны кейін жазармыз. Мұнан бұрын Ботабай қажының асы да үлкен мерекемен өтсе де бәйгесі 25 атқа дейін барған.

Біз жақта бірінші рет асты тоқтатқан атақты кісі 1873 жылы опат болған төре Жамантүк балалары. Жамантүк балалары, мал-мүлкі жағынан бір дуан елдің ұлығы, абыройы жоғары кісі болатын. Балалары мен немерелері ауыл-ауылдарда, ауқатты тұрады. Айрықша ұлы Хасан ірі саудагер; 100 мың сомнан аса байлығы бар болатын.

Қажы Құрбан атасына ас бермей өзі Жайсаңнан болғасын Көктерек, Жайсан, Шәуешек, Бахты т.б. шаһар мешіттеріне бір-бір аттан беріп дұға оқытты. Осымен ас азайып 1908 жылы осы қалған ғұрыпты қайта тірілтіп, Қанағат болыс әкесі Сүлейменге ас беріп, 40 атқа дейін бәйге тікті. Ас Бахты тауы түбінде өтіп, әр үйге бір жылқы, 1-2 қойдан беріп, көпшілік адамдар қойды сойып, соғымын жетектеп кетті. Абылай асынан кейінгі ең ұлы ас осы болды деседі.

Бізге хабар жеткізген Хұсайын мырза Баянауыл дуаны 1821 жылы ашылып арғын елінің әкімшілік орталығы болған, жаңа низам шығуымен мекеме Керекуге, біразы Қарқаралы дуанына қарады.

Баянауылда әуелі аға сұлтан ең үлкені, содан кейін баласы болды. Шорман Күшік баласы кандидат болатын, соңынан аға сұлтан болды. Соңынан Мама төре, одан атамыз Боштай Тұрсынбай аға сұлтан болды. Алғашқы үш сұлтан уағында заседатель лауазымында болатын. Содан Бердалы Қазанғап ұлы аға сұлтан болып, баласы өлген соң Қазанғап өзі болды. Соңынан Әлі төре және Қанқожа төрелер болды. Қанқожа Семей мекемесіне қарағандықтан Бала Шорманов аға сұлтан болып, осы уақта 1869 жылы жаңа низам шығып аға сұлтандыққа тыйым салынды. Мекеме Керекуге көшіріліп «дуан» аты ояз мекемесіне айналды. Хұсайын мырзаның сөзі осы.

Хұсайын мырза арғын елінің ең абыройлы тұқымынан шыққан, мұның бабаларынан Абылай аспаған Сарыбел Мейрамының үш баласы аталған. Үшеудің бірі Сүйіндік Хұсайын Мырзаның сегізінші бабасы, екіншісі Қуандық, үшіншісі Қаракесек. Хұсайын мырза көне және жаңа низамда 42 жыл болыс болып, қазір Зуфар атты ұлы болыс деседі. Бұл кісі көп іс көрген, көп білетін, сөзі табанды адам екен, бірақ сұхбатымыз аз болды.

Ілгеріде өткен Жамантүк Көтібақұлы, бұл Орыс ұлы, Орыс Ерназар ұлы, бұл Қарабас ұлы, бұл Ақша ұлы, бұл Алдаберді ұлы, бұл Шорантайдан, Байыс бұның атасы.

Құрбан қажы өз аты Қоңыз болып хажыда Құрбан аталып келген. Құрбан Кенже ұлы, бұл Естекістен, бұл Атантайдан, бұл Мәметек баласы, бұл Жақсылықтан, бұл Сайболат ұлы, Жұмықтан, бұл Байжігіттен, бұл Тоқтар қожа баласы.

Төртінші Сүлеймен ұлы Әділбек, ұлы Жақаш, ұлы Әли батыр, ұлы Қабанбай, ұлы Қожағұл, ұлы Мәмбет, ұлы Байжігіт, ұлы Тоқтар қожа.

Байжігіттен Мәмбет, Жомық, Тоғас туып, қазір Байжігіт әулеті екі рудай ел болған. Қытайға қарайды. Өзгесі Лепсі, Жайсаң елінде сегіз болыс ел.

Біздің халқымыздың ахуалын жазуға өзге милләтұлт былай тұрсын, көп елдерді басып алып, Шынға дейін жеткен арабтар, шығыс тайпаларының арасын айыра алмай арабтан өзге шығыс халқын «ажам» деп қоя салған, кейіннен түрік, хазар, қыпшақ деп біраз басқаларын да анықтап айта алмайды. Тіпті османдық тарихшылар қаны, тілі жақын тұрғанымен, көбінесе европалық тарихшыларға алақтап, Қырым, Қазан, Астрахань халықтарын татар деп жазған. Ал біз монғол, татар, ноғай, қазақ, қырғыз-қыпшақ тайпаларын жаздық. Алғаш біз бейшара ислам тарихын терең ізіне түсіп оқып, есітіп толық жете алмасақ та осынша жазуға шама жетті.

Басқа халықтардың өкілдері әкімшілік атынан арнайы қаражат бөлдіріп, тау-тас кезіп, ескі жазуларды тексеріп, білетін, естіген адамдармен ұшырасып жазып алумен болады. Өздерін осы жұмысты орындауда көп қиналған сияқты көрсетіп, қазынадан ақшаны үстеме алуға тырысады. Жазғанмен көбін жанынан қосып жібереді. Мысалы, Алтайды «алтын таудан» алынған дегені осыған дәлел. Шығысты тексеруде ең сенімді саяхатшы атақты Радлов орман мағынасында болған «Ал тайга» күрделі сөзінен шыққан дейді. «Ал тайга» монғолша жалпылама орманға айтылғанымен, тау атауымен қосылатындай қатынасы жоқ. Себебі сахарада тұрған орманға да «ал тайга» дейді. Сонымен бір атаудың тауға, әрі орманға айтылуы мүмкін емес. Демек Алтайды алтын тау немесе «Алтайга» сөзінен шықты дегендері жаңылыс, турасы Алутаи «Аюлы тау» дегенін айттық.

Біздің бейшара тарихшыларымыз, бар тауқыметін өзі көріп, шығынын езі көріп, көмекті былай қоялық, зияндарынан аман болуы қиын. Біздің ахун, қазретіміз мемлекетімізде керілмеген кітап пен тарих жазып қалдырғанымен оларға мақтау айта қойған ешкім жоқ, көре алмай жамандап жүргендер бар.

Баласағұн, Кубалық, Қашғар, Бірсажан шаһарлары. Баласағұн салынбай тұрып ұйғыр бектері «Қубалық», яғни Қашғар шаһарында тұрып монғол хандары атынан басқарылушы еді. «Бұғу хан» бірінші Бұғра хан атын алуымен хан болумен Қубалықтан бір күндік жер, яғни 3-4 тас қашықтықта бір шаһар салып, атын «Сағұн» қойды, оны орталық етті. Сағұн - негізінде ұлық, үлкен дәрежелі мәндегі қытай сөзі. Асылы, монғолша «сағұн», Арабтар келіп кірпіш пен тастардан қаланғанын көріп «балат» сөзін қосып «балат Сағұн» деген. «Балат» тастан қалап безенген, асты тастан төселген үлкен сарайдың арабша атауы.

Баласағұн бірнеше ғасырлар бойы сұлтандар мекені болып, Шын, Түркістан хандарының жерленетін орны болғандықтан, кейініректе Сайд Арыстан хан тағын Қубалық шаһарына көшіріп, «балат» сөзін парсы мағынасымен «кошинкор» етіп өзгертіп атаған. Осыдан ғауам (қараңғы) халық аз өзгеріспен «қашғар»-қашқар деп атап кетті, сонымен орталық Қашғарға өтіп Баласағұн 1425 жылға дейін ескі атымен аталып, осы жылы өте күшті жер сілкінуден неше мың халық опат болған, күмбездер құлады. 60 жыл адамсыз қалды. 1483 жылы шамасында оған жақын бір шаһар көтеріліп, атын «Ар-туш» қойды, Баласағұнның аты ұмытылды. Хандар қай шаһарда болсын ескі-жаңа кітаптар Қашғар ханы деп жазатын болды. 1824 жылы Қашғардағы Ысхақ уаң Сыдық Бұғраханнның күмбезіне өңдеу-жөндеу жүргізіп еді. 1902 жылы күшті жер сілкінуден көп кісі шығын болып, күмбездің бір жағы қирап, содан әлі осы қалпында тұр.

Алғашқы жер сілкінуден Қашғардан екі тас жерде «Бірсажан» шаһары да ойран болып, орнына «Устун-Артуш» (жоғары Артуш деген болу керек, өйткені Баласағұн жанында бір Артуш барын айтты) (қалашық) салынды. «Бірсажан» біраз уақыт өкімет орталығы болған деп жазылған көшірмелер (нақыл) бар.

Осы айтылған шаһарлар туралы тарихшылар түрліше хабарлар айтады. Шетел тарихшылары мен саяхатшылары барған жерінен бірер күн, яки аптада халық аузынан естігендерін жинау әдеттері бар, осы қысқа мезгілде бәрін біліп, жазып тез бітіріп кеткісі келеді. Ал біздің бұл жақтың адамдары елдің сырын өзгеге ашқысы келмейді.

Айтса шатыстырып, түйінді жерлерін жасырып айтады. Ал біз, бұлардың өз ішінде жүріп өздерімен бірге өмір сүріп, ғалымдары мен ел басшыларымен араласып, көп жағдайларды сұрауға мәжбүр болсақ, онда олар өз білгенін бізге жасырмай айтуларынан көп хабарларға қанық боламыз. Осы себепті европа-

лық тарихшылар жазған хабарлар мен басылымдарға біздің бұл жазғанымыз кереғар болса ғажап емес, біз олармен санаспаймыз. Ал оларды мақтап пайғамдардай сенетіндер жоқ емес.

«Кубалық» - Қашғардың көне атауы, жалпы сөйлегенде «уу» балық дейді - бес шаһар дегені, «луу» балық алты шаһар демек. Кубалық – уу-балық - Луу балық үшеуі де қытай, монғол тілінен түзілген. Қытайша - у - бес, лу- алты, «балық» монғолша «шаһар».

Куа-куа-куй - қыстақ, ауыл мағынасында, ал «балық» үлкен шаһарлы жерге берілген атау. Қашғарға «кубалық» дегені әуелде қыстақ, соңыра шаһар болған. «Ку-атауы біз жақта естен шыққанмен осман түріктері қыстақ, қалашықтарға «күй» дейді, демек ескі заманнан ауызда қалған сөз.

Ноғайлар Қособаны «ауыл» деген, үлкен жерге «қала» дейді, сарттар «қыстақ» деп, үлкенін «шаһар» деп атайды. Алты шаһар халқы қай жерде қорған, қоршаулы ел болса «шаһар» дейді. Қазақтар қоршаулы елге «қорған», базарлы жерді «кент» дейді, асылы «кунд»-қытай тіліндегі айтуды қолданған.

Жоғарыда Дур - булжуң бөлімінде айтылғандай, Қатановтың жазғанына жүгінгенімізде Ғұбалық Румж шаһары, Баласағұн, Қашғар деп жазылған. Қатановтың тарих пен жағрафия ғылымын білетініне таласым болмаса да, тарихтағы кісі аттарынан сол уақытта дұрыс қорытынды шығара алмаған. Ал біз өз атымыздан «ия», болмаса «жоқ» деуге дәлелді сөзіміз болмағандықтан үнсіз қаламыз.

Тарихшылар «Қудатқу білік» туралы осы кітап атына аса қанық болмағаны үшін біраз түсінік жазу керек болды. «Қудатқу білік - құтатқу білік» боп жазыла береді, екеуі бірдей білік-білу, «құд»-күт (екеуі-құт) дегені бұл арабтың «күтб» сөзінен алынған, тіл-сөз. «Құтб»-әр нәрсенің баянды боп байыздап тұруына айтылады, сол үшін «ұұтб жұлдызы» атауы бар (Темір-қазық жұлдызын айтып отыр). «Құт-бақыт мағынасында, «оған пәлен жерге құт болды» дейді, яғни «сонымен ол бақытты болды» демекші, құттықтағанда «құтты болсын» деу осыдан. Демек «Құтатқу білік»-білімді құптаушы, білімді қаруландырушы, білімді табандатып байыздатушы кітап, яки бұл кітапты білген бақытты болады мағынасымен сарындас.

«Құтайтқұшы» сөзіндегі «шы» жұрнағы қайдан келеді демесін, өйткені Алты шаһар халқын ұйғыр деп, «қылғұчы, қойғұчы» сөзін айтқанда «чы» жұрнағын қоспай сөйлей береді. Мысалы, «ябғұ» мансабы «яймақ» сөзінен шыққан, асылы

«яикұчы» деу керек, бірақ әдеттерімен «чы» айтылмайды, «ябғұ»-жұмыс істеуші, орындаушы, іс басында болушы әкімдерге айтылады. Ал «яимақ» бізше «істеу, орындау». Өзге де сөздерде олар бір әрпін артық, ки кем сөйлейді. Мысалы «барды» «ба», арпаны «апа», «йуқ» (жоқ) «юқсу» өзбекте «йоқса» сөзі бүгінде қолданылады.

«Р» әрпі керек емес жерде «р» қосу, мысалы Муса мен Иса аттарын Мусар ахун, Исар ахун «Бұлғач, барғач» сөздерінде «бұлғачха, барғачқа» деседі.

Ал басылымында кітап атына «құтағұ» жазылған, бірақ «т»-дан соңғы әріп «а» болмай «л» болуы дұрысырақ, өйткені «ғ» мен «л» арасы алшақтау болғаннан «та» оқылып, «д» артықша қосылған, бұл көшірушінің қаламынан жаңылыс, яки жазған адамдар өздерінше бір мағына үшін қосқан болар, олай болса «құтлуғұ білік» боп шығып тәржіме талап етпейді. Ұйғыр жазуларын әріптері ұқсастығынан айыру қиын, басылымда да бір әріптің орнына өзге бірін басу жағдайлары байқалды. Бір жерде «ерса» сөзі «ларса» деп басылған, ал оны «асра» деп аударған, яғни осы сез арқылы аудармашы өз мақсатын жеткізбекші, кітаптың не туралы пікір айтатынын ойламаған.

Бұғраханнның заманына талас болып, төртінші ғасыр хандарынан екені шындыққа жақын деп жоғарыда айтылды. Соңыра «Құдатқұ білік» кітабынан мына бір бәйт (өлең) оқылып жылы анықталды. Ол бәйіт:

Ит алмыш икки ерди дөрт юз иыла
Бу сөзі сүйлідім мән тутуб жан суррә
(Жыл алпыс екі еді төрт жүз жылған
Бұл сөзді сөйледім мен шаттанып тұлғам)

яғни 462 жылы жазып біткен. Мұны Уамбири (Вамбири 462 жыл деп) түсіндірген, бұл теріс. Бәйіт 400-дің 62 жылы болғанда бұл кітапты бітірдім демекші, өйткені бұл жақтың халқы «тоғыздың» орнына «бір кем он», «сегіз» десе «екі кем он» деп санайды. Содан жыл сөзін екі рет қайталауы да осыны дәлелдейді. Сосын бұған тағы да бір дәлел Саманилер династиясынан 360 және бірер жыл шамасында таққа отырған әмір Нұх ибн Мансурдың Бұғраханмен араларында бір оқиға өткенін тарихшылар жазған. Уамбири аудармасы Бұғраханды өз заманынан жүз жылға кеш қалдырған.

Уамбири қаншалықты атақты тарихшы, танылған саяхатшы болса да бір келіп кеткен жолаушы болып, бұл жақтың халқының тіліне аса қанық болмаған, осы себепті сөздерге ат үсті қарап қана жазған. Уамбири жат ұлт, ол тұрмақ біздің өз жынысымыздан шыққан тарихшылар жазуда аттас атауларды шатастырып, ауыстырып жазатынын жақсы білеміз. Мысалы, «Сыдык» дегенді «Сытык», Сатык» деп жаңылып жатқанда Уамбиреге оншалықты қателер айып деп есептелмейді.

Соңы. Қашанда «Бұғрахан» айтылғанда басқа сөздер қоспай жеке айтылса онда «Сыдык Бұғрахан Ғази» деп түсіну керек, қай жерде «имам падшахым лақабы сөйленсе «Юсуф Қадырған уәзір» мақсат етілгені деп 1904 жылы шаһарымызға келген шайх-эшшуюх (шайхтар шайхы, яғни жалпыға ұстаз мәртебесіндегі ғалым адам) Ишанжан ибн Жалалиддин айтып еді. Бұл заттың тәржіме халы (өмірбаяны) соңғы дәптерде келтіріледі. Хандық тоғыз буында бекітіледі. Он төртінші сатыда хан аталу үшін тоғыз жұлдыз санымен тоғыз ата өту шарты өзбек ұрпағының көне заңы дедік. Мұның себебі монғол-қалмақ түсінігі бойынша тоғызыншы атада хан таған орнатқан-мыс. Демек, кім патша болса осы тоғыз ата есепке алынып, сол өткен тоғыз бабасы бек би, әкім болуы керек. Бұл тәртіпті өзгертпестей етіп үлкен таяныш тұтады. Бұл жораны Шыңғыс хан қуаттап бекітіп, кейін ұрпақтары да осылай кеткен. Тіпті кейіннен бұл шарт күшіне кіріп, тарту-таралғылар, бәйгелер, тоғыз-тоғызға айналған. Кейбіреулерге айып тартқызғанда тоғыз төлемі болған, демек, айып саны тоғызға толуы керек.

МОНҒОЛ-ҚАЛМАҚ БАЯНЫ

Жалпы монғол-қалмақ, көпшілік мәжусилер⁷⁸ құдай жалғыз болып, бір кезде «мен жалғыз, теңсізбін, егер менімен таласар шамада құдай бар болса ол менімен, мен онымен бір мәмлеге келер едік» деп ойлапты деген сенімдері бар.

⁷⁸ Мәжусилер — путқа табынушылар.

Сонымен құдай тағала лайықсыз пікір жасағанынан бір мақлұқ пайда болыпты. Оған құдай тағала: мен кіммін, сен кімсің?-десе, ол: сен «яғлан» мен «қарман»-мын депті. «Сен не істейсің?»—десе «үнемі сенен мен кереғар жүремін,—деген, яғни құдай тағала елді түзулікке бастаса, ол жаманшылыққа бастайды. Осыдан жер-ел тынышсызданып періштелер араға түсіп жеті сан (бір сан - он мың) елді Қарманның еркіне тапсырыпбітім жасапты-мыс. Осыдан кейін Қарман бір жерге орналасып отыратын бопты. Қазір әлемге Қарман иелікетіп тұр, сол үшін зұлым жәбірмен әлем тола мыс. Бірақ ол уақыттан бері қаншасы етіпті, қаншасы қалды оныешкім білмейді, тек «бұғди» атты бір кісіні кейінірек айтамыз. Қарман заманы бітумен бұл (бұғди) келеді.Бұғди келген соң дүние бітіп жақсылар оңға, жамандарсолға айрылып әлемнің суреті өзгереді. Қарманныңхтияры кеткенде әлем құдай тағаланың ықпалына өтеді,жақсылық басталады деп, Сулан атты бір қалмақ ламасыайтып еді.

— Сендердің түсініктерің бұлай екен, ал мұсылман сенімінен ештеңе біле алдың ба деп едім: «мұсылмандар жақсылық құдайдан» дейді, бұл да дұрыс, алайда жамандықты да құдайдан деу жарамайды, өзгесі біздікіндей болар деп ойлаймын,-деді. Сіздер құдайға құлшылық етесіздер ме, яки Қарманға ма деп едім: бурханда «Яғлан, Қарман» екеуінің де суреті бар, екеуіне де бас ұрамыз,— дейді. Олардың суретін кім көрген, қалай біліп жасаған деп едім, көңілде сол екеуі болады, деді. Олай болса құдайды екеу деу білесіздер екен, деп ем»,— құдайды біреу деп білеміз, Қарман құдай емес. Ол Ижи хан сияқты бір хан, Ижнге де бас ұрамыз, Қарман да сондай ғой деді.

Демек, олар «жақсылық» құдайдан, «жамандық» Қарманнан деп түсіндіреді.

Бұдан шығатын қорытынды Яфас әулеті тұқым мен рулары жағынан ең көбі болып әуелі Бабылдан (Вавилон) шығумен Үндістан мен Орта Азияға, онан шығыс пен солтүстіктің қиырына дейін жайылып, соңынан батысқа қадам басумен Қарахан, Оғұз хандар заманында Орал, Еділ бойларына дейін және оңтүстікте Азияның батысынан кесіп өтіп Мысыр (Египет) жерлеріне жеткені тарихтарда келтірілген. Яфастың бір бұтағы хун заманында Атылған хан тұсында Сібір бойын толық бағындырып, соңыра Оралдан асып батысқа жылжып, Қара теңіз бен Дунай суына дейін жеткен. Одан кейін Шыңғыс хан әулеті Европаның үлкен бөлігін жаулап алды. Өзбектен Әмір Темір Орта Азиядан шығып оңүстікте Үнді, батыста Бағдад, Шам, Измир мен бүтін

Анатолияны басып алып, солтүстікте бұлғар мен Москваға дейін жасақ шығарып, одан да ары өткені баршамызға мағлұм. Түркі тектес халықтардан Нуриддин, Солахиддин сұлтан сияқтылар «солиб» (крестілер) жорықтарында жаппай Европа мемлекеттерімен атысып, олардан Құддысты азат етумен бірге қаншама елдерді мұсылманға қосқаны сол заман тарихтарында жазылған. Бұлардан соң Осман әулеті Азия мен Европада қаншама жерлерге иелік жасап, Африканы бүтіндей дерлік дәрежеде жаулап алған. Осынша әлемді дүрліктіріп астын-үстін еткен Яфас әулетінің билігі соңғы жағы ыдырауға айналды.

Шәуешек саудагері Қажы Әли Абдуллиннің Самарқаннан алып келген Әмір Темір қабірі үстіндегі жазудың суреті (жазуды араб тілінде жазған екен, оны өзім тәржімәлап жазғанды жөн көрдім). -Бұл ұлы сұлтанның ұйқыдағы орны мәртебелі хақан Әмір Темір. Құраған, ибн әл Амурғой, ибн Әмир Баркал, ибн Әмир Илкар, ибн Әмир Инжл, ибн Қаражар ноян, ибн Әмир Мжулай, ибн Нумрай хан мен он ата насаб (ұрық) Шыңғыс хан осы тұқымнан басталды.

Өйткені Шыңғыс хан ибн әмир Бисукей, бұл Байсұңқардан, бұл Мендухан ұлы, бұл Тутемірден. Бұл Әмір Төме (Тума) дан, Буданжар ұлы болып Темірге де ата болады. Алайда анасы Аланқу 790 жылы төртінші шағбан күні қайтыс болған. Шыңғыс хан мен Әмір Темір бабалары кітаптың басында жазылған, алайда Алаңқу қатын туралы жалған куәлік жазуға мәжбүр етті.

Біз тараптағылар жапон қауымының аты, жынысы, 1883 жылға дейін «Таржіман» газетінің жазумен ғана жалпылама мағлұм болып, онан бұрын тарих пен география ғылымынан хабары барлар ғана білетін. Атын білгендер де бағзылар «жапон», «жауа» халқы деп Қытайға қараған бір тайпа деп ұғатын. Бірақ тарихшылар мен тәфсир жазушы ғалымдарымыз оны барлығын құран аятының мағынасынан білетін. Шыннан ары Мұса пайғамбар үмметінен бір қауым бар деп хабарлаған. Бірақ шынында сол қауым ба, жоқ па оны ешкім айта алмайды, қазір жапондар мәжус (язычник) қауымы. Біз тұрған құрлық пен олардың арасында бір үлкен «Қум» дариясы (теңіз) болып қатынасу мүмкін емес деп «Рух әл-Баян» тәфсирінде жазады. Көне заманда «Құм» дариясы орны құрлық болып, кейіннен су дариясы боп кеткен. Ерте заманда құрлық жерлер суға, су жерлер құрлыққа айналғаны талассыз нәрсе. Кейбір кітаптар «жабылқа» деп жапонды, Американы «абылқа» деп жазған.

«Жұғрофияйы кәбир» — атты еңбекте Жапон аралының тарихы беріледі. Азияның ең үлкен аралдарының бірі - Жапония аралдары Шынның оңтүстік шығысында Мұхит теңізі, одан шығыста, 35 дәреже (градус) солтүстікпен 26 мен 29 дәреже солтүстік ендіктер аралығында. Бір үкіметке қараған төрт бөлектен тұратын аралдар жиыны.

Бірінші оңтүстік жағындағы «Клусиу» (Кюсю) аралы болып айналасындағы бірқатар ұсақ аралдармен қоса жер көлемі 20 мың 552 квадрат миль, сондай-ақ Сикоку аралы айналасындағы аралдармен 110 мың квадрат миль, сосын «Низу» аралын айналасымен қоса айт- қанда 63 мың 446 квадрат миль. Жері 1827 миль келетін «Нифу» аралы бар. Ал жалпысын қоссақ 270 мың 211 квадрат миль. Шынмен аралығын «корей» бұғазы, «жапон» теңізі мен Сағлиан бұғазы бөліп тұрады, жалпы халқыелу миллионға жетеді.

Жапон аралдары таулы, әзендері аса ұзаққа ақпайтын, балқандарының (вулкан) көптігімен жер сілкінулер үнемі толассыз болады, қыста өте суық, жазда өте ыссы келеді, топырағы егіске жарамсыз болғанымен, халқының еңбекқорлығы арқасында қол жеткен табыстары, айтарлықтай, егістері Шынмен бірдей. Алтын, күміс қазбалары бар, бірақ мөлшерден артық қазуға тыйым салынған, сондай-ақ тәп-тәуір бақыр кені де бар.

Жапонияның екі орталығы болып, бірі негізгі есебінде Невон аралындағы 600 мың жан тұратын «Мияко» шаһары. Шаһар рухани орталық болғаны үшін «Микодо» аталатын жапон императоры өзі басқарады. Ал екінші ресми орталық Невонның шығысында 200 мың жаныбар «Иду» шаһары, император бұл жерде ресми әміршіретінде танылып, іс жүзінде «тойку» атымен бір орынбасары болып Жапонияның тәрбие істері, тәртіптері, әскери жұмыстары соған қаратылған. Император бутпарас (бұтқа табынушы) дінінің өкілі ретінде тек діни кейіптегі әмірші, шаруашылық істерімен еш ісі болмайды.

Куриль аралдары Жапонияның бесінші бөлігі болып есептеледі. Ал халықтары көбінесе қытайға ұқсас. Шет халықтарымен араласулары өте аз, ескі заңдары бойынша кім шет мемлекетке кетсе, қайтадан қабылданбайды.

Жапония елі Кура теңізінен шығыстағы елдер мен Ралдардан түзіліп, ол екіге бөлінеді: бірі жапонның өзі, екіншісі «матсима» үкіметі. Біріншісі Невон, Сикоку аралдарында, екіншісі кішілеу, халқы да азырақ солтүстіктегі «изу, жука» мен Куриль

аралдарына орналасқан. Жаион астанасы «Иду» шаһары Невонда орналасқан. Бұлардың қай уақытта, қай жақтан келіп осы жерде пайда болғаны жайында анық мағлұмат жоқ. Мұсылман жыл санауынан бұрынғы 2000 жылдық хабарлары анық берілмейді.

Қытайлардың ауызша хабарларында олар бір көне заманда балық аулап жүріп қытай әйелдерімен қатынас жасауға жағдай туып, кейіннен олар қатынасумен қытайдан қаншама адамдар сонда кеткен. Бағзылар бір заманда Жапония жері құрылыққа жалғас еді, кейіннен жер төмен түсіп, аралда қалғандармен қатынас болмағандықтан олар өздерінше дербес дамыған. Әрқайсысы өз араларынан бірін басшы қойып, соған бағынатын болған. Хижа жылынан екі мың жыл шамасы бұрын Кюсю аралынан Ари-Манку атты бір бек мол әскермен бүкіл мемлекетті жаулап, өзін «микадо» деп жариялаған. Қазіргі микадолар сол Ариманконның 123-ші микадосы екені тарихтарда жазылған дейді. «Микадо» — көктің ұлы демек. Ариманко елді біріктіргенімен, ол өлген соң халық ыдырап әуелгі қалпына қайта түскен. Осылай мың жылдай тұрған. Бұл уақытта Шын, Қытай өкіметі монғол-татар шабуылынан алаңдап, хундардың жорықтарынан өте қатты абыржулы болатын. Ақыры хижа жылынан 800 жыл шамасы бұрын ұлы қытай корғанын көтерген, бұл уақиғаға кейін ораламыз. Бұл жақ - бекітіліп монғол-татар шабуылынан аман болған соң қытайдың хандарының сегізінші сатысы Сицаң Хункади хан барып Сикоку аралын хижа жылынан 77 жыл шамасы бұрын басып алады. Бірақ жапондар «Сағұн» лақабымен шыққан бір кісіге еріп, бір жан болып көтеріліп, қытайларды аралдан қуып шығып, Кореяны да басып алады.

Білер жүз жыл Кореяның билігі жапондарда болады. Соңынан қытайлар жапондарды Қытай мен Кореяның жерлерінен қуып шықты. Екі-үш ғасыр бойы осылай жеңісіп-жеңілісіп жатты. Хижа жылынан білер жүз жыл ілгері бітім жасалды. Жапондар «будда» дінін қабыл етіп, қытаймен өкіметі бәлек болғанмен діни жолы бір-лесті. Білер ғасырдан соң арал бектері тағы дербестеніп алды. Өзара айтыс-тартыс, бақталастықпен 6-7 жүз жылдар өткен соң 1283 жылы шамасында европалық бір жапон аралдарына тап болды. Жапондар оларды жақсы қарсы алып, қонақ еткен. Олар елдеріне қайтып осы мезгілден бастап европалықтар жапондарды білін, сауда қатынасын жасай бастады. Европалықтарға бұлар құрмет көрсетсе, пайдасы тию былай тұрсын, «ах» дегізбей қоймайды. Адамгершілікпен сыйлайды демейді,

бізден қорықты деп, түсінеді. Содан барып олар миссионерлер жіберіп енді католик дініне шақыра бастады. Жапондар алғаш христиандық будда дінінен айрықша екенін білмей, екеуінде де сурет бар болған соң алданып қалады. Бір жағы, жапондықтар будда дініне аса фанатизмі жоқ болып қарсылық былай тұрсын, өздері дін қабылдап, онан әрі миссионерлерге көмек етіп, аз уақытта көп адам дінге, кіреді. Бұдан миссионерлер мақтанып, тәкәппар кейіпте өкімет билігін алу, христиандардан билеушілер сайлау туралы да сөз көтере бастады. Жергілікті өкімет осыдан кейін оларды жалпы қауымдарымен әр аралда 10 мың, 20 мыңдап қылыштан өткізді. Бұл 1600 жылы шамасында болған.

Бұл уақытта әр аралда бір бек болғанымен миссионерлер туралы ауыз бірліктері болды. Осы уақиғалардан соң ешбір еуропалықты елдеріне кіргізбеуге, өздерінен ешкімді шетке шығармау туралы заң қабылданды. Кім шеттен қол созса, оған қарсы мал-жанды пида етуге келісті. Осы 1600 жылдары «Аяса» деген біреу таққа мініп, олардың істерін әжептәуір алға бастырды. Ол бектерге өте шебер жанасып, бірін уәзір, бірін би етіп тілдерін келтірген. Алайда ол 20 жыл билік еткен соң опат болып, бектер қайта қозғалды да әйтсе де Аяса заманының тыныштығын көрген халық бектерге аса шектен шығуға жол бермеді.

Миссионерлер өлтірілген соң жүз жылдан аса уақыт жапон халқы еуропалықтардан байланысты үзіп, 1705 жылдар шамасында Америка сауда үшін жапон аралдарынан жол тауып келісім жасады. Мұнан кейін Ресей, Англия, Франция да осылай келісіммен саудаласа бастады. Бірақ жапон халқы олардың саудасынан ұзамай ептеген қиыншылықтарды сезе бастап, жергілікті үкіметтерінен шет ел саудасына берілген артықшылықтарды тоқтатуды талап ете бастады. Ол айтқандары орындалмаған соң кейбір үкімет адамдарын өлтіріп, шетелдіктерге де қарсы күреске шықты. Үкімет оларға қарсы шара қолданып, іс онан әрі насырға шапты. Шарасыз бектер бірлесіп Невон аралының әміршісі «Кумаку» атты микадобынан өтініп, шетелдіктерді елден қууын талап етті. Микадо ежелден-ақ бұл келісімнен тыс болатын, әрі бектер өздерінше шетелдіктерге берген артықшылықтарға риза еместін, өйткені олар бектерді түрлі жолмен қолға түсірсе, өз пайдасына жететінін біліп іс істеді. Міне енді бектер де, халық та өтінішпен алдына келуі микадоның мақсатына сай келді. Сонымен 1863 жылы шамасы өз халқынан, жалпы аралдардан бірнеше мың кісі жинап үлкен кеңес өткізеді. Жалпы шетелдік еуропалықтар мен американдықтарды біржола қууға шешім қа-

былданып, халық тікелей оларды өлтіру мен талауға айналдыра бастаған соң, европалықтар мен американ соғыс папурлары (кеме) оларға кім екенін танытты. Жапондар қанша жанкештілік жасағанымен құралсыз ештеңе жасай алмай, шарасыз, келісімге келуге және не десе де қабыл алуға мәжбүр болды. Саудагерлер тіпті еркіндеп кетті. Бұл жапон халқына үлкен сабақ болды. Енді европалықтар сияқты қаруланбайынша, тәртіп орнатпайынша оларға қарсы тұру мүмкін емес екен. Сол үшін жаппай бектер мен халық келешекте осыны есепке ала отырып, енді біржола өз еріктерін микадоға тапсырып, оны абсолют әмірші етіп бір билікке бағынды. Осы аралықта Кумаку опат болып, орнына қазіргі микадо «Мотсукито» он бес жасында таққа отырды.

1283 hijra жылы, 1867 милади жылы бұл жас микадоны уәзірлер өз кеңесіне ендіру үшін күш салып, кейбір уәзірлердің қолайсыз істерінен мемлекетке қарсы наразылық туып, ақыры біраз құрбандармен микадотарапы жеңіп шықты. Микадо өз жақындарынан билікті қолына толық алды. Бұл жолы басты тұлға микадоның жақындарынан «Арюғба» аталатын ақыл иесі, тәжіри- белі адам еді. Бұл бектер мен бекзадалардан бр кеңес түзіп, бүгінгі күні іске асырылып жатқан дәстүрін жариялап, орталық есебіндегі «Ядо» шаһарын «Токио» атауға шешім жасады. Бектер микадо тарапынан уәкіл есебінде өз орындарында отырғанымен 1800 жылдары бектік тоқтатылып жалпы аралдарды микадо өз басқа- руына алды. Мемлекет губерниялар мен түрліше басқару аппаратына бөлінді. Алғашқыда шетелдіктерге қарсылығы болғанымен, енді оларды достық шыраймен қарсы алып, жөні келгенде жастарын шетелге оқуға шығарып, европалықтар да бұл жағдайда тек тұрмай, оларға өнер-білім үйретіп қатынастары жақсара бастады.

Жапондар адамгершілігі мол, өте қабілетті халық болғаннан аз уақытта гүлдене өсіп, ғылым мен техниканың дамуынан европалықтарды қуып жетті. Ғылым мен мәдениет қайраткерлері Европаға саяхат жасап, саясат пен діндерді тексере бастады. Жапония дін іздеп жүр деп әркім оларға есігін айқара ашып қойды, қайда барса шектен тыс құрметке ие болды. Осы айламен Жапония жалпы Европаның сырларына қанығып, өнерлеріне ие болды.

Жапондардың негізгі мақсаты осы болып, дін емес 1880 жылдар шамасы, сұлтан тарапынан бір папур Жапонияға достық сапармен барып, жолда апатқа ұшырады. Біраз адамдарды Жапония папуры құтқарып Стамбулға әкелді. Стамбулда бізге олар ту-

ралы-айтушылар: мешіт медреселерге кіріп, ислам дінін мақтап кетіп еді, әлі нәтижесі болмады, барлық істері саясат, бірақ өте зерек халық, ақ-қараны айыра біледі, егер бір дінді керек етсе исламға да енер еді десті.

Жапония осылай күшейіп алған соң Кореяға көз тігіп, Корея-Қытай қорғауында Жапониямен аралары суып 1896 жылы соғыс туды. Жапония басым болып Бажинді басып алатын болған соң орыстар араласып тоқтатты. Корея корольдігін Қытай мен Жапониядан бөліп, Жапонияға Фармуса аралын беріп қайтарды. Араға түскен ақысына орыстар Маньчжурия мен Порт-Артурды иеленді. Ресейдің бұл саясаты Жапонияға өте ауыр тиді, өйткені Порт-Артур Жапония үшін өте бағалы болатын. Бұл үшін үлкен бір соғыс болуы анық болып, жапондар қатты дайындыққа кірісті.

Ал орыс үкіметі бұл тарапқа аса көңіл бөлмей, осы уақытта Маньчжурия темір жолы ашылып, енді бізге кім ол жақта қарсы болса неше мың әскерді жеткіземіз, бізге қарсы шығар күш жоқ деп, бір қате ойға барды.

Алексеев деген біреуді Маньчжурияға наместник етіп жіберді. Алексеев Корея королін өзіне қарату мақсатымен келіссөз жүргізе бастады. Жапония бұнан секем алып Алексеевтен де, соңынан орыс үкіметінен де жөнді жауап ала алмады. Бұл Жапонияның намысына тиіп, Корея тұрмақ Маньчжурияда не ақын бар деп дауыс көтеруге айналды. Ресейдің ішкі мақсаты да осы себептен Кореяға кіріп, Жапонияға мықтап соққы беру. Жапонияның мақсаты Корея, Маньчжурия, Порт-Артурды Ресейден айырмақ болатын. Екі жақтың ойы бір нүктеге түйісіп, ақыры 1904 жылы, 1904 милади жылы январь айының ақырында соғыс басталды. Севастополь шайқасы (кейде оны «Сесале» мен Қырым соғысы деп атайды) болып орыстар жеңілген, көп адам, мал шығыны болған. Бірақ ол орыстардың атына сөз емес, атақ келтірді, өйткені сол соғыста жалғыз Ресей үш үлкен мемлекетпен тоқтаусыз үш жыл соғысты. Соңынан ұзамай Орта Азияны басып алып, бұл жеңіліс әлемін қайтарды. 1877 жылы Осман түріктерін жеңгені де өзге мемлекеттерді үркітіп қойды. Себебі «түрікпен ұстауға тастан жан, темірден тән болсын» деп дәріптеуші еді. Осындай елді жеңгені олардың зәресін алды. Осыдан барлық жерде орыстың сөзі өтімді болып, басқа халықтар да орыс білмей айтпады деуге айналған, ептеп орыстар да осындай жеңістен бастары айнала бастаған болатын. Енді болмаса жер тәңірісі болуға айналған мемлекетті Жапония адам қатарына қайта қосты.

Бұл ауыр сөздер Ресейді жамандау, Жапонияны мақтау емес, келешекте тарихтан сабақ алу үшін. Өйткені кемшіліктерден қорытынды шығару үшін Орыс үкіметінің арқасында қауіп-қатерсіз өмір кешіп жатқан біз, әрине басқалардан орыстың жеңілгенін қаламаймыз. Орыстың жеңілгені бұл ғана емес, бұрын да болған, бірақ орнына басқалары пайда көріп отырған.

Соғыс басталғанда халық екі түрлі ойлады: бірі жапондар өнерлі халық жеңеді десе, екіншілері Жапониядай жаңа, кішкене мемлекет Ресейдей зор елге қарсы шығар шамасы болмас деді. 1905 жыл орталарында Витте атты бір министр Америкаға барып сентябрь айында келісім жасалып, соғыс тоқтатылды. Ресей теңізде де, құрлықта да жеңіліске ұшырап, баршамызға мағлұм іс болған соң жазуды қысқарттық.

Бітім туралы хабар шыққанда Жапония Ресейден Қамчатка, Сахалин, Амур, Владивосток, Байкал, Үркітті алмай келісімге келмейді. Ресейді бірнеше млрд теңгеге қарыздар етер десті. Біреулер бұл соғыс нәтижесі әлі мәлімсіз, егер мұнан әрі шайқасты соза берсе, Жапония үшін қиын болар еді. Өйткені Ресей сияқты құдіретті мемлекетті осыншалық жағдайға келтіру Жапония үшін аз іс емес, оған қанағат етпесе, Ресей қосымша күшін Шығысқа жақындатып алғанын есепке алады. Бұны олар да ойлайтын болар десті. Шынында жеңгеніне қарай Жапония тез тоқталды. Келісімге қарай Сахалин аралының жартысы Порт-Артур қамалы, Маньчжуриядан біраз жер мен Корея Жапония ықпалына өтіп, темір жол мен теңізде олжаға түскен папурлер де Жапонияға берілді, аздаған соғыс шығыны да төленді.

Бұл туралы Виттаны⁷⁹ бүкіл Ресей қуанышпен құттықтады.

Бітім болғанымен, бүкіл Ресейде толқулар басталып, халық бірқабат талаптармен шығып, біраз талаптарын орындатты. Патшаға манифест жариялатып, нәтижеде зорлықпеи христиан дініне кіргендер - қанша мыңдаған мұсылмандар өз діндеріне қайтты. Ертіс бойларында қазақтардан да қаншалары христиандықтан шықты. Бұрыны бүкіл Ресей мұсылмандарының бір ғана «Тәржіман» (аудармашы) газеттері шығып тұратын, енді қазақ, татар тілдерінде газеттер де шыға бастады.

Қазір «Хаят» («Өмір»), «Нұр», «Қазан мухбири» («Қазан тілшісі»), «Таң», «Иқбал» («Өрлеу»), «Ұлфат» («Достық»), «Азат», «Иршад» («Жолбасшы») газеттері жарыққа шықты.

⁷⁸ Мәжусилер — путқа табынушылар.

Кітаптар мен рисалалар (альманах) басыла бастады. Қазір үлкен кітаптарды да бақылаусыз (цен-зура) басып шығаруға рұқсат талап етіледі. Жеке бас бостандығы да жария етілді [...]



10.ШЫН МЕН ҚЫТАЙ ХАНДАРЫ 1908 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ШӘУЕШЕК ТАРИХЫ

Кітаптарда «Чин», «Чин-мачин», «Фағфұр-Чин» деп жазылып, ауызша «Қытай», «Хата» деп аталады. Аздаған тайпалар «шүршіт» атанғанымен өте көп рулардан құралған. Жаңа нizam-тәртіптерде европалықтардан төмен болғанымен, қонун қадимда (көне дәстүр) өте ертеден келе жатқан, жер бетінде халқы ең көп мемлекет деп есептеледі. Бұлардың патшалықтары өзге мемлекеттермен салыстырғанда өте ертеде пайда болған, біздің ислам тарихтарында олар өте қысқа жазылған, адам санын да дәл көрсете алмаған, әйтсе де 300 млн екеніне таластары жоқ, артығына талас болады. Олар өз географияларында жан санын 28бүтін «сниц»⁸⁰ бар, ең аз «сниц»—100 млн жаннан кемі болмай, кейде одан да аса «сниц» бар екені жазылған. Европалықтар бұларды «будди», «будда» канфучия дінінде деп, мұсылмандар «мәжүс, мушрик» деп жазады, ал сенім айырмашылықтары «Миләл уа нихәл» кітабында жазылған.

Қытай діні туралы бір үлкен данышпаннан сұрағанымда «ерте заманда жер жүзін су басқан, халық қырылған, осы кезде «Лу Уац» атты бір кісі мол мүлкі, бала-шағасымен аман қалған. Біз сол айтқан жолымен жүріп, соның айтқанын істейміз. Осылай мың жылдан аса келеміз, ал басқа тайпалар бұл жолдан айнып

⁷⁹ Витта — келісім шарты.

⁸⁰ Сниц—әкімшілік бөлінуі. Жарты сниц — жарты аудан жері деген ұғымды береді. Ал тұратын халқының саны жарты аудандары бүтін, яғни толық ауданның тұрғындарымен бірдей болған.

кеткен. Айрықша маузи, қағу, яцғу, яғни орыс, француз, ағылшындар - бұлардың дінге бағынуы жылма-жыл өзгеріп тұрса да қытайдан көп дегеніне сенуге болмайды. Оларға қарағанда бір бағытта келе жатқан исламның неше есе артық екенін мойындауымыз керек.

Сол үшін біздің ескі данышпандар өз дінінен тайса ислам дінін қабылдап, осы уақытқа дейін біздің халқымыздан исламнан өзге дінге де енгені жоқ. Егер біздің халық дінін өзгертсе сөзсіз исламға енуі керек, себебі өткен ата-бабаларымыздың бастаған жолы осы деді. Бұл кісі дана болғаннан менімен осылай ашық сөйлесті, өз білгенін бөліске, ортаға салды.

Оның сөзінің жобасы Нух пайғамбарға ишара болғанмен, сенімдері тұрақты бір шешімге бастай алмайды. Бағзылары рухты (жан) бір нәзік нәрсе, көшпелі деп, егер бірер ізгі адам өлсе рухы бір жақсыға көшіп рахатта болады, ал жаман болса, бір оңбаған адамға яки бір зиянкес хайуанға өтіп күнәсіне қарай сол денеде жаза тартады. Осы сияқты түрліше түсініктер мен ырымдары мол-ақ. Оны бірнеше мысал мен хикаяларды айтып дәлелдейді. Өлгендері үшін мал сойып құран оқып, ағашқа асып қоюлары, қағаз күйдіріп өздерінше дұға оқығандай қолдарын беттеріне басулары сияқты істері олардың өлгеннен кейінгі о дүниеге барғандағы жағдайларға сенуін көрсетеді.

Қытай хандарының әуелі функ әулетінен Ти Хи Фос атты кісі - билігі біздің эрамыздан 3000 жыл шамасы бұрын болған. Функ дегені: ислам тарихшылары жазып алған фудк болса, Яфас ұлы Түріктің баласы Фудк, яки Тунук болып Функ, Фудк, Тунук бәрі жақын болғандықтан тарихтарда ептеп өзгертіп жазылғаны болмаса, негізінде бәрі бір кісінің аты мен лақабы. Ти Хи Фос футк әулетінен болып Чин (Шин) хан мен Машын хандардан соң билікте болған. Чин Яфас ұлы, ал Машын Чиннен туған бұлар Шын мемлекетінің алғашқы хандары екені ислам тарихтарында жазылған. Қытай тарихтарымен салыстырғанда біреуіне тиісті аты екені анықталды да басқалары лақап болып шығады. Ал аттың айырмасы негізге қарсы болмайды, қайтсе де Қытай тарихтарына нандық осы Ти Хи Фостан басталып, үшінші сатыда болған «И» ханнан ілгері өткен хандардың ахуалын анық мәлім емес деп кеткен. Солай айтса да тарихтарын Ти Хи фостан бастайды. Хандықтары біртіндеп уақыт өткен сайын 25 нәсілге (тұқым) ауысып қазіргі дәуіріміздің 1300 санатына келгенше төрт жүзден-астам адам хандық етіп, жалпы даму тарихындағы биліктер 4800 жылдан асқан. Демек, орта есеппен, әр хан 12 жылдан салтанат құрған. Бұлар тарих пен жыл санауда ханның

такқа отыруынан есепке алады, мысалы бір хан такқа отырғаннан бірінші жыл басталып, құлауы яки хандықтан кетуімен жыл аяқталып, енді екінші біреу такқа отырса тағы бірінші жылдан бастап есептеледі. Міне олардың жылдарын өз санамызда түзету өте ауыр қызмет болды. Оларда өздерінше жалпы және арнайы тарихтары бар, оны «Қаң жаң» дейді. «Хандар тарихы» мағынасында. Олардың жазбаларында әріптерінің түрлері өте көп, олардың ғалымдары әріптерді айыру мен көне заман хабарларын дұрыс ұғыну жағынан танылады, олармен сәйлесуге көне заманды көбірек білу керек. Жылдарын шамалағанда араб, ажам т.б. атақты патшалықтар мезгілдерін салыстыру есебін қолдануға тура келді. Бұлай етпесек, әр ханға жаңадан тарих ашу - оқушыны шатастырып, қай мезгіл екенін айыра алмайды.

ФУНК ДИНАСТИЯСЫ

Қытайлардың алғашқы ханы «Ти Хи Фос» жазылуы Тихфос, бұл кісі Яфастың өзі болуы да мүмкін. Бұл 105 жыл патшалық еткен «Лу Хи» дінінде болып қытайлар әлі сол діндеміз деп түсінеді. Кейінірек келгенді «Шамкун» мен «Конфучиус» т.б. діни жолбасшылары Лу Уаң Жолын күшейткендерді оның лақабына бұрын, құдіретті танушыларға Мазай басшылық етеді деп түсіндірген. Бұлардың тарихы хандардың сегізінші сатысы билік құрған кезеңінде жазылған.

Тихфос заманы жазылу тарихына қарай Нух пен Худ пайғамбарлар аралығында «файратқа»⁸¹ тура келеді. Өзге пайғамбарлардан гөрі бұлармен Киямурс тұстас болған. Кезінде бұл пайғамбарлар дәуіріндегі хандардың астанасы Шангин шаһары болған.

Екінші хан Яндишан функ 140 жыл⁸² билікте болып, жазу мен тарихтарды патшаның такқа отыруынан ғана есепке алу осы ханның бастамасы дейді. Ислам тарихтары бұл ханды Фу Хи, кейбірі Фу Ю яки Фу Де деп жазады.

⁸¹ Файратқа — еш пайғамбар дәуіріне қосылмайтын кезең.

⁸² 140 жыл — әр патшаның қаны—үрім-бұтағының патшалық дәуірі. Бұл біткен кезде, яғни басқа қанды адам патша болғанда жыл санау тағы осы уақыттан басталған.

Үшінші - «Ю Сун 100 жыл, төртінші - Шау Хау Зин Таң 84 жыл, бесінші - Жуң Сой Кауяңшы 78 жыл, алтыншы - Ди Кау Каусын 70 жыл, жетінші - Дай Чи тоғыз жыл патшалық етіп, бәрі жеті адам 596 жыл хандық еткен. Ақырғы хандары Солих пайғамбар заманымен тұстас. Жалпы бұл тарих Мұхаммед пайғамбар hijратынан шамамен 2960 жыл бұрын өткен деген сөз бар.

Екінші саты. Таң I-династиясы. Алғашқы ханды Диу Яу 102 жыл патша болған hijра жылынан 2932 жыл бұрын, демек Ибраһим пайғамбармен замандас.

Ибраһим hijра жылынан 2893 жыл бұрын өткен. Екінші - Ди Шун хан 50 жыл хандық еткен. Бұл заманда Бабілде (Вавилон) Намруд патша еді.

Үшінші саты: Сус әулеті басы Юй хан, ислам тарихтары Яу деп жазады. hijра жылынан шамамен 2800 жыл бұрын өткен. Қытай тарихтарынша мұнан бұрынғы екі саты аңыздардан деп есептеліп, осы үшінші сатыдан былайғы уақиғаларды тарихи болған уақиғалар деп қарайды.

Юй хан Хан болумен елді тоғызға бөліп аздап дәстүрлер (заң) орнатып, көшпенді халықтарды үгіттеп, қалашықтар мен көптеген ауылдарды салдырған. Осылайша отырықшылдық өмірге бастаған. Шаһар атырабына қорған соғуды да шығарған. Орталығы Шангин Шаһары болып сегіз ғана салтанат кешкен.

Үшінші — Дики хан 9 жыл, Тайқан хан 29 жыл, төртінші - Дхун хан 13 жыл, бесінші - саң Дизан 8 жыл, алтыншы - Саукан хан 32 жыл, жетінші - Дишун хан 17 жыл, сегізінші - Ди Уан хан 26 жыл, тоғызыншы - Ди Ман 18 жыл, оныншы - Ди Сай 16 жыл, он бірінші - Дибут 59 жыл, он екінші - Дишарун 21 жыл, он үшінші - Дит Зин 21 жыл, он төртінші — Дикуз 31 жыл, он бесінші — Дикау 11 жыл, он алтыншы — Диңа Зан 19 жыл, он жетінші — Дику хан 52 жыл патшалық етіп, орнынан түсіріліп, бұл әулет патшалығы осымен бітті. Бәрі 12 адам 380 жыл патшалық құрған.

Төртіншісаты: Шаң әулеті hijра жылынан 2390 жыл бұрын тақты иеленіп Жың Таң ханнан басталған, патшалығы 30 жыл, екінші Тай Диге 33 жыл, заманы Мұса пайғамбармен тұстас. Мұса мен hijра жылының арасы 2348 жыл. Бұл уақытта аямда Манушаһар патшалық етіп, Бабілден Яманға дейін шығыста Түркістанға дейін әмірі жүрген.

Үшінші - У Дин хан 29 жыл, төртінші — Тай Кин хан 25 жыл, бесінші — Шу Миге хан 17 жыл, алтыншы — Юн Зи хан 12 жыл, жетінші — Таю хан 70 жыл, сегізінші — Жуң Дин хан үш

жыл, тоғызыншы — Уай Жин хан 15 жыл, оныншы — Худаңза хан 9 жыл, он бірінші — Зуң хан 19 жыл, он екінші — Зуң хан 19 жыл, он үшінші — Зуң Син хан 1 жыл, он төртінші — У Дизин хан 25 жыл, он бесінші — Худин хан 32 жыл, он алтыншы — Нкин хан 25 жыл, он жетінші — Янза хан жеті жыл, он сегізінші — Нанкин хан 25 жыл, он тоғызыншы — Янза хан 7 жыл (Янза екі рет келген, жазылуы да бірдей), жиырмасыншы — Банкин хан 28 жыл. Бар-лығы 20 адам толық 400 жыл патшалық еткен. Бесінші саты: Шаң әулетінен, бірақ бір себеппен Иң әулеті аталған бесінші саты бұлардың бастапқы уақыты санадан 1990 жыл ілгері басталып, «бәни Израилдің» Мысырдан шыққан-көшкен уақытына, ал орталары «бәни Израилдің» әуелгі патшалары Дауд пен Сулеймен заманына соңы Рахбағам мен улы Абям заманына тұстас, Дауд Мен Сүлеймен заманы һижра жылынан 1800 жыл ілгері болып артық-кемінде талас болуы мүмкін.

Бірінші саты Сыю Сиң 21 жыл, екіншісі — Сыю Уй 28 жыл, үшінші — У Дин 59 жыл, төртінші — Ду Зи Кин жеті жыл, бесінші — Ду Зу Дир 33 жыл, алтыншы — Луң Си алты жыл, жетінші — Каң Диң 21 жыл, сегізінші — Уй хан 4 жыл, тоғызыншы — Тай Диң 37 жыл, оныншы — Ди хан 37 жыл, он бірінші — О Жусу Сиң 33 жыл патшалық етіп, өте қатал хан болып, оған лайық әйелі де залым болғандықтан орнынан алынған. Өзін қанша қанішер десе де айналасындағылары елді билеуге көмек көрсетіп, мемлекетін кеңейтуге күш-қайратын жұмсаған.

Алтыншы саты: Жи Ю әулеті. Бұл патшалық һижра жылынан 1704 жыл бұрын басталып бастапқы дәуірі «бәни Израил» заманымен, орталығы Бақыт Нүсір салтанатына, пайғамбарлардан «Хабқұқ» — Хақзил, Даниял, Урмиялар заманына тұстас. Ал бұлар өз кезегінде һижра жылынан 1300 жыл шамасы бұрын өткен. Осында Бақыт Нүсірдің атауына тоқтала кетейік, өйткені көп тарихшылар осы бір тарихи тұлғаны әлі де қалай атаудың дұрыс-бұрысын білмейді. Бұл семит тіл тобына жататын атау, сол үшін көне еврей, арамей, араб тілдерімен астарлас. Міне осы жерін білмегендері Новоходоносор деп, яки, тағы басқаша, түрін өзгертіп атап, осыдан келіп кімнің-кімді айтып отырғанын да айыра алмай қаламыз. Мұндағы атау екі сөзден құралады «бахт»- қазақша «бақыт», насыр - қазақша «көмек», яки жеңіс, екеуі де араб, еврей, арамей тілдеріне ортақ, арабтар «Бухтунас-сар» деп атайды. Біз «Бақыт Нүсір» десек, одан алшақ кетпейміз, ал Новоходоносор аулы алыс (тым алшақ). Үнділердің жолбасшысы болған Зардашт - «шындықтар» жолбасшысы Буда мен

Күнфучин осы заман аралығында өткен. Шынында Буда мазһабы таралуы сегізінші саты хандары заманында болған, ол кейін айтылады. Ақырғы хандары Искандер руми (Александр Македонский) заманына тұстас болған.

Бірінші ханы У Юаң жеті жыл, екінші — Чиң Уаң 37 жыл, үшінші — Каң Уаң 26 жыл, төртінші — Джу Уаң 51 жыл, бесінші — Муу Уаң 55 жыл, алтыншы — Ку Уаң 12 жыл, жетінші — Чи Уаң 26 жыл, сегізінші — Си Уаң 15 жыл, тоғызыншы — Иыбы Уаң 16 жыл, оныншы — Ли Уаң бірінші — 51 жыл, он бірінші — Сңю Уаң 46 жыл, он екінші — Ию Уаң екінші жыл, он үшінші — Биң Уаң 5 жыл, он төртінші — Су Уаң 23 жыл, оні бесінші — Жу Уаң 15 жыл, он алтыншы — Ли Уаң екінші — 5 жыл, он жетінші — Куй Уаң 25 жыл, он сегізінші — Хан Уаң бірінші 33 жыл, он тоғызыншы — Куаң Уаң — 6 жыл, жиырмасыншы — Дзин Уаң бірінші — 6 жыл, жиырма бірінші — Диң Уаң 21 жыл, жиырма екінші — Дзаң Уаң 14 жыл, жиырма үшінші — Лиң Уаң 27 жыл, жиырма төртінші — Дзин Уаң екінші — 25 жыл, жиырма бесінші — Жиң Уаң болғанмен бірнеше айдан соң өліп, жиырма алтыншы — Дзин Уаң үшін - 44 жыл, жиырма жетінші — Юаң Уаң жеті жыл, жиырма сегізінші — Жиң Диң Уаң 28 жыл, жиырма тоғызыншы — Ай Уаң екі айдан соң орнынан алынып, отызыншы — Сый Уаң 3 ай, отыз бірінші — Мау Уаң 15 отызекінші — Улси Уаң 24 жыл, отыз үшінші — Аң Уаң 26 жыл, отыз төртінші — Ли Уаң үшінші жеті жыл, отыз бесінші — Саң Уаң екінші — 48 жыл, отыз алтыншы — Шиң Чиң Уаң 6 жыл, отыз жетінші — Нан Уаң 59 жыл, отыз сегізінші — Дуң Жиу Уаң 7 жыл, барлығы 38 адам хан болып, 874 жылға созылған. Бұлардың билігінің орталарынан ақырына дейін монғол-татар хандары мен хұндар шабуылы өте жиі болғандықтан халық өмірі өте тынымсыздықпен өткен. Сол себепті шекараларына қорған соғудан басқа шаралары қалмаған. Өзара үнемі соғысуға құдіреттері жетпеген. Бірақіштен де, тыстан да тиышсыз кезде жаппай қорған жасайалмай, бағзы өте қауіпті жерлерге ғана қорған салаалған. Бұл қорған шамамен нижра жылынан 1300 жылбұрын салынған. Ал басты қорғанды жетінші саты хандары көтерген.

Жетінші саты: Жиң әулеті. Бұл саты нижра жылынан 830 жыл бұрын басталған. Бұлардың уақыты Искандеррумимен бір ғасырға тура келгендіктен ислам тарихтарықұрандағы атақты қорғанды Ескендір салды десе, қытай тарихшылары біздікі дегенді өз хандарының тарихына қосып жазады. Бұлардың (мұсылман тарихшыларының) менменсігендері қандай әдемі, атақты

істерболса өздеріне жамап, жарамас нәрселерді өзгелерге жапсыру әдеттері болған. Құранда айтылатын қорғанды Зұлқарнайын салған. Зұлқарнайын Ибраһим пайғамбармен заманы тұстас еді. Зұлқарнайын есімін «Ұқянушта» (кітап аты) Соғб ибн Райш деп берген. Бірақ есімін өзгерткеннен кісі өзгере қоймайды. Өйткені бірі нақтылы өз есімі болса, бірі лақап аты. Ал Зұлқарнайын салған қорған туралы тоқтамды пікір жоқ. Тарихшылар, географтар, тәфсир жазушылар арасында көптеген келіспеушіліктер кездеседі. Ислам тарихшыларының кім екеніне, аты мен лақабына, заманына қарап, қорғанды қай жерде салғаны жайында пікір таластары көп. Олай болса адамзат тарихындағы шапқыншы жаудың аяғы жеткен жерде салынып, содан қилы-қилы кезеңдер өткен соң, мүмкін уақыты жетіп қирап жоғалып, жерге көміліп кетті ме?

Таураттың (библия) «Хазқиял» бөлімінде де, құранда да Яжуж-Мажуж қауымдары туралы айтады, айтқандары жалпы ислам тарихымен шамалас. Яжуж-Мажуж қауымдарын өзгеше сипаттап бір ғажайып мақлұқ етіп көрсету дұрыс емес. Бұлар да өмірде болған, басқа адамдар сияқты тіршілік еткен, яғни біз сияқты адам болған. Ал Таурат қытай қорғаны туралы ештеңе айтпайды. Соған қарағанда бұл қорған кейін салынуы да мүмкін, яғни Хазқияға ол туралы хабар етілмеген болар. Әдетте таурат пайғамбарлар дініне байланысты істі ғана айтады.

Кейбір тәфсирлир қорғанды Армения мен Азербайжан аралығында деп жазған. Тарихтарда «темір қапу» (темір қақпа) деп жазатын қорған осы. Атына қарай Дербент қаласы болуы ғажайып емес, өйткені Дербент парсыша «дар» — үй, қора, қорған, «бәнд — «байлаулы» мағынасында, яғни «алынбас қамал» боп шығады. Олай болса, Яжуж бен Мажуж қауымы Шыңғыс хан түмендері болып шығады, олар осы арадан араб елдеріне жорық жасаған.

Үшінші хан Жоу Саң 3 жыл, төртінші — Ши Хуанди 30 жыл патша болған. Ислам тарихы Шихуа нфти деп жазады, Искендер өлген соң 76 жыл кейін өткен. Бұл хан брахмандарға өте қарсы болып, олардың кітаптарын өртеген, халықты өз сөзіне қарай тартқан, өте ашулы, қызу қанды адам болған. Алтыншы сатының соңынан Ши Хуандиге дейін Шын өлкесі бөлек-бөлек бектікпен өмір кешкен. Бұл оларды түрліше шара, күш-қайратпен бірлікке келтірді. «Уаң атын жоқ етіп, өзіне «Хуанди» лақабын қойды. Бұл атауды өздерінше «император» орнына қолданады. Осы хан қорғанды кө- теріп, бүкіл Шын халқының үштен екісін пайдала-

нып жүз мың әскерді дұшпаннан қорғану үшін шекараға қойып, әр жылы 10 млн қара бұқарамен жұмыс істеп, он екі жылдан аса уақытта аяқтаған.

Енді Зұлқарнайын салған қорған осы жақта болса, онда бұл ханнан бұрын салған болады. Бірақ ол тек екі тау аралығын ғана бекіткен, ал мына қорған талай-талай таулар мен даланы қосқан, онда Зұлқарнайын қорғаны осыған еніп жан-жағынан жалғасып та кету ықтимал болған.

Бесінші хан Дил Ши Хай Кул, алтыншы — Саң Ши үш ай, 3 жыл хандықта болған. Бұлардан алты кісі хан болып, 43 жылға созылған, орталықтары Шангин шаһарында өмір сүрді.

Сегізінші саты: Хан әулеті. Ислам тарихтары «хан» деп көрсеткен. Бұлардан бірінші таққа отырған Тай Дэу хуанди жи-жра жылынан 787 жыл бұрын өмір сүрді, 12 жыл билікте болды. Екінші - Куй хуанди жеті жыл хан болды. Мұның заманында Жапонияға жорық жасау үшін әскерлер дауылға ұшырап, бірқатар кемелерсуға батып, өзгелері кері қайтқаны тарихта жазылған.

Үшінші — Луи Шиң 8 жыл, төртінші — Сңю Уиң хуанди 23 жыл, бесінші — Сню Дзиң хуанди 16 жыл, алтыншы — Ссю Уоң хуанди 54 жыл, жетінші — Чоу хуанди 13 жыл, сегізінші — Су Уанди бірінші — 25 жыл, тоғызыншы — И Уаң хуанди 16 жыл хандық құрды. Бұл хан заманында мемлекет өркендеп, оңтүстікте Аннам мемлекеті мен Үнді Шыны (үндіқытай) солтүстік пен батыста монғол-татармен одақтасып, Иранға дейін жаулап алғанын тарих хабарлайды.

Оныншы — Чң Ди 2 жыл, он бесінші — Сию ай хуанди 6 жыл, он екінші — Сиң Пиң хуанди 5 жыл(...)

Он үшінші — Шоң Дози Иң 3 жыл, он төртінші — Уаң Маң хуанди 14 жыл, содан орнынан алынып, он бесінші — Му Суаң 2 жыл, он алтыншы — Куаң У хуанди 33 жыл, он жетінші — Минту хан, яки Миң Ди Иоң Пиң хуанди 18 жыл, он сегізінші — Сию Жаң ху- анди 13 жыл, он тоғызыншы — Сию Хуң хуанди 17 жыл, жиырмасыншы — Сию Маң Яң Пиң хуанди бір жыл, жиырма бірінші — Сиуаң хуанди екінші 19 жыл, жиырма екінші — Шуң хуанди 19 жыл, жиырма үшінші — Сиң Жию хуанди бір жыл, жиырма төртінші - Чи хуанди бір жыл, жиырма бесінші — Хуаң хуанди 21 жыл, жиырма алтыншы — Лиң хуанди 22 жыл, жиырма жетінші — Саң хуанди 31 жыл хандық құрған. Бұларда бәрі 27 адам 426 жыл патшалық еткен. Бұл сатының бастапқы уақыттары Мысыр Баталисасының⁸³ екінші, үшіншілерінің заманына, яғни Диқянус замандарына тұстас келеді. Батламыстар

— Птолемейлер һижра жылынан 800 жыл шамасы бұрын өткен патшалардан Орта тұсы Ғайса заманына, ақыры математик, астрономдардан атақты Батламюс дана Птолемей мен «асхабы қаһф»⁸⁴ үңгірдегілердің ояну заманына тұстас келеді.

Бұл саты кезінде Шын династиясы бастан-аяқ өркендеумен дәуір кешкен. Ал кейінгілерде ешбір береке болмай, тіршілігі құлдыраған.

Буда мен Канфу Чин деген адамдардың шығуы алтыншы саты аралығында болғандықтан бұлардың мазхабы Шын өлкесінен таралуы осы сегізінші сатының басында еді. Буда мен Канфу Чин осы сатының бесінші, алтыншы хандары кезеңінде орналасып, бекініп үлгерді. Ерекше алтыншы хан Сюю Уаң хуанды Буда мазхабына көп еңбек еткен, көмегі тиген, кітаптар жаздырып халықты осы жолға бастаған. Буданы мақтап оған еңбек-кітап жазғандығына мыңдап алтын беріп, бірер өлең шығарса жүздеп алтын төлегені туралы тарихта көшірмелер бар.

Буданың өз аты - Саюн Рат, лақабы Ға У Той, яки Ғаутам Шакмуни. Кейбір тарихнамаларда Шакиамуни деп те атайды. «Буда» деу үндіше «данышпан», «ғаутой» құрметті мағынасында, «шамкуни» — тақуа, көңілі пәк мағыналы. «Тибян нафигда» «шан-куни» яғни «Н» әрпімен болса үндінің түсінігі бойынша кітабы бар бір пайғамбарға айтылады.

Буда жасы сексеннен асып қайтыс болған, «Бутди» деп те атайды. Кейбір ислам тарихтарындағы «Мани наққаш» (оюшы) осы десе де Буда 460 жыл бұрын, ал Мани наққаш сасан тұқымының екінші патшасы Шабур ибн Ардашир заманында туып, Будадан 860 жыл бұрын өткен. Екеуінің арасы мұнша қашық болса, екеуін бір кісі деу қате болар.

⁸³ Баталиса — мысыр Баталисасы — Птолемей, бірақ Египеттікі деп отыр және Птолемей II мен III-лері заманына дегені оған қоса «баталиса», көпше түрінде, яғни «птолемейлер» деп династия есе- бінде айтып отыр және астындағы жолда «мазкур — «Батламюс» деген сөз қолданады. «Біз айтып отырған Птолемей» дегені, мұнда Птолемейді жекеше түрін қолданады ол «Батламюс». Сосын «Диқанус» замандарына сай деп көпше түрімен айтқан, біреу емес екеніне ишара жасаған. «Уқануста» оның — Зұлқарнайынның аты Соғб иби Райш дейді деген сезді келтіргеніне карағанда «Уқанус» кітаптың аты болады, мағынасы «океан», ал мұндағы «Диқанус» ұксас болғанмен династия сияқты байқалады.

⁸⁴ Асхабы қаһф — құран және өзге де кітаптардың жазуы бойынша ертеде путқа табынушылардан қашып 7—8 адам бір үңгірге бекінген. Олар өз қауымдарының дінін теріс көрген. Содан бір себептермен ұйықтап кетіп, бірер жүз жыл өткен соң ояңған. Солар ояңған мезгілді айтып отыр.

Шын халқының екінші мазбах басшысы Канфутсый, ислам тарихтары Кнафучин, Канфучиус, Канфусиус, қытайлар - Құнғ Фу Жию деп жазады, бұл Будадаң бірер жүз жыл бұрын өмір сүрген алтыншы хан Сю Чон Хуан Ди мен оның ізбасары Чоу Хуандиге⁸⁵ бас уәзір болған. 600 жыл шамасында бұрынқаза болған. Жалпы көптің тәрбиесін түзеп, өнеркәсіп пен саудада, мемлекетті өрге бастырды, философиялық ғылымдарды кемелдендірді. Қазір шын халқы екі мазхабта⁸⁶ бірі брахмандар мен жай халқы — будамазхабында, екіншісі данышпандары, әміршілер мен ел басылары, «канфутси» мазхабында өмір сүрді.

Зардашт заманына талас бар, ойтсе де көпшілік тарихшылар Каштасб ибн Лахрасб дәуірінде дейді. Бұл уақытшамамен 600 жыл бұрын болған есеппен Зардашт Канфутсимен бір ғасырларда болғандығы айтылады. Бірақ мұның мазхабы Шынға жетпей Үндіге жайылған. Ислам келумен бұл мазхаб жоғалған, бірақ әліде Үндінің кей жерлерінде осы мазхаб бар деседі. Зардашт туралы көп тарих пен өзге кітаптар баяндаған, керек еткендер соған қарасын.

Бұларалықта «шаман» мазхабы пайда болып, бұл Буданың бір тарауы болып есептеледі. Шаманн брахмандар — періштелер ғайып хабарларды біледі деп санайды. Жын мен шайтандарды дүшпан деп біліп олар жалған хабар айтады деп сенеді. Бұл мазхаб Сібірдің солтүстік-шығысында «Самауид» т.б. жерлердің халықтарының нанымдары болып дұрыс, я бұрыс болсын европалықтардың түсінігінен артық, өйткені бұлар жолбасшыларының яғни белгілі бір наным идеясын тудырушылардың дегенінен ешқайда бұрылмайды. Ал европалықтар Таурат пен Інжілді көтере жүріп (Библия мен Евангелие), жын, яки періштені бар емес, жоқ деп түсінді [...]

Тоғызыншы саты; Хиуаң әулеті. Бұлар 200 жыл бұрын өкімет билігін қолдарына алған. Бұл мезгіл Қытайда үш хандық болып, бір осы Хиуаң әулеті, екіншісі «Ұғо», үшіншісі Хаң деп аталады.

Бірінші Хиуаң ханы Жу Ула хуанди 3 жыл, екінші — Хиу Жо Хиу Ди 41 жыл, барлығы 44 жыл ғана хандық құрған. Бастамасы мен ақырғы патшалықтары Фируз шах Яздажирд баласы заманымен тұстас келеді.

⁸⁵ Чоу Хуанди—кітап Чоу деп тізбекте жазған, ал мына орын да «ч» орнына «х» басыпты. Негізгі «ч» дыбысы қолданылады.

⁸⁶ Мазхаб -тап, діни бағыттағы әлеуметтік текке бөлінуі мағынасында.

Оныншы саты: Дзиң әулеті. Бұлар 200 жыл бұрын билік алып, алғашқы ханы Ши Дзо хуанди 25 жыл, екіншісі — Сну Кой Хуанди 17 жыл, үшінші — Хуай хуанди 6 жыл, төртіншісі — Миң Хуанди 4 жыл, бесінші — Дзоң Йуаң хуанди 6 жыл, алтыншы — Миң Ди 3 жыл, жетінші — Чиң хуанди бір жыл, сегізіншісі — Каң хуанди 2 жыл, тоғызыншы — Мо хуанди 17 жыл, оныншы — Ай хуанди 4 жыл, он бірінші — Ди Йе хуанди 5 жыл, он екінші — Дзаң Уинди 2 жыл, он үшінші — Сиуаң хуанди 9 жыл хандық құрған. Бәрі 15 адам 156 жыл билік етіп, бастамасы Сасан династиясының Бахрам ибн нурмуз, ақыры Бахрам Көр ибн Яздажирд заманымен тұстас келеді.

Он бірінші саты: Соң әулеті. Бұлар шамамен 400 жыл ілгері билік алып, бірінші ханы Кау Дзң Адди 2 жыл, екінші — Иң Ян Уаң Дзиң Чин хуанди аты ұзын болғанымен билігі бір-ақ жыл, үшінші — Су Ди хуанди бір жыл, төртінші — Уиң хуанди 30 жыл, бесінші — У хуанди 11 жыл, алтыншы — Хай Ди хуанди бір жыл, жетінші — Миң хуанди 8 жыл, сегізінші — Дзаң Уаң хуанди 4 жыл, тоғызыншы — Шуң Ди хуанди 2 жыл тақты иеленген. Барлығы тоғыз адам 60 жыл ғана салтанат құрған.

Он екінші саты: «Чи әулеті». Бұлар шамамен 400 жыл бұрын тақты иеленіп, Кау Ди ханмен басталады, 4 жыл билікте болады. Екінші — У Ди 11 жыл, үшінші — Дзиу Умиң Ди хан бір жыл, төртінші — Минди хан 5 жыл, бесінші — Доң Хоң Хиу хан 2 жыл, алтыншы — Хо Ди хан бір жыл, барлығы алты кісі — 24 жыл патшалық еткен.

Он үшінші саты: Лаң әулеті. Бұлардың әдепкі ханы У Ди болып һижрадан 77 жыл бұрын таққа отырады, билігі 48 жыл. Бұл ханның 24-ші жыл билігі тұсында Мұхаммед пайғамбар туған. Екінші ханы Дизаң Диң 2 жыл, үшінші — Сиуа Юаң хуанди 3 жыл, төртінші — Дзиң Ди 3 жыл, барлығы төрт адам 56 жыл патшалық еткен. Он бірінші сатыдан осы араға дейін бұлар сасанидтерден Фируз ибн Яздажирд, Камад, Жамасаб ибн Фируз, Нушаруан Әділ замандарына тұстас. Фируз бен Яздажирд 400 жыл бұрын таққа отырған, Нушаруан 500 жыл бұрын патша болған. Бұның патшалығының 17-ші жылында Мұхаммед пайғамбар туған. Нушаруан 48 жыл патша болып, 550 жыл бұрын өлген.

Он төртінші саты: Чиң әулеті. Бірінші ханы У Ди һижрадан 21 жыл бұрын патшалыққа отырып билігі 3 жыл, екіншісі — Уиң Диң 7 жыл, үшінші — Куаң Дй Лиң 2 жыл, төртінші — хан

Қау Ди Дзиң 14 жыл патшалық етіп, тоғыз жылы һижра жылына енеді. Бесінші хан — Хиу Чо Оанди 7 жыл, демек барлығы бес адам патшалықеткен, барлығы 33жыл.

Тоғызыншы сатыдан он төртінші сатыға дейін Шын өлкесі өзара ішкі соғыстардан және қайшылықтардан көзашаалмай осы себептерден хандықтары тез-тез ауысып, ақыры екіге бөлінеді. Оңтүстігі Нанкин ша- һарын орталық етіп бір хандық болып, солтүстігі түрлі бектіктерге бөлініп бет-бетіне кеткен. Мұнан соңғы сатысықайта жанданып «хуанди» дәрежесіне дейін көтерілген.

Он бесінші саты: Соң екінші әулеті. Бұлар 600-ші жылынан бастап Әбу Бәкір халифалығының ақыры мен Омар халифалығының басталуымен тұстас.

Бірінші ханы Қау Дзиң хуанди 15 жыл патша болып, мұнан ілгері Шангин шаһары көп замандар бойыәкімшілік орталығы болған. Одан кейінгі хандар бірнеше қалаларды әкімшілік орталығы еткен. Қау Дзиң хуанди Шангин шаһарын қайта жаңғыртып орталық етті. Шаһарды Шанги, кейде Чаңси деп те атайды. Ол хан тағына отырумен солтүстік пен оңтүстік хандарды бір орталыққа бағындырумен қатар, тоғызыншы сатыдан бері келе жатқан алауыздық отын сөндірген, қаһарлы кісі болған.

Екінші хан Янди хуанди 18 жыл патшалығында мемлекетін берік ұстап әкесіне бас ұрмаған бектерді икемге келтіреді. Мемлекетін мәдениетке бастап, өнерге, өнеркәсіп, егіншілікке көңіл бөліп, елді гүлдендіреді, ескі қорғандарды жөндеттіреді, жаңадан заң түзеді.

Үшіншісі — Куң Ди хан бір жыл, сонымен үш кісі 29 жыл патшалық етті.

Он алтыншы саты: Таң екінші әулеті. Бұлар 624 жылы Омеяд династиясының бас кезінде билік алған. Бірінші ханы Қаудз Уанди 9 жыл таққа отырған. Жыл шамасымен бұның хандығы пайғамбардан кейін болса Да Шын мұсылмандары, яғни дүнгендер Мұхаммед пайғамбармен тұстас болған деген сөз айтады. Алайда Дүнгендердің исламға енуі осы династияның Сый Уаң Дзуң хан заманында болуы керек. Бұрын бір қабат Дүнгеңдердің исламға ену себептерін Ахунның хабарымен «Жаридамызда» (альманах) бастырған едік, дұрысы да сол. Дегенмен бұл туралы ұзақ уақыт сұрап, тексеріп жасалған қыруар еңбек босқа кетпеу үшін екінші рет осында жазайық деп отырмыз. Уақиға былай болған: Қаудз Уанди хан заманында күн мен түнді есепке алып, күзетке адам қойылатын болған. «Жың» аталатын қытайлардың сағат сияқты бір нәрселері асулы тұратын. Түннің ұзақ,

қысқа болуына қарамай, осы «жың» сағат бес рет «жың» деп соғумен таң атады екен. Хан осыған таңданып ғалымдарынан сұрағанда, Мұхаммед пайғамбардың шығуымен байланысты бір ерекше құбылыс екенін айтады. Сонда хан ондай адамның заманында бола тұра мойындамау ақылдың ісі болмас деп, өзі және біраз жақындары исламды өздерінше қабыл еткен. Соңынан Мадинаға елші жіберіп, Мұхаммед иайғамбарға ханның сәлемін жеткізеді. Қайтарында ханның тілегімен Мұхаммед пайғамбардың суретін алып, хатпен қайтқан. Қайтқан соң пайғамбардың мұғжизаларын ханға сөйлетіп, хан соған теңге соқтырған. Бір жағына пайғамбардың суретін, екінші жағына оның үлкен мұғжизаларының бірі — айдың бөліну кереметін салдырып, ортасына ханның атын ойдырғанын хабарлайды. Алайда пайғамбар заманында ондай елшілер барып Шын мемлекетімен қатынас болғаны туралы ешқандай нақылдар ислам тарихтарында келтірілмейді. Оған қоса нақ осы айтылғандай теңге кезіккенде де, ол туралы ешкім естімеген де білмеген. Тек ауызша хабарларға сүйеніп растауға, яғни қарсы тұруға болмады. Бірақ бұл аңыз дүнгендер арасында кең, молынан таралған, оны біз «Жари- дамызда» толық жазғамыз. Халфа Ахун бір дүнген ғалымның осы аңызға түсінік бергенін айтты. Айтуынша Кау Дзи Уди хан данышпандардың айтуымен пайғамбарға ықылас еткен. Ол өлген соң Тай Дзуң хан, яки бұның орынбасары Қау Дзуң өз діндеріне қайтуды ойлаған, бірақ бір түс көріп ол райдан қайтқан.

Бұған қарағанда Самарқандтан келген ғұламалар осы хан заманында келген болады. Ал Дуб Ахун айтатын тұс оқиғасы осы династияның алтыншы буыны Сый Уаң Дзуң хан заманына шамалас болып, Шын тарихтарына да ептеп сәйкестігі бар. Қалай дегенмен дүнгендер осы Таң әулеті кезінде исламға енгені анық, тарихта дәлелденген.

Екінші ханы Тай Дзуң 23 жыл, үшіншісі — Қау Дзиң 34 жыл, төртіншісі — Чуң Дзиң 26 жыл тақ несі болған. Чуң Дзиң әкесінен жас қалған себепті, ол өскенше анасы Оу Хиу ханым ел басқарып, халықты байытқан, ерлерден де артық болды деп жазған.

Бесінші хан Жой Дзиң 2 жыл, алтыншы — Сый Уандзуң бірінші 44 жыл патшалық етті. Тұс арқылы мұсылман болған хан осы. Қытай тарихтары бұл кісі баста әділетті болса да соңынан ламалардың дініне **кіріп**, оларға үлкен дәрежелер беріп, билік сол ламалар қолында болды, 500 мың еркек-әйел бірден ламалар жолын ұстап кетті, кейіннен есепсіз адамдар сол **жолды** таңдап

еді деп жазған. Лама дегені Мани, ЧағанКикен аталатын ұлық руханиларының шәкірт-муридтері болып, «лама» дініне кірді дегені «исламға келді, ғұламалар сөзіне енді» деп түсіндірді. Бірақ кейіннен ламалардың исламға ешқандай қатысы болмайқалды. Сондықтан ламалардың «исламға келді, ғұламалар сөзіне енді» деген қағидалар шындыққа жанаспайды. «Ғұлама» аталатын ғалымдар тобын мон-ғолша лама деп жазып, бұл атау негізінде «ғұламадан» алынған болатын («Ғұлама» араб сөзі — «ғалым» сөзінің көпше түрі).

Мына айтылған қытай тарихтарының жазбалары Дуб Ахуннің ауызша хабарымен сәйкес келеді, жылы да шамалас. Ол кісі дүнгендерді Самарканд ашылғаннан біраздан кейін Мұсылман болған деп еді. Самаркандпен Бұхара VII ғасырдың соңында ашылғанын тарих кітаптары тіркеген. Ханның мұсылман болып, оған халық еріп исламға енгені «Жаридамызда» кеңінен жазылған, керек еткендер соған қарасын.

Жетінші хан Соң Дзуң 6 жыл, сегізінші — Тай Дзиң хуанди 17 жыл, тоғызыншы — Ди Дзиң хуанди 25 жыл, оныншы — Шоң Дзиң хуанди бір жыл, он бірінші — Саң Дзиң хуанди 15 жыл, он екінші — Мо Дзиң хуанди 4 жыл, он үшінші — зин Дзиң 2 жыл, он төртінші Дпң Дзиң 14 жыл, он бесінші — У Дзиң 6 жыл, он алтыншы — Сый уаң Дзиң екінші — 13 жыл, он жетінші — И Дзиң 14 жыл, он сегізінші — Чи Дзиң 15 жыл, он тоғызыншы — Жо Дзин 15 жыл, жиырмасыншы — Жоу Сый у Анди 23 жыл хандық еткен. Барлық адамы 20 кісі — 288 жыл патшалық құрған. Ауызша хабар бойынша бұлардың салтанаты 500 жыл болған дегені шамадан тыс. Дуб Ахун 300 жыл дегені тарихпен сәйкес, сондықтан да ол кісіге сенуге болады.

Исламға енген соң неге аттары мұсылманша болмаған дегуге болмайды, өйткені әлі күнге дейін дүнгендер де мұсылман бола тұра екі атпен келеді: бірі дүнген, екіншісі мұсылман аты. Оған қоса исламға мұсылманша атаулар қытайша жазуға қиын, ал халық олай атауға тілдері жетпейді.

Он жетінші династия⁸⁷: Хию Ли әулеті. Бұл және мұнан кейінгі төрт әулеттің салтанаты жоғары өткен алты буынның заманындай ішкі толқулар мен бүліктер есебінен патшалық баянсыз болып, билік жиі ауысып тұрған.

⁸⁷ Династия — автор бұл атауды «Сулала» деп жазған. Бұл атау араб тілінде «тұқым, нәсіл» — мағынасын береді. Бұған қазақша балама — буын, баба, әулет. Патшалық есебімен қарасақ «салтанат» атауы келеді.

Бірінші хан Тай Дзу Жо 6 жыл, екінші хан Дзоң Уаң Жо-таң 10 жыл, осы екеуі он алты жыл патшалық етті. Он сегізінші саты: Хию Таң әулеті. Бірінші хан Жуаң Дзоң 3 жыл, екіншісі — Миң Дзоң бірінші 8 жыл, үшіншісі — Миң Дзоң екінші бір жыл, төртінші — Фи Ди хан 2 жыл, барлығы 4 кісі—14 жыл патшалық етті.

Он тоғызыншы саты: Хию Дзоң әулеті. Бірінші хан Оау Дзу 7 жыл, екінші — Чо Ди 4 жыл, екеуі 11 жыл патшалық етті. Жиырмасыншы саты: Хию Хаң әулеті. Бірінші хан Хау Дзу хуанди 2 жыл, екінші — Ин Ди 2 жыл, екеуі 4 жыл хандық құрған. Жиырма бірінші саты: Хию Жо әулеті. Бірінші ханы Тай Дзин хуанди 3 жыл, екінші — Ши Дзоң Ғожоң Санди хуанди осынша лақаппен 6 жыл, үшінші — Хоң Дзоң хан бірнеше ай, осы үшеуі тоғыз жыл хандық құрған. Он жетінші сатыдан осы жерге дейін бес әулет болып басы һижра жылының 329 жылдарында Аббасия халифасы Мустакфи Билләх заманымен тұстас, соңы 971 жылы Қадыр Билләх заманымен аяқталған. Барлығының салтанаты 54 жыл болған. Қашғарда Сыдық Бұғраханнның дәуірі осы бес әулет заманына тура келеді.

Шынында ислам мемлекеті бітуімен, қытайлар өзара бірлігі болмай, тартыс-таластан мемлекет көп толқыған еді. Дуб Ахун мударрис-ағартушы мұғалім айтып еді, ол уақытта дәлел болмаған соң шындыққа көзіміз жетпеген. Қазір қытай тарихи арқылы ол кісінің сөзініңанықтығына кезіміз жетіп отыр.

Жиырма екінші саты: Соң үшінші әулеті. Басы сананның 388 жылына Қадир Билләх дәуіріне тұстас келіпбірінші ханы Тай Дзиң хуанди 21 жыл, үшінші — Жың Дзиң хуанди 5 жыл, төртінші — Чиң Дзиң хуанди 4 жыл, алтыншы — Шиң Дзиң хуанди 18 жыл хан болған. Осы хан заманында қытайлар мың әскермен келіп Алты шаһарға орталығы Баласұғұнға дейін жеткен.Елік хан ұлы Тоған хан 150 мың әскермен оларғақарсы тұрып, мемлекеттен қуып шыққаны тарихта жазылған.Осы жорықта Шын әскері миллионнан артық екенін де көрсетті.

Жетінші хан Жи Дзи хуанди 15 жыл, сегізінші хан Куй Дзиң хуанди 25 жыл, тоғызыншы — Чиң Дзиң хуанди бір жыл, оныншы — Қау Дзиң хуанди 36 жыл, он бірінші — Сиу Дзиң хуанди 27 жыл, он екінші — Туаң Дзиң хуанди 5 жыл, он үшінші — Ниң Дзиң хуанди 30 жыл, он төртінші — Ли Дзиң хуанди 41 жыл, он бесінші — Дзиң хуанди 10 жыл, он алтыншы — Куң Дзиң хуанди 2 жыл, он жетінші — Дуаң Дзиң хуанди екі жыл, он сегізінші — Жоу Уди Пиң хуанди 2 жыл. Осы буында он сегіз

кісі хандықта болып, 321 жыл салтанат құрған. Мұнан бұрынғы бес әулет салтанаты сырттан монғол-татар, іштен өзара қырқысудан атыс-шабыспен өткен, ал кезек осы әулетке келгенде ішкі бүлікті күшпен басып, монғол-татарды алым (уергу) төлеумен тоқтатты. Он бесінші хан Дзин хуанди (тізбекте «Дзин») заманына дейін халық өте тыныш өмір сүрген. Содан соңғы үш ханның жастығынан халық қайта толқып, осыны пайдаланған Хублай хан өте көп әскермен Қытайды басып Бажинге де иелік жасады. Бұлардың патшалығын қытайша «Ию Аң» деп атаған.

Жиырма үшінші саты: Ию Аң әулеті. Бұл әулеттің басы Хублай, ибн Төле, ибн Шынғыс хан Бағдадты жаулап, Аббас әулеті халифалығын құлатқан Халаку ханның туысы. 1287 жылы хандыққа отырып Рум (Византия — қазіргі Түркия) ғази Осман Ғалишанмен замандас.

Бірінші хан қытайша Ши Дзо Уиң Уоу хуанди, осынша атпен Хублай хан, демек 15 жыл билігінде көп жұмыстар жасаған. Шын әлкесі, татар-монғол мен өзге де тайпалар патшалық еткендеріне ықпалы жүрген, орталығы — Бажин (Пекин) шаһары. «Патша арығы» деген канал осының заманында қазылған. Шын өлкесін толығымен бағындырғасын Жапония мемлекетіне жорық жасады.

400 кемемен шыққан әскердің көбі дауылдан қырылып өте аз ғана кол аман оралғанын ислам тарихы тіркегенмен, қытай тарихшылары бұл уақиғаны Хублайдан бұрын деп көрсеткен. Екінші хап Жиң Дзин хуанди, монғолша Уул Шиту Тимурхан 13 жыл, үшінші — У Дзо хуанди монғолша Жайсаң Кулук хан 4 жыл, төртінші — Жиң Дзоң хан, монғолша Баянту хан 9 жыл, бесінші — Иң Дзоң хан, монғолша Киген хан үш жыл, алтыншы — Тай Дзин хуанди монғолша Иясун Тимурхан бес жыл, жетінші — Миң Дзоң хан, монғолша Кушале хан бір жыл, сегізінші — Уиң Дзин хан, монғолша Тотимур хан 3 жыл, тоғызыншы — Шонди хан, монғолша Тоған Тимур хан 35 жыл «Хуанди» — лақабымен бұлардан басқа тоғыз кісі хан болып барлығы 88 жыл билік жүргізді. Тоған Тимур хан осыдан кейін жазылған Миң әулетінің араласуымен оларға карсы тұра алмай Пекиннен шығып Монғолстанға келіп орналасты. Монғол жерлері мен тайпалары толығымен мұның қарамағына өтіп Шығыс Түркістан, яғни Алты шаһар уәлаяты, батыс Түркістан мен Ферғана Мауароаннахр толығымен мұның иелігіне айналды. Ислам тарихтарында Тұғлуқ Тимур хан деп жазылатын кісі осы. «Дака-дака» сахарасын құм басып, харап етіп, осы жағдайдың анығын білу үшін

Ақсу шаһарына барып Хазіреті Мауланаға жолығып исламға ынтыққаны, Ілеге қайтқанда неше мың қауымның мұсылман болғаны осы кітабымызда Алты шаһар бөлімінде жазылды.

Қытай тарихы бұл ханның Пекиннен Монғолстанға кеткенін жазған, онан кейінгісін жазбаған. Бұл ханның исламнан бұрынғы аты Тұғлық Тимур болып исламнан кейін Махмұд аталған. Әмір Темірмен замандас болған соң «сәккә» — теңгесіне қарағанда патшалықтары бірдей болып, билікті бірге жүргізгендей көрінеді. Сәккә теңгесі бір бетінде «Сұлтан Махмұт ярлығы Әмір Темір», екінші бетінде «Зарб Самарқанд» (Самарқандта соғылған) деп ойған, өте нәзік хатпен «Самарқанд» сөзінен кейін теріс қаратып «Осман ем-лесімен жазылған» деп тағы да бір сөз ойылған, анық емес, жылын айтуға мүмкін болмады.

Қытай халқының «ли», яғни дін мен әдеттері бойынша патша болған кісі қандай өлімге лайық жазалыболса да ешқандай өлтіру мүмкін емес, орнынан алу, яғни еркімен қалаған жеріне тола құрметпен шығарыпсалу, бұл олардың көне дәстүрлері. Осыған орай олардың тарихы кейде кездесетін жағдай, орнынан алынған, болмаса айдалған ханзадалар болса да өлтірілді деген хабар жоқ. Орнынан алу да өліммен бірдей ережесін қатты ұстаған.

Жиырма төртінші саты: Миң әулеті. Бұлар Әмір Темір көреген салтанатының орта тұсына тура келіп, 375 жылы Рум сұлтаны Баязит Елдірім ханмен бір жылда хандыққа отырған. Бірінші ханы Тай Дзиң хуанди 29 жыл патшалық еткен, асылы ханзада емес, өздерінше муридтер ұстаған ламалардан болған. Өздерінше керемет деп таныған бір ғажайып нәрселерді бұл көрсетті. Содан муридтері көбейіп, ақыры патшалықты қолдарына алып, әжептәуір әділеттікпен ел басқарған. Екіншісі — Куй Дзиң Диң 4 жыл, үшінші — Чиң Дзиң Уиң Ди 31 жыл, төртінші — Чиң Дзиң Жоу хуанди бірер ай, бесінші — Си Уаң Дзиюң 6 жыл, алтыншы — Дзоң Жиң. Тоң алғаш 6 жыл, монғол тұтқынынан босап келген соң, Таң Шоң лақабымен 8 жыл патша болды. Бұның негізі монғолдармен соғысып өзі тұтқын бодған, малмен азат етілгенімен монғолдар тек қалдырмады.

Жетінші хан Куң Жиң Хаң Диң хуанди 7 жыл, сегізінші — Таң Шоң 8 жыл, тоғызыншы — Баң Дзиң хуанди 13 жыл, оныншы — Сиу Дзоң 11 жыл, он бірінші — Оу Дзиң Жынди 16 жыл, он екінші — Ши Дзиң Сиюу хуанди 45 жыл, он үшінші — Мо Дзоң Жо хуанди 6 жыл, он төртінші — Шпң Дзың

Саң хуанди 48 жыл, он бесінші — Куаң Дзоң Жиң хуанди бір ай, он алтыншы Си Дзоң Таң Си жеті жыл, он жетінші — Чоң Чиң хуанди 17 жыл. Барлығы 17 адам 270 жыл ел басқарған. Бастапқы алтыншы ханнан соңғылары монғол-татарларға уергу-алым төлеп, қосымша түрлі Жағынулармен күн кәріп бейбіт өмір сүрген. Алайда монғолдар мұны қанағат тұтпай Шын өлкесін жиі шуылдап тұрды. Ақырғы келісім — Бажинді біржола Шауып алумен тыныи, таққа маньчжурлардан Шоң Чи ибн Гай Дзоң дегенді отырғызды. Қазіргі күнге дейін келе жатқан бұл салтанат ұрпағын Дичин деп атайды.

Жиырма бесінші саты; Дай Чин⁸⁸ әулеті. Бұл әулеттің хандығы 1645 жылы басталып Стамбулда сұлтан Ибрахим ибн Сұлтан Ахмад хан, Бұхарада Надыр Мұхаммед хан ибн Мұхаммед хан, Ферғана әміршілерінен Шахмаст билерге тұстас.

Бірінші хан Шоң Чи жасынан таққа отырып, 18 жыл ел биледі. Ресеймен алакөздік осы хан заманында басталып, Байков деген елші Пекинге барды. Осы кезде Шын өлкелерін селтасқындар басып, көп ел-жерлерді шығынға ұшыратты, мал-жан шығыны көп болды. Елшінің қадамы құтты болмады. Жаман ырым болды деген оймен, жауапты адамдар оны ханға жібермеді. Өйткені сол ырымға хан да барған болатын, алайда елшіге басқаша сылтаулар айтылды.

Осы хан заманында алдыңғы әулеттің ықпалынан кеткен жерлер толығынан қайтарылып алынды. Хан жас болғанымен уәзірі, әрі немере туысы Амо Уаң іс басында тұрып тәртіпке ішкі және сыртқы саясатты реттеді, бәрін жүйелеп тәртіпке келтірді.

Екінші хан Каң Си 60 жыл хандық етті. Осы кезде тағы да Ресейден елші барып, «Нарочин» қалашығында трактат жасалды, бұл Ресеймен жасалған бірінші трактат болатын. Бұл хан әділдікпен аты шыққан жаңа дәстүр тізіп сол үшін өз іштерінде «Лиута» деген атаққа ие болған. Бізше заңшыл, төре мәнінде қолданылады.

Үшінші хан Иуң Жиң 13 жыл билік құрды. Мұның заманында Қытайдан Ресейге елші Келіп, «Кияхта трактаты» жасалды. Ресейден де Қытайға елшілер барып бағзы шарттар бекіді. Осы мезгілдер Бажинде өте күшті жер дүмпуі болып 100 мыңнан

⁸⁸ «Дичин-Дай-Чин» болып екі түрлі жазған, егер кітап арқылы анықталса біріне тоқтармыз, әзірше осы екі түрін де алдық.

аса адам құрбан болды. Бүтін үй қалмаған. Төртінші — Чоң Лоң хан 64 жыл хан болып, өз уақытында Алты шаһар уәлаятын біржолата бағындырып Тиан Шаң таулары атырабында көп жерлерге қалалар салғызды. Жоңғар хандығын жойды.

Чаң Лоңның бастапқы хандығы Афақ қожаның ақырғы дәуіріне тұстас. Жоңғар, яғни қалмақтың Іле хандығымен Алты шаһар және Тянь-Шань іргелерінде болған соғыстарда жүздеген мың адам қырылғанын жазады. Бұл бір миллион деген сөз. Бірақ асыра сілтеуі демүмкін. Демек, Алты шаһар үшін болған жалпы соғыстарды есепке алып айтса, онда жобасы келеді.

Осы арада батыстан Абылай хан жоңғар жеріне қадам басып, оған Ресей көмек беріп, қолдап отыр деген өкпемен Қытайдың арасы суынады да алыс-беріс бірнеше жылға тиылады. Құлжа мен Шәуешек шаһарлары осы хан дәуірінде бой көтерді. Бір бетінде мұсылманша «Қызыл ярмак», екінші бетінде қытайша жазылған «Каң луй»⁸⁹ осы ханнан деседі.

Бесінші хан Дза Чиң 21 жылхан болған. Осы мезгілде Ресейден елші келіп, жоғары мәртебеліні Пекинге кіргізбей, достығы баянсыз болған елмен кетісу бізге жараспайды деген. Алтыншы - Дау Уң Куанди 30 жыл хан болған. Қашқардағы Жаһангір қожа жеңісі осыны заманында болған. Шын өлкесінде апиын егу, сату жоне таратуға тыйым салынып, осы себепті халық арасында толқу пайда болды. Бұл жағдайды пайдаланып ағылшындар бұл елдің арасына апиын таратты. Қытайлар айтқанына көнбеген сон, ағылшындардың елшілігін өртеп жібереді апиынмен қоса. Осы сылтаумен ағылшындар соғыс ашып, қытайлар жеңіліс табады да 1843 жылы Пекинде бітім шартына қол қойылады.

Осыдан кейін Қытай үкіметі Франция, Америка елшілігімен де келісім шартын жасайды. 1848 жылы атақты «Тайфунан»⁹⁰ соғысының шығуына да осы жағдайлар себеп болды: Бұл соғыс ұзаққа созылды, себебі ұлт азаттық соғысқа айналды. Бұл соғыстың жетекшісі Сан Фин Киан Фон он бір жыл патша болады. «Тайфунан» көтерілісі мұның уақытында өте-мөте күшейіп Нанкин қаласында Миң әулетінен «Боғди хан» деген лақап атпен Хон Сиу Чо Чуан хан сайланады. Осы толқу аралығында ағылшын, француздар тағы да соғыс ашып Кантун, Мичун қалаларын

⁸⁹ Бұл атау жөнінде автор ешқандай түсініктеме бермеген.

⁹⁰ Тайфунан – азаттық, тыныштық деген ұғымды береді.

басып алады. Пекинге де ,көз тігіп, одан да тілегенін алып бітім жасасады. Осыдан үш жылдан соң ағылшындар қайта келіп Пекинді алады, хан каланы тастап қашып шығады. Алғашқы шарттар мен келісімге қоса тағы да шамадан тыс ауыртпалықтарды орындауға шарт жасасады. Осылайша ағылшындар қытайды біржола тізе бүктіреді. Осы уақыт аралығында Ресей мен Құлжа келісім шартын жасасып 1855 жылы Құлжа мен Шәуешекке консулдар қойылады.

Сегізінші — Тоң Чи хан 14 жыл хан болып, мұның жастығынан немере туысы Ко Чоң Уаң оның орнына билік жүргізеді. «Тайфунан» көтерілісіне шек қойса да, зәлім мен зұлымдықтан Шангин уәлаятындағы дүнгендер көтеріліс жасады. Бұл да басылған кезде Батыс дүнгендер, қозғалып Алты шаһарда Жақыпбек, Құлжада тыраншы, Румжі мен Манаста дүнгендер билік алды. Бұл шайқасқа дейін (Даһу-Шапу) батырлардың Шангиннен шығып, Хужу-Сужу шаһарларына келіп тоқтағаны «Жаридамызда» жазылған.

Тон Чи ханның ақырғы күндері 1871 жылы Құлжа шаһары тыраншылардан Ресей ықпалына өтті. 1872 жылы Шәуешекке қытайлар келді. 1873 жылы қытай әскерінің бастығы әскери губернатор Фу ЯЖаң ЖуңАягөз шаһарына барды. Осы кезде Тоң Чи хан дүние салып, орнына туысканы Куаң Соң тақты иемденді.

Тоғызыншы — Куаң Соң хан, манжуше Чоң хан «Бадранға тор»⁹¹ қалмақша «Бадр Ято Турун» хан, қазақша «Ижн» хан, үш жасында таққа отырады. Бұл ханның таққа отыруы біздің Шәуешекке келуіміздің екінші жылы, 1292 хижра жылы болатын, ол 1875 жыл- ға тура келеді. Бұл хан кезінде қытай Румжі, Манас шаһарларын алды, Алты шаһарды басып Қашқарға барды, Іле алқабын Ресейден қайтарып алды. 1878 жылы қытайдың өкілі Чоң Со Петерборға елшілікке барып, бірақ келісім жасалмай 1880 жылы екінші Цзин Петерборда бітім жасасып 9 миллион теңгеге Іле алқабын (Қытай территориясындағы алқапты айтыч отыр — аудармашы) қытайға қайтарды, басқа да келісім шарттары болды.

⁹¹ Бадранға тор — үш жастағы бала бау-бақша бағумен күні өткен. Бүгін де Іле-Шу өңіріндегі жергілікті тілде қиярды бадран атауына қарағанда хан бағында қияр өсірілгенге ұқсайды.

Бұл тарихнаманы шамамыз келгенше қысқартып жазғанымызбен бұдан бұрын қытай тарихын ешкім осыншалық баянды жазбаған, мұнша мәліметтерді топтай алмайды деп қорықпай айта аламын. Оқушы менің каншалықты қиналғанымды байқаса керек.

Біз 1898 жылы қажы сапарына шығуымыздан бастан 1908 жылына дейінгі кезеңде Шәуешекте болған өзгерістер мен жаңалықтарды баян етейік.

Шәуешекте жаңа көшелер мен мешіттер салынып, ақсақалдыққа Хаса ибн Абдулла Бришев сайланған. 1900 жылы дүнгендер тағы да көтеріліп Манаста кеп адам мұсылмандардан құрбан болды. Бұл жағдайда жалған ишан болып халықты бүлдірген Насриддин деген себепші болды. Ол ишандық лауазымын елге таратып оған көп адам мурид болып, соңынан ерді. Әр түрлі айламен, кісілерін де жұмсап, атақты бай Саң Жаңудай дегенді де өзіне ертіп алады. Ал, ишанның мақсаты оның байлығын пайдаланып қол жинау болды. Ақыры билікке қызығып, қытай әскерлерімен қақтығыста неше мың жазықсыз адамдар шығын болды. Саң Жаңудайды баласымен коса өлтіріп, мал мүлкіні қазынаға салды. Бұл байға Рүмжі губерниясы бойынша байлығы жағынан тең келер кісі жоқ болатын.

Саң Жаңудайдың бұл пәлеге ұшырауы Дуб ахунға I жасаған жәбірінің төлемі еді. Ол өзінің жандайшаптарымен Дуб ахунды Манастан қуған болатын. Сонда Дуб ахун байға: -еріксіз елімнен қуып мүлкімді таладың, енді саған осыны құдай алдыңа келтірсін деген екен. Міне арада 13 жыл өткен соң, айтқандай бұл тіршілік уақиға ретінде қайталанады.

Осы 1317 хижра жылы 25 шағбан күні (1890 15 декабрь — сәрсенбі) «усул-жәдид»—жаңаша оқу түрі ашылды. 1318 хижра жылы (1900) қытайша Куаң Сай ханның хандығының 26-шы жылында Осман түріктерінен басқа жалпы Европа елдері (ағылшындар) Қытайға шабуыл жасап Бажинді (Пекинді) алды. Алайда, жалпы европалықтардың басты мақсаттары әуелден-ақ Қытайды қалауынша талан-таражға салу.

Ескі заманнан Шын халқы өнер мен кәсіпке шебер, азық-түлігі және әскер жағынан да дайындығы өзге мемлекеттерден жоғары болатын. Кейін келе дамыған Европа мәдениеті бұларға үстемдік ете бастады. Бұл елдің саналы топтары осыны байқап, мемлекеттің құрылысын және әскери ережелерді қайта құруды қарастырмасақ мына түрімізбен біздің болашағымыз қиындыққа соқтырады деген. Хан ептеп осы жауапты жұмысқа

кірісе бастағанда, европалықтар да мұны байқап қалып, егер қытай шындап қозғалса 500 миллионнан астам халқы бар ел кімді шыдатады деп, саса бастайды. Ал бұлар мәдениеттенсе бізге де амандық бола қоймас деген. Оданда бұларды ондай дәрежеге жеткізбеу, сөйтіп құлдықтан босатпау мақсатын қоя-ды. Қытай өкіметі де олардың талай кикағын көтеріп шыдап бақты. Ал халық бұқарасы мұндай сорақы тұрмысқа шыдай алмай, басқыншыларға қарсы тұрар шамасы жоғымен есептеспей, кәзі ашық азаматтарының айтқанына құлақ аспай толқуға айналды. Осындай жағдайда өкімет басшылары ішкі толқуға және олардың европалықтарға қарсы әрекеттеріне де көмек жасаудан бас тартады. Бұдан екі мақсат көзделді: халық европалықтармен шайқасып бір нәтижеге жетсе жақсы, онда мақсаттың орындалғаны, ал жете алмаса текке қан төккенмен нәтиже шықпайтынына көздері жеткен халық, өкіметке бой ұсынбай ештеңе болмасына көздері жетеді де тоқталады. Енді өкімет сырт көзге қарағанда толқуды басуға ұмтылған болып, ал шындығында қолтықтарынан су бүркіп ушықтыра түсті.

Халық европалық саудагерлерді қуып, миссионерлер мен оларға ергендерді жоя бастады. Европалықтар да ішкі есебіне бір табан жақындай түскен. Олар қытай өкіметіне тоқтат орынсыз қылықтарды, болса біз де қарап тұрмаймыз деген талап қояды. Қытайлар әскер шығарып аздаған шаралар қолданып көрген соң, қолымыздан келмеді, ендігісін өздері білсін деп шетел елшілігіне хабар береді. Елшілер бұл жағдайды қарап, өз ара келісіп алу үшін бір жерге жиналмақ болады. Осы жиынға бара жатқан Германия елшісін халық жол үстінде өлтіріп жібереді. Осы хабар Берлин императорына жетісімен Европа мемлекеттері теңіз бен құрылықтан бірдей әскер жіберіп, жығылғанға жұдырық беріп, айналадағы ұсақ корольдіктер де Қытайға жабыла бастайды. Миллиондаған халық жан салып айқасқанымен, Европаның бораған зеңбірек оқтарына қарсы тұру мүмкіндігі болмай, Пекинмен қоса көптеген қалаларын тастап, қаншама ауыр шарттармен келісім жасап, өз қолдарын өздері тістеп қала береді. Мұнымен европалықтардың көңілдері толмады, көздеген мақсаттарына толық жете алмады. Бірақ осы соғыстан кейін қытай халқының көзі ашылды, ішкі жұмыстарын тәртіпке келтірді.

Келісім шарттарында миссионерлер туралы мәселеде айтарлықтай келісімге келмеген. Қытай елшісі Европалықтардан миссионерлер кім деп сұрағанда елшілер:—кеңесші, насихатта-

ушы, деген. Нені насихаттайды дегенде:— ақ пен қараны ажыратуға көмектеседі деген. Сонда насоро (несторион) діні ақиқат та, біздікі теріс болғаны ма деп қытайлар қарсылық білдіре бастайды. Бізге бұлай деп мұсылмандар айтса лайықтау болар еді, себебі олардың ғибадатханалары сурет пен ескерткіштерден таза. Ал, біздер біріміз балшықтан екіншіміз ағаштан құдай жасап табынамыз да бірімізге біріміз сенікі дұрыс емес дейміз, деп олардың ауыздарын жапты. Бірақ қалау женгендікі болып миссионерлер білік алды. Шын мұсылмандары — дүнгендер қытайдың күші әлсіреп, шетелдіктер тиіспей тұрғанда әр жерден көтеріліс шығарып тұрды. Ал мемлекет іші-сыртынан бірдей ауыр соққыларға ұшыраған кезде, бұлар да тыныштыққа тілектес болды. Бұған разы болған хан менің қойған өкілдерім мұсылмандарды бұзық, ешқашан да тыныштықпен отырмайтын тайпалар деп хабарлайтын еді деп, өз көңілін өзі жұбатады. Осындай мағлұматтарға қарағанда айып кемшіліктер өкімет басшыларында болып, олардың зұлымдығымен шектен шыққандарына халық бұқарасы шыдай алмай наразы болады. Егер хандары сенімді болмаса, халық өкіметтің мынандай ауыр халде тұрғанын пайдаланар еді, дегенді «Кун-Си» (жарнама) хабарлады.

1901 жылы Шәуешекте Шын өкіметі пұтхана салады. Орыс консулы Барихан оған іштей қарсы болғанымен пұтхананы салуға келісті. Бірақ бұл консул мен қытай арасындағы жасырын саясат еді. Саясатқа сеніп түрлі жолмен хабар білушілер қытайдың соғыста жеңілгенін айтса да, жай халық ол жеңілсе орыс консулымен бұлай қатты сөйлеспейді, соншама халқымен Шын тізе бүкпейді деген сөз айтқызып сес көрсетумен болды. Оған қоса қазақтар да түрліше «ұзын-құлақтың» қайсысына сенерін білмей, қытайды шабуға екіленіп тұрған Ресейдің де бетін қайтаруға керек болды. Сол үшін орыс саудагерлеріне мол мүмкіндіктер беріп, консулының да келісімін алып, айтылған ғибадатхананы саясат құралы етіп салдырған болатын. Жай көзге консул салдырмаймыз деп, қытай өкілі оған келіспегенсіп, шарасыз көндірген болып қыр көрсетеді. Осы қолданылған саясат шынында да жаксы нәтижелі болып, қытай халқы өкіметіне қарсы ашық сөйлесуден бой тасалап қалды. Сонымен, бір жағынан Пекиннен айырылғанымен, екінші жағынан тыныштық орнап соғыс тоқтады.

1902 жылдың 25 октябрінде Ақшоқыда қарлығаш құсының ұшып жүргенін Салих, Әбдісалам, т.б. адамдар көргендігін хабарлады. Үйлер мен қораларға қонып, сайрап, екі сағаттай

жүріп, қайтадан ұшып кеткен. Әдетте, қарлығаш август айының ақырынан қалмай ұшып кетуші еді, көпшілік таң болды. Мұндай көріністе қыс жылы болады деуші еді, айтқандары тура келді. Бірақ, түнде жер қатып, күндіз еріп кезектескен табиғат жағдайы малға қолайсыз болды. Осы жылдың ноябрінде Барихан өліп, орнына кейіннен Егор Плахов тағайындалды.

1320 хижра жылы, 1902 жылдың 11 сентябрінде консул ауысып, орнына Сергей Васильевич Соков келді. Осы жылдың 17 сентябрінде мектеп ашылып балалар оқи бастады. 1321 хижра жылы 4 сафар—1903 жылы 17 апрель күні Плахов, Хасан ақсақал, қажы Қали мен т.б. саудагерлер Турфан жүк конторында астанадан келген жәшіктерді ашып көрдік. Үлкен бір жәшікте жазулы тасы бар, бойы екі де жарым кез, ені бір жарым кез, қалыңдығы бір ширекке жақын, жазу қытайша. Оны бір дүнген мен қытай екеуі оқып көріп, «Даса Юнус» атты адамның атына дайындалған екен, жылы 1500-ден артық уақыт деді. Жазуы қытайдікі болғанымен, аты қытайдікі емес деді. Тасты шығарғандар немістің көр қазушылары. Турфанда төре Ахрар хан немістерден біліп айтуынша, бұл тастың тарихына 2400 жыл шамасы болған, салмағы 32 пұт. Басқа жәшіктерде түрліше көне заттар, киімдер, қағаздар т.б. бар. Оларды реттемей оқу мүмкін емес. Барлығы 44 жәшік, алтауын аштырып көрдік. Өзгелерінде не барын біле алмадық. Байлаулы теңдерін шештіріп қарағанымызда ағаш кереует, орындық сияқты заттар екен. Нақыштары қазақ төсек аяқтары, бояуы қарапайым. Бұларды тас табылған жерден тауыпты. Бұл заттар Семейге, одан ары Германияға жіберіледі. Турфандықтар бізге өкпелеп, жерден тауып алған кітаптардың басқа да нұсқалары арқылы біліп, қазып отыр деп. Себебі, табылған кітаптар соңында «Тизн Дик Янустың диуанханасы» деген бір хикая келтірілген, соны пайдаланбақшы болған. Ал, біз өз еліміздегі нәрселерді беріп қойып отырмыз десті.

Біз астанаға барғанымызда Тизннің үстіне шығып сөйлесіп отырдық. Бұрын патшалар заманында мұнда отыру тұрмақ, жанынан өтуге қорқатын ғажап, осының астында көп нәрселер бар екен, көпшілігін қазып алыпты. 1904 жылы 5 жумаділ-әууәл 15 июльде Шәуешекте Қытай мен орыс банкі ашылды.

1905 жылдан басталып Шәкірбай дегеннің бағында мектеп салынып, 1906 жылы 17 августа сабақ басталды. Мектеп халық қаржысымен салынып, патша құрметіне «Николайская школа» деп аталды. Осы жылдың амазан айында Сағид ибн Мухаммед әл-Ғасали, әл-Шаами хазірет келіп Қашғарға жақын Тулешук

деген жерден қирандылар арасынан табылған қағаз берді. Бұл 1303 жылы деп жазылған. Әмір Темірдің туғанынан бұрын екен. Адамдар Алты шаһарды мұсылман еткен Әмір Темір деуші еді, бұл уәлаят халқы онан да бұрын мұсылман екеніне куәлік етеді. Осы жылы 16 зул-хижжа 1905 жыл 8 февральда Бахтыда таудан жазулы қабырға әкелінді.

1323 хижра жылының ақырғы айы, 1906 жылдың басында ақсақалдар мен билер сайланды. Қоқандық Ярмухаммед Халмухаммед ұлы ақсақал болды. Бұдан бұрын, консулдың қалауымен ғана сайланатын, бұл жолы көпшіліктің еркімен өткен сайлаудың бастамасы еді. Хасан ақсақал жеті жыл толық ақсақалдық лауазымын иеленіп, содан көпшілік пен консулдан «такризнама», яғни аттестат (куәлік) алып пенсияға шықты. Жақсы қызмет жасағаны үшін, оқалы шекпен, медаль, қытай ханы тарапынан қызыл тасы бар, айдаһар суреті бар жоғары белгі алды.

1907 жылы 27 апрельде Петерборда Дума ашылғанын хабарлап, Шәуешекте жалау көтерді. Соңынан, Дума жабылып, келер жылға қалғанын газеттерде хабарлады. Осы жылы құрбан айты 1907 жыл 11 январь бейсенбіге тура келіп, үш махалла халқы консулдың күштеуімен бір орында айт намазын оқыды. Ендігі уақиғалар 1908 жылдан бастап жазылып, кейбір тарихымызға тиісті әңгімелерді тәртібімен баян етеміз.

Сағид ибн Мухаммед қазіретінің Қашғарға жақын Тумшуктан тауып әкелген қағазы естіген жұртты өте қызықтырды. Қирандыдан табылған сандықтан шықты. Исламның ерте заманында қазилардың үкімдері мен жазу тәртіптері кандай болғанына қызығушылар үшін кезіндегі сөзімен келтірілген. Хаттың⁹² мазмұны: «Қази Маулана Ғимадиддин алдында:

Тарихтың 1886 жылы — қоян жылы шағбан айының 10 болатын. Шүкір Мұхаммед — Мұхаммед Исмаилдың өсиет алушысы болған құмғаншы қарсы дау көтерді. Анамның туысы Шүкір хан опат болды, сондықтан мирас бізге қалуға тиіс деді. Мұхаммед, Ибраһим, Исмайыл, тағы бір қыз ол кезде нәресте болатын. Ұлы анамыз дені сау кезде бізге еншілеген мүлік еді деп, «тәмликнама» — иелікке қағаз келтірді. Қази қасында бұл уақиғаны куә кісілер де растады. Қази тәмликнама арқылы мүлікті нәрестелерге бөлді. Ешкімнің таласуға ақысы жоқ деген қази алдында сенім хат жазылды».

⁹² Хат ұйғырша жазылған. Хаттың өз нұсқасы осы еңбектің 761- бетінен бастап басылыпты. Соңына тәржіме деп аудармасын беріпті.

Алты шаһардың ескі хандарының тағы бір жарлық қағазы біздің қолға түсіп, мазмұны төмендегіше:

«Жаратқан иемнің атымен:— Әбул-һади Мұхаммед Бахадур Ғазизға айтамыз. Мемлекет тірегі, салтанат тізгіні, туысқандарымен, Жәмишдтей патшазада, айдаһардай азулы перзенттеріне мағол ұлының туымен мың қол қосып, 110 бектері мен Қашғар уәлаятының әкімдаруғалары, түрліше кәсіп иесі болған үлкен-кішілерге мәлім етеміз. Хайдарбек мархұм бабалары Әмірбек хаттаттың Уруң Арық пен Құм сегіз деген жердегі батысы Данарлиғ, Уруң Арықтың ескі арнасынаи шектеліп, бір жағы Домобрге дейін, Арғу жолы мен Тир-кани бұтасынан бөлініп, солтүстігі Ашық жарға тіреліп, шығысы Жол-Қарағайдан бөлінеді, оңтүстігі Устод Мирғали Бухари жеріне тіреліп, Егіз-шордан қайтып, Құм-Уртлағ тауына тірелген кей жері Қарағайға шектес, шамамен 2000 батпан жер болады. Мұнан 400 батпан жерді Хайдарбектің бабалары мүлік етіп дауласқанда шарғи (заңды) жолмен бекітіліп берген. Бұдан былай да осы айтылған жерлерге басқа кісілер рұқсатсыз егін салып, ағаш отырғызып, болмаса басқа мақсатқа пайдаланбасын деп 1896 жылы зулхиджа айының соңғы кезі бесін уағында мөр басылды. Жаркент уәлаяты салтанат сарайы болды».

Құдайға шүкір, осымен тарихымыз аяқталды. Досжарандарға айтарымыз кемшіліктері болса түзетіп, дұрысы болса қуаттап оқысын деген тілектеміз.

Осы кітапты жинақтауға 21 жыл уақыт жұмсадым, көкірегінің көзі бар достардың қамқорлығы арқасында осыншалық еңбекке қол жетті. Менің Бида имамдығымның 36-шы жылы, қазилық мансабыма отыруымның 28-ші жылына тура келді. 28 шағбан 1327 хиджа (1905 жыл) бітті.

Түзген, жазған имам, қази Қурбанғали Халид қажы ұлы. Аягөзде туып, Шәуешекте орын тепкен.

КЕЙБІР СӨЗДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕР

Ахун — ұйғырша, оқымысты адамға айтылатын атақ. Негізі парсы тілінде хондон — оқыған сөзінен алынған. «Дан» жалғауын алып тастаса, «хон» атауы «оқу» болып шығады.

Атынай — қазіргі кездегі үлкен оқымысты, діни ғалымның әйеліне айтылады. Хан әйелі — ханым, би әйелі — бике, бай әйелі — бәйбіше деп аталған. Хан ұлы — ханзада, бай ұлы — байбатша, бек ұлы — бекзада, шах ұлы — шахзада деп аталған.

Ансар — пайғамбар сахабаларының Мәдинәден шыққан тобы. Екіншіден «көмекші» деген ұғымды береді, яғни исламның дамытушы дін басшылары.

Аят — арабша керемет, демек, мұнда бір аят бір сөйлем. Кейде мағынасы жақын бірнеше аятты қосып, бір аятқа есептеп те жібереді. Аят пен алладан «аятолла» шығады. Аятолла араб тілінде алланың аяты, яғни керемет деген мағына береді. Бұл атау, тек қана Иран шиғаларында ғана бар. Ол дінм түрғыдағы ел басшысына, яки мемлекет қайраткеріне ғана халық атынан берілетін атақ. Бірнеше аят жинағын сүре деп атайды. Сүренің ең азы үш аяттан кем болмайды.

Әмир-аль-муминин — муминдер, дінге сенушілердің әміршісі, басшысы, Әмир-ләшкер — әскер басы. Әмир, арабшабасшы, бастық деген ұғымды береді.

Баууаб — арабша қақпақшы, есікші, демек қақпа күзетшісі. Парсыша қақпашы — дарбозабон деп атайды, ал күзетшіні — посбон дейді.

Дамолла — үлкен молда деген ұғымды береді. «Да» қытайша «үлкен» деген ұғымды береді. Демек, бала оқытатын ауыл молдасы «дамолла» деп те аталады.

Ғазауат — арабша ғазат сөзінің көпше түрі. Дін үшін, Отан үшін жаугершілікте жүрген әскерді (жауынгерді) ғазат, ғазидейді.

Жамиғ — жұма намазына арналып салынған мешіт.

Имам — арабша жолбасшы, намаз басын оқитын кісі. Имам—хатиб — уағаз айтуға ерікті имам. Имамның орынбасары — ғайб.

Иман — арабша сену. Қазақта иманды болсын деу — құдайына сенсін, жаратқанына сыйынсын деген ұғымды береді.

Қази — діни сот.

Қази-эль-құзат — мемлекеттік қази, яғни қазилар басшысы.

Қари — арабша оқушы, әдетте құран оқыған кісіні айтады.

Қатиб — арабша жазушы, көбінесе секретарь-хатшы есебінде айтылады.

Кәлима — арабша сөз, яғни иман айтуды «кәлима айту», болмаса «кәлима қайтару» деп атайды.

Құран — мұсылмандардың қасиетті кітабы, арабша «оқу» деген сөздің мағынасын береді. Құран 114 сүре мен 6666 аяттан тұрады. Бағдаттықтар, куфа мен басралықтар 6666 аятқа жетпейді деп есептейді.

Мәзін — арабша «муаззин» сөзінен алынған — азаншы.

Молда — түркі сөзі, жай ғана молда, намаз оқи аларлық қана жетер-жетпес білімі бар, яғни діни шала сауатты, сондықтан оларда халық арасында дүмше молда деп те атайды.

Мурид — арабша белгілі бір кісіні ұстаз тұтып, өзі қалаған адамға ерген, қол созған адам. Бұл атау оңтүстік өңірде өзгермей қолданылады да, Сарыарқа өңірінде «пірадар» деп аталады.

Мударрис — оқытушы, дәріс беруші діни мұғалім — ұстаз.

Мұғауин — көмекші, муфти мен қазидың арасындағы қызметші.

Мумин — арабша сенген, иман келтірген адам.

Муслим — арабша «мұсылман».

Михраб — арабша «альтар», соғысатын жер. Екінші ұғымы, намазда тұрған адам, әдетте ойына әр нәрсе келіп бөліне береді, сайтанның азғыруына ұшырайды деген сөз. Демек, намазда ештеңе ойламауға тырысып өзі күреске түседі. Осы жерде «соғыс алаңы», яғни намаз орны.

Мухажир — дін үшін өмірлерін сарып етіп, мал-мүлік-туған-туысқандардың бәрін тастап Меккеден кеткен сақабалар.

Мүкри — құранды оқытуға арнайы рұқсат алған адам. Араб тіліндегі мағынасы «оқытушы», құранды оқытушы.

Мазһаб — имамның діни бағыты мен көзқарасы.

Маншур — қытай үкіметінің ел билеуге рұқсат ететін арнайы қағазы.

Муфти — шешім (фатуа) шығарушы. Муфти қазидың үкімін орындатпай, іске асырмай тастауға да еркі бар.

Оламиени—ағлам — ғалымның ең терең білімді, ең жоғарғы оқымысты атағы, қазақша «ғұлама» атауына сәйкес. Бұл атаулар араб-парсы тілдерінде қолданылады.

Пенде — арабшадан өткен түркі тіліндегі атауы. Парсыша «байлаулы құл», дінге кірмей құдайға сыйынбағандарды құлшылық еткізу осы «құл» сөзінен алынған.

Пір — парсыша «шал», шайхтың дәл мағынасы. Сахаба — пайғамбарды көзімен көріп мұсылман болған адамдар. Енді сахабаларға еріп дінге кірген кісілерді — табиғи, табиғиларға еріп дінді қабылдағандарды табаға, табаға еріп дінге кіргендерді баб деп атаған.

Суини — пайғамбар жолымен айтқан өсиеттерін мойындап, құран аяттарының барлық нұсқауларын бұзбай орындайтын дін басшылары. Сүннәт, жол атауының мағынасы.

Талаба — ғылым жолындағы шәкірт.

Уәли — арабша жақын, ие деген ұғымды береді. Сондықтан өздерін құдайға жақынбыз деушілерді «әулие» тұтқан. Әулие-уәли атауының көпше түрі, қолданылуы бірдей.

Пидия — құрбан шалу, яғни пида қылды, алла тағаланың ақысын мал есебімен шығару, қарыздан құтылу.

Шайх (шейх)—арабша «шал», кейде ұстаз, кейде пір, кейде әулие ретінде, қазақта ауыл ақсақалы мағыналары ауысып қолданылады.

Шиит — орысша. Арабша — шиға бөлім, топ, қауым деген мағынада. Сол топтың адамы «шйғй» деп те аталады.

Хафиз — құранды жатқа білетін кісі.

Хажы — Мекке мен Мәдинә қалаларындағы пайғамбарлардың орындарына ерекше Қағбаны тауап (айналып) зиярат еткен кісіге берілетін атақ.

Хажжул—харамайн, болмаса хажж-эль-харамаин — екі харамды (Мекке мен Мәдинәдегі екі мешітті) қатар зиярат етіп келген кісіні айтады.

Халифа — орынбасар, бірақ пайғамбардың төрт жаршысы болған: Әбу Бәкір, Омар, Оспан, Ғалидан басқаларға қолданылмайды. Егерде «халифа» атауын басқаларға қолданса, онда тарихтың бұрмалануы деп түсіну керек.

Халфе — ұстаз жоқта орнын басатын шәкірт.

Хаттат — мемлекеттік орындардағы үлкен лауазымдағы хатшы, болмаса кітап басып шығаратын жауапты редактор. Арабшадан аударғанда, тура мағынасы «көп жаза беретін адам».

хижрат — пайғамбардың Меккеден Мәдинәға кеткен күні. Бірақ,

ислам тарихшылары мен басқа тарихшылар арасында келіспеушілік бар. Бірі пайғамбарды қашты, енді бірі һижрат деп таласады. Себебі ансарлар үш рет делегациямен арнайы келіп ұшырасып, Мұхаммедті өздеріне кел деп шақырып, Мәдинәға барған соң оған көмекші болып, дінді таратқан. Сондықтан олар Мұхаммедті Меккеден Мәдинәға қашты дегенді жоққа шығарады. Пайғамбарды Мәдинәға шақыру үшін келісім жасауға 80-ге жуық еркек-әйелі бар ансарлар келіп, дінін қорғау үшін, мал-жанын сарп етіп қызмет етуге ант берген. Осы тарихи келісімді «Байған-ниса» деп, бұрынғысын «Байғат-аль-ақаба» деп атаған.

ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕР

9-бет. Тарихта Қоқан хандығының қалай пайда болып және қалыптасуы (1710-1876ж.ж.) жөніндегі аңыз Алтын Бесікпен байланыстырады. Бұл аңыздың мазмұны мынандай: Ақсақ Темір жалғасы, Бабыр хан, өзінің жауларынан сақтану үшін 1513 жылы кенже ұлын Ферғанада қалдырады. Бұл баланың аты Алтын Бесік - осы Ферғана хандығының негізін қалайды. Қоқан әміршілерінің билігі ХІХ ғасырға дейін сақталды.

10-бет. Шайбани тұқымы - Мұхаммед Шайбани хан (1451-1510) Шыңғыс ханның кенже ұлы Жошы ханның бесінші буыны. Кезінде Шайбани хан Мауараннахр мен Хорасанды биледі. Ол 1508-1509 жылдары қазақтарға да жорық жасады. Шайбани тұқымынан аса белсенділікпен билік жүргізгені Абдулла ІІ (1598 өл.). 1599 жылы Пир Мехаммед өлгеннен кейін Шайбанидтердің мемлекеті ыдырайды.

11-бет. Өзбек тұқымы - Өзбек (т.ж. белгісіз-1342 ж. өл.) 1312-1342 жылдары Алтын орданың ханы болды. Оның баласы Жәнібектің хандық құрған дәуірінде Алтын Орданың (1342-1357) ең дәуірлеген кезі болды. Өзбек атауын кейбір авторлар Өзбек хан атымен байланыстырса, басқа зерттеушілер Ақ Орданың халқымен ұштастырады.

11-бет. Темір әулетінен шыққан Бабыр хан (1483-1530) алғашқыда Ферғананың әмірі болады. 1504 жылы Мауараннахрдың билігі үшін таласта Шайбани ханнан жеңіліп Ауғанстанға өтіп кетеді. Содан, ол Солтүстік Үндістанда Ұлы Моғол империи-

ясын құрады. Ол өзін артыпда баға жетпес «Бабыр-иамә» атты құнды еңбегін қалдырады.

12-бет. «Раузат ас-сафа»-Мирхондтың (1433-1498) қалдырған тарихи шығармасы. Бұл ортаазиялық ғалым Бухараның билеуші әулетінен шыққан. Мирхондтың бұл 7 бөлімнен тұратын тарихи еңбегінің жазылуына себепкер болған Әлішер Науаи болды. Бұл пар- сы династиясының, Хорезмшахтың, монғол, Темір билігі жөнінде құнды тарихи деректерден тұрады. Автор өзінен бұрынғы тарихшылардың, оның ішінде Рашид аддиннің де еңбегін пайдаланған.

12-бет. Бұл жерде Алтын Бесікке байланысты Қоқандық билеушілердің шежіресі берілген. Бұл шежіренің басы Адам атадан басталады. Жалпы ғылыми зерттеу тәжірибесі көрсеткендей, адамзаттың шығу тегі жөніндегі анықтамаға сын көзбенен қараған жөн, себебі мұндай аңызға тарихи талдау жасай білу керек. Бұл еңбектегі келтірілген шежіреге мынандай түсінікпен қараған жөн. Мұсылман дүниесінде, сондай-ақ, христиан түсінігінде адамзат шежіресін тауратта келтірілгендей Адам атадан бастайды. Одан кейін, ислам діндарлары тайпа, рулардың шығуын Сам, Хам және Яфас пайғамбарлардан таратады. Бұған түркі, славян, хазар және т.б. этностарды, сондай-ақ мифологиялық тайпа Әжүж бен Мәжүжде Яфастан тарату дәлел болады. Түркі халықтарының шежіресіне байланысты деректер эпикалық жырларда орын алады, ол жырда Оғыз ханына байланысты аңыз желі етіледі. Енді XIII ғ. бастап татар-монғол шапқыншылығынан кейін адамзат шежіресі өзгере бастайды. Шежіре жалғасы Оғыз ханнан кейін Түрік ханға одан Монғол және Татар хандарымен жалғасады. Сондықтан жалпы шежіре таурат пен мұсылман қағидасының негізінде түркі және монғол халықтарының тарихымен байланыстырылады, ал мұның өзі терең талдауды қажет етеді. Бұл шежірені осылайша терең талдау жасап анықтағанда тарихи мәлімет ретінде пайдалануға болады.

14-бет. Уилами — арабша, мұсылман мемлекеттеріндегі жоғарғы дін басшылары. Уәли — жергілікті әскери басшы.

14-бет. «Хан» атауы — «хун» атауына қатынасы жоқ. Хан — «қаған» атауынан қысқартылған түркі халқының жоғарғы дәрежелі атауы (кан). Ертедегі орхон жазуында кан қаған сөзімен қатар кездеседі.

16-бет. Ноғай — атауы бірінші рет XVI ғасырдағы әдебиеттерде кездеседі. Олар өздерін манғыттар деп, ұлыстарын манғыт ауылы деп атаған. Манғыттар XIII ғасырдың екінші

жартысында Алтын Орданың Ноғай құрамында болды. Ноғай ордасы осылардың атымен байланысты. Ноғай ордасының негізгі жері Еділ-Жайық даласында жайласқан, ал әкімшілік орталығы Сарайшық қаласы болды. XVIII ғасырда осы жерден ноғайлар-дықалмақтар батысқа қарай ығыстырады.

17-бет. Ақмешіт — бұрынғы Қызылорда қаласы. 1917-1925 жылдары Қазақстанның әкімшілік орталығы болған.

18-бет. Барақ хан (1423-1428) жылдары Ақ Орданы басқарады, Жошы әулетінен, Орыс ханның немересі. Ақ Орда, монғол басқыншыларынан кейінгі кезеңдердегі Қазақстан жеріндегі жергілікті этникалық негізіндегі ең қуатты мемлекеттік құрылым болды.

20-бет. Сарт атауы ортағасырлық түркі халықтарына үнді тілінен енген - купец саудагер деген ұғымды береді. Бертін келе, монғолдар мен түркі халықтары бұл атауды тәжік (парсы) халқына қатысты қолданған. Ал жаңа дәуір кезеңінде Орта Азия қала тұрғындары мен дихандарын сарт деп атайтын болды.

20-бет. Манғыт — ноғайлар өздерін осылай атайды. Монғол дәуірінде түркі және түрікке сіңген монғол тайпаларын манғыт деп атаған. Кезіндегі Темір мен Тоқтамыстың қарсыласы болған тарихтағы атақты Едіге әмір осы манғыт тайпасынан шаққан.

23-бет. Алматы-1854 жылы Верный Іле Алатауының етегіндегі ертедегі қаланың орнына салынған. 1921 жылдан Алматы. Бабыр хан өзінің еңбегінде Алматы қаласын Алмалық және Тараз қалаларымен қатар қояды. Мухаммед Хайдар Дулати (XVI ғ.) Алматының осы өлкедегі белгілі орын екендігін айтады.

28-бет. Бүгінгі Жамбыл қаласының бұрынғы аты, XVIII ғасырдың аяғынан 1936 жылға дейін Әулие Ата деп аталып келді.

33-бет. Құтайба ибн Муслим 705-715 жылдардағы Хоросанның арабтан шыққан билеушісі болды. Жалпы арабтардың Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанға негізгі жорығы осы кезеңнен басталады. Құтайба 714 жылы Исфиджабқа (Шымкентке) жорық жасайды.

34-бет. «Сын» (Қытай) деген араб сөзінен және орыстың «сын» деген сөзінен өз ара ешқандай байланысы жоқ, тек дыбысталуы жағынан ғана ұқсас.

34-бет. «Тарих-и-Табари - парсы тіліне аударылған араб тарихшысы ат-Табридің (839-923) еңбегі. Шығыс Араб елдері, сондай-ақ Орта Азия және Кавказ тарихына байланысты құнды

материалдар берілген.

34-бет. Самани—IX-X ғасырлардағы Орта Азия мен Хорасандық тайпаларды билеген тәжіктің феодалдық әулеті.

34-бет. Ғазнауи—X—XII ғасырлардағы Хорасан, Ауғанстан және Солтүстік Үндістанды билеген түркілердің феодалдық әулеті.

34-беті. Селжуктер—X—XIII ғасырлардағы Хорасаннан Анатоли Түркиясына дейінгі өңірді билеген түркілердің феодалдық әулеті. Селжуктар, әуеліне Сырдария даласымен қоса Каспий және Арал теңізі өңіріндегі оғыздардың әскери басшылары болды.

34-бет. Бірсажан— қата жазылған Барсхан қаласының аты. Мұсылман ортасының ортағасырлық жазба тарихынан бізге белгілі болғаны екі Барсхан. Ыстық көлдің оңтүстігіндегі Жоғарғы Барсхан, екіншісі Тараз (Жамбыл) қаласының жанында орналасқан Төменгі Барсхан.

35-бет. Сыдық Бұғра Хан (955)—Қараханидтер әулетінің негізін қалаушы. Түркі тайпаларының ішінде ең алғаш исламды қабылдап Орта Азия, Оңтүстік Қазақстан және Шығыс Түркістан жеріне таратушы да осы Сыдық Бұғра хан болды.

35-бет. Баласағұн (IX-XII ғ.ғ.) Қарлұқ пен Қараханидтер мемлекетінің орталығы болған. Бұл қала Шу өңірінде, болмаса Токмақ (Қырғыз) қаласының маңында орналасты деген пікірлер бар. Тіпті, бүгіндері Баласағұн бұрынғы Ақтөбе қаласының орны деген пікір де бар.

35-бет. Жүсіп Қадырхан, өткен тарихи деректерде Юсуф Баласағұни деген атпен белгілі. «Құтты білік» (XI) атты еңбегі үшін кезінде Сыдық Бұғыра ханнан (1074-1102) «Хас-хажиб» деген атаққа ие болады.

36-бет. Көреген, «күйеу» деген қалмақ атауына қатысы жоқ. Темірдің «көреген» деген лақабы «турхан» деген атауға саяды. Бұдан «гур» деген «жалпы», «дүниежүзілік» деген ұғым береді және хандардың атақтары (шендері).

50-бет. Сарай — ортағасырлық қала, Жошы хан ұлысының әкімшілік орталығы болған, төменгі Еділ бойында орналасқан. Сарайшық—XIII—XVII ғ. гүлденген қала болған. Бүгінгі Гурьев қаласынан 18 шақырым жерде Жайық өзенінің жағасында су астында қалып барады. Араб саяхатшысы Ибн Баттутаның жазуынша Сарайшықкезінде көркейген қол өнердің және сауданың орталығы болған, көптеген елдердің саудагерлерінің бас қосатын орталығы болған.

51-бет. Найман — ертеделі түркі тілдес тайпалардың бірі. Көптеген тарихты зерттеушілердің жазуына қарағанда найман тайпасының ең бір өрлеген кезеңі X—XIII ғасыр болды. Жалпы найман тайпалары қазақ халқының қалыптасуында айтарлықтай роль атқарды. Жалпы найман тайпаларының XIX ғ. орналасқан жері Ертіс өзенінің бойы, Алтай, Тарбағатай өңіріне дейін.

55-бет. Монғол тайпасы жайында VI—IX ғ.ғ. Қытай тарихында бірінші рет (мәнью, мэева) аталады. Сол кезде бұл тайпалардың жер тепкен өңірі Онан өзенінен жоғарғы Амур, одан Маньчжурияға дейін. X ғасырдың аяғында XI ғасырдың басында бүгінгі Монғолия жеріне монғол тілдес тайпалар қоныстана бастайды, оларға дейін бұл жерде түркі тілдес тайпалар қоныстанған-ды. Содан XII ғасырдың ортасында біріккен монғол мемлекеті құрылады, әсіресе Шыңғыс хан, одан оның әулеті кезінде орта ғасыр кезеңіндегі ең дәуірлеген мемлекет болды.

55-бет. Татар—VI—VIII ғасырларда қалыптасқан монғол тілдес тайпалардың бірі. Жер тепкен өңірі Солтүстік-Шығыс Маньчжуриядағы Буир және Далай көлдерінің айналасы болды. Татар тайпаларының кейбір бөліктері VIII—IX ғасырларда оғыз тайпаларымен саяси-этникалық қарым-қатынаста болды. X ғасырда татарларды Кидандықтар (монғолдың бір тайпасы) Маньчжуриядан қуып шығады. Содан олар батысқа қарай жылжып, Монғолия жеріне жетіп орналасады. Содан татарлар XII ғасырда өзінің ұлысын (мемлекетін) құрады. Шыңғыс хан дәуірінде татарлармен бірге монғолдардың басқа монғол тілдес тайпалары сияқты монғол атанып кетеді.

55-бет. Қожа Ахмед Яссауи (1166 ж. өл.). Оңтүстік Қазақстан жерінде де түркі тілдес халықтар арасында исламды таратушы. Ол Сайрамнан шыққан. Яссауи «Диван-и хикмет» («Даналар кітабы») өлеңдер жинағын қалдырды. Бұл түркі тілдес халықтың ертедегі әдеби мұрасы болып табылады. Кітапта дінді уағыздаумен бірге мәдени-тарихи және әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер көтерілген.

57-бет. 92 өзбек руы - бұл тайпалардың тізбесі тарихи-этнографиялық тұрғыдан қарағанда өзіндік ерекшелігі бар. Осы көшпелі өзбектер жайындағы бүгінгі бізге белгілі тарихи құжаттардың ішіндегі ең көнесі Ферғаналық Сайф аддин Аксикенди қалдырған шығарма XVI ғасырда тәжік тілінде жазылған «Мажму ат- таварих» тарихи жинақ. Одан беріректе 92 емес, 97 ру өзбек атаумен «Насабнама-и узбекия» атты тарихи еңбекте берілген.

59-бет. «Мустафад ал-ахбар» — тарихи шығарма, татардың белгілі тарихшы-жазушысы Шиғабуддин ал-Маржани (1815-1889 ж.ж.) жазған.

60-бет. Қыпшақ — ертедегі түркі тілдес тайпа. Бұл тайпа бірінші рет Баян-шор жазба ескерткішінде және Ибн Хордадбехтің географиялық шығармасында айтылады. VIII-X ғасырларда қыпшақтар қимақ мемлекетінің құрамына кіргендіктен саяси тәуелді болды. Одан XI ғасырда қыпшақтардың саяси дәуірлеген кезі болды, Ертістен Сырдарияға дейінгі өңірді жайлады. Ал монғол шапқыншылығының алдында Ертістен Днепрге дейінгі алқапты жайлаған қыпшақтарды тарихта Дешті-қыпшақ дәуірі деп атады. XIII—XIV ғасырларда қыпшақтар қазақ халқының қалыптасуына негіз болды.

60-бет. Башқұрт — ертедегі печенегтер тайпаларының бірі. Араб тарихшысы ал-Масудидің айтуынша, башқұрттар VIII—IX ғасырда Сырдария мен Арал өңірін мекендеген. IX ғасырда оларды бұл өңірден оғыздар солтүстікке қарай ығыстырады. Содан X ғасырда башқұрттар бүгінгі территориясына орналаса бастайды. Башқұрттар XI—XIII ғасырларда қыпшақтармен мәдени-тұрмыстық қатынаста болады. Башқұрт халқы XIV-XV ғасырларда толық қалыптасып болады.

60-бет. Түрікмендер — Орта Азияда қоныстанған түркі халықтарының бірі. Бұл халық жайында бірінші рет араб географы ал-Макдисидің еңбегінде Исфиджаб қаласының айналасында орналасқан деген деректеме береді. XI ғасырда оғыздарды да, түрікмендер деп атайды. Бирунидің (XI ғ.) дерегіне қарағанда ислам-ды қабылдаған оғыздарды түрікмендер деп атаған. Содан монғол иелігінің дәуірінде оғыздар деген атау мүлдем жойылып, түрікмен атауы толық қалыптасады. XVI ғасырларды Алдыңғы Азия жерінде Ақ Қоюңлы және Қара Қоюңлы түрікмен мемлекеті құрылады.

60-бет. Тибтар — башқұрттардың жерінде тұратын татарлардың бір тобы.

61-бет. Ғияс ал-Луғат — Мухаммед Ғияс ад-дин қалдырған сөздік.

62-бет. Ескендір Зулқарнайын — ертедегі гректердің әскери қолбасшысы және саяси қайраткері болған Александр Македонскийді (б.э.б. 356-323 ж.ж.) атаған. Ислам оны жай пайғамбарларға қосады. Әжүж бен Мәжүжді осы Зулқарнайынның тарихына тірейді.

62-бет. Әжүж бен Мәжүж — тауратта айтылатын мифоло-

гиялық халықтың аты Гог және Магог деп аталады.

62-бет. Ибн Халдун (1332-1406) арабтың көрнекті тарихшысы, дүние жүзілік тарих қорына «Китаб ал-ибар» атты еңбегін қалдырған. Бұл еңбектің география жөніндегі бөлімінде «хазлах» жөнінде деректер берілген.

62-бет. Хазлах — «Харлух» атауының бұрмаланып жазылуы, Кезінде Қазақстан жерінде қимақтармен бірге орын тепкен түркі тайпаларының бірі қарлуқтарды арабтар «харлух» деп атаған. Жалпы «хазлах» атауының «қазақ» атауымен ешқандай қатынасы жоқ.

63-бет. Қимақтар—түркі тайпасы. Бұлар жөнінде хабар бірінші рет VIII ғасырда белгілі болды. IX—X ғасырларда қимақтардың мемлекеті қалыптасып, Орталық Ертіс өңірінде әкімшілік орталығы құрылды. Осылайша Ертістен Аралға дейінгі өңірде қимақ қағанаты құрылды.

63-бет. «Жуғрафия-ий кабир» - 1877 жылы аш-Ширдани құрастырған көпшілікке белгілі географиялық оқулық. Бұл оқулыққа көптеген анықтамалар дұрыс берілмеген. Мысалы, қалмақ пен қимақты бір атауға сидыруы дұрыс емес. Айталық қимақтар түркі тілдес тайпа болса, қалмақ болса XV ғасырдағы ойраттардың батысындағы монғол тілдес тайпа.

63-бет. «Құзаа» мен «хузаа» араб тайпаларының аттары «хузаға» деп берілуі дұрыс емес. Және «Хузаға» атауының «қазақ» атауына ешқандай қатынасы жоқ.

65-бет. «Шажара-и түрк»—Әбілғазы Бахадур хан (1603-1664) қалдырған тарихи деректердің негізінде құрылған әдеби мұра. Бұл еңбекте түркі және монғол тайпаларының аңызға айналған дәуірінен бері Әбілғазы өлгенге дейінгі тарихи кезең қамтылған. Жалпы түркі, монғол тайпаларының шығу және қалыптасу тарихын ауыздағы аңызға сүйеніп жазған. Бірақ, соңғы тарауда берілген Қазақстан мен Орта Азияда болған XV-XVII ғасырлардағы қилы-қилы тарихи уақиғалардың өзіндік ерекшелігі бар.

65-бет. Оғыз-хан — Сырдарияның төменгі сағасында VIII—XI ғасырларда өмір сүрген түркі халықтарының аңызға айналған атасы. Көптеген тілге аударылған «Оғыз-нәмә» эпосы осы Оғыз хан атымен байланысты.

65-бет. Қыпшақ жөніндегі бұл түсініктемемен келісуге болмайды. Әсіресе Орта жүзге жататын қыпшақтарды ертедегі қыпшақтардың тұқымы емес деу тарихи шындыққа келмейді.

65-бет. Хазарлар мен бұлғарлар өз алдына қыпшаққа тәу-

елсіз мемлекеттерін құрған, Түркі тілдес тайпалардың бірі хазарлар, кезінде Еділдің Солтүстігінен Қара теңіз айналасын мекендеген. Осылайша VIII-X ғасырларда Хазар қағанаты өмір сүрді. Содан билік XI-XII ғасырларда Ертістен Днепрге дейінгі аймақты жайлаған саяси әкімшілігі басым болған қыпшақ тайпаларының қолына көшеді. Бұлғарлар түркі тектес халықтар. Бұлғарлар жөніндегі алғашқы деректер VI ғасырда белгілі болған. X және XIII ғасырдың басында Орталық Еділ бойында бұлғарлардың мемлекеті болды. Содан 1236 жылы Бұлғар мемлекеті ыдырап, Алтын Орданың құрамына кіреді. Енді қайтадан Алтын Орда ыдыраған кезде сол бұлғар мемлекетінің негізінде орталығы Қазан қаласы болып Татар мемлекеті құрылады.

65-бет. Туран — ертедегі иран тілдес көшпелі тайпаларды отырықшылық-егіншілікпен айналысатын иран тілдес тайпалардан ажырату үшін олардың көшіп-қонып жүрген тарихи-этнографиялық даласын осылай атаған. Содан VI ғасырда, түріктер билігі дәуірінен бастап «Туран» атауы Жайық-Каспий өңірінен Алтай-Қытайға дейінгі өңірді жайлаған халықтардың территориясын «Түркістан» атауының орнына қолданылды. Иран аңыздарындағы батырларының есімі түркі патшаларының атына байланыстырды, айталық Қараха-нидтер Туран патшасын өзінің аңыздағы «Афрасиаб үйі» деп атады.

65-бет. Қазақ жүздерінің құрылу дәуірі 700-800 х.ж. (1300-1400 ж.ж.), жалпы тарих хронологиясына сүйенсек, осы ғасырларға сәйкес келеді. Совет тарихында қазақ жүздерінің құрылу дәуіріне байланысты әртүрлі көзқарас бар. Осындай көзқарастарға мынандай пікір айтуға болады: Қазақтың жүздері әр қайсысы өз алдына ұлыс құрған, бұл тарихи жағдай XV-XVI ғ.ғ. қазақ хандарының құрылуының негізін қалады. Кейбір тарихшылар қазақтың үш жүзге бөлінуі ертетегі түркі дәуірінен басталып X-XII ғасырда аяқталды дегенді айтады.

66-бет. Қазіргі кезде тарихшылар «жүз» атауын арабтың «жүз»—«бөлік» атауымен байланысты деген пікірмен келіспейді. Олар «жүз» түркі тілінде «жүз» санмағынасын білдіреді деп есептейді.

67-бет. Мансур Халлаж — қырғыз халқының атақты ата-бабасының аты. Бұл есім X ғасырдағы сопы Шеих Дбу Абдаллах ал-Хусейн Мансур ал-Халлаж атымен байланысты. Сопы болғандықтан «Адалдық менде ғана» дегені үшін Бағдадта өлтіріледі. Осы аңыз бәлкім кезінде қырғыз тайпаларының арасында сопылардың үс- темдігін орнату мақсатында таралуы да мүмкін.

69-бет. Зекет — шариғатта көрсетілген салынатын салық. Бұл кедейлер мен қайыршыларға және қоғамның керек-жарағына бөліп беріледі. Зекетке жалпы жылдық пайданың 2,5% алынатын болған.

69-бет. Талақ — «талақ тастау». Ерінің әйелінен ажырасуы. Ол үшін ері «талақ» деп үш рет қайталайды.

71-бет. Ғидда — (арабша идда) жесір, болмаса күйеуінен ажырасқан әйел, «ғидда» уақыты өтпейінше күйеуге тиюге болмайды. Айталық жесір үшін 4 ай 10 күн. Ал ажырасқан әйел үшін 3 рет етек кірі келуін күтеді, ондағы себебі осылай таза отырса күйеуі қайтып келеді деген мақсат қойылған.

72-бет. Улығ Мұхаммед хан — Алтын Орда ханының ұлы. 1445 жылы өз алдына Қазан хандығының негізін қалаушы. Орыстар Қазан хандығын 1552 жылы жаулап алады.

72-бет. «Арқар» атауын арабтың «уакор» атауымен шатастыруға болмайды. «Арқар» ертедегі түркілердің тіліндегі атауы болған, айтылуында ғана ұқсастық бар.

73-бет. «Сарт» атауы арабтың «сард» сөзімен мағынасы жағынан ұқсастық жоқ.

73-бет. Ноғай араб тіліндегі «Науаин»—«Нағай» атауының көпше түрі, халықтық атаудың түрі.

76-бет. Ноғай-қазақты татар-монғолдармен тенестіруге болмайды. Ноғай мен қазақ түркі тілдес халықтардың тайпалары. Ал татар мен монғолдар басқа этникалық топтың бұтағы, ноғай мен қазақтан тілі, орналасқан территориясы, антропологиялық белгісі жағынан мүлдем өзгеше.

78-бет. Мешерлер Еділ бойындағы татарлардың бір руы (тобы). Мешерлер бір кездегі финугор тайпаларынан болып, кейін түрік тілдес тайпалармен араласып кеткен.

78-бет. Қасым хан (1445-1518)-Жәнібек ханның ұлы. Қасым хан билеген кезде Қазан хандығының гүлденіп дәуірлеген кезеңі болды. Қасым ханның замандастарының айтуына қарағанда оның қоластында бір миллион қазақ болды деген дерек бар. Халықтың аузында «Қасым ханның қасқа жолы» деген заң бар.

78-бет. Башқұрттар Орталық Азия жерінен шыққан ертедегі түркі тілдес тайпалар. Қазіргі орналасқан жеріне ежелгі башқұрт этносы X ғасырда жеткен. Башқұрт тайпасы (1312-1342 жылдары) Өзбек ханның билігіне қарады.

83-бет. Сақлаб (сақалиба көпше түрі), Орта ғасырда славяндарды мұсылмандар осылай атады.

86-бет. Жәнібек хаи (туған және өлген жылы белгісіз) XV ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның Оңтүстік және Оңтүстік Шығысында құрылған қазақ хандарының негізін қалаушылардың бірі. Тарихи деректерде ол Абу Саид, ал халық аузындағы аңызда әз- Жәнібек деген атпен танымал.

88-бет. Сүлеймен пайғамбар, таураттағы Соломонның аты.

90-бет. Сопылық - мұсылмандардың мистикалық ұғымы. Сопылардың негізгі мақсаты алланы тану, түсінуі. Яғни, құдайдың ісін мойындау, құдайдың айтқанын бұлжытпай орындасам күнделікті тіршіліктегі менің талабым да орындалып тұрады деген ұғымда болған. Сопылықтың бұл түсінігі бүгінге дейін сақталған. Жалпы әркім сопы болуы өзінің құдайға сенудегі көзқарасына байланысты. Жалпы мұсылман тарихында сопылар ешқандай қылмыс-қиянат жасамайтын тек құдайдың айдағанына жүріп айтқанына көнетін адам.

91-бет. Әзірейіл - мұсылмандардың түсінігіндегі төрт періштенің бірі, жаналғышы. Адамның өлерде келіп жанын алады деп түсіндіріледі.

92-бет. Үйсін-біздің эрамыздан бұрынғы II ғасырда белгілі, Жетісу өңірін мекендеген тайпа. Кейін келе бұл тайпалар бірігіп ұлы жүзді құрайды. Қазақ тарихында қазақ жүздерінің ең үлкен тайпасы саналады, аңыздарда кеңінен орын алатыны да сондықтан.

92-бет. Жалайыр - оғыздардың таралған ертедегі түркі тілдес тайпа: XII ғасырда жалайырдың айналасына он шақты тайпа бірігіп, XIII ғасырда Жетісу өңіріне қоныс тебеді. Темір дәуірінде жалайыр тайпаларының кейбір бөлігі саяси роль атқарады. Бұлар да қазақ руларының арасында үйсіндер сияқты құрметті орында жүреді.

92-бет. Арғын - қазақ халқының құрылуында басты роль атқарған орта жүздің үлкен тайпаларының бірі. XIV-XV ғасырлар Орталық және Ертістен батысқа қарай Сырдың солтүстігі, Жетісудың батыс өңірлерінде қоныс тепкен. Халық аузындағы аңызда арғын Орта жүздің ең үлкені, қыпшақтармен туыс делінеді.

92-бет. Қоңырат—XIII—XVI ғасырларда Орта Азия тарихында айтарлықтай роль атқарған тайпа. Жалпы бұл тайпаның негізгі бөлігі кіші жүз құрамына кірген, алайда XVIII ғасырдың соңында одан бөлініп, ұлы жүз құрамына кіреді де қалған аз бөлігі қарақалпақ және өзбек халқының құрамына кіреді.

92-бет. Уақ — орта жүздің бір тайпасы. «Ақтабан шұбырынды» кезінде Торғайдан Ертіс өңіріне дейінгі аралықта қоныс тепкен.

92-бет. Керей - Орта жүзге жататын ертедегі көшпелі тайпалардың бірі. XIII ғасырдың басына дейін Орталық және Шығыс Монғол жерінде мекендеген. Шыңғысхан шапқыншылығына ұшырағаннан кейін керейлер қазіргі Шығыс Қазақстан жеріне ығысты. Кіші жүздің жеті ру тармағында да керей руы бар.

93-бет. Асан Қайғы — атақты акын, флосиф, даналық аңыз-жылардың кейіпкері. XV ғасырда өмір сүрген. Сарайда, одан Қазанда тұрған. Жасы келгенде қайтадан Дешті-қыпшаққа келеді. Халық аузындағы аңызға сүйенсек, Асан Қайғы Жәнібек пен Керей ханға Қазақтың жерлерін қосып, барлық тайпалар мен рулардыңбасын біріктіріп бір ел болуды айтады. Қазақ болуға шақырады.

93-бет. Майқы би — қазақ билерінің атасы, ұлы жүздің биі. Тарихи деректерге қарағанда Шыңғыс ханмен дәуірлес, XIII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген Рашид ад-диннің жазуына қарағанда Майқы үйсіннен шыққан. Жошы ұлысында оң қанатта әскери басшы болған.

94-бет. Наймандардың дәуірі Орысханның кезеңімен дәуірлес деуі шындыққа келмейді. Жалпы Найманның саяси әкімшілік дәуірлеу кезеңі X ғасырмен XIII ғасырдың басы. Орыс ханның (1361-1377) билік жүргізген дәуірі XIV ғасырдың екінші жартысы.

95-бет. Шыңғыс хан (1155-1227)—XIII ғасырда қалыптасқан монғолдың феодалдық мемлекетінің негізін қалаушы. Шыңғыс ханның өз аты Тимучин. 1206 жылы Монғол зиялыларының құрылтайында Шыңғысты хан көтерсді. Оның дәуірінде ұлан асыр жерді Енисейден Орыс жеріне, Қытайдан Солтүстік Үндістанға дейінгі территорияны бағындырды. Осы дәуірде (1219-1224ж.ж.) Орта Азия мен Қазақстан Шыңғыс хан империясының құрамында болды.

96-бет. Берке хан (1257-1266)-Алтын орданың ханы болған Жошының ұлы. Берке хандық құрған дәуірде Алтын Орда Ресейді толық бағындырады, бірнеше рет парсыларға да жорық жасайды. Берке және айналасындағылар мұсылмандықты толық қабылдаған соң Алтын Орда Египеттегі Мамлюк мемлекетімен қарым-қатынаста болады.

100-бет. Ақ Орда (XIV және XV ғас. басы)-Монғол билігі құлағаннан кейінгі жергілікті этностардың негізінде Қазақстан

жерінде құрылған мемлекет. Ақ Орданың алып жатқан жері Жайықтан Батыс сібірге дейін оңтүстігінде Сырдария өңірі, яғни Ежен мен Шайбани ұлысы болды. Ақ Орданың құрамында қазақтың қыпшақ, найман, үйсін, қарлұқ, керей, қоңырат, қаңғыт, арғын т.б. тайпалар болды. Ақ Орда ыдырағанға дейін Ежен, Сартақ, Кеңші, Баян, Сасық-Бұқа, Ерзен, Мубарак, Шымтай, Орысқан, Құйыршық және Барақ биледі.

101-бет. Қарақорым — Орхон өзені бойындағы 1220 жылдары Шыңғыс хан құрған Монғол мемлекетінің орталығы, XVI ғасырға дейін өмір сүрді.

115-бет. Автор ойрат пен қалмақты екеуін екі бөлек ел деп санайды, бұл дұрыс емес. Себебі, түркі тілдес халық ойратты қалмақтар деп атаған.

115-бет. (Тамғач) — ерте ортағасырлық дәуірде түркі тілдес халықтар қытайды осылай атаған. XI ғасырда Махмуд Қашқари дәуірінде Синді Солтүстік, Масинді Оңтүстік қытай деп атап, одан Масинді ғана Тамғач деп атаған. Кейін келе Жоғарғы Синді де Тамғач деп **атап**, төменгі Синді - Қашқария деп атады.

117-бет. Маздақ - Орта Азияда Кубада (488-531) патшалығының дәуірінде ортағасырлық феодалдық езгіге қарсы халықты көтерген тарихтағы атақты қол**басшы**. Маздақтың қозғалысы прогрессивтік көзқараста болды, себебі ол халықты қанаушылыққа қарсы тұрды. Кезінде Маздақтың қозғалысы, оның идеясы бүкіл Орта Азияны қамтыды.

120-бет. Қозы Қөрпеш — Баян сұлу—XIII-XIV ғасырларда туған лирикалық эпос. Бұл эпоста тек махаббат қана дәріптеліп, зорлық-зомбылыққа қарсы тұрады. Әр түрлі ақын-жыраулардың айтуынша бұл эпостың жиырмаға жуық варианты: Сыбанбай, Бектау, Жанақ, Шөже т.б. варианттары бар. Қозы мен Баянның өлген жерінде Аягөз өзенінің бөйында XVI-XVII ғасырларда салынған күмбез бар.

125-бет. Жоңғар хандығы - Батыс Монғолиядағы (1635-1758 ж.ж.) феодалдық мемлекет. Негізгі халқы ойраттар (қалмақтар). XV—XVI ғасырда аздаған территориясы бар ойраттар (қалмақтар) Шығыс Қазақстан мен Жетісу өңіріне жорыққа шығады. Содан Жоңғар хандығы құрылғаннан кейін олар қазақтармен жауласуды бастайды. Содан Жоңғар шапқыншылығы әбден күшейді (1723 ж.). Мұны тарихымызда «Ақтабан шұбырынды» дейді. Осындай күйзеліске ұшыраған жағдайда кіші жүз қазақтары Ресейге қарады.

125-бет. Манжурлар тілі жағынан монғолдардан айырмашылығы бар. Бұлар тілі жағынан манжур-туңғұс тобына жатады.

127-бет. Дүнген (хүэй) — тілі және мәдениеті жағынан қытайға жақын тайпа, ал дін жағынан мұсылман. Негізгі орналасқан жері қытайдың Нинсе-Хуэй мен автономиялы аудандары. XIX ғасырдағы мұсылман қозғалысы басылғаннан кейін Хуэйдің көпшілігі Қазақ-стан, Қырғызстан жеріне өтіп кетеді де дүнген деп аталып кетеді.

143-бет. Каганов Н. Ф. (1862-1922)-В. В. Радловтың шәкірті, ұлты хакас. Тюркология тарихында кәптеген еңбек қалдырған атақты шығыстанушы.

143-бет. Қашқария Баласағұн деп аталған емес. Қашқария Шығыс Түркістан жерінде, ал Баласағұн Жетісу жеріндегі шаһар.

166-бет. Төре-ел билеуші Шыңғыс тұқымы, демек арғы тегі монғол.

185-бет. «Қымыз»—атауын арабтың «хамуз» сөзімен шатыстыруға болмайды. Қымыз — түркі сөзі.

200-бет. «Тарих-и жаридә-йи жадида»—(Жана тарихи жазбалар), Құрбанғали Халидұлының тұңғыш баспа бетін көрген тарихи еңбегі (Қазан, 1898 ж. 71 б.). Бұл еңбекті 1885 жылдары Шығыс Түркістанды аралап шыққанда жинаған материалдар негізінде жазған. Еңбек шағатай тілінде жазылған.

219-бет. Халық аузындағы бір шежіреде Яфастан егіз—кытай мен түрік тарайды. Бұл аңыз шамамен Қытай Батыс аймақтарында XVIII-XIX ғ.ғ. да шыққан. Ал мұсылман тарихында XVIII ғасырға дейін Шын (син) Яфастың ұлдарының бірі ретінде көрсетілмейді. VII ғасырдан бастап мұсылман шежірелерінде Яфастың ұлдары ретінде түркі, хазар және сақлаба (славян) аталады. XVII ғасырда Әбілғазы еңбегінде Шын (син) Яфастың ұлдары ретінде көрсетіледі, бірақ дәстүр бойынша, негізгі ұлдары түрік, хазар және сақлаба (славян) аталады.

223-бет. Түрік — бұл этноним алғаш рет 542 жылы аталады. Түркі тайпасы Алтай өңірін жайлаған. 552 жылы түркі тайпасы көшпенділердің державасын құрады, бұл VIII ғасырдың ортасына дейін өмір сүреді. Бұл империяның шекарасы Монғолиядан басталып Қытайдың солтүстігінен Қара теңізге дейінгі аралықты алып жатты. Содан IX ғасырдан бастап араб-парсы тіліндегі географиялық және тарихи әдебиеттерде түрік жеке тайпаның не болмаса мемлекеттің аты ретінде емес, тілдің, халықтардың аты ретінде қолданыла бастаған.

221-бет. Оғыздардың дақты атасы — ежелгі түркі тілдес тайпалар екібұтақтан тұрады. Олар VI—VIII ғасырларда өмір сүрген Шығыс түркі қағанатының құрамына кірген орталық азиялықтар мен Жетісудің батысында қоныс тепкен. Ортаазиялық — қазақстандық тайпалар. VIII ғасырдың ортасында Жетісудің батысындағы оғыздар Сырдария өңіріне қарай көшіп, оғыздар мемлекетін құрады. Одан, XI ғасырда қыпшақтардың жорығынан оғыз мемлекеті ыдырайды. Енді мемлекеттік бірлестігі құлаған оғыздар Шығыс Европа мен Кіші Азияға, одан қалды, біразы Орта Азияға ойысып Селжуктардың қарауына барады.

222-бет. Ұйғыр—ертедегі түркі тілдес тайпалардың бірі. V ғасырда VI ғасырдың ортасына дейін ұйғырлар Жужан, одан Түркі қағанатының құрамында болды. 745 жылы Орталық Азияда ұйғыр қағанаты құрылды. Оның орталығы Орхон өзенінің бойында болды. Содан, Енисейлік қырғыздардың шапқыншылығынан 840 жылы ұйғыр қағанаты құлайды. Осы дәуірде ұйғырлардың негізгі бөлігі Шығыс Түркістан мен Ганьсудың батысына барып жеке мемлекет құрады, орталығы Турфан (847-1369), мен Ганьсуде (847-1036) болды. XIV- XV ғасырда ұйғырлар исламды қабылдайды. XV ғасыр мен XVI ғасырдың басында Тәрім өзенінің бойында бүгінгі ұйғыр халқы қалыптасады.

224-бет. Бұл жерде Орта Азия тарихының хронологиясы сақталмаған. Айталық, хазарлардың саяси өрлеу дәуірі VIII-X ғасырлар болды. Ал қыпшақтар болса осы хазарлардың мұрагері ретінде X-XIII ғасырларда дәуірледі. Содан XIII ғасырдың екінші жартысында кең байтақ қыпшақ тайпасының жерін татар-монғолдар жаулап алады.

225-бет. Ортағасырлық татар-монғол тайпаларының саяси өрлеуі XIII ғ., ал хун дәуірі II-IV ғ.ғ. жатады. Сондықтан ортағасырлық тайпалардың мирасын тікелей хундарға апару мүлдем теріс.

226-бет. Хунды (хұзды) ғұзбен (оғызбен) салыстыруға болмайды, өйткені тарихи уақиғалардың баяндау реті бұзылады. Осыған орай, хун тарихының оғыз тарихынан әлде қайда бұрын өткендігін айтса да болады.

227-бет. Тарихи реттілік сақталынбай, тарихтың әр кезеңі бұл жерде татар, хунну және караханидтер династиясы дәуірі шатастырылған.

238-бет. Радлов В.В. (1837-1918 ж.ж.), аса көрнекті тюрколог, Орталық және Орта Азияның түркі тілдес халықтарының тарихына, этнографиясына, фольклорына, тіліне байланысты

көптеген баға жетпес еңбек қалдырған ғалым.

240-бет. «Құдатқу білік» «Құтты білік» (XI ғ.) Жүсіп Баласағұни жазған түркі тіліндегі терең мағыналы философиялық шығарма. Бұл еңбектің авторы Қараханидтер мемлекетінің астанасы Баласағұнда туған, өзі Құз-Орда деп атайды. Жүсіп өзінің еңбегін Қараханидтің ханы Боғра Қара-хақанға (1074-1102) сыйға тартады. «Құтты біліктің» жазылуына себеп болған тарихи жағдай кезінде түркілердің ортасында болған әлеуметтік-идеологиялық өзгеріс.

240-бет. «Құт» атауы арабтың «құтыб» сөзінен алынды деу шындыққа келмейді. «Құт»-өз алдына ұғым беретін ертедегі түркі сөзі, мағынасы -«бақыт», «жан», «бақытты болу».

240-бет. Ябғу — ертедегі түркілердің мемлекет басшыларына берілетін шен—атағы, титулы. «Ябғу» атағы, «қаған» атағынан екі саты төмен тұрады.

241-бет. Вамбери Г. (1832-1913 ж.ж.)—венгерлік саяхатшы ғалым, көрнекті тюрколог, 1863 жылдары Орта Азияны аралап, «Орта Азияға саяхат» (1864) атты еңбек жазды.

241-бет. Нұх ибн Мансур — Саманид мемлекетінің құлауының алдындағы басшысы (976-997). 992 жылы Нұхтың басқару дәуірінде Саманидтер Қараханидтердің бастауымен көшпелі түркі тайпаларының шапқыншылығына ұшырайды.

244-бет. Автордың жапон мен қытайды арғы атасынантуыс деуі дұрыс емес. Сондай-ақ шежіреде қытай, монғол, қырғыз, қыпшақ, ноғай, қалмақ, башқұрт, өзбек, ұйғырлардың жапонмен туыстығы бар деуі де дәл емес.

258-бет. Аңызда айтылатын Әжүж бен Мәжүж тайпаларын нақты халық деп қабылдап, оларды Шыңғыс ханның түменіне қосып Құрбанғали Халидұлы жаңсақтық жасайды.

Б. Е. Көмеков,
тарих ғылымының кандидаты.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	4
ФЕРҒАНА ХАНДАРЫ ТУРАЛЫ	8
АЛТЫН БЕСІКТІҢ БАБАЛАРЫ	10
НАРБОТА ХАН.....	12
ШЕРӘЛІ ХАН, ИБН ХАЖЫ БЕК, ИБН АБДУРРАХМАН	
ХАН, ИБН АБДУЛ КАРИМ ХАН, ИБН ШАХРУҢ ХАННЫҢ	
ТАҚҚА ОТЫРУЫ	19
АЛТЫ ШАҒАР АХУАЛЫ	31
ҚАШҒАРДАҒЫ АҚСАҚАЛДАР БИЛІГІ	40
ҚАЗАҚТЫҢ ХАЛ-АХУАЛДАРЫ ЖӘНЕ ХАНДАРЫ	46
АЛАШ АТАУЫНА БІРІНШІ УӘЖ (ҚАУЛЫ).....	50
ЕКІНШІ УӘЖ (ҚАУЛЫ)	51
ҮШІНШІ УӘЖ.....	52
ӨЗБЕК БАЯНЫ.....	54
ЕКІНШІ УӘЖ.....	54
ҮШІНШІ УӘЖ.....	55
ДЕРЕКТЕМЕ (ИСТИДРАК)	56
ҚАЗАҚ АТАУЫНЫҢ ДЕРЕКТЕРІ (ШЫҒУ ТАРИХЫ)	56
ЕКІНШІ ДЕРЕК.....	58
ҮШІНШІ ДЕРЕК.....	58
ТӨРТІНШІ ДЕРЕК.....	59
БЕСІНШІ ДЕРЕК.....	59
ҚЫПШАҚ БАЯНЫ.....	60
АЛТЫНШЫ ДЕРЕК.....	61
ЖҮЗ МӘНІСІ.....	62
ҚАЗАҚТЫҢ ҚЫРҒЫЗ АТАЛУ СЕБЕБІ	
ҚЫРҒЫЗ БАЯНЫ.....	63
(автордың өз түсініктемесі)	
ҰРАН БАЯНЫ.....	68
МЕШЕРЛЕР (НОҒАЙ РУЛАРЫНЫҢ БІРІ).....	74
ҚАРА НОҒАЙЛАР.....	76
ҚЫРЫМ НОҒАЙЫ.....	77
БАШҚҰРТ.....	79
НОҒАЙ - ҚАЗАҚ	80
ҚАЗАҚ АРАСЫНДАҒЫ СӨЗДЕР.....	83
ҚАЗАҚ БАБАСЫ (БАЯНЫ)	87
ХАНДАР НЕГІЗІ - ШЫҢҒЫС ХАН.....	90
ШЫҢҒЫС ӘУЛЕТІНІҢ БИЛІК ЕТУ КЕЗЕҢДЕРІ.....	92

ОРДА МАҒЫНАСЫ.....	96
ҚАЛМАҚ БАЯНЫ	109
ГРАМОТАНЫҢ КӨШІРМЕСІ.....	152
ТӨРЕЛЕР... ..	157
ҚАРҚАРАЛЫ ДУАНЫ	169
ҚАЗАҚТА МӘЙІТ ШЫҒАРУ.....	170
МОНҒОЛ-ТАТАР ТАРИХЫ	210
МОНҒОЛ ХАНДЫҒЫ.....	212
ИЛХАНИЯ (ЖЕЛ ХАН) ДИНАСТИЯСЫ.....	213
ХУН.....	217
ТҮРІК ХАНДАРЫНЫҢ ШЕЖІРЕСІ.....	221
МОНҒОЛ-ҚАЛМАҚ БАЯНЫ	232
ФУНК ДИНАСТИЯСЫ.....	243
КЕЙБІР СӨЗДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕР.....	267
ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕР	270

Научно-популярное издание

Курбангали Халид ТАУАРИХ ХАМСА
(на казахском языке)

Редакторы *М. Казбеков*
Суретшісі *М. Алин*
Көркемдеуші редакторы *Б. Машрапов*
Техникалық редакторы *А. Ткаченко*

Қалпы 70x100 1/16 Қағазы офсетті.
Шартты баспа табағы 18
Таралымы 100 дана.

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫНАН 1992 ЖЫЛЫ МЫНАНДАЙ
КІТАПТАР ЖАРЫҚ КӨРЕДІ:

С. Толыбеков. Қазақ шежіресі. Көлемі 8 баспа табақ.

Н. Төрекұлов. Қазақтың би-шешендері. 1, 2-кітап. Көлемі 25 баспа табақ.

Төле би. Бөлтірік шешен. Көлемі 9 баспа табақ.

Ш. Құдайбердиев. Мұсылмандық шарты. Көлемі 4 баспа табақ.

Ш. Құдайбердиев. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. Көлемі 5 баспа табақ.

